Особенно много внимания в его пьесах уделяется жизни, борьбе, подвигам, успехам рабочих Караганды. Но надо сказать, что хотя пьесы и прозаические произведения А. Абишева посвящены изображению патриотизма шахтеров, борьбы новаторов с косностью и бюрократизмом, им не хватает художественного мастерства, полнокровности.

Хорошее исключение из них составляет лишь пьеса “Дружба и любовь”. Она – итог долгих, неослабевающих исканий, новое воплощение излюбленной темы А. Абишева о Караганде. На данном этапе становления казахской реалистической драмы мы вправе считать “Дружбу и любовь” и в идейном, и в художественном отношении лучшей казахской пьесой, посвященной советской действительности.

Справедливости ради необходимо сказать об одной неприятной, но неоспоримой истине. У нас немало ценных произведений о прошлом. Но о наших днях даже такие писатели с многолетним драматургическим стажем и опытом, как М. Ауэзов, Г. Мусрепов, С. Муканов, не смогли дать ничего значительного.

Ни одно драматургическое произведение последних лет, в том числе и большинство пьес А. Абишева, не достигло уровня и звучания пьесы “Дружба и любовь”. Сатирические комедии, появившиеся за последнее время, далеко отстают по художественным достоинствам от своих

предшественников: “Дней борьбы”, “Амангельды” или “Дружбы и любви”.

Это явление сходно с положением вещей и в русской драматургии. Ведь и в ней произведения последних лет стоят ниже не только советских классических пьес 20-х и 30-х годов, но и пьес, написанных в период Великой Отечественной войны, таких как “Фронт” или “Нашествие”.

В “Дружбе и любви” конфликт завязан крепко, пьеса рисует крупные столкновения. Главные — как положительные, так и отрицательные — персонажи и характеры обладают ясно выраженными типическими чертами. Поэтому произведение, опираясь на крепкий материал с сильными драматургическими элементами, получилось сюжетно-сжатым, стремительным, с быстро и увлекательно развивающимися событиями.

Однако здесь нельзя пройти мимо таких недостатков, как односторонность, тяготение к одной краске, что характерно, между прочим, и для других произведений А. Абишева. В подлинно реалистическом произведении все чувства и высказывания человека должны вызывать полное доверие, так, чтобы все, происходящее на сцене, заставляло зрителя убежденно сказать: да, это так, это — правда. Но автор должен конкретно доказывать правдивость своих положений. В пьесе следует очень тонко и осторожно сохранять эту конкретность, взвешивать ее, как на аптекарских весах.

А в пьесе А. Абишева речь и мысли русского персонажа — Мирона — звучат чуждо психологии и национальным чертам русского человека. Мирон как бы казахизирован. Второй недочет: отдельные действующие лица, высказывая свои самые заповедные внутренние чувства и переживания, говорят слишком напыщенно и риторично. Оба эти недостатка свидетельствуют о недооценке роли языка в пьесе.

Что касается таких пьес А. Абишева, как “Одна семья”, “Борьба продолжается”, “Приговор отца”, то для них характерно одно общее свойство. Здесь драматург, в меру своих сил, старается изобразить самый острый конфликт нашего времени — борьбу на пути к реалистической драме нового со старым в социалистической действительности.

Но иногда, например, в таких пьесах, как “Приговор отца” или “Борьба продолжается”, в поисках интересного сюжета А. Абишев увлекается такими замысловатыми, сложными, неестественными с точки зрения жизненной правды событиями, о реальной возможности которых можно спорить.

Не следует забывать, что действительность, воспитательное значение да и увлекательность произведения зависят от того, насколько глубоко раскрывает оно правду жизни.

Шахмет Хусаинов, подобно А. Абишеву, посвятил свое писательское дарование и многолетние искания исключительно драматургии. Он написал около десятка пьес. Мы не включаем в это число одноактные и двухактные миниатюры, написанные им для колхозно-совхозной сцены. Ш. Хусаинов также работает в области современной тематики. Исключения составляют лишь пьесы об Амангельды и “Алдар-Косе”. Эти две пьесы и комедия “Весенние ветры”, вышедшая на сцену в последние годы, являются наиболее удачными из всех произведений драматурга.

Утверждая, что именно эти пьесы Ш. Хусаинова заслуживают особого внимания, мы, однако, оговариваемся, что художественные качества их различны.

Комедия “Алдар-Косе” — это гротеск. В ней вполне закономерно и уместно использован фольклорный элемент, живо звучат насмешка и сарказм. Народные сатирические шутки и остроты обработаны удачно, творчески.

Комедия “Весенние ветры”, написанная на современную тему, и по стилю, и по методу коренным образом отличается от “Алдар-Косе”. Она решена как комедия реалистическая.

“Весенние ветры” хорошо отличаются от комедий последнего времени, построенных на выдуманных столкновениях, ложно очерченных характерах и невероятных поступках. Здесь отрицательным персонажам Мойтыку и Шаймукану противопоставлен целый ряд положительных героев, которые успешно борются с пережитками и их носителями. В полном соответствии с требованиями реализма насмешка и воспитательная тенденция в комедии Ш. Хусаинова не противоречат друг другу. Пьесе веришь. Правда, может возникнуть спор, правдоподобен ли факт

помощи одного колхоза другому в выполнении плана пахоты. Но это – не слишком уж большой недочет для данного драматургического построения. Просто надо сделать это место более убедительным, например, вывести посредствующим звеном между колхозами МТС или райком партии. Об этом полезно напомнить автору.

Недостатком, мешающим этой пьесе подняться на значительный реалистический уровень, является бедность словаря и вообще языка, которым пользуется Ш. Хусаинов в своих пьесах.

В пьесе “Весенние ветры” не встретишь таких реплик или уничтожающего остроумия, шуток и насмешек, которые захватывали бы зрителя и при помощи одного только словесного оружия поражали пороки людей. Здесь смех по большей части вызван положениями. Можно упрекнуть автора в том, что он, будучи опытным драматургом с большим стажем, до сих пор еще не овладел мастерством языковой характеристики. Особенно это чувствуется в пьесе “Знамя над степью”, написанной на ответственной тему – об Амангельды. Здесь отрицательные персонажи, такие как Шон и Абдугаппар, говорят красноречиво и находчиво, присущим им естественным языком. Каждый их диалог точно отвечает замыслам драматурга. Но речь положительных героев – Амангельды, Карбоза, командующего армией – искусственна. Ложный пафос, надуманные мысли и чувства, неубедительные высказывания нагромождаются одно на другое и вызывают тяжелое чувство недоверия и разочарования. Так, в уста Амангельды автор вкладывает напыщенные, фальшиво приподнятые фразы: “Не подняв пыль Тургая до небес, не выпустив всю кровь из печени, им в руки я не попаду!” (стр. 15) или “Разве мало слез пролилось под твоими подлыми мыслями?” (стр. 29).

Часто такая же фальшь и ложный пафос звучат в устах командующего армией. На стр. 40 он обращается к Амангельды со словами: “Если ты не почувствуешь, что ты сокол, не взлетишь высоко. Не бросишь взгляда вдаль, не налетишь с неба на своего врага, не сдавишь его легкие”... “Твой колпачок с глаз не мы, а Ленин и Сталин для этого сняли”. На стр. 42 тот же командующий армией говорит языком чистейшего казахского фольклора: “Вот

эту булатную кривую саблю дарю я вам” или еще: “Звезд много, но Полярная – одна, – храни ее, единственную”. Или же на 72 стр. сам народный герой Амангельды характеризуется непонятными, нелепыми выражениями и ложными красками: “Это – твой старый обычай: на свои следы сеять не плоды, а скорбь”.

Разве может человек сеять плоды на свои следы, а если и посеет, то что у него вырастет? Какой образ, какая логика этого выражения: “посеять плоды на следы”?

Мы не зря привели так много примеров подобных языковых неудач: в своих драматургических произведениях Ш. Хусаинов долгое время злоупотреблял ложным пафосом и напыщенной речью, чем в свое время грешили и мы все. Этот недостаток не изжит и в самой последней по времени его комедии “Весенние ветры”, которая, по нашему мнению, является самым крупным и ярким успехом из всех его работ.

Итак, языковой компонент пьес показывает, что Ш. Хусаинову следует с особой тщательностью, самым основательным образом заняться языком своих пьес и раскрыть все его драматические возможности. Нельзя стать настоящим художником, не овладев секретом речевой характеристики, не изучив выразительных возможностей языка.

Драматургом высокого уровня в казахской советской драматургии предстал перед зрителем и читателем Г. Мустафин в пьесе “Миллионер”. Пьеса эта является драматургическим вариантом одноименной повести.

В обоих произведениях автор сумел создать художественно-правдивые образы. Вместе с тем здесь заметны и недостатки Г. Мустафина в разработке конфликта и особенно в построении сюжета.

Художественное достоинство “Миллионера” как пьесы реалистической, прежде всего, – в ее прочной и тесной связи с жизнью. С точки зрения реальной действительности, в ней есть художественно убедительные и к тому же мастерски выполненные увлекательные сцены. Самое ценное качество творчества Г. Мустафина – это индивидуализированный, красочный язык. Можно смело сказать, что язык Жакыпа, Жомарта, Алмы и Жанат является наиболее привлекательным, умным и остроумным

языком из всех казахских пьес, написанных на современную тематику.

Некоторые товарищи упрекают писателя в том, что язык героев его произведения выше и чище языка настоящих колхозников, массово-народного языка. Помоему, этот упрек неоснователен и неправилен. Он идет от непонимания и недооценки новых выразительных качеств казахской советской литературы, воплощенных в данном случае в произведениях Г. Мустафина. Писатель может и должен придавать языку положительных персонажей из народа меткость, остроту и красочность.

К тому же слова, чувства и мысли, которыми наделяет Г. Мустафин Жакыпа и Жомарта, Жаната и Алму, Шиганака, Амантая и Жанботу, – абсолютно убедительны.

Язык пьесы прекрасно передает возросшую культуру, развивающееся сознание сегодняшних колхозников. Поэтому она получила заслуженное признание у зрителя.

Но пьеса имеет и существенные недочеты, заключающиеся в недостаточно искусном построении драматического сюжета и неодинаковом напряжении действия на протяжении всего спектакля. Конфликт пьесы в последних актах ослабевает, растворяется и исчезает. Этот серьезный недостаток присущ не только пьесе “Миллионер”, но и повести с тем же названием. Поэтому-то “Миллионер” Г. Мустафина, в котором он достиг и драматической силы, и больших художественных успехов на пути к реализму, не поднимается до уровня настоящего реалистического произведения.

Мусатай Ахинжанов – драматург, вошедший в литературу в период между нашими двумя съездами. Им создано несколько различных по качеству пьес.

Две последние пьесы Ахинжанова более других известны нашей общественности: они заняли заметное место на сцене.

Первая из них – “Золотая бабка” (“биток” в игре), написана по мотивам казахской сказки.

Вторая – “Ибрай Алтынсарин”, создана на историческом материале. Эта последняя – серьезный успех М. Ахинжанова. Она реалистична, чего мы требуем от всех казахских

пьес. Образы Ибрая, его врагов – Найзагары, Шонмуруна и Досбола и других как положительных, так и отрицательных персонажей раскрываются глубоко и правдиво, подкупают своей достоверностью.

Друг Ибрая – Доброходов, жена Айганыс и ученики его говорят свойственным им языком, действуют согласно своему характеру и уделенной им в пьесе общественно-исторической и идейной роли. Но зато все отрицательные персонажи, например, губернатор Кржановский, Кошкин, Медведев и др.— выдуманы автором и во многом выглядят искусственно.

Где грань между правдой и надуманностью в этой пьесе?

С научно-исторической точки зрения и ситуации, и конфликт пьесы, т. е. ее содержание в целом, – вполне возможны. Высокоидейный гуманизм Доброходова, жесткая, грубая и беспощадная натура Кржановского – все это, конечно, было возможно в то время.

Но наряду с жизненно правдивыми местами, многое в пьесе – как поступки, так и мысли героев – превращается в голые социологические тезисы. Многие отрывки напоминают скорее итоги и выводы эрудированного историка, нежели мастерский рисунок писателя. А с точки зрения самого конфликта, жизненных деталей и подбора фактов – это неплохая пьеса о выдающемся казахском деятеле Ибрае Алтынсарине.

Да, качества эти в пьесе налицо. Но мы не видим в ней слияния и растворения друг в друге исторической правды с правдой художественной. Здесь больше рассудочности, чем живой, трепетной эмоциональности.

А ведь полноценное реалистическое произведение должно покорять именно жизненностью картин художественной полноценностью.

С точки зрения реализма отдельные места “Ибрая Алтынсарина” шиты белыми нитками, пьеса не отвечает требованиям, предъявляемым к полноценному реалистическому произведению.

За последние годы в советскую казахскую драматургию вошло много новых авторов, таких как Муқан Иманжанов, Шамиль Байжанов, Капан Сатыбалдин, Тахави Ахтанов.

Пьеса Мукана Иманжанова “Моя любовь” была поставлена в театрах республики и получила на страницах газеты “Социалистик Казахстан” одностороннюю хвалебную оценку. Между тем в пьесе явно ощущается тот самый недостаток, который послужил главной причиной отставания всей советской драматургии – бесконфликтность.

Очень искусственный конфликт между главными героями – Аканом и Камеш, который рождается якобы из борьбы общественного и личного. В хорошей пьесе это может быть показано по ходу содержания, а для драматического узла следовало бы выбрать более глубокую причину.

Но писатель не смог решить этой задачи. В первых сценах первого акта он, правда, показывает действительную борьбу, рисует убедительные характеры, но потом, не имея сил драматически выдержать верную линию, попадает в сети надуманных ситуаций.

Помимо воли автора, положительный герой пьесы, молодой ученый Акан Кемелов предстает перед нами отвратительным, преступным карьеристом. Так автор, который не довел до конца линию борьбы, не нашел ее художественно, невольно заставляет зрителя делать выводы, обратные его замыслу. Точно так же помимо воли автора слишком много места в пьесе заняла мещанка Бике Болатова. Разного рода малосодержательные, дешевые пересмешки и шуточки между ней и Бекенбаевым невольно заслоняют от зрителя основное содержание. В результате этого спектакль вышел разнობойным и серым.

И все же именно эта пьеса позволяет ждать в будущем от М. Иманжанова настоящих результатов на пути создания реалистической драмы. В ней немало убедительных и волнующих, подлинно реалистических черт. Да и в создании отдельных сатирических образов автор показал незаурядное мастерство. От этого писателя вполне можно ожидать полноценных реалистических произведений – у него для этого есть и достаточное знание жизни, и эрудиция.

Главным и неперенным условием реалистической пьесы является высокое качество языка.

В этом отношении рассмотрим разницу между двумя драматургами: один из них обладает прекрасным языком,



второй — отлично строит драматический сюжет, но язык его произведений слаб.

Говоря о драматурге, владеющем ярким языком, мы имели в виду Капана Сатыбалдина, автора одноактной комедии “Помощь”.

Ни в пьесах малого жанра, ни в больших драматических произведениях, вышедших у нас за последнее время и гордо именующихся сатирической комедией, мы не нашли ни хорошей веселой шутки, ни острого слова. Поэтому попытки авторов рассмешить зрителя часто звучат грубо и вульгарно. К. Сатыбалдин свою комедию-миниатюру сумел обогатить находчивой шуткой и каламбуром. Его остроты выдержаны в стиле и духе народной речи, они близки и понятны колхозному зрителю, бьют в цель прямо и точно, что называется — не в бровь, а в глаз...

Но пьеса страдает недостатками в драматическом построении. Характеризуя К. Сатыбалдина, как писателя с мастерскими языковыми данными, мы упомянули о другом авторе, язык которого беден и невыразителен. Это — недавно пришедший в драматургию, но уже овладевший драматургическими приемами молодой автор Шамиль Байжанов. Две известные его пьесы “Делегат Данияр” и “Алия Молдагулова” — дают повод к специальному и подробному разбору их со стороны языка. Своим драматическим построением, насыщенностью, сквозным действием пьеса “Делегат Данияр” захватывает зрителя. Но язык Ш. Байжанова небрежен во всех вариантах этой пьесы. То же относится и к пьесе “Алия Молдагулова”. Если пьеса не знакомит нас с богатствами сокровищницы народного языка или литературы, то это — не обработанное художественное произведение, а лишь материал для пьесы. Здесь есть костяк и схема драмы, но нет драмы. В такой работе нет ни крови, ни жизни, следовательно, — нет и души, которая заставляла бы переживать, восхищаться и ненавидеть. Конечно, подобные произведения далеки от подлинно реалистической пьесы.

Тахави Ахтанов является автором небольшой пьесы в двух актах, трех картинах — “Львиная доля”. И мысли, и речи действующих в ней лиц даны правдиво, оставляют впечатление и согласуются с требованиями драматургиче-

ского жанра. И все же “Львиная доля” не получилась серьезной и ценной пьесой, хотя и имеет свои неоспоримые положительные стороны.

Произошло это потому, что узкая тема пьесы не представляла возможности охватить широкий жизненный материал. Здесь негде развернуться, здесь нет поля для многообразия людей и событий. Пусть в этой пьесе всего два акта: но вещь, занимающая тридцать журнальных страниц, вещь не маленькая.

Что касается событий, поступков и столкновений характеров, — то, по нашему мнению, произведение выиграло бы в своей занимательности и остроте, если бы было написано в одном акте. Автор растянул свой небольшой материал, без конца пережевывая его, и облек в легковесную, малостоящую словесную ткань. Нужно бы сконцентрировать все действие на одной завязке пьесы — преступлении Тойганбека. Этого вполне хватило бы на целую пьесу. Но к чему было автору прилеплять еще и любовную тему к расхитителю, который преступным образом уничтожает для своего стола продукты, отпущенные для зверей зоопарка? Из-за растянутости пьеса изображает незаконные действия совершенно неубедительно уже с середины спектакля.

Конечно, и для произведений малых форм, для легкой комедии законы реалистической правды, художественного претворения остаются теми же. И если бы авторы таких пьес не уклонялись от этих законов, то было бы правильной и лучше для их творчества.

Обобщим и подытожим характерные особенности тех групп пьес, которые мы рассмотрели выше. Предметом данной статьи было мастерство, которое рождается из гармоничного слияния идейности и художественности. Условием развития мастерства является создание реалистической драмы.

Подходя только с этим мерилom к самым разнообразным, уже признанными годными к постановке пьесам, написанным на самые различные темы и стоящим на разном качественном уровне, мы обнаружили в них наряду с положительными их сторонами и ряд недостатков. Если теперь, после детального анализа их по отдельности, собрать

воедино хотя бы все пьесы, написанные на исторические темы, — какой недостаток окажется общим для всех этих произведений?

На примере пьес об Амангельды и Чокане видно, что законы драматургического жанра ломаются неумеренным, насильственным втискиванием в одну пьесу неумещающегося в ней материала. В силу этого, по большей части реалистически убедительные, построенные с талантливыми задатками произведения превращаются в хронику. Вместо всестороннего развития драматического сюжета в последних актах появляются новые темы, и архитектоника пьесы расплзается вопреки законам драматургии. А вследствие ослабления реалистической художественной структуры произведения получают неудачными со стороны драматического построения.

Общим недостатком многочисленных пьес, написанных на актуальные современные темы, назначение которых — воспитывать народные массы, является неудачная и неполная обрисовка типических черт советского человека. Главнейшая причина этого в следующем: изображая чувства и мысли советских людей в основном правдиво и точно, авторы вдруг в отдельных моментах изменяют и жизненной, и художественной правде. Вступает в силу надуманный натурализм, все приобретает черты схематизма.

В целом ряде пьес, написанных за последние годы, в их конфликте и общем сюжетном построении ясно чувствуются бессилие и разного рода промахи и неудачи. В лучших образцах комедийных пьес не хватает комедийного языка. Можно сказать, что в них почти нет красочного языка с запоминающимися остроумными шутками, саркастической иронией, гневной насмешкой. Наконец, во всех пьесах в совокупности, записанных на разные темы и в разном стиле, есть еще один, общий для всех, крупный недостаток. Это — уже упоминавшееся в начале статьи недостаточное усвоение художественного опыта русской классической и советской драматургии, что отрицательно отражается на развитии казахской реалистической драмы.

Однако главное в нашей драматургии составляют достижения. За период между II и III съездами казахская драматургия значительно выросла как в качественном, так

и в количественном отношении. Если мы вспомним, что перечисленные выше пьесы в течение пятнадцати лет шли на сценах театров Казахстана, то поймем, насколько велика выполняемая ими просветительная в воспитательная роль.

Если сравнить нашу драматургию до II съезда писателей Казахстана с ее настоящим состоянием, — мы увидим, что за последние пятнадцать лет она ушла далеко вперед. Особенно ценно, что за этот период на сцене не появлялось идеологически грубо ошибочных произведений, как это было раньше, в начале 30-х годов. В данном случае имею в виду поставленную в 1934 году мою порочную, националистического характера, ошибочную пьесу “Хан Кене”. Эта пьеса явилась результатом моих ошибочных представлений о Кенесары. Указания Центрального Комитета партии, исправившие историко-политические ошибки, допущенные в Казахстане по вопросу о Кенесары, помогли и нашей драматургии выпрямить идейно-исторические установки ее и способствовали ее идейному росту.

В результате роста и развития драматургического жанра, мы видим в эти дни на казахской сцене пьесы из самых разнообразных отраслей жизни Советского Казахстана. Многогранная тематика — о советской промышленности, о сельском хозяйстве, о науке, дружбе народов, партии, патриотизме и Отечественной войне — доказывает, что за эти пятнадцать лет казахская советская драматургия сделала огромный шаг вперед по сравнению с первыми годами своего существования.

Если бы в связи с этим был задан вопрос, какие конкретные темы ставит перед казахской драматургией сама задача ее дальнейшего роста и развития, я особо выделил бы одну тему сегодняшнего дня, тему великой исторической кампании, проводимой в этом году в Казахстане, в нашей республике, которая по воле партии вышла на передовую линию борьбы за новый рост сельского хозяйства во всей стране. Это — тема поднятия целинных и залежных земель.

Сейчас мы стоим на перевале, на новом историческом рубеже. Так пусть же и наша литература не отстает в этом восхождении на новую высоту, пусть принесет туда достойные плоды — успехи!

Исходя из этих задач, старшее поколение драматургов, многие годы работавших в казахской советской драматургии, а также молодые драматурги, — как уже присоединившиеся к нам, так и те, которые присоединятся в будущем, — все они должны считать эту тему самой благодарной и высокой целью своего творчества ближайших месяцев и лет.

Плодотворной работой оправдаем доверие к казахской советской драматургии как всего советского народа, так и гениального мудрого друга и помощника нашего во вдохновенном, успешном труде — Коммунистической партии!

## МӘЛІК ҒАБДУЛЛИНГЕ ЖАУАП ХАТ

Қадірлі Мәлік!

Біздегі поэзияның бүгінгі жайынан пікір алысуға шақырдыңыз. Екі мәселені хатыңыздың басында айыра атай нұсқапсыз. Біреуі – ұлттық характер, екіншісі – поэзияға кірген жаңалық пен оның барысы жөнінде. Мақалаңыз осылай басталғанмен, кейін тағы бір топ ілеспе қосымша жайларды да атап, арнап еске алыпсыз.

Айып етпеңіз, бірге отырып кеңесуге шақырған кейбір жайларыңыз менің көңіліме бытыраңқы шыққандай көрінеді. Сұрауларыңыз бытыраңқы болғандықтан, менің жауаптарым да бытыраңқы шықса, ғажап емес.

Алайда, сіз көтерген аса елеулі мәселелерді өзімше топтап отырып, нақтылы жауап беруге тырысамын. Сонымен қатар әдебиетіміздің ең кең өрісті, ең мол мұралы қадірлі жанры – поэзия жайы сөз болған соң, сіздің сұрауыңыздан басқа да, ойға орала жүретін тағы біраз жайларды қолға ала қозғай өтпекпін.

Нақтылы жайларға туралай беттеуден бұрын, сіздің хатыңызда “өздігінен де түсінікті” дегендей жалпылай ауызға алып, нұсқай өткен аса бір мәнді жайды арнап ауызға алайық. Оным, ең әуелі, біздің поэзияның даусыз үлкен табыстары жайындағы сөз. Хатыңыздан айқын аңғарылады, сіз, әрине, бізде бүгін поэзия жоқ та, әлсіз де демейсіз. Шығармаларды атамасаңыз да, бір топ табысы мол ақындарды еске алып, жақсы жеміс бергендерін ескеріп өттіңіз. Дамып, өрлеп келе жатқан поэзиямыз жайын еске алдыңыз. Түрге, мазмұнға түгел толысып, биікке басып келе жатқан, маңғыстап өскен тарихтық табыстарды атадыңыз деп білемін. Қысқасы, поэзияның жайынан шынға сынды жалғай отырып ойлағанда: топшыңызға толы табыстарды жастана отырып, сын пікірлер, сұрақ ойлар атадыңыз. Мен де солай ойлап, солай ұғынатын адаммын.

Әдебиет туралы шынайы жауапты ойлары бар, әділ, адал өзекті ойы бар адам олай болмасқа мүмкін емес. Қысқа ғана, үстірт қана шолып өтейікші. Біздің поэзиямыз 20-шы жылдардан 30-шы жылдарға басқанда бір он жыл емес, талай он жылдар сапалы сапарын кешіп өтті. Одан әрі 40-шы жылдарға, қан сапырылған қатал жылдарға жалғаса тағы да өскелең қанат қақты. Қара үзіп, аса түсті. Қазір, міне, 50-ші жылдардың орта деңгейіне жетіп отырмыз. Бүгінгі поэзия қырқыншы жылдардікі де емес. Аса өскен мәдениетімен, ізденгіш өнерімен, әр сипат нәрімен де, барымен де үлгілі поэзия өрісін тауып отыр. Саты-саты, қат-қаты қасиеті танылады. Сондықтан да ақын емес екеуміз, сіз бен біз, өзімізге әрі қызықты, әрі өзгеше қымбат, асыл қазынамыз – поэзияны сүйгендіктен, оған сүйсіне қарағандықтан сөз еткелі отырмыз.

Әдебиет жайын, әсіресе Ұлы Октябрь жемісі болған мол мәдениетіміздің мақтанышы әдебиет жайын сөз қылсақ, біз ең әуелі қазақ совет поэзиясының барлық жиын қазынасына бас иеміз. Ол поэзияның жиын табыстарын алғанда, біздің тарихтық мақтанымыз дейміз. Себебі, ол барлық творчестволық ой мәдениетіміздің ішіндегі ең күрескері, ең сергек сезімталы, ең қырағы көрегені, сапалы революцияшылы, өзі және мол жемісті өркендеген өнеріміз. Социалистік халықтық, партиялық табыстарымыздың да көптеген мозаикалық көркем тұлғасы поэзиямызда.

Қазақ совет республикасының революциялық әдебиеттік шежіресі (летописі) сол. Көп жылдарға созыла келген көрікті де көбеген өнеріміз. Оның айнасына түспеген халқымыздың, Отанымыздың бірде-бір ұраны жоқ. Ол бармаған майдан, ол араласпаған құрылыс, үлкен іс, өзекті ой мен қуаныш, ұлы ыза мен жиреніш жоқ деуге болады. Отанымызда халқымыздың ой-сана ішінде қазақ совет поэзиясы араласпаған асу мен айдын жоқ! Партияның, революцияның, отаншыл халықтың әрдайым сын айқас кезеңдерінде ең бұрын суырылатын семсері сол. Ең бұрын от алатын бронь бұзар снаряды – поэзия. Жаза баспай, бұлтармай соғатын снайперлік оғы да поэзия. Тағы бір шындықты ашып айта кетейік. Дәл қазақ совет әдебиетінің майданында 40 шақты жылға қадам басып қалған жасамыс

поэзиямыз болмаса, бүгінгі мақтаныш прозаның өзі де бүгінгісіндей бола алмас еді.

Қаншалық көлемді, терең, ылғалы мол болса да, прозалық шығармалар мен пьесалар ешуақытта поэзияның көп тілмен, көп үнмен қамтыған бар өмір жайын түгендеп, бас-басына, сала-саласына бірден жетіп, қапысыз камти алмайды. Әрине, жекелеп алған әрекетін дәуірлік сипатта поэзиядан басқаша кемерлей, тереңдей түсетін құдірет прозаның күш сипаты екені рас. Бірақ бар өмірдің барша саласына поэзия барғандай проза мен драматургия бара алмайды. Біздегі сондайлық барды түгел сынап өту газет мақаласының көлемінде мүмкін емес, қажет те емес болар! “Мен мұңдалап” тұрғандай арғы мен бергідегі қадау-қадау ғана еңбектерді атап қана еске сала кетейік.

Мысалы, Сәбиттің 1919 жылғы “Бостандық” атты өлеңінен бастап 1930 жылдар ішінде жеткен өрісі биігін атаймыз. Содан бергі көп жылдарда тарихтық, табыстық көрнекті даталардай әр шоқы-биіктер бар. Олар кешкі кең сахараның алысынан берісіне қарай, әр тұстағы кешкі жайлау отындай жарқырай түсіп, көз тартып тұрған көрікті өлендер қатарлары. Бұнда қырғи тілді Асқардан, сыршыл үнді Әбділладан, майда қоңыр Ғалидан, басым сөзді Тайырдан, күйлі-мұңды Қасымнан, ізденгіш те тапқыш Хамиттен, өзіне бөлек сырлы сазды Сырбайдан, салқын ойлы Саиннан, тағы талай үлкенді-кішілі ақындарымыздан көңіл медеу етерлік көп шығармаларды атай аламыз.

Ең бергі шеті жақында соққан лебімен ыстық тартып тұрған ең кенже жаңалық — екі шығарманы атаумен бұл сөзді бір сағаға саяр еді. Біздің поэзияның соңғы айлардағы ең жақсы табысы деп Қалижан поэмасы “Мариям Жағорқызының” соңғы вариантын атар ем.

Және, Мәлік, сіз жеке жолдарын сынағанмен, әңгіме желісін де қабылдамағаныңызбен, мен өзім тың табыс деп, жас Тоқаштың жаңа поэмасы “Мен өмір сүремінді” атар ем. Ол поэманың сіз сынаған кейбір ақындық теңеуінің жайына кейін тоқтаймыз.

Жаңағы аталып өткен ақындардың бөрінің де поэзияға келісінде өте шыншыл, анық өз тағдыр талайынан туған жыр баса бар. Көбінің жаныңды шарпыр жас сырлары болған-ды. Жетім тайлақтың табаны құмға мөрдей басылып,



алдағы күніне қарай алабұртып келе жатқан Тайыр үні сондай-ды. Арық байталын иыққа қағып, алдағы күнге ол да бет бағып келе жатқан бала Ғали бастауы қандай еді? Жетімдіктің жыртық тонын тастап, Совет-ана бауырына келе жатқан Қасым сыры қаншалық еді. Осылар да, осылардан басқалар да поэзияға барынша шынымен, анық жан тебірентер оттай ыстық өксігімен келген-ді. Тек қана шыны мен сырын бала өнерінің қанаты етіп әдебиетімізге әкелген-ді. Бұлар да, осыларға ұқсаған өзгелер де осындай шымыраған шынайы өлеңдерімен бағы заманнан бергі қазақ поэзиясы айтып, тыңдап көрмеген сыпатта келді.

Олар бейне бір өз анасынан ажырап, ел енесінің бауырына келе жатқан құлыншақтай. Әлі өнер шынын, сырын аңдап көрмеген жас жеткіншектер өздеріне жарастықты күйлі, мұнды шындықтармен келген.

Жас ақындар өзгеше шыншыл бала тілімен балдыраса да, ақын бала жанын аңғартқан. Тамылжыған тәтті күймен келісті. Ақындықтың болайын деп тұрған бал-бөпесі. Осы күнге шейін сол өлеңдерін оқысаң, көзіңе жас оралғандай бой балқытады. Шыншыл демдері жаныңды жалындай шарпиды.

Мен бұл жерде Тайырдың “Алғашқы адымын”, Қасымның “Советтік менің өз елім” және Ғалидың оқуға алғаш келе жатқандағы өлеңін еске алдым. Осындай өлеңдер Сәбитте, Сырбайда, Әбуде, шыншыл, батыл Жұмағалида, басқа да бар ақындарда әр кезде әркезек табылатынын білеміз. Міне, осылай үстірттеу, аттамалау айтылса да, поэзия жөніндегі шыншыл және сыншыл достық сөздерін айтардан бұрын жаңағы жайларды атап өту шарт деп білдік.

Енді осы алуандас жалпы жайдың бірі поэзия айнала-сындағы мінездеріміз жөнінде. Біздің кей ақындар, менің байқауымша, осы шақтарда кейде жеңіл жарақаттанғыш келеді. Сын алдында орынсыз сынғақ болғыштары байқалады. Бұл жайды, поэзия жөнін еркін, кең сөйлесу үшін, дос талапты қатаң айту үстінде әдейі еске аламыз.

Кейбір ақындар поэзияны бейне бір оларға ғана қас мүліктей тар таниды. Күндегі кей мінезде, кейбір орайда бар ойыңды таратпай-ақ, поэзияға деген қадір, құрметінді танытпай-ақ, жалпылай ғана, бірер сөйлем айта қалсаң да,

біраз ақындарымыз антарыла қалады. Содан әрі, емен-жарқы жарым сөздің өзін айтқызбай-ақ, жарғыласа қалғандай болады. Кей ақынымыз поэзия жайы сөз болса, бейне жас жарының қызғаншақ ғашығы сияқты, өзге ауыздан, көлденеңнің аузынан жаңағы жарының атын есітсе, тұтана қалғыш келеді.

Сонымен қатар кейде көпке тарап түсетін топтан айтқан және әсіресе бар әдебиетке жалпылай аталған сын сөз болса да, соңғы поэзияға қарай оқтаулы мылтық кезегендей көре қалу бар. Ең алдымен осы алуандас орынсыз “қытықшылық” керек емес. Ол ақындарға біз айтар ек: “Ең әуелі поэзия сіздің ғана мүлкіңіз емес. Ал егер ол шынымен сіздікі ғана болса, сіз үшін ғана болса ол, тегі, шынайы мүлік те емес”.

“Егер поэзияны ақындар ғана түсінеді, солар ғана біліп бағалайды” десеңіздер, қасыңызда жүрген, қатарыңызда келе жатқан прозаиктер және әсіресе сыншылар танымайды десеңіз, ол да теріс! Себебі: қасыңыздағы біз түсінбесек, жан түсінбес.

Тағы бір ескерте кетер жай бар.

Мысалы, прозаиктердің поэзияға мүлде қатынасы жоқ па екен? Сол прозаның өзінде, тегі, поэзия аз ба? Сіздер іздейтін сан сезімдер поэзиясы, бейнелі-образды сөздер, ырғақты шешен де шебер сөз құрамдары, теңеулер, өрнектер аз ба прозада? Еміренген сезім мен тебіренген сырлар ретінде, табиғат, махаббат, тағы талай армандар прозада болмай ма екен? Онда поэзиядағы кейбір өлең қатарындай келісімдер, құйылыстар, сиқырлы сөз құбылыстары аз кездесе ме? Ендеше, прозаиктердің ізденуі өздеріңіздің ізденулеріңіздей емес пе? Қатарында, қасында келе жатқан жоқ па? Иық сүйесіп, бірге іздесіп, қатар табысып келе жатқамыз жоқ па?

Сондықтан поэзияның сөзін, оның намысы мен абыройы, атағын жақтаушы жалғыз ғана ақындар тәрізді түсіну жарамсыз шалағайлық, үстірттік! Бұл тұстағы жаңағы аталған “қытықшылықты” біздегі көп ақынның сын көрмегендігінен деп білеміз. Мысалы, осы ретте біздің поэзияда 20-25 жылдар жазып келе жатқан ақындардың шын сынды көрмегендері бар. Әзілдей айтқанда, “қарын шашы алынбағаны да” бар деуге болады. Соңғы жылдарға шейін сондай сын көрмей келгеннің бірі — біздің Тайыр ақынымыз.

Оның өлеңінің идеясы мен мағынасы дұрыстығына қарап, кейбір үстірттікке, кейбір өлең қатарында оқта-текте кездесетін ойсыраған олқылықтарға кешірім жасағыштық көп болған. Образда логикалық образдың аздығы, кей-кейде сөз тізбегінің аңқыған сыртқы ағымын қуғыштық, ойлы образ орнына сөздің тасыр-тұсыры, арсы-гүрсі өрекупі көп болатыны бар. Мысалы, мағына тартысы, адам тағдырлары, жеке оқиға түйіндері орынды келе тұрса да, “Тасқында” осындай кейбір ой-шұқыр оқаптар болғаны рас. Әрине, бұлар бірақ Тайырдың әдебиетте алған үлкен орны “лайықсыз” дегізбейді. “Талантты ақын, қанатты поэзияның шабытты жыршысы” деген бағаны кемітпейді. “Жапанды орман жаңғыртты” деген сияқты поэмалы жырлары, “Миллион” сияқты қызықты, түр тапқыш шеберлігін жойғызбайды. Осыларының бәрін тани тұра, көптен еленбей келе жатқан, тек бірде білініп қалған кемшіліктері болса, оны айтқан дұрыс дейміз. Бұл ретте, мысалы, Тәкен Әлімқұловтың мақаласы сөз болса, мен ол мақаланың негізгі ойларын, әділ сындарын, нақтылы айқын мінді көрсеткен анық даусыз жерлерін дұрыс дер едім. Бірақ ол мақаланың жарамсыз бір жағы бар. Онысы – мазаққа жуық сықаққа бой ұрып кету. Тегінде, мақұлды мазаққа, сынды сықаққа алмастырмау керек. Бұнысы Тайырға арналатын тон емес. Міне, осындай, Тайырдың өзіндегі және оған сындағы кемшіліктерді айта отыра, жаңағы атағандай “тез секем алғыш”, тез күйінгіш мінездер ақындардан арыла жүрсе жақсы болар еді дейміз. Болмаса мүлде сауырын сипатпай, құлағына қол жуытпай, мөңкіп тұра қалатын ақыннан сын ойлар, шын ойлар қашаң соғып, қақас қалуы мүмкін.

Енді, жоғарыда айтқандай, табысымызды тани отыра, ойға оралатын бірталай олқылықтарды поэзиямыз жөнінен айту борыш деп білеміз.

Жолдас Мәлік! Әрине, газет бетіндегі шақ көлемді сұрақ хатта біздегі мол дүние, кең поэзияның бар түйінді мәселесін сіздің көтеруіңізге мүмкіндік болмады. Дәл сондай мен де поэзия жайындағы ойдағы талай түбірлі проблеманы бұл жауап хат көлемінде қозғай алам, таратып айта алам демеймін.

Әуелі, ең алдымен сіз атаған “ұлттық характер” проблемасына сәл тоқтайық. Менің ойымша, бұл жайды ұлттық

характер деп алмай, ұлттық традиция (қазақша дәстүр) деп алғанымыз мақұл. Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат көрік-күй мәселесі – бәрі де түгел кіреді. Бұл сөз ғылымдық жағынан анығырақ және көлемдірек ұғымды аңғартады.

Осылайша “ұлттық традицияны поэзиямыздың бүгінгі қалпында қалай түр” деп ой жүргізсек, қысқаша түйгенде, ол жайынан көңіл жұбанар кенеулі бір шындықты батыл айта аламыз. Біздің поэзия өзінің өткен тарихтық тегінен үзіліп, төркінсіз әдебиет боп кеткен жоқ! Халықтың асыл мұрасының үлкен арнасын, анық саналы мұрагер есебінде, үлкен көлемімен ілгері қарай жақсы дамытып, асырып өсіріп келеді.

Санада, сапада, түр-көрікте түгел солай. Екінші бір жай, ұлттық традиция мәңгі-бақи бір орында сілейіп қатып тұратын қалып емес. Ол үнемі қозғалыста, өзгерісте. Маркстік-лениндік эстетика бойынша біздің социалистік поэзиямызда ұлттық дәстүр тек бұрынғымен ғана байланыста емес. Қазақ әдебиет мәдениетінің өзінің ғана көлемінде, өрісінде қалуда емес. Қайта, әсіресе айналасынан, дос айналасынан ұдайы үлгі алып, үйрене өсуде.

Міне, осы жағынан алғанда біздің поэзия және де ұлттық дәстүрді жаңа табыстармен байыта дамытып, жаңа дәстүрлер тудыра отырып үдеп келе жатқан әдебиет саламыз. Бұны бар ақындардың барша ірі табыс мысалдарынан дәлелдеу қиын емес. Абайдың өзін алғанда да, Пушкинді аудару үстінде шалыс ұйқасты тапты. Ақындық іздену талаптарының соңында сегіз жолды шумақ, алты жолды шумақ, төрт буынды өлең жолын, алты буынды өлең жолын немесе он төрт жолды шумақты да тудырады. Соның бәрі нәтижеде шебер ақынның қонымды етіп беру себебінен халықтың дәстүріне қонды да, қиюласып, қабысып, ұлттық дәстүрдің өз тәні боп кетті.

Рас, Абай бұл жөнінде аз еңбек еткен жоқ. Ол төрт буынды “Бойы бұлғаңға”, алты жолды шумақпен келген “Қор болды жанымға”, алты буынды “Көзімнің қарасы”, “Сен мені нетесіңге”, сегіз жолды шумақ “Алыстан сермепке”, тағы талай сондай өзі еккен поэзия плантациясына композитор болып арнаулы әндер шығарды. Жаңағы өлеңдік, соны түрді

тыңдаушысына, халқына, көрі-жасына еріксіз жаттатты, жадына сіңірді. Сол арқылы Абай мұрасымен байланысты, жоғарыда айтқандай, ұлттық дәстүрдің сол кезеңде бізде қатты байып, өскелеңдеп қалғанын білеміз.

Бұл сипаттар, Абайдың, Сәбиттің, Қасымның, Хамит пен Тайырдың жаңалықтарын айтсақ, бәрі сол ұлттық дәстүрдің сүбе мәселелері. Бірақ прозадан мысал келтіргенде, Мәлік, сіздің бір сөйлеміңізде мен құптай алмайтын жаңсақ бір ойыңыз бар.

Сіз “Құнанбай мен Игілік, Абай мен Асқар, Олжабектер образынан қазақ халқының өкілдерін, олардың өздеріне ғана тән ұлттық характерін, ұлттық ерекшеліктерін көреміз” дегенсіз.

Жолай айта кетейік: Абай, Асқарлар халық өкілі болғанмен, Құнанбай, Игіліктер халықтың өкілдері емес. Олар азғана топ, қанаушы шоғырдың өкілдері болғандықтан, сол өз ортасының өкілі деп аталу керек. Типтік образдар десеңіз, бір сәрі.

Ұлттық дәстүрді дамыту, байыту керек дедік. Бұның сын-сипаттарының өзінен туатын үздіксіз мол көп саласы проблемалары бар. Поэзияға арнай сөйлесек, мысалы, ол – өлеңдік түрді байыту, көркейте байыту проблемасы. Тіл байлығын асыра түсу, поэзиялық лексиканы көркейте өсіре түсу проблемасы да бар.

Орыстың классикалық әдебиеті мен совет әдебиетінен және басқа туысқан достас елдеріміз поэзиясынан елеулі үлгі, өрнек ала отырып, қазақ поэзиясын тұрғыдан тұрғыға асыра, өсіре беру шарт. Осы ретте, мысалы, біз Пушкинді, Некрасовты, Маяковскийді немесе бүгінгі Исаковскийді, Твардовскийлерді қазақшаға аударғанның өзінде де, сол екі сала үлкен мәнді мәселені қатарынан зор табыспен, келісті көрікпен баурай білуіміз керек. Не соларды аударайық, не солар дәстүрінше жазайық, әр кезде жаңағы аталған арғы-бергі шын шебер ақындардың бәріне барғанда, мерзім алған, даңғыл болған тек өз өлең түрімізбен, өлшеуімізбен бару дұрыс емес. Сол ақындардың бәрінің басқа-басқа түр өзгешеліктерін даралап алу орнынан үйреншікті төрт жолды он бір буынды шумақпен немесе жеті-сегіз буынды ырғақпен қазақ поэзиясының көлеміне ауыстыра беру мүлде дұрыс емес.

Пушкинді – Пушкинше, Маяковскийді – Маяковскийше ала білсек қана, біз жоғарыдағы аталған ұлттық дәстүрді дамыта байытамыз. Түр-өрнек үлгісін кейін өз өлеңімізге де қанықты, заңды үлгіміз, дәстүріміз есебінде мейлінше пайдалана аламыз. Осы жөннен сөйлегенде, біздің ақындарымызда іздену көп болғанмен, түрді байыту мол болмай, баяу келеді, аз болып жатыр.

Сол дәстүр мен түрдің сөз мәдениетіндегі тағы бір ең үлкен күдіретті элементі – тіл. Ол тілдің де жайын, жөнін жаңағы ұлттық дәстүр турасында сөйлегендей, өткеннің мол қазынасын мейлінше баурап, ілгері қарай дамыта байыту міндетімен қатар алсақ, біздің көп ақындардың тілі де маған бай көрінбейді.

Тіл жөнінде бұрынғының қорынан қарбытып алып отыратын, анық асыл тіл байлығы бар екі ақынды бөліп айтар едік, олар – Асқар мен Ғали. Ал соңғы кезде, әсіресе “Мариям Жагорқызы” поэмасының соңғы вариантын оқығалы, тіл жөнінде мен Қалижанның қатты іздену, табуы бар екенін сүйсіне аңдадым. Ақындық тәжірибесінде мол пайдаланбаса да, фельетон, әзіл-ажуа түріне ауысып, сол кішкене көркем жанрда өз өнерін өткірлеп, айқындап ашып келе жатқан С. Адамбековтың тілі де сүйсінердей нәр танытты. Тіл жөнінде біздің көп ақынның “сөздік қоры онша мол емес-ау, шағын-ау” деген наразы ой көңілімізге көп орала береді.

Біздің бір топ ақындар тіпті осы күнгі қазақ әдебиетінің өзінде жүрген барлық пен байлықтарды да сонша көп елемейді, пайдаланбайды ғой деп ойлайсың.

Тіл – сөз қорына қарап, біздің біраз ақындар арасында осы күнгі қазақтың тәуір аталып жүрген роман, драмалардың өздерін де оқымайтындары бар ма деп ойлайсың. Бұл, әрине, көңіл қаларлық шабандық пен бойкүйездік.

Біздің ақындарымыз алдында ұдайы тұратын поэзияның бір өзгеше жауапты жайы және бар. Ол – көп қысқа өлеңдердің тірліктен алатын, күндегі болмыстан: Отан, тарих, халық шындығынан алатын ортақ тақырыптарының көптігі. Сол тақырып ортақ болғандығы әр ақынның жұрт айтпағанды айта білетін өздігін, ақындық даралығын, өз үнін және осылардың бәріне шын көмекші өзіне тән тіл сөздігін, ақындық сөздігін шарт, міндет еткізеді. Ал осы

жайға келгенде, біздің ақындарымыздың өлең түрлері мен тіл сөздігі, ойлары, шама-шарқы қаралас, тіркес болғандықтан, амалсыздан бір көңілсіз көрініс туады.

Жаңағы аталған көпке ортақ және өзі аса қадірлі, қасиетті тақырыптардың талайының тұсында өлеңдер көңіл қалдырарлықтай, қарын ашырарлықтай боп, біріне-бірі аса ұқсас шығады. Бірін-бірі қайталаушы тәрізденген ақын тобы қоюлап кетеді. Өлең сандары тұтас бір бояулы, бір ағын сияқтанады. Бұл, әрине, өкінішті хал! Осыны – көптен байқалып жүрген, көп оқушы аузынан жиі естілетін, шынайы орны да бар наразылық себебі деуге керек. Ал осы ретте жоғарыда атаған ұлттық дәстүр дегеніміздің тағы бір үлкен шарты бар. Бұл – поэзияның аса ділгір асыл бір элементі. Атағалы отырғанымыз ақындық шығармадағы тіл теңеуі, ақындық образ жайы.

Осы образ жөнін біраз айта түсу қажет. Біздің поэзияның 30-шы жылдардан бергі өсу қалпымен қатар, дәл образ жөнінде тағы да қатаң талап қойғызарлық олқылықтары да байқалады. Көп ақынның көп өлеңі образсыз қисын-құйылысқа бой ұрғыш боп барады. Образ жөнінде жалаңдық пен ерекше бір сараңдық, немесе кешірілмес салақтық сияқты жайлар бар. Рас, кейбір ақындар турасында бұл көңілсіз жайдың себебі де ойға келеді. Мысалы, Сәбит 30-шы жылдардың аяғына шейін реалистік дәстүрді көп өлеңімен көрікті етіп баурап, дамытып келіп еді. Оның бұрынғы қазақ поэзиясы айтып көрмеген және айтуына мүмкін де болмаған аса қызықты тапқыр да, тың да теңеулері көп еді. Ал бертін келе Сәбит прозаға көбірек ден қоюмен қатар, өлеңін де керексіз прозаизмге жеңдіріп алды.

Сәбиттің бергі кездегі өлеңдері тек ақылға, орамды шешендікке құрылады. Ал ақылға баратын болсақ, көпке мәлім шындықты орташа, тақ-тақ шағын ойлармен айту өлеңге қанағат та, қуаныш та емес. Рас, поэзия, тегі, ақылдылықтан әсте жүдемейді. Қайта ақындық терең философиямен ұласып жатса, ол да сан лирикадан сапасы кем түспейтін, сап таза келісім болар еді.

Арабтың арыдағы соқыр ақын философы Абул Ғала Мағриден, Гетеден кешегі Уитменге дейін, өзінше бөлек ерек, созыла келетін философияға толы поэзияны еске алыңыз. Бара алсақ, сондай терең ойлы өлең өріне барып

бағайық. Мұндай мол ылғалды философиялық комақтау болмаса, біздің шақ қана құрғақ ақылға құрған көп өлеңіміз орташа жортақы шамада қалады. Қанатсыз, шарасыз жырлар санын ғана молайтады.

Сөйтіп, тақырыбы ортақ, әрі өлең етер түрі ортақ, әрі айтар тыңдығы аз, күндегі көп қолданып жүретін ұғымдар образсыз ұғымдар болғандықтан, көп ақынымыздың көптеген өлеңдері біріне-бірі қатты ұқсас шығады. Біздің бүгінгі поэзиямыздағы көңілсіз жайдың бірі осында. Сол жайды сейілту үшін тым құрыса образ іздену күшейсе екен.

Біз Хамиттен арқауы қатаң ақылды шабыт, алғыр шабыт жырларын мейлінше мол тосуға болады деп білеміз. Ол ізденгіш те және көбінше тапқыр да. Әсіресе реалистік дәстүрдегі нақтылық (конкретность) Хамиттің үлкенді-кішілі шығармаларынан жақсы көрінеді. Қуантарлық жаңалықтарды көп сезесің. Бірақ сол Хамиттің таңдамалы шығармаларындағы көп өлеңінен образды теңеуі мол өлеңдерді аз кездестірдік. Ал сол өлеңдер арасында “Қырғыз досыма” деген өте көркем өлеңде оригиналдық ой да бар, тамаша табыстай қуантарлық образ да мол. Сондай теңеуі мол образдық жақында шыққан Құрманғазының балалығы жөніндегі өлеңінде де айқын, әсем байқалады. Бірақ көпшілік өлеңі, жаңағы айтқандай, образ жағынан жалаң жатыр. Бұны, кейбір ұғымсыз қатарлары жөнінде, Мәлік, сіз орынды көрсеткен міндерге жалғай айтамыз. Хамиттің кемшілігіне, салқындығына, ұқыпсыздығына қоса тіркеп айтарлық мін деп санаймыз.

Образдардың аздығын көп ақынның көп өлеңінен кездестіру жиілеп кетті. Осының бір себебі мынадан ба дейміз. Бір кезде, әсіресе 40-шы жылдарға кіре бере, біз өзіміздің поэзиямызға “фольклорға бағынысты байланысы, жалғасы үзілмей қойды” деп сындар айтып, кінәлар тағатынбыз. Содан жалт бұрылған біраз ақындар бұрын фольклор айтатын және өздері де қолдана беретін бірталай: ай мен күн, аспан-көк, жұлдыз бен жел, жүрек пен жан, найза мен семсер, болат пен гүл, аяз бен түн тәрізді теңеулік компоненттің көбінен қашықтап жүрді.

Тек, бірақ, сол ай мен күнсіз Жер баласының, біздің планета ақындарының тіршілігі, тынысы бар ма?! Әңгіме соларды теңеуге алуда емес, қалай алуда емес пе? Айды өзіл,



мысқыл ретінде Маяковский де айтады. Онан соң халық поэзиясы үлгісінде айтылған образдың бәрі бірдей тек сары жұрт қана ма екен? Бұрынғы қазақ ақындарының өздері де, тегінде, “Өзгенің айтпағанын, айта алмағанын өзімше айтамын” деп, теңеу сөзді тотыдай түрлендіріп, өзінше дамыта айтпаушы ма еді?

Өзіме аты белгісіз бір ғана ақынның адам мінезі жөнінде айтқан бір-ақ ауыз өлеңін келтірейін:

Жігітке мінез керек қырық құраудай,  
Мысалы, асыл мінез май сылаудай.  
Желдетпей, дауылдатпай, борандатпай,  
Табаннан өту керек боз қыраудай, —

дейді.

Осы өлеңде қаншалық көп теңеу бар: бұнда қырау да, май сылау да, желдету, борандату, дауылдату, тіпті табан да, боз қырау да — бәрі құйылып тұрған образдар. Осында аталған бір зат та дәл өз мағынасында жұмсалған емес. Бейне тілінде арнауы басқа, нысанасы оқшау жатқан сөздер. Және бір қасиеті, бұл өлең ешкімді де қайталамайды, ешбір фольклордың тапталған ізін тағы баспайды.

Сондықтан образды сөз айтсақ, фольклорға кетеді екенбіз дегендей, әсіресе оның ішінде: “Ай, жұлдызды, жан-жүректі атасақ, өнерлі ақындарымызға нұқсан келер-ау” деген ойдан аулақ болу керек.

Әңгіме ұлттық дәстүрді, ақындық түрді бар элементі жағынан байыта, дамыта айтуда.

Образ іздену жөнінде батылдық керек. Жолдас Мәлік, бұл жөнде сіздің Тоқаш Бердияров поэмасына жалпы берген бағаңыз мен үшін түгелімен даулы. Сіздің сыныңыз бұл жөнінде әділ емес. Әсіресе оның “темір ми” деген теңеуінен үркуіңіз және де жол емес. Достоевский прозаның өзінде “Карамазовтың арының мандайы жез еді” дейді. Ардың мандайы боп, оның жез болғанын неше атадан көріп ек? Образ жөніндегі және түр тұсындағы ізденулерге соққанда, тегі, біздің сыншылар, әсіресе әдебиет сабағын жүргізетін оқытушыларымыз үйреншіктіден басқаны жатырқағыш мінезді аз қолдану керек. Орыс әдебиет сыны көлемінде ондайды “академизм” деп атайды.

Біздің поэзияға төрт жолды, он бір буынды өлшеуден, өлеңдік түрден, ұйқасты ырғақтан басқарақ та түрлер, жаңалықтар іздену керек дейміз. Сонда, мысалы, сөйлеу интонациясына құрылған “ақ өлең” (белый стих) үлгісін де еске алу шарт. Бұл ретте Пабло Неруда, Назым Хикмет тәжірибелерін атай кетер ек! Ал біздің сөйлеу интонациясына құрылған басня (мысал) үлгісінің өзін де меңгере алмағанымыз мәлім.

Пушкин, Лермонтовты жақсы аударған Абай да Крыловтың басняларын басня түрінде аударған жоқ. Қазақша өлең етіп аударды.

Әрине, жоғарыдағы тіл мен теңеу, түр мен дәстүр жөніндегі айтқан ойларымыздың бәрі де, поэзия көлемінде, көңілге дұрыс көрінгенмен, көбінесе шартты түрде ғана айтылатын шындықтар. Өлең тек образдан ғана жақсы болады деп мүлде кесіп айту және де жөн емес. Бір ақын жөнінде, не болмаса бүгінгі бар поэзиямыз жайында ойлай шолу, сынай шолу пікірлерін айтқанымызда, бар өлең бар ақында түгелімен төрт аяғын тап басқан ылғи ғана тұлпар туысты бола қалмады деп кінә тақпаймыз. Ол болмаса, поэзиямыз өспеген, жетіспеген шалағай деп, шалғай пікір түймейміз.

Ақын да, тегінде, исламның алласы емес. Сілтегені перизат, сермегені, кем қойғанда, адамзат болып жаратыла қала бермейді. Жаза баспас қадам жоқ, жаңылмайтын қалам жоқ дер едік. Әр поэзияда әр елде де жақсы да бар, олқы да бар. Біздің де әр ақында табыс та бар, мін де бар. Сын ойларды “табыс атаулы алыс өрісіне қарай маңа берсін, өрлей, мезгей берсін” деген дос көңілімен айтамыз. Сондайда ұдайы теңеумен тізілмей-ақ жақсы біткен өлеңдеріміз де аз емес дейміз. Мен өзім прозаик бола тұра, лирикаға көбірек ынтықпын. Сондықтан да біздің бүгінгі ақындар арасында Ғалидың, Қасымның, Әбділданың, Сырбайдың қысқа қайырылған сыршыл өлеңдеріне көп қызығып ден қоямын.

Рас, бұл қатарда, Әбділданың лирикасындағы оригиналдық тапқырлығын танумен қатар, кейде ойша дау айта-тынымыз болады. Әсіресе оның кейбір лирикалық шебер толғауларының адресі оның үй ішінің мүшелеріне арнала беруі көңілге жағымды, жатымды көрінбейді. Бұл жайда,

сыршыл емес Тайырдың бір өлеңін бір жинағында “Мүнираға” деп тұрып бадырайтып, атап арнағаны соншалық нәзік сыпайы дәстүрге жата бермейтін тәрізді.

Ал жаңағы аталған лирикаға оралғанда, әсіресе Ғали, Қасым, Сырбай үшеуінің әр алуан жайға арнаған, әсіресе қысқа қайырылған өлеңдері өзгеше сүйсіндіреді. Бұлар кейде, бабына жетіп, балқып толқыған күйшінің шебер қолындағы шешен домбырадай, қоңыр күйлерімен бой ерітеді.

Сондай өлеңдерде қызықты қысқалық, қымбат өзгешелікке жете алған. Өздерінде жоғарыда біз талап еткен образдар да көп емес. Сонысына қарамай, өте ыстық өлеңдер аңдайсыз. Шын ақындық орамы мен ырғағы, тірліктің шынайы болмысынан туған сезім мен шымырауы бар. Сол сырлары әсерлі асыл өлең тудыруға себеп болған.

Бұл жауап хатта, жоғарыда айтқандай, поэзияның бар мәселесін қамту түгіл, талай-талай үлкен проблемаларын ауызға да ала алмай қалғанымыз бар. Сол ретте, мысалы, поэмаларды айрықша сөз ету керек еді. Оған мақала көлемі әзір ырық бермеді. Оның үстіне, шығармаларын біле тұра әр алуан күйде бағалай да сынай жүре, есте тұтатын талай ересек және жас ақындарымыз бар. Олар жайындағы сөзді де келер бір кезекке қалдырмасқа шарамыз болмады.

Ал осында аттары аталған ақындардың жазушылық өнеріне тек қысқа өлең тудырған жөнінен ғана соғып өттік. Бірақ бұл бір топ ақындарымыздың ақындықпен қатар, танытып жүрген басқа жанрдағы еңбектері тағы бар.

Бар жанрда жазатын Сәбитті еске алумен қатар, фельетон, сықақ, сайқымазаққа шеберленген Асқарды атау керек. Прозадан әр алуан үлгіде жақсы өнер танытып келе жатқан Ғалиды да еске алмай болмайды. Ақындық өнеріне драматургиядағы көп іздену еңбегін қосып келе жатқан Әбділданы және бөлекше атау жөн.

Соңғы жыл ішінде “Қазақ әдебиеті” газеті шығуымен қатар, әдебиеттік сын, ой-толғауларға өнімді түрде араласып, өз таланттарының тағы бір қырларын жақсы көрсетіп келе жатқан: Қалижанды, Хамитты, Жұбанды, Сырбайды, Аманжолды әдейілеп атай кетуді қажет деп білемін. Себебі, бұл ақындар поэзияның өзіне ақындық еңбек сіңіруімен қатар, енді сол поэзия туралы сыншы ойларды зерлеп, өз

жанрларының жауапты жайларына үңіле қарай, толғанып ойлай бастағанды байқатады.

Поэзияның жауапты адамдары неғұрлым сол өз саласындағы жауапты ойларға тереңдеп, шома бастаса, соның өзі де жаңа сапа іздеу мен табудың кепілінің бірі.

Міне, осымен біздегі поэзияның әлі аталмаған, бұл жолы біз аша алмаған талай сыры мен шыны қалды дейміз. Соған мойындай отырып, әдебиетіміздің ұлы саласы – поэзияның бүгінгі керегіне жарарлық біраз жайлардың бір ғана шетін ашуға жарасақ, осы сұрақ хат пен жауап хаттың алғашқы міндеті ада болуға жарағаны дер едік.

*1955*

## АЛДАҒЫ ЖЫЛҒА АСҚЫН ТІЛЕК

Қаз тұрып, тұсау кесіп, екі жасқа қарай аттаған “Қазақ әдебиеті” жөнінде оқушылары мен жазушыларына арнап екі алуан сөз жолдар ек. Оқушыға – тілек, жазушыға – талап сөз.

Тілек неден туады, неге сүйенеді? Жалғыз жазушылар ғана емес, оқушының өз көңіл-бейіліне көз салсақ та, біз дәл осы газеттің қазақ совет жұртшылығына ұнамды, бағалы газет боп келе жатқанын байқаймыз. Біздің оқушы талабы асқан, талғауы зор оқушы болғанда, жазушылар газетінің сүйкімі-ікімі сай келіп, сын көтерерлік сапа тапқаны зор қуаныш. “Мазмұны, мәдениеті, түрі, тілі, әр алуан үлгі-өрнегі партия мен халық талабына дөп келген әдебиет газеті болса-ау” деген ой біздің жазушы жұртшылығымыздың көптенгі арманы болатын.

Дәл осы дәрежеге жетпесе де, жетер деген үміт тудырып отырған осы газет енді, алдағы шақтарда қазақ совет оқушысын түгел қамтитын болса екен. Қалың оқушы көпшілігі осы газетті аңсап, сонырқап, ұдайы қызығып тосып тұратын болса екен. Жұртшылығына соншалық ыстық, қадірлі қажет газет қалың оқушысын тауып, оқушы оны тегіс тауып отыратын болса дейміз. Сол үшін, сондайлық игілікті ақтау үшін газеттің жазушыларына жолдайтын талабы көп те, көлемді де болмақ шарт. Бірақ, әзіргі аз сөзде оны түгендеп шығу мүмкін емес. Арасынан ең бастыларын атап қана тоқтайық. Сол жөнде ең әуелі әр жазушы осы газет жүзінде большевиктік негізді, объектив, әділ, талабы мол сын, шын сөзге мығым болса екен. Соған сай әдебиеттегі, әдебиет айналасындағы мінез мерзімде шынайы зор сапалы мінезділікке толық ие болса екен. Осы жайды социалистік мәдениет қайраткерлері, біз, өзімізге берілген ұлы анықтама – “адам жанының инженері” дейтін атаққа лайықты, жарастықты, қонымды арқалық-арқау етіп

тани білсек, таныта білсек дер едік. Бұл үшін Коммунистік партияның партиялық адамгершілік, гуманистік даналық дәстүрінен үлгі ала түсейік, оқи түсейік! Үлгілі оқу арқылы өнегелі өсейік! “Қазақ әдебиетінің” алдағы жылғы беттері осындай сапада өсудің қымбат куәлары, асыл айғақтары болсын!

## БАЙСАЛДЫ ЗЕРТТЕУ ҚАЖЕТ

Бұл мәслихатта мен баяндамашы да емеспін, арнаулы мәлімдеме жасаушы да емеспін. Мәжіліс үстінде келген кейбір ойларымды ғана ортаға салғым бар.

Ең алдымен айтайын дегенім, әдебиеттің міндеттері мен проблемаларына арналған бұл мәслихат еліміздің әдеби процестерін зерттеуде зор бастама болғалы отыр. Біздің республикаларымыздың алдында тұрған әдебиеттану ғылымының міндеттерін талқылауға арналған мұндай біріккен мәжіліс, менің білуімше, тұңғыш рет өтіп отырған сияқты.

Әдебиет атаулының бәрі өмірдің жемісі. Олай болса, Отанымыздағы әрбір жазушының, айталық, өзбек, қазақ, түрікмен жазушысының творчестволық жолы сол әдебиеттерге де, туысқан басқа әдебиеттерге де тән екені даусыз. Мен сондай жазушылардың бірі ретінде сөйлемекшімін.

Меніңше, совет әдебиетін зерттеуде өткен ғасырлардағы әдебиеттерді зерттеуден басқашарақ тәсіл қолдану керек тәрізді.

Сіздер, әдебиет тарихының очеркін жасаушы әдебиетшілер, көбінесе көзі тірі авторлар туралы жазасыздар. Сіздердің айтқан пікірлеріңіз, сындарыңыз, берген бағаларыңыз қорытылады, талданады, белгілі дәрежеде жұртшылықтың пікірі саналады. Сондықтан да сіздердің еңбектеріңіздің идеялық-ғылыми жағынан биік дәрежеде болуы шарт. Марксизм-ленинизм ілімі негізінде әдеби қозғалыстың, теориялық ойдың алға басуына көмектесулеріңіз шарт. Мейлінше терең жасалған ғылыми-тарихи очерк, монография ең әуелі жазушыларға көмек көрсете алатын болуы қажет. Шығарма көзі тірі адамдарға ескерткіш орнату үшін зерттелінбейтіндігі түсінікті. Осыған орай қаламдас достарымның — тәжік, түрікмен, өзбек, қырғыз, татар, қарақалпақ және қазақ жазушыларының артынан

күнiлгерi ескерткiш қоятын бiр жай бар деп бiлемiн: бiздiң шығармаларымызды сыпаттағанда бiз әдебиетшiлерден күр мақтау сөз күтпеймiз. Өйткенi бұдан жұртшылыққа да, бiздiң творчествомызға да пайда аз. Әрбiр жазушыға, оның еңбегiне барынша принципшiл, әдiл, сыншыл, құпты қатынас болуы шарт. Сонда ғана сыншының еңбегi бiздiң құнарлы, соны шығармалар тудыруымызға, биiкке шырқауымызға сеп бола алады. Ондай еңбектен бiз мол ой-пiкiрге, әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтарға қанығып, қаруланып отыратын болғымыз келедi.

Әрбiр жазушы өзiне, өзiнiң шығармасына талапты мықтап қоюға тиiс. Жас кезiнде, жаңа қалыптаса бастаған шағында, тiптi творчестволық жағынан әбден ержеткен тұсында жазған шығармалардың да қайта қарауды, қайта өңдеудi керек ететiнi болады. Ал кейбiр күрделi құнды шығармаларды өмiр бойы өңдей беруге тура келедi. Мiне, солай болғандықтан да сiздердiң “Очерктерiңiз” бiзге мықтап қолғабыс тигiзуге тиiс. Жеке шығармаларды байыпты талдап қана қоймай, жазушының болашағына көз жiберiп, дұрыс мезеп, байсалды кеңес берiп отыруларыңыз керек.

Белинский, Добролюбов, Чернышевскийлер жазушыларға жанашыр дос болып, қоғамдық ой-пiкiрлерге мол үлес қоса бiлсе, шығармаларды ғана емес, сол шығармалардың геройларын зерттейтiн совет әдебиетшiлерi творчестволық үлкен ой-пiкiрдiң қалыптасуына көмектесуi тиiс.

Бiздiң әдебиетiмiз – жас әдебиет. Онда проза, драматургия, журналистика, сын, тарихи-әдеби ғылым туа тұрса да, соның бәрi жетер жерiне жетiп болды, форма жағынан мiнсiз деп айта алмаймыз.

Қазiр тiрi табыс деп жүрген нәрселердiң iшiнен мезгiлдiң сынына төтеп беретiн қанша екенiн де дәл айту қиын. Бүгiн құнды көрiнiп отырған нәрселердi ертеңгi күн мойындамауы да ғажап емес. Бiздiң оқушыларымыз – аса шапшаң өсетiн тамаша оқушылар. Олардың талғамы да зор болмақ. Бұлай болса, сан пiкiрi әдеби қозғалыстың алдында болуға керек. Маркстiк-лениндiк эстетикаға сүйенген бiздiң сынның бұған мүмкiншiлiгi де толық.

Бүгiнгiдей бiрiккен мәслихаттың әр кезеңде өтiп отырғаны мақұл сияқты. Байсалды ойлар айтылып, қызықты зерттеулер, байқаулар келтiрiлiп жатыр. Соған қоса



мен әдебиет зерттеу ғылымының алдында тұрған мынадай міндеттерге баса назар аударғым келеді.

Біріккен мәслихаттарда, “Очерктерде” әрбір жазушының социалистік реализм әдісін меңгеру дәрежесі сыпатталғаны жөн. Искусствоның нағыз реалистік шығармаларын — реалистік романдар, повестер, драмалар мен поэмалар жасау міндетін алға қойып отырған мақұл.

Дәстүр мен новаторство (жаңашылдық) проблемасы шығарманың халықтығына, халықтық дәстүрлерді өркендетуге байланысты көтерілсе деймін. Соның қатарында шеберлікті үйрену мәселесі де жүреді.

Шеберлік проблемасын сөз қылғанда, көркем шығарманың стилі мен тілін зерттеу міндеті есте болуы керек. Типтік проблемасы бүкіл совет әдебиетінің алдындағы жалпы теориялық міндеттер негізінде қаралуға тиіс. Әдебиеттердің өзара байланысы, интернационалдығы да үлкен проблема болмақ. Сол сияқты орыс тілінен басқа ұлт тілдеріне және сол ұлт тілдерінен орыс тіліне аудару проблемасы да біріккен мәслихаттарда кең сөз болмағы пайдалы.

Осылардың ішінен социалистік реализм әдісін игеру мәселесіне ерекше тоқталып өткім келеді. Мұнымен қатар реализмді стиль көлемінде ғана қалдырмай, кең мағынада түсіну керек. Менің ойымша, реализм деп өмір шындығын жеткізе білуді, сол өмір шындығын художество шындығына айналдыра білуді айтамыз. Әрбір художник сезімнің алуан қырлылығын түсінуге тиіс. Ойдың шыншылдығын, адамның жан дүниесінің шыншылдығын бұлжытпай бейнелеуге тиіс. Содан барып геройдың әрекеті шығады. Содан барып оның характері ашылады.

Біздің әдебиеттерде кейбір авторлар тақырыптың актуальдығымен, идеяның дұрыстығымен іс бітті деп ойлайды. Бірақ мұның бәрі нағыз реалистік искусство жасау үшін әлі жеткіліксіз екені даусыз емес пе? Коммунистік партияның қарарларында оқушыны қызықтырмайтын, тіпті ішін пысыратын, көркемдігі нашар шығармалар қатаң сыналып жүргені де сондықтан. Шын искусство оқушының бар ықыласын еріксіз аударып әкетеді. Оны тәтті сезімге, қиялға бөлейді. Ал кейде біздің шығармаларымыз идеялық мазмұн жағынан, заман шындығын суреттеу жағынан ақаусыз бола тұра, реалистік искусство дәрежесіне көтеріле алмайды.

Схематизмге, натурализмге ұрынуы да кәдік. Олай болса, нағыз реалистік шығарма жасау үшін социалистік реализм әдісінің жоғары талаптарына сүйену керек, соған сай іздене білу керек. Міне, Түрікменстанның да, Қырғызстанның да, Қазақстанның да жазушыларының шығармаларын бағалауға осы тұрғыдан кірісу шарт. Мәселені осылай кең қойғанда ғана, бұған шеберлік проблемасы, үйрену проблемасы, өзінің ұлттық топырағында пайда болған дәстүр мен орыстың классикалық және қазіргі әдебиетінің озық дәстүрі сияқты көп-көп жайлар енеді.

Әрбір жазушының шеберлік дәрежесін, шығармаларының құндылығын осындай шарттар арқылы ғана анықтауға болады.

Бұл сияқты үлкен мәселелерді сөз еткенде, бүгінгі біздің біріккен мәслихаттың жұмысындағы кейбір кемшіліктерге соқпай кетуге болмайды. Менің ойымша, біріккен мәслихат жоғары дәрежеде өтті. Бірақ, сонымен қатар проблемалық мәселелерді талқылаудың орнына жалпы шолу да жасалынып отырды. Шығармалардың аттарын жіпке тізумен тынушылар да болды. Жеке шығармаларды, жеке жазушылардың творчестволық тәжірибелерін талдаумен немесе сол туралы хабар жасаумен тынғандар да болды. Тіпті XX ғасырдың басындағы, XIX ғасырдағы әдебиетке саяхат жасаушылар да болмай қалған жоқ. Ал біздің бұл біріккен мәслихаттың алдына қойылған міндет әбден нақты да, сара да еді. Әңгіме совет әдебиетінің очерктерін жасау жөнінде болуға керек еді. Әлбетте, әдебиеттің шыққан негіздерін сөз етуге әбден болады. Бірақ бұл жерде мәселені әліппеден бастаудың орайы қанша?

Біздің елімізде әрбір ұлт жазушыларының озық шығармалары орыс тіліне аударылады. Туысқан республикалардың оқушылары орыс тілінде Совет Одағындағы барлық жазушылардың шығармаларымен танысады. Мәселен, Ғафур Ғұлямді грузин оқыды. Сәбит Мұқановты латыш оқыды. Олай болса, осындай шығармалар турасында ғылыми зерттеу еңбектерін жазуға әрбір республикадағы әдебиетшінің мүмкіншілігі бар. Сол сияқты туысқан әдебиеттер жөнінде түрлі жоғары дәрежелі оқу орындарында көптеген диссертациялар қорғалуда. Мысалы, Москваның мемлекеттік университетінде жеке жазушылардың творчествосы туралы немесе қарақалпақ, өзбек, қазақ, тәжік,

түрікмен әдебиеті сияқты туысқан әдебиеттердегі тың оқиғалар жөнінде талай кандидаттық диссертация қорғалды. Бұл жай Ленинградтың, Ташкенттің, Қырғызстанның, Түрікменстанның университеттерінде де бар. Әрине, сол еңбектердің бәрі баспада жариялауға түгел жарайды деген ойдан аулақпын. Бірақ сол монографиялардың, кандидаттық және докторлық диссертациялардың белгілі творчестволық проблеманы терең зерттеп, дәлелді шешкендері де жоқ емес. Біздің әдебиеттерімізді зерттеудің игілікті міндетін мойнына алған ғалымдар осы еңбектерді ескеруі қажет. Оның үстіне, айталық, қазақ әдебиетін қазақтың ғана зерттеуі, өзбек әдебиетін өзбектің ғана зерттеуі шарт емес. Әдебиеттерімізді зерттеуге Одақтың барлық әдебиетшілерін, айталық, орыс, украин, белорус сыншыларын көбірек тартқан жөн. Көптеген сыншылар, жазушылар, соның ішінде Фадеев, Тихонов, Симонов, Сурков сияқты озат орыс жазушылары біздің жеке жазушыларымыз жайында, біздің классиктеріміз жайында және әрбір жанрдағы табыстарымыз жайында бағалы ойлар, байсалды сындрар айтқан. Солардың бәрі еске алынуға тиіс. Орталық баспасөзде – “Правданың” беттерінде, әдеби қалың журналдарда біздің әдебиет туралы әр кезде жауапты пікірлер айтылды. Біздің халықтар әдебиеттері тарихының “Очеркін” жасағанда осы сияқты даяр тұрған материалдар орнымен пайдаланылатын болсын.

Мәслихатта шеберлікті үйрену мәселесі көп сөз болды. Бұл әбден орынды деп білемін. Бұрын он өлең немесе бір-екі поэма жазған адам Жазушылар одағының мүшелігіне алынды. Екі повесть жазған адам республикадағы белгілі жазушының санатына қосылды. Бұның бәрі бізде жоғары дәрежелі көркем шығарманың аздығының, сыншыл ойдың жастығының салдарынан еді. Бірақ оңай шыққан атақ ұзақ жасай алмайтынын өмір көрсетіп келеді. Сондықтан да біздің әдебиетшілер үшін, әсіресе жас әдебиетшілер үшін оқу, оқу және оқу керек дер едім.

Жақсы шығарма жазып, аяғына дейін жеткізе алмай қалатындар болады. Оларға әдетте шеберлік жетпейді. Сол шеберлікті қажымай-талмай үйренбейінше болмайды. Бұл жай осындай біріккен мәслихаттарда да жан-жақты сөз болуға тұрады деп ойлаймын.

## СӨЗ – КІТАП ДОСТЫҢ ЖӨНІНДЕ

Бір кезде бұндай мәслихаттарда мәдениет майданының бір мәселесі ғана талқыланушы еді. Бүгін мәдениеттің алуан мәселелері сөз болып отыр. Мұның өзі біздің мәдениетті республикаға айналғанымызды танытады. Біз енді сауатсыздықты жою сияқты жеке мәселелерді қараумен тына алмаймыз. Республика жұртшылығының алдында тұрған мәселелер сан алуан. Қазір мәдениет жайын киносыз, кітапханасыз, ағындағы баспасөзсіз, тұрақты театрларсыз сөз ету қиын.

Уақыт тар болған себепті, осы мәселелердің ішінен бір мәселеге ғана тоқталып өтпекшімін.

Халықтың мәдениет дәрежесі жайлы әртүрлі пікірлер болған. “Халық мәдениеті сабынның санына қарай”, “тұрғын үй маңының тазалығына қарай байқалады” деушілер де болған. Адам тұрмысында тазалық атаулының маңызы зор екені рас. Бірақ Қазақстан секілді социалистік азат республикада тарихи жаңа кезеңде мәдениеттіліктің дәрежесін басқаша түсіну керек секілді. “Ауылдағы, селодағы, қаладағы әрбір еңбекшінің мәдени дәрежесін оның үйіндегі кітаптың санына қарай, сапасына қарай белгілеу шарт” десе, теріс болар ма еді?

Адамның өмірінде кітаптың маңызы қаншалықты зор екенін мәдениет қызметкерлеріне дәлелдеп жатудың қажеті жоқ.

Біз кітап арқылы бастауыш мектептің өзінде-ақ бүкіл адамзаттық мәдениетпен танысамыз. Бірақ рухани өмірімізде кітаптың алатын орны осымен тынып қалмайды. Өскен сайын, алға басқан сайын кітап біздің егіз-серік досымыз есепті бола береді.

Сол кітап бүгінгі колхозшыға, жұмысшыға, әсіресе ғасырлар бойы қараңғылықтың зардабын шеккен біздің жұртқа қажет-ақ.

Қазақстанның баспасы кітапты көптеп шығарады. Бұған мемлекет зор көңіл аударып, мол қамқорлық жасап отыр. Марксизм классиктерінің, дүниежүзілік әдебиет классиктерінің, орыс әдебиеті мен қазіргі совет жазушыларының шығармалары қазақ тіліне мол аударылады. Бірақ асыл кітап өзінің аңсаған оқушысына жетпей жатыр. Олай болса, бұл мәселеге ерекше мән беретін уақыт жетті.

Қазақстанда 62 ауданда кітап саудасымен айналысатын дүкен жоқ екені осы мәслихатта айтылды. Мұның мөлшері дәл екеніне кепіл болу қиын. Менің өз басым көптеген колхоздарда кітап дүкені жоқ екенін қынжыла айтуға тиістімін. Кітап саудасымен тұтынушылар кооперациясы да шұғылданады. Бірақ нашар шұғылданып келеді. Тұтынушылар одағы Ақсуат, Зайсан, Абай, Амангелді сияқты теміржолдан мойны қашық қазақ аудандарына қазақ тілінде шыққан кітапты аз алып барады.

Таяуда мен Сартауқұм жайылымына барып қайтқан Фабит Мүсіреповтің ойлы да, өткір де очеркін оқыдым. Жазушы “алты аяқтың” астында өмір сүрген шопандарды суреттейді. Малшылар жылдар бойына кітап көрмеген. Осыдан 10-15 жыл бұрын сауатсыздығын жойған адамдар қазір қайтадан сауатсыз қалпына түскен тәрізді. Осының бәрі кітап оқымаудың салдарынан болған сорақылық.

Біз, жазушылар, кітаптың оқушы көпке жеткенін тілейміз. Ол оқушы қазақ шығармаларын ғана оқымай, бүкіл дүниежүзілік мәдениеттің қазынасымен танысса екен деп арман етеміз. Пушкин алыстағы ауылға барсын, Гурьевтің балықшыларына, Қызылорданың күрішшілеріне, Мақтаралдың мақташыларына Тургеневтің, Лев Толстойдың, Шолоховтың, Фадеевтің кітаптары жетсін дейміз. Жазушы ретінде өзімізді баулыған, қанағаттандырған орыстың классикалық әдебиеті мен классикалық совет әдебиет шығармалары қазақтың қалың оқушысына мол жетсе дейміз. Бұл тұста кейбір туысқан республикалардың үлгі боларлық істерін атауға болады. Мысалы, Латвияның баспасында әрбір екі күнде үш кітап шығып отырады екен. Бұл республикада әрбір үйдің өз кітапханасы бар көрінеді. Біздің де сондай әрбір үйде кітапхана жасау үшін күресуіміз шарт.

Қарттар, Отан соғысының мүгедектері әрбір ауылдан табылады. Міне, солар түйеге немесе атқа мініп, мойны

қашық колхозға, совхозға қыста да, жазда да кітап апарып таратып тұра алар еді. Бұл, әрине, кітап таратудың қарапайым түрі. Ал онжылдық, жетіжылдық мектептерге, интернаттарға, жаңа құрылған ірі совхоздарға кітапты үздіксіз апарып тұру даусыз міндет.

Жұртшылыққа эстетикалық тәрбие беретін көркем әдебиет шығармалары – рухани творчестволық өміріміздің жемістері – сыңар барсын демейміз. Егін шаруашылығына, мал шаруашылығына пайдасын тигізетін кітаптардың да баруы шарт. Сол сияқты аудан орталықтарынан, теміржол бойынан жырақ жатқан колхоздар үшін санитария мен гигиенаға үйрететін кітаптың жетуі қажет. Ленин томдарының идеялық-саяси мәні айтпасақ та түсінікті. 1946 жылдан бастап 10 жыл бойына Лениннің шығармалар жинағы 50 мың тиражбен шығарылып келеді. Сол кітаптар қайда, қанша, қалай тарады? Күні ілгері жазылып қойғандарға ғана барып, қалың оқушыға жете алмай жүрген жоқ па екен?

Баспа мен сауда мекемелері жоспардың сырттай орындалғанын ғана көздейді. Халықтың нақты талабымен, мұқтаждығымен есептеспейді. Қазақ кітабының тағдырына немқұрайды қарайды. Бұны бюрократизм деп қана атауға болады. Олар қазақ кітаптарын алыстағы қазақ аудандарына алып бармайды да, кітапқа жала жабады: аударма кітапты жұрт оқымайды деген болады.

Коммунист партиясының саясатын жүзеге асыруға қаламмен көмектесіп отырған Шолохов, Фадеев және ұлы Маяковский шығармаларының аудармасын көп тиражбен таратудың қажеті жоқ дейтін басшы қызметкерлер де шығып жүр. Олар аударманың тиражын 5-6 мың данадан асырмау керек деп қарасады. Аударма кітаптары таралмайды-мыс деген сылтаумен тиражын тұқыртып, мемлекетке пайда келтіреміз деп ойлайды. Бірақ пайда қайдан келсін, олар халықтың рухани өміріне қып-қызыл зиян келтіреді. Бұның үстіне, аз тиражбен шыққан кітап мемлекет үшін қымбатқа түсетіні де аян.

Осыған орай бір жайды ерекше айтпасқа болмайды. Қазақ ССР Мәдениет министрі тираж мәселесінде сауда мекемелеріндегі кейбір қауқарсыз, құнтсыз, жалғаншыл қызметкерлердің жетегінде кеткені байқалады. Қазіргі кезде қазақ кітабының тиражын он мың данадан асырмайды.

Бұндай тираж тапшылығы Қазақстанда көптен бері болып көрген емес. Соңғы 10-15 жыл ішінде Қазақстанда көркем кітаптың тиражы орта есеппен алғанда 20 мыңнан болып келеді. Ал Шолохов, Фадеев сияқты жазушылардың кітаптарын 30-40 мың дана етіп шығаратын мезгіл жетті. Алғашқы жылы түгел өтпей-ақ қойсын. Кітап бір жылға арналып шығарылмайды, бірнеше жылға арналып шығады. Бұлай болса, кітапты көп тиражбен шығарғанда біз екі жақтан ұтамыз: біріншіден, кітапты оқушыға молынан жеткіземіз, екіншіден, мол болған соң кітаптың өзіндік құны арзандайды, мемлекетке мол пайда келтіреді.

Туысқан әдебиет шығармаларын басып шығаруда Москва баспасының тәжірибесін айта кеткім келеді. Бұл баспа Сәбит Мұқановтың “Ботагөзін”, Ғабит Мүсіреповтің “Қазақ солдатын” бірнеше рет басты. Ғабиден Мұстафиннің “Миллионері” де орысша әлденеше рет басылды. “Қарағандысы” көп тиражбен шығуда. 1943 жылы дүниеге келіп, содан бері қазақ тілінде үш-ақ рет басылған “Абай” романы 1948 жылдан бері орыс тілінде 12 рет шығарылды. Мұның ішінде 5 рет мол тиражбен басылды. Қазір де мол тиражбен шығарылғалы жатыр. Соның көбінде баспа автордың ықтиярын сұраған да жоқ.

Ал сол кітаптар қазақ оқушысына қажет емес деуге кімнің аузы барады. Кітапты тарата білу қажет. Қазағы аз қалада, облыс орталығында тозаң басып жатқан кітаптарды өз оқушысына алып бару шарт. Халықты идеялық жағынан тәрбиелеу мәселесіне келгенде, ұсақ есеп-қисаптың шеңберінен шыға алмайтын адамдардың ырқына еруге жарамас.

Ал сондай адамдарды өзі тежеп отырарлық (бір жолдас-тың) аузынан шыққан сөзіне біз, жазушылар, қайран қалдық. Ол жолдас қазақ жазушылары ақша табуды көздеп, өз шығармаларын қайта бастырумен шұғылданып жүр деді. Жауапты жиында ешқандай дәлелсіз айтылған бұл пікірдің мүлдем қате екенін айтуға өзімді борышты санаймын.

Михаил Шолоховтың шығармалары 70 рет басылып шыққан. Олай болса, осыны “ақша үшін Шолохов шығартып отыр” деген ой кімнің басына келеді? Кітаптың тиражы партия мен үкіметтің көркем әдебиет саласындағы саясатына қарай белгіленбей ме? Москваның баспалары Мұқановтың да, Мүсіреповтің де, Мұстафиннің де,

Әуезовтің де келісімін сұрамай, шығармаларын қайта-қайта басып шығарып келеді. Мұны қалай түсінеміз?

Жаман шығармаларды орталық баспаларда қайта-қайта баса берер болар ма? Жоқ, бұлай емес шығар. Бұл шығармаларды оқушы талап етеді. Москва баспасы сол оқушының талабына сүйенеді. Біздің баспада да осындай тәртіп орнайтын болсын дейміз.

Біз жазықсыз зәбір көрмейтін бақытты жағдайда жұмыс істеп келеміз. Бірақ бір кездегі болымсыз басшылықтар жадымыздан кеткен жоқ. Олар осы трибунадан өзіне лайықты атағын алған-ды. Интеллигенция атаулыға махаевша қарағаны әшкереленген-ді. Ол уақыт келмесе кетті десек, өткендегіні еске әкеліп салатын мінезден аулақ болайық.

Қазақ жазушыларының еңбектерін қайта басып шығарғанда баспа жазушының мүддесін көбірек ойлайтынын да ұмытпалық. 1939 жылы жазылған “Ботагөз” романы 16 жыл ішінде қазақ тілінде үш-ақ рет шықты. Москвада да үш рет шығыпты. Ал бұл қазақ оқушылары үшін аса қымбатты кітап екені даусыз. Басқа да шығармалар туралы осыны айтуға болады.

Тираж мәселесі өз алдына ерекше сөз болуды тілейді. Көркем әдебиеттің қарыштап өсуіне ықыласты қызметкерлер бас қосып, бұл мәселені арнаулы талқыға салса, жан-жақты пікір алысса, орынды-ақ болар еді.

Мәдениеттің көрнекті құралы болып отырған кітап оқушыға баратын болсын. Кітап біздің қызметкерлердің, колхозшылардың, совхоздар мен МТС жұмысшыларының идеялық-саяси санасының өсуіне, жоғарылауына көмектеседі, еңбекте рухани қолғанат болады. Жақсы кітап – жан азығы, ой суаты. Олай болса, кітап тарату мәселесі мейлінше терең ойланып, парасатты шешілетін болсын. Заман мүддесі осыны тілейді.



## ҚАСИЕТТІ ПАРЫЗ

Халықаралық мереке – Бірінші Май күні әрбір ойы түзу адамның қоғамдық болмысының ең игілікті, абыройлы жақтарын еске алу табиғи нәрсе. Осыған орай интернационалдық достық, интернационалдық парыз сезімі туралы, халықтар арасындағы ынтымақ, қадір-құрмет туралы айтпаса болмайды.

Адам баласы білімінің, еңбегінің, ой-қиялы мен творчасының интернационалдық парызды ұстанбайтын саласы болмақ емес. Бұл әрбір ғалымның, художниктің, әрбір қайраткердің ұдайы алдында тұратын міндет. Қалам қызметкері ретінде, Бірінші Май күнгі сөзімді осы қасиетті парыз турасында айтқым келеді.

Бұл парыз бүгін ғана пайда болып отырған жоқ. Әріден келе жатыр. Қайсы ғасырдан, қайсы тілден келіп қосса да, халықтар арасындағы бауырмалдыққа баулитын ұлы дәстүрлердің бәрі бізге қымбат. Біз, жиырмасыншы ғасырдың орта шенінде өмір сүрген әдебиетшілер, бүкіл дүниелік прогресшіл әдебиетті мұра тұтынамыз.

Сол күллі әлемдік гуманистік озат дәстүр шын мәнісіндегі көркем әдебиет халықтардың өзара бытырасуын көздемей, жуықтасуын көздейтінін, жауласуын тілемей, достасуын тілейтінін, бәсекелесуін уағыздамай, ауызбірлігін, тізе қосып қарыштауын уағыздайтынын көрсетеді.

Жер жүзінің ең озық, ең жоғары идеялы әдебиеттерінің бірі – совет әдебиеті өзінің дүниеге келген күнінен бастап творчасында интернационалдық ынтымақтың туын биікке көтеріп келеді. Бұл – мәңгі жығылмайтын, өшпейтін ұлы ту.

Біздің ғасырда өмір құбылыстарын нәсілшілдіктің, отаршылдықтың, буржуазияшыл ұлтшылдықтың, күні өтіп бара жатқан әртүрлі кертартпалық пен керенаулықтың тұрғысынан түсіндіргісі келетін әдебиетшілер кейбір елдерде әлі бар. Бірақ олардың өмірі қысқа, қадамы құтсыз болмақ.

Біздің совет әдебиеті даңқты, абыройлы, қасиетті, нұрлы жолмен келеді.

Сол әдебиеттің идеалдарына шексіз берілген біздер, туысқан әдебиеттердің өкілдері, бір жайды ерекше есте тұтамыз. Бізді баулыған, тәрбиелеген, қанаттандырған социалистік революция болды. Өміршіл, ұлы революция арқасында біздің халықтарымыздың арасында сенім, достық, сүйіспеншілік орнады. Бұл дүние жүзінің бейбітшіл халықтарының арасында да түгел тарап отыр.

Өз творчествомдағы совет оқушысының азды-көпті ілтипатына татитын нәрселердің бәрін Коммунистік партияның бүкіл интернационалдық тәрбиесінің жемісі деп санаймын. Маркстік-лениндік ілім совет художниктерін интернационалдық рухта тәрбиелейді. Біз бұны мақтаныш етеміз. Және бұған өмір бойы берік боламыз. Жазушы үшін халықтар достығынан, халықтар ұрпағының достығынан қымбат сезім болмаса керек. Адам рухының ең үлкен қасиеті осы сезімнен байқалмақ. Біз үшін халықтар достығынан артық идеал болмақ емес.

Бұл идеалға барлық күш-жігерімізбен, ізденуімізбен, табысымызбен қызмет ету — әрқайсымыздың игілікті, абыройлы, қасиетті парымыз.

# Кино-әңгіме







## ӘЙЕЛ ЖОЛЫ



## Бірінші бөлім

### 1916 жыл

Күздің дауылды түні. Дулат байдың аулы ықтырмамен күзеуде отыр. Қой-ешкілер бүрсең қағып, ығып кетердей маңырап, шулап дүрлігіп жүр. Иттер үреді. Дауыл ұлып шулағандай ышқынады. Барлық малшы-малай, еркек-әйел тыста айғай салып, тынымсыз арпалысып жүр.

Қартаң бай Дулат пен баласы Доғал жылы киінген, қолдарына шоқпар ұстаған. Мал үшін жан ұшырып әбігерде жүр. Ақ үйлердің маңындағы бүріскен жыртық, шоқпыт лашықтарға ақырып ұмтылысады. Кедейлердің жалаңаш бүрсең қаққан балаларына, кемпір-шалдарына шейін малды күзетуге айдап шығысып жүр.

Аз уақытта, ауылдың шетіне түнгі иіруге қалың жылқыны жылжытып айдап, үш жылқышы келді. Өңшең семіз, үркек асаулар ауыл маңына байыздамай, жоси береді. Ауыл шетіне қалың жылқыны үйіріп болған соң, ақ айғырға мінген, атпал балғын денелі жастау жылқышы Сатай осы ауылдың шетіндегі қара лашық үйіне кеп, білегіндегі сойылын түсіріп тастап, аттан түсті. Жұқа, жыртық киімнен шүмектеп су өткен. Қабағы жадау, қажып-талған, қарны да ашқан, бейнет кешкен жігіт лашығына кірді.

Қарт шешесі Жанат, бес-алты жасар жалғыз қызы Алуа ұйқысыз үркуде, үйде от та жоқ, ыстық ас та жоқ. Бірін-бірі аймалаған аш жандар, енді ғана сәл тыным алмақ.

Жанат Сатайды қарсы алды, киімін шешіндіріп, құрғатқысы келеді. Сатай Алуаны аймалайды.

— Сен неге ұйықтамағасың, Алуа жаным, кішкентай.

— Сені тостым.

— Мені неге тосасың, ұйықтамаймысың ерте.

Жанат:

— Ұйықтамайды, көзінің шырымын алмайды сен жоқта, анасы қайтыс болғалы сол емес пе көргені, қарғашым.

Алуаның ақ сұр сұлу жүзі ерте қайғы тартқан. Жас бөбек әкесінің қойнына кіріп, қасына жатты.

Даладан айғай үзілген жоқ. “Қасқыр!” деп, “Ұры, жау!” деп, қауіпті сөздер айтып, қарбаласып жүрген жандар көп. Дауыл қатайып, суық жауын қиыршықтаған қарға айналып кетеді. Иттер тобы арсылдап, жақын жердегі жауды сездіргендей. Жылқы жапырылып үркіп, жоси береді. Бай Дулат Жанат кемпірдің үйіне ақырып келіп, өмір етіп тұр:

– Шық далаға! Малды көзде, қызыңды да киіндіріп шық! – деп ақырады. – Сатай неге шықпайды? – деп ашулы зіл тастайды.

Осы кезде бай баласы, жас мырза, жылы киінген Доғал келіп ақырады. Сатай амалсыз Алуаны оятпай тұрмақ боп, қам етеді. Бөгеліп жүр. Байлар кезек ақырып жазғырады, ұрсады. “Неге тыным аласың?” деп жазғырады. “Бүгін қатер, бүгін жылқыға жау тиеді!” деп қорқысады.

Жанат үйде күбірлеп Сатайға:

– Бұлар неғып бүгін үркіп жүр өзі? Жауы нес, Саташ-ау?

– Тыныш жүре ме бұл пәле басылар. Отарбай баймен жау емес пе, жаздай жұлқысқаны қане, болыстық үшін. Енді барымталасып, қолдасуға шықты. Әнеугүні бұлар алғызыпты ғой... Қазір Отарбай да барымташы аттандырыпты дейді. Құлан, Бұлан дейтін екі сойқан ұрыны басшы етіп аттандырыпты. Солар осы бүгінгідей лайсаң түнде соқтығады деп қорқады.

Тыста тақап келген зілді айғай. Байлар ақырады.

– Сатай! Қайтіп ұйқы тыныштық алады? Бүгін жау тисе қайтесің?

Сатай өзінің су болған киімін көрсетеді.

– Үсті-басым су, жаурадым ғой, түн ұзын.

– Сөйлеме, мін атыңа! – деп, жас бай Доғал ақырады.

– Биттей аяныш болсашы... Мен де адаммын ғой.

Сол жайды айтқаны үшін Доғал боқтап қорлайды. Сатай ашулы жауап береді. Доғал ұмтылып, шоқпармен ұра береді. Шошыған Алуа жүгіре шығады.

– Тиме, ұрма ағамды.

– О, құдай жазанды берсін, – деп Жанат қарғайды.

Байлар еріксіз Сатайды ақ айғырға мінгізе береді. Осы кезде арсылдаған иттер тобын шұбырта шулатып, түнгі ауылға

қалың топ аттылар – барымташы жаулар қаптап, құйындай соқтығады. Сойыл, шоқпарларын қағысып, “кеу-кеу” десіп, азан-шуды молайтып, қалың жылқыны үркіте қуады. Ауыл үстіне жалған жапырылып құлағандай болады. Семіз сәйгүліктер қойлардың, сиырлардың, түйелердің үстінен секіре-секіре, лашықтарды құлата асау селдей ақтарылады.

Жосып босқан жылқы арасында оларды сойылдап бөле қуып бара жатқан – жаулар. Тап ортада еңгезердей алып денелі екі ұры – Құлан, Бұлан ойран салып, құтырына шабады.

Ауылдан атқа міне жөнелген жылқышылар тобы ағылады. Арасында, алдында ақ айғырға қамшы басып, құшырлана шапқан – Сатай. Ұзын ақ сойылын биік көлбетіп, көтере шауып келеді.

Айқасу. Сатай боз айғырды қамшылап, шоқпарын жұлқа көтеріп ап, бір жауды бастыртып кеп жетті де, желкеден беріп жіберіп, жауырынынан алып жұлып тастады. Екінші жаулардың екеуі:

– Ортаға ал, ортаға... боз айғырды ортаға ал... – десе береді.

– Алсаң ал. Келсең кел! – деп, Сатай бастырта жете бере, оң жақтағы жау сойыл сілтегенше ұрып жіберіп, ұшырып түсіреді. Екінші жау ұрып қалады. Бірақ Сатай:

– Түс... Түс, – деп бұйыра ақырып, сайысып кетеді. Ол жау да шаншыла құлады.

Осылай жол бойы жылқышыдан да, жаудан да аттар босап, ойнап шығып жатыр. Ұзақ соғыс. Жылқышыдан да, жаудан да топ-топ аттан ұшып түсіп жатқан жаралылар. Майданда үш-ақ кісі қалған: Құлан мен Бұлан, Сатай. Екі ұрыға енді еркін жеткен Сатай бұйрық етіп: “Түс!”, “Түс!” деп ақырады. Аналар қуып бара жатқан соңғы бір топ жылқыны айырып алады. Екі ағайынды бөрілер, сотқар ұрылар бұған жабыла соғысады. Сатай Құланды жекпе-жек кездескенде, ол бір ұрғанша, үш ұрып жіберіп, есеңгіреткен күйде, аттан жұлып түсіреді. Енді Бұланды шоқпар қағысып, тура бетке алып, сілейте ұрып жібергенде, құлап бара жатқан Бұланның қолындағы алтатары тарс атылады.

Үй алдында түйілген қабақпен шошынып тұрған Алуа. Ол меңіреу түнге телміріп қадалғалы көп заман. “Үйге кір” деген әжесін де тыңдау жоқ. “Ағам, ағатайым...” деумен қара



түнге мелшіе қадалып қарап тұр. Тыңдап тұр. Сартылдаған сойылдар, тасырлап шапқан ат тұяқтары. Кісінеп, оскырып жосыған, шошып босқан асаулар. Арсылдаған иттер. Ақырып, арпалысып жүрген қатал жауыз байлар. Бәрін де Алуа “қой” дегендей, “тоқташы, тына қалшы” дегендей елемейді. Әлі екі көзі қараңғы түнге қадалып, шошына үркіп тұр. Бозарған еріндері тек қана қыбырлап, “ағам”, ағатайым” дей береді.

Тарс етіп мылтық атылды. Алыста, бұл қараған жақта жалт етіп от көрінеді. Алуа шошығаннан шыңғырып қалады: “Ағатайым!”

Бұл кезде Құлан жығылған жерге Бұлан да жығылған еді. Шекесінен қан ағып, талмаусырап ол жатыр. Сол екеуінің қасында оқ тиіп құлаған, алып кеудесі ажалменен алысқан, демі бітермен болған Сатай жатыр. Басында мұны есіркегендей, боз айғыр ғана иіскелеп, жер тарпып, “тұршы, жүрші” дегендей боп тұр.

Күндіз. Дүние тыныштық. Жыртқыш лашық ішінде, шоқпыт төсек үстінде өлімші күйде Сатай жатыр. Басында жылап шешесі отыр. Төсін құшақтап, аймалап өксіп, талықсыған Алуа жатыр. Еріндері соңғы рет сәл қыбырлаған Сатай арман айтады:

– Бейбақ сорлыларым-ай, көр аузында анам қалдың. Бесіктен шығар-шықпаста балам қалдың. Кеше ғана анаң өліп еді. Бүгін мен де жоқ. Қасында жанашыр жан да жоқ. Жақының да жоқ. Тым құрыса екеуіңді босағада қалдырғанда, адам қасында да қалдырмадым. Жыртқыш аңның інінің аузында қалдырдым. Қасқыр інінің аузында қалдырдым-ау. Кім есіркейді, кім пана болар?

Көзі босағада жылап отырған кішкентай денелі, баладай ғана бойы бар, бала жігіт Сексекке түседі. Ол Сатайдың қасында нар қасындағы ешкідей. Сатай сөйлеп жатыр:

– Бар жақын дегенде жалғыз қарабасты еркек анау Сексек. Бірақ ол кімге пана болады? Қолынан не келеді сорлының?

Сексек жеңіменен көзін сүртіп, жылап отыр:

– Дегенің рас. Сен кеткен соң, мені тіріге санап қайтесің. Қалпым мынау, қауқарым қаны. Менен қайыр жоқ қой. Өзім тіпті Алуадан да бетер жетіммін ғой, – деп кеңкілдейді.

Сатайды бір уақыт өлім алдындағы сандырақ, қызу қыстайды. Дүниені тұман басып, мұнар жеңіп, лай-лайсаң, ұйытқыған әбігер басып кеткен еді. Ерегес: “Қайт-қайт, түс-түс!”, “Аттан, аттан!” дегендей тайталас сөзін үзік-үзік айтып қалады. Көз алдында қатты дауыл, ақ айғырдың басы, қарсы сойыл сілтеген қарасақал, еңгезердей жау. Сонымен ұстасып қалған қалпында бір сәтте, алдындағы жау қасқыр бейнесінде, ақсиып тістерін сақылдатып, беті-жүзіне шапшып келген қасқыр бейнесіне айналады. Біресе қасқыр пішінінен Доғалдың жүзі туады. Ол боқтап ұмтылып тұр. Шоқпарға таласып, Сатай екеуі ұстасып тұр. Осы түнде болған сурет сол айқасқан, егескен күйде, біресе қасқыр, біресе Доғал жүздері кезек ауысып барып, тұманға батады.

Бітті тыныс. Өлді адам. Кетті азамат. Талып жылап Алуа қалды. Ортасынан опырылғандай, өне бойы қақ бөлініп сынғандай, бүрісіп Жанат кемпір қалды.

Әкені қара жерге қойғалы алып кетісті. Жер төсекте, тағы сол шоқпыт құрым арасында жанталасып жатқан кемпір Жанат. Жанында жалғыз ғана Алуа. Ол сәл өсіп қалғандай, өңінде зар. Көзінде жас.

— Әже, әжетайым, жапа-жалғыз мені кімге тастап барасың, әжетайым...

Кезеріп ерні кемседеп, зорға сыбырлап, зарлы әже үн қатады:

— Қарашығым, балапаным-ай, мұндай да қатал дүние бола ма екен. Е-е, жасаған-ай, кімге қалдырдым сен бейбағымды, сорлы жетімегімді. Ешкім жоқ, тек бекем бол, сорлы балам. Неге болса да бекем бол, жасымай алысып қал не болса... жалынған бас қорғау емес, жағаласқан бас қорғау, сәулешім. Әкендей, Сатайымдай бол, не айтам...

Енді бір шақта бұрынғыдан жүдей түскен, көйлегі жыртылып, шашы үрпие түскен, тек сәл ғана жіңішке, тіп-тік, нәзік, сұлу бойы созыла түскен Алуа тағы бір жаңа қабірге Сексек берген күректі алып, топырақ салады. Көмілді бұл өлік те, ол кеткен әжесі.

— Сорлы әжем, сен де кеттің, — деді де, Алуа жалғыз ғана есіз далада сенделе қозғалып, жүрдай жетімдікке, панасыздық дүниесіне жүре береді.

Жалаң аяқ, жалаң бас, дудыраған шашы бар алты жасар Алуа уана алмай зарлап, жылап келеді. Жалғыз, жапан түз.

Артында, алыста иығы түскен, уайым жеңген Сексек те жалғыз келеді.

Жерошақта түтіндері будақтап, көп самауырлар қойылған, қазан-қазан ет асылған, үлкен ақ үйлер алдында, араларында керме жанында қарбалас. Келіп-кетіп жатқан қонақтар. Бай үйінде жас мырза Доғал көп қонақ жігіттерді, паң бәйбіше, кербез келіншектерді күтіп отыр. Даяшылар жүгіріп жүр. Осы үйдің жанында Алуа жылап келеді. Қайда жүргенін көрмегендей, қайда келгенін білмегендей сүріне-жығылардай жетім қыз. Үйдегі қонақтар қатты жылаған үнді естіп, күлкілерін, сауығын тыйып, үрпиісіп қалады.

Алуа есіктен қарап, үй ішінде, төрде көп жастықтарға жантайған, қымыз ішіп қызып, шалқыған қызықмасы сәнді топтарды көреді. Ортада, төрде гимназия мундирін киген, тікірейтіп шаш жіберген, паң, сері жас мырза Мардан биік төсек үстінде шалқып, еркелеп жатыр. Жанында сұлу келіншек, жеңге мұны құшақтай түсіп еркелетіп отыр. Мардан сұлу жеңгенің жүзіне папирос түтінін бұрқыратып жіберіп, анау бетін басып жалтарғанда, мәзденіп күледі. Жылаған Алуаға паңдана қараған жас жігіт Мардан “кетіндер” дегендей белгі етеді.

— Әжем, жалғыз әжем де өлді, — деп жылайды Алуа. Мұның қасына Мардан келіп зекіп, желкесінен нұқиды.

— Өлсе, құдайыңа жыла. Әжең түгіл, әжеңнен зор да өледі, — деп, қымызға мас күйінде, шайқақтап күледі де, — елдің мазасын алмай, аулақ бар! Бар! — деп зекіп айдап жібереді.

Алуа есіз қаңыраған шоқпыт лашық ішінде әжесінің тұл қалған жыртық құрым, жер төсегіне отырып, етпетінен түсіп жылайды. Маңына келген жан жоқ, жалғыз жылайды. Тек бір сәтке ғана Сексек келіп, үйге азырақ тезек әкеп төгіп, Алуаға қарап бас шайқап, қынжылып кеп, жас жетімді аймалайды. Маңдайынан сипайды.

## Екінші бөлім

### 1926 жыл

Алуа 14-15-ке келген. Үстінде жыртық көйлек. Иығы түтеленген ескі кемзал.

Доғал байдың үлкен, аппақ үйінде қатал бәйбіше Алуаға бұйрық етеді. Шидің қасында айналмалы бөшке тұр, сонда ашыған қаймақ, Алуаға соны айналдыруды бұйырады. Ауыр бөшкені әлсіз қолдарымен кезекпе-кезек, тынымсыз айналдырып деміккен, тер аққан Алуа әрекет еткелі көп заман. Осы үйге Доғал бастаған бір топ мырза қонақтар кіреді. Мұнда кербез киінген ұзын бойлы Сейіт, тығыз бұйра сақалды, бітік көзді Жәкеш, көсе келген, орақ тұмсық, сояу қара Байыр және шерміш жуан мырза Сартай бар.

Қонақтар кірген соң, бәйбіше Алуаға көзбен белгі етіп, шидің ішіне кіріп, май шайқауға бұйырады. Алуа ши ішінде тынымсыз әрекетін істеп отыр. Бір шақта мырзалар алдына қойылатын қымыз зор тегенеге құйылады. Бәйбішенің бұйрығымен Алуа қолына шіләпшін, құман алып, ши ішінен шығып, мырзалардың қолдарына жағалай су құяды. Бір түрегеп, бір еңкейіп, үй ішіндегі қонақтарды жағалап айналып қозғалған Алуаға Сартай мырза қызыға қарайды. Қызды көрсетіп Байырға сыбырлайды. Тұрпайы, қомағай жүзді мырзалар бұл қыздың бойына да, жүзіне де, арқасына төгілген ұзын, сұлу шашына да құмарта қызыққандай.

Сартай Доғалға бұрылып, жаңағы қыздың жөнін сұрайды.

— Доғал мырза, осы жаңағы қолға су құйған қыз кімнің қызы?

Өзгелер де Доғалға үңіледі. Доғал оларды түсінеді де, күледі.

— Өзіміздің баяғыда өлген бір жылқышымыздың қызы. Осы үйдегі қызметкеріміз. Қайтейін деп едіңдер? — деп, сақылдап күледі.

Сартай алғашқы құмарлық жүзімен Доғалға иіле түседі.

— Доғал мырза, көңіл шіркін ауып отыр, сезіп отыр ғой ішің. Шіркінді тәуір киіндіріп, ауыр жұмыстан тыйып, ақ отауға алып, балапандай бауырға басса, — деп, кеңкілдеп күлгенде, үйдегінің бәрі де масайып, мәз болысады. — Аты кім өзінің, аты кім? — деп Сартай сұрайды. “Алуа” дегенде, Сартай іле жөнеліп: — Алуа, Алуаш, — деп, — алақанға салып аялап қана қызықтар ма еді оңаша.

Осы кезде Алуа өз атын атағанды естіп, жаңағы жайсыз

сөздерге түршігіп, шошына тыңдайды. Ендігі сөздерді ол ауыр жұмысын істей отырып, ылғи үрку, жиренумен тыңдап отыр.

Кербез, кекір Сейіт сұлу мұртын сылай отырып, байлау айтады:

– Олай болса, ынтығып өзек жарғандай не бар? Доғал мырзаның қолындағы қыз, дегенінен қалатын несі бар. Шын қызыққан біреуің тоқал етіп ал да қой.

Сартай ентелеп:

– Алар-ақ ем, беремісің, Доғал? – дейді.

Бағанадан Доғал өзі де ойлана күлімсіреп отырған.

– Жоқ. Өзім аламын тоқалдыққа. Түлкінің күшігіндей өсіріп кеп, енді қызыл шулан жетілген шақта, қызығын саған беретінім нем? – деп, кеңкілдеп күледі.

Алуа шошып бір тұрып, бір отырады. Бірақ кете алмай, амалсыздан жұмысын істейді.

Қартаң қонақтың бірі бурыл сақал, жасы үлкен адам жігіттерге мысқыл ете қарап, сөз тастайды:

– Өй, сендер қыз саудалап жатырсындар, бірің қызығып, бірің алып байлап жатқанда, бұл совет үкіметі қайда болады?

Алуа бұл сөзге елең етіп, соңғы үмітіндей аңыра, құлақ салады.

Отырған мырзалар “бәсе, бәсе” деп, “елдегі сот, седватльді қайтесің?” деседі.

Сартай Доғалды мысқыл ете бастайды.

– Ә, бәлем, байеке, енді қалай? Маған бұйыртпайын деп едің, өзіңе де тимейтін болды ма, бәлем.

Алуа әлде де шошына тыңдап отыр. Осы кезде үйге оқыған жігіт Жаппар кіреді. Сәлем беріп, үй ішімен амандаса кеп, қатарға отырады. Доғал қымыз ұсынады. Сейіт әзіл етіп, жаңағы сөзді тағы қозғайды.

– Міне, совет өкіметінің кісісі келді. Мына Жаппардан сұрандаршы, екі қатын үстіне қыз алғыза ма, жоқ па енді совет өкіметі?

Жаппар жәй, баяу ғана жауап береді:

– Естіп жатырсындар ғой, көп әйел алдырмайтыны, қалыңмалға сатқызбайтыны, сүймегенге бергізбейтіні, әйел ырзалығынсыз ешкім қатын алмасын дегені – бәрі де анық сөз. Білмегенсіп қайтесіздер? – деп күле түседі.

Доғал сылқылдап Жаппардың сөзін мазақ еткендей күліп алды.

– Әлі де алғысы келген алар да, тигісі келген тиер де. Ей, қайда өлгі, шақырыңдаршы Сексекті.

Ендігі жайдан қатты шошынған Алуа атып тұрады. Шидің ішінен бұл шыға келгенде, мырзалар бұның мұнда екенін білмеген қалпында аңырып қараса, Алуа Жаппарға сәл көз тоқтатады. Жаппар да елең етіп, Алуаның сұлу жүзіне қадала қарап, таңданып қалады. Іркіліп қалған қыз ақырын салмақпен сұлу қозғалып барып, үйден шығып кетеді.

– Шақыршы Сексекті? – деп Доғал тағы айғайлайды.

– Шіркін балапан, ақ түйғынның балапаны. Алуадай асылдан, – деп, бағанағы құмартқан Сартай аңсап, аһ ұрады.

Жаппар қымыз ішіп болып, шығып кетеді. Енді біразда осы жиын алдына жыртық киімді, жүдеу жүзді, ерні кезерген кішкентай бойлы Сексек келеді. Оны көргенде Доғал:

– Отыр, – деп бұйрық етеді.

Доғал мастау және тұрпайы батылдықпен сөз тастайды.

– Жә, Сексек, сенімен келелі сөзім бар. Келіс сөз. Қысқасы, мына сенің қарындасың – Алуа бүгін бойжеткен қыз болды. Өсірген өзім. Енді өзім сол қарындасыңды алайын деп отырмын. Қойшы, сөздің қысқасы, маған ырзалығың керек. Мына ағайынның төрт көзі түгел отырғанда, ырза-қошыңды айт, дәл осы орныңнан тұрғанда қайнағам, Доғалдың қайнағасы боп тұрасың, – деп, бір жағын шын, бір жағын бұлтақ етіп мастана сөйлеп отыр.

Үйдегі бар мырза кеңкілдеп, дабырлап күліп, Сексекті көрінеу тәлкек қып жатыр.

– Уа, құда Сексек, қошемет сенікі.

– Құдалық қайырлы болсын, Сексек, сарсүйегім.

– Қайран, Сексектей қайнағасы болғанның арманы бар ма?

– Сексекке қолы жеткен бұл заманда ең жақсы кісі болады.

– Ал, лебіңді тыңдалық, қайнаға Сексек? – десіп ыржаң, қылжаң қаққан мырзаларға Сексек кезек көз салып, үндемей отырады. Ақырында, түрегеле береді де, бір тізелеп отырып, Доғалға қарап үн қатады.

– Мырза, мен бұл сөзге жоқпын. – Содан ары үндемей тұрып алады. Доғал зілдене қарайды:

- Не дейсің?
- Жоқпын сол, жоқпын.
- О не дегенің?
- Екі қатын үстіне тоқалға мені алмайсың. Алуаны аласың. Ендеше, ырзалығын өзінен ал.
- Әуелі сенің ырзалығыңды сұрап отырмыз. Сен ырза болсаң, қыз ешқайда кетпейді.
- Сексек шошиды.
- О, құдай көрсетпесін, қой. Қойыңыз, мырза. Жоға, жоға, мазағыңызды қойыңыз, құдай көрсетпесін, мен жоқпын, – деп, кете бергісі келеді.
- Не дейсің, әй, сен ит. Тұр, тоқта! – деп Доғал ақырады. Үйде отырған мырзалар қоса өрекіп шошытпақ болады.
- Ұста ананы! – деп Доғал бұйрық етеді.
- Сексек қашып кетеді.

\* \* \*

Алуа әжесі өлген күндегі қалпынша, қара лашықта өзгеше қиналып, өксіп жылайды. Ақ үйлерден бір топ кемпір, бәйбішелер келе жатады. Лашық жанына жетіп, еріндерін шығарып, асқақ жиреніш көрсетеді. Семізше суық жүзді қара бәйбіше батыл басып, лашыққа кіреді. Дабырлап сөйлесіп, өзгелер де кіреді. Ауыздарында алдау, аярлық сөздері. Алуаға киім ұсынады. Жылап жатқан орнынан жұлқынып тұрған Алуаның жүзінде қатты ашу, қарсылық бар. Қатындар дабырлап, зекіп сөйлеп, бір жағынан бұйырып, бір жағынан ақыл айтқан болады.

- Ерге тимейтін қыз болмайды.
- Ырысыңа қуансаңшы.
- Қай сорлыға мұндай бақ қонып еді?
- Кімнің жұптысы болатыныңды ойласаңшы.
- Доғалға қолы жеткеннің арманы бар ма еді?
- Екі әйелдің үсті түгіл, жеті әйелдің үстіне де Доғал десе қай ханның, қай төренің қызы бармас еді.

Жылап жұлқынған Алуа безер боп қарсылық білдіреді.

- Керегі жоқ... Ырысы құрысын. Тимеймін. Ырза емеспін... Ырза емеспін дедім мен.

Әйелдер мұны бас салып, үстіндегі киімдерін жыртып,

жұлмалап алысып, жабыла басып отырып, жаңа киімдер кигізеді. Қалыңдық киімі.

– Апарамыз, кешке Доғалдың кіші отауына апарамыз.

Жыртық киімдерінің бәрін жұлмалап, бүктеп алып кетіседі. Аппақ, кішкене отауда жасаулы төсек, шымылдық. Оңаша көркем жай. Сонда орта жасқа келген, семірген, жылтыр қара сақал-мұрты молдаларша күзелген бай Доғал кердең басып жүр. Жаңағы Алуаны зорлаған семіз қара қатын жанына жылмиып кеп, құттықтау айтады.

– Құсың құтты болсын, қарағым. “Ерді кебенек ішінде танымын!” дегендей, көзің көріктіні жыртық шоқпыт ішінен де таныпты. Сондай сұлу екен. Өзің жіберткен жақсы киімді кигенде хор қызындай боп кетті.

Доғалдан сый алады. Ауыл әбігерде, қонақтар келіп жатыр. Еркек, әйел, кәрі-жас, мырзалар, бәйбішелер – бәрі де Доғалға қайырлы болсын айта келгендер. “Доғал үйленеді. Тағы тоқал алады. Жас тоқал, сұлу тоқал” деген біржаң, жылмаң суық сөздер.

Жылап, аласұрған Алуаға жүдеу жүзді, шаршаған Сексек келеді. Алуаға қарап, бір қызығып, бір жабығады. Жаңа, жақсы киім соншалық жарасқан Алуа өзгеше нұрланып кеткен. Бірақ қыз көзіндегі жасты көріп, Сексек бас изеп, мұңаяды. “Түйеден келдім, тағы да түйеден келдім” деп, бірдеңені міңгірлей береді.

Алуа бұған ұмтылып, ашулы жүзбен бекіне сөйлейді.

– Тимеймін Доғалға, жауызға, итке. Әкемнің түбіне жеткен жалмауыз, қорқау қасқыр болатын. Ұмытқам жоқ, сатылғам жоқ! – деп зарлап, мелшиіе қарап тұрып қалады. Сексекке батыл басып келіп, өз байлауын айтады.

– Өлтірсе де тимеймін. Оған тигенше өлемін. Мынау әжем сорлыдан қалған ескі құрым шаңыраққа, мынау желбауға оралып, асылып өлемін, – деп, ала жіп желбауды жұлып алып, мойнына орай береді. Сексек жүгіріп келіп, жылап боздап жүріп, арпалысқан бойында қыздың мойнынан жіпті босата алмаған соң, пышағымен қиып жібереді. Жығылып жатқан Алуаны аймалап сөйлеп жатады.

– Мені ғана тыңдашы, соны айтқалы келдім. Бүгін мен бір жақсылық әкелдім бе деп тұрмын саған. Өзім емес, өзімді қойшы, қураған жапырақтай мен байғұстың қолынан не келуші еді. Бүгін далада, түйеде сені аяп, өзім жылап



жүріп, бір жанға кездестім. Сондай бір жігіт. Өзі қандай жігіт десеңші, – деп, айтып тұрған жайын ұмытып кетеді. – Жігіттің төресі-ау, бүлдіршіндей, үріп ауызға салғандай...

Алуа ашумен жалт бұрылады.

– Жігіті құрысын, жігітті сұрадым ба, жөнін айтсаңшы.

Сексек қарбаласып жөнге келе бере:

– Е-е, соны айтам, тыңдашы. Саған құтылатын жол бар көрінеді...

Алуа басын жұлып алып, мұның екі иығынан ұстай алып, “тез айтшы” дегендей сілке түсіп, асықтырады.

Түйе соңында жалғыз жүріп, сыбызғыда мұнды шер төгілткен Сексектің күйін жақында жүрген қойшы естиді. Екі-үш қойшы-малшылар, өгізге мінген, желқом жапқан жаман тайға мінген малшы да бар. Бұлар: Назарбек, Бейсен, Оспан дейтін Доғалдың қойшы-малшылары.

Үшеуі бастары қосылып, сыбызғы үнін тыңдап, Сексек жаққа қарасады.

– Далада сыбызғысы зарлайды, үйге қайтса, қарындасы зарлайды, есі кеткен Сексек пақырды көрдіңдер ме? – дейді жастау қойшы Бейсен.

Бұлардың арасында жасы үлкен Назарбек отыздың ішіне кірген. Шоқша сақалды Назарбек Сексекке қол бұлғап шақырады. Өздері де солай бұрылады. Түйеге, өгізге, жаман тайға мінген жалшылар далада мұнды жүздермен кездесіп, сөз қатысады.

Оспан сөйлеп тұр:

– Сабап-сабап сені көндіреді. Жылатып-жылатып Алуаны бағындырады. Осымен жалғыздың үні, жаяудың шаңы шықпай кеткені ме?

Сексек түйенің үстінде еңкілдеп жылап жібереді.

– Қайдан білейін, қайдан білейін. Қандай ақылдарың бар, тым құрыса соны айтсаңдаршы.

Бейсен сөйлейді:

– Ой, кеше Сатайды бәріміздің де көзіміз көре қалған еді ғой. Содан қалған қаршадай жетімек еді ғой. Алуаның ырза емесі рас болса, оның құтылатын бір-ақ жолы бар, соны өзіне айту керек қой.

Назарбек:

– Қандай жол, нені айтасың?

– Совет өкіметіне қашсын.

– Барса, совет өкіметінің құтқаратыны анық па? – дейді Оспан.

Бейсен өгізін тебініп, омыраулап сендіре сөйлейді:

– Құтқарады совет өкіметі. Кедейдің өкіметі, жылағанның өкіметі, – дейді. – Осындай жетімді қорғамай, енді кімді қорғайды?

Назарбек күдік айтады.

– Әй, кім білсін. Онда да Доғалдың аты озатын болмаса. Заң-зәкүнді де бұл біледі, айла-амалды да ол тауысады. Мұның құрығынан құтылу оңай емес қой. Босқа әуре боласың ғой, Сексек.

Бейсен құлшына сөйлейді.

– О, қойшы, етектен тарта бермей “шөк-шөк” деп. Осындайдың қырсығынан ғой, үкіметке барып айтар арызды да айтпай жүрміз. Міне, құлағыңды ұрайын жаудың малын, – деп, өгізді құлағынан салып қалып. – Алты ай қыс, алты ай жаз бақсақ та, алты жылдан бері ақы-пұл алмай сорлап жүрміз. Сөзін жеткізген, арызын айтқан батыл кедейдің бәрі де талай Доғалдай байлардан есесін алып жатыр дейді.

Оспан мұны қостайды:

– Біз болсақ, құр естиміз де жүре береміз. Айт, Сексек, осы тілі жететін біреу арқылы арызыңды айт. Қыздың зарлаған арызын жеткіз.

– Осыны істемесең, еркек болмайсың, – деп Бейсен де қостайды. Назарбек басын шайқап, астындағы тайын бұра береді.

– Арандатысың, Сексек сорлыны жарға жығасындар ғой, Доғалдан құдай құтқармаса, бенде құтқармайды ғой, – деп кете береді.

Қалған екі малшы Сексекпен еріп келе жатады. Сексек түйенің үстінде мұңайып, шөке түсіп жатып, тағы да зарлы сыбызғысын сарнатады. Осы кезде қойшылар бел асып келе жатқан жалғыз жігітті көреді. Ол – Жаппар. Бейсен мен Оспан Сексекке Жаппарды нұсқап, ақыл айтысады.

– Сексек, сен былай қара. Анау келе жатқан жігітті аңдап алшы, – дейді. Оспан да құптай ала жөнеледі.

– Осы жігіт аулы осы жақта болған соң келіп қайтқан ғой. Советтің бір кеңсесінде істейді дейді өзін. Аты Жаппар. Біз қазір былай тайқып кетейік, сен сонымен оңаша

сөйлесіп, қарындасыңның жайын айтшы, сол бір ақыл береді. Ақылдасасың ба?

Сексек мақұл деп бас шұлғиды. Екі қойшы өз қойларына қарай кетіп қалады. Сексек сыбызғыдағы мұнды күйін тағы да шерлендіре сызылтады. Ызындаған мұнды сарын есіз далада, алысқа естіліп тұр. Жел қаққан үзінді ызың, далада жортып келе жатқан жарау атты жас жігітке естіледі.

Сексектің қасына осы жігіт кеп жөн сұрайды:

– Бұл ненің күйі?

Сексек:

– Алуаның күйі, – дейді. – Қарындасым Алуаның сыңсуы, – дейді. Тартады да, жылайды.

Жігіт Доғал атын естігенде сескенеді.

– Ойбай, Доғал болса, мықты екен. Бәле ғой... Құтылу қиын, – деп тұрады да, – тоқташы, – деп ойланып, бір уақыт айлалы, ойнақы жүз көрсетеді. – Сен “мен айтты” деп жан баласына білдірме, әсіресе Доғалдың құлағына тиетін болмасын. Сенің қарындасың құтылатын жол бар. Анау қара биіктің астында, Суықбұлақ деген кең қоныс, мол жайлау бар. Сол жерде советтің соты бар. Волисполком бар, Союзқошсы бар. Сонда қызыл отау деген бар. Өзің кеңес өкіметін естіп пе ең?

Сексек аузын ашып, көзі жыпылық қағып, басын изейді:

– Естіп ем.

– Е, сол кедейдің досы, жылаған қыз-келіншекке еркіндік, теңдік әпереді дегенді естіп пе ең?

– Е, естіп ем...

– Ендеше, білдің бе. Бүгінгідей қарындасыңды алып қаш та, сонда кел.

\* \* \*

Сол күні кешке бай аулының шетінде, шөккен түйенің жанында күбірлеп сөйлесіп, баспалап бұғып жүрген екі кісі көрінеді.

– Осы атанша бар түйеден жүйрік. Мен бәрінің жүрісі мен желісін сынағам ғой. Кел, мін, – деп, Сексек қорқып жүрген Алуаны өзі сүйемелдеп түйеге мінгізеді. Артына өзі мінгеседі. Сөйтіп, екеуі ұйықтап қалған ауылдан сытылып

шыға береді. Ит үрсе, Сексек Алуаны иығынан басып, “бұқ, бұқ” дейді. Өзі түйенің екі өркешінің арасында жантая жабысып алған. Қорқақ көздері бақырандап, арттағы ауылға қарай жалтақтай береді. Алуаға “бұқ, бұқ, бұқсаңшы, ойбай, өзің еңгезердей екенсің ғой” деп, оны да түйенің екінші жағына жантайтады. Алуа мұның сақтығына күдіктеніп:

– Біз бұққанмен не түседі? Таудай атанды көрмейді ғой деп пе ең?

– Ойбай, білмейсің, үстінде біз көрінбесек болады, жәй өріп бара жатқан түйе деп ойлайды.

Аз уақытта екеуі ауылдан ұзап аулаққа шықты. Сары атанды желдірте тебініп, Сексек құтылғанға қуанып келеді.

– Атпен қашқаннан да осы жақсы.

– Бірақ атпен қуса, ұстап алады, ұзай алмаймыз ғой.

– Үндеме, жылқы түгел болған соң, түйемен қашты деп ойламайды. Жаяу қашып, жар астына тығылып жүр деп алысқа шығып іздемейді. Осының өзі Сексектің мықтап тапқан ақылы болды-ау, ә? – деп қуанып қояды. – Таң атқанша Қаратауға ілінсек болады.

Түнгі Дулат аулында қарбалас әбігер. Кешегі қатындар ұйқы-түйқы жүгіріседі. Есіз бос қалған Алуаның лашығына қайта-қайта жүгірісіп келген, қарбаласқан ер мен әйелдердің жүгірісі көрінеді. Тұлан тұтқан айналаға қасқырша қарап, аласұрған бай Доғал жұлынып отауға кіреді. Шымылдықты жұлқып үзеді. Төсектің жастық, көрпелерін, құс төсегін лақтырады. Қолына қамшы алады. Үлкен үйіне ұмтылады. “Сен қашырдың, қайда жібердің?” деп бәйбішесіне ақырады.

Семіз, кердең бәйбіше оң жауап бермейді. Ашумен теріс айналады. Доғал оны сабайды. Бұдан шығып, екінші әйеліне, суық түсті, ат жақты, биік бойлы, қабағы жабық тоқалға, ақырады. “Қайда жібердің? Сен жоғалттың, сендер болмасаң, оған қашудың жолын айтқан кім?” – деп ақырып, жауап тілейді.

Тоқал сайқал жүзбен мысқылдай қарап, сылқ-сылқ күледі. Мұның да басына, мойнына Доғалдың қамшысы жауады. Отауға ұмтылады. Бәйбіше мен тоқал өз үйлерінің есіктерін жамыла қарап тұрып, Доғалды мазақ етіп табалай күледі.

Доғал далада малшы, көрші, даяршы жігіттерін ақырып жияды, жан-жаққа жүгіртеді. Ауыл түн бойы әбігерде. Доғалға бір шақ ес кіреді.

– Ат, аттар тұр ма?

Жүгірісе қарасады.

– Тұр... Аттың бәрі кермеде...

– Қойшы аты қайда? Соған мініп қашпасын.

– Жаяу қашқан ба?

– Қойшының көк шолағы да орнында.

– Аттар түгел...

– Жаяу...

– Е, е, ендеше, осы маңда, ұзамаған болар...

Доғал:

– Жә, ендеше, жар астында тығылып жүрген шығар. Издендер. Таң ата сүйреп әкеліндер. Менен қашпақ па? Менен құтылмақ емес... Әкел шапшаң... сүйреп әкеліндер, жөнел, түгі.

Бар малшы, көршілерді жан-жаққа жаяу жүгіртеді. Өзі ызалы жыртқыштай жұлқынады.

Ертеңінде бай ауылдың, ақ үйлердің арасына, ауыл сыртына өңшең жарау ерттеулі аттар байланған. Ақсақалды, бурыл сақалды нелер шіренген байлар, атқамінер жуандар, қажылар және бөріктеріне сәлде ораған молдалар жиналған. Бай Доғалдың айналасына әйел азаттығының жаулары, ел ішінің жуан мойындары қоршау боп, топталып ап, неше алуан ашу, ыза, қарсылық, долылық сөздер сөйлейді. Мұнда “Заман азған, халық бұзылған. Оны аздырған, пәле салған” деген сияқты сан алуан қарсылық дүлей сөздер сөйленеді.

– Аздырды, қатынымды тартып алды, астыртын бұзып, шақыртып алды.

– Мұны істеп отырған сот, тергеуші, Волисполком.

– Елдегі үкімет басшылары.

– Бүлікті өзі бастады.

– Халықты бұзған біз емес. Кінә өздерінде, – дескен бұзарлық ерегес, сотқар сөздер асқынды. Саба-саба қымыздар тегене-тегене боп ақтарыла құйылып жатыр. Көп сотқар, шонжарларды қатты қыздыра желіктіреді. Ауыл үстінде айғай-сүрен салып, арлы-берлі жосыған аттылар шабады. Доғалды ортаға алып, кермедегі, байлаудағы жарау сәйгүліктерге секіре-секіре мініседі. Өңшең жақсы киінген,

семіз, сұлу ат мінген әшекейлі, әсем ер-тұрман тағынған жылтыр жүз, жуан кеуде, қалың құрсақ бай-құлақ атаулы қаптаған сел боп жөңкіле жөнеледі.

\* \* \*

Сексек пен Алуа совет кеңселері тұрған ауылға жеткен. Екеуі көп үйлерді жағалай тергеуші кеңсесіне келеді. Осы тергеушінің алдында хатшы болып істейтін жылпос, жылмаң сұлуша жігіт бар. Ол кеше Сексекке далада кездескен жігіт, аты – Жаппар.

Сексек оны көргенде, ежелгі жақын көзтанысын көргендей жылы ұшырай ұмтылады. Сексек Жаппарды тани сала, Алуаны сыртқа қайта тартып шығарып, сыбырлап Жаппарды мақтап жатыр.

– Әні, әні... Тап өзі... Кешегі айтқан жігітімнің тап өзі әні. Қандай жігіт, жігіт десең де болады, қыз десең де болады, әмбе жігіт, әмбе қыз, бүлдіршіндей... Үріп ауызға салғандай.

Бірақ жігіт мұны аңғарып, тез түсін өзгертіп, салқындап, пандана қалады.

Тергеуші Сексектен қыздың жайын біледі. Алуаға жұмсақ сөйлейді:

– Атыңыз кім?

– Алуа.

– Басыңызға бостандық алмақсыз ба?

Алуа ұяла отырып, өте ақырын дауыспен қорғана жауап қатады:

– Ия, аға, бірақ соны айтам да қорқам, – тоқтап қалып, жылап жібереді. Тергеуші Сапар мұның қасына жақындап кеп, жаны ашыған күйде барынша жылы ұшырап сөйлейді:

– Неден қорқасың, кімнен қорқасың? Жөніңді айтшы, сені айттырған кісі бар ма еді?

– Жоқ. Бірақ айттырмай-ақ алмақшы болды ғой.

– Ол кім? Аты кім?

– Ол – Доғал. Мен үйінде алты жасымнан күң болып қызмет еткем. Әкем соның жылқысының соңында оққа ұшып өлген. Енді мені зорламақ болды. Екі қатын үстіне зорлықпен алмақ болды. Содан қаштым. Совет өкіметіне қаштым. Бірақ қашсам да, қорқам. Қуып келіп, мені

қайтарып ала ма деп қорқам. Айтыңызшы, ағажан, совет өкіметі сіз бе?

Сапар жылы ұшырап күледі:

– Бар совет өкіметі мен емес. Бірақ совет өкіметінің бір адамы менмін. Және сол совет өкіметінің тапсыруы бойынша, мен сенің басыңды қорғаймын.

Алуа жасты көздері жалт етіп, үлкен үмітпен қарап:

– Шын ба, рас па, ағатайым, совет өкіметім, әкем, – деп, тағы бір жылап, бір күледі.

Сапар мұның қасына отырып, шашынан сипап, көңілін орнықтыра сөйлейді:

– Біз сені қорғаймыз, зорлық пен қорлыққа енді бермейміз. Бірақ алдын ала келісіп алайық. Осы айтатын сөзімді жадында түт. Доғал бай сенен айрылмауға тырысады. Сені іздеп те келуі мүмкін. Не алдап, не қорқытып сені өзіне қайтып әкетуге тырысатын болады. Сенімен көзбе-көз сөйлеседі. Біз сенен “Доғалға баруға риза емессің бе?” деп сұраймыз. Сен сонда қорғанбай, тайсалмай, өзіңнің жаңағы маған айтқан тілегіңді, жауабыңды айт. Совет өкіметі сені қорғайды, бірақ сенің “өзің де өз басыңды қорғай біл!” деп ақыл айтады. Осыны түсіндің бе?

Алуа көзінің жасы құрғаған, өңіне сәл ажарлы рең біткен қалпында, ақырын ғана “ұқтым” деп бас изейді.

Мұның артында тұрған Сексек те бірге шұлғып, Сапарға қайта-қайта сүйсініп, алғысты жүзбен қарап:

– Ұқтық, совет өкіметі аға, – деп қалбақтайды.

– Ендеше, қызыл отауға барындар. Сонда сендерге арыз жазып берсін. Сол арызды алып осында келіндер.

Сексек қызыл отау дегенді түсінбейді.

– Мұнда қызыл үй жоқ тәрізді. Бәрі де ақ үй ғой, солай емес пе, Алуа.

Сапар күліп жіберді.

– Жүріңіз, мен көрсетейін.

Тергеуші өзі бармақ болады. Бастығының осындай ықыласын көрген Жаппар өзі де тап береді.

– Онда мен... мен апарайын да...

– Жарайды, апарсын, Жаппар ертіп барсын... – деп, тергеуші қалып қояды. Өзгелер тысқа шығады.

Тыста жұмыссыз отырған бір топ адам Сексек пен Алуаға қарап, өзінше болжау айтып отыр. Бір дауыс:

– Мынау да басына бостандық іздеп келген қыз ғой, байғұс, тергеушіден шыққанын көрмейсің бе?

Алуа қысылып қалады. Артында келе жатқан Сексек бас изеп, жымия күледі. Екінші дауыс:

– Қыз жақсы екен, тек жігіті жарымапты.

– “Жалтырдан қашып жалаққа” дегендей, мына жігіті не жарытады дейсің, – дейді. Сексек оған да ыржаңдап күледі.

Жаппар қашқындарды ертіп қызыл отауға келеді. Мұнда ең жасаулы үй көрінеді. Ортада биік стол, оның үсті толған журнал, газеттер, айнала суреттер, көсемдер портреттері, ұрандар.

Қызыл отаудың басшысы – орыстың сұңғақ бойлы, алтындай сары шашты, үлкен көк көзді сұлу қызы. Ол – студентка Нина Ивановна Ершова. Мұның қасында бірнеше қазақ қыздары бар. Ол қыздардың біреуі, Сәруәр аттысы, аз оқыған, Нинаға көмекші, мұғалима тәрізді. Қалған екі қыз аса жас, Алуадан да кіші.

Жаппар Алуаның жайын Ниналарға үстірт айтады.

– Үш әйелдің бірі етіп алмақ болған байдан қашқан. Нина, сіздің тәрбиенізге тергеуші жіберді. Арызын жазыңыз. Бірақ мұның байы аса задор, осы елдегі ең жуан құлақ, феодал, боржой, контра. Ал бәрін айттым, Нина, мұны қуып келсе, үлкен шатақ болар. Сонда мықты қорған болсын деп осы қызыл отаудағы қыздардың қолына жіберді, – деп, бір жағынан кекете күлгендей болады. Екінші жағынан, Алуаға енді көз алмай қарап, құмарта қызығып қалғандай. Ере келген жұрт ентелеп, “кімнің қызы екен, қашқан байы кім екен?” деп дабырлап жүр.

Нина Жаппардың кескінін түсінді де, оны салқын, сызды қабақпен жасқанта тайдырып, Алуаның алдына өзі шықты. Шала қазақша тілмен:

– Жігіт болған қыз... Қашқан? Джаксы... үш қатын, көрі бай?.. Тьфу, масқара... Осында бостандық... Қорықпа.

Алуа Нинаға тандана, дос көре сөйлейді.

– Мен сонда да қорқам. Доғал бай мықты, оның кісісі көп. Ол ашуланса жаман.

Сексек те осы кезде өбектеп, Алуаны қостай сөйлейді:

– Ол сабайды. Аямайды. Ол кімге де болса зорлық етеді.

Нина бұларды қасына отырғызып, Алуаны тыныштандыра сөйлейді:



– Олай емес, бай Доғал жеке-жеке сендердей кедейлерге зорлық еткен. Совет өкіметіне ол зорлық ете алмайды. Ал сендерге тигізбейді. Сендерге неге тидің деп жазалайды.

Сексек ентелей түседі:

– Сөйтіп, енді Доғал бай бізге ие емес пе? Біз одан кетуге еріктіміз бе?

Нина күліп, үлкен сеніммен сөйлейді:

– Енді Доғал сендерге хозяин емес, қайта аз уақытта, тез-тез уақытта, сен және сен (Алуаны және Сексекті көрсетеді) өздеріңнің сол ауылдағы бар нәрселерге: жерге, малға, үйге, қыстауға – бәріне ие боласыңдар.

Алуа қуана күліп, Нинаға жабыса сүйсініп, алғыс айтады.

– Біз бе? Малға, үйге ие боламыз ба?

Нина күліп, бас изеп:

– Одан да үлкенге ие боласыңдар.

– О, немене? – дейді Сексек. – Үлкен болғанда немене?

Нина Лениннің портретін көрсетеді:

– Мынау кісіні білесіңдер ме? Ол – Ленин. Сол кісі айтқан: “әрбір ас пісіретін әйел госуларствоны билеп үйренсін” деген.

– Нені? – дейді, – Неменені? – десіп Сексек пен Алуа қарасады да, түсінбейді. Сәруәр Нинамен күле қарасып, бұларға сөз қатады:

– Мемлекетті билеп үйренсін, – деп қосады.

– Немене? – деп, Сексек оны да түсінбейді.

Нина өзі ұғындырып, енді ойына түскен бір жайға сүйсініп күледі де:

– Совет өкіметін бастап, билеп үйренсін, – дейді Ленин, ұқтың ба? – дейді Алуаға.

Алуа күліп, бас изейді. Алғысқа толы жүзбен Алуа мен Сексек екеуі Ленин портретінің қасына барады.

– Аты жақсы жарықтығым, айналдым әруағыңнан, – деп, Сексек телміре қарап тұр.

Енді Алуаны Нина құшақтай жетектеп, столға қарай бұрады. Мұнда келгенің тіпті жақсы деп танытқандай болады Нина. Алуаны қолынан ұстап, иығынан аймалап қағып, достық, жылы шырай көрсетіп, күле қарайды. Оны

аймалаған қалпында столға алып келіп, орындыққа отырғызып, Сәруәрға жазуға бұйырады. Сәруәр да сыпайы, жақсы қарап, Алуаның аты-жөнін жазып алады.

Сексек те келіп, стол үстіндегі қағазға, қазақ қызы жазған жазуға екі көзі ежірейіп, ентелеп, қызыға қарап тұр. Алуаның арызын жазып болған Сәруәр Сексекті де қатар отырғызып, жазуға бейімделеді. Оны “жезде” деп орындыққа отырғызады.

– Атыңыз кім, жезде?

– Атым Сексек.

Сәруәр күліп жібереді. Өзге қыздар да күледі. Сыртта тұрған еріккендер де күледі.

– Шыным, шын атым Сексек.

Сәруәр:

– Сондай ат бола ма екен?..

Сексек:

– Ат болмайды, бірақ маған қойғанын көрмейсің бе, жұрттың.

Сәруәр:

– Жұрттың қойғаны қалай, әкеңіз қойған ат қайда?

Сексек:

– Ой, тәйір-әй, әкем қойған ат та жарып жатқан жоқ. “Жұмыр” қойыпты. “Жұмыр” дейтін мен бір пеш пе, қарбызбын ба? Әншейін ауызға салғанды қоя салған да... Қайта Сексек дегеннің мәні бар. Жұрттың ол атты қоятын жөні бар.

Айнала жұрт мұның сөзіне күліп, Сәруәр да қысыла жымылып, амалсыз тыңдайды. Сексек соғып отыр.

– Сексек атанғаным, мен көп уақыт Дулат байдың аулында ешкі баққам. Содан қазақ ешкінің атасын “Сексек ата” деп еді ғой. Мені “ата” деуге қимай, “Сексек” деп жарты атын қойған ғой.

Жұрт күліседі. Сәруәр бұдан және бір жөн сұрап:

– Ал Алуаны алуға сіз ырзасыз ғой? – дегенде, Алуа екеуі де күледі. Бұл таңдана сөйлеп:

– Жоға... тәңірі... Алуаны алып мен неғылам... Қарындасым емес пе, – дейді.

Жұрт таңырқап, ырза болыса күледі. Сәруәр ендігі жайды түсіне алмай:

– Ендеше, бұ қалай?..

Сексек:

– Не қалайы болсын, қарындасым қашам деді, мен тоқтата алмадым. Ал мұны қашырып жіберіп, Доғалдай қасқыр қасында қалуға дәтім шыдамады, сабайды ғой деп қорықтым. Сонымен, бірге қаштым...

Тыңдаушы жұрт енді бұған қызыға қарап күліседі. Сексек тағы да жайларын баяндап отыр:

– Қатын-бала мүлде жоқ. Алуаның да менен басқа аталас ағайын, мүлде жақыны жоқ. Осы қашқан соң, мен де қаштым.

Нина бұның сөздеріне таңдана ойланып тұрып, жөн сұрайды.

– Сіз қашпай-ақ кетсеңіз қайтуші еді?

Сексек:

– Жоқ, бостандық Алуаға керек болса, маған да керек. Қашпасам, Доғалдан құтыла алмаймын. Қішкентайымнан босағасында өкем. “Құлақкесті құлым” деп біледі. Талай қашқанымда, бала шағымда сабап-сабап, не қойына, не түйесіне салатын.

Совет кеңселеріне байлар даурығып келген. Ожарланып, айбат шегіп сөйлеседі:

– Қыз осында.

– Шығарып берсін... Лаң қылмасын.

– Қайтарсын қатынымызды.

– Барындар, іздендер.

Ат үстінен осылай дескен үндер естіліп тұр.

Сексек шошып кетті.

– Қуғын келді... Доғалдың өзі де бар, қасында бір қол кісі, – деген сөз естіледі.

Алуа жылап жібереді. Сексек үй ішінде шырқ айналып, тығылатын жер іздеп жүр.

Бір сәтте төңкерулі жатқан қазанды көреді. Бір-ақ уыс боп, бүрісіп кетіп, Сексек сол қазанның астына тығылады. Анда-санда қазан астынан екі көзі бақыраңдап, кішкентай сақалы шошаңдайды.

Кеуектегі қояндай қымыңдап, тыныштық ала алмай жатыр.

Екіленіп келген жуандар кеңселердің әр үйіне кіреді. Бес-алты жуан байлар Волисполком кеңсесіне келеді. Бұл

кеңседе отырған жас жігіт салқын қабақты, батыл жүзін келгендерге тастап:

– Немене, бәріңнің қатының бір-ақ кетті ме?

– Бізге қашқын қыз – Алуа керек.

– Қайда сол қыз?

Бұларға Волисполком бастығы жирене қарайды. Жауап бермей, кінәлай сөйлейді:

– Бұл жерден қызды тартып әкететін күш жоқ.

Байлар даурығады.

– Беталды қыз емес, қалыңдық.

– Инабатты адамның қалыңдығы.

– Қызды қайнынан, қатынды байынан айыртып отыра алмаймыз.

– Басқарсаң, әділетіңмен басқар.

Волисполком бастығы ажарланып, жаңағы соңғы адамға қадала қарап:

– Сен не дейсің? Қандай жолмен, қалай басқаруды тілейін деп ең, шыныңды айтшы?

Жаңағы бай тайсалмай жауап береді:

– Еліміздің жолын айтам. Бабамыздан келе жатқан жолымыз – баяғыдан келе жатқан дініміз, шарифатымыз бар.

Волисполком бастығы ақыра сөйлейді:

– Сол жолыңмен жүргізбексің бе, совет өкіметін? Көздеріңді ашып қара, ол күндерің өткен сендердің. Және бақырып-шақырмаңдар мұнда. Болмаса, әп-сәтте жуасытамыз.

Айнала үнсіз тұрған сазарған жүздерге жағалай, қайсарлана қарап шығады да:

– Волисполком ол қызды көрген жоқ. Ал бұл жерге келсе, ол бостандығын да алады, мұндағы жұрт оған нық қорған да болады.

Бұл топ жауап ала алмай шығады.

Сотқа кіргендер және де осындай өздерінің зілін өткізе алмаған. Тек тергеуші үйіне бір топ бай ортаға Доғалды ала кіріпті. Доғалдың қасында зор денелі қара сақал жауаптасады.

Тергеуші:

– Ия, келді Алуа Сатай қызы, – деп, салмақты ажармен сөйлейді.

Қара сақал бай Жәкеш дауға әзірленген пішінде:

– Ол мынау Доғал мырзаның әйелі болады. Ырзалығымен тиген әйелі.

– Қыз өзі бұл мырзаға ырза болмай кеткен болса, қайтесіз?

– Ол бекер. Қыз ырза болып, байдың жіберген сыйын да киген. Ырза болмаса, ол не?

Өзге байлар Жәкешті қостай береді.

– Ырза емеспін десе, өз аузынан айтсын. Көзімізге көрініп айтсын.

Өзге байлар даурыға сөйлейді.

– Күйеуінің көзінше айтсын.

– Ұрлап қорғамай, ашық қорғасын, закон болса?.. – деп, өрепкіген жуандардың бәрінің түстеріне үнсіз, батыл жүзбен қарап тұрған тергеуші енді қысқа ғана сөз айтады:

– Қыз “бармаймын, Доғалыңа қосылып бәрің бірге жоғал, мүрдем кет!” десе, не дейсіндер?

– Десе, көзімізше десін.

– Осы араға келтіріңіз де, жұрт алдында айтқызыңыз...

Тергеуші Жаппарға ақырын ым қағады. Жаппар шығып кетеді. Тыста бұл уақытта қызыл отау жанында қатты даурық, әбігер бар. Екі милицияны шетке қағып, ысырып, тығыз қоршап алған екі үйір топ тұр. Өзге бір әумесер, оғар қызбабас топтары үйді қоршап, жабығын созғылап, әр түрлі қатал зілді сөздер тастайды.

– Қыз осы үйде... Алып шық, түгі, суырып.

– Тартып ал, түгі...

– Талқан ет былай...

– Тұршы былай! – десіп, үйді кимелеп, есікте тұрған Сәруәр сияқты екі-үш қызды қолдарынан жұлқып, лақтырысып жібереді.

Қазан астына тығылған Сексек қазанның астынан бүлкілдеп көтеріле беріп, екі көзі бадыраңдап, қайта жата кетеді. Бір суық қабақ көсе мырза мен ала көз, орақ тұмсық, қара сақал екеуі қастарына содыр байларды ертіп алып, қызыл отау ішіне кимелей, жұлқына кіреседі.

Алуа төрде тұр. Енді көз жасын тыйған, қабақ түйіп, қарсылыққа бекіп алған. Қамшыларын қос бүктеген зорлықшылар Алуаға ұмтыла береді.

– Ә, қашқын қыз, құтылып көр...

– Осыдан кетіп көр Доғалдан...

Сол кезде, сәтте, Алуаны өзінің бойымен қоршап: “Стой!”, “тоқта!”, “тима!” деп қатты ашуға мінген Нина тұра қалады. Жаулар сонда да тоқтамай, бұларға қарай баса бергенде, Нина браунингті суырып ап, төсей қояды.

– Посмейте шевельнуться, уничтожу!

Жуандар жеп қоярдай өшіге қараса да, енді қыбыр ете алмай, тоқтап қалады.

– Убирайтесь вон! Кет! – деп бұйрық беріп, Нина сол қолымен есікті көрсетеді.

Осы кезде бұл үйге кірген жуандар тобын бастап келген содыр мырза, көсе Байыр арс етіп: “Кетсең кет былай!” деп, Нинаны қолынан тартып, жұлқып қалады.

Нина ытқып ортаға шығып: “Милиция, милиция!” деп айғайлайды. Екі милиционер үйге жүгіріп кіре береді.

“Тоқта, тұр былай!” деп милиционерлер бұйыра кіреді. Бірақ есік аузында тұрған жуандар оларды қоршап алады. Өршеленген Байыр жолына қайта тұрып қалған Нинаны қағып, шетке тайдырып, Алуаға тап береді. Нина барынша ашулы жүзбен:

– Тоқта! Кет! – деп, анау тоқталмаған соң, мылтықты басынан асыра, басып жібереді.

Байыр Алуаны босатып, кейін серпіледі. Нина тағы да өз бойымен Алуаны қоршап тұрып қалып:

– Мені өлтіріп қана аласың. Ал мен, осы тұрған байлар, мынау браунингімдегі алты оқпенен алтауыңды атып өлтірмей, өлмеймін... Бермеймін Алуаны... – дейді.

Екі жақ үнсіз үрпиісіп, оқты көздерімен атысып тұрып қалады. Осы кезде үйге Жаппар кіріп, есік алдындағы милицияларды қоршаған байларға:

– Тұр былай, қайт былай, бұл не бассыздық? Отқа түсушімендер? Доғар озбырлықты... – деп бұйрық береді. Үйдегі жуандар Жаппардан ұялып, именгендей үнсіз бағынып, бойсұнып қалады.

Енді Жаппар адымдап кеп Нинаға тақайды да:

– Алуаны следователь шақырады, сонда алып жүріңіз, – дейді.

Көсе Байыр үй ішінде кешеулеп қалып, соңғы екі жуанға сөз қатады.

– Қап, Жаппар болды, келді де тыйым салды, соның беделі болмағанда, өлісіп-ақ көріп ем, – дейді.

Нина мылтығымен жуандарды жасқап, өздеріне жол салады да, Алуаны бір қолымен құшақтай отырып, үйден алып шығады. Қаптағалы тұрған жыртқыш жүздерді көре тұра, Алуа, Нина, Жаппар үшеуі жаулардың қасынан өтіп, тергеушінің үйіне кіреді.

Онда бағанағы жуандардан басқа, Доғалдың өзінен басқа, ақсақал, қарасақал, барлық қамау, қоршаулары түгел тұр. Нина Алуаны тергеуші столының қасына әкеледі де, өзі кейін басып тұрады. Мұның қасына Сәруәр мен өзге екі жас қыз да келген. Жаппар тергеушінің нұсқауы бойынша стол басына жазуға отырды. Тергеуші Алуаға ресми жүзбен, үнмен сөз қатады:

– Сатай қызы Алуа, сіздің мына Доғал Дулат ұлының әйелі екеніңіз рас па еді?

Алуа ұяла қарайды, бірақ тез жауап береді.

– Өтірік.

– Ырзалықпен тимекші болғаныңыз рас па еді?

– Өтірік.

– Сол ырза болғандықтан, Доғал берген сыйды алып, қабылдағаныңыз рас па?

– Өтірік.

– Ендеше, үстіңе киген киім кімдікі? Доғал “мен жіберген сый, мен кигіздім” дейді ғой.

Алуа аз бөгеліп ойлана береді. Жүзінде әділ ашу, бекініс белгісі. Өмірінде бірінші рет тартысуға бекінгендей.

Осы кезде жаңағы тергеушінің соңғы сөзін өздеріне дем көріп, Доғалдың қасындағы мырзалар өршелене, екілене сөз тастап:

– Бәсе, соны айт.

– Өзің тігіп киген кемзал, көйлек шығар?

– Сатайдың сандығынан қалған болар.

– Кім кигізді екен, айтып көрсін, кәнекей, – деп асқақтап барады.

Біраз үнсіз тұрған Алуа енді тергеушіге шешіле сөйлеп, жауап қатты:

– Әуелі бұл киімді өздері бас салып ұрып, зорлап кигізген. Бірақ бұл киім, енді ойласам, менікі. Әкем Сатай осы Доғалдың отына күйіп, оққа ұшып өлген. Әкем мен екеуміздің дәл осы тұрған Доғалда бір көйлек, бір кемзалға татитын еңбегі жоқ деп айтып көрсін, осы тұрған ақсақал, қарасақал.

Кейін тұрған Нина сүйсіне күледі. Қазақтың жас қыздары жылап қуанғандай, Алуаны сыртынан айналғандай болысады. Тергеуші енді сол бір қалыпты, ресми қабілеті бойынша соңғы сұрақтарын береді.

– Сөйтіп, Сатай қызы Алуа, сіз Доғалға бармайсыз, солай ма?

– Солай, бармаймын.

– Өзіңізді оның әйелімін деп санаған емессіз, ол сіздің күйеуіңіз болған да емес?

– Емес.

Бағанағы қызыл отауда қазан астында бүлкілдеген Сексек енді қазанның астынан бетін-басын қылтитады. Беті-мұрны бес батпан қара қасқа күйе болған. Бақырайып тың тыңдайды. Ақырындап қазан астынан шыға береді. Айнала тыныш. Жабыққа жүгіріп барып, баспалап қараса, барлық қаптап келген аттылар салбыраған бойында, кетіп бара жатады. Тергеушінің үй жағынан Нина, Алуа, Сәруәрлар келе жатады. Қастарында Жаппар, бәрі де күлген мәз күйде. Алуа да бірінші рет жадырап, қуанып күліп, Нинаны бір құшақтап, бір сүйеді. Сексек аналар тақай бергенде, сыбызғыны ала сала, бір қуанышты ойнақы күй тартып, көзімен күлімдеп тұрады. Сырттағылар кіре бере, Сексектің жүзін көріп, бес қасқа күйе-күйе кескініне қарап, ойнақы жүзіне танданып, ішектері қатқанша күліседі. Сәруәр әнге қосылады. Жаппар әндетеді. Әдемі әндер айтылады. Алуа бұл кезде қасындағы екі жас қызбен сөйлеседі.

– Мен де өзіндей, мені де солай тоқалдыққа бермек еді, содан қаштым.

– Қалыңмал үшін соқырға бермек еді, содан қаштым! – деп екіншісі айтады.

– Қызыл отау күтқарды. Нина.

– Енді не істейсіңдер? – деген Алуа сұрағына “Оқимыз!” деп, кітаптарын, қарындаш, дәптерлерін көрсетеді. Алуаға да осындай боласың дегенді айтады. Осы кезде сыбызғыға қосылған Сәруәр, Жаппар әніне Нина қосылады.

Аздан соң ол Алуа мен екі қызды да әнге қосылыңдар деп ымдап тартады. Әуелі екі қыз қосылып, артынан іркіліңкіреп, ұялып тұрып, Алуа да қосылып кетеді.

Алуа қосылғанда үн мүлде өзгеріп, ғажап бір сұлу, нәзік, әсерлі саз араласқандай болады. Өздері ән айта тұрып,



Нина, Сәруәр, Жаппар – бәрі де көздері зорайып ашылып, таңырқай бастайды. Ақырындап өзгелері тоқтасады. Жалғыз Алуа саз созып кетеді. Тамаша әсерлі, сұлу үні бар, естілмеген әнші шыққандай. Алуа бар шерін шешіп, шаттығын тамашалап, көктем күнінде өз бұтағына қонған бұлбұлдай ән безендіреді.

## Үшінші бөлім

### 1928 жыл

Доғалдың үлкен үйінде қымызды қомағайлана сімірген қонақтар, бүгін көңілді ажарда емес, қабақтары суық, түйліп сөйлесіп отыр. Кеңірдегі сорайған, ұрты, мойны жиырылған әжімге толы, арам құс бейнелес көсе молда өлікке құран оқығандай күңгірт үнменен оқшау жайды баян етеді. Доғалға қарап сөйлейді. Доғалдың үзеңгі жолдастары: Сейіт, Байыр, Жәкеш, Сартай бар.

– Шойын жолдың жұмысында жүрген бір қалың топ қазақ Молалыда құрбан айты күні “айт жасамаймыз” деп, жұмысқа шығыпты. Іледе тағы да қазақтың қалың жұмысшысы, шойын жол салушылары Іленің мешітін жапқызыпты. Бәйтолланы харам етіп, оның орнына сол жұмысшыларға мектеп ашыпты.

Ызалы жүзді Сейіт сөйлейді:

– Сол шойын жолға деп киіз үй сұрайды.

Мұның сөзін қостап, Байыр, Сартай, Жәкештер өздері естіген жаңалықтарын айтады.

– Лау, көлік қажет деп, біреулері ат, біреулері түйе, өгіз алғалы жүр. Қайта-қайта қаптап келіп, “жалда” деп еминеді.

– Шойынжолшылар тұстарыңа тақап келгенде, азық-түлік, ақ пен сусын жеткізіп беріңдер, – дейді.

Осы сөздердің бәрін естіп, үндемей сазарып отырған Доғалға енді Байыр салмақты сөз тастайды:

– Жә, бұл жол кімнің жолы, кімнің ырысы? Жақсылық күтеміз бе, жамандық күтеміз бе осыдан?

Бағанадан бері суық қабақ түйіп отырған Доғал енді шұғыл, шапшаң сөйлейді:

– Бұл жол жақсылық әкеле жатқан жоқ. Тыныштықта, қаланың құрығынан алыста, оқшау жатқан өлке еді, бұл

Ақталдың бойы. Енді осы отырған барыңды омыраудан да, етектен де алғалы келеді. Бермеңдер. Сөздерің өткен, дегенің жеткен... ауыл атаулының бәріне “ешнәрсені жалдама, ешнәрсені сатпа” деңдер! – деп қатты байлап айтады.

Қылжақбас Сартай күле сөйлейді:

– Қазір Қарақұмның ішіне кіріпті, мынау шілденің ыстығында су да, сусын да таппай, қаталасын бір.

Байыр да кеңкілдей күліп, қостай жөнелді.

– Аспаннан күн менен шөлі қинаса, аяқ астарынан Қарақұмның жылан, шаяны, қарақұрты сыйласын.

Доғалдың жүзі бұл сөздерге жібіп, жылына бастайды.

– Көрерміз, алдарында екі үлкен тосқауыл тұр. Бірі – Қарақұмдағы шөл, қамау, одан өткенше қашан. Әсіресе азық пен сусын жеткізуден елді тыйсаң, Түрксібтің соры сонда тосқанын көрерсің. Одан өтсе, тағы бір үлкен пәле бар.

Отырған қонақтар:

– Ол қайсы, ол не пәле? – деседі.

Доғал салмақпен сол пәле жайын баян етеді:

– Бері шыққанда Айғайдың өрі бар. Естуімше, шойын жолдың беті тура Айғайдың Тектұрының түбімен өтеді дейді. Сол Тектұрды құлатпай, жол өте алмайды дейді. Ендеше, Айғайдың Қызылқиясын, аспан құшқан асқар тасын алып көрсін. Тектұрдың бауырында Түрксібті тосқан тағы бір қалың сор бар, оны тамам ел жиып, өзіміз барып сорлағанын көзбен көретін боламыз, үндемеңдер.

Бәрі кезектесіп қайталап:

– Ел кедейін аздыртпау керек.

– Қолдан келсе, шойын жол жұмысына жібермеу керек.

Онда барса, өзіңе қайта қаптайды, жауығып қаптайды.

Доғал бұл сөзді қорытып кеп, байлау айтады:

– Ата-бабамыз мекен еткен алтын бесік еді, Ақталдың бойы. Енді не боларын құдай білсін. Шойын жол келіп, көлденең өлкенді көктеп өткен күні, асыл аталардың нәсілдері, не көреріңді кім білсін. Әйтеуір “у жесең руыңмен” деп бірлігіңнен айрылма, Жалайырдың баласы. Әсіресе, көресіні көргенде сол Жалайырдың өзінен шыққан пысығынан көресің. Аздырушының үлкені – үнемі тозбас дүкені тап осы келе жатқан шойын жол, осы Түрксіб. Соны

білсең, шоқтай болып түйіліп, осы отырған бірінді бірін сүйей де білерсің.

Осыған баталасқандай, барлық бай бас изесіп “е” десіп, керсеңдерін көтеріседі...

Қайнар ыстық күннің күйіп тұрған шағында, бұйра-бұйра, жал-жал Қарақұмның қалың ортасында қайнаған еңбек білінеді. Алдыңғы қалың топтар ішінде атақты грабарьлер, ташкешілер бір алуан тынымсыз қозғалыс, қимыл, бұрқыратқан әрекет үстінде. Сан жерлерде скреперлер, тағы бірқатар қадау-қадау жерлерде грейдерлер әрекет етеді. Мұнда элеваторлар, экскаватор “Мария” үлкен қимыл үстінде. Ұзыннан созылған топтар, тасқын бұлақтай қайнаған еңбек атып, Түрксибтің жол-жотасын жалдап созып барады. Құмырсқадай қайнаған қалың топ, сол даяр насыптар үстіне шпалдар тастап келеді. Рельстерге әзірлік жасап барады. Бұл тұста әрекет етіп жүргендер – қалың топ қазақ жұмысшылары мен украин, орыс жұмысшылары. Шпалдардың артынан рельстерді сүйреп әкеп, жеделдетіп келе жатқан растяжка тобы да жіті жүреді. Рельстерді ұдайы қайталаған белгілі бір командамен “Бросай!” деседі. Рельсті толтырған вагонеткалар қызу қайрат үстіндегі жұмысшылар тұсына келгенде, укладчиктер шапшаң таратып ала жөнеледі. Қолдасқан жұмысшылардың жиі естілетін айғайлары, үнемі бір сөзбен:

– Таста, таста. Оң жақ, жайырақ.

– Сол жақ, қаға түс, – деседі.

Бұлардың артынан жедел басқан заболтовка жұмысы келеді. Барлық қозғалыстар ширақ, қатесіз, қажырлы. Заболтовканың артынан және де тақымдап, жедел басып костыльщиктер өкшелейді. Қалың жұмысшы қайраткерлердің жарым денелері жалаңаш. Күн астында еттері де, терлері де жылтылдайды. Шпал тастап, рельспен бастырып келе жатқан қалың бір топ қазақ жұмысшыларының көз алдында, шпалдың бойына орала бір топ қара шұбар жыландар иіріледі. Рельстер түскен жерлерде де бұралып, оралып шақпақ болған жыландар бар.

Осы араға жолдың бойын аралап, жұмыс жөнін қағазға жазып келе жатқан Нина келеді. Оның қасында участка бастығы инженер, жыланнан сескене тоқтаған Нинаның көзінше жаңағы жұмысшылар шімірікпей күле қимыл

етіп, әрбір жыланды шпалдармен бастырады. Қуа жеткен растыжканың жұмысшылары кей жыландарды мойнынан, белінен ұзын ауыр темір рельспен ездіре бастырады.

Нина сүйсіне күледі. Бірақ күн ыстық, жұмысшылар шөлдеген. Қажырлы қайрат ата жүріп олар: “Су!”, “Сусын!”, “Нина!”, “Су болса, сусын болса!” десіп, ар жақтан топ-топтан тілек етіп үн қатады. Нина өзі де қиналады. Бабын таба алмайды.

– Шыдаңыздар, шыдаңыздар, жолдастар! Қиыншылық күн, – деп, амалсыз ілгері жылжи береді.

– Флягадағы суларың бітті ме? – деп бастық сұрайды.

– Ол су емес, тұз...

– Тұз боп кетті... Тұздық!.. – десіп, жұмысшылар қатты қиналады.

Бөшкемен су тартқан аттар жетеді. Жұмысшылар ұмтылып, таласып татып көреді.

– Тағы да тұз!.. Тек тұз! Тұз емес, тұздық... Құрып қалсын! – деп, жұмысшылар төгіп лақтырысады, енді әсіресе қиналысады.

– Амал жоқ, құм осы, құдықтар мүлде тұзданып кетеді, – дейді бастық. – Амал не? Құрыған құм.

Келесі топтарда және де мұны білетін жұмысшылар бір қалыпты тілектер айтады:

– Су, сусын!

Қолында газеттері, хаттары бар Нина амалсыз айнала алыс бел жаққа қарайды.

– Түсінемін, қиын! Қандай ыстық, қымбатты достар, сабыр. – Әлдеде бір нәрсе болар дегендей, жақындағы құм белдерге қарап, қадалып тұрып, түйілген қабағы жадырай бастайды. Өңіне үмітті күлкі пайда болып, биноклін ала сала, қадала береді. Белден асып шауып келе жатқан салт атты қыз көрінеді. Соның артында иен құмның ұзақ жотасының бойымен ендеп келе жатқан көп жүргіншілер шыға-шыға келеді. Олар түйе мінген, өгіз мінген, шабан жадау аттар мінген өңшең қазақ кедейі. Әрбір жүргіншінің екі жағында теңделген местер, “су, сусын келеді” деп қуанған Нина айғай салады.

Шапқылап келген қыз – Алуа. Ол аттан түсе бере:

– Су, сусын, жолдастар! Сусын келеді! Ақталдың бойындағы біздің халық сіздерге көмекке келеді, – деп,

Алуа қуана сөйлейді. Қолында қамшы, қынай белін тоқ белбеумен ораған, шашын жұқа орамалмен әсем түйген.

Алуаны Нина құшақтай алады.

– Достар, су, сусын... Мына қыз, сусын қыз!.. – дейді. Қуанған жұмысшылар асыға ұмтылады. Қазақ кедейлері Қарақұмның ұзақ бойына созыла қанат жая тұрып ап, жұмысшылар тобын қымыз, айран, шалаптарымен, суық сумен жағалай жүріп сусындатады.

Нина мен Алуа өздері де қатар жүре отырып, жұмысшылар тобын түгел сусындатып өте береді.

– Сусын қыз... Девушка напиток, девушка кумыс. Қымыз қыз... девушка шербет... – деп, бар жұмысшы күліп, жадырап, Алуаны ілезде даңқтандыра қошеметтеседі. Тағы да еңбек қайнап кетеді.

Құмның шетіне соңғы рельстер түсіп, заболтовщиктердің соңғы болттарын қадап, жол бойында жұмыс тоқтайды. Құм, құм біткен. Қарақұмнан қалың бейнет, қатты ауыр еңбекпен жеңіп озған жұмысшылар ендігі салқын қоңыр кешті қуанышпен қарсы алады.

Түн. Жұлдызды аспан астында жеңіл митинг. Нина сөйлеп тұр.

– Бірінші бесжылдықтың бірінші алыбы – Түрксиб, бүгін өзінің жолында ең бір қиын, азап белден өтті. Біз Қарақұмды басып өттік, жолдастар. Және құмды да, жәй сахараны жеңіп өткендей, жылдамдық алғырлықпен басып өттік. Біздің участок Қарақұмды күніне екі жарым километрлік жылдамдықпен жеңіп шықты. Бүгінгі күн біз тағы бір үлкен қуаныш уақиға көрдік. Сіздерге – Түрксибтің қажырлы қайраткерлеріне қазақ халқының барлық еңбек жұртшылығы өзінің тілегін әкеп қосты. Байлардың, феодалдардың, кулактардың қастық, жаулық үгітіне қарамай, қазақ сахарасының кедейлері біздің еңбекке өзінің тілегі мен көмегін әкеп қоспақшы. Ілгеріде де жеңіс осындай болсын, жолдастар. Енді алдымызда тағы бір сын тұр. Ол – Айғайтас. Соны жеңіп алайық.

Нинаның қасына денелі орыс жігіті Петров қарғып шығады.

– Мен жолдас партия хатшысының сөзін барымша қостаймын. Даешь Айғайтас – Крик-гора. Ендігі біздің іс, ұранымыз сол болсын – Даешь Айғайтас.

Барлық жиынның көңілді, қажырлы жүзінде батыл,  
берік бір-ақ ұран бар:

– “Даешь Айғайтас!”, “Даешь Крик-гора!”

\* \* \*

Жолдың ұзын жотасы созылып барып, аяқтар жерде  
көлденең түсіп, биік аспанға шаншыла оқтай атылып тұрған  
қызыл тасты тектүр бар. Мұның аты – Айғайтас.

Взрыв жасаушылар бастығы Петров болып, осы  
жартастың етегінде екі ұзын індей етіп, штольна қазып  
болған. Соңғы рет жартас ішіне салған аммоналды,  
шнурларды қарап өткен техниктер тобы жартастан ұзай  
береді. Айнала жырақ жерлерде, бел астында, жартастар  
сыртында, жар жағасында сыймай кеткен қалың ел. Мұнда  
Түрксибтің неше ұлттардан құралған жұмысшылары,  
командирлері бір бөлек, қазақ жұмысшыларының  
топтарында бұлар ортасын аралап жүрген Нина, Алуа  
көрінеді.

Жұртшылық екеуін қуанып, күле сыйлап қарсы алады.

– Сусын қыз. Қымыз қыз.

– Девушка напиток, девушка шербет.

Алуаның қасында қалаша киінген Сексек те келе  
жатады. Енді бір топ қатарда атқа мінген, күміс ер-тұрман  
тағынған байлар тұр. Осы топтың ортасында Доғал мен  
оның серіктері.

Бұлар сенімсіздікпен бас шайқап, Айғайтасқа қарап  
тілек айтысқандай болады.

– Ала алмайды, жыға алмайды Айғайтасты.

– Сені құлатам деген күпірліктің сорын көреміз біз  
бүгін, Айғайтас.

– Жарықтық Айғайтас, бауырында талай ұран шақыры-  
лып еді, бүгінгі ұран сол болсын, ойран апат төк мына  
тоқтаусыздар тобына, – деседі.

Тағы бірқатар қалың топ жаяу-жалпылы, жұпыны  
киімді, өгіз, есек, түйе сияқты көліктеріне мінгескен, әр  
алуан жастағы, әртүрлі ел кедейі. Олар арасында сенімді,  
көңілді сөздер көп туады.

Қарақұмнан асқанда, Айғайтасты басқанда, бұл шойын  
қарасақал желпіне сөйлейді:

– Басады да асады. Бұл өнерде құдайыңның құдіретінен де бетер күш көрдік қой.

– Бәсе, күш көрдік. Бұрын көрдік дегеніміздің бәрі күш емес, көбік екен ғой, тәйірі.

– Анық өнер советте ғой, жолың болғыр. Көресің, дегеніне жетеді қазір.

Жастар жағында қалжың, әзіл.

– Айғайтасты Түрксиб ұшырса, ел ішіндегі қалған тас-томарды біз ұшырамыз, – деп, бір жас жігіт, батыл кедей әзіл аралас зіл тастайды.

– Бәрекелді, сөз сол, – дескен, қостаған, ұғысқан үндер естіледі.

Бір шақта барлық жұртқа тегіс жайылған бұйрықтай бір толқын өтті. Ұзаққа созылған қалың жиындар бұға-бұға түсті. Көптен тосқан от атылды. Қалың күтірмен күн күркіреп, аспан жарылғандай. Алып үн атылғанда, әуелі жер сілкінгендей, бар дүние қалт еткендей болды. Барлық көздер қадала қараған Айғайтас, биік тектүр бір сәтке бой созып көтеріле түскендей болды. Және де сол қалпында күрсініп қалғандай болды да, күл-талқан боп төмен қарай төгіле жөнелді. Ұсақ тастың тасқыны қалың топан суындай ойға қарай ақтарылды. Тура взрыв жасаушылардың тілегі орындалғандай, құлатам деген жақтың өзіне, дәл бұйырғандай барып төгіліп жатыр.

Осы кезде, аспанға қарай жәй көтеріліп, қалың қызыл бұлттай шаң кетті. Енді взрыв жасаушылардың топтары қуанысып, күлісе айғай салып, шаттанады. Барлық Түрксиб жұмысшылары, қызметшілері, әйелдері бірін-бірі құттықтап, мәз болысып қол алысады. Қуанысқан Нина, Алуа орамалдарын бұлғасып, шат күлісіп, құшақтасады. Бұларды қалың топ ел кедейін ерте жүрген Сапар қуанып құттықтайды.

Аттарына мінген, иықтары салбыраған, бастары төмен түсіп тұнжыраған байлар, енді бұрылып, үнсіз тарап бара жатысады.

\* \* \*

Әлі елсіз, үй-дүкендер салынбаған, адам қолымен орнатқан зат-бұйымнан тек қана шойын жолдың аяқтап

келген бойы көрінеді. Рельсі үстінде бір топ вагондар тұр. Іші-тыстары мол жарықпен сәулеленген, сырттарында, маңдайында ұрандары бар бір вагон – клуб-вагон аталады. Біреуі – қызыл бұрыш, тағы бірі – кино-вагон. Клуб-вагонда әсем жиылған, кішкене сахнасымақ бар. Онда трибуна. Сол жерде Нина. Түрксібтің әр ұлттан жиылған топтарына саяси сабақ беріп жатыр. Тыңдаушылар – бұрынғы құмды, бүгінгі Айғайтасты жеңген орыс жұмысшылары, украин габарьлары, қазақтың костыльщиктері.

Осы топтың алдыңғы қатарында қағаз, қарындашы қолында, Нинаны тыңдай түсіп, жазып отырған Алуа көрінеді. Оның қазіргі ажары көрікті, сыпайы киінген. Мұның қатарында Сексек те Нинаны тыңдап, ырзалық, тоқмейіл жүзбен қарайды.

\* \* \*

Осы клубтың екінші бөлімі, кең жазыққа мол қатарларымен тізіле тігілген қазақ үйлерінде мәжіліс жүріп жатыр. Екі-үш киіз үйді біріне бірін жалғастырып, ұзынша клуб етіп, әсемдеп тіккен. Киіз үйлердің көшелері сол клубқа кеп тіреледі. Қазір клубта қазақ жұмысшыларының қалың тобына Алуа газет оқып беріп тұр. Стол басында Алуаны тыңдай түсіп, жұмысшылар арасындағы үгіт мәжілісін басқарып Нина да отыр. Алуа газетті оқып болған соң, Нина жұртқа енді сауық кеші болатынын жариялайды. Киіз үй клубының төрінде Нина әзілқой көңілді жүзбен, конференс жұмысын атқарды.

– Қадірлі достар, жолдастар. Біздің бүгінгі сауық кешімізге үлкен халық артистері құрметпен қатынасады. Бұл жолы анық халықтың қайнар ішінен шыққан халық артистері алдарыңызға шығады. Бұл халық артистері – ұлы Түрксібтің өзінде туған еңбек ерлері сияқты, дәл өздеріңіз сияқты, осы күндерде, осы айларда өнерлер тапқан артистеріміз, – дейді.

Қазір киіз үйге, ұзын клубқа толған жұмысшылар және де көп ұлттан құралған. Бәрі де Түрксібтің қайраткерлері. Осы жиын алдында өнерлі шеберлер кезектесіп сахнаға шығысады. Орыс жұмыскерлерінен шыққан атақты взрывник Петров, үш досымен қосылып баяндарда әсем



күй төгілтеді. Экскаваторшы украин мастері де екі-үш жолдастарымен бірге шығып, ұшқын атқан екпінмен “Гопакты” билеп береді. Осы қатарда Сексек шығады, тартатын күйлерінің жайын өзі жариялайды.

– Жолдастар, мен өзімнің жаңа күйімді тартам, оның аты – “Айғайтас” және “Петров пен Сексек” деген күй.

Жұрт күліп, қол соғады. Сексек өзі де күліп, тағы да баяндайды.

– Айғайтас құлады. Оны құлатқан Петров маған жер құдайының өзіндей көрінді. Ал мен, Сексек, қуаныштан өзім де бес есе, он есе өскендей болдым. Өзім де бір Айғайтастай боппын. Міне, менің күйімнің туған сыры осындай. “Түрксиб” күйі.

Жұрт дулап қол соғады.

Енді Сексек қобызда аса көңілді күй тартып, анда-санда күйіне даусын қосып, бақ етіп айғайлап қояды. Сөздері “Айғайтас”, “Петров”, “Сексек”, “Петров, Сексек” дейді.

Халық өзге артистерді де қуана қарсы алып жатады. Енді бір кезек сәнді кемзал, ұзын көйлек, көмшат бөрік киген, бұралған сұлу күйінде Алуа шығып, қазақтың халық әнінен екі-үш әнді төгілтіп айтады. Сексек мұның әніне өте нәзік үнді сыбызғы үнін қосып, қостайды. Барлық жиын бұл өнерпаздарды аса ыстық достықпен, үлкен алғыс-қуанышпен қарсы алысып отырады. Осы сахна уақиғаларының кезінде, көрушілердің алдыңғы қатарында отырған Нина мен Сапар үнемі әңгімелеседі. Олар сахнаға күле қарап, қол соғады. Шаттана отырып, үлкен жауапты жұмыс шешіседі.

Сапар Нинаға ырзалық жүзбен сөйлейді:

– Тасқорғанның уездік партия комитеті Қарақұм мен Айғайтасты сендердің участкаларың жеңгенін өз науқанындай қуаныш етті. Барлық уездің, әсіресе Ақталдың бойында өмір кешкен қазақ кедейлері соншалық сүйсінді, соншалық қуанды да.

Нина күле тыңдай отырып, жауап қатады.

– Жолдас Сапар, Айғайтас басына сонша көп халықты сіздің Укомның әдейі жиғызғанын мен түсінгем.

Сапар күледі. Оның тәжірибелі жүзінде ақылды, ойлы салмақтылық та бар.

– Әрине, қалың ел дос. Бірақ көп достың ішінде Ай-

ғайтас құламаса екен деп, іштерінен дұғаларын оқып тұрған, бақсылық сарынын салып тұрған жаулар да болған. Оны өзің аңғарасың ғой?

Нина күле отырып жауап береді.

– Әрине, олар өзі де Айғайтастар ғой.

– Бәсе, дұрыс айтасың. Ендеше, Тасқорғанның уездік партия комитеті сенің партиялық ұйымыңнан көмек сұрайды. Сендер әдейі Түрксібте, осы құрылыста істеп, саяси сауаты ашылған кешегі қазақ батрақтарынан бірнеше үгітші адам беріндер. Бізге көмек етсін, соны сұрауға мен әдейі кеп отырмын.

Нина ойлана отырып, бас изеп, көнген белгісін білдіреді де:

– Қандай науқан бастамақшы Уком?

Сапар күлімсірей отырып, тұспалмен жауап береді.

– Жаңағы өзің айтқан Айғайтастарға біздің уезде, біздің облыста және бар Қазақстан көлемінде үлкен бір науқан ашылды. Қазақ халқының жаңа тарихының жолында тұрған Айғайтастарды соққыға алып, шабуыл жасаймыз. Соған көмекке кісі бересің. Бердің бе?

– Береміз.

– Кімдер, қазір аташы? (Қағаз, қарындаш алады.) Мен осы сағатта сөз байласып кетем.

Нина енді сахнаға қарайды. Онда конференс Алуаның шығатынын мәлімдеген. Нина Сапарға қарай отырып:

– Жазыңыз, бірінші сізге беретін кісіміз әне, – дейді.

Басында кәмшат бөрік, әсем сәнді киім киген Алуа, бұл кезде тамылжытып ән шырқап тұрады. Сапар оның аты-жөнін қағазға жазып жатыр.

– Бұл үгітшіні қабыл алдым, мақұл, – деп, Нинамен қоса күліседі.

Доғалдың үлкен үйінде, бұрынғы үзеңгі жолдастары Сейіт, Байыр, Сартай, Жәкештер отыр. Сол жағында, төменде семіз бәйбіше мен сұлу сұңғақ тоқал бар. Бәйбіше көзі жасты, долы жүзі жылаулы. Доғалдың қарсысында орысша жақсы киінген, түрі Доғалға ұқсағанмен, шаш қайырып, сақал-мұртын қырған, анық қала адамы интеллигент пішінде Мардан отыр. Доғал Марданға үңіледі:

– Қаладан сен келеді деп көптен күттік. Айтарың бар ма? Жоқ па?

Мардан үнсіз. Шыдамсызданған Байыр сөйлейді:

– Доғалдың басын аман алып қалар айла-амал бар ма? Оқыған деп, көзқарақты деп сенгеніміз сен емес пе едің?

Сартай да қостайды:

– Ата қоныс жерден кетсе де, елден кетті деген не сұмдық. Мол Ақталдың бойына сыйғызбаймыз ба? Иен Жалайыр – дүйім ел едік. Қойнымызға сыйғызбаймыз ба?

Жәкеш, Сейіттер де Марданға үңіледі.

– Өзің араласпасаң, біз істейтін амалды айт.

– Өзге болмаса, біз ара түсеміз, тым құрыса біз ұстанатын заң-зәкүн болса, соны айтып берші.

Мардан әлі де үндемейді. Доғал енді соңғы кесер сөзін айтады.

– Ал, мен таусылайын, бітейін! Тым құрыса, кешегі атадан, әкем Дулаттан, сол атаның атын сақтап, өзің аман қаласың ба, өзің қандай жол таптың?

Тағы да ұзақ үнсіздік. Соның артынан салқын, салмақты жүзді Мардан қысқа ғана, бір-екі ғана сөз тастайды:

– Ағам болғаныңмен, саған айтар ақылым жоқ!

Айнала жұрт тіксінгендей жалт қарасады. Мардан шімірікпестен қатты кесіп тағы айтады:

– Жоқ, сол. Жүз толған, мың ойлан, бұл жолғы іске амалың жоқ, байлар. Сондықтан ақыл да жоқ! Туысқандық қарызын ада қылу үшін, тек қоштасып кетуге ғана келдім! Болды! – дейді.

Доғалдың бәйбішесі өксіп жылап жібереді. Тоқал Марданға қарап, кекесін тәрізді түсініксіз бір ажармен жымияды да, күліп қалады.

Далада осы кезде “келе жатыр!” “келе жатыр!” деген дабырлаған қалың жұрттың дабыры естіледі. Мардан тұрып жүре береді. Доғал мен қасындағы атқамінер серіктері соңғы бір-бір серт сөздерін шапшаң айтысады.

– Өзгеден үміт қалған жоқ. Не де болса, осындағы малшы, жалшының өзіне жалын!

– Соларды өздерің бағындар!

– Мен де, Доғалдан өзгеміз батрактардың арасына барып, не де болса, жиын ішінде, қастарында отырайық.

Доғал дауыстап:

– Байыр, сен Назарбектің жанында болғайсың, – деп қалады.

Бүгін батрактар ақ үйлердің арасында еркін басады.

– Келе жатыр. Әне.

– Әне келеді, – дескен үндер шығады. Дабырлаған батрактар қалың топ болып, ақ үйлердің сыртына оралады. Ауылға қарай бір шоғыр салт аттылар келеді. Ең алда екеуі. Соның бірі ақ жорғаны ағыза салдыртып келе жатқан, басшы азамат тәрізді. Мұның соңында қалған топ шапқылай ілеседі. Сырттағы жиынға келе бере алдыңғы аттылар тоқтады. Боз жорғалы секіріп түсе береді. Бұл – қыз. Өзге келгеннің бірі – салмақты, көрнекті азамат Сапар. Осыны өзгелер қоршап, ортасына алып, алдына шығарады. Құрмет ете ұстайды.

– Бү кісі кім? – деп көрі сауыншы көршісінен сұрайды.

– Бұрын тергеуші болған – Сапар. Қазір осы ояздағы ең үлкен адам.

Артқы топтың ішінде, енді қалаша, жартылай ауылша киінген Сексек те бар. Жиын кедейлер Сексекті танып:

– Сексек...

– Ойбай-ау, өзіміздің Сексек.

– Айналайын Сексек-ау, жолың болсын, – десіп, қуана қоршайды.

Сексек оларға Алуаны нұсқайды.

– Мені айтасындар, мен үлкен қызметкер емеспін, мені қайтесіндер қошеметтеп. Ана жауапты қызметкерлерді күтіндер.

Алуаны танып қалған әйелдердің үндері естіледі.

– Қарағым-ау, мынау Алуа. Өзіміздің Алуа!..

– Айналайын, Сатайдан қалған жалғыз көз!

– Жанат кемпірдің өлгені тіріліп, өшкені жаныпты-ау, сорлы жетімдердің!..

Енді біразда қалың жиын қоралай отырысады. Бір шетіне бай Доғал, оның әйелдері және бұларды маңайлап, жағалаған бірнеше ақсақал, қарасақал, ел жуандары, атқамінерлердің селдір тобы көрінеді. Бұлар соңғы уақытқа шейін кедейлер арасында араласа жүрген.

Қалың жиын ортасына жаңағы бір топ кедейлердің қоршауында Сапар, Алуа келе жатады. Қатарында он шақты кісі серіктері. Топ ішінде Сейіт, Байыр, Жәкеш, Сартай да бар.

Доғалдың қасындағы ақсақал, қарасақалдар – ана жылғы тергеуші кеңсесінде Алуаны тартып алмақ болған

содырлар, енді қыбыжықтап Доғалдан қаша отыруға тырысады. Біреуінен соң біреуі тымақтарын, бөріктерін көздеріне таман киіп, ысыра түсіп, бастарын төмен тұқырта береді. Алуа түп-тура осы топқа қарай басып келіп, алдарына тұрады.

Сапар байлар тобының дәл қасында тұрып алып сөз бастайды. Сөйлеп тұр:

– ...Е, жолдастар! Ағайын-туған, ата-бабаларыңнан бері Доғал байдың мал шетінде күн кешкен кешегі сорлы кедей, бүгін мына жиында, бір жақта отырған сендерсің. Қалың тобың бір араға қосылған. Ардақты совет халқы сенсің... Қарсында отырған азғана тобың – бәріңді босағасында шіріткен асқақ байың мынау. Кеселді түйін шешіліп, кердең мойын кесілген күн, міне, осы... – деп тағы да сөйлеп тұр. Өткір, шешен, алғыр жүзді Сапар жұртқа ұнап, жанасып та барады. Жүзі сұлу, үні әмірлі, әсерлі де. – Бай Доғал – ататегінен келе жатқан озбыр жуан, феодал. Осыны өз ортаңнан кетірем десең, ерік сенде, осы отырған кедей – көпшілік не дейсіңдер? Кетіреміз дейтіндерің ашық сөйлеп, ниеттеріңді айтыңдар. Біз сендердің еркінше шешеміз... Кәне.. – деп, Сапар тоқтайды.

Кедейлер әуелі күбірлесіп іркіледі. Араларындағы сөздері:

– Ал тұр, айтшы, Бейсен.

– Уа, сөйлей білмеймін, өзің айтшы, Оспан.

– Сен айт... Мен шықсам болды, тілім күрмеліп қалады...

– Жә, айтсаңшы бірің. – Бірақ әлі де жұрт үнсіз. Байлардың кейбірі жорғақтап, бірер кедейді тұртпектеп отыр. Бөгеліс көп.

Доғал:

– Қарызым, ата қарызым, нан-тұз қарызым бар емес пе еді бәріңде... Шын-ақ оққа байлап бересің бе, – деп күбірлеп отыр.

Байлар қасында отырған Назарбек орнынан тұрады.

– Уәй, жолдастар, осы кәмпеске деген не өзі? Малды, жерді алушы ма? Жоқ, малды, жерді алып ап, тағы айдау ма?

Жұрт түршіге қалады, Сапар жауап береді.

– Кәмпескеленген кісі ел ортасында қалуға керексіз,

жағымсыз жан. Сондықтан ол басқа облысқа жер аударылады...

Жаңағы қарт іле жөнеледі:

– Жә, ағайынды-қарындас, қарға тамырлы қазақ ек, жер өртеп, ел шауып, кісі өлтірген жоқ еді. Ұзында өшті емес ек, малын алсаң ал, тек өзін ел ішінде қалдыр. Атақоныс мекенін ал, тек бір басына ерік бер десек қалай? Осыны айтқанды жазғырып жазаламайсың ба, түгі, кедейге ерік бердім дейсің. Ендеше, сол ерікті кедей осылай десе, не дейсің? – деп отыра қалады.

Сыртында: “Осылай, осылай” деп жуандар жағы қожырайды.

Сапар жұртқа сынап, барлап қарайды.

– Бар кедей осылай дей ме? Мына кісі бөрінің ойынды айтып тұр ма, жолдастар?

– Жоқ... жоқ, – дескен үндер шығады. Бірақ шығып сөйлеуші жоқ... Ұзақ пауза. Сол кезде Алуа шығады.

– Жолдастар, кедей-батрактар. Бүгін біз, жігеріміз болса, Ақтал бойында болмаған байлау жасаймыз, ол тарих байлауы болады. Ол байлауды Ленин партиясының жәрдемімен жасаймыз. Мыңғырған малы менен осы өлкенің бар елін өзіне жем етіп, құл-малай етіп басып келген Доғал бай қанаушы обыр бай болатын. Енді бұл жерлердің ол иесі емес, біз, кедей-жалшы, ие боламыз. Барлық анау жылқының да иесі ол емес, біз боламыз. Қоралаған қой, өлкені басқан түйе, сиыр және де оныкі емес, біздікі. Біздікі болса солар, бұл бай бұл өңірде тұрмау керек. Әйтпесе, кесірі тимей қоймайды. Солай емес пе, шыныңды айтшы, жұрт.

Батрактар қол соғады:

– Солай. Солай...

– Дұрыс. Біздікі, бөріміздің сөзіміз сол.

– Бөріміз үшін айтты.

Осы кезде Байырдың, Сартайдың күбірлеп сөйлеген түртпегін сыртымен естіген Назарбек, тағы да үн қатып, орнынан баяулап тұрып, сөйлеп кетеді:

– Жаңа осында, ортамызға келген, бұрын осы ауылдың қызы болған Алуа бала сөйледі. Шырағым Алуа, Сатайды Доғал өлтірген жоқ, қаныпезер ұры Бұлан өлтірген. Өзіңді болса, “екі қатын үстіне алам” дегені болмаса, басыңа

кандай қастық етті. Ол “алам” деді, сен “тимеймін” дедің. Көнбедің де, кеттің де бардың ғой. Сол үшін-ақ жерін, малын алудың үстіне, “өзін тағы құртам” демексің бе? Бү не? Өз басыңның кегін қуғаның ба? Мен тағы айтам, жерін алайық, малын алайық. Өзін болса, әлі де болса Ақталдың бойында қалдырайық.

Сапар бойы кең, жағалай қарайды да, аз уақыт үнсіз тұрып қалады. Алуа Сапарға тақап:

– Сапар аға, мен жауап берем, мен сөйлеймін тағы! Мынау құйыршық, өзі кедей болса да, құлақтың құйыршығы боп, итаршы боп тұр, сөйлеймін!

Алуаның өңінде ызалы, жалынды толқын бар. Екі көзі ренішті, ашу үстінде, кең ашыла қарап, сонша сұлу ұшқын атады. Сапар Алуаға ақырын ғана күбір етіп:

– Токта. Мына жұрттың өз ішінен біреулер сөйлесін, – дейді.

Көпшілік үнсіз. Сапар тағы да біраз тұрып:

– Жә, жұртшылық, мына Назарбектің де сөзін тыңдадыңдар. Не дейсіңдер, неге байладыңдар?

Біраз тағы да үнсіздік созылған соң, шеттен қатаң бір үн шығады.

– Жолдас Сапар, маған сөз беріңізші?

Барлық жұрт солай бұрылады. Жиынның шетірек тұсында, орнынан түрегелген, қалаша жақсы киімі бар оқымысты жігіт көрінеді. Ол – Мардан.

Батрактар арасында сыбыр-күбір сөз жүреді.

– Бұл – Доғал байдың інісі.

– Қаладағы, қызметтегі інісі.

– Көптен күткен тірегі.

– Әдейі көмекке шақырған ғой.

Алуа да осы кезде Сапарға ақырын ғана мәлім етеді.

– Бұл – Доғал байдың інісі, интеллигент – Мардан.

Өзі де феодалдың мұрагері.

Сапар салқын, сабырлы жүзбен Марданға сөйлеуге белгі етеді. Мардан алғашқы сөздерін баяу бастап, аздан соң, жиынның ортасына қарай, батыл басып шығып, Сапар мен Алуаға ажарлы, кесек жүзін тура қадап тұрып, қатты үнмен сөйлейді. Батыл жүзбен маңызды сөз тастайды.

– Мен осы батрактардың дәл осы жиынына әдейі келген адаммын. Біреулер мені “туған ағасы Доғалмен

қоштасқалы келді, қолынан келсе, ақыл бергелі, көмек еткелі келді” деп те ойлаған болар. Солай ойлағанның ең басы – мынау отырған, менімен бір ата, бір анадан туған Доғалдың өзі болатын. Бірақ мен ол үшін келгем жоқ. Ақталдың бойына бүкіл қазақ даласына келген жаңа дәурен сәулесі түсті. Мынау ұлы құрылыс Түрксібтің осы өлкеге жеткені – талай тарихтық жаңалықтың зор бастамасы. Енді біраз жылда, ай санап, жыл санап, Ақтал бойындағы еңбекті сүйген, советтік қазақ халқы, мүлде басқа сапаға, басқа биік белге шығасындар. Киіз туырлықты, қалың ұйқылы, көшпелі тірлік қалады. Ақталдың бойында гүлденіп кеткелі тұрған тамаша өлке бар еді. Бірақ оны түгелімен кімдер баурады? Өздері өнерді, еңбекті сүймейтін, бар еңбекшіні қараңғыда, езгіде ұстап келген мынау Доғалдар, менің ағам – Доғалдар, оның достары анау Байыр, анау Сартайлар билеп келген.

Осы сөздің тұсында батрактар мұны қостап, ырза бола дабырласады.

– Бәрекелді, дегенің рас.

– Уа, жолың болсын.

Доғал мен оның қасындағы топтары қабақ түйіп, қарғыс айтады. Оқты көздерімен атады.

– Құдай атсын, құдай атқыр. Азғын. Шіріген жұмыртқа, – деседі.

Мардан даусын қатайта түсіп, ажарлы, батыл түсін Доғалдарға түйіле қадап алып сөйлейді.

– Енді Ақтал бойы еңбексіз арамтамақтар мекені болмай, еңбек иесіне, анық иесіне ауысады. Халық иесіне тиеді. Тиеді де, Ақтал бойы еңбекпен, өнермен өзгереді, жаңғырады. Алуа қарындас барды айтты, ол халықтың тілегі. Жерден, малдан ғана айырып қоймай, Доғал сияқты жандарды елден де айыру керек. Доғал бұл өңірден кетірілсін.

Мардан сөзін бітіргенде, батрактар барынша сүйсініп қол соғады.

– Солай, бәрекелді!

– Дұрыс.

– Болды, байлау сол, дауысқа сал, – деседі.

Сапар дауысқа салғанда, бар батрак қол көтереді.

Сол батрактардың сыртында тасалап, бұғып отырған



байлар ғана қол көтермейді. Алуа Марданның қолын қысады.

Қалың кедей қоршауында, күлкілі қуанышты жүзді Алуа қарап тұрып қалғанда, жалғыз ат жеккен жайдақ арбамен Доғал және оның бәйбішесі түнеріп төмен қарап, қаралы жол кешіп, кетіп барады. Бұларға сырт қарап, қайта бұрылып, байынан бөлініп қалған тоқал көрінеді.

## Төртінші бөлім

Маңдайында “Қостөбе” деген жазуы бар вокзал үйінің қасынан Бейсен, Оспан, Жаппар, Назарбек тобы жылдам басып өтеді. Екі қабат үлкен тас үйдің бір жағында “Рабфак” деп, тағы бір жақ бетінде “Учебный комбинат” деп жазылған. Жүргіншілер “Рабфак” есігінен кіреді. Мұнда, үлкен жарық бөлмеде кітапхана. Ұзын стол бойында кітаптарға үңілген оқушы жастар, қыздар. Оқшауырақ стол басында Алуа қалың кітаптарды оқып, жазып отыр.

“Сатаева Алуа, сені сұрайды” деген дабыстар келеді. Алуа шығады. Келгендермен кездеседі.

— Біздің колхозға сені шығады дегелі тосудамыз.

— Неге келмей жатырсың? Бізде трактор да, машина да жоқ.

— Бензин тағы жоқ, егіс басталып жатыр.

— Арық қазғалы жатырмыз.

— “Ақтал” колхозы қала салып, мектеп салып жатыр.

Сен келіп көмек, сеп көрсеткенің қайда?

Алуа бұларға сабырмен, өз адамынша сырласа сөйлейді.

— Мен шығамын, барамын. Бірақ станция “Ақтал” колхозына шеф болғаны рас болса, трактор берсін. Машина-сайман берсін. Бензин жеткізіп берсін, осыларды түгелдемесе, шықпаймын деп отырмын мен. Жүріндер, қазір сөйлесеміз.

Бұл топ асыға жөнеліседі. Далада осы кезде қалың, көңілді жиын.

Учебный комбинаттың көбінше қазақ жігіттерінен құралған ересек оқушыларын бастап, далаға Нина шыққан. Оқушылардың бірталайының жүзінде кешегі күнгі жұмысшы, батрак болған сырт ерекшеліктері әлі жоғал-

маған. Бұлардың арасында мұрттылар, шоқша сақалдылар да бар. Жас жігіт, ықшам оқушылар да аз емес. Алуа өзі келе жатқан тобымен осылай бұрылады. Жолдастарына айтады:

– Тоқтаңдар, қазір бір үлкен мерекеге дәл келдіңдер, білесіңдер ме, мұның бәрі де осы Ақтал бойының бұрынғы өздеріміздей малшы-жалшы батрактары болатын.

Нина көпшілік оқушыларының қоршауында, әзіл аралас ақыл айтып тұр:

– Қазір сендер әрқайсың өз орнында экзамен ұстайсың. Енді бірақ кітап пен оқытушы қастарыңда жоқ, ендігі кітаптарың машина, техниканың өзі. Бастарың мығым ойласын, қолдарың бекем, дәл қимыл етсін. Міне, оқытушының, кітаптың өздеріңе қосылып біріккен нәтижесі сол. Өздеріңе сенімді болыңдар, мықты болыңдар, – деп күле, иландыра сөйлейді.

Осы кезде бұлардың қасына машина келеді. Одан бір топ адам түседі. Мұнда Алматыдан келген тілші-журналшы Мардан, дистанция начальнигі, Түрксіб қызметкерлері. Екінші машина. Алдыңғы келгендер мен Ниналар – бәрі қосылып, сол соңғы машинада келген кісіні қарсылайды.

– Обком, обком машинасы да келді, – деседі.

Машина тоқтағанда, бұрынғы қалпынан сәл тола түскен Сапар шығады. Барлық жұрт вокзал үйінен өтіп, рельс бойына шығысады. Нина биікте тұрып, өзінің оқушыларын кезегімен мамандық орындарына, атын атап ұсынып тұрады.

– Қызыл тулы Түрксіб коллективінің ішінен шыққан, бұрынғы қазақ батрактарынан бүгін Түрксібтің өз бойында, үлкен мамандық еңбек ететін қайраткерлер әзірлеп тұрмыз. Тарих жолына қазақтың Түрксіб бойында туған, советтік шойынжолшы мамандарының мықты тобын шығарамыз. Кезекпенен атайтынымыз мыналар: Оспанов Ораз, – дегенде, 720-50-ші паровоздың иығына Нинаның қасынан бөлініп, балғын бойлы, сұлуша қазақ жігіті қарғып шығады.

– Түрксіб бойындағы бірінші қазақ – паровоз машинисі. – Қимылдары батыл, еркін Ораз машинасының бір-екі тұтқаларын қозғап қояды да, жұртқа қарайды.

– Мен кешегі бала жігіт күнімде, осы Қостөбеде қоңыр өгізге мініп, Сартай байдың қоралы қойын баққан

малшысы едім. Осы Қостөбенің жанында, мимырт-таған өгіз аяңымен талай күндер, талай айлар, көп жылдар кешкен ем. Бүгін сол өгіз аяңға жеткізбей қоятын елсіз құм, қу медиен, қу даланы қырық километр шапшаңдықпен мынау “Комсомол” паровозымен жүйткіп өткелі аттанып тұрмын. Сөз қысқа, машинам жүр деп тұр, мен жол тарттым. Бұл күнге, бақыт күніне бар алғысымды арнадым.

Жұрт қуана мәз болысады. Осы кезде, жерде бес кісілік кішкене оркестр “туш” ойнайды. Барлық жұрт күле, сүйсіне бұрылысады. Екі қобыз, бір сыбызғы, екі домбыраны басқарып, өзі жасаған оркестрін ойнатып тұрған Сексекті көріп, қалың жұрт әсіресе сүйсіне қошеметтейді.

Нина:

– Біздің екінші, жаңа өнерпазымыз – жол мастері, бұрынғы батрак Байжанов, – дейді.

Өз орнына Байжанов барады.

– Паровоз бөлімінің начальнигі орынбасары Смағұлов. 1927 жылға дейін жылқышы болған.

Кезегімен ол шығады. Бұлардың бәрі шыққан сайын Сексектің оркестрі “туш” ойнап тұрады.

– Он кісі – болашақ дежурный по станции, – деп Нина айғайлайды, – 20 кісі машинист помощнигі, 30 кісі стрелочниктер, – осы топтар барлығы бөлініп-бөлініп шығып тұрады. “Туш” ойнап тұр. – 20 кісі начальник станцияның оқуын бітірді, – дейді.

Қалың жиын қошеметпенен Нинаның өзіне де қол соғады. Енді біразда Сапар, станция начальнигі, Нина, Алуалар және бұларға қосыла Мардан да бөлек шығады. Сапар станция начальнигіне Алуаны көрсетіп:

– “Қостөбе” жақсы істеді. Станция өз жұмысын да, оқу комбинатын да жақсы сапаға көтерді. Бірақ, жолдастар, әлі де көп қарыздарың ақталмаған, ада болмаған бір жағы бар.

– Ө не? – десіп Нина, начальниктер бұрылысады.

– Сіздер мынау Ақталдың бойында бірнеше колхозға шеф едіңдер. Күштерің бар, колхоздарда егіс, үлкен науқан басталғалы жатыр. Сіздер әлі іс көмегін де, күш көмегін де, адам көмегін де берген жоқсыңдар. Мынау Алуа Сатаева “Ақтал” колхозына әлдеқашан барады – деп едіңдер, неге мұнда жүр?

Алуа жауап береді:

– Рақмет мұны айтқаныңызға, жолдас Сапар. Мен шеф болса, шефтік болсын деймін. Барсам, “Ақтал” колхозына “Қостөбе” станциясының көмегімен барам. Өне, олар сол көмекті сұрап келіп, мені шақырып отыр. Менің қолыма трактор, бензин, машина берілсін. Мен оқуымды тоқтатып, қазір жөнелемін.

Сапар станция начальнигіне бұрылып:

– Жолдас начальник, ендігі іс, жауаптылық – бәрі сізде, – дейді.

Нина мен Алуа екеуіне Мардан оралады. Мардан өз жайын баян етеді.

– Мен Алматыдан әдейі келдім. Мені баспа орындары жіберді, газеттен келдім. Бүгінгі, жаңағы мерекені жазам. Ақтал бойының бүгін жеткен салтанатты табысын жазам.

Алуа Марданға таңырқай қарап:

– Сөйтіп, сені мақтайды екен, Нина. Несі бар, жақсы ғой, ә?

– Жақсы, жазсын, сонда жақсы болар.

Мардан бұларға әдеппен иіліп, орала сөйлейді:

– О, мен сондай сүйсіндім, сондай қуандым. Әрине, мен бар шамам жеткенше жақсы жазам, мақтап жазам.

Алуа әзіл етеді:

– Жоқ, біз сіздің мақтап жазғаныңызды сұраған жоқпыз.

Нина Алуаны қостайды.

– Әрине, әсіресе Алуаның оқуын қимай, колхоз науқанына кешігіп жатқанын қатты сынап жазу керек.

Мардан әлі де сақ, орамды жүзбен сөйлейді:

– Жоқ, мен көптен көрмеген Ақтал бойының соншалық жаңғырған, жайнаған шағын көріп тұрып, бүгін сынап қарауға мұршам жоқ.

Алуа енді қағыта сөйлейді:

– Жолдас Мардан, онда бүгінгіні сынай алмасаңыз, бұрын кім болғанын еске алсаңыз, бұл жерде жаңағы батрак атаулының күйі не болғанын еске ала жазсаңыз, сын да, шын да қаулап шығып жатқан жоқ па? Әлде оны ұмытқан ба едіңіз? – деп, мәнді пішін көрсетіп, Нинамен қосыла күліседі.

– О, ұмыту ма? – деп, Мардан тез басқа, еркін қырға,

кұбылысқа ауысады. – Ол бұрынғыға мен өзім де сондай кектімін. Білуші едіңіз ғой, Алуа. Бұрынғының сорақысын ашып жазу керек болған кезде, ол менің өзгеше құлшынып істейтін ісім болар.

Алуа әлі де сынасып, ырғасып келеді.

– Бәрекемді, мен сіздің сол бұрынғы замандарды, халдерді жақсы біліп, жақсы әшкерелеп жазғаныңызды оқуға қызығар едім.

Мардан іле жөнеледі:

– Ендеше, мен осы күнде тарих ғылымына маманданып келе жатырмын. Қазірде оның кезі емес, бірақ аз уақытта, менің қазақ тарихы туралы жазған еңбегімді де оқырсыз. Сіз қызығып оқитын болсаңыз, ол жәй мені әсіресе шабыттандыра түседі, Алуа, – деп, аса биязы, сыпайы өзіл қалпына сөз ауыстырған Мардан, Алуаны бұл жерде бөгеп кетеді.

– Иә... Сапарыңыз оң болсын... Жайнатыңыз біздің туып-өскен асыл Ақталымыздың бойын. Қарындасым Алуа, жолыңыз болсын, – дейді. Алуамен екеуі мағыналы түрде бір-біріне бас иісіп, анық сырттай қошемет көрсетісіп айрылысады.

Осы көшеде Алуа Бейсен, Оспанменен жедел басып сөйлесіп, “жүреміз, жөнелеміз” десіп кетіп бара жатысады. Осы көшеде, екінші жаққа қарай бет бұрып, Мардан мен Жаппар біріне-бірі иық тиістіріп, сырласа сөйлесіп барады.

– Қандай боп өскен өзі, әрі сұлу, әрі есті, – дейді Мардан.

– Иә, аса жақсы.

– Ендеше, несі бар, ухаживать ету керек.

Жаппар таңдана қарайды, Марданның ниетін ұққысы келгендей.

– Қалай ухаживать ету? Мақсат не?

Мардан маңыздана күледі.

– Ухаживаттің мақсаты біреу ғой, ал өзгелері содан әрі өздігінен туат та. Бұл өзі, тегі, өрлей түсер. Бәлки, ұзаққа да сілтер. Ал соның қажеті бар ма? Мұны бұрынғы батрак деп жіберіп жатыр. Іс жүзінде не істесе, соның бәрінің өзі де бір тың үгіт болады. Міне, бар мақсатты осыдан айыру керек қой.

Жаппар мұны түсінді, енді ақылдаса сұрайды.

– Өзін ухаживать еткізер ме екен?

– О, оған сенің бірнеше жақсы жағдайың бар ғой. Ең әуелі, 1926 жылы өзін құтқарған кісісің. Екінші, өзін сұлу, өзің бойдақ жігітсің. Және өзін жақсы фермаға бастықсың. Солай емес пе? Ал содан ары... тегінде, жолаушы жүрген әйел әр кезде әлсіздеу, еркекке күні түскіш болады. Сен болсаң екі шартқа мығым бол. Өзіне қатты ілтифат көрсет те, жабыса бер, сонан соң аса жиі мақтай бер, тамашалай бер. Еркектің жабысқақтығы салғаннан жирентіп жібермесе... көбінше дегеніне жеткізеді.

Екеуі қол қысып қоштасып тұр. Ажарлары жігіт пен қыз арасын ойлаудан әлдеқайда алыс бір жайға серттескен адамдардай.

Кешке Марданның кабинетіне ақырын есік қағып, жалтаң көз, жасырын жүрісті бір адам кіреді. Өңі қатты тотыққан, екі көзі жалт-жұлт, жарқ-жүрқ еткен оқшау адам. Мардан есікке шапшаң ұмтылады.

– Жалтыр?

– Жеттім бе, әйтеуір. Аман, тыныш жүрмісің, жалғызым, ең соңғы сүйенерім, Мардан жаным...

– Ақырын, тыныш, өздерің ше? Келді ме?

– Келді, жетті елге.

– Серіктері бар ма?

– Бар, бесеуміз. Жолдастары өңшең сен тұр, мен атайын... Өткелектің бөрінен өткен, барды басынан кешіргендер.

– Елде ешкімді көріп табысты ма?

– Әзірше сақтық етіп жүр, қит етсе көрсетеді... Ел кедейі бұрынғы емес, өшігіп болған дейді ғой шетінен.

– Солай. Аса, аса сақ болсын, сенбесін ешкімге, ұстап береді. Бірақ қандай күнде де мені көрмеген, білмеген бетте кетісіндер... ұқтың ба?

– Әрине, ол кісі де соны айтады.

Мардан бір буда ақшаны орап береді, құрал да ұсынады.

– Ал өздеріңе айтарым, бұл өлкеден мал-мүлік, күш-қаржы алыңдар да, тайып кетіңдер. Құмға, шекараға тартыңдар, – деп, ойланып тұрады да, ендігі сөздерін салмақпен айтады.

– Айтпақшы, жақында сол елге Алуа дейтін қыз барады. Баяғы біздің жылқышы Сатайдың қызы. Өзі менің тегімді, бұрынғыны да тым көп біледі. Ал мен партияға

кірмекпін. Доғалмен туыс та емеспін. Фамилиям Дулаттан емес, төртінші атам Есеннен. Осыны да біле жүрсін. Ал, бар.

— Қош, бәрін ұғындым, бек бол.  
Ұрлана, жалтақтай тайқып кетеді.

\* \* \*

Алуа далада ақ айғырға мініп, жортып келеді. Астындағы айғыры баяғы Сатай мініп соғысатын ақ айғырдан айнымайды. Алуаның қасында бір топ аттылар. Арасында Сексек те бар. Ол қалаша киінген. Ақ айғырға қарап Сексек қайран қалады. Қатар келе жатқан қартаң колхозшыға бұрылады.

— Ақсақал, мынау қай текті жылқы?

Колхозшы ақ айғырды біледі.

— Е, бұл баяғы Дулат байдың тегінен.

Сексек түс көргендей қатты таңырқайды.

— Ойбай-ау, ақ айғыр ма?

— Иә, атақты ақ айғырың.

— Дулат байдың ба?

— Е, Дулат байда болған.

— Ойпырау, не дейсің, не дейсің? Әлі тірі дейсің бе?

Колхозшы Сексектің аңқаулығына күледі.

— Жоға, бұл анау ақ айғырдың баласы емес пе? Бірақ өзі де сондай, бәйге... Үйірі де мол.

Сексек Алуаға оның атының жайын айтып, кеңес береді.

— Сен ылғи осыған мін. Мұның әкесі сенің әкеңнен ажыраспаған.

Аттылар бір қыстақ жанынан өтеді. Сексек бұл жерді таниды, бірақ Ақтал бойы өзгерген.

— Мынаны қара, Алуа. Мынау Кеңсу ғой. Біз осы арадан қашып ек қой.

Алуа да жерді таниды.

— Онда тек киіз үйлер еді.

Алуаның қасында Жаппар келеді. Ол Алуаға барынша зор ілтифат көрсетеді.

— Енді киіз үйді тек музейден көрерсіз. Халықтың отырықшылыққа қандай қуанып ауысқанын білсеңіз...

Сексек өзінің қасындағы екі құрбысын қалжың етеді.

– Дүниенің өзгергенін айтсаңшы. Мынау Оспанның сакалы да жоғалып кетіпті. Тон-шекпенді де тастапты. Баяғыдан қалған жалғыз жұрнақ – мұрты ғана.

Колхозшылардың киім үлгілері бұрынғыдан мүлде өзгерген. Оспан да қалжыңдайды.

– Ал Сексек тіпті мұртты да беріпті. Жұрт қартайса, бұл жасарады.

– Енді қалай? Өзім үшін, әкем үшін де қайта тұрғым келеді.

Далада шексіз мол жерлер жыртылған. Алуа жолдас-тарымен егіншілерге келеді. Бұлардың ортасында колхоз бастығы Бейсен, ол Алуаны қарсы алады.

– Сенің көмегіңе халықтың ырзалығын айтсаңшы, Алуа.

Көп колхозшы Алуаны қоршап алып, өздерінің сүйсінгенін айтады. Алып қайраткер тракторды Алуаның көмекке әкеп бергені үшін алғыс айтысады.

– Атағын ғана естуші ек.

– Піл әкеп сыйладың ғой, қызым.

– Жануардың қайраты-ай.

– Колхозға анық сенгенім осы.

Алуа тракторшы Сашамен сөйлеседі. Бұлар бұрын таныс, өз адамдарынша кездеседі.

– Саша, саған жұрттың қандай қуанатынын білдің бе?

Тракторшы күледі. Оның өзі де дән ырза.

– О, Алла, мен машинаны мұндай жақсы көретін жұртты көргем жоқ. Бұлардың көзінде мен трактор емес, планеталар арасындағы ракетада келе жатқан кісідеймін.

Алуа, Саша мен Бейсен және бір топ колхозшы төбе басынан тағы жыртылатын мол, тың жерлерге қарап тұр.

Ат үстінде тұрған жиынға желе шоқып, шауып отырып асыққан, асығу үстінде аптыққан, сәл ашуланған жас жігіт жетеді. Киімі жартылай қалаша, өңі жұқалау, сұлу келген жігіт. Бұл – гидротехник Арман. Ол келе Бейсен, Оспанмен амандасады. Жаппармен де таныс. Алуа екеуі салқын ғана қарасып, сәл бас изеседі. Жігіт салған жерден Бейсенге кінә арта сөйлейді:

– Маған берген кісілерің қайда, “Ақтал” колхозы? Қашанғы тосам?



Бейсен қысылыңқырап Алуаға қарайды.

– Біздің бар колхозшыны әуелі егінге шығарды ғой мына кісі.

Арман ашулана, кекете сөйлейді.

– Егіс, егіс. Мен істеп жатқан жұмыс колхоздікі емей, жаудікі ме?

Бейсен дауласпай, баяу жауап қатады.

– Бірақ егістің күні тығыз, алдымен егіс деді ғой мына ауданнан келген кісі.

Арман ашуланады.

– Тыңдамаймын, аудан түгіл, аспаннан келсін.

Алуа еріксіз сөзге араласады.

– Бұл кісіге не бересілерің бар еді, Бейсен? Кімді сұрап тұр?

Арман өзі омыраулап сөйлейді. Алуаға да суық, зілдене қарайды.

– Мен ерігіп жүрген кісі емеспін. Ақталдан арық алғалы, осы бес колхозға, биыл жаз қалың егінді суаратын су бергелі жүрген гидротехникпін.

Алуаның өңі жадырап, жылына қарайды.

– Ә, мен білемін, сіз жолдас Армансыз ба! Ісіңізге сәт болсын. Ақтал бойының көптен күткен маманы сізсіз.

Арман түсін жылытпай, әлі де ызалы сөйлейді.

– Күткені бар болсын. Мезгіл өтіп барады. Мен әр колхоздың берем деген адамын емініп сұрап, жалынып алмақ па екем?

– Жолдас Арман, сіздің асығуыңызды түсінемін. Бірақ мұндағы жайды сіз де ұғыныңыз. Құрғаққа егетін егістің бір күні өтсе де, үлкен қатер. Бұл тұстың күні шыға келе қайнап кетеді. Құрғақтың егісін анық бір күн өткізіп салса, көп күн өкініші кетпейді. Сондықтан бар колхозшының күшін осы жотаға әдейі салғызып тұрмын. Сіздің ісіңіз үш күнге шыдайды.

Арман омыраулап ашу шақырады.

– Керегі жоқ ол басалқаның, маған кісі керек.

– Бүгін сізге кісі жоқ.

– Онда менің ісім жоқ. Сіз ауданнан келген болсаңыз, бассыздық етпей, алдымен менің ісімнің мәнін түсініңіз.

Алуа берік, салқын, салмақты сөз тастайды.

– Сабыр етіңіз, жолдас.

– Керегі жоқ сабырдың, жиылыс шақыр ендеше.  
– Жиылыс осы, өзге жиылыс шақырылмайды. Тыңдаңыз, ұғыныңыз айтқан сөзді.  
– Тыңдамаймын. Сіз менің ісіме бөгетке келгенсіз, мен ауданға, Алматыға шағамын сіздің ісіңізді. Шақырыңыз жиылысты.

Алуа:

– Жиылыс осы, “Ақтал” басқармасы осында тұр.

Бейсенге бұрылады да:

– Жолдас “Ақтал” колхозының бастығы, колхоз басқармасының мәжілісі осы арада өткенін мақұл дейсіз бе?

Бейсен:

– Мақұл, асығыс болса, өтсін қазір. Аштым жиылысты. Мәселе – біреу. Гидротехник Арманға он кісі колхозшыны бүгін беру ме? Үш күннен соң беру ме? Мәселе ашық. Үш күнге егіс уақыты тығыз, тосуға болмайды. Сондықтан жолдас Арман үш күн тоса тұрсын. Мұнда, жотадағы құрғақтың егіні бітсін деген ұсыныс бар. Осыны қостағандарың қол көтер.

Саусақтарына қамшыларын ілген Оспан, Бейсен сияқты бірнеше колхозшылар қол көтереді.

Арман ашулы серпінмен атын борбайлап, ойға қарай шаба жөнеледі.

Алуадан қалыспай жүрген Жаппар, жаңағы сөздер мен жаңалықтарды екі ұдай аңғарады. Алуаның көзінше үнемі жарқырап күледі де, одан жүзі тая бере беті, ажары шұғыл өзгере қалады. Көптен оқталып, Алуаға сан рет бір жайды айтқысы келеді. Бірақ қызды жұмыс пен өзге адамдар алаң ете береді... Ақыры, бір алаң мезгіл тауып, қатар келе жатып, Алуаға сөз қатады:

– Алуаш, келгенің, туған жерге осындай боп келгеніңіз қандай тамаша. Сені мұнда қандай жақсы көретінін байқайсың ба жұрттың?

– Мен де туған жерім мен елімді сонша сағынған екем, енді ғана аңғарам.

Жаппар Алуаға ынта-зар көзімен қарайды.

– Сені өзгеше күткен, өзгеше сағына күткендер де бар, оны байқайсың ба?

Алуа бұл сөзге таңырқайды, тоспаған жаңалығы. Бірақ сұлу жігітке қадалған көздерінде бұрын ешбір жанға ашылмаған жүректің соншалық шыншыл бір толқуы

бардай. Бір сәтке соншалық жұмсарып, әзіл тартып көзін төмендетеді.

– Биыл ғана, бүгін ғана емес. Талайдан солай ғой. Ылғи күтумен, белгісіз күтумен, бір ғана қиялмен тірлік еткен жан бар ғой.

Алуа қатты ұялғандай, атының жалына сәл иіледі де, сыпайы жүзі жымиып, өзінен-өзі сырын жасырғандай, басын шайқайды. Үлкен толқынмен деміккен, сұлу жүзді жігіт бұған жанаса, төне түсіп, айдалада жапа-жалғыз екеуі болса да, сыбырмен, үзіле өтініш айтады:

– Қазір жауап берме, жаным, тек үмітімді, күдерімді үзгізбе. Мен сенің шұғылаңа алыстан, алты қырдың астынан елтіген жанмын...

Алуа қолын сыртына көтеріп:

– Тоқтаңыз, жетті... айтпаңыз, – деп үзік-үзік әлсіз үн қатады.

Үміт арта түскен Жаппар тағы да ентелеп, жанаса түсіп, соңғы өтініш айтады:

– Қазір жауап айтпа, өтінемін. Ертең кешке Текелінің бауырында Назарбек шалдың қой фермасына келші. Елден аулақ, оңаша ғана, сонда ғана сөз қатысайық. Тостым сонда, келесің бе? Айтшы, жаным, өтіндім!

Алуа жауап берген жоқ. Өзінің үнсіздік қалпында, біраз толқи түсті де, енді атын қамшымен бір салып, шаба жөнелді. Жаппар қалып қойды. Ол сенімді, сайқал жүзбен жымия түсті. Алуаның қасында Сексек қоса шауып келе жатып, ештеңені аңғармай, Жаппарды мақтап келеді.

– Жаппар неге қалып қойды?

– Білмеймін... Білмеймін...

Алуа өзінің ішкі даусына жауап қатқандай. Ол Сексектен де ұялады. Өз ішінде оянған сезімін анау көріп қоятындай тығыла түседі. Сексек өз бетімен сөйлеп келеді.

– Неғып қалып қойды екен. Өзі бірденеге ренжігендей, өңі де қып-қызыл боп балқып қалыпты. Бірақ сондай сұлу, жігіттің төресі, бүлдіршіндей... Үріп ауызға салғандай...

Алуа күле береді. Жаппар турасында Сексектің айтқан сөздерін ұнатып тыңдағандай. Сексек Алуаны күлдіргеніне ырза боп, тағы сөйлейді.

– Шын бүлдіршіндей сұлу. Ал шаруасы қандай. Мал жағының бригадирі ғой. Қойлар фермасы тап өзіндей, тегіс тамаша дейді.

Кешке, колхоз клубында Алуа, Сексек, Жаппар. Мұнда көп үлкендер, балалар да мол. Мұндағы еркек, әйелдер баяғыда Доғалдың батрактары болған, кейін оны кәмпескелеген, бүгін егінде болған колхозшылар. Жүздері, киімдері, көңіл күйлері – бәріне қарағанда, бұлар енді мүлде басқа адамдардай. Жақсы киінген, өздері көңілді. Клубта балалар көп, олар оқытушысы Сәруәрдің қасына жиылған. Бұл баяғы 1926 жылы Алуа қызыл отауда кездестірген қыз.

Балалар мен оқытушы Сәруәр Алуадан өтініш етеді:

– Бізге қаланың әнін айтып беріңізші.

– Жаңа әндер үйретіңізші.

Үлкендер де Алуаның ән салуын сұрайды. Алуа көпшілік жүзіне қарап, ән айтуға көніп, клубтың сахна жағына шығады. Бұл өз кезегін тосып тұрғанда, қасына Арман келеді. Арман әлі де салқын, Алуаға жақындай түседі.

– Өкіл жолдас, сіз ауданнан келіп, менің ісімнің бір “Ақтал” колхозы емес, осы барлық Ақтал бойына ең қадірлі, ең қажетті іс екенін түсінбегеніңіз не? Мен соншалық ызалымын.

Алуа қысылмастан күліп сөйлеп, жауап береді:

– Түсінбеді деп сізге кім айтты?

– Түсінсеңіз, Ақтал бойында бірінші рет тоғам алудың әрі бүгін үшін, әрі болашақ үшін қаншалық тарихтық уақиға екенін маған айтқызудың не қажеті бар еді?

Алуа тағы да күледі.

– Сізге оны айт деген кім бар, қажет қылған кім?

Арман Алуаның күлкілі пішініне ызаланады.

– Айтам ғой, сіз түсініп те жетпеген сияқтысыз.

Осы уақытта Алуаға кішкене қыз Әсия жүгіріп келеді.

– Алуа төте, сіздің сахнаға шығатын кезегіңіз, – дейді де, өзі халық жаққа жүгіре шығып: – Қазір бізге қаланың әнін Алуа төте айтып береді, – дейді.

Арман сөзін айтқысы кеп, ентелеп тұрса да, Алуа күледі де, сахнаға қарай жөнеледі. Ол әдемі әнді әсем шырқап айтып өткенде, зал дулап, сүйсініп қол соғады. Мұның әнін шала тындаған Арман алдынан ұмтыла шығады.

– Сіздің ойыңызша, қазір астықтан басқа дүние жоқ.

Алуа күледі де:

– Қазір одан басқа ән бар, – деп ойнақыланады. Арман ызалы:

– Иә, астық пен ән. Одан басқа түк жоқ, солай ғой, Алуа?

– Астық пен ән. Қазір одан басқа түк жоқ.

Зал “биске” шақырып дулап жатыр. Алуа Арманды әзіл еткендей күледі де, сахнаға қарай шыға береді. Ол онда тағы да әдемі ән шырқайды.

Арман бұл жерде бұлқынып қалған. Әрлі-берлі жүріп, бір сәтте, амалсыздан Алуа әнін тыңдай қалады. Ән сондай жақсы, мұны жеңіп бара жатқандай. Жігіт жүзі сүйсінген күлкіге ауысады да, кейін өзімен-өзі алысып, тыю салғандай, шұғыл өзгеріп, ашуға басады. Қайта ұмтыла береді.

Алуа күліп, сахна сыртына шығады. Жас қыздар тамашалап, сүйсініп, құшақтай қоршап жүрген Алуаға Арман тағы наразы сөздерімен тап береді.

– Астық қана дейсіз. Арықтың әкелетін қасиеттерін ойлап та көрген жоқсыз. Бұл өлке, Ақтал бойы енді бидай ғана емес, қант қызылшасын өсіретін, қант заводтарына толатын өлке болады. Арық жүрген соң бұл өлке әлдеқандай бидай емес, ақ күріштің балқып өсетін өлкесі болады. Бұл өлкеде сан саты электр станциялары орнайды, ол не деген сөз?

Алуа күледі де, еркін, кең әзілді салып, өз сөзін тастайды:

– Мұның бәрі дәл бүгін, мен үшін тәтті түс, қазір мен үшін ақ күріштен қызыл бидай көп қызықты. Үйткені қазір, әсіресе қазір, бүгін... соны ектіру, үлгіру менің ең зор қиялым.

Арман қолын сілкіп, мұнымен сөйлескеніне өкінгендей, соңғы қорытындысын жасайды:

– Түу, не деген, не деген шолақтық. Сіздің бар түсінігіңіз артта қалған, отсталый.

Алуа және күледі.

– Қызыл бидай біздің халық үшін, жалпы адамзат тарихы үшін, қаншалық артта қалған ұғым болса, менің де бүгін артта қалғандығым сол болсын, жігітім. Бол-ақ қойсын, – дейді де, енді бағанадан қасына оралып жүрген, кішкене қыз Әсияға иіледі.

Арманнан сырт айналып кеткен. Жігіт анық араздық сақтаған адамша, оқыс жалт бұрылып жөнөп кетеді.

– Сен кімнің баласысың, Әсия, кішкентай? Сен сондай жақсы ән саласың. Маған апаң мен ағанды көрсетші, – дейді Алуа.

– Олар жоқ...

– Қалайша?

– Олар өлген. Әжем де өлген. Әжем де өлді ғой менің. Мұның ендігі жайын Сәруәр айтады.

– Туғандары жоқ. Біздің мектептің жатақханасында жатып оқиды, өседі.

Алуа қызды құшақтап көтеріп, тізесіне отырғызады, әңгімелеседі.

– Сен сондай әдемі ән айтасың. Менің ойымша, атақты артистка боласың ғой деп ойлаймын.

– Жоқ, мен ұшқыш болғым келеді.

– Айналайын, о да сондай жақсы. Білесің бе, мен де ұшқыш болуды қиял етемін. Жарайды, екеуміз бірге ұшамыз да. Ал, қазір кел, ән салайық.

Екеуі ән шырқайды. Осы залда маңына үлкен топ оқушыларды жиып алып, Сексек хормен ән айтуға үйретеді. Өзі хормейстер, өзі дирижер. Тағы бір топқа барып, домбыра, қобыз оркестрін ретке салады. Скрипка, гитара, мандолинаны да күйлеп береді. Домбырада кішкене қызық күй ойнайды. Ал Жаппар әлі де Алуаның маңына оралып жүр.

– Бес жыл, жиырма алтыншы жылдан бері бес жыл бойы. Көзім жатқа қарамас. Жат та маған жарамас.

Алуа:

– Болды, арғысын айтпаңыз...

Жүзіне сәл сезік, ашу білінгендей, үнсіз. Артынан аз жуасып, мойындағандай.

– Аузыңызға қандай сәтсіз жолдар оралды?.. Мен көп ойланып, асықпай жүріп дегенімді тапсам деген қиялдамын. Бұл жайда мен қиялшылмын. Ал сіз қатты қатал емессіз бе? Екеуміз екі сайдың жемісі емеспіз бе екенбіз осы, орысша айтқанда?

– Орысшаны білу керек. Бірақ сыр мен шынды қазақ тілімен айтсаңшы, Алуаш?

– Бұл да бір қызық шындық екен.

Алуа бойын жия сөйлейді. Бұлардың қасына Арман келеді. Жаппар Алуамен енді істің жайын сөйлеседі.

– Мен бүгінгі түн тауға, фермаға кетем. Алуа, кішкене жас қозыларды көргіңіз келе ме? Олар сондай сүйкімді ғой.

Алуа толқиды.

– Мен барар едім. Және малшыларда болғам жоқ. Қозы қай фермада?

– Назарбек қартта, тау ішінде, Теренсайда. Барасыз ба?

– Бәлки, барармын да, ертең...

– Жә, мен сізді қарсы алам. Солай шештік, дәл ғой?..

– Дәл, кешке...

Жаппар Алуамен қоштасады. Алуа оны көзімен ұзатып салады.

– Тауға несіне барасыз, Алуа? Қойда неңіз бар? – деп, Арман батыл сөйлейді.

– Е, барса несі бар? Онда қазір мал балалап жатыр, кампания.

– Саулықтар сіздің жәрдеміңізсіз де қоздай алады. Шабандар көп, одан да маған көмек етсеңіз етті. Біз колхозға сөзбен емес, іспен көмек етушілерміз ғой.

Алуаға мұның кекесіні жақпайды.

– Сіз сөзбен көмек жасауға болмайды дейсіз бе?

Жігіт Алуаны ыза қылғанын байқаса да, бұрынғысынша мысқылдай түседі.

– Иә, сөзі көптің бәрі де көмегім көп дейтін әдет қой.

– Не сіз қателесесіз немесе жұртты орынсыз тұрпайы кінәлауға құмарсыз.

Арман күледі де, енді Алуаны ашуландырғанын көріп, соңғы сөзін айтып, тая береді.

– Ендеше, сол фермаңызға барыңыз да, бір жүз саулыққа егіз табу жөнін үгіттеңіз. Соған көндіріңіз. Колхоз қазынасын сөзбенен байыта түсіңіз.

Алуа ашулы жүзбен теріс айналады. Екі айрылып кетіседі. Енді Алуаға колхоз бастығы Бейсен келеді. Мал туралы естіген жәйсіз хабары бар, соны айтады.

– Алуа, бірталай малды жоғалтып тұрмыз. Ақ айғырдың үйірінен таңдаулы алты ат пен ту бие жоқ.

Түнде үлкен төрт құлақты бейітте 5-6 кісі жасырына тығылады. Түстері ұры, жау рендес. Біреуді тосады. Тышқанша шықылықтап үн қатысады... Тыстан да сондай үн келеді. Бұлар тосады. Жеткен Жалтыр. Құрмет көрсеткен бастығы бар, ол – Доғал. Сақал-мұрты тығыз өскен, өзгерген. Қолында обрез. Доғал қатал, қысқа үн қатады.

– Сатылды ма?

– Сатылды... Шүкір, енді пұл да бар. Аттарың сай ғой?

– Сай. Аз күнде басқа жаққа ауамыз.

Қасында өзіндей қатал, бекем серігі бар. Сол шыға сөйлейді.

– Бұл колхозды масайратып қалдырмай, түршіктіріп кетеміз.

– Жүрегін шайлықтыра беру шарт.

– Оның рас. Әлі қызығушымен қатар қобалжушы да көп. Тракторға мәз болса, мықты бір шығыннан шошып, түршігіп қалсын. Әйтпесе, Ақтал бай Доғалдың тұсындай емес, көгерді десіп шулатып жатыр.

Доғал:

– Кім шулатады? Қаладан келгендер де бар ғой?

– Бар.

– Ол кім?

– О несін айтасың, баяғы өзіңіздің жесіріңіз, жылқышы Сатайдың қызы Алуа кепті. Сол кепті, тракторды сол әкепті.

– Алуа ма?

Доғал ызалы сызданады.

– Айт анаған. Маған сол немені кездестірсін.

Жалтыр қызметке әзір, жағына жымияды:

– Сіздің көргіңіз келетінін мен білген ем, мырза.

– Ендеше, не істеп ең?

– Онымен көрісетін жеріңізді айтам.

Жалтырға ырза болған бандалар кісіней күліседі.

Жалтыр тағы сөйлеп тұр:

– Және бір қызығы, тап сол Алуа ақ айғырға мініп жүр.

Доғал бұл хабарға әсіресе қызығады.

– Ол менің баяғы бәйге айғырымның баласы ма?

Кәмпеске жылы дөнен еді, қазір кемеліне келген, бұл да бәйге ме екен?



– Қандай бөйге десеңізші. Әкесінен де атақты. Алуа соны мініп жүр.

– Тартып аламыз, сөз жоқ. Менің қанатым сол болды, өз малым. Тағдыр өзі әкеп тұрған жоқ па?

Доғал жолдастарына қарайды. Қол соғысады. Ақырын баспалай қарап, аттарына кетеді. Қалың түн ішінде есіз тауда, мелшиген жым-жырт тастар арасына батып жоғалып бара жатысады.

\* \* \*

Үлкен тау бөктерінде терең шатқа тығыла отырған жалғыз қыстау. Сол қыстаудың сыртында, азғана жас қозыларды жайып, ойға қарай бет бұрып тұрған Назарбек. Мұның сақалына бұл күнде бурыл кірген. Айнала көгеріп келе жатқан әсем дүние. Алыс, кең көк дала. Ұзын таяғына сүйеніп, күлімсіреп ойланып тұрған Назарбектің жүзі бір сәт алдына қарап, шұғыл өзгереді. Есік пен төрдей жердегі жартастың басына сескене қарайды. Жартастың ар жағынан жасырына көтерілген адам жүзі көрінеді. Қара сақалына бурыл араласқан, бұл күнде қаба сақалды болған, баяғы мырза – Доғал.

– Сен кімсің, ей? – деп, Назарбек сескене қарайды. Шегіншектейді.

– Сескенбе. Назарбек, Назарбек. Мен, мен ғой.

– Доғал... Мырза Доғал?

– Ия, бұрын мырза болса, бүгін не десең де ырза Доғал.

– Неғып жүрсің, қайдан жүрсің?

Доғал енді жіті басып жетіп келіп, екі қолымен Назарбектің қолын алып, қауқандаған болады.

– Неғып жүруші ем, міне, тау-таста аң болып, бұғып жүрмін. Жалайырдың баласы, жанашыр біреуің болса, оң назарыңды сұрай келдім.

Назарбек тіксіне қарайды.

– Өзің қашып жүрсің ғой?

– Менен ерік кеткелі қашан, сүйтпей неғып жүр дейсің. Осы өмірде бір өзіңнен басқа сенерім жоқ, жан жүзіне көрінгенім де жоқ.

Назарбек енді шұғыл өзгеріп, түйіліп ызалана сөйлейді:

– Сүйтіп, мені паналап келдім десейші.

– Таптың. Әрине, Назеке.

– Мені жасыр деп тұрсың ғой?

– Әрине, Назеке.

Назарбек ашулы жүзбен шұғыл кесіп, қатты дауыстап жібереді.

– Жоқ. Енді алданатын Назарбек жоқ. Баяғы құл Назарбек жоқ, мырза Доғал.

Доғалдың жүзі шұғыл өзгереді.

– Не дейсің? Мен неге болса да бел байлаған жанмын. Жалғыз сенгенім сен, іздеп келгенім сен. Кейін тағы оралам. Ойлан, жөніңе көш, Назарбек. Сен маған пана боласың. Боласың, – дейді де, жалт беріп жөнеле береді.

Қыстаудың тасасына қарай әйелімен бірге басқан Назарбек, ерттеулі атты нұсқайды.

– Қостөбеге жет, Алексей мені біледі. Бір-ақ сөзімді айтсаң түсінеді, – дейді де, өзі қайтадан қозыларына қарай бұрылады. Әйелі жылдам басып, атқа қарай кетеді.

\* \* \*

Түн. Тау ішіндегі оқшау қыстау. Онда жас қозылар мал қорада. Алуа мен Назарбек шам алып, қораны аралап шықты. Далада ит үреді. Назарбек алаңдай береді. Иттер тағы үреді.

– Ит үре бергені не бұл, шырақ?

– Е, қайтеді, ата.

– Әй, білмеймін, балам, осы тауда жаманат сыбыс та жоқ емес-ау.

– Қандай сыбыс?

– Кешелер бөгде жүрген бес аттыны көрдік деседі.

– Тасқа тығылып жүр ме?

Алуа мылтығын сайлап алады. Шал оны медеу көреді.

– Е, карағым, көңіліме мынау бір медеу болды-ау.

Иттер шабалана береді.

– Шамды өшірсем қайтер екен?

Шал фонарьді өшіреді, екеуі үй жаққа шығады. Қорада ақ айғыр байлаулы. Оның жанынан өте бергенде, шалдың есіне бір нәрсе түседі.

– Міне, әкесі қандай еді, марқұм Сатай тек соны ғана мінуші еді. Қанша ұры түсірді, өлгенде де соның үстінде өлді. Мен баяғыда “қосында алысам” деп, Бұланның соққысы тиіп аттан құлап қалғам-ды.

Алуа күледі.

– Сен әкеңдей бол, ер бол. Доғал байды қарғап өтіп еді. Мен одан кейін де Дулат, Доғалды пір көріп шатасып жүрдім. Білесің бе, Доғал айдаларда, сол қанқұйлыға ара түскен аңғалдығымды айтсаңшы.

Алуа шалға сүйсініп күледі.

– Япыр-ай, ата, мына сөзің қандай жақсы.

– Ойбай-ау, несін айтасың. Ол күні тантағаным үшін опық жей-жей, мына сақал-шашты да бір күзде ағарттым ғой.

Қақпа қағылады. Шал Алуаға алақтайды.

– Бұ кім екен, бөгде қағыс қой.

Қақпа тағы қатты қағылады. Иттер шабаланып тұр.

– Сескенбе, ата, мен бірге шығайын... Байқаңыз!

Екеуі есіктен сығалайды. Қараңғыда бес атты, бәрі бес ат мінген, түстері жат.

– Түстері жат мына кәпірлердің... Япыр-ай, сорыма жалғыз да болмадым... Сенің бейнетіңе душар болдым ба, балам?

– Әкемді аузыңа алдың ғой, ата, жаңа... әкем деп білермін... Енді маған сен! Ашпа!

Тыстан ақырған үндер:

– Аш!

– Аш дереу қақпаны!

– Сен кімсің, ей?

– Ауданнан... ГЕПЕУ-ден, аш.

– Ашпаймын, күндіз кел!

Тыстағылар жаяу кеп есікті соққылайды.

– Доғал, жөнел былай! – деп Алуа айғайлайды. – Атам!

– Атып көр!

– Ә, сен мұнда ма едің? Сен керексің!

– Кім керек?

– Алуа... Сатай жылқышының қызы Алуа керек.

Алуа есікке жабысып, нақтылап қарап алып, селт етіп бұрыла береді.

– Ә, дұшпан, таныдым мен де, сен бе едің, дұшпан?! –  
Атып қалады. Тыстағылар:

– Ойбай, танып қалды.

– Бәрібір біліп қалды. Енді өліспей кету жоқ. Не де болса ат! Атыс! Басып ал ферманы! – дескен қызу серттер. Атыс... Іштен Алуа атады. Шалға да бір алтатар беріп қойған. Ол Алуаны көре тұрып:

– Қарашығым-ай, ұл болмасаң болма, ұқсапсың ғой ағаңа, – дейді.

Атысу...

Алуа шалды үйге тартады. Үйткені жаулар қараңғы сырттан терезеге беттеген. Алуа үйден, есіктен де, терезе қақпағынан да кезек атады.

Шал қораға жүгіріп, ақ айғырды шешіп, әзірлеп келе береді.

– Мә, атыңа мін. Сен қаш. Тым құрыса сен құтылшы!

Шал өзі атып жүр. Алуа да осы жаққа жиі-жиі атады да:

– Ата, қорықпа, Мен құтылсам, сен де, қозылар да құтылады.

Алуа тағы атып-атып кеп, секіріп қораға шығып, ақ айғырмен жеті түнде құйықтыра жөнеледі. Жаулар аңғарып қалған. Кешігіп барып аттарына міне ұмтылысады.

– Кетті!

– Қыз кетті!

– Жой, жоғалт көзін! Ат, атқыла!

Бес атты қуып келеді. Шашы жайыла түскен, атқа ерше еркін шапқан Алуа, артына қарай отыра оқ атып қашады. Қолында жеңіл карабин, сонымен атады. Өзгелер алыстап қалады, тек біреуі жетермен боп жанын салып қуады. Ол үздіксіз атып келеді. Алуа енді дәлдеп ату үшін көлденең тұра қалады. Шауып келе жатқан жау көлденең тұрған Алуаны көздеп атып қалады. Алуа ақ айғырдан құлап түседі. Бірақ мылтығы қолында, қалтыраған қолымен өзіне қарай шауып келе жатқан жауды нысанаға зорға дегенде, бар күшін жиып, мөлшерлеп алып, атып қалады. Шауып келе жатқан жаудың қолындағы мылтығы ұшып кетеді. Кейін жалтарып шаба жөнелген ақ айғырды, артқы жаулардың іліп әкетіп бара жатқанын көреді. Алуа бір тұрып, бір жығылады. Соңғы бұл жаралаған жау да

атының жалына жабыса түсіп, кейін, өз жолдастарына қарай шауып барады.

Алуа қиналуда, жан-жаққа көз тігуде. Алабұртқан амалсыздық бір қинаса, жарасы екі қинап, қардың бетін қан етіп құлап түседі. Тағы ұшып тұрады.

Колхозшылар мен банданы қуған ГПУ әскерлері шауып келеді. Алуа соларға:

– Жау! Банда! Қозылар тұрған қораны да өртеп жатыр! Тезірек! – дейді.

Барлық жұрт шаба жөнеледі. Бытырай, тарай, қоршай шапқан. Аздан соң атыс...

Алуа қора жанында, онда өрт лаулаған. Қозылар қорасына жетіп қалған. Оқ тиген Назарбек тұрып-жығылып жүр. Құшағында төрт жас қозы. Колхозшылар төбесі жанып жатқан қорадан қозыларды құшақтап алып шыға бастайды. Ұзақ алысу, арпалысу соңында қозылар құтылды, шал талып кетті. Осы кезде ГПУ әскерлері ұсталған бандыларды алып келеді. Доғалдың қасында екі қолы жаралы Жаппар. Шал басын көтеріп:

– Бұ да сонда ма екен?! Бригадир бандит.

Алуа жаңа ғана жалт қарап біледі.

– Сен бе едің?

Жаппар үнсіз. Алуа қатты ызамен түйілген:

– Қайыр, мен өзімнің бір адасуымды атқан екем ғой, болсын солай.

Сәлден соң Арман Алуаға тақап келеді.

– Айтып ем, қаңғып не бар деп?

– Сіз немене, табалаушымысыз?

Арман күледі. Кекесін бе, әзіл ме, белгісіз... Алуа бұған деген наразылығын ірке алмайды:

– Құтқарушымының бірі болмасаңыз, сәуегейлігіңізге таң қалар ем...

\* \* \*

Жеңіл газик ішінде жаралы Алуаны бір жағынан Нинаның өзі сүйеп отыр. Екінші жақтан қартаң жүзді, ақшыл мұртты дәрігер. Алуа Нинаны омырауынан сипап, өзіне бұрып:

– Мен не істедім? Түгел білдің бе, менің не болғанымды?

Нина қысқа ғана жауап қайырады.

– Қой әзір, Алуа, басқа сөзді сөйлеме.

Алуа болмай, оны омырауынан тартып:

– Қоя алмаймын. Айт маған, не білдің, не ойладың!

Нина кесіп, қатаң үнмен байлаулы сөз айтады.

– Қазір менен бір сөз естімейсің. Жазыл, емдел, өзге бар сөз сонан соң, ұқтың ба? Тыныштал! – деп, Алуаны зілді сөзбен тоқтатады да, басынан құшақтап, туған апасындай алақанымен бетін аймалап, жұбатқандай болады.

Машина Қостөбедегі больница жанында. Санитарлар мен дәрігерлер, Нина Алуаны больницаға жеткізеді.

Больница койкасында жарасынан тәуір болып қалған Алуаның қасында ақ халат, чепчик киген Нина отыр, Алуа жылап сөйлейді:

– Мен ұяттымын. Партия алдында ұяттымын. Өмірде бір жанды сүйген болыппын да, сонша адасыппын. Неге жараймын, түкке жарамаймын.

Нина тыңдап отырып, ойлы жүзбен кейде салқын жымыып күліп қояды. Алуа қиналып жылап, сөйлеп жатыр.

– Соншалық зор сенім артқанда, колхозшы қалың жұртшылық сондай қуанышпен, достықпен сеніп қарсы алғанда...

Нина сәл жымия түсіп, салқын ғана бас изеп:

– Рас, солай еді.

Алуа тағы да қиналып:

– Солай болса, сонымен кетсем етті. Не деген сор, не деген мазақ... Қандай ұят. Қандай қиналамын. Комсомол бетіне енді не деп қараймын?

Өксіп-өксіп жылап жібереді. Нина мұны еркіне жіберіп отырып, енді біразда, қатал реңмен бұйыра сөйлейді.

– Енді бері қара.

Алуа жастықтан жасты жүзін көтеріп, бұрыла қарайды. Нина сөйлеп отыр.

– Мұның бәрі теріс емес. Рас, теріс емес деймін. Мынау көзіңнің жасы, жаңағы өкінішің – өзінді өзің жазалауың. Бәрі де теріс емес, дұрыс деймін. Сол саған керек. Себебі ты была дурой! – деді. – Идиотка, анық дура боп шықтың. Рас, бар мәселеде емес, мына бір мәселеде – жүрек мәселесінде. Ал колхоз жұмысында ойдағыдай істедің. Болды. Бұл саған сабақ. Совет әйеліне бар ерік берілген. Бар кісен, тыйым,

зорлықтар күйреген. Бірақ әрбір әйел, жалпы бар совет адамы сияқты, өзіне-өзі қатал, өз ішінде тыйымшыл болу керек. Әсіресе өзі жас, өзі сұлу болса, сол ерекше шарт.

Алуа бұл сөзге бас иеді, енді серт, ант тәрізді сөздер айтады.

– Соның рас. О-о, мен бұдан былай жүректің есалаң сезіміне ырық бермеймін. Бұрын біліп көрген емес ем. Енді бұл сондай сабақ болар маған.

Нина іле сөйлейді:

– Сабақты оқуды тек адасумен ғана, жүрекпен адасумен ғана оқу дұрыс емес, қажет емес. Ерекше ескертіп айтам, Алуа, сен әлі өмірдің басында ғанасың. Бар-бәрі, тамаша тірлік, мол-мол, шексіз болашақ әлі сенің алдында. Алыста, алыста. Сол үшін бір-ақ нәрсені түйемін: оқы, оқы, оқы. Саған партия да осыны айтады. Өйткені бізге Ленин өзі осыны айтқан. Сен ғана емес, мен өзім де әлі талай-талай оқымақпын.

Нина енді кешірген жүзбен жадырап күледі де, Алуаны құшақтап, бауырына тартады. Екеуі қатты қуанысып табысқандай сүйіседі. Алуа жылап сүйеді:

– Кеш мені, Нина, – дейді.

Нина еркелете күліп:

– Дура, дурочка, Алуа, – дейді.

## Бесінші бөлім

1939 жыл

“СССР тарихының кабинеті” деген жазуы бар бөлме. Кітап полкалары. Төрде гүлдерменен безелген ұзын көлденең стол, соны жағалай отырған жарымы орыс, жарымы қазақ оқымыстылары. Көпшілігі орта жасты және егде тартқан, бурыл шаштылар да көрінеді. Ғылым кеңесінің бірнеше мүшесі әйелдер. Солардың бірі – орта тұста отырған, тола түскен, келісті киінген Нина Ивановна.

Мәжіліс бастығы бурыл шашты, орта жасты, көзілдірікті қазақ түрегеліп, есікке қарап белгі жасайды.

– Кіріңіздер! Бері жақындаңыздар, ғылым кеңесінің сіздердің дипломдық жұмыстарыңыз турасындағы қорытындысын тыңдаңыздар!

Ғылым кеңесінің алдына қатарланып келіп тұрған отызға жуық жастар. Ерлер, қыздар аралас. Соларды кезекпен дауыстап шақырып, директор ғылым кеңесінің қорытынды бағасын айтады. Бір уақыт ол дауыстап: “Сатаева Алуа!” дейді.

Бұл күнде өңі бұрынғысынан сәл толыққырап, нұрлана түскен, әдемі киінген, ұзын қос бұрымы шұбалған Алуа сәл ілгері шығады. Сыпайы жүзі қысылып жымия береді.

Ғылым кеңесі Сатаева Алуаның “СССР-дағы әйелдер арасындағы коммунистік қозғалыстың жайы” деген тақырыпқа жазған дипломдық жұмысын “өте жақсы” деген бағамен қабылдады.

Енді біразда барлық топқа арнап, соңғы сөз айтылады.

– Жолдастар, достар. Институт босағасынан өтіп, енді тірлік, еңбек, қайрат табалдырығынан сенімді аттап, іске араласуларыңызға жол босын айтамыз. Алдағы еңбек майданында зор абыройлы, халыққа қадірлі асыл азамат болуларыңа тілеулеспіз, достар.

Жиын қол шапалақтайды. Студенттер үлкен букеттер көтеріп, ғылым кеңесінің мүшелеріне әкелісіп тапсырысады. Түрегеліп тұрған Нинаға Алуа мен тағы екі қыз, бір жігіт гүл әкеліп тапсырады. Қуанышты, салтанатты қарбалас.

Директор, Нина, тағы бір-екі ғылым мүшесі сөйлеседі. Директор аса ырза болған жүзбен:

– Алуаның жазғаны, сөйлегені – бәрі де сондай ойлы, орнықты.

Нина қостап, сүйсіне күледі.

– О, Алуа оқуға өмір тәжірибесінен келген. Оның әйел жайын зерттеуінде де үлкен мән бар. Мен айтайын – оның бұл еңбегі ғылымдық еңбек болуға жақын тұрған нәрсе.

Тағы бір ғылым мүшесі, орыс оқымыстысы қостайды:

– Сатаеваны ғылым жұмысына, аспиранттыққа жіберсе лайық, сол қажет деп есептер едім.

Осы кезде бұл топтың қасына сөздерін тыңдап тұрған орта жасты, бурыл шашты, көзілдірікті, аса сәнді киінген қазақ келеді. Ол сөзге араласады. Директор оны таниды, өзгелерді таныс етеді.



– Таныс болыңыздар, профессор Есенов, Москвадан жаңада келген. Қазақтың белгілі оқымыстысы.

Нина бұл кісіні таниды. Екеуі бірін-бірі енді аңғарысып, қолын қысысып амандасады. Ол жаңа адам – Мардан.

– Мен жаңа сіздердің Сатаева турасындағы соңғы сөздеріңізге қызығып құлақ салдым. Әсіресе оны аспирант етіп қалдырып, ғылым қызметіне беттету керек дегендеріңізге соншалық қосылам. Мен енді ұсыныс айтайын, біздің ғылымдық зерттеу институтына, яғни біздің филиалға жіберу керек.

Сол бөлмеде, онан соң үлкен залда және осы институттың ұзын коридорында үнемі жүріп әңгімелескен Нина, Мардан, Алуаны көреміз.

Нина сөйлейді:

– Онда Алуаның диссертация тақырыбы да мәлім болды ғой.

Мардан:

– Қандай тақырып деп ойлайсыз?

– Мұның ең татымды, ең қызықты тақырыбы әйел мәселесі болуға керек. Өзіңе ұнай ма, Алуа?

Алуа:

– Әбден ұнайды, Нина Ивановна. Мардан аға, сіз қалай дер едіңіз?

Мардан сәл ойлана жүріп жауап береді:

– Әйел мәселесі, Қазақстандағы әйел мәселесі дейміз бе?

Нина:

– Тек Қазақстандағы ғана ма?

– Қазақстанның ғылым қызметкерлері ең алдымен “Қазақстанның өзінің тарихына байланысты тақырыптарды зерттеу керек деген” жалпы жол бар. Москва осылай белгілеген.

Алуа ойланыңқырап:

– “Қазақ әйеліне Октябрьдің бергені” деп жазамыз, солай ма?

Нина мұны дұрыстағандай қостайды да:

– Онда, әрине, солай болуға лайық.

Мардан бұл тұста да өз пікірін ойланып, бірақ салмақты, даусыз сөз сияқты етіп айтады:

– Ия, ол айтқаныңыз диссертацияның бір бөлімі

болатыны рас. Бірақ мәселені шын ғылымдық дәрежеде шешу үшін бұдан кең қойылу керек. Тарихтық ғылымның талап ететін шарттары қамтылу керек.

Нина:

– Көрдің бе, Алуа. Сенің алдыңда әлі көп қиын да, қызық та асулар бар. Әлі екеуміз тағы да талай ойланармыз.

Алуа қуана күліп, өз жайын қорытқандай айтады:

– О, Нина Ивановна, Мардан аға, мен әлі талай ұзақ ізденуге, сол үшін көп-көп оқуға соншалық әзірмін.

Мардан салмақпен қорытады:

– Міне, сөйтіп Алуа жолдас, енді сіз біздің Тарих-этнография институтына ауысасыз. Сонда тез келуіңізді күтемін.

\* \* \*

Алматы облыстық партия комитетінің үлкен кеңсесі. Сонда бірінші хатшының әдемі жасанған кабинетінде Сапар отыр. Бұл күнде шашына сәл бурыл кірген, жасы ұлғаюмен бет бітімі, денесі де өзгеріп, тола түскен. Мұның қасында Нина Ивановна. Сапар сөйлеп отыр.

– Ақтал ауданында әйелдер арасындағы жұмыс ойдағыдай емес, жеткіліксіз. Сен бір мықты адамды ұсынсаң деймін. Не айтасың?

Нина сәл салмақпен қарап, ойлана түседі де, жауап қатады:

– Ақталдың бойына кісі керек екені рас. Соған мен бір адамды тапқан сияқтымын. Бірақ... – деп ойланып қалады.

– Ол кім?

– Ол ғылымда анық өсетін адам сияқты.

– Кім ол, айтшы?

– Сатаева Алуа, есінде ме?

– Есімде. Ол оқу бітірді ме?

– Бітірді. Және сонша жақсы бітіріп, екі институттың ұйғаруы бойынша аспирант боп қалмақшы.

– Кешігіп оқыса да, ғылымға соншалық бейімділік көрсетті, ә?

– Соншалық зейінділік көрсетті. Оны есіме алып отырған себебім, өзі тарихшы. Оның үстіне, дипломы әйел мәселесі турасында жазылған еді.

Сапар түрегеледі де, сүйсініп, бекіне сөйлейді:

– Өте дұрыс. Мен Алуаның бұрынғы өмірін білгендіктен ғылымда осындай жолға түскенін аса заңды деп табам. Ендеше, Нина Ивановна, шешілді. Ақталға тура сол Алуаны жіберу керек.

– Қалайша, жаңа ғылым жұмысы дегеніңіз, қане?

Сапар бекініп, байлап сөйлейді:

– Аспирант болсын, бірақ заочный аспирант. Ал әйел мәселесін кітапханада ғана зерттемей, өмір-тәжірибеден, күнделік партиялық құрылыстан оқып, зерттеп қорытсын. Мақұл ма?

Нина жадырап, күле түседі.

– Онда институты мен Алуаға обкомның осы байлауын айтып ұғындыру керек.

Осы бөлмеде Сапар, Нина Ивановна, Алуа үшеуі. Бұлар көп сөйлескен, көп жайды айтысып түсініскен адамдар сияқты.

Сапар енді Алуаға әр сөзін салмақты етіп айтады. Өте мөңді, маңызды жайды басалқадай айтып отыр:

– Ақтал бойы өзге өлкелердің бәріне үлгі аудан болғанындай, адамның өсуі де соншалық үлгілі, озғын болсын. Осы жайды партия қамқорлығы арқылы барлық мүмкіншілікті алған қазақ әйелінің халінен анық таныту керек. Ал сол ауданда бұл жай ойдағыдай емес. Сен қарт аналардан, жас әйелдерден, оқушы қыздардан үлкен, жақсы топтар шығарасың. Жеке, озғын, атақты қайраткерлер, даңқты азаматтар өсіруге міндеттісің. Баста сол ауданның әйелдерін. Бұл сенің қарызың. Сенің қолыңмен партия сол ауданда үлкен тарихтық істер жүргізуге талап етті деп біл. Міне, осындай міндетпен аттандырамыз.

Алуа өте ықыласты жүзбен сүйсініп ұғынған сияқты.

– Айтқаныңыздың бәрін қабыл алдым. Бірақ бүгінгі маған артқан міндеттеріңіз мені ғана қарыздар етпей, “қажет болған орында, кезегі келген мезетте мені сүйеп отыруға өздеріңізді де қарыздар етсін” деген жалғыз-ақ өтініш айтам.

Нина мен Сапар бұл сөзін қостап, Алуамен қол алысады.

Поезд “Қостөбе” станциясына жетеді. Вагоннан түскен Алуаны Сексек қарсы алады. Үйде шай үстінде екеуінің әңгімесі болады.

– Неменеге күлесің? Ылғи бір күлесің де отырасың, күлесің де жүресің, – дейді Сексек.

– Е, күлмей не бопты?

– Әлі күнге не үй, не күй жоқ. Менде болса шүйкебас жоқ, сенде болса бақырбас жоқ. Құр ұшамыз да жүреміз, ұшамыз да шарлаймыз. “Бытпылдық бөдененің үйі жоқ” деп.

Алуа күле береді де, әзіл етеді:

– Па-ай, не деген сорлы едік десеңші.

– Енді не? Оқу, оқу, тағы да оқу дедік. Тостық. Талай тостық. Ақырында кеп бітірдік. Сонымен, енді бірдеңе болар деп ем, ә, сен болсаң тағы Алматыдан жалғыз кепсің. Ауданда саған сай жігіт қаптап тұр ма? Бар-бәрі сондай, үріп ауызға салғандай жігіт атаулының бәрі де онда қалды ғой. Сен немене, солардан қашып шықтың ба?

Алуа күле жауап береді.

– Мені қой, Секе, менің баяғыда бір аузым күйген де. Сексек мұны сөйлетпей жарыса жөнеледі.

– Е, немене? Мені қой дегені несі? Ат боп кеткенсің бе?

Алуа бір жағынан күліп, бір жағынан шынын айтады:

– Баяғыда өзің тели-тели жүріп аузым бір күйген. Содан іркіліп қалмап па ем? Өзің болмай шынды айтқыздың. Сөйтіп, мені қой дедім ғой. Ал енді, сырға сыр орай болсын, өзің неге үйленбейсің осы?

– Е, мен үйленбейін деп жүрмін бе?

– Апыр-ау, ендеше, бөгет не?

Алуа Сексекті өзінің сөзіменен әзіл етеді:

– Алмадай қыз атаулы айналаңда қаптап жүр. Үріп ауызға салғандай. Бәлі, осында не қарап жүрсің? Немене, жұлдызың жараспай жүр ме?

– Ойбай, дәл өзі табылмай жүр ғой.

– Онысы қандай еді?

– О, менің іздегенім көңіліме көңілі сай, әсіресе бойыма бойы сай қыз емес пе?

Алуа таңданады.

– Онысы тағы қандай “Мың бір түн”?

Сексек мұның ұғымсыздығына ызаланғандай боп екілене сөйлейді:

– Е, маған өзімнен бойы ұзын қыз неге керек? Осында бір-екеуімен үйлесе жаздап барып, шалжиысып кеттік қой. Бәрі сол бойдан. Маған: “бойы тапал, осындай еркек бола ма екен?” дейтінді шығарыпты. Және осы күнде тіпті қызы құрғырдың бәрі дередей боп кетіпті. Міне, маған, мысалы, сен сияқты ұзын сирақ қыздың не керегі бар, оны қайтем? – деп, аяғының ұшынан басып, Алуаның басына қарай басын созады да, қылжақтайды: – Ақырдан сұлы жейтін аттай мойным созам ба? Зәуі-сайтан бетінен сүйгім келсе, аяғым астына орындық қойып жүрем бе? Ал, мен, білдің бе, Жиренше шешен сияқты... Ол өзіммен шешендігі тең қыз тапқанша үйленбеймін деп еді ғой. Мен бойыма бойы тең қыз тапқанша үйленбеймін.

– Жарайды, со да серт боп па?

– Е, серт болмаса себеп. Ал сенде тіпті себеп те жоқ қой.

– Жарайды, жарайды. Сенің тілегің құдайыңа жетсе, осында әлдебір күйеуге де кездесермін. Кім біледі.

Алуа күледі, Сексек сенбейді. Алуаны қылжақ етеді.

– Иә, осы жақта Бетпақдала бар деген. Сонда Алуаны тосып, баяғы Баян сұлуды іздегендей тоқсан сері тосып тұр деген. Қу медиен, қу даладан табарсың, қатқаныңның басын!

Алуа мұның сөзіне мәз болып күле береді. Сексек ашулана түсіп, тағы мазақ етеді:

– Сен бе, сен күйеуге тисең, мұрнымды кесіп берейін.

Алуа бұған қалжыңдайды.

– Қой, мұрныңнан айрылып қаласың, неғыласың, бойы тең қыз кездескенде, мұрны пұшық деп тағы пәле ғып жүрер.

\* \* \*

Жаздың нұрлы жылы күнінде “Газик” машинасы ағызып отырып, биіктеу төбешікке шығады. Жотаға тоқтайды. Машинадан екі адам түседі. Бұлар – Алуа және райком хатшысы Бейсен Сатов.

Екеуі де жеңіл, таза киінген. Бейсен көп өзгерген, бұл күнде сәл қасқа бола бастаған. Самайында ағы бар. Қозғалыста, әр мінезде, айналаға қарауда мол дүниенің иесі болған, көп тәжірибе жинаған маңызды адам тәрізді.

Жолдан оқшауырақ басқан екеуі, жотаның бір мұрыншақ тұсына келеді. Сол жердің төменгі жағы биік күз, жартас.

Кең өлке мол бақшаларға, қалың ну тоғай, көгал өсімдіктерге толған. Арырақта түтіндеп жатқан заводтар байқалады. Бері жағалай қараса, отырықшы қалалар, колхоздар ендеп жатады. Ылдилап кетіп жатқан, шексіз кең теңіздей өсімдіктер. Жырақта тыныштық дүниесін, ең өлкені дағдылы үнімен оята шұбырған паровоз. Шалқар ұзақ поездар ерсілі-қарсылы кетіп, өтіп жатады.

Алуа сүйсіне күліп, тоя алмайды. Қызыға қарап қалған. Бейсен сөйлеп тұр:

— Міне, Алуаш, баяғы Ақталыңның бойы. Сен күң бала боп, күбі шелекпен алысқан, жерошақ басында шіріген балалығыңды өткізген жер. Мен, Бейсеннің, қоңыр өгіз үстінде, дәл осы жоталарда, осы мынау, машина тұрған жердің өзінде, сан рет улы жастар төккен жерім.

Алуа қостай сөйлейді, екеуінің жүзінде де дуэт айтқандай ымсыз, үнсіз ұғысу бар. Бейсеннің сөздерін соның айтқан үніне салып, Алуа іле жөнеледі:

— Ол шақта, Ақтал бойы киіз үйлі ауылдардың күзеу, көктеу, қыстау еткен жері ғана еді.

Бейсен іле жөнеледі:

— Сен Доғалды айдарда Жалайырдың жеті байының орнына жеті мың үй орнайды бұл өлкеге деп ең. Біліп айтыпсың. Міне, бұл күнде, осы Ақталдың бойында, біздің Ақтал ауданында сол жеті байдың орнына жетпіс колхоз кең жайласқан.

— Міне, Алуаш, туған өлкең бүгінгі қарқынына орай қайрат күтеді, азаматы сенен.

Алуа, Бейсен сертпен уәделескендей болады.

Екеуі машинаға қарай аяңдап келеді.

Алуаның мойнындағы жібек шарфысы ұйтқып ұшады. Сүмбіл шашы желменен жарыса жұлқынады. Алуа ұзаққа телміріп қадала қарайды. Ендігі жүзінде ой да, қиял да, сүйсіндірген үміт, сенім күлкісі де бар.

Екі қабат үлкен үйдің маңдайында “Абай атындағы онжылдық мектеп” деп жазылған. Қораның іші айнала салынған мол үйлер. Ол жатақхана тәрізді.

Алуа мен Сәруәр тыныш ұзын коридор бойын жағалап келеді. Бесінші класқа кірді, онда қазақ мұғалімі есеп оқытып жатыр. Балалар ұшып тұрысты. Алуа олармен амандасты да, мұғалімнен кешірім өтініп, журналды қарады. Класты жағалай шолып өтті. Қыздар менен ер балалар саны шамалас. Енді бір кезек алтыншы класс ішіне кірді. Онда орыс әйелі, қартаң оқытушы табиғат сабағын жүргізіп жатыр. Мұнда да жаңағыдай іс-әрекет етті Алуа. Қыз бала, еркек бала саны қарайлас. Осылайша Алуа мен Сәруәр жетінші класқа келеді. Енді қартаң оқытушы, көзілдірікті, аласа бойлы қазақ бірге кірді. Ол өзін “Жексенов, Абай атындағы онжылдық мектеп басқарушысы” деп таныс етті. Сегізінші класс. Мұнда оқытып жатқан қазақ жігіті, класта алдыңғы кластардан айқын айырмыс бар. Жиырма бес шамалы оқушының бесеуі ғана қыз, қалғандары ерлер. Алуа журналды қарап, класқа таңдана көз тастайды да, дәптеріне сызып алады. Енді Алуа тоғызыншы класқа кіреді. Онда қыз саны үшеу-ақ, оқушылар жиырмадан асады. Оныншы класс балалары жиырма, мұның ішінде оқушы қыз біреу-ақ.

Осы кезде қоңырау соғылады. Алуа кластағы жалғыз қызбен сөйлеседі. Ол қыз Алуаны тани кетеді.

— Алуа тәте. Мені танысыз ба? Мен сізді ұмытқам жоқ. Білесіз бе. Ақтал колхозында 1931 жылы, сіз екеуміз концертте... — деп күле бергенде, Алуа қуанып, мұны құшақтай алады.

— Әсия, Әсия, Асюша. Қандай жақсы өскенсің?.. Есімде... Екеуміз ән салып, жарысқанбыз, — дейді де, енді шұғыл өзгеріп, аса бір үлкен сыр сұрағандай сөйлеседі. — Жә, Асюша, сен маған айтшы, неге сенен басқа қыздар оқымайды?

— О, оқымайды, тәте. Бізде, мұнда солай...

Алуа қатты түйіліп, ойланып қалған. Енді директор кабинетінде Сәруәр, директор үшеуі.

Алуа аса салқын, сызды жүзбен директор мен Сәруәр екеуіне қадала сөйлеп тұр:

– Бұ не, бұ қалай? Жетінші класқа шейін қыздар мен еркек балалар саны бірдей. Ал 8, 9, 10-кластарда олар соншалық аз, жоққа тән. Немене, әлде Ақтал ауданының қазақ қыздары жетіжылдықтан әрі оқымасын деген заңы бар ма? Жолдас директор, Жексенов, ұғындырыңыз, жөнін айтыңызшы маған.

Жексенов бөгеліп, таңданыңқырап жауап береді:

– Әрине, нехорошо. Бірақ қалайша екенін білмейім... еріген қардай...

– Сіз білмейсіз бе себебін?

Шал иығын көтеріп таңданады, алақанын жаяды.

– Оны менің білуім қиын, білуім қиын себебін. Қыздар оқуға келмейді.

– Сөйтіп, сіз себебін білмейсіз бе? Сәруәр, сіз де соны аңдамағансыз ба?

Сәруәр момын, аңқаулық жүз көрсетеді.

– Мен өзім де қайран қап тұрмын. Бұлай болар деп ойлаған жоқ ем. Қандай!.. Көрінеу өрескел айырмыс қой.

Алуа ашулана сөйлейді.

– Сіз оқу бөлімін көрмегенсіз, аңдамағансыз! Ал, сіз, карт педагог, бұл туралы ойлануға да, қиналу былай тұрсын, ойланып себебін шешуге де шұғылданбағансыз! Жарайды, мұның себебін шешіп, ашып көрерміз!

\* \* \*

Колхоз даласы. Жасыл егіс пен ұзақ, мол өлкені жаңғыртқан еңбек ізі білінеді. Бұл тұста күтімді тақталары айқындаған қызылша егісі. Жауын жауды. Ол қатайып, нөсерлеп келеді. Егіс шетінде, үш-төрт жеміс ағашының саясында бірнеше жас балалар. Екі жасар тұлымды қыз бала, үш жасар еркек бала және емшек баласы, тағы төрт жасар қыз бала бар. Осы өңшең жас баланың ортасында ересегірек алты жасар қыз тұр.

Жауын жауысымен жас балалар жылай бастайды. Ересек қыз біреуіне жүгіріп барып уатады. Екіншісі жылайды, оған барса, тағы біреуі жылайды. Ақыры, есі шығып қиналады да, өзі де қоса жылап жібереді.

Жылдам басып Алуа келеді. Балаларды аймалап, қоршай береді. Қасында бригадир Садық.



– Айналайын, жылама. Апаларың қайда, сен айтшы? – деп, ересек қызға қарайды. Ол жылап тұрып, ызаланып сөйлейді:

– Апамыз әне, жұмыс істеп жүр. Мені осылармен тастап кетті. Ал бұлар жылай береді, жылай береді. Мен қайтем? – деп, тағы жылайды.

Жауын астында жүгірген бірнеше шешелер, Алуаны көріп амандасып, балаларын қолдарына алып, уата береді.

Жауын басылған. Алуа осылай әйелдермен әңгімелеседі.

– Бұл қай колхоздың егісі?

– “Ақтал”, “Ақтал” колхозынікі, – деседі әйелдер.

– Бригадиріміз тұр ғой, міне.

– Немене, күнде жұмысқа осы балаларды ала келесіңдер ме?

Ұзын бойлы, балғын денелі бір әйел Алуамен ынталы жауаптасады:

– Енді қайтейік? Өзің осы, апыр-ай, шырамытып тұрмын-ау, өзіміздің ауданға қызметке келді деп еді, Алуа емессің бе, айналайын?

Алуа күліп:

– Алуамын, апай.

Үш-төрт әйел Алуаға ұмтылысып:

– Алуа, Алуаш, – десіп, қуана қол алысып шүйіркелеседі.

Әйелдер жан-жақтан енді Алуаға наразылық жайларын білдіре бастайды.

– Колхозымыз бай, бірақ көрдің бе, міне, ылғи күнде жұмысқа осы балаларды ала шығамыз. Үйде күтетін көрілеріміз жоқ.

Алуа:

– Ясли қайда, детсад қайда?

Әйелдер бірауыздан жарыса айтысады:

– Ұйыстырған жоқ, мынау бригадир... Мынау Садық.

– Әлі күнге ұйыстырмай, уәде беріп келеді колхоз бастығы мен бригадир. Қасымызда балалар болғандықтан, өзге әйелдердей емес, еңбегіміз де шала.

– Көзің көрді ғой, міне. Көңіл ала болған соң, жұмыс шала болмай ма, еңбек зая кетеді.

Алуа бұлармен әңгімелесе келіп:

– Араларыңда стахановшыларың бар ма? Озаттарың кім?

– Әй, бәрі шамалас қой, қарағым.

– Ондайды арамыздан өсіріп шығара алмай жатырмыз ғой әлі.

Алуа наразы, салқын жүзді, “түсінікті, түсінікті” дейді де, Садыққа бұрылады:

– Жә, жолдас бригадир, бұны не дейміз? Ақтал бойы – қызылшаның бүкіл Одақта ең мол өсетін жерінің бірі. Бұнда рекорд, дүниелік рекорд беретін өнім алу шарт. Ал сізде бірде-бір озат қызылша маманы жоқ, бірде-бір стахановшы әйел жоқ. Бұл қалай?

– Рас, болмай түр. Өздері де саналы колхозшы дейміз, сонда да өздігімен ынта, бейіл көрсетпейді... қымс етсе бригадир.

Әйелдер бұған сын, кінә сөздерін таласа айтады:

– Бригадир демей, кім дейміз, бәрі сенен емес пе?

– Не жағдай жасадың, кімге жасадың?

– Керек десе, баламызға баспана жоқ күндіз.

– Озат боп шықпайық дейміз бе, өзгелерді естімей, көрмейміз бе... Бірақ сен, бригадир, жалған уәдеден басқа не бердің...

– Сен ондырмапсың... – Алуа енді бұндағы дауды қорытады:

– Аналар, құрбылар. Сөз қысқа және мәлім... Сендер мақұл көрсеңіздер, біз мына бригадир жәйін бүгін колхоз жиылысына саламыз, мақұл ма?

Әйелдер тегіс дауыстап мақұлдасады.

\* \* \*

Енді Алуа сиыр фермасында. Қасында баяғы қарт Назарбек, көңілді сөйлеп, есіп келеді.

– Несін айтасың, қарағым, қарық болған шағымыз. Мынау сиыр фермасы, бірнеше жүз мөшке сиырларымыз бар. Бұлақтай шетінен. Осы жерде май заводымыз тағы бар. Колхоздың табысын атама.

Алуа үндемей тыңдап келіп, сауыншы әйелдер арасына араласады. Олар да Алуаны танып, қуанып қарсы алысады. Алуа бұлар мен Назарбекті қасына алып әңгімелеседі.

– Көне, жеңгелер, апалар, шындарыңды айтшы, ең озғын, озат сауыншы, стахановшы қайсың?

Бір қартаң әйел күледі.

– Қарағым Алуа, “Ақтал” колхозшысының жаманы бар ма? Бәріміз де озатпыз.

Тағы бір әйел күліп қостайды:

– Біреуді озғызып жіберіп, өзгеміз қарап тұрамыз ба?

– Озған да ешкім жоқ, қалған да ешкім жоқ. Өзгеде бар он саусақ әрқайсымызда да бар.

Алуа бұлардың күлкісіне таңданғандай Назарбекке қарайды.

– Сөйтіп, бәрі бірдей стахановшы ма? Жоқ, бәрі бірдей орта қатарлы сауыншы ма?

Назарбек бас шұлғып:

– Е, сол-сол айтқаның ғой. Орта қатар. Стахановшы деп бөлгеніміз жоқ бұлардың ішінде.

Бір жас әйел Алуаның ажарынан басқа жайды байқап, өзгеше сөйлейді. Ол – Назарбектің қызы Айбала.

– Сендер Алуаның не іздеп тұрғанын аңдамай тұрсыңдар-ау, қатындар. Біздің завферма әкеміз, біз де, менше, қарық қып тұрған жоқпыз. Алуа стахановшы неге жоқ деп сұрап тұрған жоқ па? Сендер ондайымыз жоқ деп мақтанғалы тұрмысың, түгі? Стахановшы шықпағанына үялсақшы, өкінсекші одан да. Болмаса, ана атын естіп жатырмыз ғой Салиха Оңғарбаеваның. Сондай озат әйел бізден шықпас па еді? Ал мұнда сондай боп озат боп шыға алмай жатырмыз, соны айту керек қой.

– Бәсе, соны айтсаңызшы, құрбым, атыңыз кім? – деп, Алуа жылы ұшырап соған оралады.

– Атым Айбала, Алуаш. Стахановшы шықпай жатқаны, үйімізде адамымыз көп. Мұнда сауын, үйде бала күтімі, ас пісіру, бір үйлі жанды күту, екіұдай боп алақ-жұлақпен күніміз кешеді. Арамыздан не бір депутат, не бір ордынос, озғын әйел шықпағанына ішіміз күйеді. Ұғып кетші, түсініп кетші ең болмаса соны. Осы емес пе, қатындар, айтатындарың, солай демеуші ме едіңдер?

Бар қатындар шулайды:

– Солай.

– Осыныкі жөн, барды Айбала айтты! – деседі.

– Ішімізде ауру, ақсақ-тоқсағымыз да бар. Лөктрден көмек көрмейтін, дәрі таппайтын, бейнет кешетін жайымыз бар.

Алуа бас изеп, бұл әйелдерге енді шындарымен шешілгендері үшін, алғыс айтқандай болады.

— Бәсе, міне, осыны айту, шынды айту керек. — Айбала бұл сөзге қатты ойланып, енді бір байлауға бекінеді.

— Анық шынды айт дедің ғой, Алуа... Әй, қатындар, ендеше, келіңдер, анық сол шынның өзін айтайық. Олай болса, мына тұрған қарт, біздің Назекең, тап осы фермаға бастық болуға енді жарамайды. Шынын өзің айтшы, әке. Осыным дәл емес пе?

Әйелдер Айбаланы қостап бас изеседі. “Өзі айтсын, Назекең өзі айтсын. Осыны бекер дер ме екен?” деген сөздерді естіп, Назарбек саса бастайды.

— Апыр-ай, мыналар не дейді?! Баяғыда өзіңмен бірге осы колхоз үшін қан төгіп ем-ау, Алуа.

— Оныңыз рас, Назеке. Сізді орныңнан алса, айыптамай-ақ алуға болады.

— А, солай ма? Жаза жоқ қой... Ендеше, осы қыз біліп айтқан болар... Шын-ақ мені босатып, бір жасқа табыс ете қойыңдар!

Әйелдер бұған ырза болысады. Бір қартаң әйел енді Алуаға ақыл сала сөйлейді.

— Ал, Алуа, осылай болды ма? Ендеше, дәл осы фермаға бастық етіп, өз ортамыздан мына Айбаланың өзін қойыңдар.

Алуа:

— Бұл жерде біз шешпейміз! Колхоз өзі шешеді ғой. Бірақ осы сөздерді ортаға салайық, сүйтпесе болмас, — дейді.

\* \* \*

Алуа Ақталдың тауға жақын төскейіне орнап жатқан, мол құрылыс басында. Мұнда үлкен электр станциясы салынып жатыр. Ағаш тасыған, тас қашаған, ташкелер көтерген, үлкен экскаваторларды жүргізген, шақырлатып тас ұсататын камнедробилкаларды жүргізген, неше алуан қайнаған адам топтары. Сан өндіріс цехтары салынып қалған. Жартылай біткен үлкен мастерскойларда токарьлік станоктар, әр алуан движоктар, ұзын залдар бойына созылған трансмиссиялар, ұзын ленталық конвейерлер. Осының әрқайсысы өз күйімен зырылдап, қақпағы ашық сағаттай, қыбырлап қайнап, еңбек етіп жатыр.

Алуа байқап келеді. Қара жұмыс болмаса, өнерлі мамандық жұмыстың бірде-біріне араласқан әйелдер жоқ. Қазақ, орыс әйелдерінің бәрі де жұпыны киімді қара жұмыстар істесіп жүр. Алуа біреулерден “строительство бастығын білдіңіз бе? Құрылыс бастығы қайда?” деп сұрайды.

Оған бір коридордан көрінген есікті нұсқайды. Сонда “Начальник строительства” деген жазу бар. Алуа осы кабинетке кіреді. Үлкен стол басында Арман отыр. Қасындағы соңғы кісіге, будыраған бір топ қағаздарға қол қойып береді. Оны жөнелтеді де, Алуамен жақсы амандасады.

Екеуі кеңес үстінде. Алуа кінәлап сөйлеп отыр. Оның түсі түйілген, зілді, сәл наразы сияқты.

– Сіздің өндірісіңізде істейтін жұмысшының 25 проценті әйел екен. Көбінің үй іші бар, балалары бар. Сіз үлкен, мол, бай өндіріс басында отырсыз. Айналаңыз болса бақша, жайнаған дүние, молшылық. Немене, сіздің детясли, детсад жасауға мұршаңыз келмей ме?

Арман ызаланып сөйлейді:

– Алуа, бұныңыз қалай. Сіз бен біз осылай көріспекші ме едік Ақталда?

– Бәсе, мен де бұлай кездесерміз деп ойламап ем. Өзіңіз тураңыздағы оң ойымды ісіңіз турасындағы оңсыз ойым бұзып тұр. Қазір менің осыдан басқа сезімім де, ойым да жоқ. Жөнін айтыңыз, бұ не қылғаныңыз?

– Мен станция сала алмай жатсам, о несі. Мен оған қарсы дейсіз бе? Айыптамай, көмек етсеңізші.

– Көмек етсе, жаңағы толып жатқан әйелдер үшін мамандық еңбек арам боп па? Неге бірде-бір әйелді қайратына, әйелдік қалпына сай орынға ауыстырмайсыз, үйретпейсіз?

– Мен қазір үйретуші емес, оқу орны боп жата алмаймын. Үйренгендермен асығыс жұмыс істеу үстіндемін. Аспаннан түскен кісіше, қалайша сөйлейсіз!

– Аспан емес, жолдас начальник, бұл анық жердің сөзі, жұрттың сөзі! Біздің құрылыстардың барлығында да қара жұмысшысынан үлкен маман жұмысшыларына шейін, керек болса, құрылыс начальнигіне шейін, бар маманды өз ортасынан жағдай жасап, өз арасынан өсіреді, шығарады.

Немене, бір қатып қалған кәрі ағаш, ескі кәрі мамандай сөйлейсіз? Ал бүгінгіні қояйын, бүгін станция саласыз. Бірақ ертең соны жүргізесіз ғой, солай ма?

Бізаланған Арман қатты, қысқа жауап қайырады:

– Иә, жүргіземін, не демексіз?

– Сонда, осы станцияның маман жұмысшылары әзірленді ме?

– Ол құрылыс міндеті емес, басқа орындардың міндеті.

– Жоқ, олай емес. Біз, аудан жұртшылығы, олай ойлай алмаймыз. Өз ауданымызда болатын станцияның ертең керек болатын бар саты мамандары, дәл бүгін осы құрылыста жүрген жұртшылық арасынан әзірлене беру керек дейміз. Мен сізден осы жайлар бойынша, құрылысыңыздағы әйелдер халін айрықша еске алып, ерекше қам-қарекет етуіңізді талап етемін.

Алуа осындай жалындап сөйлеген кезде, соңғы шақта Арман бұған қызыға да қарап қалған еді. Енді шұғыл өзгеріп, жұмсарып сөйлейді.

– Ал, ұрсып болдыңыз ба? Өзіңіз не деген қатал, зәрлі адамсыз. Ашудан басқа айтарыңыз бар ма, жоқ па? – деп күледі.

Алуа бойын бермейді. Салқын нұрлы көзін Арманға аз тоқтатып тұрады да, жылымайды. Ол шұғыл қоштасады.

– Сіздің өндірісіңіздің бүгінгі хақында ашу мен реніштен басқа айтарым жоқ.

– Мен пәтер қамдатқалы жүрмін... Ақылдасуға бола ма, жоқ па... Ресми сөзден басқа сөзің бола ма, тегі?

Алуа жүруге айналады:

– Менің қарамағымдағы жұрт орналаспай тұрып, мұнда келмей жатып ең алдымен өзім орналасам ба? Онда қандай дұрыстық, жарастық, тыныштық болмақ? Ендеше, пәтер жәйін менсіз ойлаңыз, – деп, қоштасып кете барады. Арман қиналып, шарасыздық халде қалады. Бұрын нық байланған бір серт бұзылғандай. Араларындағы дәнекер үзілермен болғандай.

Арада екі жыл өткен. Нина Ивановна, Сексек, Алуа үшеуі өткен бөлімдерде Алуа жалғыз аралаған көп орындарды бірге аралап өтеді. Сондағы тәртіппен Алуа бастап, бұл топ сол мектептің 8-класына кіреді. Қазір қыздар мен ер балалар саны бірдей. 9-класқа кіреді, оныншыны көріп

өтеді. Бәрінде де қазақ қыздары көңілді, көрікті. Сондағы, екі жыл бұрынғы жолменен, осы мектептің ішінде бөлекше жұмыс істеп жатқан курстарды көреді. Агрономиялық курсы, зоотехникалық курсы, электростанция мамандық курсы – бәрілерінде оқып жатқан, таза киінген, жақсы, ажарлы қазақ әйелдері. Бұлардың ішінде, Кәмшат, Анар, Жамал сияқты, қазір Алуаның маңына оралып жүрген жастар бар. Және Шанда сияқты, бұрын колхозда болған Алуа құрбы әйелдер де бар. Бәрі де Алуаға өз апа, сіңлісіндей мінездер көрсетіседі.

Нина Ивановна көргендерін қағазға жазып келеді. Енді бұлар колхоз даласында қызылша еккен әйелдер тобына келеді. Аанада, ұсақ балалары бөгет боп қинауға салған әйелдер, енді Алуаны күле қуанып, өздерінің күндегі досындай қарсы алады. Айрықша бірнеше гектарды өзі баққан, бұл ауданның ең озат, Демченко сияқты атақты қызылша маманы Жанар Алуаменен жақсы амандасады. Нина Ивановна Жанарға Алматы газеттерінде басылған оның үлкен суреттерін көрсетеді. Қайырлы босын айтады. Жанар Ленин орденін алған, соны құттықтайды. Демченконың рекордынан бұл әлдеқайда артық, бүкілодақтық рекорд жасаған. Даңқты Жанар осы болады.

Ниналар қасындағы фотокор Жанарды, өзге озат әйелдерді қайта-қайта суретке басып жүр. Осы топ Айбаланың сиыр фермасында. Онда, аанада көрінген әйелдер қатты өзгерген. Киім салымдары, түр-ажарлары өте жақсы жаңғырғандай, бұлар да атақты сауыншы боп даңқ алған. Бірнешеуі орден тағынған, өкімет мүшесі значектерін қадаған. Сауын орындары, айналадағы еңбек тәртібі, өздерінің киімдері – бәрі де өзгерген. Бұрынғыдан сұлуланып, толып, шеттерінен нұрлана түскендей.

Бұлар да Алуаны қуана қарсы алысып, құшақтап, дос тұтып, ұзатысады. Көздерінде үнемі күлкі, достық сенім, ырзалық, шаттық бар.

Тағы осы топ колхоздардың белгілі, өздеріне қажет жағдайларын аралап, танысып келеді. “Ақтал” колхозы, ондағы аса жақсы, ұқыпты жасалған детясли, детсадтар бұлардың көздерін қуантқандай. “Киров” колхозы, бұнда да және де жақсы детясли, детсадтар, таза киімді, ұқыпты, сұлуша орыс-қазақ жас әйелдері, тәрбиелі нянялар көрінеді. “Октябрь” колхозы, мұнда да сондай күтімді, бапты ясилер,

детсадтар. Бар жерде таза киінген, қозыдай домаланған, жас лақтай секіріп ойнақтаған, күншуақ балаларындай дендері сау, жүздерінде күлкі-шаттық белгісі бар балалар көрінеді.

Тағы бір өзгеше ортада жүрген Нина, Алуа, Сексектер.

Мұнда ұзақ ретті тәртіппен созылған столдар. Ақ асжаулықты, жасаулы столдар, үлкен өндірістің столовойы көрінеді. Жұмыс істеген сұлуша, жылпос, көңілді әйелдер. Орыс-қазақ әйелдері мол.

Жүргіншілер бұл арадан өтіп, қазір үлкен іске кіріскен мол станцияның цехтарын аралап келеді. Қастарында Арман бар. Кең щиттер жанында істеп тұрған, әдемі киінген маман қазақ әйелдері көрінеді. Келесі цехта, үлкен агрегаттар жанында еркектермен қатар, тағы да мамандық еңбекте тұрған әйелдер. Әрбір зор, мол машиналы цехтардың бәрінде де жақсы киінген, жүздері жарқын, өнерлі қазақ әйел қызметкерлері. Мұнда да Алуаны өз достарындай қабыл алған шырайлар айқын көрінеді.

Нина Ивановна мұнда да көп белгілер аңыстап, өзінің қағазына түртіп алып жүр.

Кешкі мезгіл. Үлкен станция. Ұзын Ақтал бойына, бар колхоздарға, совхоздарға, толып жатқан өндірістерге, ауданға өзінің мол жарығын жіберіп жатыр.

Станцияның саялы, көлеңкелі көркем бақшасының ай жарығы түскен аллеяінде Сексек пен Нина Ивановна қатар барады. Алуа мен Арман бір бөлек сөйлесіп келе жатады.

Алуа қазір өте айқын шыншылдықпен сөйлеп келеді.

— Міне, қазір мен ырза болмасқа мұршам жоқ. Екі жыл ішінде қаншалық айырмыс туғанын бар аудан емес, бір сіздің өндірісіңіз ғана көрсетіп тұр ғой.

Арман салмақпен қостап, күле түседі.

— Жә, пәтерді енді әзірлесем бола ма? Жетті ме мезгіл, жоқ па, Алуаш?

— Пәтерді енді әзірлесең болады. Ойламады, тоспады, асықпады деменіз?

Екеуі шын зор қуаныш, бақыт тапқан сүйгендерше осыдан ары үнсіз тұрып қалады. Сол кезде Нина мен Сексек оралып келеді. Нина Ивановна көңілді, Алуаны қолтықтап алған. Қыза, сүйсіне сөйлеп келеді.

— Мені обком жібергенде, осы ауданда сендер тапқан табысты көріп кел деп жіберген. Бізге жетіп жатқан хабарлар



шын ба екен, түгел барлап біліп кел деген еді. Бірнеше күннен бері көрдім, таныдым. Бұл араға сөздің, баяншы түсіндіргіштің қажеті жоқ. Ақтал ауданындағы әйелдер арасындағы партия басшылығы өткізген екі жылдық тәрбиелік жаңалықтарды, жан-жақты мол істерді тек осы Ақтал ауданында ғана қалдыруға болмайды. Сол үшін сен осындағы екі жылдық еңбектің, тартыс-қиыншылықтың, табыс-жақсылықтың бәрін де жазуың керек. Жаздың ба осыны?

– Жоқ, Нина Ивановна, әлі жазып қорытқаным жоқ. Жазсам, пайдалы, бағалы еңбек шығар ма еді?

– Неге шықпасын? Партиялық құрылыс үшін де және одан ары ғылым үшін де зор, мол қорытынды шығады. Кесек пайда туады.

– Ендеше, ұмыттыңыз ба, Нина Ивановна, мен диссертация жазғалы жүр едім ғой.

– Неге ұмытам? Бәсе, жазбақ болатынсың. Міне, сен сол диссертацияның бар негізін қалап болдың. Енді менімен Алматыға жүруің керек те, диссертацияның аяқталуын, түгел жазылып қорғалуын қатты мақсат етуің шарт. Обком маған сенің жөнінде, сенің қамында, бар істің ақырында, осылайша, өзгеше тапсырма міндет берген-ді. Бұл айрықша міндет болатын. Сен ертең менімен Алматыға жүресің.

Алуа қуанып тұрып Нинаға алғыс айтады. Жүрмекке бекінген, енді Арманға, оны қимай қарайды да:

– Пәтер асықпай қамдана берсін, Арман... Мен тағы да біразға сенен бөліне тұратын болдым ғой... Ал ренжіме, жаным.

– Амалым қанша... — деп, Арман Нинаның көзінше Алуаны сүйеді де, осы арада сәл қиналып, өкінгендей қала береді. Онымен ұзақ қол ұстасып, қоштасқан Алуа Нинаға еріп барып, машинаға мінеді.

Жарық айлы түнде, бақшаны жағалап, айқын созылып жатқан жол бойында, шапшаң машина жарқ етіп жөнеліп кетеді. Арман жалғыз, ұзақ, үнсіз қарап қалған.

\* \* \*

Алматыда келісті үлкен үйде, оқшау кабинет ішінде, үлкен стол жанында көп кітаптар, қалың қолжазбалар

арасында бурыл басы иілген, көзілдірікті Мардан отыр. Мұның қасына Алуа келеді. Үлкен бөлмеде екі жақ қабырғада және есікке тақаған жақтарда столдар бар. Онда қазақтың оқымысты жас әйелдері, әр алуан жастағы әр түрлі киінген ғылым қызметкерлері отырады. Мардан столы төрде.

Алуа оған өз жайын баян етіп отыр.

– Мен өзімше диссертациямның бар керекті материалын жиып болдым деп есептеймін.

Мардан салқын, сынап қарап отыр.

– Жиғаныңыз бүгінгі өмір материалдары, солай ма?

– Әрине, совет өміріндегі әйел қауымындағы үлкен өзгеріс, табыстарын түгел қамту – менің ең үлкен мақсатым ғой.

Мардан енді шұғыл өзгеріңкіреп, көңілдене сөйлейді:

– О, Алуа, жарайды. Мұныңыз өте дұрыс. Онсыз әйел мәселесі жөнінде тарихтық ғылымның диссертациясы болуы да мүмкін емес. Бірақ бұл жай сіздің диссертацияңыздың қақ жарымы.

Алуа таңданыпқырап:

– Жарымы? Ал өзге жарымы не болады?

Мардан барынша қамқор, дос пішінмен сөйлейді, сырлас адамдай, ынталы кеңес беріп отырғандай көрінеді.

– Білесіз бе, тарих ғылымының талабы зор. Ол әрқашан кең ғылым. Әр тақырыпты өзінің тамырымен, түгел топырағымен кең қамтып алуды талап етеді. Болмаса, ертең қорғай бастағаныңызда, қай жердің болсын, ғылым кеңесі тек бүгінгі күн материалына сүйенген еңбекті анық ғылымдық және оның ішінде тарихтық еңбек деп түгел қабылдамауы мүмкін. Ондай диссертацияны ВААК әсіресе бекітпеуге болады. Тарих деген ғылымның өзінің “тарих” деген атынан-ақ көрініп тұр ғой. Әр мәселені ұшынан кесіп алып, кертіп алып зерттемейді, барлық арғы-бергі жайыменен, тегі-тамырымен қоса тексер дейді.

Алуа ойлана отырып, амалсыз көнуге бейімделгендей.

– Сонда, мен не істеуім керек?

– Сонда сіз, революциядан бұрынғы және тіпті сонау хандық замандардан бастап, Тәуке тұсындағы қазақтың әдет-салтын зерттеп, Россияға қараған соңғы және мұсылманшылық, шарифат жолы әйел халіне араласқан кездегі көп жайларды зерттеп, шолып келуіңіз керек. Және әсіресе, мен

өзге бір топ әйелдер атын атап берем, мысалы: Қараулек, Құртқа, Баян сұлу, Қыз Жібек, Айман – Шолпан және Бопай сияқты халықтың ескілігінде, тарихында сақталып келген талай әйелдер жайын түгел танып, зерттеуіңіз шарт. Түсіндіңіз бе? Институт кеңесі сізге осы жөндерді зерттеуге тапсырады, – деген кезде, Алуа бұған жауап айтқанша, үй ішінде қарбалас басталады.

Есік жақта тұрған репродуктор сөйлеп кетеді. Ол ақырындау сөйлейді, бірақ хабар өзгеше, күтпеген суық хабардай. Жақын столда отырған қазақ жігіті репродукторға қарай тап береді. Оның артынан қарсы отырған әйел жүгіреді. Жақын столдағы екінші жігіт ұмтылады. Ақыры, көрші үйдегі еркек-әйелдер түгелімен репродукторға қадалған, Мардан, Алуа да солай қарасады. Үй ішіндегі әбігер, қарбалас бұларға да жеткен.

Енді алдыңғы адамдардың үзік-үзік сөздері естіледі. Түстері суық, қабақтары түйілген, ауыздарында бір-ақ сөздер: “Соғыс!”, “Соғыс!”, “Соғыс!”, “Фашистер соғыс жариялаған!”, “Соғыс!”, “Соғыс!” десіп Мардан да ұмтылады. Қабақ түйген, салқын ауыр күйде Алуа жай-жай қадам басып, репродукторға қарай жақындай береді. Еріндері ақырын ғана қозғалып, ауыр сұрақтай, қатаң сыбыр етеді: “Соғыс?”, “Соғыс?..”

## Алтыншы бөлім

“Қостөбе” вокзалының басы. Бірінші жолда әскери ұзын эшелон тұр. Вокзалда, эшелон жанында қайнаған жұрт. Әскерге бара жатқан азаматын ұзатып келген барлық аудан жұртшылығы. Аналар, әйелдер, балалар да мол көрінеді. Қарсы поезд келеді. Ол пассажир поезі. Соның орта тұстағы вагонынан Алуа түседі. Қолында жеңіл чемодан. Ол перронда эшелон бойында асығып жүріп келе жатыр. Әр вагонның алдында әскер азаматтар Алуаға қошемет етіп оралысады.

– Алуа, Алуаш, Алуа! – деседі. Алуа олармен қимай қоштасып келе жатады. Келе жатқан бір топ аудан қызметкерлері көрінеді. Бұлардың ортасында Бейсен.

Алуа бірер сөзде Бейсенге:

– Алматы... Алматыдан жеткенім осы болды. Немене, қанша жандар аттанып жатыр? – дейді.

Бейсен:

– Міне, көп жастар бар, көбін өзің білесің. Қызметкерлерден де бірталай азамат бар.

Топ енді ілгері жылжып келе жатып, бір вагоннан секіріп түскен Әсияны көреді. Ол әскери киім киген. Алуа құшақтап сүйеді. Әсия күлкілі сұлу жүзбен жалындап тұрғандай.

– Алуа тәте, мен өзім сұрандым. Еркіммен барам Отанды қорғауға.

– Солай байладың ба, жаным? Жолың болсын, бақыт тап, абырой тап, аман бол, айналайын, – деп, Алуа Әсияны көзінен сүйеді. Аяп қимағандай ұзақ құшақтап тұрады.

– Есінде болсын, мұндағы туған-туысқан, елің-жұртың – бәріміз сенің жақсылық хабарыңды күтеміз. Бұл ауданнан Отанды қорғауға бара жатқан бірінші қазақ қызы сенсің. Біз сенен үнемі хабардар боламыз. Сені көп сағынамыз, көп ойлаймыз, оны есіңнен шығарма. Бақыт тап, бауырым.

Алуа өзгеше күйде. Амалсыздық қинағандай Арман екеуі сәл оқшауланып, жәй басып барады. Сырласып сөйлескен жандардай. Сөздері баяу, ақырын жайлап айтылады. Айырылысудың соңғы сағатында айтылатын сөздер анық жан сыры. Жалғансыз шыны Арман сөйлейді:

– Әнеугі, сіз Алматыға кетер кеште айтысқан аз сөздер, бүгін қойныма салып, майданға алып бара жатқан ең соңғы қымбат асылым. Көптен күткен, іздеген, енді ғана кезіккен табысым тәрізді.

Алуа қысылып, ұялғандай сәл қолын көтереді. Осы жайды түгел айтқызғысы келмегендей. Бірақ өзі қимай, өзін-өзі де билей алмай, Арманға тұңғиық көзін қадап, жаңағы естігенін қайтадан тағы айтқызғысы келгендей болады. Бір уақыт күрмеле тұрып, өзі де сәл шешіледі.

– Иә, Арман, ол кеш... сондай еді. Бар сөздер есімде қалар. Ұмытылмас... Ұмытылмассыз...

Арман Алуаның қолын екі қолымен ұстай алып, жүрегіне басады.

– Алуаш, рас па? Қуанышым, бақытым боларсыз. О, мен армансызбын деп аттанам. Солай деші, Алуа. Солай аттан деңізші.

Алуа сәл бойын жиыңқырап, әлі де Арманнан көз алмай тұрып, біраз үндемей барып, енді басқаша, ойлы бір жүз көрсетеді:

— Әнеугүні айтып ем ғой, өз ішімді өзімнің алғаш ашқаным, сөзбен болжап айтқаным, бірінші рет осы ғана деп едім. Есіңізде ме, сонда көптен мұз боп қалған бір тоң бар деп едім ғой.

— Есімде, Алуаш.

— Ендеше, сол кештен бері, сізді еске алған сайын сол мұз ерігендей, сіз мені сондағы айтқан тоңымнан ерітіп, жылытқандай боп едіңіз.

Арман шексіз мол қуанышқа толы. Алуа бір қолымен Арманның сұлу бетін сипап тұрып, соңғы сөзін сөйлеп тұр:

— Араға мына күй араласты. Айырылсақ та, шаттық сақтап қаламын. Солай ма, Арман?

— Солай. Мен шексіз шаттық ала кетемін, Алуа.

— Сау бол, бақытты бол.

Осы кезде паровоз қышқырып, эшелон қозғалуға айналады. Арман мен Алуа вагонға қарай жүріп келе жатады. Алуа сөйлеп келеді:

— Бақытты бол, аман бол.

Арман мұны құшақтап, бетінен сүйеді.

— Бар сертім, бар тілегім сенімен. Шақ қуаныш болса да, осы соңғы сәтте ғана бақытымды тапсам да, сол азғантайдың өзі талай ұзақ айырылудан, талай таудай бейнеттен алып өтер қуатым болсын, қанатым болсын.

Сүйіседі де, вагонға мініп кетеді.

\* \* \*

Аэродромда. Самолет тосқан екі-үш кісі. Ортада Алуа. Дағдылы пассажирлер самолетінен бөлек, арнаулы адамдар мінетін бір самолет келіп қонады. Одан шыққан адамдарға Алуа қарсы жүреді. Келген кісі — Сапар. Оның артында хатшы, сақшы серік есебінде тағы бірер кісі келеді.

Сапар жақсы киінген, толық, көрнекті. Ірі жауапты қызметкер тәрізді. Алуамен екеуінің сөзі соғыс жайында. Сапар соңғы сводка қандай екенін сұрайды.

— Ленинград жайы қалай?

Алуа күйзелген пішінде:

– Бүгінгі хабар да жақсы емес. Қаланы қоршап қалған сияқты. Шойын жол қатынасы үзілген көрінеді.

– Міне, осыған байланысты майданды тылдың барынша сүйеуі қажет деп отырмыз. Отанның бар күшін мобилизациялық әзірлікте ұстау деген партия ұраны бар ғой. Сол талапты орындап ақтау үшін біздің республика басшылығына бір ой келді. Мына Шығыс Қазақстан, Семей облысы екеуінде болып қайтып келе жатыр ем. Жолай саған әдейі соғып тұрмын. Мен бір үлкен іске сендердің ауданың басшылық етсе деп ем. Райком соны өз қолына алып, аудан жұртшылығын осы бір үлкен бекініс қайратқа түгел жұмылдыра білсе деймін. Мұны және Ленинградты қорғаудың ұраны ретінде көтеру керек. “Отан үшін!” деген майдан ерлерінің ұранын еңбек ұраны етіп көтеру шарт. Осы жөнде, Ақтал райкомы, республикадағы ең алғашқы басшылық қимылды сендерге жүктегіміз келеді.

Алуа құптағандай бас изейді.

“Ақтал” колхозының клубында колхозшылардың қалың жиыны, мол көпшілік әйел. Сахнада Алуа, Жанат, Бойченко Зина стол басына отырған. Осы жиылыс үнсіз ғана құлақ тігіп әдемі оркестрдің, ұлт оркестрінің үнді күйін тыңдайды. Әрі оркестрді, әрі аз кісілік хорды бастап Сексек ән төгіп тұр. Жамбылдың “Ленинградтық өренім” деген өлеңіне Сексек жазған бір кантата тәрізді, әсем күй. Біресе күшті күй, біресе Сексектің өзі бастап, ағыл-тегіл жыр төгіліп кетеді.

Сексек жырлап тұр:

...Қаласына Лениннің  
Жан-жағынан елімнің,  
Ағытылған отарба  
Батырларын жіберген.  
Ауыл, қыстақ, шаһарда  
Ел салмағы қорғасын,  
Қорғағалы ордасын,  
Құйып жатыр қалаға  
Деп жауымыз сорласын!

Осы күймен жалғас Алуа сөйлеп тұр.

– Барлық ұлы Отанымыздың ыстық жалынмен сүйген ең қадірлі қаласы – Ленин шаһары қатерге түскенде,

аянар жан, іркілер жұрт, кешігер күш болмауы керек. Біз Ақтал ауданының Отан сүйген қажырлы әйелдері атынан, бүгін жауға қарсы оқ есебінде, Қазақстан көлемінде ең бірінші рет колхозшы, жұмысшы, қызметкер әйелдер – майданға аттанған жауынгер ерлеріміздің аналары, жарлары, апа-қарындастары, қыздары боп, осы үлкен үндеуді қабыл аламыз. Өзімізге қояр шартымыз, Отанымызға берер сертіміз сол: өзіміз еңбек еткен колхозда, бригадаларда, совхоздарда, фермаларда, отар-қашарларда, заводтардың цехтарында, “Қостөбе” станциясының бар сала жұмыстарында, барлық кеңселерде, оқу-мәдениет орындарында, өзіміз қызмет еткен майдандарда барлық Ақтал ауданының еңбек етуге қуаты бар әйелдері өзімізді майдан үшін, Отан қорғау үшін бәр-бәр күшін сарп ететін мобилизациялық халде дейміз.

Жаңағы аталған еңбек салаларының бәрінде қызмет етуші әйелдер. Өздерімізді стахановтық, ударниктік озат еңбекке осы сағаттан бастап берілдік, бекіндік деп санаймыз. Сол үшін бригадалар мен бригадалар арасында, аудан көлемінде колхоздар мен колхоздар арасында, совхоздардың фермалары, отарлары арасында, өндірістердің цехтары мен бригадалар арасында осы күннен бастап, “Отан үшін!” деген ұранмен социалистік жарыс шарттарын жасаймыз. Бұл байлауымызды бүкіл Қазақстан республикасының көлемінде мәлім етіп, кең таратып, Қазақстандағы бар облыстарда, бар аудандарда еліміздің отаншыл еңбекші әйелдерінің бәріне осындай жолмен еңбек етіп, қайрат етуге үндеу жариялаймыз.

Алуа осы сөзді үлкен шарт-хаттай оқып шыққанда, барлық жұрт түгел, жігерлене қол ұрады. Тұтас сілкінген халық ажарын көрсетеді.

Тағы осындай жиын “Киров” колхозында. Онда да жиын алдында басқашарақ клубта Алуа отыр. Мұнда енді оның қасында Старикова Шура, Әлима бар. Әйелдердің орыс, қазақ, ұйғыр сияқты ажарлары бар қалың тобының алдында Алуа жаңағы сөздерді жариялап тұр. Оның даусы ақырындап өше береді. Соныменен жалғас күй дамып өрлей түседі. Сексектің өзі бастап, Жамбылдың манағы өлеңінің жалғасы еспелеп, дәуірлеп ағындап тұр.

...Қазақстан жерінен  
Мұнай да ағып тасыған.  
Сұр қорғасын темірмен  
Сол тасқынға қосылған.  
Қара көмір, қызыл мыс  
Секілденіп жалын күш,  
Барып жатыр осыдан.

Өткен колхоздағы сияқты, мұнда да жаңағы үндердің аяғына бар жерде қол қойып жатқан аналар, қыздар, жас әйелдердің шоғыр-шоғыр топтары көрінеді. Және де Алуа келесі колхозда, өзгеше клубта қалың жиын алдында. Қазір мұның қасында Зайцева Поля, Зурә, өткен көріністей тағы да Алуа айқын үнмен жоғарыда, Ақталда оқылған үндеуді оқып тұр. Тағы да күй дәуірлей, асқындай түседі. Тағы да Сексек үні басымдап, үдеп естіле береді. Және де сол өлең жалғасы еспелеп айтылып келеді.

...Сәт сағаты жеткенде,  
Отан жарлық еткенде,  
Жаудың тілі байланар,  
Солар сөйлеп кеткенде.  
Оққа ұқсаған дәндерім,  
Қызыл шырай алмалар  
Бал татытып дәмдерін,  
Барып жатыр бәрі де,  
Жүйрік пенен жорғалар,  
Соның бәрі көмегім  
Қанқұмарды жеңуге,  
Желкесінен жегенін  
Сығып ала беруге.

Және де өткендегі көріністей қалың әйел жиындары шоғыр-шоғыр болып, қолдар қойып жатыр.

Сексек оркестрі мен өлеңдерінің тұсында осы әрекеттер қалың топ әскер қимылындай ретті, қарбалассыз, қалетсіз. Барған сайын, жиыннан-жиын сайын, ширай түскен, өзгеше тәртібі үдей берген қалыптар көрінеді. Әйелдердің бәрінің жүздерінде қадірлі қала Ленинградтың қиналған шағын аса жақсы ұғынған, сол үшін бойларына қажыр жиған, бекінген ажар байқалады.

Әлі де оркестр ойнап, Жамбыл өлеңдері төгіліп тұр.



Сол қалып үзілместен жылдам-жылдам ауысқан, жаңағыға ұқсаған тың көріністер туады. Көрүшіге белгілі сиыр фермасының сауыншылары арасында, ашық аспан астында үлкен жиын жүріп жатыр. Алуа сондағыдай ортада. Енді жаңағы үндеуді оқып тұрған Айбала, мұның қасында Захарова Наташа. Тағы да қалың селдей ағыла толқыған Жамбыл жыры, оркестрдің әсем күйі.

Осындай жиын және жылдам ауысып, үлкен өндіріс цехында, агрегаттар арасында өтіп жатыр. Мұнда көпшілігі орыс әйелдері. Араларында қазақ әйелдері де көп. Ортада Алуа. Үндеуді оқып тұрған Попова. Оның қасында жиылыс басшылығында Алуамен қатар тұрған Бану. Тағы да оркестр, тағы да ән, өлең ағылады. Және де тез ауысқан халде мол коллектив жиылған үлкен зал. Бұл аудан орталығының жиыны. Мұнда барлық әйелдер активі. Басқарып отырған және де Алуа, Сәруәр, Шанда, Сәуле, Халатова. Үндеуді оқып тұрған сол Халатова. Ол жақсы дауыспен серттей қадап, нақтылап айтып тұр. Және де алдыңғы суреттердей оркестр мен Жамбыл өлеңі төгіледі. Сексекке қосылып орыстың көп жас әйелдері бірге жырласады. Қалың жиын, зал жырлайды. Сексек бастап тұр. Сөздер:

Уә, қаһарман өренім,  
Мақтанышым, беделім,  
Сырда тұрып аңғарам,  
Құтырған жау өлерін.  
Жауға жұртты шақырған  
Сайыпқыран Жданым,  
Мектеп, завод, шахтыдан  
Жинаған ұл-қыздарым.  
Ворошилов қол бастап,  
Нажағайдай ойқастап,  
Қаймықпауға, қайтпауға  
Кәрі-жасқа ой тастап,  
Жасандырған жасағым,  
Жетсін деймін сендерге  
Жыл құсындай өлеңім,  
Қаласында Лениннің  
Сайыпқыран өренім.

Және де үдеп, ширай түскен реттілік әйелдер жүзінен, бойлары мен қимылдарынан айқындай береді. Оркестр

ойнап, жыр төгіліп тұр. Жұрт үндеуге реттілікпен келіп, үйір-үйір оралып, көп столдар айналасында тегіс қолдар қойып жатыр.

Ендігі бірнеше тез ауысып отыратын көріністер, бәрі де өткен бөлімдерде болған жиылыстардың іс жүзіндегі үлкен нәтижелі, жалынды қорытындысы есепті. Тез ауысып, кезектеп көрініп отырады.

Қант заводының қалың жұмыскері қатар тұрып, конвейермен өткізіп жатқан істері қайнайды. Бір жағынан қант қызылшасы әкелініп төгіліп жатса, заводтың екінші жағынан даяр аппақ қант кесек-кесегімен де, рафинад түрінде де, құмшекер қалпында да іркусіз тасқындай, мол-мол шығып жатыр.

Мұнда, ірі жұмыс үстінде Халатова, Сәуле, Шанда көрінеді. Барлық өндірістің ұзақ машиналарының үстінде ұзын созылған ұрандар. Онда: “Баршасы майдан үшін!”, “Отан үшін!” деген жалынды сөздер жазылған.

Жылдам ауысқан сурет электр станциясының үлкен агрегаттар цехын көрсетеді. Мұнда Попова, Бану сияқты әйелдердің қайнаған еңбектері танылады. Бұл жерде де ұранда “Отан үшін!” деген сөздер жазылған.

Осылайша, сиыр фермасында тасқын өзендей ағыла төгілген сүт, шайқалған май, бас-бас әдемі оралған сырлар ағылып жатады. Қайнаған еңбек. Мұның ортасында, “Отан үшін!” деген жалау астында еңбек етіп жатқан Захарова Наташа, Айбала.

Колхозда мол бидайлар тасқыны өзендей ағып, ұн болып даяр мешоктар толып, конвейермен кетіп жатады. Мұнда да сол ұран астында еңбек еткен Зайцева Поля, Зурә көрінеді.

Енді бір кезек ұшы-қиыры жоқ өлкені егіс даласына айналдырған тракторлар, топ тракторлар келеді. Маңдайларында және де жазу, ұран, сол ұран. Бұл тракторларда Старикова Шура, Әлима еңбек етіп келеді.

Тағы бір кезек, колхоздың жайнаған егіс даласында, қызылшаның өсімін баққан, бар күшті соған төккен, ұшан-теңіз далаға шұбатыла, шұбарлана жайылып, ұзаққа кетіп жатқан еңбек үстіндегі әйелдер.

Бұлар арасында дамылсыз әрекет үстінде қайрат атқан

атақты стахановшы, қызылша маманы әйелдер: Бойченко Зина, Жанат келеді.

Осы далалардың әр жерлерінде ұран жазылған тулар, егіс озаттарының табыстарын, суреттерін салған жанды газеттер, құрмет тақталары кезектеп кездеседі. Жанат, Бойченко фамилиясынан басталған тізімдер өте мол-мол көрінеді. Жеңген еңбек мыңдар қимылымен қарыштап бара жатқан тәрізді.

Жаңағыдай әр еңбек майданында қалың қимыл, тынымсыз әрекет үстінде алысқан әйелдер топтары біресе көктемде, біресе күзде, тағы көктем, тағы күзде және жазда әлденеше рет, нешелер суреттермен кезектеп ауысып отырады. Бұл уақыттарда бізге таныс әр колхоз, совхоз, өндірістерде істейтін әйелдердің өздері де, киімдері де кезектеп өзгереді. Жүздері тотыға түскен, беттері ашаңдау. Бірақ барған сайын сол жүздерде қайрат, жігер үдей түскен. Отаншыл азамат санасы әрбір еңбек ерінің жүзінен шапақ атқандай. Алуаның өзі де дәл осындай сан өзгерістер кешеді. Ол да мезгіл өткен сайын тотығып, бет-жүзі ашаңдап жүдей түскен. Бірақ соған орай шымырай, ширай берген. Бірде ол ат үстінде шауып келеді, бірде арбада. Кейде жаяу асығып, бригадалардағы топтарға айнымас, шұғылалы күлкілі жүзімен араласып кетеді.

Арада маусымдар, қыс пен жаздар, жылдар да өткені білінеді. Осы кадрлар ауысып, енді бір күзге, үлкен жеміс табыс алған маусым аяғына айналады. Үстеріне жаңағы ұран мен туларын орнатқан машиналар, ұзақ салқар обоздар қызылшаны көп өзендердей ағызып әкетіп жатыр. Таудай қызыл қырмандадан бидай қапшықтарын және де сондағы өзендердей ағызып әкетіп жатыр. Аса тамаша көркі бар ақ меруерттей күріштер тау-тау болып қаптарға түсіп жатыр. Жаңағыдай “Отан үшін!” деген ұранмен ұзақ-ұзақ машиналардың, арбалардың салқар-салқар топтарына артылып, тиеліп кетіп жатыр. Барлық обоздардың алдарында: Жанат, Бойченко, Зайцева, Зурә, Старикова, Әлима сияқты әйелдер. Олар әдемі киінген, жігерлі, шапшаң қимыл атқан күйде. Туларының түбінде отырып, өздерінің машиналы, арбалы обоздарын бастап, тартып бара-бара жатысады.

Қостөбе вокзалынан кетіп жатқан эшелондар. Әсіресе жаңағы колхоз далаларынан өздерінің барлық өсім-өнімдерін әкеліп, жөнелтіп тұрған қуанышты әйелдер. Шеттерінен қайрат, жігер, жалқын атқан күлкілі жүздер... Алуаны қоршай тұрған бір үлкен топ коллективтік ғажайып скульптура тәрізді. Балғын, басым, озғын әйелдер тобы.

Кетіп бара жатқан эшелонға қолдарын сермеп, орамалдарын желпіп, күліп қарасып тұрған бақытты және жеңген топ. Осылардың тап ортасында, биіктеу орында өзгелерден бойы асыңқырап қол сермеп тұрған Алуа. Айналадағы мұны қоршаған орыс, қазақ озғын әйелдерінің әсем тобы, қазір бір сәтке әдемі бір апофеоз тәрізді танылады.

\* \* \*

Алматы вокзалынан ерекше бір ұзақ эшелон жөнелгелі жатыр. Мұны ұзатушы басшы азаматтар, үкімет адамдары тұр. Осында Сапар бір бөлек келеді. Нина жетеді. Эшелонның көп вагондары толған неше алуан азық, жеміс, сәлемдеме, етік-киімдер, әсіресе бал, шай, күріш, тірелген ұндар, кептірген еттер және ерекше көз тартар көрінісі бар Алматының алмалары. Эшелонның алдыңғы, орта тұстағы және соңғы вагондардың бойларына ұрандар жазылған: “Барлығы фронт үшін!”, “Барлығы Отан қорғау үшін!”, “Туған Қазақстаннан сәлем!” – деген жазулар. Эшелон алдында жақсы пассажир вагоны. Бірталай жұрт, басшы адамдар тобы сол вагонға жақындайды. Вагон ішінен осы эшелонды майданға, сыйға республика атынан апара жатқан ерлер, әйелдер шығады. Бұлардың ішінде қызметкерлер, әр жасты жұмысшылар, колхозшылар да бар. Осы сый эшелонды майданға апара жатқан топтың басшысы – Алуа.

Алдыңғы шыққандар жерде тұрып, Алуаның вагоннан көрінуін күтеді. Осы кезде Алуа шығысымен, Сапар, Нина өзгеше қуанып, оны құттықтай жөнеледі. Алуа түсінбейді.

– О, не болған, жолдастар, айтсаңдаршы?

Сапар барлық айналадағы жұрт пен Алуаға үлкен баппенен қуаныш жайды баян етеді.

– Тамаша, Алуа, Ақтал ауданы Одақтық Қызыл ту бәйгесін алды.

Алуа жарқырап күліп, қуана жөнеледі. Сапар қолын көтеріп, оны тоқтата түсіп:

– Сабыр ет, аудан басшылары, сендерге алғыс телеграмма келді. Тағы сабыр ет, Ақтал ауданынан жиырма кісі Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Соның он бесі әйел, соның ішінде біріншісі Алуа Сатаева, – дегенде, Нина, Сапар екеуін Алуа бірдей құшақтайды. Қуана сүйіседі. Айналадағы жұрттың бәрі де мәз, ду-душаттықта.

Нина күле тұрып, Алуаны құшақтай қысып тұрып, сөйлейді:

– Міне, майданға барғанда сен осындай жеңіспен барасың. Ақтал ауданының әйелдері, қандай ғажап азамат боп шықтындар. Майдан ерлеріне бар герой әйелдер жайын бас-басына түгелдеп, толық білдір.

Осы уақытта қоңырау қағылып, паровоз шыңғырып, поезд қозғалуға айналады. Алуа жерге түсіп, Сапармен, Нинамен, Сексекпенен соңғы рет қоштасады. Сапар қолынан бірнеше пакет-папкалар алады. Қазір Алуа майданға лайық жарымы еркекше киім киген.

Ақыры, шығарып салушылар тегіс жақсы шыраймен соңғы қош-қоштар айтысады да, поезд майданға қарай тартып кетеді.

\* \* \*

Тоғайы қалың, көгі мол Россияның бай өлкесінің біріне, шеткі станция басына жаңағы эшелон кеп тоқтаған. Бұл жерге осы эшелонды қарсы алуға атақты “Н” дивизиясынан бір топ әскери адамдар келген. Лейтенанттар, майорлар, бұларды бастап келген дивизияның политкомиссары Бейсен.

Ол Алуаға келе бере құшақтасып көріседі. Сый әкелуші, сый қабылдаушы топтар бауырлас туыстардай қуанысып, мәз болысып қалысады. Толып жатқан машиналарға сансыз мол сыйлар аударылып салынып жатады. Енді грузовой, легковой машиналармен жолдан, станциядан бөліне шығып, батысқа қарай далаға, тоғайға, алыс тоғайларға беттеп тартып бара жатқан жолаушылар, оларды қарсы алған Бейсендер.

Осы қалың топ дивизия штабы орнаған жерде. Дивизия командирі көп орденді, ұзын бойлы, кесек келбетті генерал, өзінің бар штабыменен Алуа тобын қарсы алған. Алуа ашық, айқын жүзбен генералға қарап, оның қасындағы топқа қарап, сәлем-рапорт сияқты аз сөз айтады.

— Жолдас генерал, сіздің дивизия ерлерінің әрекетін Қазақстан жұртшылығы түгел біледі. Зор мақтан етеді. Мақтан етіп қана қоймайды, айлар бойы, күндер бойы мұндағы сіздердей ер ұлдарын, ер азаматын, аға-бауырларын, дос-туыстарын үнемі ойлаудан, сағынудан айықпайтын әкелер мен шешелеріңіз, жарларыңыз бен дос-жарандарыңыз, туған халқыңыз сіздерді сүйген, сағынған сәлемін әкелдік. Және сіздерді сағынған туған өлкеңіз Қазақстанның сәлем-сауқат сыйы есебінде, сіздерге жіберген әр алуан дәмін әкелдік. Қабыл алыңыздар.

Генерал құрметпен Алуаның қолын алады. Күлкі, әзіл, қуанышты шырайлар. Енді бір кезекте, сол келген сыйлар дивизия столовойында, полктер орталығында, батальондарда, взводтарда, содан әрі землянкаларда, окопта отырған қазақ, орыс, ойғыр солдат, офицерлеріне түгел тарап жатқаны көрінеді.

Полктерде, батальонда, кейбір землянкаларда Алуа топтары командирлермен, солдаттармен өте жақсы амандасып, аралап өтіп жүреді. Бұл топтың қасында генерал және Бейсен. Бір шақ генерал мен Бейсен екеуінен Алуа Әсияның жайын сұрайды. Генерал баян етеді:

— Әсия Жабәева біздің дивизияның ерлерінің ішіндегі ері боп шығып еді. Ол сондай қуандырды, мақтандырды да, сондай уайым еткізіп қайғыға да салып кетті бізді.

Алуа үркіп сөйлейді:

— Не дейсіздер, ол қаза боп па еді? Мен оны көремін деп келіп едім. Осы полк, осы батальонға әдейі келген шағымда, оны көрем, көрісем деп келе жатыр ем-ау.

Генерал сәл таңырқап:

— Сіз оны естіген жоқ па едіңіз? — Бейсенге қарайды.

— Мен әдейі мезгілімен білер деп айтпап ем. Әсия Жабәева Алуа жолдастың қолынан өсіргендей, туған сіңлісіндей өз қолынан майданға аттандырған бауыры еді.

Алуа жылап барып жасын тыяды. Генерал баян етіп тұр:

– Ол пулемет атқыш болып, жауға осыдан он күн бұрын, дәл осы батальонның қазіргі бекінген орнын алу үшін біз соққы жасағанда, сондай өжет қайрат атып еді, бір өзі елу шамалы немісті қырған еді. Кейін шабуылды өзі бастап: “Қазақстанцы, за мной!” деп ұран тастап, немістің үлкен бекініс орнын біздің тартып алуымызға себепші болды. Оның батальоны шабуыл жасаған тұс немістің мол күші қалың жиылған жер екен. Біз жаудан аса мол, аса қымбат ғажап трофейлер түсірдік. Қазіргі шақта, Әсияның аты біздің бар батальондарда, полктерде, барша дивизияда соншалық қадірлі, оның үстіне, біз бүгін ғана Жоғарғы командованиеден мәлімет алдық. Әсия Жабаева “Совет геройы” атағына ұсынылыпты.

Осы адамдар және өзге бұларға ерген жұртшылық бір топ совет ерлерінің қойылған жерлерінде. Сонда Әсия қабірінің алдына келіп, тізе бүккен қайғылы жүзді Алуа көрінеді.

Осы кеште Алуа Бейсен екеуі оңаша әңгімеде. Алуа сырласқандай жай сұрайды:

– Бейсен, мен білем. Бүгінгі Әсияның жайындай тағы бір ауыр жайды маған айтуға қымай отырған тәріздісің. Маған сұратпай айтсаң етті. Кімнің жайын сөйлеп отырғанымды түсінесің ғой, – деп, уайымды жүзбен Бейсеннен жауап күткендей, қадала қарап қалады.

Бейсен аса күңгірт жүзбен, сәл ақырын ғана ерні қыбырлап:

– Түсінемін. Сұрағаның Арман ғой.

– Бар ма, тірі ме?

Бейсен үнсіз. Алуа өксіп-өксіп жылап жібереді. Бейсен сөйлеп отыр:

– Сен келгелі күн бойы “осыны қашан сұрайды” деп едім. Не дерімді ойласам да таппап ем, Алуаш, сенің ғана жан күйерің емес, менің де осы майдан қатты табыстырған, сондай асыл досым еді Арман.

Алуа жылап отыр:

– Қашан, қашан? Ол қаза болған ғой, қайда? Қашан қаза болды?

Бейсен:

– Үш-ақ күн ғана болды. Үлкен шабуыл үстінде қатты

қақтығыс, қалың соғыс кезінде қайтпай қалды. Белгісі жоқ болғанның ішінде, сол қырғында қаза болды деп отырмыз.

Алуа екеуі де қатты уайыммен үнсіз салбырап қалады. Осы кезде генерал жылдам басып, ажарлы, көтеріңкі жүзбен келеді.

– Жолдастар, білдіңдер ме, көрші дивизиядан, генерал Матвеев штабынан, мен, міне, аса қымбат хабар алдым. Жаңа ғана связной әкеп тұр. Үш күн бұрын біз жоғалтқан, менің аса қымбатты командирімнің бірі Баисов Арман бар екен.

Алуа аптыға қуанып, ұмтыла тұрады. Бейсен де соншалық шаттана дауыстай, күле жайнап атқып тұрған.

– Шын ба, жолдас генерал? Білдіңіз бе, сіз біздің қонағымыз Сатаева жолдасқа қандай қуаныш әкелгеніңізді білдіңіз бе?

Генерал сұрақ белгісін айқын танытқан жүзбен Алуаға жалт бұрылады. Алуа сәл өзін іркіп, ұстана тұрып қуанышын жасыра алмайды.

– Рас, жолдас генерал, жасыра алмаймын, сіз қуаныш қана әкелген жоқсыз, бақыт әкелдіңіз.

Генерал іркіле беріп:

– О, жақсы екен, бірақ... бірақ, – дей береді.

Бейсен:

– Баисов Арман – біздің Алуаның осы соғыс майдан кезінде атасқан, серт байласқан күйеуі.

Генерал шұғыл өзгереді.

– О, ол сондай жақсы екен, жолдас Сатаева, бірақ білесіз бе, мен сіздің үмітіңізді алдай алмаймын. Мен оның бар екенін біліп қуанып тұрмын, бірақ ол жаралы. Айтуына қарағанда, ауыр жаралы. Матвеев дивизиясының санитарлары бүгін тауып алып келіп, Баисовтың сұрауы бойынша, маған хабар жіберіпті.

Алуа тағы шошып, қайта жылап жібереді...

\* \* \*

Алуа полевой госпитальда. Қатты жаралы, өнебойы, басы-беті де шымқап таңылған, әлі де сыртына қаны шыпшып шығып жатқан, өлім халіндегі Арманды Алуа аймалап, жабыса құшады. Қиналып өксіп шерленеді. Ауыр налада.



Анда-санда толқын, қайғы арасында, Арманға өзінен-өзі сыбыр шер ашқандай болады.

– Неліктен, япыр-ай, не үшін?.. Мұндай да жаза бола ма? Мұншалық қатал ауыр дерт бола ма?

Қыбырсыз, үнсіз, өлі жандай тым-тырыс жатқан Арман сәл ғана ернін қыбырлатады. Өте әлсіз сыбырын аңдай алмаған Алуа, жүзіне жүзін тақап, төне түседі. Арман тағы үнсіз, енді зорға дегенде кірпіктері қозғалып, баяу ғана көзі ашыла береді. Қап-қара нұрлы, ойлы, бірақ ауыр қасірет шеккен көздері Алуаның жүзін бір танып, бір жоғалтқандай.

\* \* \*

Жасаулы кең бөлмеде, оңашада үлкен қызмет столының жанында көп кітаптарға, қалың қолжазбаларға үңілген, қолдарында қарындаш-қаламы бар Нина мен Алуа көптен еңбек еткен, сол ұзақ еңбек үстінде біраз талған, қажыған пішінде. Нина Ивановна салқын ажармен Алуаны кінәлай сөйлеп отыр. Қолында Алуаның үлкен қолжазбасы.

– Мен оппонент боламын. Сен диссертация қорғауға көп өзірлік жасағансың. Бірақ мұнда толып жатқан керексіз, артық дүниені теріс бағыттан шарлағансың. Мысалы, мұнда әлдеқандай Алтын Орданың, хандар сарайының жоқшысы, заршысы Қараүлекті неғыласың? Әмеңгерлік, жесірлік салтының соншалық тұтқыны, күңі болған Қыз Жібектен не іздейсің? Және, әсіресе орыс халқы мен қазақ халқының жауы болған Кенесарының қарындасы Бопайды несіне осынша көтеріп дәріптейсің? Қазақ әйелінің халіне арналған ғылымдық еңбектің бір мақсаты осында болғаны ма? Мен сенен сұраймын, осы ма?

Алуа ойланып, қысылып жауап береді:

– Осы бөлімдерді қоспаса, толық ғылымдық зерттеу болмайды, тарихтық, ғылымдық қабілет болмайды десті ғой.

Нина шапшаң, ызалана сұрайды:

– Кім солай деді?

– Менің екінші оппонентім. Анау профессор Есенов Мардан солай деген жоқ па.

– Ол өзі адасады, өзімен бірге сені де адастырған. Ал, болмаса, өзің аңғарарсың, ойларсың, сен саясат жолында

піскен адам деп ойлаймын. Мұның артында өзгеше залалды улар жатқан болмасын. Ойласаңшы, сенің өзіңнің ғана өмірің, тартысың, тағдырың біздегі әйел халінің соншалық зор тарихы емес пе? Жалғыз сен көргеннің бір өзі қандай ғылымдық еңбекке тақырып болмас еді?

Алуа ойланып отыр, бірақ әлі байлаған жоқ.

– Сүйтіп, бұрынғыға арналған бөлімдерді түгел тастаймын ба?

Нина ашуланып сөйлейді:

– Қимай отырсың ба? Осыны өзің аңдамағаның үшін, енді мен ұрсамын саған. Кінәлаймын мен сені. Және есінде болсын, мен оппонент болғанда, осы жөнде қаталығың болса, аямай соғамын, айтпадың деме.

Екеуі үндеспей, ұзақ қарасып барып айрылысады.

\* \* \*

Жемісі жайқалған бақшалары мол, асқар биік қарлы заңғарлары ала бұлт арасында мұнарланған ғажайып өлке күншуақ шақта. Асфальтті кең, түзу көшеде оқшау, әдемі особняктің есігі ашылады. Есік алдында үлкен, сәнді жаңа машина тұр. Соған қарай жаңағы үйден шыққан, жақсы киінген екеу қозғалады, жүріп келеді. Күліп, көңілді сөйлесіп шыққан бұл екеу – Алуа мен Арман.

Арман сәл сылтып басады. Екеуі де жазғы, өте ұнасымды, жақсы киімдер киіскен. Машина бұларды алып жөнеледі. Енді бір кезек, үш қабат үлкен үйдің парадтық есігіне әкеледі. Бұл үйге көп жандар шұбыра кірісіп жатыр. Осы үйдің ішіндегі үлкен келісті зал, әсем жиналған сахна, сонда отырған еркек-әйелдер аралас, әр жасты ғылымдық кеңес мүшелері. Зал толы қазақтың, орыстың аса мол жиылған, өзгеше бір мәжілісі. Залдың орта тұсында отырған Сексек те көрінеді. Ғылым кеңесіне сәл оқшауырақ жерде, жеке стол басында сөйлеушіні тыңдай түсіп, қағаз жазып Алуа отыр.

Қазір қатал үнмен прокурор тәріздене сөйлеп тұрған Алуаның айыптаушысы есепті профессор Мардан Есенов:

– ...Тағы қайталап айтамын, құрметті ғылым кеңес мүшелері, диссертант Сатаева Алуа көп еңбек етіп, анық тарихтық ғылымға қажет болған деректерді жинап алса да,

білгенін пайдалана алмаған. Соның орнына бар еңбегін азға, саязға сайған. Ғылымдық зерттеу емес, женотдел үгітшілеріне блокнот есебінде жүрерлік брошюра қатарынан аспайтын, немесе журналдық мақаланың бойынан аспаған, арзан шындықтарды тізген. Осы себепті мен Сатаеваның еңбегін ғылымдық бағасы бар еңбек деп тани алмаймын. Сондықтан, құрметті ғылым кеңесінің мүшелері, совет оқымыстысының ары маған бұйыруы бойынша, мен бұл еңбекті диссертантқа кандидаттық ғылым дәрежесін беруге жетерлік еңбек деп санамаймын. Бұл еңбек үшін Сатаеваға тарихтық ғылым кандидаты атағын беру мүмкін емес деп қорытамын.

Алуа мізбақпай қарап отыр. Оның жүзінде сескенген, жасыған күй жоқ. Қайта, жігерлене, қайрат жия түскен, қайсар ажары бар.

Мардан сөзінің соңғы тұсында, залда және ғылым кеңесінің мүшелері арасында әр алуан қозғалыс, толқу, түйілген қабақ, түршіккен түстер көрінген. Біреуге біреудің айтқан қатты, шапшаң сыбырлары, таң болған сөздері, күңкіл-сыбыр, әртүрлі жыбыр түрінде бүкіл үлкен зал бойында айқын аңғарылып тұр. Жұрт аузындағы сөздер:

– Қандай қатты байлау.

– Не деген аяусыз соққы.

– Бүйтетін болғанда, оппонент боп несі бар?

– Мынау тегін емес қой, мұның артында бір үлкен зілдер жатқан жоқ па өзі?

– Неғылған қастан мінез сияқты нәрсе? – дескен әр жасты ерлер, әйелдер сөздері естіледі. Залдың дабыры, наразылық сыны, кейде ызалана түршіккен үндері, түрлері байқалып тұрады. Жұрт ұзақ уақыт тыныштық ала алмай, дабырлап, қобалжып кетеді.

Ғылым кеңесінің бастығы ұзын бойлы, кесек жүзді қазақ жігіті қоңырау қағып, залды зорға тыныштыққа қайырады. Арман да жаңағы күйлердің бәрінің тұсында Алуаға үнемі қайрат бергендей, ажарлы жүзбен қысылмай, қымсынбай қарап отырған. Ешкімге бір ауыз сөз қатпай, әлі де Алуа жүзіне қадалып отыр. Қазір Алуа трибунада сөйлеп тұр.

Зал жым-жырт тынып қалған. Бірақ жаңағы неше алуан наразы болған, түршіккен, ызаланған адамдардың бәрі де, Алуаның ендігі сөздері күшейіп, басымдап, Марданды

сынап, соққыға ала бастаған кездерде, Алуаға қарай жылысып, тілеулестік пен достыққа анық ауысып бара жатады. Алуа барған сайын өктеп, үдеп сөйлеп тұр.

– Жолдастар, профессор Есеновтың менің еңбегімді айыптаған сөздеріне қарсы айтатын дәлелдерімді қорыта келіп, құрметті ғылым кеңесінің мынау жайға айрықша назар аударуын мақсат етемін. Профессор Есенов мені Қараүлек, Бопайлар жайын жазбадың деп кінәлайды. Менің диссертациямның жөні ең алғаш 1939 жылы, одан кейін 1941 жылы сөз болып жүрген шағында, әр кезде жаңағы әйелдерді профессор Есенов маған үнемі көлденең ұсынатын еді. Мен, осы кісінің айтуы бойынша, ол әйелдер жайын, заманын аса көп уақыт бөліп, зерттеп шықтым. Зерт-теп шықтым да, мынау диссертацияма кіргізгем жоқ, әдейі кіргізгем жоқ. Себебі, біздегі әйел жайын зерттеген еңбектің ең зор, ең қасиетті тақырыбы да, мақсаты осы кітап ішінде мен жазып шыққан бір-ақ жайға арналса жетеді. Ол – біздің Отандағы әйелдер арасындағы коммунистік қозғалыс тақырыбы. Ал Қараүлек, Бопайлар хан сарайының, біреуі – Ноғайлы ханының, біреуі – қазақтың жауы Кенесары хандығының жоқтаушысы, қостаушылары. Осылардың жайын маған “жаз” деп тықпалай берген себепті, мен қазір осы жиын үстінде өте айқын түсініп тұрмын. Сол түсінігімді, мына отырған жұртшылық – сіздер де түсінсін деп тұрмын. Профессор Есеновтың менің қолымменен бұрынғы Алтын Орда, Ноғайлы хандықтарының, кешегі қазақтың феодалдық, хандық сорақылық тұрмысын жаздырмақ мақсаты бар екен. Бұл ғылымдық проблема деп аталған бопты. Анығында, ол ғылымдық проблема емес, атын атап, бар сыры мен шынын ашып айтайын, жұртшылық, ол барып тұрған буржуазиялық, ұлтшылдық программа екен.

Залдағы жұрт Алуаға барынша достық, тілеулестік ажар көрсетіп, қыза қостап, сүйсінгендей болады. Ғылым кеңесінің бастығы залды тәртіпке шақырады. Енді Алуа өте қайратты, ажарлы жүзбен жалындап тұрған қалпын сәл баяулатып, іркіп, ой мен жігерін енді басқаша сөйлеп, таныта бастайды.

– Профессор Есенов маған дау айтып тұрған жоқ, зор қарсылық қайрат атып тұр. Бір жайды еске алайын, 1926 жылы мені екі әйел үстіне зорлықпен тоқал етіп аламын

деген бай болған еді. Сол бай 1931 жылы, коллективизация тұсында маған оқ атқан еді. Сол байдың бірге туған інісі, профессор Мардан, сіз едіңіз, – деп, Марданға қарап тұрып сөйлейді. – Сіз сол ағаңыздың конфискациясы тұсында жұртшылықты бір әрекетпен сендірген болдыңыз. Бірақ ол түлкі жүріс екен. Содан бері, 1931 жылы, мен Ақталда істеп жүргенімде, әрі ұры, әрі банды боп кеткен сіздің ағаңыз қашып ауданға келгенде, Алматыдан сіз де сол тұстан барып шығып едіңіз. Мен сіздің сондағы банды ағаңыздың атқан оғына ұшырап едім. Ол сонда мені жоймаққа оқ атқан еді. Сіз сол тұста неге барып, неге кеттіңіз? Мен ол шақта аңқаулықпен аңдамаппын. Бірақ мен бүгін, осы сағатта бар жайды, сіздің бар жайыңызды, өмір жолыңызды анық түсініп тұрмын. Мен сондағы ағаңыз атқан оқтан өлмей қалып едім. Бүгін сіз сол ағаңыздың қолынан түскен мылтықпен мені қайта атып тұрған жоқсыз ба? Атып тұрсыңыз және көп әзірленіп кеп, көп жасырынып, боялып, құбылып кеп атып тұрсыз.

Зал тағы да қызынып, Алуаға сүйсініп, мұны барынша қостап ду-ду етеді. Жиылыс бастығы залды зорға қайырып, тыныштап алады. Алуа енді еркін, кең, сәл күлімдеген жүзбен, салмақты үнмен соңғы сөздерін айтады:

– 1926 жылы мен сол қорқау байлардан үрейім ұшып қашып, қызыл отауға келген ем. Сонда мені студентка, орыс қызы Нина жаудың оғына өз кеудесін төсеп, қорғап алып еді. Сол орыс қызы, партия, совет азаматы, партиялық, лениндік ғылымның батыл қайраткері, профессор Нина Ивановна Ершова бүгін де мені зор қаталықтан қорғап, профессор Есеновтың алдауы мен аздыруына ергізбей, аман алып қалды. Тағы да мың сан рақмет, орыстың жақсы адамы – Нина Ивановна! – деп сөзін бітіреді.

Зал дулап, шулай сөйлеп, қатты сүйсініп қол соғады. Ғылым кеңес мүшелерінің біраздары да шыдай алмай қол соға бастаған.

Осы Алуа сөздерінің және залдағы жұрттың жоғарыда суреттелген мінез, әрекет, құбылыстарының қатарында төмендегі бір бөлек уақиғалар үнемі жарыса жүріп отырған.

Көп ішінде Сексек мәз болып күліп, кейде дауыстап та сөйлеп, кейде Алуа үшін рақаттанып, масайып қалады.

– Е, е, бәсе! Бәсе! Тап солай. Дәл солай. Дәл-дәл солай. Бәсе, біздің Алуа қалай?! – деп жорғақтап қол соғып, тыным ала алмайды. Сонда мұның қасында отырған кішкентай бойлы әйелге Сексек мінездері ерсі көрінеді. Ол бір-екі рет тамсана қарайды да, енді шыдай алмай, Сексекті кекете сөйлейді:

– Е, мына бейбаққа не боп кетті? Ұшып кетер ме екен? Сексек мұның кекеткенін байқап қалады.

– Әй, сен не дейсің өзің? Қарашы тілін, қаршадай боп ап.

Сексек қасындағы көршісін кішкене қыз екен деп ойлайды. Анығында, ол бойы аласа ересек әйел. Енді Сексектің сөзіне әйел намыстанады.

– Қаршадай? Қарашы сөзін. Өзі таудай кісімсіп.

Екеуі бір-бірін жаңа ғана аңғарысқандай бұрылысып, оқшырая қарасады. Сексек бұл келіншекті анықтап аңғарған сайын, қуана таңырқап, тамашалай береді. Енді мұның ұрыспақ ниеті жоқ, қайта оқыстан мәз болып, себепсіз күле береді.

– Не дедің, әй, айналайын, таудай деймісің?

– Е, таудай десе немене? Болмаса нардай жігіт дейін бе?

– Айт, айт, айналайын, тағы айтшы? Ой, астай...

Келіншек енді бұған таңдана бастайды. Тамсанып қояды.

– Қарағым-ау, есалаң ба? Немене ыржалақтайды өзі?

Сексек болса, келіншекке барынша еңсесі кетіп, мәз бола қарап отыр.

– Ой, астай. Ой, тоба... Іздегенге сұраған...

– Сұраған болса сұраған. Қорқар деп пе ең сенен?

– Ө не дейсің, қалқам-ау?

Келіншек әлі ұрысқан халде:

– Е, шошып кетер деп пе ең сенен, дәу неме, айбатыңнан қорқар деп пе ең?

Сексек үйірліп, қуана күле береді.

– Е, қорықпа, ойбай, қорықпа. Айналайын, тек қана, бір ғана сөз айтшы, қалқатайым. Осы, күйеуің бар ма? Жоқ па?

– Жоқ болғанда қайтейін деп ең? Қорғаны жоқ деп жеп қоям ғой дейсің бе? Ал, күйеуім жоқ.

Сексек алақайлап қуанып, орнынан бір атқып тұрып, бір отырады. Бұл кезде Нина менен Алуа аса ыстық құшақ қосып сүйіседі. Екеуінің де көзінен жастар домалайды. Сексек өз қуанышымен мәз:

– Издегенім дәл, дәл өзі... – дей береді.

Тарап жатқан жиын ішінде, үлкен зәулім үй жанында Сексек пен жаңағы келіншек те кетіп барады. Сексектің бойы келіншектен әнтек биігірек. Сексек келіншекке сүйсіне қарай түсіп, жөнін айтып келеді.

– Бұл жайды жақсылап тыңда, жарқыным. Мен енді барымды айтам. Осы шаққа шейін, Жиренше шешен сияқты, өзіме лайықтыны іздеп келгем. Бойы лайықтыны айтам. Бойыма бойы теңді айтам.

Екеуінің қасынан бойлары ұзын паралар өтіп жатады. Сексек соңғы бір параға одырая, ұнатпай қарап қалады.

– Болмаса анадай, тырнадай әйелді мен неғылам.

Қасындағы келіншектің иығына, дене мүсініне мойын соза айнала қарап, масайрап сүйсінеді.

– Ой, астай... дәл өзі... Тап издегенім, а-а-айналайын...

Енді келіншек те күліп, бұған жылы ұшырайды. Жымия күледі.

– Ендеше, менің атым Балжан. Балжан.

– Айналайын атыңнан... Аты қандай десеңші. Әрі бал, әрі жан... Сондай тәтті... Бүлдіршіндей. – Өз-өзінен мәзденіп: – Үріп ауызға салғандай...

Екеуі де мәз, қуаныса күле береді.

\* \* \*

Көп кісілік сәнді самолет үлкен шаһар үстіне төніп тақап келген. Самолет ішінде тек әйелдер. Орта жасты, толық денелі орыс әйелі, соның қасында Алуа, қатарда, кейінгі реттерде отырғандар: түрікмен, өзбек, әзірбайжан, қырғыз, тәжік сияқты, советтік шығыс елдерінің әр жасты, жақсы киінген әйелдері. Тағы бір қатарларда Сирия, Ливан әйелдері және қара Африканың негритянкалары аралас көрінеді.

Самолеттегі әйелдердің барлығы төменге, шаһар көрінісіне қадала қарасқан. Барлық ауыздарда: “Пекин”, “Пекин” деген сөздер. Самолет баяу айналып, шексіз мол

қаланың үстін әдейі дөңгелей шолып, көрсете ұшқандай. Самолет қанатының астынан енді мол Пекин ашыла береді.

Ұзақ, шексіз созылған қабырғалар. Неше алуан сәнді пагодалары аспандаған, қат-қабатталған, біреуі биігірек, бірі төменірек орналасқан ескі ғажайып ғимараттардың талайын жай барлап, кезіп өткен самолет аэродромға түседі.

Мұнда жаңа самолет әкелген қонақтарды қарсы алушы қытай әйелдері шығады.

Қалың жиын үстінде дүние жүзіндегі талай халықтардың жалаулары, тулары. Соларда орыс, қытай, араб, индия, ағылшын, корей, вьетнам, түрік тілдерінде жазылған ұрандар: “Жасасын азиялық әйелдердің бірінші конференциясы!”

Қонақтар машинада. Машиналар сыртқы шаһарды, оның парктерін, усадьбаларын басып өтіп, Храм Небу (Тянь-Тянь) және мінәжат үйі Фа-юансы сияқты ғажайып имараттарды көре отырып, отельге кеп тоқтайды.

\* \* \*

Енді бір кезек сансыз көп машиналар сан алуан үлгіде киінген неше түс, нелер типтес Азия әйелдерін қала сыртындағы салтанатты сарайға әкеледі.

Алуа мен оның жолдастарына қытай әйелі орысша баяндап тұр.

– Біздің қазір келген жеріміз патша қатын – Ци Сидің жазғы сарайы, – дейді.

Осы сарайдың салтанатты галереяларын, жеке-жеке алаңдарын аралап келе жатқан шақта, Алуаға өзінің жолдастары, совет әйелдерінің басшылары бір ерекше жайды тапсырып, сөйлесіп келеді.

Орта жасты орыс әйелі Алуаға ақылдаса сөйлеседі:

– Осы конференцияға келген мұсылман әйелдерінің бір тобы советтік шығыс елдерінің кейбір өкіл әйелдерімен сөйлесеміз дейді. Соған сен сөйлес, Алуа.

Өзге әйелдер де Алуаның баруын мақұлдайды. Бірақ жан-жақтан сол әйелдер достық ескертулер айтысып, тілектестік білдіріседі. Сенімді жүздермен, бейілмен ұзатып салысады.

Алуа осы сарайда музейлік ғажайып қымбат статуялар,



Будданың әр алуан суреттері тұрған орында жай қозғалып, сөйлесіп келе жатқан бір топ әйелдер арасында. Қатарда қалып жатқан идол, статуя, изваяниелердің ішінде неше алуан адам шошырлық айдаһарлар, көп басты жыландар, ақсиган тіс, қорқыныш күш иелері, әлденеше сұмқадам жүздер, бейнелер көрінеді. Кейбіреулері қоладан, кейбірі күмістен, темірден, ағаштан, сургучтен, тағы біреулері фарфордан, гипстен, балшықтан жасалған жаңағыдай неше алуан құдайлар, қараңғы, қаскөй, қатал күштер бейнелері үнемі созылып, ілесіп отырады.

Бұл галерея көрсетіп тұрған пішіндердің, кескін-мүсіндердің бәрі де Алуамен сөйлесіп келе жатқан мұсылманшылықтың жоқшысы, қараңғы саналы кейбір діншіл әйелдердің шындық дүниесін аша түсіп, танытқандай. Әйелдердің Алуадан басқа, бәрінің киім үлгілері әр бөлек. Мұнда Индия мұсылман әйелдерінің киімі, иран әйелінің, түрік әйелдерінің, сирия, ливан, ауған әйелдерінің киім үлгілері, бет-тұлғалары аңғарылады. Араларында кейбір европаша киінген, оқыған әйелдер де бар. Бурыл шашты қартаң иран әйелінен басқа, көбінше жас әйелдер байқалады. Орта жасты иран әйелі мен ақ шашты түрік әйелі Алуаға кезек қадалып, мұнымен таласып, кейде ызалы, кекесін түрде дауласып отыр.

— Сіздер, қазақ, өзбек, татар, түрікмен сияқты халықтар, бұрынғы тарихта Русия мұсылмандары аталатынсыздар. Бұл елдердің көбі ислам дініне кірмес бұрын, жабайы уахшилер еді. Исламият сол халықтардың әйелдер халіне не жаңалықтар кіргізгенін сіз білмейсіз.

— Әлбетте, білмейді. Үйткені бұл кісі өзі мұсылман емес.

Тағы да бір әйел өршелене сөйлейді:

— Себебі бұл кісі дінсіздерден.

— Өзіңіз дінсіз бола тұра және халықтарыңыз тарихына дін тарихының не қосқанын білмей тұра, сіз бізге сөйлеген сөздеріңізде ислам дінін жамандап тұрсыз. Сіз ең әуелі ислам дінін бастаушы Мұхаммед Мұстафа өзі айтқан жолды білесіз бе? Білмейсіз.

Алуа бұл әйелдердің ызаланған, томырылған жүздері мен сөздеріне күле қарап тұрған. Енді ол салмақты жауап қайтарады:

— Жоқ, білмейді емеспін, білермін.

– Айтыңызшы, білсеңіз. Мысалы, Мұхаммед пайғамбар әйелге оқыма деген бе?

Алуа күліп, бас шұлғып тұрып сөйлейді:

– Жоқ, оқысын деген.

Анау әйелдер таңданыңқырап күліп, ентелей түседі. Сонда Алуа өте таза араб тілімен пайғамбардың хадисін айтады.

– “Әл ғилми фаризатун ғәлә кулли мүслимина уә мүслимәтун”.

Әйелдер таңғалып, алдыңғы шабуылдарынан сәл іркіле бастайды. Алуа бір қалыпты кең, күле сөйлеп тұр.

– Рас, осылайша пайғамбар: “Ғылым мүсылман ерлермен бірге мүсылман әйелдерге де фарыз” деген. Бірақ соны айта тұрып, мүсылман ғаламының барлығында әйел халқының масқара күндікке, қорлыққа ұшырауына осы жолдың өзі себеп болған.

Әйелдер шуылдап, дабырлайды.

– Өзі емес, кейінгі жалған ғұламалар, қараңғы фанатиктер. Кейінгі замандарда бұзып өзгерткен әйел халін.

Тағы бір әйел мұны қостайды:

– Мысалы, сұлтандар, шахтар құрған храмдар пайғамбар әмірімен туып па еді? Чадра, чачуандар болсын деп айтып па еді? Әр хаулидә ичкәриләр болсын деп қашан пайғамбар айтып еді?

Алуа әлі де еркін, мысқыл жүзбен сөйлейді:

– Рас, оларды айтқан жоқ. Бірақ өзі өмірінде тоғыз мәртәбә үйленген Мұхаммед демейтін бе еді. Көздері тіріде, қатарынан төрт әйелмен никахта болып тұру мүмкін деген кім еді? Тоғыз жаста қыз бәлиғаға толады деп Ғайшаға өзі қызыққандықтан, жас нәресте әйелді аздыру жолын ашқан кім еді? Дінбасы, ахлақ, адамшылық, әділет басы дейтін ұстаз өзі соны істесе, кейінгі шахтар, сұлтандар, әмірлер, халифтер харамдар жасамай, не жасаушы еді? Әйел жынысын азат ету жолында дұрыс ойлайтын болсаңыздар, ол дінмен байланысты болады деп білмеңіздер. Қай діннен болса да әйел халіне рақым күтпеңіз.

Әйелдер ішінен ақ шашты түрік әйелі қатал үнмен кесе сөйлейді:

– Біз әйел халі үшін, азаттығы үшін алысушымыз.

Сонымен бірге және айтамыз, әлхамду лилләһи және мұсылманбыз.

Алуа енді қатаң сынап сөйлейді:

– Міне, сіздердің елдеріңіздегі әйел қозғалысының соруы осы. Біз бір-бірімізбен аналар, апа-сіңлілер, құрбылас әйелдер есебінде кездесіп тұрмыз. Әрқайсымыздың артымызда сан миллион аналардың, жас әйелдердің тағдыры, тарихтық тілегі.

Анау әйел Алуаның сөзін ызаменен қағады.

– Сіз бізді діннен аздырамын деп үгіттемеңіз.

Алуа қатаң, шапшаң сөйлейді:

– Мен үгіттемеймін, бірақ мен сізге шындықты айтам. Әйелдер арасындағы буржуазиялық қозғалыс Турция, Иран әйелдері – сіздерден ғана басталған жоқ. Францияда, Америкада, Англияда феминистка, суффражисткалар қозғалысы ертеден-ақ басталған. Бірақ солардың бәрінде де бүгін, сіздердегі сияқты, буржуазиялық қоғамның дініне, заңына байланысты кертартпа сана басым болғанда, әйел халіне әлі күнге түк өзгеріс кірмей келген. Сондағы сордың ең үлкені – осы сіздер сияқты біреулер өзінің христиан дінін, біреулер буддизмді азаттық оймен аламыштап, бос қана әурешілікте келген. Сіздерге әйел халінің жоқшысы бол-ғанша, тыныш қана инабатты мұсылманның игтиқатты ханымы ғана болып отыру жайлырақ деп білемін. Болмаса, ойлана білсеңіздер, қазіргі біздің заманда, XX ғасырда, әйел халінің шешуі бір ғана жолда, бір ғана негізде келетінін аңғарар едіңіздер.

“Үгіт”, “үгіт” деп жаңағы екі-үш әйелдер ызалы намыспен жұлқына тұрысады. Бұрқ-сарқ етіп жұлына жөнелген сол екі-үш әйел байқалады. Бұлардың бірі – ақ шашты турчанка, екеуі – соған жасы тетелес иран, ауған әйелдері.

Осымен қатар, жаңағы Алуа сөздері мен мінездеріне еріксіз ой бөліп, бұл сөйлеп тұрған уақытында амалсыз ден қоя, анықтап құптай бастаған әйелдер көбейеді де, әсіресе солардың жастар жағы Алуаны бұрынғыдан да қоршай түсіп, дос тұта бастаған ажар байқатады.

Алуаның қасында қалған әр ұлттың әйелдері бұны қамап қоршай түсіп, жабыса сөйлеседі. Жан-жақтан тың сұрақтар беріседі.

– Азия әйелдерінің тартысын, сізше, енді қандай ұрандар астына тез ұйыстыруға болады?

– Иә, сіздің жаңағы айтқаныңыз рас, Азия әйелі тартыспен, үлкен әлеуметтік тарихтық тартысқа қатынасумен ғана есеге жетеді.

– Дін бұл жолда программа емес. Ол тек бөгет.

– Бәсе, біз сізбен дін таласы үшін кездеспек емеспіз-ді. Жаңағы әйелдер адасады. Сіз бізге ендігі тың тартыстың, бар Азия әйелінің басын қосатын тартыстың бетін айтыңыз.

Алуа батыл, бекіп сөйлейді:

– Міне, бұларыңыз анық орынды сұрақ. Бұл жолда менің айтарым – жалғыз-ақ дәл бүгінгі күндер үшін ұран. Ол бейбітшілік үшін ұран. Аналық, жар жолдастық, жас қыз талапкерлік – бәрі үшін жалғыз үлкен қауіп төніп келеді дүниеге. Ол тағы бұлт қоюлап келе жатқан дүние соғысы... Сіздер мен айтпай-ақ, өз тағдыр тәжірибелеріңізден білесіз, бәріңіз де көріп, татып болдыңыздар. Бар жаманшылық пен сорды бұрынғысынан он есе жаманырақ, сорырақ ете түсетін соғыс. Азия әйелі әрі өзінің әйелдік, аналық, балалық бақытын қорғау үшін, әрі дүниелік ең ұлы, ең таза, биік, ақтық ұранға үн қосу үшін – тек қана бейбітшілік ұранын қостасын. Дұрыс па осы?

– Дұрыс.

– Анық айқын жол осы.

– Шынымен, бар Азия әйелін, дініне, тіліне, ұлтына карамай, өздерін бір-біріне қосатын және бәрін апарып дүние жүзі әйелдерінің тартысына қосатын осы жол, – деп, жас, көрікті египет әйелі Алуаның қолын алады. Бірге тартысуға серт етіскендей болысады.

Зор зал толған неше алуан киінген аса көп әйелдер жиыны. Мұнда орыс, қытай, корей, бирма, вьетнам, индонезия, индия, иран, ауғанстан, аравия, сирия, ливан, кара жұрт әйелдері және де көп. Совет Одағының халықтарының әйелдері де мол. Осы соңғы топ арасында Алуа.

Индия әйелі сөйлеп тұр:

– Индияда әйел саны еркектен 13,5 миллион кем. Көп әйелдер өмірін жастай ерге беру құртады. Ерте ана болу ғана емес, кем-кетік болу да, қаза табу да содан туады.

Япон әйелі сөйлейді:

– Японияда осы күнге дейін күндікке әйел менен балалар сатылуда. Қазіргі күнде де құл сатушылар қолынан жаңағы күң мен құлдарды сатып алушы сан фабриканттар бар.

Бирма әйелі сөйлеп тұр:

– Бирмада әйел еңбегі еркек еңбегінен 45-50 процент кем төленеді. Қамсыздандыру мен қауіпсіздендіру заңдары әйелдерге арналмайды.

Алуа құлағына наушник киіп, шешендерді тыңдап отыр. Екі көзін сол әйелдерден алмай, толқына қарап, кейде қағазға жаза отырады.

Сирия әйелі сөйлейді. Бұл – кеше Алуамен сөйлескен әйелдердің ішіндегі Алуаны түсіне бастаған жас әйел.

– Сирияда әйелді сатып алу, сату әлі күнге қаз-қалпында. Шарифат бойынша, дәл бүгінгі күнде де көп қатын алу бар.

Енді сөйлеп тұрған иран әйелі, бұл да Алуамен сөйлесуде оның сөзіне көбірек ден қойған әйел болатын.

– Мұсылман әйеліне азаттықтың ажалын әкелген шарифат әзір Иранда, Ауғанстанда өз қуатын толық сақтауда. Көп әйел алу, қызды сату заңдары сақталуда. Никах, талақ хақысының бәрі де тек қана еркек ықтиярына берілген.

Енді бір кезекте председатель әйел сөзді Совет Одағындағы шығыс елдер әйелі өкілі Сатаева Алуаға береді. Зал бұған үлкен ілтифат көрсетеді. Алуа сөйлеп тұр:

– Құрметті әйелдер, Азия халықтарының әйелдері, апалар, сіңділер. Мен сіздерден сонша көп нәрсені естідім. Әрине, мұндағы айтылғаннан да ары сан сорақы күйлер түгел жетіп, түгел айтылмай да жатқан болар. Сондай сұмдық күйлердің біразын өзімнің бала шағымда, Ұлы Октябрь революциясынан бұрын, мен өзім де көргем. Менің анам, үлкен шешем, менің әкем, бабаларым сияқты, оқымаған еді. Ал мені, жасқа толмаған жетім қызды, бай үшінші әйел етіп зорлап алмақ болған-ды. Мен содан қашып, безіп едім. Сол қашу сапарымда совет заңынан пана таптым. Мен тек қана азаттық алғаным жоқ, теңдік қана алғаным жоқ, білім жарығын да алдым. Өзімнің бақытымды да таба алдым. Қазір мен тарих ғылымының кандидатымын. Өз үкіметіміздің мүшесімін. Осының бәріне

мен өзгеше әйел болғандығымнан жеткем жоқ. Мен – біздегі миллиондардың, сан миллион әйелдердің қатардағы бірі ғанамын. Осылайша анық бостандық күні азғана уақыт, бір ғана буын өмірінің өзінде-ақ қайғылы қасірет заманын қуып, әйелдің гүлденген күншуақ күнін туғызды. Мен не айта аламын сіздерге. Тек бір ғана тілек айтар едім. Оным, Азияның қалың миллион әйелдері, сіздерге біздің Отанымыздағы әйелдердің жайынан анық, дәл шындықтар ғана жетсе екен. Екінші: көре тұра айтпай қоя алмайтын, үндемей тына алмайтын бір ғана ойымды айтайын. Ол – барлық Азия халықтарының басшы қауымына айтатын бір ғана сұрағым. Ол – өткеннің, бүгінгінің және көп елдерге болашақтың сұрауы. Ол – Азия халықтарының қақ жарымы әйелдер турасындағы сұрауым. Қашанға шейін Азия әйелінің тағдырын осыдан екі жарым мың жыл бұрын орнатылған Сидхарта Гаутама Будданың заңы шешпек? Қашанға шейін екі мың екі жүз жыл бұрын орнаған Ману кодексі әйел күйін билемек? Қашанға шейін мың жарым жыл бұрын әйелді қорлау заңын орнатқан брахманизм, индуизм әйел тағдырын билемек? Қашанға шейін, мен және сұраймын, бүгіннен мың үш жүз жыл бұрын орнап, әйел жынысын күндік қорлыққа салған мұсылмандық шарифаты қатал заңын соза бермек? Сіздерге және маған мәлім, Азияның талай тайпаларының, халықтарының арасында ең әуелгі қоғамның әйел жайындағы сорақы заңы да сақталып келеді. Ол қоғамда пуналуа болып еді. Бүгін соның орайына полиандрия, яғни бір әйелмен бір үйдің ішіндегі барлық еркек ортақ өмір сүретін заң жойылмай отырған жерлер де бар ғой. Мен өз сөзімді бітіремін. Жалғыз сұрақпен бітіремін. Бұл – ар сұрағы. Біздің ғасыр сұрағы. Бар Азиядағы аналар, ханымдар, апалар, қыздар сұрағы. Осы қорлықтардың бігер күні бар ма, жоқ па?!

Алуа сол сұрағымен енді залға ғана қарап тұрған жоқ, экранға, барлық көруші жұртқа, дүниеге, әлемге қарап, тарих сұрағын тастап тұрған тәрізденеді.

## А Я Ғ Ы

Пьесапар









# БАҚТАЛАЙ

Төрт актылы, тоғыз суретті пьеса



## Адамдары

Алуа – кейін райком хатшысы, ғылым кандидаты.

Нина Ивановна – кейін профессор.

Сапар – следователь, кейін Орталық Комитет хатшысы.

Бейсен – қойшы, кейін райком хатшысы.

Сексек – түйеші, кейін халық композиторы.

Арман – техник, кейін инженер-энергетик, Алуаның болашақ күйеуі.

Назарбек – батрак, кейін ферма бастығы.

Доғал – бай-феодал.

Мардан – оның інісі, кейін профессор, ұлтшыл.

Айбала

Әсия

Жанар

Сартай

Жәкеш

Байыр

} ауданда өсетін жастар.

} байлар.

Жалтыр – Доғалдың жігіті.

Қамар – Доғалдың әйелі.

Батрактар, колхозшы әйелдер, жұмысшы әйелдер және Азия елдері әйелдерінің конференциясындағы делегаттар.

## БІРІНШІ АКТ

### *Бірінші сурет*

Доғал байдың сегіз қанат үлкен, жасаулы үйі. Тіреле жиылған жүк, сандықтар. Оң жақта үлкен биік сүйек төсек, жағалай керегеде тұскиіз, түрлі киімдер. Жерде айқын түсті алашалар, оюлы сырмақ, қызыл кілемдер. Қонақтарға төселген көрпелер, үлкен ақ жастықтар көрінеді. Жерге жайылған кең дастарқан айналасында биік сары тегенеге құйылған қымызды сапырып, қонақтарға беріп бәйбіше отыр. Үй иесі Доғал әлі орта жасқа ілінбеген кербез мырза. Қонақтарға қызмет еткен күтуші – бәйбішеге қарсы отырған жылпос жігіт Жалтыр. Төрде отырған қонақтар мен Доғал да қазір қымызға қызған, тегіс масайған, қызарған жүздерінде, сөздері мен үндерінде сол мастық білінеді. Доғалдан жоғары отырған қонақтар да тегіс сәнді, кербез киінген мырзалар. Бұлар Доғалдың құрбылары, байлар – Сартай, Жәкеш, Байыр. Осы үйдің бергі, сахна жақ бір шетінде үлкен оюлы биік шым ши бар. Бұл тұста емізіктеген қара саба, ыдыс-аяқ көрінеді және сонда үлкен маслобойканың шелегін көптен қос қолдап, шаршаған күйде айналдырып отырған жас қыз байқалады. Ол – Алуа. Үстіндегі көйлегі, кемзалы жыртық, реңсіз жүдеу.

Алуаның өзінің қабағы сынық, өңі жадау.

Д о ғ а л (*Сартайға қымыз ұсына отырып*). Сонымен, шын-ақ солай бекідің бе?

С а р т а й. Атама! Бекігенде қандай дейсің, тас түйін. Алам, тоқал алам.

Д о ғ а л. Апыр-ау, бұ да бір жөн екен-ау, ойласам.

С а р т а й. Атама, дүниенің ендігі қызығы біздің бұдан былайғы жасымызда сол-ақ!

Ж ә к е ш. Шын айтасың ба, ей, қолыңнан келмейді ғой.

Б а й ы р. Ер болып өнеге көрсетші.

С а р т а й (*бұлғақтаңқырап сөйлейді*). Қолдарыңды өпкел! Тек жақсы қыз тапшы. Қағып алғалы тұрмын.

Доғал (кекетеді). Шабыттағы қанкөз қаршығадаймын де.

Сартай. Аламын, тояттаймын, жем керек қаршығамын. (Осы кезде бәйбіше Жалтырға белгі етіп, қымыз жиналады. Бәйбіше ши ішіндегі Алуаны шақырып, жез леген мен құмғанды нұсқап.)

Қамар. Түр, қонақтар қолына су құй! (Аздан соң иығына орамал салып, Алуа ши ішінен шығып, Доғалдан бастап қонақтардың қолына су құяды. Бір иіліп, бір көтерілген бойы сыпайы да сұңғақ, сымбатты. Арқасында білектей қос өрімі ырғала түседі. Сартай Алуа шыққаннан қозғалақтап, жалтақтап, ынтыға түсіп қызығады. Алуаға қарай отырып, енді өзінің қиялын сөйлеп жатыр.)

Сартай. Шіркін, со бір шіркінді тамаша сәндеп киіндірсе, алтын, күміс шолпы, білезік қос өрімге, ақ білектерге орнаса, ақ отауға, саяға сақтаса, жібек-мақпал көрпе-жастығы, айнала күткен малайы. Ол майысып, қиылып, жібектей созылып, тал бойынды ұйытып отырса, ненді бермес ең, нені қимас ең! (Өзге құрбы байлары бұған ылғи мысқылмен күле қарап, оның айламен сөйлеп отырғанын бәрі де аңдап оқырына күліседі. Мас байлардың ортасында қызыға қарап отырғаны бір Алуа екені ап-айқын. Алуа қолға су құйып бола сала, қысыла қашып, шидің ішіне кіреді. Үріккендей, елеріп тұр. Бар өне бойы сескенген.)

Қамар (ши ішінде). Жә, неменеге өрепідің? Шайқа ана майды. (Алуа отырып, іске кіріседі, бұның сыртында ас жей отырып, байлар бір жағынан сұқтанып, бір жағынан тұрпайы қомағайлыққа салып, Алуаға қызыққан күйде қыза сөйлесіп жатыр. Жалтыр Доғалдың емеурінімен қонақтарға ет үстінде арақ құйып, ұсынып жатыр. Бір-бірден қаққаннан кейін Сартай Доғалға жабыса сөйлейді.)

Сартай. Айналайын, Доғал-ау, әлгі қалам қасты қайдан тапқансың?

Байыр }  
Жәкеш } Бұл кім өзі? Қайдан тапқансың?

Доғал (күледі). Е, немене, бәрің сұқтанғаның қалай?

Сартай. Не деп отырсың, хордың қызы десеңші. Жөнін айтшы.

Доғал. Ол — біздің баяғыда өлген жылқышымыз Сатайдың қызы. Жұрдай жетім.

С а р т а й. Иесі бар ма, иесі кім?

Д о ғ а л. Ие дейтін әке-шеше, аға-бауыр жоқ. Бір жақын дегені – осындағы біздің түйеші Сексек дейтін шалажансар бір жан. Ие дейтін иесі біздің өзіміз.

С а р т а й *(тағы бірді қағып салып)*. Ойпыр-ау, ендеше, мені ырысқа жеткізетін өзіңсің ғой, Доғал. Менің жаңағы арманым, аңсағаным кім еді.

Ж ә к е ш *(күліп)*. Бәсе, бұл жаңа қолды-аяққа тұрмай қозданып кеткен жоқ па?

С а р т а й. Алам, бер, Доғал. Таптым мен тоқалымды.

Ж ә к е ш } *(қатарынан)*. Алда байғұс-ай, мынаның

Б а й ы р } әукесі түсіп кетті ғой. Мынау қолында өлер біреудің. Тұтанып кетер.

С а р т а й. Аты кім? Айналайынның аты кім, жаудыр көздің, қалам қастың.

Ж ә к е ш. Алуа.

С а р т а й. Алуа, Алуаш. Менікі, алам. *(Алуа бұл кезде елең етіп шошынды. Бәйбіше бұл кезде шығып кеткен.)* Бересің бе? Айтшы. Өз қолыңнан алайын.

Д о ғ а л *(пауза)*. Жоқ, бермеймін. Түлкінің күшігіндей өзім өсіріп келем де, жетіліп ап саған соқтырам ба?

С а р т а й. Не деп отырсың, өз ниетің бар ма?

Д о ғ а л. Өзім алам. Сен қызықтырдың, алдым, өзім алам. Мә қолым. *(Сартай екеуі қол соғысады.)*

Ж ә к е ш. Не дейді, қарағым-ау, ер серті болғай-ақ та.

Б а й ы р. Ойбай, бұл Доғал мырза шынға кетті.

Д о ғ а л *(қолына арақты алып, масайған)*. Үш күн, сертім сол, үш күн ішінде Алуаны алдым. Міне, сертім! *(деп арақты көтеріп салады. Енді Жалтырға бұйрық береді.)* Жина мынаны! Жалтыр, жарияла! Білсін ауыл, Алуа, айнала-аймақ білсін! Шық, жарияла, шақыр мұнда Сексекті. *(Лаулаған байлар дабырлап қостайды. Сартай, Жәкештер сүйсіне қостайды. Олар ішіп отыр. Ши ішінде Алуа жаңағы сөзді естігенде, қолы жұмыстан үзіліп кетеді. Басын қорғағандай керегеге қисая береді. Шошына өксіп жылайды. Жалтыр Сексекті алып кірген.)*

Д о ғ а л *(Сексекке)*. Отыр! Жә, Сексек, сенімен келелі сөзім бар. Келіс сөз. Қысқасы, мына сенің қарындасың Алуа бүгін бойжеткен қыз болды. Өсірген өзім, енді өзім сол қарындасыңды алайын деп отырмын. Қойшы, сөздің

қысқасы, маған сенің ризалығың керек. Мына ағайынның төрт көзі түгел отырғанда ризашылығыңды айт. Дәл осы орнынан тұрғанда менің қайнағам, Доғал мырзаның қайнағасы болып тұрасың. *(Өзге мырзалар кеңкілдеп күліседі.)*

С а р т а й. О, бас құдам Сексек, қошемет сенікі!

Б а й ы р. Кұдалық қайырлы болсын, Сексек, сарсүйегім. *(Күліседі.)*

Ж ә к е ш. Қайран, Сексектей қайнағасы болғанның арманы бар ма?!

С а р т а й. Енді Сексекке қолы жеткеннің өзінің де арманы болмас!

Ж а л т ы р. Ал лебізінді тыңдадық, қайнаға Сексек.

С е к с е к *(Доғалға)*. Мырза, мен бұл сөзге жоқпын.

Д о ғ а л. Не дейсің?

С е к с е к. Жоқпын сол, жоқпын!

Д о ғ а л. О не дегенің?

С е к с е к. Қарқарадай Қамар бәйбішенің үстіне тоқалға мені алмайсыз, мырза, Алуаны аласың. Ендеше, ризалығың өзінен ал дегенім.

Б а й ы р. Қара басқыр, әуелі сенің ризалығыңды сұрап отырғанымыз жоқ па?

Ж ә к е ш. Сен риза болсаң, қыз қайда кетуші еді!

С е к с е к *(шоштып)*. О, құдай көрсетпесін. Қой, қойыңыз, мырзалар. Жоға, мазағыңызды қойыңыз. Мен жоқпын! *(деп жөнеле береді.)*

Д о ғ а л. Не дейсің, ей, сен. Тұр, тоқта! Ұста ананы! *(Жалтыр жүгірген болады, Сексек қашып кеткен. Алуа тағы да шошынып, жылай түседі.)* Бәрібір, қадам бастым, қайту жоқ, сертім бердім, екі бірдей айту жоқ. Мырзалар, достар! Қазір сендер менімен кеңесте болыңдар. Жалтыр, сен, мына Сартайдың, мына Байырдың, мына Жәкештің үйіндегі бәйбішелеріне хабар айт. Келсін қонаққа! Менің тойыма келсін! Ал сендер Алуаға арнап үй, отау әзірлет. Жасау жиғызам, той қамдатам, қасыма еріңдер. *(Жалтыр жөнеле береді. Қонақтар арақ көтеріп, үйден қозғала береді. Осы кезде Қамар кіреді.)*

Қ а м а р. Бұ не, не әбігер? Жаңағы Сексек не деп зарлап барады! Не сұмдық айтып жүр?

Д о ғ а л *(ақырып)*. Қамар, сен, ақылың болса, енді үн қатпа!

Қ а м а р. Неге үн қатпаймын? Мен адамзатпын ба, малмын ба?

Д о ғ а л. Шығарма үніңді. Айттым шештім, бүгін кестім, шешкенім бұрын болатын.

Қ а м а р. Олай болса, мені де шеш.

Д о ғ а л. Шық! Шығарма үніңді. Кет көзімнен! *(Қамарға ұмтылады. Еркектер ара түсе береді.)*

Ж ә к е ш *(Қамарға)*. Не қыласың, Қамар, мырза қызу, тіл тиеді, шыға бер. *(Қамар жылап жібереді, оны Доғал итермелеп шығара бастайды, екінші жақтан жылаған Алуа шиден шығып, қашипақ болады, Доғал оны ұстап қалады.)* Алуа, сен тапжылма! *(Қамарды шығарып жіберіп, Алуаны шидің ішіне қайта кіргізіп.)* Сен бүгін осы үйден қадам баспа! Шықпа ешқайда! *(Алуа басын шайқап, жылап тұрып қалған. Доғал жолдастарына.)*

Д о ғ а л. Кәне жүріндер, іске сәт! *(Мас Сартайлар дабырлап: “Іске сәт, құсың құтты болсын, бастық, өрге бастық” десіп, мас, қыңырлық, озбырлық жүзбен кетіседі.)*

Ж а л т ы р *(асыға кірген, Алуаға қатал бұйыра сөйлейді)*. Мырзаның әмірі, ол екі болмайды, осы үйден қия баспасын деді. Қыбыр етпе, ырысыңды тос.

А л у а *(ең алғаш үн қатып)*. Мен, мен өлемін, ризалығым жоқ, өлем. *(Өксіп жылайды.)*

Ж а л т ы р. Онда менің жұмысым жоқ. Болары болған, сөз біткен. *(Алуа жылап шөгіп қалады. Үйге Қамар, Мардан кіреді. Алуа ши ішінде, бұларға көрінбейді.)*

М а р д а н *(Жалтырды тоқтатып)*. Жалтыр, сен Доғалды мұнда шақыршы. Менің айтар сөзім бар. *(Жалтыр кетеді. Мардан шығына жұқа әсем шапан жамылған, көзінде көзілдірік, қолында кітабы бар, ішкі киімдері орысша. Ұзын шашты, келбетті, оқыған жігіт. Кітабына қарап тұр. Жеңгесі бұған жалына сөйлейді.)*

Қ а м а р. Қалқам, төрем, бұ не сұмдық. Менің үстіме сіңірі шыққан кедей қызы, жұртта қалған жемтік, жетімек келмек пе? *(Алуаға бұл сөздер және де соққыдай.)* Тоқтат ағанды. Не жазығым бар екен? Он бес жыл бірге жасап кеп, осынша қор етер ме! Панаңды сұраймын, қалқатайым, қайным! Құтқар мені мына азаптан. *(Мардан түк айтпай, үнсіз салқын тұр. Доғал кіреді.)*

Д о ғ а л. Немене, Мардан, Қамардың жасақшысы боп кеп тұрсың ба?

М а р д а н. Бұ не? Шының ба, ойының ба?

Д о ғ а л. Анық шын, екі айтарым жоқ, болды.

М а р д а н. Мастық емес пе, мырза? Ақталдың өңшен байы желіккеннен желігіп, жарға жығылайын деп жүрген жоқпысыңдар?

Д о ғ а л. Қарағым, інім, өзге тұста тіліңді алармын. Бұл жолы көңілің қалар. Доғар!

М а р д а н (*салқындатып*). Солай ма?

Д о ғ а л. Солай! Бұл бүгін емес, шынымды енді айтайын, көптен піскен байлау болатын.

М а р д а н. Ендеше, араласар, ақылдасар жол қалмапты ғой.

Д о ғ а л. Дәл солай!

М а р д а н. Ендеше, жалғыз-ақ сөзімді тыңда! Ақталдың ең үлкен байы сенсің, онсыз да кеңес өкіметіне сендер сүйкімді жан емессің, біліп қой, бұл құрығы ұзын өкімет. Не асауға, нелер алып қашпаға бұғалық тастаса, бұлжытпай түсіреді. Мойнын үзе жығады да. Бүгінгі тек жүргеніңді, тоқ жүргеніңді көп көрейін дедің ме? Қос қатын алып, өкіметтің заңын тағы бұзбақсың ба? Алдым, алам деген әйеліңнің бірде-бірі совет өкіметіне жыласа, шақса, өкініп жүрме! Қашан айттың деме, бара бер!

Д о ғ а л. Жарайды, сен туысқан қарызынан құтылдың. Арылдық қой. Енді тек тұр, қалыс тұр, ағайын, бұдан былай көлденеңдеме!

М а р д а н (*ашуланады*). А, болды, жетті. Енді менен үн шықпас.

Д о ғ а л. Не көрсем де мен көрдім, жат болсаңдар, өздерің бол, қайтарым жоқ. (*Кете барады. Тыста “Жалтыр, Байыр” деп жүрген үн естіледі. Қамар Марданға жылап жабысады.*)

Қ а м а р. Төрем-ау, айтсаңшы, мен қайттім, не деймін?

М а р д а н. Естідің ғой жауабын. Мен сен үшін де, өзім үшін де өтіліп болғам жоқ па!

Қ а м а р. Ендеше, мен өкіметке шағамын ба? Басыма мен де қор болмасымды іздеп, азаттық, теңдік тілеймін бе? (*Мардан бұл тұста жеңгесіне өзгеріп, құбыла сөйлейді.*)

М а р д а н. Он бес жыл бірге жасадым дедің ғой, екеуің бірдей есуас боларсың деп ойламаймын. Шідерді ол үзе де, сен үзбессің деп білем. Әкемнің қара шаңырағы, менің



ендігі шешем де, әкем де Доғал емес, сен болатынсың. Оқудан қайтқанда, осылай бірер айға келгенде, ұяма келдім дейтуғым, сенің бауырыңа келетуғым. Түсінесің бе, ойлайсың ба осыны? Қалғанын өзің біл.

Қ а м а р (*өксіп жылап*). Қалқам-ай, не дедің? Мен сорлының әлі осындай да салмағы, қазығы жатыр ма еді? (*Мардан шығады. Жылаған күйде Қамар да ере кетеді. Үйге бір топ қартаң, адуын қатындар дабырлап кірген.*)

І қ а т ы н. Қайда Алуа? А, мұнда ма едің? Уа, қайырлы болсын, қарағым.

II—III қ а т ы н. Уа, талайың өссін, бақытың ассын.

І қ а т ы н. Өшкені жанып, өлгені тірілді ғой, Жанат кемпірдің. Ана жақта отауың әзірленіп жатыр.

II қ а т ы н. Міне, үстіңе үлде мен бүлдеге ора деп жібек-мақпал киімін жіберіп жатыр. Ки, жаным, мынаны, қуан! (*Алуаға ұсына береді.*)

А л у а (*жылап*). Керегі жоқ. Алмаймын, әкетіңіздер, мен ризалық бергем жоқ.

І қ а т ы н. О, сөйлеме, қызым, ерге тимейтін қыз болмайды. Ырысыңа қуансаңшы.

II қ а т ы н. Қай сорлыға мұндай бақ қонып еді?!

III қ а т ы н. Кімнің жұптысы болатыныңды ойласаңшы. (*Алуаға киім кидіре береді. Алуа қарсыласады.*)

А л у а. Керегі жоқ, ырысың құрсын. Кимеймін. Риза емеспін, риза емеспін дедім мен.

І қ а т ы н (*Алуаны бас салады, үстіндегі киімін жырта бастайды. Жібек көйлек, әдемі кемзал, оқалы, үкілі тақия кигізіп, шашына шолпы тағып, мойнына алқа кигізіп, қолдарына білезік, жүзіктер кигізеді. Қыз алысып қарсылық етеді. Адуын қатындар өз дегендерін істеп жүр.*) Доғалға қолы жеткеннің арманы бар ма еді!

II қ а т ы н. Екі қатын үсті түгіл, жеті қатын үсті десе, Доғалға қандай ханның, қандай төренің қызы бармас еді?

III қ а т ы н. Ана жақта аппақ отауың әзірленіп жатыр, жасауың мен төсек-жайың қандай десеңші. Ертең-бүрсігүні осы үйіңе кіргіземіз, апарамыз қолымыздан.

І қ а т ы н (*киіндіріп қойған Алуаға енді қарап*). Уа, құсы құтты болсын қарағымның. Қандай тамаша сұлу боп кетті. Ай мен күндей ғой, жаным-ау!

II қ а т ы н. Ерді кебенек ішінде танимын деп,

Доғалдың көзі жыртық шокпыт арасынан бұның бұндай сұлу екенін көргенін айтсаңшы! (*“Құсы құтты болсын, құсы!” десін қатындар күлісіп шығып кетеді. Кеш батып, үй іші алақөлеңке тартқан. Алуа жалғыз, жылауда. Бір сәтте жырақта бір күй сарыны естіледі. Үйге күндізгі қойдан қайтқан жас қойшы Бейсен кіреді. Сабадан қымыз құйып іше тұрып, Алуамен жанаса сөйлеседі.*)

Б е й с е н. Алуаш, жылайсың-ау, жазған сорлы, жылатты-ау мыналар!

А л у а. Анау кім? Сексек пе? Сыбызғы тартып жатқан!

Б е й с е н. Сол ғой, кім дейсің!

А л у а. Мен отқа түсіп жатқанда, кімді жұбатып жатыр?

Б е й с е н. Жұбатып жатқан жоқ. Сенің зарыңды шегіп жылатып жатыр. Көрі-құртаң, көрші-қолаң, саған тілеулес дос-жаранды.

А л у а. Не дейсің, Бейсен, бар ма маған тілеулестер?

Б е й с е н. Немене, қуанар деп пе ең, Доғалдың зорлығына.

А л у а. Ағатай-ау, қайттім, мен қайттім енді? Жаның ашыса, жол көрсетсеңші?

Б е й с е н (*тартына сөйлейді*). Ақырын, қайдан білейін, жолды білсем, мен өзім де өстіп жүрер ме ем! Бірақ бар дейді ғой, қорған болады, ара түсетін совет өкіметі дейді. Әйтсе де білмеймін, Сексектен естіші.

А л у а. Жіберші енді өзін, ақылыңды айтып жіберші. Мен жетім болсам, сен де жетіскен жоқ едің ғой бұл босағада.

Б е й с е н. Тілеуім бір, тек айтарға аузым, тілім тыпода. Жібереің, Сексек келсін. (*Жөнеледі. Алуа жұртқа.*)

А л у а. Қандай шошимын... аллау, не қылам? Төрт жасымда шешем өліп еді. Алты жасымда әкем өлді. Не аға, не бауыр, не бір жақын панам жоқ. Жалғыз ағайым Сексек болса, онда дәрмен жоқ. Не қылам? Қайда барам?! Құтылармын ба, мазақтан, сордан!.. (*Сексек кіреді. Ұрланып шидің ішіне тығылып, жалтақтап, Алуаның ығына тығыла тұрып.*)

С е к с е к. Не дейсің, жаным, бет-жүзің, омырауың жас қой. Мен де, міне, қоса жылаймын, қайтемін. Қалпым мынау. Қураған жапырақтай болған соң, азап еткен де мазақ етіп тұрған жоқ па?

Алуа (*бойына жігер жиып.*) Тимеймін Доғалға, жауызға. Әкемнің түбіне жеткен жалмауыз, қорқау болатын. Ұмытқам жоқ, сатылғам жоқ шүберегіне. Өлтірсе де тимеймін. Оған тигенше өлемін. Мынау желбауға оралып, асылып өлемін. (*Желбауды керегенің басынан жұлып алып, асыла, буына береді.*)

Сексек (*арпалысып*). Ойбай-ай, құдай, қалқам-ай, тағы не пәле бастадың. (*Алуаны босата алмай мықшыңдап жүріп, кездігін суырып ап, желбауды кесіп жібереді. Алуа сылқ құлайды. Сексек құшақтап, аймалап.*) Сәулем, Алуашым, жалғызым. Не көрсем бірге көрдім. Бірге өлдім өзіңмен. Қазір мына алакөлеңке іңір қараңғысы шығып кетсек, сытылып кетсек, ешкім байқамайды, жүр шапшаң, матаулы түйенің ішіне жетші. Сонда бір жүйрік атаншаны өзірлеп қойдым. Кеттік совет өкіметіне, қаштық. Жүр. Я, тәңір, ия, бабам, жолымызды оңғара көр. (*Екеуі үйден көлеңкедей ұрланып жөнеледі. Аздан соң үйге көп жарық алып, дабырлап мәз болысып, бағанағы бір топ қатын, тағы көп сәнді қатындар ортаға Доғалды, Сартайларды алып үйге кіріседі.*)

І қ а т ы н. Қайырлы болсын, құсың құтты болсын!

ІІ қ а т ы н. Тек жүзін ғана көріндерші. Көрімдігін бересіңдер. Ай мен күндей жүзін ғана көріндерші. Ерді кебенек ішінде көресің дегендей, Доғал мырзаның көзі қандай сұлуды тапқан, көріндерші. (*Шиді ашыт жібереді. Бәрі аң-таң. “Ойбай, масқара, қыз қайда? Қалыңдық қайда, не пәле, жын қақты ма, пері әкетті ме? Қашты ма, қашқан ба?” деген үрейленген, шуласқан әбігер, дабыр, сасқалақ.*)

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Екінші сурет*

Сахна қатарласып тігілген екі үлкен киіз үй. Араларында жалғас жоқ. Есіктері сахнаның екі жақ шетіне шығады. Сол жақтағысы — следователь Сапардың кеңсесі. Оң жақтағысы — қызыл отау. Сол жақтағы үйдің есік алдында сәл алаң бар. Сахна ашылғанда, следователь Сапар және хатшысы отырады. Есік алдына Сексек пен Алуа келеді.

С е к с е к. Ал кіретін жер осы деді ғой. Осыған шейін әкелдім, бұдан арғы жолын өзім де білмеймін. Кір, кір енді.

Әне совет өкіметі, әне отыр. Анау төрдегісі сол болу керек.  
Кір деймін, кір енді бол.

А л у а (*іркілін*). Қорқам, не деймін?

С е к с е к. Ойбай, сығыр, бол, артыңнан қуғын жетеді қазір. Жетпей желкеміз үзіледі. Мына босағадан сүйреп алса, ең алдымен мені бауыздайды. Кір деймін, ойбай!

А л у а. Қорқам, не деймін! (*Жылайды. Бұлардың артынан дабырлап екі-үш еркек келеді.*)

І е р к е к. Өй, тоқта, тоқтандар...

С е к с е к. Е, не бар?

П е р к е к. Не босын, шірет бар...

С е к с е к. Не дейді? О несі? Мазағы ма?!

І е р к е к. Өй, бұл жерде кезек бар, кезек.

П е р к е к. Седуетль жұмыс бастаған жоқ, біз де кезекте тұрмыз.

С е к с е к. Ей, тұра тұршы, қоя тұршы. Уа, кір деймін, Алуа!

І е р к е к. Ой, кезек бар дегенді ұғасың ба!

С е к с е к. Сендерге тәлкек керек қой мұнда. Білер ең, бөлем, сары атаншамен түнімен тепендеп қашсаң!

П е р к е к. Өзі аларын алып қашып кеп, тықыршып тұр ғой дамыл таппай. Кезек бар деймін.

С е к с е к. Кезек-кезек... кезегі не осылардың? Күзет кезегі болушы еді, қой кезегі болушы еді. Бұ жерге келіп ап, мал жоқ, ел жоқ, кезек деп тағы не пәле шығарып тұр өздері. Кір, Алуа, бол! (*Алуаны итеріп үйге кіргізеді. Арттағылар дабырлап: "Кезек, кезек" деседі.*) Ал кезегіңе мен қалдым, жеп қойсаң. Алуа, сен кіре бер. (*Алуа кіріп, есік алдында тұрғанда.*) Тұрғанын қара үн шықпай. О, қой, қоя берші! (*Жұлқынып үйге кіреді, сырттағылар ұстай алмай қалады.*)

І е р к е к (*сыртта*). Қызды түнделетіп алып қашқан қу ғой, құлқын сәріден кеңсеге жеткенін көрмейсің бе?

П е р к е к. Қуғыннан бұрын айтып қаламын деп өлерменденіп тұр ғой. Кезегімізді әкеткенін қарашы. (*Бұлар тақай береді. Үйде Сапар, хатшы қағазға қарасып отыр. Сексек Алуаны бір-екі түртеді. Алуа үндемей, бетін басады. Жылап тұр. Болмаған соң Сексек өзі тамағын кенейді.*)

С е к с е к. Ассалаумағалайкүм, совет аға!

С а п а р (*елең етіп, күле қарайды*). Не дедіңіз?

С е к с е к. Өкімет аға. *(Енді Алуаны түрмеді.)* Әне, карады ана кісі, бар айт, айт деймін. “Апармасаң, буынып өлем” дейсің де, мені өзің бірге алып қашып кеп, бұның не тіпті енді. Жидіп кеткенің не, шырағым-ау? *(Алуа жылап жібереді. Сапар таңданып орнынан тұрып, Алуаға келеді. Амандасады.)*

С а п а р. Жүр, бері жүріңізші. Жасқанбаңыз, қарындасым. *(Алуаны қолынан жетектеп столының қасына әкеп отырғызады.)* Көне, жасқанбаңыз, бұл жат жер емес. Сізді мұнда бір қапалық әкелді ғой. Барды айтыңыз. *(Алуа үндемейді.)* Атыңыз кім?

А л у а *(ақырын ғана)*. Алуа.

С а п а р. Басыңызға бостандық алмақсыз ба?

А л у а. Ия, аға... Бірақ қорқам.

С а п а р *(жылаған Алуаны уатып, жаны ашып)*. Не деп қорқасың, қарағым, кімнен қорқасың? Жөніңді айтшы, сені айттырған кісі бар ма еді?

А л у а. Жоқ.

С е к с е к. Жоғы несі, бар де!

А л у а. Айттырмай-ақ алмақшы болды.

С а п а р. Ол кім, аты кім?

А л у а. Ол – Доғал. Мен соның үйінде алты жасымнан жетім қалып, күң болып қызмет еткем. Енді мені қатын үстіне алмақ болды. Содан қаштым. Совет өкіметіне қаштым. Қуып келіп, мені қайтарып ала ма деп қорқам. Ағатай, ағажан, совет өкіметі сіз бе?

С а п а р. Бар совет өкіметі мен емес, бірақ совет өкіметінің бір адамы менмін және сол совет өкіметінің тапсыруы бойынша мен сенің басыңды қорғаймын.

А л у а. Шын ба, рас па? Ағатайым, әкем.

С е к с е к *(ілесі)*. Совет өкіметі, әкем.

С а п а р *(Алуаға жайлап)*. Біз сені қорғаймыз. Зорлық пен қорлыққа бермейміз. Бірақ алдын ала кесесіп алайық, осы айтатын сөзімді жадында тұт. Доғал бай сені іздеп келер, не алдап, не қорқытып, сені қайтып әкетуге тырысатын болар, біз сонда сенен “баруға ризасың ба, жоқ па” деп сұрармыз. Сен сонда қорғанбай, жаңағы маған айтқан тілегіңді айт. Совет өкіметі сені қорғайды, бірақ ол сенің өзің де өз басыңды қорғай біл, жасық болма деп ақыл айтады. Түсіндің бе осыны?

А л у а (*ақырын*). Түсіндім, аға.

С е к с е к. Түсіндік, совет өкіметі, аға.

С а п а р. Ендеше, қазір қызыл отауға барындар. Сонда қыздар сендерге арыз жазып берсін. Сол арызды алып, осында келіндер.

С е к с е к (*Алуаны ертіп жөнеле беріп, қайта бұрылады*). Айтпақшы, мұнда қызыл үй жоқ қой, бәрі деп аппақ үй, біз көрмедік қой, о қайда екен қызыл үй? Алуа? (*Сапар хатшысына белгі етеді, хатшы оларды ертіп шығады. Бұл үшеуі есіктен сырт айналып бара жатады. Жаңағы екі-үш еркек енді бұларды сөз қып тұр.*)

І е р к е к. Мынау да басына бостандық іздеп келген қыз ғой байғұс. Седуэтльден шыққанын көрмейсің бе?

І е р к е к. Не деген жақсы қыз! Қандай сұлу, тек жігіті жарымапты.

І е р к е к. “Жалтырдан қашып жалаққа” дегендей, жаңағы бір қураған жапырақтай қаудырлаған немене не жарыттар дейсің. (*Қызыл отау жағының шамы жанады. Сексек пен Алуа сонда. Хатшы жігіт Нинаға, Сәруәрға Алуаның жайын баяндап тұр.*)

Х а т ш ы. Үш әйелдің бірі етіп алмақ болған байдан қашқан. Сіздің көмегіңізге тергеуші жіберді. Арыз жазып берсін дейді. Бұны алам деген бай, осы елдегі ең жуан, құлақ-боржой. (*Хатшы кетеді.*)

Н и н а (*Алуаға*). Жігіт болған қыз, қашқан, жақсы. Екі қатын, кәрі бай? Тыфу, маскара! Осында бостандық, қорықпа.

А л у а (*Нинаға*). Мен сонда да қорқам. Доғал бай мықты, оның кісісі көп. Ол ашуланса жаман.

С е к с е к. Ол сабайды, аямайды. Ол кімге де болса зорлық етеді.

Н и н а. Олай емес. Бай Доғал сендердей жеке-жеке кедейге зорлық еткен, совет өкіметіне ол зорлық ете алмайды. Ал өкімет сендерге тигізбейді. Қайта, “сендерге неге тидің?” деп өзін жазалайды.

С е к с е к. Сөйтіп, енді біз одан кетуге еріктіміз бе?

Н и н а. Енді Доғал сендерге хазин емес, қайта аз уақытта сол ауылдағы малға, үйге, жерге, қыстауға – бәріне сен, сендер ие боласындар.

С е к с е к. Айналдым аузыңнан.

Н и н а. Жаз, Сәруәр, арызын жаз. Атың кім?

С ә р у ә р. Атыңыз кім, отырыңыз.

А л у а. Алуа, әкем аты Сатай. *(Сәруәр оның арызын жазып жатады. Екінші қыз Сексекпен сөйлесіп, оған арыз жазбақ болады. Ендігі әңгіме осы екеуінің арасында.)*

Қ ы з *(жазуға кірісіп)*. Жә, атыңыз кім, жезде?

С е к с е к. Атым Сексек! *(Қыз күледі.)* Шыным, шын атым Сексек!

Қ ы з *(күледі)*. Сондай ат бола ма екен?

С е к с е к. Ат болмайды, оның рас. Бірақ маған қойғанын көрмейсіз бе, жұрттың.

Қ ы з. Жұрттың қойғаны қалай? Әкеңіз қойған ат ше?

С е к с е к. Ой, тәйір-ай, әкем қойған ат та жарып жатқан жоқ. “Жұмыр” қойыпты, Жұмыр дейді. Жұмыр дейтін мен бір шоқпар ма, жоға, келсаптың басы ма? Әшейін ауызға түскенді қоя салған да. Қайта Сексек дегеннің мәні бар. Жұрттың ол атты қоятын жөні бар!

Қ ы з. Қалайша, бұл не деген сөз?

С е к с е к. Сексек атанғаным – мен бала күнімде көп уақыт Доғал байдың аулында ешкі баққам. Қазақ ешкінің атасын Сексек ата демей ме? Мені сол ешкі баққаннан “ата” деуге қимай, “Сексек” деп жарты атын қойған ғой.

Қ ы з. Ал Алуаны алуға сіз ризасыз ғой?

С е к с е к *(өжырая)*. Жоға!.. Тәйірі, о несі?

Қ ы з. Е, енді қалай? Сіз алып қаштыңыз ғой, солай ма?

С е к с е к. Қаштым, сонда қайтеді екен.

Қ ы з. Ендеше, алмайсыз ба?

С е к с е к. Е, Алуаны алып мен не қылам? Қарындасым емес пе!

Қ ы з. Ендеше, бұл қалай, қашқаныңыз қалай?

С е к с е к. Не қалайы болсын? Қарындасым қашам деді, мен тоқтата алмадым, ал мұны қашырып жіберіп, Доғалдай қасқырдың қасында қалуға дәтім шыдамады. Сабайды ғой деп қорықтым. Сонымен, мен де бірге қашқам жоқ па?

Қ ы з. Ие, сіз қашпай-ақ кетсеңіз қайтуші еді?

С е к с е к. Жоқ, бостандық Алуаға керек болса, маған да керек, о не дегенің?

Д а у ы с т а р (*тыста*). Ойбай, шабуыл. Доғал бай келеді, бір қол кісісі бар. Құтырып келеді өздері. Әне келді, түсіп жатыр. Өңшең бай-құлақ, өздері мас білем, еліріп алған.

С е к с е к. Не дейді, айтам ба, ойбай, енді қайттім. (*Үйдің ішінде қарбаласып жүріп қазанның астына кіріп кетеді. Бұл жақтың шамы сөнөді. Жарық Сапар кеңсесі жақта. Ол үйдің алдына ұмтыла шыққан асау топ бар, бұнда ақсақал, қарасақал, бай-құлақтар, үйге кірмей, кейбірі мастай ашулы ызғар сөз тастады. “Қыз осында”, “Шығарып берсін, ылаң қылмасын”, “Қайтарсын қатынымды!”, “Барыңдар, іздеңдер!”.* Осы үлкен топтың бір бөлігі сахна сыртына ұмтылады. Қалған, Доғал бастаған бір тобы Сапардың үстіне кіреді.)

С а п а р. Немене, байлар, бәрінің қатының бір-ақ кетті ме?

І д а у ы с. Бізге қашқын қыз Алуа керек!

І д а у ы с. Қайда сол қыз?

ІІ д а у ы с. Қайтарыңдар сол қызды!

С а п а р. Бұл жерде қыз тартып өкететін күш жоқ!

Ж ә к е ш. Беталды қыз емес, қалыңдық.

С а р т а й. Инабатты адамның қалыңдығы.

Ж ә к е ш. Қызды қайнынан, қатынды байынан айыртып ел боламыз ба?

С а р т а й. Әділетіңмен басқар десек, айыптымыз ба?

С а п а р. Сіз не дейсіз? Қалай басқаруды тілейін деп едіңіз, шыныңызды айтыңызшы?

І д а у ы с. Жолмен басқар дейміз!

С а п а р. Ол қай жол? Қандай жол?

Ж ә к е ш. Еліміздің жолын айтамыз. Бабамыздан келе жатқан жолымыз. Баяғыдан келе жатқан дініміз, шариғатымыз бар.

С а п а р. Ә, сол жолдарыңмен жүргізбексіңдер ме, совет өкіметін? (*Орнынан тұрып, зілденіп.*) Олай болса, көздеріңді ашып қараңдар, бай, шонжар, мырзалар! Ол күндерің өткен сендердің. Және бақырып-шақырмаңдар мұнда!

С а р т а й (*жуасыған үнмен*). Жолдас тергеуші, осы біздің жөн сөзімізге де дұрыс жауап болмай ма, тегі?

С а п а р. Неге болмасын, айтып көр жөн сөзіңді!



Ж ә к е ш. Олай болса, Сатай қызы Алуа келді ме осында?

С а п а р. Ия, келді Алуа Сатай қызы.

Ж ә к е ш. Ол мынау Доғал мырзаның әйелі еді ғой. Кеше ризалығымен тиген әйелі еді ғой, біз соған келіп тұрған жоқпыз ба?

С а п а р. Ал қыз бұл мырзаға риза болмай кеткен болса, қайтесіз?

Ж ә к е ш. Ол бекер. Қыз риза болып, байдың жіберген сыйын да үстіне киген, риза болмаса о не?

С а р т а й. Риза емеспін десе, өз аузынан айтсыншы! Көзімізге көрініп айтсыншы!

І д а у ы с. Күйеуінің көзінше айтсын!

І д а у ы с. Өкімет қорғаса, ашық қорғайды, зақун болысса, ашық болысады емес пе?

С а п а р. Рас, ашық болысады. Сонда қыз ап-ашық “бармаймын Доғалыңа!” десе, не дейсіңдер.

С а р т а й. Десе, көзімізше десін.

Ж ә к е ш. Осы араға келтіріңіз де, жұрт алдында айтқызыңызшы сонысын. Біз соны айтпайды деп білеміз.

С а п а р. Жарайды, көздерің жетсін. *(Хатшыға)*. Шақырыңыз мұнда Алуа Сатай қызын! *(Жұрт жым-жырт. Хатшы қозғалады. Бұл жақта шам өшеді. Шам қызыл отауда жанады.)*

Б а й ы р *(содыр топты бастан Жалтыр екеуі жұлқына кірген. Алуа төрде үркіп тұр)*. А, қашқын қыз, құтылып көр.

Ж а л т ы р. Осыдан кетіп көр Доғалдан. Шық былай! *(Ұмтыла береді.)*

Н и н а *(атып тұрып, өз бойымен Алуаны қорғаштап)*. Стой! Токта! Тиме!

Б а й ы р. Өзің былай тұр! Тарт мынаны. *(Жалтыр Нинаның қолынан ұстап, жұлқи береді.)*

Н и н а. Не смей! Атамын! *(Браунингін суырып алады.)*

Ж а л т ы р. Ой, тарт арман!

Н и н а. Убирайтесь вон! Кет!

Ж а л т ы р. Кетсең өзің кет!

Б а й ы р. Құтқармаймыз бұл қызды! *(Арттарынан ерген екі-үш мастау жігіттер тобымен Нинаны кимелеп, Алуаға қол соза береді.)*

С ә р у ә р. Милиция! Милиция!

Ж а л т ы р. Былай тұр сен, қыз! *(Қатты жұлқып жібереді.)*

Н и н а. Тоқта! Уничтожу! *(Мылтық атады. Байлар сәл аңырып тоқтай қалады. Нина Алуаны қорғаштап тұра қан.)* Мені өлтіріп қана аласың. Ал мен мынау браунингімдегі алты оқпен осы тұрған байлар алтауыңды атып өлтірмей, өлмеймін, бермеймін Алуаны! *(Екі жақ үрпийсіп тұрып қалған. Милиционерді ертіп хатшы кіреді.)*

Х а т ш ы *(байларға)*. Тұр былай! Қайт былай! Бұл не бассыздық? Отқа түсуші ме едіңдер?

Ж а л т ы р. Жібермейміз, құтқармаймыз бұл қызды! Біліп қойсын, Доғал айтқан, жерге кірсе, төбе шашынан, аспанға ұшса, сирағынан сүйреп алармыз!

Х а т ш ы *(Нинаға)*. Сатаеваны следователь шақырады. Сонда алып жүріңіз. *(Нина, Алуа, хатшы үнсіз томсарған топтың алдынан өте береді. Бұл жақта шам өшеді. Енді шам следователь үйінде жанған.)*

С а п а р *(тергеу бастаған)*. Сатай қызы Алуа, сіздің мына Доғал Дулат ұлының әйелі екеніңіз рас па еді?

А л у а *(ақырын)*. Өтірік!

С а п а р. Ризалықпен тимекші болғаныңыз рас па еді?

А л у а. Өтірік.

С а п а р. Сол риза болғандықтан, Доғал жіберген сыйды алып, қабылдағаныңыз рас па?

А л у а. Өтірік!..

С а п а р. Ендеше, үстіңе киген киім кімдікі? Доғал “мен жіберген сый, мен кигіздім” дейді ғой.

С а р т а й. Бәсе, соны айт!

Ж ә к е ш. Әлде өзің тігіп киген кемзал, көйлек шығар, солай ма?

С а р т а й. Сатайдың сандығынан қалған болар?

І д а у ы с. Кім кигізді екен, айтып көрсін, көнікі?

А л у а *(бекініп)*. Әуелі бұл киімді өздері бас салып ұрып, зорлап кигізген маған. Бірақ бұл киім, енді ойласам, менікі. Әкем Сатай осы Доғалдың отына күйіп, жылқысын қорғап, оққа ұшып өлген. Мен алты жасымнан босағасында күң болып қызмет еткем. Әкем мен екеуміздің бір көйлек, бір кемзалға татитын еңбегіміз жоқ еді деп қайтіп айтар екен. Айтып көрсін, осы тұрған ақсақал, қарасақал!

С а п а р. Сөйтіп, Сатай қызы Алуа, сіз Доғалға ризалық берген жоқсыз және бермейсіз де, солай дейсіз бе?

А л у а. Солай, ризалық бермеймін де, енді оның аулына да, маңына да бармаймын!

С а п а р. Соңғы сөз, өзіңізді оның қалыңдығы деп те санаған емессіз. Солай ма?

А л у а. Емеспін, солай!

С а п а р *(хатшыға)*. Хаттап болдыңыз ғой осы сөздің бәрін? *(Топқа)*. Тергеу бітті. Іс осымен тамам! Енді тарай берулеріңе болады. *(Байлар сызданып, томсарған күйде өте жай басып тарай береді.)*

Д о ғ а л. Құтылдым дейтін шығарсың... Бұрын көрмегенді енді көресің, Алуа!

С а р т а й. Айтқамыз. Жерге кірсең, төбе шашыңнан сүйреп алармыз, аспанға ұшсаң, сирағыңнан сүйерміз. *(Алуа шошымайды, байлар кеткен соң, Нина, Алуа үйден қуана шығады. Енді бұл жақтың шамы өшкен. Қызыл отауда Сәруәр бастаған қыздар жабықтан қарап, сөйлеп тұр.)*

С ө р у ө р. Байлар жеңілді, мойындарына су кетті. Аттарына мініп кетіп жатыр.

І қ ы з. Ыза болғаннан жарылардай, кетіп жатыр. Түстері өрт сөндіргендей. *(Бұл үйде осы кезде төңкерулі үлкен қазан жорғалап жүреді. Қыздар бұған қарап күледі. Бір сәт қазан астынан Сексек қуана жайнап шығады. Бет-аузы бес батпан күйе. Жабыққа ұмтылып, қайта қуана секіреді. Қыздар күледі.)*

С е к с е к. Кетті... жөнелді. Біз аман, Алуа азат!.. *(Қонышынан сыбызғыны суырып алады, тамаша ойнақы, шат күй тарта жөнеледі. Бұндағы қыздар аңырып тұрып қалған. Күле жайнай Алуа, Нина да келеді, олар да бір күліп, бір таң қалысады. Күйді бір тамашалап, Сексекті өзгеше құрмет тұтқан Нина оны арқаға қағады. Қол шапалақтайды. Сексек күйін бітірген.)* Азат күй, Алуа күйі... Бостандық!.. Ал қазанның асты жаман екен, құдай көрсетпесін, өліп қала жаздадым.

С ө р у ө р. Бәсе, соның нең?.. Еркек басыңмен ол не қылғаның?

С е к с е к. Е, қайдан білейін. Әлгі Қаңбақ шал қазан астына кіргенде, ақыл тапқан екен деп ем!

С ә р у ө р. Қай шал дейсің? (Күлкі.)

С е к с е к. Е, әлгі бар емес пе, өзіміздің Қаңбақ шал. Анау ертегідегі дәуден қашып, қазан астына тығылатын Қаңбақ шал бар емес пе еді. Сол ақыл тапқан екен деп, мен де кіргем жоқ па? Бірақ не қыласың, Алуаш, сенің қашқаның ақыл, менің қазан астына тығылғаным мақұл болды ғой. Құтылмадық па?.. Неге қуанбайсың?

А л у а. Қайдан білейін... Көздері тегіс құтырған қасқырдай қанталап алыпты, өздері қандай көп. “Жерге кірсең, төбе шашыңнан, аспанға ұшсаң, сирағыңнан сүйрейміз” деді ғой!.. Шошимын, әлде менің сорым жаңа ғана басталды ма?..

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ЕКІНШІ АКТ

#### *Үшінші сурет*

Сахна көп ауылдар арасындағы бұлақ басы. Бәрі де дәл бұлақ басында, Доғал, Сартай, Жәкеш, Байыр, Жалтыр отырысады. Арырақта Бейсен, Оспан, Ораз және Назарбектей көрші малшылар қолдарына күрек, шот алған. Жалаң аяқ, білек сыбанып, ышқыр түрген күйде бұлақ бойын тазалап, ауыр әрекет етісіп жүр. Тас көтеріп, шым аударып, лай тасиды.

Б а й ы р. Түрксиб жұмысында жүрген қазақ жұмысшыларының сандырағын естідіңдер ме?

Д а у ы с т а р. Е, неғыпты?

Д о ғ а л. Тағы не пәле бастапты?

Б а й ы р. Молалыда бір топ жұмысшы айт күні жұмысқа шығыпты. Іледе тағы қазақтың бір қалың топ жұмысшы шойынжолшылары Іленің мешітін жапқызыпты. Бәйтолланы харам қып, оның орнына сол жұмысшыларға мектеп ашыпты.

Ж ә к е ш. Жақсылықтың жолы дейсің бе, бұл Түрксиб? Қандай ырыс әкеледі ғой дейсің?

С а р т а й. Бұл жол жақсылық әкелмес!

Д о ғ а л. Тыныштықта, оқшау жатқан өлке еді бұл Ақталдың бойы. Енді осы отырған бөріңді жағадан да, етектен де алғалы келеді ғой бұл заман.

С а р т а й. Әсіресе елдің кедейін, көбін аздырып, құлқын бұздырып келеді ғой. Байлар дұспаның деп аздырады.

Б а й ы р. “Жұмыс береміз, ақша-пұл әзір, жолға кел” деп, малшы атаулыны шақырып жатыр.

Ж ә к е ш. Ертең сол малшыны өзіңе зәулі қып шығармақ, қырғи қып салмақ қой. *(Арыда жұмыс істеп жүрген кедейлерді нұсқап.)* Мыналардың жүрегін шайлықтырып сөйлеу керек. *(Осыдан соң бұлар өзгеріп, малыларға әдейі ендігі сөздерін құлаққағыс етіп сөйлейді. Бейсен, Оспан, Назарбек бері келіп жұмыс істей бастаған.)*

Б а й ы р. Уай, осы мына Түрксібтің шойынжолшылары Қарақұмда шөлден ұшып, қырылып жатыр дейді, соны естідіндер ме?

Д о ғ а л. Е, Қарақұм толған су емес пе?

С а р т а й. Суды таба алмай қара басып жүр де өздерін!

Ж а л т ы р. Мырзалар мен бір сұмдық айтайын ба? Осы жақында кітап ашып, әлгі әулие үлкен ешен жарықтық айтыпты ғой. “Осы елге сұмырай келеді, су құриды” деп.

Ж ә к е ш. Ал, сонымен, не дейсің, құмда су құрып па?

Ж а л т ы р. Олда оңбайын, бүгін естіп, әдейі барып қайттым. Өз көзіммен көріп қайтқам жоқ па? Құмда мүлде су бітіпті. Мыңдаған жұмысшы ұрттап алатын бір тамшы таппай жатыр. Жол бойында қара шыбындай боп, шөлден мүлде ұшып, жығылып, қаусап жатыр.

Н а з а р б е к *(аңқау пішінмен)*. Қарағым-ай, не дейді. Кеше ғана өзіміз мал суармап па едік?! Шұқыған жерден су шықпаушы ма еді?

Ж а л т ы р. Бәсе, соны айт, Назеке! Тап жиырма құдық қазыпты. Бірде-біреуінде ұрттам су жоқ дейді.

Н а з а р б е к. Ал кеше өзіміз көшкен құдықтар қайда? Онда да су бітіп пе?

Ж а л т ы р. Атама, Тастықұдық, Қиғанқұдық екеуінде бірдей біздің ауылдар көше салысымен су мүлде тартылып, жоқ боп кетіпті.

Б а й л а р. Не дейсің, ей, астапыралла, япыр-ай!..

Н а з а р б е к. Не дейсің, ей, жаным-ау, мынауың бір анық апат қой, адам естімеген.

Ж а л т ы р. Оңбай кетейін, өз көзіммен көріп келдім. *(Ораз бен Бейсен мысқылдап күліседі.)*

О р а з. Ол жерде ендеше, біз де болдық, өтірік болса,

мына Жалтырдың іші жарылсын! Әлдебіреулер Қиғанқұдық пен Тастықұдықтың ішіне, Түрксибтің шойынжолшылары ішпесін деп, борсық пен иттің өлексесін тастапты. Тіпті сонау Текеліде жүретін, бұл атырапта мүлде жоқ суырды да сүйреп әкеп толтырыпты.

Б е й с е н. Оны да жаңағы сен көрген сұмырай әкеп тастаған шығар, ө, Жалтыр?

Д о ғ а л. Е, несі бар, Қарақұмда жол білмеген, жөн білмеген талай жан шөлден қаталап өлетін.

С а р т а й. Сол Түрксибтің пәлесінен аулақ. Жарылқамай-ақ қойсын. Маңына бармау керек.

Ж ә к е ш. Содан жақсылық та алмайық, өзіміздегі барымызды да бермейік, не болса да аулақ болайық!

Б а й ы р. Сұмырай келсе, су құрыр деген, ө!

Ж а л т ы р. Молда кітап та ашыпты, тап осы сөзді сол кісі айтыпты ғой, жарықтық.

С а р т а й. Е, ата-бабам, Жалайыр әруағы, сақтай гөр! Сол Түрксиб пәлеге барғанша, біздің жұрт жарты лашығымда ал десін де. *(Сахнаның бір шетіне аттан жаңа түскен, қолында қамшысы бар Алуа шығады. Бұл қазір жартылай қалаша киінген, бірақ белінде белбеуі бар. Алуаның сырт жағында бір топ кедей, әйелдер — ауылдың еркектері, әйелдері ере келе жатқандай. Алуа сахнадан зрительге өзінің басынан кешкен өз жайын баян етеді.)*

А л у а. Екі жылдан асты... Доғал байдың босағасынан сонау бір қайғылы кеште қашқан жерім осы Суықбұлақтың басы еді!.. Сонда мені, қамаған қасқырдай шошытқан топ әлі мұнда түгел отыр екен. Мен онда жапан түзде, жалғыз жаяу, құралсыз сорлы жолаушыдай едім! Бұлар ұялас, азулары алты қарыс аш бөрілердей еді. Енді тағы кездестік. Бірақ екі жарым жыл менің көзімді көп ашты. Қызыл отауда бұлардан мені қорғаған Нина мен Сапар ағалар мені оқытты, дүние танытты. Бүгін мен өзімнің еркімді, правомды таныған қазақтың жас қызы, комсомолкасымын! Мен Түрксибтің құрылысында қалың жұмысшы арасындағы ағартушы-культурмеец қызметіндемін. Әлі де Нина менің әрі досым, әрі оқытушы жетекшім! Солар Уком секретары, сонада мені жауларымнан босатқан, қазір Тасқорған уезінің укомының секретары Сапар аға... мені осы елден Түрксибтің шөлге қамалған жұмысшыларына “су тап, су

тап” деп жіберді. Артымда солар, алдымда бұлар... Ойымда жоқ еді, кездесетін бір шаққа жеткен болармын, көрермін!.. *(Алуаға артындағы топ кедей жалшылар тақап келеді.)*

Д а у ы с. Айналайын Алуа! Қарағым-ау! Сатайдан қалған жалғыз көз...

І д а у ы с. Адам бопсың-ау, қарғам. Қайда жүрсің? Амансың ба?

А л у а. Мен аман-саумын, аталар, апалар! Өздеріңіз тегіс амансыздар ма? Мен қазір сіздерге бір үлкен тілекпен келдім, зор өтінішпен көмек сұрап келіп тұрмын! Құм ішінде жол салып жатқан Түрксибтің қалың жұмыскер тобы бүгін мынау ыстықта, дәл осы сәтте суға, сусынға соншалық мұқтаж боп тұр. Құдықтарды байлар әдейі иттің өлекесін тастап, жылан, бақа, шаян тастап бүлдіріп кетіпті. Көмек беріңдер? *(Бейсен, Ораз, Оспандар Алуаға қарай ентелей барып, тыңдап тұр. Жұртқа дауыстай түсіп сөйлеп тұр.)* Ағалар, бауырлар! Қазір бәрің де үйлеріңдегі меске, қарынға, торсық, сүйретпеге су толтырып, айран-шалаптарыңды құйып, өгізге болса да мінгесіп, тай-тулақтарыңа мініп, сол сусындарыңды жеткізе көріңдер!

Б е й с е н. Айтқаныңды орындаймыз, Алуа.

Н а з а р б е к. Уа, ол үшін ештеңе бере ме Түрксибің?

А л у а. Береді! Сіздер бейіл берсең, Түрксибтің бермейтіні жоқ.

Д а у ы с т а р. Қазір ат-көлік әзірлеп, апарамыз сусынды.

Т а ғ ы б і р д а у ы с. Үйде бір ішерлігімізді жеткіземіз.

Д а у ы с т а р. Әкеліндер, ұстандар түйелерді, өгіздерді!

Д а у ы с т а р. Түрксиб жаман дейді, жүр ғой өне өз аулымыздың қызы.

Б е й с е н. Алтай қыс, алтай жаз жүргенде жыртық етік, сасық шидемнен басқа не көрдік бұ жерден?..

О р а з. Кедейдің ісі кедеймен. Қастық ойласа, байлар ойласын!..

О с п а н. Осы шойын жол түптің түбінде кедейдің ырысы!

Б е й с е н. Азғырындыға еріп, ақымақ бола болғанбыз. Тартыңдар бар кедейді. Сол Түрксибке көмегіңді ата! Сусусыныңды жеткіз. Түгің жоқ болса, бейіліңді апар!.. *(Байлар арасынан Доғал сызданып тұра келді.)*

Д о ғ а л (*айғайлан*). Уай, бұл не қылған әбігер, шаруаның кезінде қандай ылаң? (*Алуа ілгері басады.*)

А л у а. Доғал мырза, ылаң жоқ мұнда. Түрксібтің жұмысшыларына осы ауылдан су мен сусын сұрап келіп тұрмыз.

Д о ғ а л. Ауылдан сұраса, ауылдың иесімен сөйлесер болар.

А л у а. Өз үйіндегі ыдысы мен сусынына әр үйдің өзі ие шығар, мырза? Кім бейіл берсе, біз содан сұраймыз!..

Д о ғ а л. Сұрап тұрған жоқсың, бұйырып тұрсың ғой!

А л у а. Зорлықпен барамыз десе, өзі айтсын мына жұрт, бұлар көмек етпекші.

Б а й ы р. Олар несімен көмек етпекші? Тек жұмыстан қашып, соңынан кетпекші десеңші.

Д о ғ а л (*Алуаға*). Сен кешегі Сатайдың қызы едің ғой? Асқақтамай-ақ, бүлдірмей-ақ, жөн келсең болмаушы ма еді?

А л у а. Бәсе, мен сол Сатайдың қызы болатұғым...

Мырза, мен әлі түкті де бүлдіргем жоқ. Әсіресе, әзірше, сіздің ырысыңызды мен шайқағам жоқ. Түгі жоқ болса да, мына кедейлер қара суымен-ақ қайырым етпекші. Өзгенің иесі болсаңыз да, сіз су иесі емес шығарсыз? Жоқ әлде осы жерге су бітіріп қойған сіз бе едіңіз?

Б а й ы р. Мынаның асауын-ай, Доғалдың бетінен алып тұрғанын қарашы!

С а р т а й. Жалтыр, сен араласшы. Доғалға қоя тұр де.

Ж а л т ы р (*Алуа мен Доғалдың арасына килігеді*). Сен, Сатайдың қызы, немене осы, үлкенді үлкен, кісіні кісі демей, немене омыраумен қағып тұрғаның?

А л у а. Мен байларға, сендерге айтқан сөзім жоқ, жұмысым да жоқ сендерде.

Ж а л т ы р. Сенің жұмысың жоқ болса, менің жұмысым бар. Неге аулымызға келіп, шаруамызға қырсық жасайсың?

А л у а. Сенің қай шаруаңа мен қырсық жасадым? Немене байларға итаршы боп тұрғаның?

Ж а л т ы р. Итаршы дейсің бе? Сен енді жанжал салып, тіл тигізесің бе? Ендеше, итаршыны мен саған көрсетейін.

Б е й с е н (*Алуаға болысады*). Әй, Жалтыр, шатақ іздемей тек тұрсаңшы!..

Ж а л т ы р. Мені итаршы дейді ғой, мен кімге итаршы боппын сонда? Мынау отырған бес ауылдың мыңғырған



малы су іше алмай, шөлге қамалып жатыр, ол – советтің малы. Соны суаратын құдық аршып жатсақ, бұл келіп жұмысшыларымызды алаң етіп, алдап әкетіп, советтің малын қырайын деп тұр. Бұның істеп тұрғаны қып-қызыл қастық. Мен бұған қырғызбаймын совет малын!

А л у а. Совет малы емес, сенің жаныңды салып тұрғаның байдың малы. Итаршы екенің рас!

Ж а л т ы р. Қоймадың ба, мә, ендеше, итаршы! Әкендей кісіге тіл тигізгенің үшін, мә! *(Жалтыр Алуаның шашынан ұстай алып, бір жақ бұрымын шорт кесіп алмақ болады. Арпалыс. Жұрт жиреніп, шошып айғай салады. Бейсен Жалтырды қағып жіберіп, ұшырып түсіреді. Алуа қайрат жияды. Шашын қырыққызбаған.)*

А л у а. Жолдастар! Мынау байлардың маған істеп тұрған сұмдығын көрдіңдер ғой. Бұның есесі болмай қалмас, бірақ мен қазір ол туралы түк айтпаймын. Сіздерге арнайтын сөзім жалғыз-ақ – жаңағы көмектеріңді сұраймын, елдік етіңдер! Бөгелмендер, жолдастар! Кірісіңдер жаңағы істеріңе! *(Бір топ кедейлер жөнеліседі. Доғал мен байлар ақыра түрегеледі.)*

Д о ғ а л. Тарамандар ешқайда!

С а р т а й. Бармандар жолға!

Б а й ы р. Көшеміз, кетеміз тағы бұл жерден!

Ж а л т ы р. Уа, кедейлер, көшеміз, қазір көшеміз!

Д о ғ а л. Жығындар үйді!

Б а й ы р. Кетеміз алысқа Түрксібтен. Токтаңдар, кедейлер! *(Кедейлердің қалғаны Алуа қасына жиылған. Байлар оқшауланып қалған. Сахна сыртында аттылар дүбірі естіледі. “Мыналар кім, аналар кім?” дескен дыбыстар.)*

А л у а *(кедейлерге)*. Токтаңдар, жолдастар! Мынау Сапар аға, үкімет адамдары. Қарсы алыңдар, осылар сендердің бір қамыңмен келген болар. *(“Келе жатыр, өне келеді” деген үндер естіледі. Сахнаға бір топ совет қызметкерлері, тың адамдар шығады. Бәрінің алдында Сапар, орта кеудеде Сексек те келе жатады. Енді біраз уақыт сахнадағы қалың жұрт үш топқа бөліне өзара сәл сөйлеседі.)*

Д о ғ а л *(өз тобына)*. Мынау ояз бастығы Сапар ғой?!

С а р т а й. Осы елдің бас көтерген ел ағасының бөріне ұзында өшті деуші еді!

Б а й ы р. Бү неғып жүр екен? Тағы бір науқаны ма екен бұлардың?

Д о ғ а л. Қандай қайырлы жұмыс дейсің? Әнеугі естілген жаманат бар еді, сол жетіп-ақ қалғаны ма?!

Ж ә к е ш. Япыр-ау, сонымен жеткені ме?

Д о ғ а л (*Жалтырға*). Түсініп отырсың ба, Жалтыр?

Ж а л т ы р. Несін айтасың, бай, оны естен шығарсам, Жалтыр болам ба?

Д о ғ а л. Олай болса, сен Назарбекті айналдыр! Қасына бірнеше кемпір-шалды қос. “Атам Жалайыр әруағына тапсырдым” деп айтты де! (*Бұлар арасында күбір сөздер. Енді бір топ Сексек айналасындағы кедейлер.*)

Д а у ы с т а р. Айналайын Сексек-ау, зарықтырдың ғой келмей!

П д а у ы с. Күйін сағындық қой сыбызғыңның!

С е к с е к. Үндемендер, менің күйім әлі жетеді. Биік шырқап жетеді өздеріңе. Осы күнде Сексек сазы алысқа кетіп жатыр! Атап сұрама!

І д а у ы с. Ал өзің не жаймен келдің? Бұнда не істегелі келдіңдер?

П д а у ы с. Бар тобың не жұмыс істейсің бұнда?

С е к с е к. Үндеме, ішің білсін, сабыр ет, көп кедей. Қазір бәрі ашылады. Қысқасы (*тақпақтап*), жеткен Сексек, келмес деппен! Айтарым сол, ашылар жоқ! Арты қайыр, жарлы байыр! Жайғаса бер! (*Бұл топта күлкі, күбір. Ендігі бір қалың топ – ортадағы Сапар, оның айналасында Бейсен, Ораз, Оспан, Алуалар.*)

С а п а р (*Алуаға*). Сен осы жұмыстың берік қайраткерінің бірі боласың. Уездік партия комитеті саған бұл жұмысқа қатынасуды әдейі арнап тапсырды. Іздетпек едім, жақсы кездестің. Бар адамды білесің, барлық жайды аңдап отырғайсың. Тек өзінді сабырмен, салмақпен ұста, берік ұста! Қасымда бол!

А л у а. Құп, Сапар аға, түсіндім. (*Енді Сапар көпке дабыстап сөйлейді.*)

С а п а р. Жә, халайық, бері жиылыңдар! Бар топтарың бері кеп жайғасыңдар, орталарыңа түсетін жаңа бір, салмақты бір мәселе бар! (*Жұрт тегіс сахнаның орта тұсына қалың топ боп қоралай жайғасады.*) Жолдастар! Ақтал бойының еңбекші елі, бүгінгі жиын дағдыдан тыс өзгеше бір жиын.

Бүгін осы өлкенің елі мен жерінің тарихында болмаған тың бір жаңалық басталардай. Біз мұнда барлық Қазақстан үкіметінің, партия, совет басшылығының облыстарға, уездерге тапсырып таратқан бір үлкен қаулы-қарарын ада қылмаққа кеп тұрмыз. Бұл арада қазақ аулындағы тап тартысының үлкен бір түйінін шешпекке келдік. Тап жауы деген ежелден келе жатқан, тамыры үзілмеген жуан шонжар, бай-феодалға халық кесімін, тарих кесімін айтқалы келдік. Жуан, шонжар байлардың жайын талқыға салады деген сөзді естігендеріңіз бар ма еді? *(Бейсен, Оспан, тағы бірнеше кедейлер дауыс береді.)*

Д а у ы с т а р. Естігеміз, Сапар жолдас!

– Тосқамыз осы жиынды.

– Айтыңыз, бастаңыз! Лебізіңізді күтеміз!

С а п а р. Ендеше, достар, жолдастар! Осында отырған көбің Доғал байдың малының шетінде өмір бойы күн кешкен жандарсың. Қарақұрым жарты лашық ішінде туып, ішінде өлген аталарың болатын. Сол жарты лашық ішінде құрым шоқпыт оранып, күңіреніп күн кешіп келген өздерің болатынсың. Міне, бір топ боп отырған сендерсің. Бұл күнде қалың тобың бір араға, бір тілекке қосылған деп білеміз. Сендерді қосқан совет өкіметі. Бай-жуаннан кедей батырақтың есесін әпер деп отырған совет өкіметі! Ленин-Сталин бастаған большевик партиясы! Сендерді бұл күндерде ардақты совет халқы деп атаймыз. Ал қарсында отырған, мынау тұрған азғана тобың бәріңді босағасында шіріткен асқақ байларың, жуандарың! “Кеселді түйін шешіліп, кердең мойын кесіліп” дейтін күн, міне, осы! Бай Доғал ататегінен келе жатқан озбыр жуан, феодал еді. Осыны өз ортаңнан бүгін кетірем десең, ерік сенде. “Не дейсіңдер, қалай ұйғарасыңдар, кедей көпшілік, не бұйырасыңдар” деп, сендердің ортаңа осы сөзді әдейілеп әкеліп отырмыз. Кетіреміз десеңдер, ашық сөйлеп, беттеріңді білдір, ниеттеріңді айт! Біз сендердің еркіңше шешкелі келдік. Сөздеріңді тосамыз! *(Пауза. Кедейлер арасында дауыстар.)*

Д а у ы с т а р. Ал тұрып айт! Сен айт! Жә, айтсаңшы, бастасаңшы бірің! *(Көпшілік үнсіз. Жәкеш, Байыр, Жалтырлар бірер кемпір, шал кедейді түртпектеп отыр.)*

О р а з. О, көп сөйлейтін несі бар, бәрі мәлім емес пе? Айтқаның рас, Сапар жолдас. Осы Доғалдың ата-бабасының босағасында көзімізге көк шыбын үймелеген. Көрген күн

анау, тұрған түр мынау, айтарымыз сол – әрекетін салмаса екен, пәлесін жұқтырмаса екен сол бай!

К е д е й л е р д а у с ы. Дұрыс! Солай!

Д о ғ а л (*маңындағы кедейлерге естірте*). Қарызым, ата қарызымнан, тұз қарызым бар емес пе еді, Жалайырдың баласы, бәрінде!?. Шын-ақ отқа байлап, отқа төсеп бергенің бе, ағайын!

С а р т а й. Дәм қарызы бар еді ғой... Дәм атпай ма?!

Б а й ы р. Ата қарызын қайтеміз?

Ж ә к е ш. Не жазыпты ел-жұртына!.. Зарлады ғой байғұс!

Б е й с е н. Жолдастар, осында біреулер Доғалдың қарызы бар, дәм қарызы бар дейді, одан аттасақ, мойынымызға тозақта қызыл ошақ салады дей ме, әйтеуір ақиретті орнатып жатыр. Мен білсем, алыстан, ақирет тозағынан бұрын осында жер тозағын татпаппең әуелі, соны айтсаңшы! (*Байлар отырған жақтан жүздері көрінбей, қатты дауыс берген үндер естіледі.*)

Д а у ы с т а р. Қандай қастық көріп ең? Не жаманшылық кешіп ең? Ел шауып, жер өртеп пе еді?

Б е й с е н (*бұл дауыстарды тосып алып*). Қастықтан көп, қорлықтан көп көрмегеніміз жоқ. Айналайын совет өкіметі, есемді беріп, көрген көрді айтшы деп отырғанда, енді іркілсем, ез болмас па ем! Алыстағы қастығын қояйын, кеше мен дәл бүгін ғана мына Қарақұмда, Түрксибте жұмыс істеген орыс, қазақ жұмыскері – қалың жұрт, шөлден қырылсын деп құдықтарды улатқан кім? (*Оспан, Ораз, Ысмағұл, Сексек бұны қостап дауыс береді.*)

О с п а н. Жол бойынан ауылдарды қашыра көшкен кім?

О р а з. Ылау берме, үй жалдама, азық-сусын сатпа деген кім?

Ы с м а ғ ұ л. Керек десе, қара су екеш бір жұтым су берме деген кім?

О р а з. Бірде-бір батырақ-кедей Түрксибке барма, жалданба деп, ертеңді-кеш үгіттеген, етегінен тартқан кім?

Б е й с е н. Әне, қастық деген анау, неге солай етеді бұл, бұл байлар! Түрксибке кедей барса, көзі ашылады, бай атаулы бәрімізге қарсы шығады деп соны істеді. Осының өзі де жетеді. Тұрмасын бұл өлкеде Доғал!.. (*Және де байлар маңындағы топтардан үн естіледі.*)

Д а у ы с т а р. Жә, жә, болды, айтпайды сен айтқанды бар кедей.

Н а з а р б е к. Уай, жолдастар! Осы кәмпеске деген не сөз? Малды, жерді алу ма, жоқ, сонысын бәрін алып, тағы айдау ма?

С а п а р. Конфискеге ілінген адам ел ортасындағы зиянды адам деп танылады. Сондықтан оны көпшілік – батырақтар келесі, кедей кеңесі залалды деп тапса, мал алынудың үстіне, өзін үй ішімен басқа облысқа жер аударады.

Н а з а р б е к. Жә, ағайынды-қарындас! Қарға тамырлы қазақ едік, жер өртеп, ел шауып, ер өлтірген жоқ еді ғой Доғал! “Ұзында өшті емес ек. Малың алсаң ал, тек өзін ел ішіне қалдыр. Бір басына ерік бер” десек, қалай болады? Осыны айтқанды жазғырып, жазалайсың ба, түге? Кедейге ерік бердім дейсің ғой, ендеше, сол ерікті кедей осылай десе, не дейсің? *(Байлар жақ топта “осылай, осылай” деп дабырлаған үн шығады.)*

С а п а р. Жә, бар кедей осылай дей ме? Мына кісі бәрінің ойынды айтып тұр ма, жолдастар?

Б е й с е н д е р т о б ы. Жоқ, жоқ, айттық жаңа. Назарбек адасады!

А л у а. Жолдастар! Кедей-батырақтар! Бүгін біз жігеріміз жетсе, Ақтал бойында бұрын болмаған бір байлау жасаймыз. Ол – тарих байлауы болады. Бұндағы жеті байдың орнына жеті мың кедейдің көзі ашылсын, күні тусын деген байлауды бүгін ұран етеміз. Ол байлауды біз Ленин-Сталин партиясының жәрдемімен жасаймыз. Доғал бай қанаушы, обыр бай болатын. Енді бұл жерлердің ол иесі емес, біз, кедей-жалшы, ие боламыз!.. Сол дүние, мүлік біздікі болса, бұл бай бұл өңірде тұрмауы керек. Әйтпесе, жаңағы Бейсен айтқандай, кеше ғана Түрксибке кесірі тигендей, сендердің ендігі өміріңе де, еңбегіңе де, совет заманы берген бақытыңа да қырсығы тимей қоймайды. Солай емес пе еді, бұл байдың кетуі сіздердің тілектеріңіз емес пе еді? Шыныңды айтсаңшы, жұрт!

Д а у ы с т а р. Солай, солай. Дұрыс, бәріміздің сөзіміз сол! Бәріміз үшін айтты. Алуаныкі рас!

Н а з а р б е к. Е, жаңа осында ортамызға келген, бұрын осы ауылдың қызы болған Алуа бала сөйледі. Шырағым

Алуа, сенің әкең Сатайды біз білетінбіз. Жақсы азамат, ер кедей еді. Бірақ оны Доғал өлтірген жоқ-ты, қызым! Құдай бар, қайтіп өтірік айта аламыз! Оны қаныпезер ұры Бұлан атып өлтірген. Өзіңді болса, Доғалдың қатыны үстіне нақсүйер етіп алам дегені рас, тек сонысы болмаса, сенің басыңа қандай қастық етті, шырағым, ә?! Бұл “аламын” деді, сен “тимеймін” дедің. Көнбедің де, кеттің де бардың ғой. Сол үшін-ақ жерін, малын алудың үстіне, өзін тағы құртам дейсің бе? Сені бұл төсегіне, теңіне алам дегені үшін, сен итжеккенге, Темірқан-Шораға салам дедің бе? Бұның не? Өз басыңның кегінді қуғаның ба? Мен тағы айтам, малы, мүлкін алайық, өзін боса әлі де Ақталдың бойында қалдырып тұрып, сынайық!

А л у а. Сапар аға, мен жауап беремін. Мен сөйлеймін тағы. Мынау Назарбек деген әлі санасы ашылмаған, тап сезімі оянбаған құйыршық. Өзі кедей болса да, құлақтың құйыршығы боп, итаршы болғанын ұқпай тұр. Осыны әшкерелеп сөйлеймін.

С а п а р. Жоқ, әзір әңгіме онда емес, алаң қылма! Болмайды. Тоқта, мына жұрттың өз ішінен біреу сөйлесін! *(Көпшілік үнсіз.)* Жә, жұртшылық, Назарбектің де сөзін тыңдадыңдар, не дейсіңдер, неге байладыңдар?! *(Пауза. Жұрттың алысырақ шетінен, қалаша жақсы киінген, көзінде көзілдірігі бар біреу тұрады, ол – Мардан.)*

М а р д а н. Жолдас Сапар, маған сөз беріңізші! *(Ол бері жүріп келе жатады. Батырақтар арасынан жақтырмаған дауыстар.)*

Д а у ы с т а р. Бұл – Доғал байдың інісі. Өзі де жуан шонжардың мұрагері. Қаланың төресі Мардан. Ол не айтушы еді?!

М а р д а н. Мен осы батырақтардың дәл осы жиынына алыс қаладан әдейі келген адаммын. Біреулер мені туған ағасы Доғалмен қоштасқалы келді, әлі жеткенше ақыл бере келді, көмек еткелі келді деп те ойлаған болар. Солай ойлағанның ең басы – мынау отырған, менімен бір ата, бір анадан туған Доғалдың өзі болатын. Бірақ мен ол үшін келгем жоқ! Ақталдың бойына да бүгін бүкіл қазақ даласына келген жаңа дәурен сәулесі түсті. Совет сәулесі! Мынау ұлы құрылыс Түрксибтің осы өлкеге жеткені – жаңа тарихтың, талай жаңалықтың зор бастамасы... Киіз туырлықты,

калың ұйқылы, көшпелі тірлік қалады. Ақталдың бойында гүлденіп кеткелі тұрған тамаша өлке бар еді, бірақ оны түгелімен кімдер баурады? Өздері өнерді, еңбекті сүймейтін, бар еңбекшіні қараңғыда, езгіде ұстап келген мынау Доғалдар биледі.

Д а у ы с т а р (*батырақтар арасында*). Е, бәрекедді, дегенің рас! Уа, жолың болсын!..

– (*байлар арасында*). Құдай атсын, әруақ атқыр, азғын!..

– Шіріген жұмыртқа!

М а р д а н. Енді Ақтал бойы еңбексіз арамтамақтар мекені болмайды. Еңбек иесі, анық иесіне тиеді. Тиеді де, өнермен өзгереді, жайнай түсіп жаңғырады. Алуа қарындас барды айтты, соның айтқаны – халықтың тілегі. Жерден, малдан ғана айырып қоймай, Доғал сияқты жандарды елден де айыру керек. Доғал бұл өңірден кетірілсін!..

Д а у ы с т а р. Солай, бәрекедді, дұрыс!.. Болды! Жетті, байлау сол! Дауысқа сал, Сапар жолдас!

С а п а р. Жә, жолдастар, ендеше, сөз екшеліп болды дейміз ғой. (*Дауыстар: “болды, болды”.*) Дауысқа саламыз ғой, солай ма? (“*Солай, солай, сал!*”, “*дауысқа сал!*”) Ендеше, байдың мал-мүлкі конфискеленіп, өзі бұл өлкеден жер аударылсын дегендерің қол көтеріңдер.

Д а у ы с т а р. Көтер! Ал көтер! Көтер! (*Көпшілік қол көтереді.*)

С а п а р. Ал енді, қарсы кісілер, көтеріңдер! (*Назарбек көтере береді. Сол кезде қызы Айбала оған зекиді.*)

А й б а л а. Көтерме! Жетті!

Ж а с т а р. Өй, бөгеме.

А й б а л а. Аулақ әкемнен, сүзеген бұқа секілденген сен алакөз! Болдың ғой адастырып. Әке, сен жетістің ғой құйыршық боп...

Н а з а р б е к. А... мына не дейді... мына... (*Қолын түсіре береді.*)

С а п а р. Ия, бір кісі, жалғыз Назарбек қарсы дейміз... Адасқанын өзі аңғарып, өзі айтты. Ал сонымен байлау болды, жиылыс жабылды, жолдастар. (*Енді біразда дауыс беріп, қалың жұрт қол көтереді. Байлар салбырап оңашаланып, аз тобымен тая береді. Жиын біткен. Сапарды қалың кедей қуана қоршаған. Енді Алуа мен Мардан бәрі шығады.*)

А л у а (*Марданның қолын қысып*). Сіз қандай жақсы айттыңыз. Сіз осындай ма едіңіз?..

М а р д а н (*күліп*). Енді қалай деп едіңіз? Біз жаңа заман тәрбиесінің жаңа бағыттағы адамы емеспіз бе, Алуаш?!

А л у а. Мен білмеппін, мүлде мұндай деп ойламаппын.

М а р д а н. Ұмытқансыз ғой, Алуаш!.. Есіңізге түссе, мен Доғалдың сонада сізге, сіздің басыңызға қастық етпек болған шағында да барымша қарсы шықпап па едім? Ат кекілін сонда кеспеп пе ем?.. Бүгін әдейі, мүлде осы ауылдан, атадан, мынандай халық аластаған ағадан, арамды айыру үшін, барды үзу үшін, шын совет азаматы болғаным осы деу үшін келгенім жоқ па?!

А л у а. Сондай тамаша, сондай жақсы айттыңыз, Мардан аға! Бәсе, саналы, оқыған азамат жолы осылай, басқаша болу керек қой.

С а п а р (*өзін қоршаған кедейлер ортасында*). Жә, достар, батырақтар, тап жауының үлкенін тауып, үлкен байлау жасадыңдар. Енді, кеткен байдың орнына жаңа дүние құрып, жаңа дәурен жасаймыз Ақтау бойында. Сол үшін сарп етеміз бар күшті. Бірақ естеріңде болсын, Ақтау бойында тап тартысы анық берік басталғаны осы... Ендеше, жаулықтың да нелер қиян-кескі қастығы осыдан басталар деп біліңдер... Соған белді бекем байлаңдар. Іс тартыс жаңа ғана басталды... Бейсен, Алуа, Ораз... сендер меніменен Тасқорғанға, Укомға баруға әзірленіңдер!.. Жүріңдер!

## Ш ы м ы л д ы қ

### *Төртінші сурет*

“Ақтал” колхозының үлкен клубының бір жақ бөлімдері. Сахнаның бір шеті өзі де клуб сахнасы тәріздес. Шымалдықтар, есік-терезелер және кеңселік бұйым-аспаптар көрінеді. Сахнада Алуа, Бейсен.

А л у а (*қағаздарды қарастыра хат оқиды. Бейсенге*). Бейсен, Укомнан, Сапар ағадан келген хатты тыңда! Мезгіл де жауапты, малға да, егіске де әрбір тың қолдың қосылып, араласқаны ақыл да, мақұл ғой. “Екеуіңе биылғы көктем ерекше сын, өзгеше жауапты көктем екенін ескертемін.



Бұрынғы құм кезген, “итке мініп, ирекпен қамшылап” дегендей, даланың қаңбағындай ауа көшіп жүрген елің отырықшы боп жатыр. Бұл – тарихтың бір жаңалығы. Бұрынғы жадау-жүдеу, шабан-шардақ жеке меншік жоғалып, үлкен коллективтік еңбек ірге қалап жатыр. Бұл – тағы тарихтық жаңа дәурен. Бұрын осы мекенінде иен су босқа ақты, құт даласы тек қана тұл жатты. Қазақстан үкіметі және партия басшылығы енді ойлап, байлап Ақталдың бойын өзгеше ғып жаңғыртып, гүлдендіру шарт деп отыр. Әсіресе сендердің колхозың сол үлгіні бастау шарт! Бірақ әлі бай-құлақ қарсылығы түгел жойылып болған жоқ, әр жерде тап жауының қастығы әлі де үзілмей, бой көрсетуге келеді. Партия сендерге өз міндеттеріңді атқаруда осы жайлардың бәрін ескере отырып, ада қылуды тапсырады. Ең бірінші сын міндет – он күн ішінде егіс жоспарын бітіріп тұрып, ақпар беріңдер”. Көрдің бе, Бейсен, сен, “Ақталдың” колхоз бастығы, мен, уезден келген өкіл, екеуміздің ортақ міндет үстінде ортақ ауыр жауаптылығымыз аталып тұр. Барды тек қана егіске саламыз. Жиып болдың ба, бар күшінді, ер-әйел азамат атаулыны?

Б е й с е н. Сен атаған адамдардың бәрін егінге салып жатырмын.

А л у а. Мал фермалары ше?

Б е й с е н. Онда мал балалап жатса да, не әйелді, не баланы жырып бөліп алуға кірістім. *(Сахнаға Мардан шығады. Алуа, Бейсен таңырқап.)* Сіз қайда, сіз қалайша, қашан келдіңіз!

М а р д а н. Мен Алматыдан әдейі келдім, баспа орындары жіберді. Газетке, журналға Ақтал бойының осы науқан үстінде бүгін жеткен табысын жазам.

А л у а. Ә, Бейсен, сені мақтайды екен. Қалай, жақсы болды ма, жарай ма?

Б е й с е н. Жақсы жазсын, сонда жақсы болат та.

А л у а. Жақсылықты сен көрсетсең, жақсы болады да.

М а р д а н. О, мен бүгінгі жаңалықтарға сондай сүйсіндім, сондай қуандым.

А л у а. Ой, ағеке, басымыз айналар мақтаннан.

М а р д а н. Атама, атама, Алуаш! Әрине, мен келген соң, мен бар шамам жеткенше өзіміздің Ақтал жайын жақсы жазам, мақтап жазам.

А л у а. Ал біз сіздің құр мақтап жазғаныңызды тілей алар ма екенбіз! Шынымызды айтып отырып, барды анық ашып отырып, жақсы жазсаңыз, құба-құп.

М а р д а н. Жоқ, мен көптен өзім көрмей жүрген Ақтал бойының соншалық жайнаған жайын тани тұра, бүгін сынап қарауға мұршам жоқ. Жайнатыңыз біздің туып-өскен асыл Ақталымыздың бойын... Қарындасым Алуа, жолыңыз болсын!.. *(Алуа жаңа келген тракторшы Сашаға бұрыла береді.)*

М а р д а н *(Бейсенге)*. Қандай боп өскен өзі, әрі сұлу, әрі есті жатыр ғой. Тани білсем, өзі, тегі, өрлей түсер, бәлкі, ұзаққа да кетер.

А л у а *(Сашаға)*. Немене. Саша, тракторың бүгін күйлі ме? Жөнелесің бе?!

С а ш а. Әзірмін, бүгін түсетін жерді көрсетіңіздер.

Б е й с е н. Бүгін бағара. Қазір ертіп жөнелем. *(Бір топ колхозшы кіреді.)*

І к о л х о з ш ы. Сенің мына көмегіңе халықтың ризалығын айтсаңшы, Алуа!

І к о л х о з ш ы. Атағын ғана естуші ек, неткен күш!..

ІІ к о л х о з ш ы. Піл әкеп сыйладың ғой, қызым!

І к о л х о з ш ы. Жануардың қайраты-ай!

ІІІ к о л х о з ш ы. Колхозға анық сенгенім осы. Жеке меншік боп отырсам, қай трактор жыртар еді менің жерімді?

А л у а *(Сашаға)*. Саша, ұқтың ба? Естисің бе, саған, сенің тракторыңа мына жұрттың қандай ризалықпен қуанатынын білдің бе?

С а ш а. О, Алуа, мен машинаны мұндай жақсы көретін жұртты көрген емен. Бұлардың көзінде мен трактор емес, тіпті бір, планеталар арасындағы ракетамен ұшып келе жатқан кісідеймін.

А л у а. Бірақ, Саша, тездет! Укомнан хат келіп, он күнді кесіп беріп отыр. Кешігіміз, содан қорқамын. Барды салу шарт...

С а ш а. Бар жоспарды бір ғана трактормен үлгере алмаймыз дедім ғой. Күн аз, қандай да болса көмек керек. Соқамен де жырта берсін, болмаса жоспарды орындай алмаймыз, құтыламыз!..

А л у а *(Бейсенге)*. Онысы рас, біз кешігіп барамыз. Егіс мезгілі өтіп барады-ау осы. Осылай ма?

І к о л х о з ш ы. Қауің дұрыс, қызым. Күн болса қызып кетті, жер құрғап барады.

І к о л х о з ш ы. Әлі жыртылатын жер қайда... құла дүз! Жоспардан шықпай жатырмыз.

А л у а. Әне, Бейсен, мезгіл өтіп барады, сен әлі бар күшіңді жиып сала алмай келесің! *(Бұл топтарды жөнелтеді.)*

Б е й с е н. Қайрат етуге жарайтын еркек, әйелден малдағыдан басқа бірде-бір жан қалған жоқ, міне, тізім!

А л у а. Әйелдер жетті ме?

Б е й с е н. Олар да келіп араласты. Бір тобы, міне, түскі демалысқа қайтты. *(Бір топ әйелдер кіріп амандасады.)*

А л у а. Іске сәт болсын. Аз күн қайрат етіп бағындар, апалар, құрбылар. Кісінікі емес, өз мүліктерің.

А й б а л а *(әйелдер арасынан)*. Алуа, біздерді, міне, төлдеп жатқан мал фермасынан әкелді. Онда тек кемпір-шал қалды. Қозы-лақ ұшып өлсе, аш қатса, не дейміз осы?

А л у а. Он күнге, өзге дүниені ойлағанды қойып, барды егінге, егіске, егіске ғана салындар! Қазір демалындар, түстік үзілісте бригадаларыңа, осында оқушы жастар сауық көрсетеді. *(Назарбек кіреді.)*

Н а з а р б е к. Ой, қарағым Бейсен, Алуа! Уа, мені сорлаттындар ғой сендер! Мың қойдың қоздап жатқаны анау, ессіз тауда, жалғыз қорада кемпіріммен екеуміз ғана, қырылады ғой ел мүлкі! Сорлаймын ғой мен де. Еңбегім еш, тұзым сор болғаны ма енді кеп!

А л у а. Кімің кетті, ақсақал, неше кісіңді алдық?

Н а з а р б е к. Үш кісім кетіп отыр. Біреуі мынау – қызым Айбала. Әншейінде мал дегенде жаны қалмай безектеуші еді, бұны не қара басқанын да білмеймін. Жөнді айтам да қайтам деп еді.

А й б а л а. Қайтарды ма, айтып көр! Мен айтқаннан бетер қақсап тұрмын ғой, қозы-лақ қырылды деп!

Н а з а р б е к. Ой, айтқаның бар болсын. Қозы-лағым өлген соң сенің көз бұлағың суалсын!

А й б а л а. Ал өзің немене, осында кеп көүкілдеп, ол жерде малды тастап кеп тұрғаның қалай? Осы жүрісің өзі қай жүріс? Отар жайын мен жеткізбейді дедің бе?

Н а з а р б е к. Мен мына Алуа мен Бейсенге ат үстінен,

тізгін ұшынан бір-ақ тілек айтам да қайтам. Шоқыта келдім, шапқылап жөнелем қазір.

А л у а. Айтыңызшы тілегіңізді, Назеке!

Н а з а р б е к. Тілегім сол, айналайын, көр! Бүгін болмаса ертең, не қылсаң да жет те, көзіңмен көр деймін! Малымды көр, төлімді көр! Қысылып тұрған жайымды көр. Күндіз де туады, түнде де туады. Егіздеп туады. Шопаным біреуі жарытпай жатыр, біреуі қозы-лағын алмай жатыр. Бір қолыммен қоздай алмаған тоқтының қозысын суырып, бір қолыммен төйтпейлеп жетім лақ, қозыны теліп жатырмын. Тыным жоқ... Тіпті, тіпті шырт ұйқыда жатып та төйттөйлеп жатады екем! Кемпірім жазғырып, “бақсы боп кеттің ғой” деп ол мазалайды. Қызымды болса алып кеттің!.. Енді келіп көресің бе? Тіл емізбей соңғы сөзіңді бересің бе, жоқ па?

А л у а. Берем, әке! Барам! Сертім! *(Бұл келгендер ауыса береді. Сахнаға асыға, ашулана ұмтылған Арман шығады.)*

А р м а н. Жә, маған берген кісілерің қайда, “Ақтал” колхозы? Қашанғы тосамын?

Б е й с е н. Біз егістен сұр жығылып жатқанымыз жоқ па? Толық кісі түгіл, бала берер мұрша бар ма? Міне, аудан өкілі, егіс жоспарымыз мүлде толмай жатыр емес пе?!

А р м а н. Егіс, егіс!.. Мен істеп жатқан жұмыс егіс үшін емес пе? Ол колхоздікі емей, жаудікі ме?!

Б е й с е н. Сіз сұрағанда, егістік сұрарсыз. Егін болмаса, нені сұрарсыз?

А р м а н. Сөз емес!.. Берген уәделерің қайда? Мал фермасынан берем дедіндер, енді оның да бар адамын жинап, осында әкеліпсіндер. Мен фермаға шабу керек, егіс даласына шапқылауым керек, сендер уезде серт бересіндер де, бұнда кеп алдайсыңдар! Не деген өтірікшілік, ұятсыздық!..

А л у а. Сіз осы жолдас Армансыз ғой? Міндетіңіз зор екенін білемін. Ақтал бойының көптен күткен маманы да сіз болғансыз!

А р м а н. Күткені бар болсын!

А л у а. Жолдас Арман! Сіздің асығуыңызды түсінемін, бірақ колхоздағы жайды сіз де ұғыныңыз. Он күнде егісті аяқтап, ауданға ақпар беруіміз шарт. Сіздің ісіңіз он күнге шыдайтын шығар!

А р м а н. Керегі жоқ басалқаның. Адам бермей алдағаны үшін, тоғам алудың үлкен ісін құлатқаны үшін қазір мен мына Бейсеннің үстінен рапорт жазамын.

А л у а. Мейліңіз. Біз бірақ Бейсенді ақтаймыз.

А р м а н. Ақтамақ түгіл, төбенізге көтеріңіз, бірақ маған кісі таптырып беріңіз!

А л у а. Бүгін кісі жоқ!

А р м а н. Онда менің ісім жоқ! Сіз ауданнан келген болсаңыз, бассыздық етпей, алдымен менің ісімнің мәнін түсініңіз!..

А л у а. Оны маған түсіндірмей, әуелі сабыр етіп, өзіңіз түсініп алыңыз.

А р м а н. Керегі жоқ сабырдың! *(Екі кішкене қыз жүгіріп келеді. Бұлар – Әсия, Жанар.)*

Ә с и я. Алуа тәте, екі бригада түскі демалысқа келді, біз соларға концерт беріп жатырмыз. Сіздің де әніңізді сұраймыз. Бізге қаланың әнін айтып беріңіз. Колхозшылар, балалар бәріміз де құмармыз! Жаңа ән үйретіңіз, тәте!

А л у а. Айналайын, өзің айта бер. Концертті жүргізе беріңдер. Менің кезегім жеткенде айтыңдар. Сенің басшылығыңмен мен де ән салып берем! *(Қыздар жүгіріп кетеді. Жақында сахнада концерт жүріп жатқаны естіліп тұрады. Бұндағы ендігі оқиғалар сол әндердің соңында болады.)*

А р м а н. Өкіл жолдас, менің ісімнің ендігі Ақтал бойына ең қажет іс екенін сіз қалайша түсінбейсіз?!

А л у а. Түсінбейді деп сізге кім айтты?

А р м а н. Түсінсеңіз, маған айтқызудың не қажеті бар?

А л у а. Оны сізге айт деген кім бар?

А р м а н. Сіздің ойыңызша, қазір астықтан басқа дүние жоқ.

А л у а. Қазір одан басқа әні бар. *(Күледі. Арман бір қызып, бір қызығады.)*

А р м а н. Астық қана дейсіз. Арық жүрген соң бұл өлке, әлдеқандай бидай емес, ақ күріш балқып өсетін өлке болады. Бұл өңірде өнімді дақылдар егіледі. Бұл өңірде сан сатылы электр станциялар орнайды. Ол не деген сөз?!

А л у а. Бұның бәрі дәл бүгін, дәл осы сәтте мен үшін тәтті түс. Қазір мен үшін ақ күріштен қызыл бидай көп қызық.

Арман. Туу, не деген шолақтық. Сіздің бар түсінігіңіз артта қалған. *(Алуа Арманға барлай қарап күледі.)*

Алуа. Қызыл бидай артта қалған ұғым болса, сол сіздің айтқаныңыз бола-ақ қойсын!.. *(Әсия бұрылады. Арман ашуланып кетеді, Бейсен бірге кеткен. Алуа Әсияны құшақтап.)* Сен кім баласысың, Әсия, кішкентай? Сен жаңа сондай жақсы ән салдың ғой, мен тыңдап отырып сені әншісің дедім. Маған апаң мен ағанды көрсетші, айналайын!

Әсия. Алуа тәте, олар жоқ!

Алуа. Қалайша?

Әсия. Олар өлген! Әжем де өлген, әкем де өлді ғой менің, тәте...

Алуа. Не дейсің, жаным?.. Қайда оқып, қайда тұрасың?

Әсия. Туғандарым болмаған соң біздің мектептің жатақханасында жатып оқимын. Ал, Алуа тәте, қазір сіздің шығатын кезеңіңіз, әзір болыңыз. *(Алуа ойланып қалған. Сексек оркестрін басқарып жүрген қалпында Алуаға тақап келеді.)*

Сексек. Арман неге кетіп қойды, оны білуші ме ең? *(Алуа өз ойында.)*

Алуа. Білмеймін, білмеймін...

Сексек. Неге ерте кетіп қойды екен!.. Өзі бірдеңеге катуланғандай. Өңі де қып-қызыл боп, балқып барады. Бірақ сондай сұлу! Жігіттің төресі. Бүлдіршіндей, үріп ауызға салғандай...

Алуа *(ой үстінде)*. “Сұлу, жігіттің төресі...”

Сексек. Шын бүлдіршіндей, сұлу емес пе! Өзі қандай маман. Ақталдан арық алады.

Алуа. Болды. Мен онымен ұрсысып айрылдым! Оның асқақ, тасырлаған мінезсіз жігіт.

Сексек. Мінсіз сұлу жігіт.

Алуа. Керегі жоқ. Сотқар сұлулық менен аулақ. *(Сексек кете береді. Алуа ойда. Жалғыз. Зрительге сөйлейді. Қазір оның көңілі осы арадан сезген мен көргеннен өзгеше бір толқынға түскен. Дағдысы бойынша ол зрительге өз өмірінің кейбір жақын кешкен үлкенді-кішілі, ертелі-кешті жайын да айтады. Бір ауық сұлу өскен сырлы жас, сырт дүниеден құпия жүрген жанын да ашады осындайда. Ондай сәтте Алуа*

*ән де салады, бірақ көбінесе әуенмен емес, жанымен салады. Жалынды оймен, сөзімен ән салады. Қазір сондай бір шақ.)* Кішкентай Әсия, азғантай сөзімен менің де бала күнімнің қайғылы-қасіретті шағын ойлатты. Менің де шешем мен әкем өлген соң, аз күнде әжем де кеткен еді. Әлі күнге көз алдымда, осы Ақтал бойында күзгі дауылды қара түн... қарып тұрған қатты суық, қатал жел! Менің үстімде лыпа жоқ, жалаң бас күйде, шашым үрпиген, қатқан тоңның үстінде жалаң аяқ қалпымда, табанымнан сыз өтіп, тоңып ұшып барам! Бірақ екі көзім қара түнге қадалған, жырақта. Ауылдан аулақтап тасырлатып шапқылап бара жатқан көп аттар тұяғы, сартылдап, қағысқан сойылдар... Мен қара түнге қадалғанмын, жалбарынып жалынғанмын... Жалғыз әкемнің амандығын тілегенмін. Шошыған, шырылдаған күйде “Аға, ағатай!.. Ағам менің” деп, қатып тұрып қалғанмын. Сонда жарқ етіп, шапшаң ғана ұшқыр шолақ, қып-қызыл от қана жалт еткенде, тарс етіп мылтық атылып, үндер өшкен... сөнген-ді... Сол күймен бірге менің әкем де өлген!.. Әсия мен көргенді көрмейді. Айналайын Әсия, сенің әкеңді өлім алса, сені бауырына елің алған. Мен олай емес, панасыз жалғыз қалғам... Жалғыз өтті ауыр дерт күндері! Жылдан жыл, белден бел асып, ел азаматы боп, енді өзім үшін емес, өлкем, елім, жұртым, Отаным үшін тайталасып келе жатқан азаматпын... Мен осы күнде орта мектепте оқимын, соншалық ынталы оқушымын. Әлі де Сапар аға, Нина дос – аға мен ападай бастаушым да жақыным. Колхозға, науқанға аз уақытқа оқудан айырып жібере отырып, олар маған “кітаптан бір, өмірден екі шындалып, екі асылдан кезек су алып өс!” дейді. “Алысқа бас” дейді. Бірақ мен әлі солай да, оң талайда жалғыз келем! Сеземін, Сексек менің жаңғыздығымды әсіресе жиі түйсіне бастаған. Бірақ татымсыз бір жан, түсі жалтыраған бояулы бір жан, жас болмыс біреуге алданып кездескеннен бері менің ішімде қатты бір суынып түңілген хал бар. Менің ішімде жуырда жібімес бір тоң жатқандай... Сұлу да жігіт, қызу да... Әлденеше өнерлі, сырлы, қырлы да жігіт, болсын енді, қобалжытпас жәйім бар. Түңілуден түйілген, суық тастай мұзым жатыр ішімде!.. Болармын әзір сонымен. Барармын сол сазыммен... Болсын солай алаңсыз. Аялсыз қайрат, қуат жиярмын. Советтік адал азамат сақтар сезіммен! Әнім болсын, сазым болсын сол менің! *(деп сөзінің*

*аяғын баяу басталып ұлғая түскен, дами берген сұлу әнге айналдырады. Әсия жүгіре шығып, арғы сахнаға қарай қол созып: “Алуа тәте, сіздің шығыс кезегіңіз” дей береді. Алуаның өні ұзай түсіп, күшейе береді. Жаңағы ой сезімі, жан өні енді сән өніне айналады.)*

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Бесінші сурет*

Терең шатқа тығыла отырған жалғыз қыстау. Назарбектің кой фермасы. Назарбек мал қора мен үйдің аралығында шарбаққа тақағанда, сырттан бұғып келген біреу баспалап қарайды.

Н а з а р б е к. Сен кімсің, әй?

К і с і. Сескенбе, Назарбек! Назарбек, бұл мен ғой!

Н а з а р б е к. Доғал мырза?

Д о ғ а л. Ия, бұрын мырза болсам, бүгін не десең де ырза Доғал.

Н а з а р б е к. Қайдан, қалай?!. Қайдан жүрсің, неғып жүрсің?

Д о ғ а л. Неғып жүруші ем? Міне, тау-таста аң болып, баспалап бұғып жүрмін. Жалайырдың баласы, жанашыр біреуің қалса, оң назарыңды сұрап келдім.

Н а з а р б е к. Өзің қашып жүрсің ғой мүлде, ә?

Д о ғ а л. Менен ерік кеткелі қашан?.. Сөйтіп жүрмей неғып жүр деп ең? Осы өңірде бір өзіңнен басқа сенерім жоқ, жан жүзіне көрінгенім жоқ.

Н а з а р б е к. А, сөйтіп, мені паналап келдім десейші!..

Д о ғ а л. Таптың, әрине, Назеке!

Н а з а р б е к. Е, сөйтіп мені жасыр деп тұрсың ғой?

Д о ғ а л. Әрине, Назеке!..

Н а з а р б е к. Жоқ, енді алданатын Назарбек жоқ. Тағы алжитын Назарбек жоқ! Баяғы құл Назарбек біткен, мырза Доғал.

Д о ғ а л. Не дедің?.. Мен неге де болса бел байлаған жанмын. Жалғыз сенгенім сен! Тез кетпекпін, залалым жоқ. Бірақ тіс жарып, сыр айтып көріп келіп тұрғаным жалғыз сен ғанасың! Азғана көмегің керек, ойлан, ойлан



да, жөніңе көш, Назарбек! Сен маған пана боласың, боласың!.. Үш күннен соң тағы ораламын, жан баласына білдірсен, өз басымды да берермін, бірақ сенің жаныңды да қоса ала кетермін, біліп қой!.. *(Назарбек жалғыз, арлы-берлі алаңдайды.)*

Н а з а р б е к. Енді қайттім, жалғыз басым, кетсем, мал қалады. Қалсам, бұл келеді. Апыр-ау, қайттім. Өлсем де білдірем, білдіріп өлем еліме!.. *(Арлы-берлі асыға жүріп дабыстайды.)* А, тұра тұр, есіме жаңа кірді ғой... О, Айбалаш, Айбала! Қызым!..

А й б а л а *(үйден шыға)*. Немене, шаршап келіп, сәл тыным алып, қайта жөнелейін деп ем, не болды!..

Н а з а р б е к. Айналайын қызым, Айбала жаным, келгенің жаңа еді. Жөнел, қайта шап! Шаршағаныңа қарама, жаныңды сал!

А й б а л а. Немене, не боп қалды? Не көрінді өзіңе?

Н а з а р б е к. Доғал... Сұм Доғал көрінді. Жаныңды сал, тоқтамай шап еліңе. Колхозға жет, хабар ет!.. *(Айбала асығыс.)*

А й б а л а. Сонша алыс колхозға мен қашан жетпекпін! Әй, сорлы әке-ай, сен ғой тағы... Өзің ғой осы пәлеге ұшырап жүрген. Өзгеге бармай, саған неге келеді ол?.. Айт деймін, сондай тап жауы – советтің жауы, өзгеге бармай, ұрланып саған неге келеді деймін?!.

Н а з а р б е к. О, қоя тұр, жаным, қой оныңды, кейін айтам! Шап жылдам, жөнел!

А й б а л а. Жөнелмеймін, жөніңді айт! Өзгеге бармай, сенен неге үміт қылды ол? Әлде, “албасты да... немене еді әлгі... сақалға қарай басады” деп! Сені өзгеден бұрын халық жауына жылдам көмек етеді деп кеп тұр ғой, ө?

Н а з а р б е к. Ойбай, қой, мен көргем көресіні. Жаңа келген колхозың ғой, жөнеле гөр, айналайын, қайтадан!.. Тоқталмастан шапқылай гөр!.. *(Айбаланы қораның сыртындағы атқа қарай әкетіп барады. Айбала жүруге ыңғайланған.)*

А й б а л а. Бәлем, әке, тұра тұр! Колхоздың қалың елінің алдында жауап бергізермін осының үшін... “Қуырдақтың үлкенін сиыр сойғанда көрерсің” деп, көрсетермін сонда саған!.. Комсомолдың алдында сенің құлаққа құйыршық болғаның үшін тағы қызарар жайым жоқ. *(Жөнеледі.)*

Н а з а р б е к *(жалғыз. Ары-бері алаңдайды. Сыртқа қаран)*. О, мынау кім тағы? Ойпыр-ау, мынаның мезгілсіз келгенін қарашы. Мынау Алуа ғой. Кеше шақырған өзім едім. Өзі жапа-жалғыз. Қасында қарулы жолдастары болса да бір сәрі еді. Енді қайттім, бұған не деп айттым?! Баяғыда кәмпескеленген жерде Доғал үшін өзімен жарғыласып ем, енді бүгін қасымнан тағы Доғал шықса, мүлде біткенім ғой. Мүлде әшкереленіп, масқара боп болғаным ғой Алуаның алдында. Қой, мен бұған айта алмаймын!.. Алда төңір-ай, жаңағы сүмқадам тек осы барда ғана оралмаса игі еді... Бірақ, үш күнде келем деді ғой, ендеше, Алуаға айтпай-ақ қояйын. *(Сырт айналып Алуамен амандасқаны естіледі. Бұл кезде кеш батып, қараңғы түсе береді.)*

А л у а. Ал, Назеке, лебізің қайтпасын деп, асығыс науқан үстінде, осы кеш те болса, малыңды, жайыңды көріп қана қайтайын деп келдім. Кәнеки, жүріңіз, қозы, лақтарың қайда? Қойларың қайсы, кәне жүріңіз, бастаңыз! *(Қолына фонарь алып.)*

Н а з а р б е к. Ал, міне, жүр, қарағым, міне, мынау жас лақтарым, қозыларым! *(Алуа екеуінің мал аралап жүрген дауыстары естіледі.)*

А л у а. Дұрыс, мында не бар?

Н а з а р б е к. Бүгін туған жас қозы.

А л у а. Анау үйшікте ше?..

Н а з а р б е к. Онда егіздер. Ал мына біреуде жетім қозылар мен енелері алмай қойған қозы-лақтар. Бір жағынан сүтпен асырап, бір жағынан теліп жатырмын. *(Екеуі тағы біраз жүріп, қайта сахнаға орала береді. Сыртта ит үргені білінеді. Аңыра қалып, сескенеді)*. Ит үре берген несі, ә, шырақ?

А л у а. Е, о қайтеді, ата?

Н а з а р б е к. Әй, білмеймін, балам. Осы тауда жаманат сыбыс та жоқ емес-ау.

А л у а. Қандай сыбыс?

Н а з а р б е к. Білмеймін, кешелер тау ішінде, елсізде бөгде жүрген адамдарды көрдік деседі. Колхоз жылқысынан жоғалған да бар дейді ғой!.. *(Алуа нағанын ыңғайлап, сыртты тыңдайды.)* Е, қарағым, көңілге мынауың бір сүйеу болды-ау!

А л у а. Тасырлаған ат дүбірі естіледі ғой.

Н а з а р б е к. Шамды өшірсем қайтер еді? (*Шам өшеді.*)

А л у а. Ата, кім бар дейсіз, сескенбеңіз!

Н а з а р б е к. Бәсе, қарағым, бойынды жи, қуатты бол. Әкең Сатайдай бол, ер болшы! Доғал байды қарғап өтіп еді. Мен қайда, одан кейін де Доғалды пір көріп, көп шатысып тантып жүрдім. Білесің бе, Доғал айдаларда, сол қанқұйлыға ара түскен менің ақымақтығымды айтсаңшы!

А л у а. Япыр-ай, ата, мына сөзің қандай жақсы!

Н а з а р б е к. Ойбай-ау, несін айтасың! Сол күнгі бір оттағаным үшін опық жей-жей, мына сақал-шашты да жалғыз күзде ағарттым ғой. Ол – ол ма? Осында Айбала деген комсомол қызым бар, ол осы күнге шейін, тіпті күні бүгінге шейін, желкеме мүлде мініп алған. Қызым емес, бейне бір қазымыр көрі шешемдей, қымс етсе жер-жебіріме жетеді! (*Қақпа қағылады.*) Бұл кім екен? Бөгде қағыс қой?!

А л у а. Сескенбе, ата! Мен қасыңда болайын, байқаңыз, ашпаңыз!

Н а з а р б е к (*сығалайды*). Түстері жат мына кәпірлердің. Япыр-ай, сорыма жалғыз да болмадым... Сенің бейнегіңе душар болдым ба, балам?.. Қайдан ғана шақырып ем, сорлы басым...

А л у а. Назеке, жаңа әкемді аузыңа алдың ғой, тек болмас, әкемдей білермін... Енді тыңдаңыз мені, ашпаңыз!

Н а з а р б е к. Ашпаймын, айналайын. Жаңа көре сала, сені шошиды ғой деп айтпап ем, мынау әсіресе саған өшігетін жау. Білдің бе, Доғал ғой!

А л у а. Не дейсіз? Қайдан білдіңіз?!

Н а з а р б е к. Анық сол, көріп тұрмын. Сені де, мені де аяры жоқ.

Д а у ы с (*сырттан*). Аш, аш дереу қақпаны!

Н а з а р б е к. Сен кімсің, ай? Қайдан жүрсің!

Д а у ы с. Ауданнан, ГЕПЕУ-ден, аш.

Н а з а р б е к. Күндіз кел, ашпаймын!

А л у а. Жоғал, жөнел былай! Атамын болмаса!

Д а у ы с. Ә, сен мұнда ма едің? Атып көр. Сенің өзің керексің бізге!

А л у а. Кім керек?

Д а у ы с. Алуа, Сатай жылқышының қызы Алуа керек! (*Алуа атып қалады.*)

А л у а. А, дұспан, таныдым мен де.

Д а у ы с т а р. Танып қалды... Бәрібір біліп қалды. Енді өліспей кету жоқ. Атыс, басып ал ферманы. *(Алуа орын ауыстырып атысып жүр.)*

Н а з а р б е к. Қарашығым-ай, ата-бабаң жар болсын. Ұл боп тумасаң да, ұқсап туыпсың ғой әкеңе! *(Алуа шалды үйге тартады. Жаулар қораны сырттағандай. Алуа жүгіріп үй мен қорадан кезек атады. Шал қорада ат өзірлейді.)*

Н а з а р б е к *(Алуаға кеп)*. Қоңырсыған иіс келеді, қораны да өртеп жатыр. Өртенді ғой, қырылды ғой есіл мал!.. Балам-ай, енді атыспен құтылмаймыз ғой. Тым құрыса сен аман шықшы! Әлде жартылап қозыларды аман алып қаларсың! Неде болса өзім көрейін. Мә, атыңның шылбыры, мына жақта жау жоқ, артқы қақпаны аш та жөнел! Мін атыңа, мін де қаш, сен құтылшы. *(Алуа ұмтыла беріп.)*

А л у а. Ата, қорықпа, атажан! Мен құтылсам, сен де, қозылар да құтыларсыңдар! *(Бітқып шыға береді, бұғып тұрған бір жаумен кездесіп қалады, кезек атысады. Жаудың оң қолына оқ тиіп, мылтығы құлайды. Жау айғайлайды.)*

Ж а у. Кетті, қыз кетті! Жой, жоғалт көзін! Ат, атқыла! *(Атыс.)* Не болды? Құтқармандар енді. Ол құтылса, мүлде ойран болдық!.. *(Атыс. Оқ тиген Алуа, сахнаға шыға бере жығылады. Осы кезде сырттан жеткен ел адамдары келе береді.)*

А л у а. Жау... банды... Қозыларды өртеп жатыр, тезірек!.. *(Атыс, аздан соң тартыс тоқталады. Атыс үзіледі. Арман мен екі-үш кісі жаралы Жалтырды алып шыққан. Қораға кірген колхозшы оқ тиген Назарбекті көтеріп алып шығады.)* Өзгесі қайда? Үлкен жау қайда?

А р м а н. Қуып кетті, атысып барады. Бірақ құтылмас!.. Қайда жүріп, қайда көмек етуді білмегеннен мұнда келдіңіз бе? Әлекке салдыңыз ба елді әкеп?!

А л у а. Не дейді, не деді, не істегем? Мен айыптымын ба? *(Талықсығандай.)*

Н а з а р б е к. Түү, әлі өлмей, тірі қалған ба Назарбек! Қырық жаным болса керек. Анық итжанды болғаным ғой. *(Алуаны көріп.)* Айналайын, батыр қызым, бармысың? Жолыңа басым құрбандық, сен аман бол. Айыптымын, бәріне мен айыптымын... *(Алуа, Арман қатарынан: “Не*

дейді? Не пәле бар мұнда?” Назарбек Жалтырды көріп.)  
Ә, сен бе едің бірі, сүзеген бұқа құсаған алакөз, алаяқ!  
(Талып кетеді.)

А р м а н (Алуаға). Сіздің адасатыныңызды біліп ем.  
Айтпап па ем? Не бар еді қаңғып мұнда?

А л у а (ызалы). Немене, табалаушымызсыз? Құтқа-  
рушымның бірі болмасаңыз, балгерлік еткеніңізге таң қалар  
ем. (Нина жүгіріп кіреді.)

Н и н а (Алуаны құшақтап). Алуа, бармысың, жараң  
қандай?

А л у а. Нина?! Сен қайдасың? Бү не, қандай ойда жоқ  
жайлар? Сен қайдан кеп шықтың? Сен де біліп пе ең менің  
бақытсыздыққа ұшырарымды?

Н и н а. Алуа, не дейсің? Сен сандырақтаймысың? Мен,  
Нина, мені Уком жіберіп еді. Сапар аға саған әдейі көмекке  
жіберіп еді ғой!.. Сенің Ақталдағы ісің, міндетің ауыр болған  
соң көмекке жаңа ғана жетіп ем! Мынау хабармен осында  
шаптық. Жеткенім осы, таңданба!

А л у а. Мен қиналамын, қорқамын... Өкінемін, Нина!  
Үлкен қателік жасадым ба деп қорқамын. Айтшы, мен  
партия алдында бір оғаттық қылмыс жасаған жоқпын ба әлі?

Н и н а. Неге сен олай дейсің, айтшы?

А л у а. Не деген жұмбақ, жағалай маған түсініксіз,  
сондай сұмдық жұмбақ түйіндер... Есім барда айтып  
қалайын, біл, Нина... Білдір Сапар ағаға!

Н и н а. Айтшы! Барыңды айтшы, не сездің?

А л у а. Қайдан кеп шықты!? Баяғыда кеткен бай,  
өмірлік жауым Доғал, ол қайдан білді менің осы арадан  
табыларымды?! Мен мұнда қалай шақырылғанмын, кім  
шақыртқан боламын?.. Және, және есінде тұт, кеше  
Марданды көргем! Ол мақтауға келген. Бүгін және айтам,  
жақындай түс! Мен кеше мынау тұрған гидротехник  
Арманмен ұрысқамын. Ол маған жирене қарайды. Маған  
өзі де жұмбақ!.. Ұмыта алмаймын, түсін де және әсіресе  
жаңағы айтқан сөзін де ұмыта алмаймын! Біл, Нина!..  
(Әлсірей береді.)

А р м а н. Ол сандырақтайды... Ол қансыраған! Тез  
алып жүру керек.

Н и н а. Кәне, тез көмек етіңдер. Көтеріңдер. Тезінен  
Қостөбеге больницаға әкетем! (Алуаны көтерісіп алып бара

*жатып.)* Шынында, не деген таңғаларлық түйіндер? Қандай жұмбақтар бар сенің айналанда, бейшара Алуа?!

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ҮШІНШІ АКТ

#### *Алтыншы сурет*

Сахнаның жарымы – аудандық көп кеңселер орналасқан үлкен үйдің кең коридоры, екінші жарымы – кабинет. Коридорға Алуа шығады.

А л у а (*халыққа*). Міне, туған өлкем Ақталдан мен кеткелі жеті жыл өткен екен, бүгін келіп, туған елім, жерімнің жаңа өміріне жаңадан араласпақпын. Бұл жеті жыл бойында мен де өзгердім. Есіл Ақтал, асыл өлке, жеті жыл бойы сен де көп өсіп, өзгергенсің. Көрдім, көңілім өсті. Қараған сайын қанатым қатайып, ұзарып, беки түскендей... Бұрын Жалайырдың жеті байы ие болған жабайы дала, жайын өлкеде бүгін жетпіс колхоз орналасқан. Бар Алматы облысына салмағы, беделі асқан Ақтал ауданы орнапты... Өзен бойы арық, бір шақта қиял тәрізді көрінген ақ күріш, мол қызылша, тамаша мәуелер, бақшалар еңбек елінің мүлкі бопты!.. Түрксиб бойындағы осы өлкеге көп көмегі тиген зор станция “Қостөбе”, міне, бүгін аудан орталығы. Осы Қостөбе тұрған тақыр дала, қызыл құмда тезек теріп, жетімдікпен, күндікпен зар шегіп, күңіреніп жүрген балалық шақтарым да есімде... Бүгін, міне, мен білім, тәрбие, тәжірибемен мені байытқан, қуат бітіре баулыған ардақты анам, партия – Ленин-Сталин партиясының тапсырған зор жауапты міндетін алып, мен осы жерде, осы ауданда үлкен істер істеуді бүгінгі шақта өмірлік мақсатым, арманым еттім!.. Бұл жеті жыл ішінде мен болсам үздіксіз оқу арқылы жақында, Алматыда институт бітірдім. Әлі көз алдымда бұлдырсыз ыстық толқынды шақ, бұлжымай көз алдымда тұр. Мен әйел мәселесіне социалистік Отан енгізген жаңалықтар жөнінен, тарихтық тақырыпқа диплом қорғадым. Нина Ивановна ғылым кеңесінің бір мүшесі еді... Менің дипломым “өте жақсы” деп бағаланған шақта

оның қуанышы өз табысынан кем болған жоқ. Ойда жоқта тағы бір адам менің дипломыма өзгеше мән берді. Ол мен ұмытқан, әлдеқашан жоққа санаған, алты қырдың астындай қиядан, қиуасыздан келген бір жан!.. Көзінде көзілдірігі бар, бұл шақта шашы бурыл тартқан, салмақты, маңызды, ғалым бейнелі адам. Жаңада Москвадан келіпті. Өзі тарих ғылымының профессоры болыпты!.. Ол – Мардан!.. Қазір Қазақстан филиалында сол Мардан беделді оқымыстының бірі екен. Менің диплом қорғауыма өзгеше ықылас беріп, қадала тыңдап, ғылым кеңесінің бағасын тыңдап алған соң, мені филиалға, Тарих институтына аспирант болуға шақырды!.. Мен шат болғаннан шашыла қуандым. Нина Ивановна да: “болды, алдың ашылды, болашағың шешілді, сен ғылым қайраткері – ғалым боласың, тарих ғылымының ғалымы боласың” деді!.. Мен де солай ойысып, бекініп қойып ем. Бірақ Нина Ивановнаның үйіне келгенімізде, оның қазіргі күйеуі, менің бұрынғы бала шағымнан бергі бар өмірімді өзі білетін, аға дос, Сапар аға, мен жөніндегі жаңа хабарымды қуанып қарсы алды да, ойда жоқ өзгеше байлау, кеңес берді. Ол бұл күнде мен көріп жүрген, қазақтан шыққан мемлекеттік қайраткерлердің ең қадірлі, ең нәрлі адамының бірі, мен үшін оның әр сөзі қадірлі. Сол Сапар аға Алматы обкомының бірінші хатшысы, өзінің әйелі Нина Ивановнаны тыңдамады... Менің институттан шыға сала аспиранттыққа баруымды мақұлдамады. “Қайта ғылым үшін өмір, тәжірибе тартысқа бар, туған ауданың Ақталға бар, онда әйелдер арасындағы жұмыс ойдағыдай емес, үлгілі аудан болуға тырысыңдар!.. Азаттықтан азаматтық сапарға жетіп, қасиет тапқан қазақ әйелі көбейсін. Әр буыннан, әр шаруа тобынан озғындап, биікке шырқап, самғап өскен әйелдер шығаруға тырыс!” – деді. “Ғылымнан алыстамайсың! Сан тарихшы болғандықтан және әйел мәселесіне коммунистік қозғалыстың адам баласы тарихына қосқан жаңалығын ғылымдық жолмен зерттейтін адам сен болғандықтан, ауданға бар, сонда әйелдер бөлімінде істе! Тек ғылым табысына өмір табысын қос. Кітаптан білгеніңе өз қолыңмен өткізген тартыстан түйген үлесінді қос, сонда ғылымыңнан қол үзбейсің, ғалымдық дәреже қорғауға келгенде өмір тартыстың өзінен, партия құрылысының академиясынан оқып келіп, байып келіп қорғайсың” деді

де... бәрімізді жеңді де... Сонымен, мен енді бірнеше жылдар осы ауданда әйелдер арасында істейтін істерімнің ғылымдық қорытындысын жасай барып, бір шақта тарих ғылымының кандидаттық дәрежесіне диссертация қорғамақпын!.. Осылайша бүгін келген, енді бастағалы тұрған істерімнің үлкен мәнді іштері бар!.. Бірақ мен ауданға келгелі үнемі танысумен, жүрумен болып ем, бұндағы әйелдер күйі бүгінгі қалпында қуантқан жоқ. Бір түйін емес, көп түйінге кеп, сан тартыстың бірінші пердесіне жаңа кеп араласып тұрғандаймын!.. Сонымен, ең әуелі өзім де... *(Сексек шығады.)*

**С е к с е к.** Ең әуелі сен өзің де өз өміріңді тиянақтаған кісі емес ең. Осы ауданның қыздарынан бастап, кексе кемпірлеріне шейін бәрін жаңа өмірге бастайтын сен боларсың дегенде, бір жайдан қатты-қатты қорқамын-ау, Алуа!

**А л у а** *(күліп)*. Ия, немене, түсіңнен шошыдың ба?

**С е к с е к.** Жұртқа үлгі айтады, өзінің өзге қыздарға үлгі болар өмірі қайсы десе, не дейміз осы?!

**А л у а** *(күліп)*. Е, немене, мен үлгі көрсете алмаймын ба? Неден түңілдің?

**С е к с е к.** Неменеңе күлесің?! Ылғи бір күлесің де күлесің, күлесің де жүресің!

**А л у а.** Е, күлмей не бопты!

**С е к с е к.** Әлі күнге ең алдымен, үлгі берер өзінде, осы шаққа шейін не үй, не күй жоқ. Менде болса шүйкебас жоқ, сенде болса бақырбас жоқ. Құр ұшамыз да жүреміз. Ұшамыз да шарлаймыз. “Бытпылдық... бөдененің үйі жоқ” деп!

**А л у а.** Пай-ай, не деген сорлы едік десеңші.

**С е к с е к.** Енді не? Оқу... оқу, тағы да оқу дедік. Тостық, ақырында кеп бітірдік. Жаңа бірдеме болар деп ем, сен болсаң тағы Алматыдан жалғыз кепсің. Ауданда саған сай жігіт қаптап тұр ма, немене, сондағы сай жігіттерден үркіп, қашып шықтың ба?!

**А л у а.** Мені қой, қойсаңшы, Секе! Менің баяғыда бір аузым күйген де... Өзің болмай шынды айтқыздың, ертеде бір іркіліп қалмап па ем. Сөйтіп, мені қой дедім ғой. Ал енді, сырға сыр орай болсын, өзің неге үйленбейсің осы?

**С е к с е к.** Е, мен үйленбейін деп жүрмін бе?



А л у а. Апыр-ау, ендеше, бөгет не? Алмадай қыз атаулы айналанда қаптап жүр. Немене, жұлдызың жараспай жүр ме!?

С е к с е к. Е, мен әлі... өзің білесің ғой, бірер шүйке-басты бүйте бастап... нетіп... айрылысып кеттім ғой. Дәл өзі табылмай жүр де.

А л у а. Онысы қандай еді?

С е к с е к. О, менің іздегенім көңіліме көңлі сай, әсіресе бойыма бойы сай қыз емес пе!..

А л у а. Онысы тағы қандай “Мың бір түн?”

С е к с е к. Е, маған өзімнен бойы ұзын қыз қатын боп жарыта ма?! Осында бір-екеуімен жаңа үйлесе жаздап барып, шалжиысып кеттік. Бәрі сол бойда. Маған: “таптапал осындай еркек бола ма екен?” дейтінді шығарыпты. Тіпті осы заманда қыздың өзі де дередей боп кетіпті шетінен. Міне, маған, мысалы, сен сияқты ұзын сирақ қыздың не керегі бар, оны қайтем?! Зәуі-сайтан, бетінен сүйгім келе қалса, ақырдан сұлы жейтін аттай мойным созып тұрғаным ба? Жоқ, аяғым астына орындық қоям ба! Ал мені білдің бе, Жиренше шешен сияқты... Ол өзімен шешендігі сай қызды тапқанша үйленбеймін деп еді ғой. Мен бойыма бойы тең қыз тапқанша үйленбейім!..

А л у а. Не деп тұрсың, со да серт боп па?

С е к с е к. Е, серт болмаса, себеп! Ал сенде тіпті себеп те жоқ қой.

А л у а (*күліп*). Жарайды, жарайды. Сенің тілегің құдайыңа жетсе, осында әлдебір күйеуге де кездесермін, қайдан білдің!..

С е к с е к (*кекетеді*). Ия, осы жақта Бетпақдала бар деген, сонда Алуаны тосып, баяғы “Қозы Көрпеш – Баяндағы” Баян сұлуды аңсаған тоқсан сері жүр деген, әлі сүр бойдақ боп... Ауданда басы санаулы ер атаулы үй-жайымен тұрып жатса, табарсың қатқаныңның басын. Керек десе, менің оркестрімнің азғана еркегінің де бәрі үйленген әуелі. Сен бе, сен күйеуге тисең, мұрнымды кесіп берейін!..

А л у а (*күліп*). Қой, Секе, мұрныңнан айрылып қаларсың, неғыласың? Бойы тең қыз кездескенде, “мұрны қайда?” деп тағы пәле қып жүрер. (*Әңгімелесіп келе жатқан Бейсен және Әбекең деген толық денелі аудан қызметкері шығысады.*)

С е к с е к. Солай дейсің... дейсің де... Ал енді менің сені қуа келгенімді айтайын ба? Кеше бір Жанар деген қыз күйеуге тигелі жатқан жерінен тойының үстінен бұзылып, үйінен қашып кетіпті дейді ғой, сол рас па?

А л у а. Рас, ия, оны сен қайдан білесің?

С е к с е к. Сенің үгітіңмен қашыпты дейді, о да рас па?

А л у а. Дәл олай емес. Өз байлауымен кеткен. Ия, оны не дейді?

С е к с е к. Соны женотдел бұзыпты, келмей жатып сен айнытыпты деп, бүтіл Қостөбе дүрлігіп жатыр дейді. Кеше тойына ауданның бірер басшы азаматы да барып, әлектің үстінен шығып, қатты түршігіп кетсе керек!.. Соны саған білдірейін деп келгенім болатын. Ал мен кеттім!.. *(Сексек кете береді. Алуа ере шығады. Коридормен екінші жақтан Бейсен және Әбекең келе жатады.)*

Ә б е к е ң. Скандал, неге керек сол скандал!.. Не понимаю, женотдел болғанда әрбір қыздың свадьбасын портит қып бола ма? Наконец, күйеуге тимейтін қыз бола ма екен!? Көп қонақтар алдында шумиха жасап... Черт знает, не понимаю... Бытқа революция жасау үшін осылай болмаса болмай ма?.. Ойлашы!.. Райкомға әдейі білдірейін дедім, өзі жаңа келген қызметкер, онысы және де бар, өзіне де, райкомға да прямо неудобно!..

Б е й с е н. Сөйтп, свадьба бұзылған. Ал Әбекеңдей Қостөбенің свадебный генералы тост көтере алмай, бос қайтқан, ә? *(Күледі.)*

Ә б е к е ң. Жоға, мен... не так уж, мен өзім үшін емес, райком үшін ұялдым.

Б е й с е н. Ә, жә-жә, естірміз, білерміз. *(Алуа қайта кіреді. Амандасады.)* Жә, Алуа, не болды, кеше не болған осы?

А л у а. Ия, өзің не болды деп естідің?

Б е й с е н. Мен мына Әбекеңнің айтқанын ғана естіп тұрмын. “Шатақ болды, жұрт аузында женотдел және сенің атың аталды” дейді, рас па?

А л у а. Мында кірейік!.. *(Бәрі Алуаның кабинетіне кіреді.)* Тағы не айтады Әбекең? Мен тағы не істеппін?

Б е й с е н. Қызды сен аздырған дейді ғой.

А л у а. Ендеше, мен білгенімді айтайын. Басында мен бұл іске тек куә едім, кейінгі жай өзгеше болды. Мен

әуелі осындағы орта мектепті аралап бақсам, сегізінші, тоғызыншы, оныншы кластың үшеуінде бар ауданнан оқитын екі-үш-ақ қыз бар екен. Соның бірі – бұрын жетім қыз болған Әсия ғана. Мен қапаланып ойланып, осы жайды білмек болғанымда, кеше кешке көшеде, сол Әсия бар, бір топ бұрын орта мектептің оқушысы болған қыздарға кездестім. Солардың дәл ортасында кеше түнде мына Әбекең айтқан, свадьбасын бұзған, орта мектептің бұрынғы оқушысы жас қыз – Жанар бар екен!.. Мен оларды бүгін әдейі осында женотделге шақырып ем. Келіп те қалар!.. Болған жайды менен емес, сол Жанардың, сол қыздардың өз ауыздарынан тыңдау керек. Жанар өзі үшін қайда болса да өзі жауап бере алатын, жасы да жеткен, ақылы да айқын және әсіресе қуанғаным, мұны мен баса айтамын, сүйсінгенім, советтік санасы әбден оянған өзіміздің жас екен!.. *(Жанар, Әсия, Кәмшат, Сәуле коридорға келіп, есік қағады. Алуа оларды қабыл алады.)* Ә, міне, өздері де келді. Кәне, қыздар, таныс болыңдар! Мына кісі Бейсен аға, райком хатшысы, білесіңдер ғой? Ал мынау Әбекең, райисполкомның басшы адамының бірі. Кәне, Жанар, түндегі болған жайды сен өз аузыңмен осы ағаларға өзің айтып берсең қайтеді...

Ж а н а р. Мен осында бір адамдардың өзім туралы сыртымнан қорлық байлау жасап жүрген ым-жымдарына қарсы, кесір жасадым. Кооперативте істейтін Жұман деген хозяйственник бар екен, ақшасы көп, азығы көп, өзінің бұрынғы қатыны өлген, сандығында жатқан промтовары да көп. Сол кемпір-шалдарын салып, кемпір шешемді айналдырып аздырған да, мені сыртымнан әйелдікке алмаққа ұйғарып қойған. Анау жігіт өзіммен бір ауыз сөз сөйлеспей-ақ, тіпті менің ризамын деген сөзімді естімей-ақ, кешегі күні той жасайтын боп, бар қамын бір-ақ жасап қойыпты. Құда-құдағи боп бүтіл Қостөбенің, қайдан шыққанын білмеймін, қырық ру кемпір-шалы жиналыпты. Олар болса бір сәрі-ау, ауданның қызметкерлерін де шақырыпты. Мені тіпті райисполкомнан, мына кісі ғой деймін, “Әбекең келеді” деп, онан сайын дөңгелетіп, қолды-аяққа тигізбей әкетіп барады. “Әбекең қайырлы болсын айтады” деп қояды.

Ә б е к е н *(ыңғайсызданып, мекіренеді)*. Ну, положим, бұнысы несі. Но это слишком...

Ж а н а р. Жоқ, ағай, осы айтқаным анық, бәрі рас. Сөйтіп былық-шылық жасағандарына мен мына құрбы қыздарыммен, өзімнің бұрынғы школьный товарищтарыммен ақылдасып, иттей ыза болдым да, бір кесірге бекініп алдым. Үйшік-үйшігін жасап болсын, соны бір-ақ талқан етермін деп қойып ем. Кеше сол кеште мына Алуа тәте кездесті. Бәрін осы кісі де көрді. Артынан Әбекең аға келіп кетіпті. Бәрі де “ұят болды” десіпті. Бірақ Әбеке ағадан ұят болғанмен, қайтейін. Ұят деп итке тиейін бе? Енді мен, Алуа тәте, сізден, Бейсен аға, сізден де, мына қыздар бәріміз боп, бізді қайтадан осы ауданда бір жақсы оқуға жайғастыруды сұрап кеп тұрмыз! Қандай да болса бізді бір мамандық оқуға жіберіңіздерші.

К ә м ш а т } Бізді агротехникалық мамандыққа,  
С ә у л е } аудан шаруасына қажет мамандыққа  
оқытсаңыздар екен?

Б е й с е н. Енді сөйтіп, свадьба болмаса болмасын, домохозяйка болмайда бұл қарындастар, ауданның белсенді қайраткері болмақ қой! Алуа жайғастырады да!.. (Күледі.) Әбекең тоссыз қалғанмен, ессіз болған іс емес екен ғой өзі... (Күледі.)

А л у а. Бәсе, кешегі түн, бір жағы көп сорақылық ашылған комедия түні болғаны рас. Бірақ бұл жайдың күлкі емесі де бар... Тойлай алмай наразы болғандардың желіктірген сөзіне қызған күйеу бұзық әрекетке де жетті. Әбеке, сіздің кешегі халге жаныңыз ашыса, мынау үшін жауап та беріңіз?.. (Портфелінің ішінен бір кесек тасты алып ұсынады.) Өзі бұзық, өзі мас күйеу түнде менің тереземді сындырып ұрып, маған мынаны сыйға тастап кетті. Жолдас Бейсен, қазір менің пәтеріме кісі жіберіп, акт жасатуыңызды сұраймын?!

Б е й с е н. А, мұның осындай да жәйі бар ма еді? Ендеше, бұның жөнін біздің бөлмеге барып сөйлесейік. Әбеке, сіз де солай тартыңыз! Алуа, сен мына жұмыстарыңды бітірген соң, дәл осы жөнінде бізде сөйлесуге маған кел! (Әбекеңді ертіп кетеді.)

А л у а (қыздарға). Жә, балалар! Мен сендердің кешегі тілектеріңді, оқымақ талаптарыңды ойлап, өлшеп шықтым. Осындағы агротехникалық курсқа, бұрын мектептен кеткен он екі қыз, бәріңді де, осы аудандағы ең қадірлі шаруа-

шылық іс — қызылша жұмысына, күріш егісіне мықты маман етіп шығаруға ойласып қойдым. Сол он екілерің, тағы басқа мектептен кеткен өзге қыз құрбыларың бәрің боп, енді біраз заманда ауданға, облысқа, мүмкін болса бар республикаға еңбектерің естілетін, атағың жететін азаматтық қайратқа басарсыңдар! Сендер үшін ендігі менің ойлайтыным, арман сол болмақшы, бұл партияның да сендер үшін атаған мүддесі, артқан міндет. Ертең сағат екіде, осы араға сендерді бұдан былай оқытатын курстың басшыларын шақырып, мәжіліс жүргіземіз. Өзгелерді хабарлаңдар, өздерің де сол екіден қалмай келіңдер, мақұл ма?! (*Қыздар мақұлдап, қоштасып жөнеледі. Екі-үш колхозшы әйел мен бір еркек кіреді.*) Жә, “Ақтал” колхозының екінші бригадасы, күйлерінді кеше көрдік. Мен бір жағынан қызылшада істеп жүрген мынау аналарды, жас балалары яслисіз, баспанасыз тоғайдың көлеңкесінде жатқан аналарды, әдейі шақырдым. Бригадир Садық, сізді де осы аналардың мынау партия, үкімет алдында сіздей совет қызметкеріне қоятын әділ талабын естуге шақырдым. Кәне, аналар! Кешегі маған айтқаныңызды бүгін мынау бригадир алдында қайта айтыңдаршы!

І ә й е л. Айтсақ, тағы сол кешегідей. “Ақтал” колхозы дейтін колхозымыз бай. Бірақ көзің көрді ғой әне, Алуа, ұдайы, күн сайын жұмысқа балаларымызды алып шығамыз. Үйде күтетін кісілеріміз жоқ.

ІІ ә й е л. Жаслі дейді, бала бақшасы дейді, қайда сонысы? Қашан ашпақшы?

ІІІ ә й е л. Ұйыстырған жоқ, көзіне айтамыз, мынау бригадир, мынау Садық ұйыстырмай келеді.

І ә й е л. Құр тіл емізіп уәде беріп, сүйреткіге сап келеді мынау бригадир мен колхоз бастығы!.. Қасымызда балалар болғандықтан, өзге әйелдердей емес, еңбегіміз де шала.

ІІ ә й е л. Өз көзің көрді ғой, Алуа, көңіл ала болған соң, жұмыс шала болмай қайтеді? Еңбек зая кетеді!..

А л у а. Араларыңда стахановшыларың бар ма? Осы тұрғандарыңның озаттарың кім?

ІІІ ә й е л. Әй, бәрі шамалас қой, қарағым!

ІІ ә й е л. Ондайды арамыздан өсіріп шығара алмай жатырмыз ғой, әлі!..

А л у а (*Садыққа*). Жә, жолдас бригадир, бұны не дейміз? Ақтал бойы — қызылшаның бар Одақта ең мол

өсетін жерінің бірі. Бұнда дүниежүзілік рекорд беретін өнім алу шарт деп отыр партия мен үкімет. Ал сіз өз бригадаңызда көп әйелдің еңбек жағдайын мешеулікке салындырып, стахановтық еңбектен қалдырып отырсыз!.. Бекер ме осы?

С а д ы қ. Рас, бомай тұр. Өздерін де саналы колхозшы дейміз, сонда да өздігімен ынта-бейіл бере қоймайды-ақ!.. Қымс етсе бригадир.

І ө й е л. Бригадир демей, кім дейміз? Бәрі сенен емес пе?

ІІ ө й е л. Не жағдай жасадың, кімге жасадың?

ІІІ ө й е л. Керек десе, баламызға баспанаң да жоқ күндіз.

І ө й е л. Озат боп шықпайық дедік пе? Өзгелерді естімей, көрмейміз бе? Сен, бригадир, ондырмайсың!

А л у а. Жә, барлық жай мәлім. Себептер және айқын!.. Жолдас бригадир, колхоз бастығы мен сізге қойылатын бір-ақ шарт бар. Үш күн... ертеңнен бастап үш күн ішінде сіздің бригадада бала бақшасы ашылсын. Ашылмаса, мынау жас баласы бар, бар әйелдер қызметке шықпайды.

С а д ы қ. Ойбай, ол не дегеніңіз? Баласы жоқ әйел жоқ, онда қызылшаның науқаны үстінде бар жұмысты тоқтатам десеңші!..

А л у а (*қатаң*). Тоқталады және сіздей бригадир сотталады!..

С а д ы қ. Сылтау тауып бердіңіз ғой, айтам ғой, баласы жоқ әйел жоқ деп...

А л у а (*ызалана*). Бәсе, баласы жоқ әйел жоқ, бірақ бір әйелдің қамын ойлау сізде жоқ. Адам ба бұл жұрт, мал ма?! Күн көзінде, жауын астында жас бала қозы-лақтан жаман ескерусіз жатыр. Кеше мен өз көзіммен көргенде сондай түршіктім. Тіпті қозы-лаққа осындай қырсыз болған шабан көрдің бе? Олай болса, табан жерде сотталарыңды білер ең!.. Ең алдымен үйшік-лашық соған әзірлер ең. Бітті сөз! Үш күн ішінде ясли ашылады, сонда ғана алаңсыз жұмысқа араласады.

Ө й е л д е р. Айтқаның келсін, жолың болсын, Алуа!

А л у а (*Садыққа*). Колхоз бастығы мен екеуіңіз яслиге керек аспаптар мен киім-бұйым заттары, ыдыс-аяқтары жөнінде нақтылы толық есеп жасап, ертең кешке, қызмет аяғына райкомға, маған жеткізіңіздер! Мен сіздердің көмектеріңізде боламын. (*Бұлар кете береді. Тағы бір*

*топ әйел мен Назарбек келеді.*) Жә, апалар, Назеке, сиыр фермасының кешегі бар жайын біле келе, мен сіздерді әдейі шақырып ем! Көне, жеңгелер, апалар, шындарыңды айтшы осы, ең озат, озғын сауыншы, стахановшы қайсысың?

І ә й е л. Қарағым Алуа, “Ақтал” колхозшысының жаманы бар ма? Бәріміз де озатпыз

ІІ ә й е л. Біреуді озғызып жіберіп, өзгеміз қарап тұрамыз ба?

ІІІ ә й е л. Озған да жоқ, қалған да ешкім жоқ. Өзгеде бар он саусақ әрқайсымызда бар. Мына ферма бастық Назекеңнен сұра.

А л у а. Ал, Назеке, сіз де фермаңыздағы бар жайға дән ризасыз ба?

Н а з а р б е к. Несін айтасың, қарағым, қарық болған шағымыз. Бірнеше жүз мөшке сиырларымыз анау, бұлақтай шетінен. Бір жақта май заводымыз сонау. Колхоздың табысын, түү-түү, атама!

А л у а. А, сауыншы әйелдеріңіз ше?

Н а з а р б е к. Оларды да атап сұрама, өңшең сен тұр, мен атайын!

А л у а. Сөйтіп, бәрі бірдей стахановшы ма? Жоқ, әлде бәрі бірдей орта қатарлы сауыншы ма?

Н а з а р б е к. Е, со-со, сол айтқаның ғой!.. Бірін стақан, бірін ол-пұл деп ала-құла қып бөлгеніміз жоқ бұларды.

А й б а л а. Әй, осы сендер, Алуаның не іздеп отырғанын аңдамай тұрсындар-ау, қатындар! Біздің мына завферма әкеміз де босқа әңкілдей береді. Бір спецовканы бұрын тоздырдым дегенмен, қайтеміз айтпай!.. Менше, сіз де қарық қып тұрған жоқсыз, әкеміз. Стахановшы шықпағанына ұялсаңшы, өкінсеңші одан да!.. Озат әйел бізден шықпас па еді, соны айту керек.

А л у а. Бәсе, соны айтыңыз!.. Сіздің атыңыз кім еді?

А й б а л а. Атым Айбала, Алуаш. Стахановшы шықпай жатқаны, үйімізде адамымыз көп, сыртта сауын, үйде бала күтімі, бір үйлі жанды күту бар. Екіұдай боп, алақ-жұлақпен күніміз кешеді. Арамызда не бір депутат, не бір орденос, озғын әйел шықпағанына ішіміз күйеді. Осыны білші тым құрыса. Сол емес пе, қатындар, айтатындарың!.. Солай демеуші ме едіңдер?

Д а у ы с т а р. Солай, осыныкі рас, барды Айбала айтты.  
А л у а. Бәсе, міне, соны айту керек, шынды ашу керек!..

А й б а л а. Анық шынды айт дедің ғой, Алуа. Ендеше, әй, қатындар, келіндер, анық сол шынның өзін айтайық. Олай болса, мына тұрған қарт, біздің Назекең, тап осы фермаға бастық болуға енді жарамайды. Шынын өзің айтшы, әке? Осыным дәл емес пе?

Ә й е л д е р. Өзі айтсын, Назекең өзі айтсыншы. Осыны бекер дер ме екен?

Н а з а р б е к. Апыр-ай, мыналар не дейді мүлде? Баяғыда өзіңмен бірге сол фермада қан төгіп ем-ау, Алуа.

А л у а. Оныңыз рас, Назеке! Бірақ сізді орныңыздан алса, айыптамай-ақ алуға болады.

Н а з а р б е к. А, солай ма? Нос келмейді ғой, әйтеу..? Ендеше, осы қыз біліп айтқан болар. Шын-ақ мені төңкеріп, бір жасқа табыс ете қойындар.

І ә й е л. Ал, Алуа, осылай бола ма? Егер дәл осы фермаға жаңа бастық қоятын болсақ, өз ортамыздан мына Айбаланың өзін қойындар!

А л у а. Жолдастар, білесіздер, біз бұл арада байлап шешпейміз, оны колхоз жиыны өзі шешеді. Бірақ осы сіздердің ойларыңды ортаға салып, бір жайлы етпей болмас. Өзір сонымен тоқтайық... *(Бұлармен қоштасады. Және бір топ әйелдер келеді.)* Жә, жолдастар, мен сіздердің құрылыс жұмысындағы жағдайларыңызды көрдім, таныдым. Жұмысшы әйел көп екен, әр алуан қиын жұмыстар істейді екен, соны көріп, әр топтарынан сіздерді шақырдым ғой. Енді өздеріңізге не жағдай тілейтіндеріңізді айтындаршы.

І ә й е л. Сіз кеше біздің бастықты көрдіңіз бе? Оны да шақыртам деп едіңіз, өзін көрдіңіз бе?

А л у а. Мен көре алмадым, бірақ осы сағатқа осы жерге шақыртқамын, ол келеді. Бар жайларды оның көзінше де айтасыздар ғой?

Ә й е л д е р. Айтамыз, әдейі соның көзінше, көлденең бір басшы адамның алдында барды айту арманымыз болатын.

А л у а. Бәсе, дәл өзінің жүзіне қадап тұрып, ашықтан ашық етіп айтындар! *(Арман кіреді. Ол Алуаға қуанып ұмтылады.)*



А р м а н. Алуа, Алуаш!.. Ауданға келді деп естіп ем, демалыс күн не қылсам да күнді сондай асығып тосқамды!... Қандай жақсы, қандай рақат!.. Бір ауданда бірге істейміз!..

І ә й е л. Ойбай-ау, бұл не, бұл қалай болды? Біз сынаймыз, шағым айтамыз десек, досы боп шықты ма?

ІI ә й е л. Шырағым Алуа, сіз бізге барды айт деп едіңіз, бұл не, шағыстырып шақ-шұқ ұрған бола ма, енді қайттік?

А л у а. Е, қалайша, не айтып отырсыздар?

І ә й е л. Е, мына кісі біздің бастығымыз ғой?!

А л у а. А, солай ма еді? Мен инженер десем, құрылыс бастығы да ма еді?

І ә й е л. Біздің бастығымыз осы кісі.

А р м а н. Бұл не өзі, мына кісілер біздің құрылыстың әйелдері ме, немене?

А л у а. Ия, дәл сіздің құрылыстың әйелдері боп шықты. Сіз мұнда романтиканы әкелдіңіз. Ал өзіңіз қазір жердегі тірлік талабын естіп бағыңыз!.. *(Әйелдерге.)* Кәне, жолдастар, айтыңыздар!

І ә й е л. Біздің бір тобымыз тас тасимыз, киімнен түк қалған жоқ. Көзіне айтайық, мына басшы азамат Арман жайымызды айтсақ, тыңдамайды. *(Өзірге әйелдер қызулана сөйлейді.)*

ІI ә й е л. Жатқан жайымыз ит байласа тұрғысыз.

ІІI ә й е л. Балаларымызда баспана, күтім жоқ.

ІV ә й е л. Ауруымызды қарататын дәрігер деген мүлде жоқ!.. Әйелдерге шамасынан тыс қара жұмыстан басқа табары жоқ мына басшылардың. Ертең салынатын станцияда, сол станцияны жүргізетін мамандыққа бізді неге үйретпейді? Кешкі курс ашындар деп сұрағанымызға талай болды, құлаққа ілмейді.

V ә й е л. Әлденеше жүз жұмысшы бармыз, не кітапхана, не газет, бірде-бір мәдениет белгісін көрмейміз!..

А л у а *(Арманға)*. Жә, жолдас бастық, тыңдап болдыңыз ғой, көрдіңіз ғой халықтың наразылығын. Сіздің өндірісіңізде істейтін жұмысшының 25 проценті әйел екен. Сіз үлкен, бай өндіріс басында отырсыз. Айналаңыз болса бақша, жайнаған дүние, молшылық, немене, сіздің тым құрыса ясли, балалар бақшасын жасауға да мұршаңыз келмеді ме?

А р м а н. Алуа, бұныңыз қалай? Сізбен осылай көріспекші ме едік Ақталда?..

А л у а. Бәсе, мен де бұлай кездесерміз деп ойламап ем! Қазір менің осыдан басқа сезімім де, ойым да жоқ. Жөнін айтыңыз, бұл не қылғаныңыз?!

А р м а н. Мен станция сала алмай жатсам, ол несі!.. Айыптамай, көмек етсеңізші!

А л у а. Көмек етсе, неге бірде-бір әйелді қайратына, әйелдік қалпына сай орынға ауыстырмайсыз, үйретпейсіз?

А р м а н. Мен қазір үйретуші емес, оқу орны боп жата алмаймын. Аспан емес, жолдас начальник, бұл анық жердің сөзі!.. Халықтың сөзі! Біздің құрылыстардың барлығында да қара жұмысшысынан үлкен маман жұмысшыларына шейін, керек болса, тіпті құрылыс начальнигіне дейін, бар маманды өз ортасынан жағдай жасап, өз арасынан өсіреді. Немене, бір қатып қалған қу ағаш, ескі кәрі мамандай сөйлейсіз!..

А р м а н. Бұл айтқаныңыздың бәрі құрылыс күндерінің міндеті емес, басқа орындардың, басқа күндердегі міндеті!..

А л у а. Солай ма?.. Ендеше, сізбен сөз қысқа екен!.. Жолдас әйелдер, сіздер қазір бара тұрыңыздар. Мен өзім бастаған сіздер жайыңызды жарым жолда тастамаспын. Мына начальнигіңізбен бұл арада ұғысатын емеспіз. Сөзді мен бүгін райкомның бюросына қоям және аз күнде Алматыда Министрлер Советінің алдына қоймақпын. Сіздер үшін мен аз емес, көп алысуға бекіндім. Соны біліңіздер!.. *(Әйелдер кетеді.)*

А р м а н. Ал, ұрысып болдың ба? Өзің не деген қатал, зәрлі адамсың? Маған ашудан басқа айтарың бар ма, жоқ па?

А л у а. Сенің өндірісіңнің бүгінгі халінде ашу мен реніштен басқа айтарым жоқ.

А р м а н. Ресми сөзден басқа сөзің бар ма, тегі, маған? Ақылдасуға бола ма, жоқ па? Осылай ма еді Алматыдағы сөз?! Мен пәтер қамдатқалы жүрмеп пе ем!..

А л у а. Менің міндетімдегі жұрт жұмысы жайғаспай тұрып, мұнда келмей жатып, ең алдымен өзім орналасам ба? Онда қандай дұрыстық, жарастық, тыныштық, рахат болмақ. Ендеше, пәтер жайын менсіз ойла! Бара бер!..

*(Арман шығып кетеді. Алуа жалғыз.)* Тағы да не деген жай, кай түйін!.. Ерте кезден бір-бірімізге әрі ұмтылысып, әрі қайшы өтискен, қарсы келіскен бір халден айығу жоқ!.. Осы екеуміздің ішкі сырымызға ілесе жүрген не қылған бір кесел тағдыр бар!.. Ертеде ол техник, мен аудан өкілі боп осында істеп жүріп, көрістік те, қайшы өтістік. Бірақ ұрысып жүріп, ол маған қызықты, өзіне күдіктене, ызалана жүріп, мен қызығып ем... Айырылысып кетіп ек, биыл ол институт бітіріп, инженер-энергетик болды. Мен тарихшы боп бітіргем. Сол күндерде Алматыда жақсы бір кеште, бақшада оқыстан, қайтадан талпынып табысқандай болдық!.. Алдағы күнге байлау айтардай, серт берердей болысып ек. Көп заманнан ішімде ерте күндегі бір адасудан, қателіктен байланып, түйіліп қалған салқын түйін бар еді... “Жүрегімді ыстық өмірден тыйғандай, ерімес мұзым, таусылмас тоңым жатқандай” деуші едім!.. Соны, осы Арманды жақында, Алматыда қайта тапқанда, ендігі сезімдеріміз еріте бастағандай еді!.. Ақталда бірге істемек нәтижесі бірге кешер өмірге жетелеп келе жатқан болатын... Енді міне, менің міндетімдегі әйелдер күйі, соншалық ренішті хал де болғанда, әсіресе бұның өндірісінде солай болғанда, мен қайтіп бас тілегін тілей аламын!.. Қандай сана, қандай жүзбенен жаңағыдай күйде ерлі-жарлы күн кеше алам онымен!.. Бұл не деген менің өмірімнен, менің бас тірлігімнен үнемі бір арылмайтын, қалмайтын қалың сор!.. *(Қатты еңіреп жылап жібереді.)*

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Жетінші сурет*

Жақсы жиылған кең бөлме. Көрші бөлмелердің есіктері көрінеді. Екінші бөлмеде ұлт оркестрі әдемі күй ойнап жатады. Бергі бөлмеге Нина, Алуа, Арман шығады. Аздан соң жақсы киінген, кеуделерінде ордендері, үкімет мүшесі значоктары бар Жанар, Айбала, Кәмшат, Анар, Сәуле шығады. Күй басылғанда, бұлар көрші бөлмеге қарап қол соғады, ол жақтан Сексек шығып, бас иеді.

С е к с е к. Достар, Нина мен Алуа, әсіресе сендердің естеріңде болар, сонада бір Алуа оқу бітіргенде, Нина

мен Сапар ағаның үйінде мен алғаш бастап тартқан бір күй бар еді-ау!.. Ол кезде мезгілі жете қоймаған, әзірше дерексіз де баянсыз ерте тартылған күй сияқты еді. Онда мына тұрған қыз, келіншек қарындастарымның бүгін жетер табысы да тілде болмаса, істе жоқ еді!.. Онда Алуада күйеу деген ойда жоқ, Арманда қалыңдыққа арналған жай да жоқ болатын!.. Бірақ сонда да менің күйім ырым шегіп жүр екен. Бұл күйді жетіскен жастар, біздің қыздар деп, жақсы жас, жақсы жар көкसेген Сексек тартқан күй дерсіздер!..  
(*Күлкі, қошемет.*)

Н и н а. Өте жақсы, Сексек! Бұл күйің жалғыз мынау тұрған Алуа мен Арман ғана емес, тіпті мынау өзге бұл ауданда өзгеше табысқа жеткен озат әйелдер жайы да ғана емес, барлық Ақтал бойында, мынау Ұлы Отан соғысы күндерінде өзгеше азаматтық қасиет танытқан бар ауданның жүздеген, мыңдаған әйелдеріне арналған күй дейік!..

А л у а. Нина, сен алғаш келісінде жай ғана менің ендігі тұрмысым мен күйімді көруге қонаққа ғана келген жандай едің. Мен артынан таңдана қарай бастап ем, сен екі жылдан бері мен жүрген орындардың, мен істеген іс майдандарының бәрімен ақырындап жүріп, үндемей ғана танысып шықтың. Достық – достықпен, бірақ сен мені және тексеріп те шықтың ба деп тұрмын!.. Өзге жөнмен тексеру емес, мынау Армандай күйеуіме татитын жар болған ба, жоқ па деп тексердің ғой деймін, солай ма?

Н и н а (*өзілден*). Ия, Алуа, сен болсаң, келген бөгде адамға сондай сында куәлік айтатын, өзінді ақтайтын, ауданға мақтан болатын мынау жақсы жолдастар тобына сүйенбексің ғой...

Ж а н а р. Бізге сөз қалса, Алуа тәте туралы біздің мұнда тұрған аз әйелдер ғана емес, бар ауданның бар аналары, қыз балалары қандай сында болса да куәлік айта алардаймыз.

Н и н а. Сол үшін де сіздер Алуаны құптап, ауданның әр тобынан келгендейсіз-ау, солай емес пе? Мен бәрлеріңізді көргенмін, бірақ кеше мен бүгін қайсыңызды қай орында көргенім ғана есімде жоқ.

А л у а. Ендеше, мен салайын, Нина Ивановна. (*Жанарды көрсетіп.*) Мынау Жанар – Ақтал бойында бүкілодақтық және қызылша жөнінде дүниежүзілік тың рекорд берген

біздің “Ақтал” колхозының озғын өнерпазы. *(Айбаланы көрсетіп.)* Мынау барлық Алматы облысындағы ең озғын сауыншы Айбала – Қазақстан үкімет мүшесі. Сәуле – күріш өнімінің одақтық рекорд берген озғын технигі. Кәмшат – кант заводының орденді, атақты стахановшысы. Анар – электр станциясының бұрын салушысы болған, қазір ең зор абырой алушы мол коллектив мақтаны болған, маман қызметкер. Арман – станция сала бастағанда шала бастаса да, кейін аудан әйелдері турасында азаматтық санасы ояна түсіп, ендігі озат әйелдерден тәуір баға ала бастаған, келешегінен тәуір үміт күттіретін азамат!.. *(Күлкі.)*

Н и н а. Бар жай түсінікті, жалғыз-ақ жөн бар. Мен бүгін обкоммен, Сапармен сөйлесіп, сіздердің сыртыңнан, әсіресе, Алуа, сенің сыртыңнан бір байлау айта бастадым. Бұл араға сөздің, баяншы түсіндіргіштің қажеті жоқ. Ақтал ауданындағы әйелдер арасындағы партия басшылығы өткізген екі жылдық тәрбиелік жаңалықтарды, жан-жақты мол істерді тек осы Ақтал ауданында ғана қалдыруға болмайды!.. Сол үшін, Алуа, сен осындағы екі жылдық еңбектің, қиыншылық тартыстың, табыс, жақсылықтың бәрін де жазуың керек. Жаздың ба осыны?

А л у а. Есінде ме, Нина Ивановна, маған Сапар аға осы ауданға жібергенде “табысыңмен ғылымға қайт” деп еді. Мен диссертация жазбақ едім ғой, ұмытқан жоқсың ба?

Н и н а. Неге ұмытам?! Сен сол диссертацияның бар негізін қалап болдың. Ендеше, обком маған бар істің ақырында сенің осы жөніңді айрықша тапсырған болатын. Бүгінгі Сапармен сөйлескен сөздің тағы бір байлауын айтайын. Сен ертең менімен Алматыға да жүруің мүмкін. Бірақ ол жөнде хабар тосарсың!..

А л у а. Сол жөнінен жүрген де қажет пе деп отырмын, мен Марданнан хат алдым. Диссертациямның толық жоспарын жіберіп ем. Хатында мен ойламаған тың жайлардан аса көп оқшау сөз қозғапты.

Н и н а. Қандай сөз?

А л у а. Мен әйел мәселесіне коммунистік қозғалыстың дүниежүзілік тарих көлемінде қосқанын айтпақ едім. Дәл деректерді, қазақ сияқты, советтік шығыс әйелдерінің Октябрьден бергі бастарынан кешкен тартыс, табыстарына арнамақ едім. Профессор Мардан оны “аз” депті.

Н и н а. “Аз” депті, не себепті?

А л у а. Ол кісі қазақ әйелінің революциядан бұрынғы дәуірлердегі әдет-салтпен, шарифатпен байланысты туған тарихын айту керек депті. Және оның үстіне, “бұрынғы қазақ тарихында аты қалған, меніңше, көбінше хандар ортасынан шыққан бір топ күдікті әйелдер туралы көп деректер жазу керек” депті.

Н и н а. Бұнысы қалай екен? Даулы емес пе? Түбін де ойлану керек.

А л у а. Бірақ болашақ оппонентім, айтарын естуім де керек қой.

Н и н а. Әрине. Ол үшін айрықша кеңінен әңгімелесіп, орынды болса көп кеңесін алу керек. Жетпеді деген анық ғылымдық олқылықтарын толтыруың шарт!..

А л у а. Олай болса, менің осылайша шаруалармен Алматыға аттанып кетуім де мүмкін екен-ау, Арман?!

А р м а н. Амал қанша?..

С е к с е к. Қой, неге асығыс онша да мұнша!

А р м а н. Секе, өзің білесің ғой. Алуа бір нәрсе байласа, бір жаққа қарай ауытқып қанат қақса, мен қарсыласа алмайтынымды айтушы ем ғой!.. Маған салса, асықпаса да болар еді. Бірақ “кәрі әжемдей етегімнен тартпасын, от басында ұстағың келеді” десе, өкпесінен де, кінәсінен да жасқана беретін болғамын.

С е к с е к. Әйел түгіл, еркекке де “үйленген соң аяғыңа тұсау түсті, шарлай берме, байыздай түс деуші” еді. Асықпа десең, әйелің ғой, айып етер деп пе ең?

А л у а. Әйтеуір, Секе, мен туралы тоярың да, тынарың да жоқ-ау!..

С е к с е к. Е, үйлі-баранды болған соң отыра түс демей, не дейік?

А л у а. Білемін, сенің арманың менің айналамды тауықтың балапанындай немере-шөберелер, шиеттей ұрпақ нәсіл қоршап, солардың ортасында, от басында, жылағанын уатып, көй-көйін жырлап отырған кәрі әже етіп қоймай, сенің көңілің көншімейді ғой!.. *(Әсия кіреді. Әскерлік киімі бар.)* Ася, Асюша, жүрмекке қамдандың ба?

Ә с и я. Жүгіріп барамын! Сізбен, сіздермен қоштасуға келдім, Алуа тәте. Алуа тәте, мен өзім сұрандым ғой. Отан қорғауға тіленіп барамын.

А л у а. Солай болдың ба, жаным! Жолың болсын, абырой тап, бақыт тап. Аман бол, айналайын!.. *(Әсияның көзінен сүйеді. Жанар бастаған бар әйелдермен Әсия сүйісін қоштасады. Ол жүрерде.)* Білемін, Асюша, сен оттысың, ерсін! Сен біздің ауданнан шыққан совет қызының ең үлгілі азаматының бірісің! Сені майданға өз ықтиярыңмен әкетіп бара жатқан да Ленин комсомолының ұлы тәрбиесін ақтаған азаматтық үлкен санаң.

Ә с и я. Алуа тәте, менің әкем де, шешем де өзіңіз боп алғансыз... Оны да есімде тұтам. Біліңіз оны да... Ақтармын.

А л у а. Білем, жаным. Ауданнан Отан қорғауға бара жатқан бірінші қазақ қызы сенсің. Сені біз көп сағынамыз, көп ойлаймыз. Жақсылық істеріңді бұндағы еңбек майданында мыңдарға үлгі етеміз. Осыны есіңнен шығарма!.. Бақыт тап, бауырым!.. *(Сүйін жөнелтеді. Арманға повестка әкеліп береді.)*

А р м а н *(повестканы Алуаға көрсетеді. Содан Нина және басқа қонақтар түгел біледі. Пауза.)* Мен запастағы офицер болатұғым. Бір жұбанышым – станцияны түгел салып үлгердім. *(Алуаға қарап.)* Басқа да ұзақ жылдар бойындағы арманыма жеткен шағым еді, тек жаңа ғана Секең екеуіміздің “Алматыға жүруге асықпаса екен Алуа” деген әзіл сөзіміз қазір тілекке айналыпты. Мына повестка бойынша мен, запастағы офицер, ертең, бүрсігүндері-ақ Қостөбеден аттанатын болармын... Сөйтіп, Алуаның жүрмеуі жөнін Секең екеуіміз әзілмен тілесек, военкомат Отан соғысы күндерінің барлық беделді тәртібімен де тілегендей ғой!.. *(Телефон. Алуа телефонда.)*

А л у а. Бейсен, не дейсің, запастағы офицер... Арман алды, повестканы алып отырмыз. Қалай дейсің? Сен де запастағы офицер ме ең? Мен Арманды айтады десем, сен өзінді айтып тұрсың ба? Сөйтіп, сен де аттанатын болдың ба? Қалай, бұнда қалай болғаны? Обкоммен, Сапар ағамен де сөйлестің бе? Жоқ, маған әлі звонить еткен жоқ... Не дейсің? Мен бе? Бұ қалай, қандай шұғыл!.. Бұ қандай үлкен жауапты шешу, мен үшін сонша шұғыл ғой! Бейсен бауырым, бұ қалай? Ия, жолығамын, тез барамын!..

Н и н а *(Алуа сөйлесіп болған соң).* Мен аңғарсам, Ақтал райкомының бірінші хатшысы және де майданға аттанады.

А л у а (ойда). Ия, солай, аттанады... Білемін қандай шұғыл өзгерістер!

Н и н а. Оның орнына хатшы боп Сатаева Алуа қалады, солай ма?

А л у а. Білмеймін... таң қаламын. Осынша жауаптылық сондай үлкен ауданда... Ия, уақытша солай болады да... (Тағы телефон.) Ия, Сапар аға! Алматы! Ия, Сапар аға, мен Алуа. Білмеймін, жаңа ғана сіздің алдыңызда телефоннан, Бейсеннен ғана естіп отырмын!.. Бұл қалайша? Асығыс емес пе? Өте жауапты байлау емес пе, Сапар аға!.. Мен ақтай алам ба, әлім, шамам жетер ме! Болды дейсіз бе?.. Обком бекіткен бе еді? А-а, ЦК-да солай байлады дейсіз бе? Түсіндім... Қашан? Ертеңгі поезбен бе? Бүгін түнгі поезбен бе? Құп, Сапар аға, әзірленейін... (Трубканы салып, үйдегілерге.) Түсіндіңіздер ме, жолдастар? (Алуаның сөзінің уақытында үнсіз тыңдаған үй іші тегіс тұрған, Алуаға қарай ұмтыла түскен күйде.)

Ж а н а р. Біз білсек, Алуа тәте, осы сәтте соншалық үлкен, шұғыл және тамаша өзгерістер болып жатыр-ау!..

А й б а л а. Алуаш, айналайын, қайырлы болсын!.. Бейсен бір спецовканы бұрын бітірсе де, өзің де олқы соқпайсың, қуанамыз, құттықтаймыз!..

К ә м ш а т. Қорғанбаңыз, Алуа тәте. Алыңыз Отан әмірін!.. Артыңда тобың, қатарыңда қанатыңбыз...

А н а р. “Келсең келде кез болды, кейі де беріп қайтесің” депті ғой бір өлеңде!.. Жүздеген, мыңдаған Ақтал әйелі досың бар!.. Партияның, Отанның саған сенгені, бізге де міндет артқаны деп ұғармыз!

Н и н а. Міне, сенің ендігі жауабыңды жұрттың тілі, мына достар үні танытты...

А л у а. Жалғыз-ақ түсіндіңдер ме? Сапар аға ЦК-ға айрықша үлкен тапсырма алу үшін тез жет деді. Бүгінгі түнгі поезбен “шық” деді ғой. Ақтал ауданының партия басшылығы: облысқа, республикаға және барлық Одаққа арнап Ақтал әйелдері атынан отаншыл серт, үндеу алу керек дейді. Бұл бір Ақтал ауданының тарихында болмаған өзгеше, соншалық зор мақтан боларлық та, бірақ сондайлық өзгеше жауапты, ерекше ауыр міндетті тапсырма болар!.. Ал, достар! Қазір сағат он... Енді қырық бес минутта Алматыға қарай поезд өтеді. Мен Бейсенге де соғамын... Көріп отырсындар, Арман, тығыз әзірлік шарт, қамдану... амал бар ма, жаным!..



Н и н а. Мен де тез өзірленейін. Жүріске асығу керек. Барлық жай, Арман, өзіңе де түсінікті ғой!.. *(Арман, Алуа сәл оқшауланады.)*

А р м а н. Өкінбеймін, Алуаш, бірақ өздерімізді, екеумізді сәл кінәлаймын... Дәуреніміз... соншалық күншуақты күніміз берген еркіндікті, рақат кеңшілікті неге осыншалық сараң, олақ, сырдаң пайдаландық екен... Біз бір-бірімізді білгелі қашан?

А л у а. Білген ғана емес, Арман. Сыртымыз айтпаса да, сараң сөз тұтқыр тілден шықпаса да, сен екеуміз жүрекпен, ішпен көптен үйіріліп, сөзсіз табысқан жандар ек...

А р м а н. Бірақ неге кешіктік, неге өзіміздің рахат бақытымызды өзімізге қимағандай, іркілумен келдік? Енді міне...

А л у а. Білем, Арман... Арманым!.. Иланамын, сенің бұл айтып тұрғаның күйініш емес. Сен бұл сапарға күйініп аттанбайсың, мен өзім де күйініп аттандырмаймын. Жарым кетті, тіршілік барлығымның жарымы ардақты сапарға, әділ кек, асыл азамат жолына аттанды деп ұзатамын мен сені... “Үйім, жарым артымда, ол айнымай, талмай қайта оралуымды тосады... Бар сүйінішін түгел сақтап тосады” деп аттанасың. Мұндағы бар еңбек пен бар тірлігімде сенің майдандағы ісің қасымда, қатарымда жүрген қанаттасым, серігім болар...

А р м а н. Бақыттымын, Алуашым... Аман бол, зор бақыт тап сен алдыңда... Бар серігім, бар тілегім сенімен. Шақ қуаныш болса да, мәңгі кемімес те ұмытылмас іштегі сәулем болар... Ризамын саған!..

А л у а. Қош, жаным!... *(Сахнада қараңғылық. Ендігі уақиға райком хатшысының кең бөлмесінде. Сахнаға бір топ бөгде адамдарды бастап Сапар шығады. Ол бұл күнде толған, шашы ағарған. Келісті киінген, келбетті адам. Қасында орталықтан келген және өзінің көмекшісі тәрізді адамдар бар. Райком хатшысы Алуа мен Сапар сөйлесіп келеді.)*

С а п а р. Біздің газеттердің адамдары бар ма? “Правданың” тілшісі келді ме?

А л у а. Келген, осында болар.

Т і л ш і. Мен мұндамын, бармын, Сапар Сейілович!

А л у а. Ендеше, рұқсат етсеңіздер, біздің аудан көлеміндегі барлық колхоздар атынан, өндірістер тобынан, оқу-ағарту орындарынан, партия, совет орындарының қызметкерлерінен, қысқасы, барлық аудандағы колхозшы, жұмысшы, интеллигенция өкілі болған әйелдер қауымынан арнаулы үндеу қабылдағандары туралы рапорттарын естуге рұқсат етерсіздер, жолдастар!

С а п а р. Рұқсат, басталсын! *(Есіктен бөлек-бөлек топтарымен неше лек әйелдер өкілдері кіреді.)*

А л у а. Көне, алғашқы сөзді ауданның атын алып жүрген “Ақтал” колхозына берейік. Ауданның колхозшы, еңбекші әйелдері атынан “Ақтал” колхозының атақты қызылшашысы Жанар жолдасқа сөз беріледі.

Ж а н а р *(қызулы, екпінмен)*. Біз бүгін, жауға қарсы оқ есебінде, Ақтал ауданының Отан сүйген, Қазақстан көлемінде ең бірінші рет колхозшы, жұмысшы, қызметкер әйелдері атынан, майданға аттанған жауынгер ерлеріміздің аналары, жарлары, апа-қарындастары, қыздары боп, осы үлкен тарихтық үндеуді қабыл аламыз. Аудандық партия басшылығының алдында, Қазақстан Орталық партия Комитетінің алдында, сүйікті көсеміміз, ардақты әкеміз жолдас Сталин бастаған Ленин-Сталин партиясы алдында, Совет үкіметі алдында осы жариялағалы отырған байқауымызға серт береміз. Ол сертімізде өзімізге қояр шартымыз, Отанымызға берер антымыз сол — аудан әйелдері өзіміз еңбек еткен колхозда, бригадаларда, совхоздарда, фермаларда, отар-қашарларда, заводтардың цехтарында “Қостөбе” станциясының жұмыстарында... *(Ендігі осыдан арғы сөзді әуелі Айбала, содан кейін Кәмшат, Сәуле, Анар сияқты ауданның даңқты әйелдері кезектеп айтып кете береді.)*

А й б а л а. ...Барлық кеңселерде, оқу, мәдениет орындарында, өзіміз қызмет еткен майдандарда, барлық Ақтал ауданының еңбек етуге қуаты бар әйелдері өзімізді майдан үшін, Отан қорғау үшін бар-бар күшін сарп ететін мобилизациялық халде деп жариялаймыз!.. *(Бұл кезде Сексектің оркестрі жырақтан ойнай шығып, сахнаға орналасып, әсем марш алуандас күй тартып тұрады.)*

А н а р *(жаңағы сөздің желісін үзбей қостай жөнеліп)*. Аудандағы еңбек салаларының бәрінде қызмет етуші

әйелдер өздерімізді стахановтық, ударниктік озат еңбекке, ерлеріміз жауды жеңіп, құртып болғанша, айнымастан берілдік, бекіндік деп санаймыз!..

**К ә м ш а т** (*іле жөнеліп*). Сол үшін бригадалар мен бригадалар арасында, аудан көлемінде, колхоз бен колхоздар арасында, совхоздардың фермалары, отарлары арасында, өндірістердің цехтары мен бригадалары арасында “Отан үшін”, “Сталин үшін” деген ұранмен, “Барлығы жеңіс үшін!” деген ұранмен социалистік жарыс жариялаймыз.

**С ә у л е** (*іле жөнеліп*). Ақтал ауданының әйелдері, біз, Отан соғысы басталған күндерден бері қарайғы еңбек тәжірибемізді жиып кеп, бүгін жасаған байлауымызды бүкіл Қазақстан көлемінде мәлім етеміз. Қазақстандағы бар облыстарда, бар аудандарда еліміздің отаншыл зор саналы еңбекші әйелдерінің бәрін де ерекше жігермен еңбек етіп, қайрат атуға үндейміз.

**Ж а н а р**. Майдандағы ерлеріміз алдында, барлық ардақты Отан алдында қажымас қайрат, мойымас жігер, зор сананы серік етіп, алдымыздағы ауыр еңбек майданында біз нелер ауыр сындарды адақтаймыз, біз жеңіп шығамыз деп сенім айтамыз!.. (*Енді Алуа осы әйелдер ортасына барып тұрады да, барлық сахнадағы әйелдер бір үнмен ұран тастайды.*)

**Ә й е л д е р**. Біз жеңеміз! Барлығы жеңіс үшін! Отан үшін! Сталин үшін! (*деп серттерін аяқтайды. Сексектің жігерлі маршы да осымен аяқтайды.*)

**С а п а р**. Жақсы ауданның жалынды, жігерлі әйелдері, қымбатты достар! Сіздерге үгіт сөз қажет емес. Барлық жайды, қасиетті шындықтарды, Отан күтер жалын, жігерді жаңағы үндеулеріңізде өздерің айттың!.. Істер істі серттерің шешті. Осы кішкене бөлмеде, қазір ғана сіздер тастаған жаңағы ұран ертең бар Қазақстан өлкесіне, “Правда” газетінің бетінен барлық Одақ көлеміне, дүние жүзіне жалындай шалқып, шырқап тарайтын қасиет ұраны болмақшы! Бір-ақ нәрсені айтамын да тоқтаймын: серттерің зор, үндеулерің үлкен, әлемге жеткен үндеу болғалы тұр. Ендеше, тартыс та ауыр, сын да зор. Табандап шыдап, атаған алыс қиядан алыптарша табылыңдар!.. Сендер сертке жеткен күні партия мен үкімет сендердің Отанға сіңірген тарихтық еңбектеріңді де ақтай білер!..

А л у а (*қасындағы жаңағы қалың топ әйелдермен*).  
Барлық жігер, барлық тілек, қайрат – жеңіс үшін! Отан үшін! Сталин үшін!..

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Сегізінші сурет*

Сахна үлкен институттың конференц-залы. Сахнаның бір шеті өзі сахна да, екінші жақ шеті жыраққа кетіп жатқан орындық қатарлары, кең келісті залдың кесіп алғандай шеті болу керек. Арырақта әр жасты жақсы киінген оқымыстылар, еркек, әйелдер жүріп өтісіп жатады. Бергі шетке, зал жаққа асығып басып Алуа шығады.

А л у а. Қандай күн... қандай күнде хабарың жетті, Арманым, ардақтым!.. (*Хатты қайта оқын.*) Бүгін менің ең бір ауыр сынға түсетін, өмірдегі аса бір жауапты белге басқан қысталаң да, қиын да күнім еді. Сол шақта, қазір, міне, осы сәтте Ақтал ауданы емес, Алматыда, мұнда мені іздеп табар ма? Әдейі осы күнге дос көңілмен көңіліме күш беруге, қуат қосуға талпынғаны ма?!. Хаты келді, ол тірі!.. Соңғы соғыстың айларында, Берлинге соңғы шабуылдар жасаған күнде одан ең соңғы хабар келген де үзілген еді... Бар дерек, қылдай үміт, леп еткен еміс бір хабар болса, келсе деп аңсағаным, зарлағаным, түндер бойы жастар төгіп, азап шегіп еңірегенім қандай еді?!. Айрылдым, жоғалттым, өмірдегі бір шырағым сөнді, бұл жөндегі үміт тілек солды деп қойғанымда, мына күнде сен жеттің!.. Соғыс біткелі сонша айлар өтсе де, дерексіз кетсең де, енді бүгін “сауығып келем, жетем” депсің!.. Жаным, Арман, жет! Қанатым!.. (*Нина шығады.*)

А л у а (*Нинаны құшақтап сүйеді*). Білдің бе, Нина? Мен бақыттымын! Міне!

Н и н а. Арманнан ба? Тірі ме, бар ма? Алуа, қуанышым, достым менің, құттықтаймын. Тірі ме ол?

А л у а. Міне, оқы... тірі... Жазылып келеді!.. Жарасы орасан ауыр болған тәрізді.

Н и н а (*оқып отырып*). Ия, мәлім... “Көріскенде айтам” депті. “Кейінірек жазам” депті. Ұзақ айлар екіталай, өлі мен тірінің арасында болдым депті. Бірақ сауықтым, шатпын, сауықтым деген екен. Қандай бақыттысың, қымбаттым,

сүйікті Алуа! Жә, енді бұл қуаныш сенің мынандай үлкен сын күніне, көп жылдан әзірленіп, кешігіп жүріп енді ғана жеткен қиын күніне дәл келген екен!.. Бұл саған, іштегі қуатыңа қуат қоссын!

А л у а. Ал енді, қазір защита басталады, сен не айтпақ едің? Ендігі түгел көңіліңді соған аударайық! Айтшы!

Н и н а. Соған аударамыз. Жалғыз-ақ тағы бір тың жаңалық бар – ойда жоқ хабар, әзір ақырына шейін естігем жоқ, сондықтан көп алаң болма, анығын кейін Сапар ағадан естиміз. О кісі Москвамен асығыс жалғасып, анықтап жатыр.

А л у а. Ия, о не? Не айтқалы отырсың?

Н и н а. Еміс хабар бойынша, Ақталда Ұлы Отан соғысы жылдарында зор отаншылдық сана танытып, ер қайратын көрсеткендері үшін он екі әйел үлкен бір отандық сыйға ие болатын тәрізді. Еңбектерің ақталар деген үлкен үміт бар. Дәлін, толығын кейін естиміз. Бұл жайды да кейінге қоя тұрайық, енді диссертацияға келейік.

А л у а. Ия, соны айтшы! Сен соңғы түрін жаңа ғана оқып болғансың ғой, бағана телефонмен мені сен шошыттың ғой... Және шынынды, жөніңді білдірші. Анық орасан қателіктерім бар ма?

Н и н а. Бар. Енді бұл жайдан мен қатал сөйлеймін, Алуа, өйтпеске шарам жоқ. Сен диссертация қорғауға көп әзірлік жасағансың. Бірақ мұнда толып жатқан керексіз, артық дүниені теріс бағыттан шарлағансың. Мысалы, мұнда әлдеқандай Алтын Орданың, хандар сарайының жоқшысы, заршысы Қараүлекті қайдан таптың? Өмеңгерлік, жесірлік салтының соншалық тұтқыны, күні болған Қыз Жібектен не іздейсің? Және, әсіресе орыс халқы мен қазақ халқының жауы болған Кенесарының қарындасы Бопайды несіне осынша көтеріп дәріптейсің? Қазақ әйелінің халіне арналған ғылымдық еңбектің бір мақсаты осында болғаны ма? Мен сенен сұраймын, осы ма?

А л у а. Менің совет дәуіріндегі әйел мәселесі жөнінде жазғанымның өзі де толық еді! Осы бөлімдерді қоспаса, “анық ғылымдық зерттеу болмайды, тарихтық, ғылымдық қабілет болмайды” десті ғой!

Н и н а. Кім солай деді?

А л у а. Менің оппонентім. Анау профессор Есенов Мардан солай деген жоқ па?

Н и н а. Ол өзі адасады, өзімен бірге сені де адастырады. Сен саясат жөнінде піскен адамсың деп ойлаймын. Тіпті осының артында өзгеше залалды улар жатпағанын қайдан білесің?

А л у а. Япырай-ай, мен осы жөнінде өз ішімнен күдіктене жүріп, соншалық керексіз көп материалдар оқып, онсыз да жұмыс арасындағы аз уақытымның талайын осы тапсырманы зерттеу үшін өлтіріп ем!..

Н и н а. Ал сонда және осы еңбегіңе соларды кіргізу қажет деп берік иланып па едің өзің?

А л у а. Шынын айтайын, иланғам жоқ-ты. Қайта сол профессор Марданмен бірге екеуміз де адасып жүрміз бе деп те көп күдіктеніп ем... Өзіне және айтып ем де! Осы бөлімді алып тастайын деп ем.

Н и н а. Ия, ол не деді?

А л у а. Ол сөйлеткен жоқ. Өлісуге бар, соншалық ашуланып қарсы болды.

Н и н а. Ендеше, қазір тез батыл байлау жаса да, бұл бөлімді алып таста! Бұл көрінеу зиян, анық у!.. Егер алып тастамасаң, мен бекіндім, қазір тура қарсы шығамын! Сені де, профессорынды да айыптап қарсы шығамын.

А л у а. Сөйтіп, бұрынғыға арналған бөлімдерді түгел тастаймын ғой? Ендеше, мен қазіргі сөзімді, баяндамамды ең алдымен осы бөлімдерді жоғалтып, теріс деп танып, алып тастаудан бастаймын. *(Осы сөздердің тұсында Мардан шығып тыңдап тұрады.)*

М а р д а н. Сіз нені алып тастаймын дейсіз, Алуа?!

А л у а. Біліңіз, профессор, сізге де мәлім болсын, мен ойланып келіп-келіп, кеш те болса, дәл осы сәтте болса да, сіздің өзіңізге айтқан, өзімше керексіз деген бөлімдерді өшірдім деп жариялаймын!..

М а р д а н. Жоқ, Алуа, қайтыңыз бұл байлаудан! Онсыз диссертация қорғалмайды!..

А л у а. Қорғалмаса қалсын, профессор! Менің қолым енді ол орасан жат жайларды жақтауға баспайды, бара алмайды. Қазір мен өз баяндамамның басын диссертациямдағы керексіз, артық теріс бөлімді алып тастаудан бастадым.

М а р д а н. Ендеше, өкпелемеңіз, қарындас! Біз сізбенен қырық пышақ қана боламыз. Менің де басқа

байлауым, жауабым жоқ!.. Енді әр қимылыңызды, әр ойыңыздың ауыздан шыққан әр сөзін, әр үнін сынап тосуға шықтым, соны біліңіз. Қашан айттың демеңіз, кескілескен күй туар!.. *(Қараңғылық. Енді мәжіліс жүріп жатыр. Зал толы. Сахнаның сахнасында ғылым кеңесі. Кафедрада профессор Мардан.)* Тағы қайталап айтамын, құрметті ғылым кеңесі мүшелері, диссертант Сатаева Алуа көп еңбек етіп, тарихтық ғылымға қажет болған деректерді жинап алса да, білгенін пайдалана алмаған. Соның орнына бар еңбегін азға, саязға сайған. Ғылымдық зерттеу емес, женотдел үгітшілеріне блокнот есебіне жүрерлік брошюра қатарынан аспайтын, немесе журналдық мақаланың бойынан озбайтын арзан шындықтарды тізген. Осы себепті мен Сатаеваның еңбегін ғылымдық бағасы бар еңбек деп тани алмаймын. Сондықтан, құрметті ғылым кеңесінің мүшелері, совет оқымыстының ары өзіме бұйыруы бойынша, мен бұл еңбекті диссертантқа кандидаттық ғылым дәрежесін беруге жетерлік еңбек деп санамаймын. Бұл еңбегі үшін Сатаеваға тарихтық ғылым кандидаты атағын беру мүмкін емес деп қорытамын! *(Пауза.)*

**З а л д а ғ ы ж ұ р т.** Қандай қатты байлау, не деген аяусыз соққы! Бүйтетін болғанда, оппонент болып несі бар? Мынау тегін емес қой. Мұның артында бір үлкен зілдер жатқан жоқ па өзі?! Не қылған қастан мінез сияқты нәрсе. *(Осындай дабыр-шу үстінде қараңғылық түседі... Енді Алуа сөйлеп тұр.)*

**А л у а.** Жолдастар, профессор Есеновтың менің еңбегімді айтыптаған сөздеріне қарсы айтатын дәлелдерімді қорыта келіп, құрметті ғылым кеңесінің мынау жайға айрықша назар аударуын тілек етер едім. Профессор Есенов мені Қараулек, Бопайлар жайын жазбадың деп кінәлайды. Менің диссертациямның жөні ең алғаш 1939 жылы, одан кейін 1943 жылы сөз болып жүрген шағында, әр кезде жаңағы әйелдерді профессор Есенов маған үнемі көлденең ұсынатын еді. Мен, осы кісінің айтуы бойынша, ол әйелдер жайын, заманын аса көп уақытымды беріп зерттеп шықтым. Зерттеп шықтым да, мынау диссертацияма бүгін келіп кіргізбейтінімді айттым. Әдейі кіргізгем жоқ. Себебі, біздегі әйел жайын зерттеген еңбектің ең зоры, ең қасиетті тақырыбы да, мақсаты осы кітап ішінде мен жазып

шыққан бір-ақ жайға арналса жетер. Ол – біздің Отандағы әйелдер арасындағы коммунистік қозғалыс тақырыбы. Ал Қараулек, Бопайлар хан сарайының, біреуі – Ноғайлы ханының, екіншісі – қазақтың жауы Кенесары хандығының жоқтаушысы, қостаушылары. Осылардың жайын маған жаз деп тықпалай берген себепті, мен қазір осы жиын үстінде өте айқын түсініп тұрмын. Сол түсінігімді, мына отырған жұртшылық, сіздер де түсінсін деп тұрмын. Профессор Есеновтың менің қолыммен бұрынғы Алтын Орда, Ноғайлы хандықтарының, кешегі қазақтың феодалдық-хандық сорақылық тұрмысын ақтап жаздырмақ мақсаты бар екен. Бұл ғылымдық проблема деп аталған бопты, анығында, ол ғылымдық проблема емес, атын атап, бар сыры мен шынын ашып айтайын, жұртшылық. Ол – бұл күндегі барып тұрған буржуазиялық-ұлтшылдық программа екен!.. Мен ендігі сөзді диссертацияны қорғау үшін ғана сөйлемеймін, идеология майданындағы партия талабын орындаушы, әлеумет қызметкерінің бірі есебінде, қазіргі мәжіліс тақырыбынан шыға сөйлеуге міндеттімін. Бұл – ар қарызы, азаматтық қарызым!.. *(Залда үлкен қостаған, қожыраған үндер білінеді.)* Профессор Есенов маған дау айтып тұрған жоқ, зор қарсылық қайрат атып тұр. Бір жайды еріксіз еске аламын: 1926 жылы мені әйел үстіне зорлықпен тоқал етіп аламын деген бай болған еді. Сол бай 1931 жылы, коллективизация тұсында маған оқ атқан еді. Дәл сол байдың бірге туған інісі, профессор Мардан, сіз едіңіз!.. Сіз сол ағаңыздың конфискациясы тұсында жұртшылықты бір әрекетпен сендірген болдыңыз. Бірақ ол түлкі жүріс екен. Содан бері, 1931 жылы, мен Ақталда істеп жүргенімде, әрі ұры, әрі банды боп кеткен сіздің ағаңыз қашып ауданға келгенде, Алматыдан сіз де сол тұстан барып шығып едіңіз. Мен сіздің сондағы банды ағаңыздың атқан оғына ұшырап ем. Ол сонда мені жоймаққа оқ атқан еді. Сіз сол тұста неге барып, неге кеттіңіз? Мен ол шақта аңқаулықпен аңдамаппын. Бірақ бүгін, осы сағатта сонша көп кешігіп, сонша көп қателік жасап кеп, сіз жөніңізде бар жайды, сіздің шын жайыңызды енді ғана анық түсініп тұрсам керек. Мына жұртшылыққа мен осы үшін әдейі сөйлеп тұрмын. Сондағы ағаңыз атқан оқтан мен өлмей қалып едім, бүгін сіз сол ағаңыздың қолынан түскен



обрезбен мені қайта атып тұрған жоқсыз ба? Атып тұрсыз және көп әзірленіп кеп, көп жасырынып, шебер боялып, ұзақ құбылып кеп атып тұрсыз!.. *(Залда тағы да үлкен сенім, достық пейіл көрсеткен үндер.)* 1926 жылы мен сол қорқау байлардан үрейім ұшып қашып, қызыл отауға келген ем, сонда мені студентка орыс қызы Нина жаудың оғына өз кеудесін төсеп, қорғап қалып еді. Сол орыс қызы, партия, совет азаматы, лениндік-партиялық ғылымның батыл қайраткері – профессор Нина Ивановна Ершова бүгін де мені зор қателіктен қорғап, профессор Есеновтың алдауы мен аздыруына ертізбей, аман алып қалды... Тағы да саған мың сан рақмет, орыстың жақсы адамы, хороший русский человек Нина Ивановна!.. *(Сахна залында қол шапалақтау, дырду...)*

Ж ү р т с ө з д е р і.

– Қандай майдан берді Алуа!

– Қалай жеңді жекпе-жекте!

– Бар ініне су құйды ғой профессордың...

– Партия тәрбиесі ғылымның өзі үшін де қалай өсірген Алуаны. *(Беріге Сексек пен бір кішкентай әйел оқшауланған.)*

С е к с е к. Е, бәсе! Тап солай, дәл солай... Бәсе, біздің Алуа қалай!.. *(Кішкене әйелді қағып кетеді.)*

Ә й е л. Е, мына бейбаққа не кетті? Ұшып кетер ме екен?

С е к с е к. Әй, сен не дейсің, әй, өзің? *(Әйелдің сыртынан сөйлеп тұр.)* Қарашы тілін, қаршадай боп ап!..

Ә й е л. Қаршадай?!.. Қарашы сөзін, өзі таудай кісімсіп!

С е к с е к *(әйелге қарап тамашалайды)*. Не дедің-ай, айналайын, таудай деймісің?

Ә й е л. Е, таудай десе немене? Болмаса жардай жігіт дейін бе?

С е к с е к *(қызығып, күліп)*. Айт-айт! Айналайын, тағы айтшы. Ой, астай...

Ә й е л. Қарағым-ау, есалаң ба? Несіне ыржалақтайды өзі?

С е к с е к. Ой, астай... *(Қызығады.)* Ой, тоба, іздегенге сұраған.

Ә й е л. Сұраған болса сұраған... Қорқар деп пе ең сенен?

С е к с е к. О не дейсің, қалқам-ау. Ойбай, қорықпа! Айналайын, тек қана, бір ғана сөз айтшы, қалқатайым. Осы, күйеуің бар ма, жоқ па?

Ә й е л. Жоқ болғанда қайтейін деп ең? Жеп қоям ғой дейсің бе? Ал, күйеуім жоқ.

С е к с е к. Издегенім дәл, дәл өзі. Бұл жайды жақсылап тыңда, жарқыным, мен енді барымды айтам. Осы шаққа шейін, Жиренше шешен сияқты, өзіме лайықтыны іздеп келгем. Бойы теңді айтам, бойыма бойы лайықты айтам. Болмаса анадай, тырнадай әйелді мен не қылам. Ой, астай... Дәл өзі, тап издегенім. А-а-айналайын...

Ә й е л. Ендеше, менің атым Балжан, Балжан!..

С е к с е к. Айналайын атыңнан. Аты қандай десеңші. Әрі бал, әрі жан... Ал мен (*қоқиланып*) дирижер оркестр народных инструментов, народный композитор, заслуженный артист – Сексек Көрпебаевпын... Сондай тәтті, бүлдіршіндей, үріп ауызға салғандай!.. (*Бұлар кете береді. Алуаны Нина оңашалап алып шығады.*)

Н и н а. Алуа, қымбаттым... Қуана бер, жаңа Сапардан толық хабар келді, сені құттықта депті. Әсіресе зор қуанышпен құттықта депті – Ақтал ауданының он екі әйеліне Социалистік Еңбектің Ерлері деген атақ беріліпті. Солардың алдында ең бірінші боп аталған, Алуа жаным, сенің атың!.. Қазір тез ЦК-ға шақырады, Сапар аға сені бүгін Москваға, ЦК ВКП(б)-ның шақыруы бойынша самолетпен ұшуға әзірленсін дейді. Алдында тағы тосқан өзгеше бір жаңалықтар болар, жүр, жолың болсын!..

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Тоғызыншы сурет*

Пекин. Қатын патша Ци Сидің жазғы сарайы. Айнала музейлік ғажайып қымбат статуялар. Будданың әр алуан суреттері. Қатарда ұзаққа созылған идол, статуя, изваяниелердің ішінде неше алуан айдаһар, көп басты жыландар, ақсиган тіс, қорқыныш күш иелері, әлденеше сұмқадам жүздер, бейнелер көрінеді. Кейбірі қоладан, біреулері күмістен, темірден және де ағаштан, сургучтен, фарфор, гипстен жасалғандары бар. Неше алуан құдайлар, қараңғылық, қаскөй, қаған күштер бейнелері үнемі көрінеді. Алуа орыс әйелімен шығады. Бұл тұста Азияның барлық халықтарының әр үлгідегі киімдерін киіскен көп

топ әйелдер бар. Алуа қазір бір топ иран, түрік әйелдерінің ортасында.  
Ақ шашты түрік әйелі Алуаға қадала сөйлейді.

Т ү р і к ә й е л і. Сіздер, қазақ, өзбек, татар, түрікмен сияқты халықтар, бұрынғы тарихта Россия мұсылмандары аталғансындар. Бұл тайпалардың көбі ислам дініне кірмес бұрын жабайы уахшилар еді. Исләмият сол халықтардың әйелдер халіне не жаңалықтар кіргізгенін сіз білмейсіз.

И р а н ә й е л і. Әлбетте, білмейді, себебі бұл өзі дінсіздерден!..

І ә й е л. Себебі бұл кісі мұсылмандардан емес.

Т ү р і к ә й е л і. Сіз ислам дінін жамандап тұрсыз. Өзіңіз ең әуелі ол діннің ұстазы – Мұхаммед Мұстафа өзі айтқан жолды білесіз бе, білмейсіз.

А л у а. Білмейді емеспін, бәлкім, білермін де!

Т ү р і к ә й е л і. Айтыңызшы, білсеңіз, мысалы, Мұхаммед пайғамбар әйелге оқыма деген бе?

А л у а. Жоқ, оқысын деген. (*Арабша.*) “Әл ғилми фаризатун ғәлә кулли мүслимина уә мүслимәтун!” Рас, осылайша пайғамбар “ғылым мұсылман ерлермен бірге мұсылман әйелдерге де парыз” деген. Бірақ мұсылман ғаламының барлығында әйел халінің масқара қорлыққа ұшырауына осы жолдың және өзі де себеп болған-ды.

И р а н ә й е л і. Өзі емес, кейінгі замандар бұзып өзгерткен әйел халін!.. Мысалы, сұлтандар, шахтар құрған харамдар пайғамбар әмірімен туып па еді?

Т ү р і к ә й е л і. Әр хаулидә ичкәриләр болсын деп пайғамбар айтқан ба еді?

А л у а. Рас, оларды айтқан жоқ. Бірақ өзі өмірінде тоғыз мәртебе үйленген Мұхаммед болатын. Дінбасы, ахлақ, адамшылық, ғадәлет басы дейтін ұстаз өзі соны істесе, кейінгі шахтар, сұлтандар, әмір, халифтер харрамдар жасамай, не жасаушы еді? Қысқасы, қай діннен болса да әйел халіне рақым күтпеңіз!

Т ү р і к ә й е л і. Біз әйел халі үшін, азаттық үшін алысушымыз, бірақ айтамыз: әлхамду лилләһи және мұсылманбыз.

А л у а. Мен сіздерге бір шындықты айтайын: әйелдер арасындағы буржуаздық қозғалыс, Турция, Иран әйелдері, сіздерден ғана басталған жоқ. Францияда, Америкада,

Англияда феминистка, суффражисткалар қозғалысы ертеден-ақ басталған. Бірақ солардың бәрінде де бүгін, сіздердегі сияқты, буржуаздық қоғамның дініне, заңына байланысты кертартпа сана басым болған да, әйел халіне әлі күнге түк өзгеріс кірмей келген. Бұл қозғалыстардың бәрі де алдаумен келген әйел жынысын! Сіздерге де, әйел халінің жоқшысы болғанша, тыныш қана, инабатты мұсылманның иғтиқатты ханумы ғана болып отыру жайлырақ та лайығырақ келер. Болмаса, ХХ ғасырда әйел халінің шешуі бір жолда, бір ғана негізде болатынын аңғарар едіңіздер!..

**Т ү р і к ә й е л і.** Үгіт, үгіт!.. Большевиктік үгіт! *(Түрік, иран әйелі сияқты екі-үш әйелдер шұғыл тайып кетіседі. Бұлардың орнына Алуаны қоршаған басқа Азия елдерінің әйелдері жылы қарап, сенімді жүзбен сұрақтар береді.)*

**І ә й е л.** Азия әйелдерінің тартысын, сізше, енді қандай ұрандар астына тез ұйыстыруға болар еді?

**ІІ ә й е л.** Сіз дұрыс айттыңыз, Азия әйелі өз тартысын үлкен тарихтық тартысқа қатынастырумен ғана есеге жетеді.

**ІІІ ә й е л.** Дін бұл жолда программа емес!

**ІV ә й е л.** Жаңағы әйелдер адасады. Сіз бізге ендігі тың тартыстың, бар Азия әйелінің басын қосатын тартыстың бетін айтыңыз!

**А л у а.** Бұл жолда менің айтарым: дәл бүгінгі күндерде жалғыз-ақ ұран – ол бейбітшілік үшін алысу. Азия әйелі әрі өзінің әйелдік, аналық, балалық бақытын қорғау үшін, әрі дүниелік ең ұлы, ең таза, биік ақтық ұранға үн қосу үшін, тек қана бейбітшілік ұранын қостасын. Дұрыс па осы?

**Д а у ы с т а р.** Дұрыс, дұрыс!.. *(Алуаны тағы да әр алуан киімдер киген көп Азия әйелдері қоршайды. Біріне-бірі қарап күледі. Бірақ тілдерін білісе алмайды.)*

**А л у а.** О, тіл, тілдер, қандай бөгет!.. Біз бір-бірімізге ішімізді аша алмаймыз, жеткізе алмаймыз, бірақ тыңдаңыздаршы, ортақ тіл бар екен. *(Ағылшынша.)* Мен таптым бізге ортақ тілді. Ол – музыка, ән... Келіңіздер, біздің халықтарымыздың әйел турасындағы әндерін айтайық!.. Тек ол әнді әйел өзінің жанымен жырласын...

**Я п о н ә й е л і** *(ағылшынша).* Әйел әні болсын, әйел жаны жырласын!

**Б и р м а ә й е л і** *(французша).* Әйел жанының әні шырқасын!

М а л а й я ә й е л і (немісше). Әйел өзі туралы жырласын!

Қ ы т а й ә й е л і (қытайша). Ән ана, дос, қаһарман әйел туралы болсын!

И р а н ә й е л і. Әйел тағдыры туралы ән болсын!

А р а б ә й е л і. Әйел қасіреті туралы ән болсын!  
(Осыдан әрі әр әйелдің әні айтылып өтеді. Соңынан Алуа әдемі, шат бір ән жырлайды, сол әні созылып, баяулап бара жатқандай шақта шам сөніп, қайта жанады. Ән баяулай келіп, Алуаның трибунада сөйлеп тұрған сөзіне кеп қосылады.)

А л у а (зритель залына қарап, ең соңғы жалынды сөзін сөйлейді). Құрметті әйелдер! Азия халықтарының әйелдері, апалар, сіңлілер, сіздерден мұнда естіген сұмдық күйлердің біразын мен де, Азияның бір әйелі, бала шағымда өз басымнан кешіргем. Менің анам, үлкен шешем, менің әкем, бабаларым сияқты, оқымаған еді. Ал мені, жасқа толмаған жетім қызды, бай екінші әйел етіп зорлап алмақ болғанда, мен қаштым... Қашу сапарында совет заңынан пана таптым. Мен тек қана азаттық алғаным жоқ, білім жарығын да алдым!.. Өзімнің бақытымды да таптым. Қазір мен Отанымызда Еңбек геройымын, тарих ғылымының кандидатымын. Үкіметіміздің мүшесімін!.. Осының бәріне мен өзгеше әйел болғандығымнан жеткем жоқ, мен біздегі миллиондардың, сан миллион әйелдерінің қатардағы бірі ғанамын!.. Тек бір ғана тілек айтар едім, оным: Азияның қалың миллион әйелдері, сіздерге біздің Отанымыздағы әйелдер жайынан анық, дәл шындықтар ғана жетсе екен! Екінші айтарым, барлық Азия халықтарының басшы қауымына айтатын бір ғана сұрағым — ол Азия халықтарының қақ жарымы әйелдер тұрасындағы сұрағым. Қашанға шейін Азия әйелдерінің тағдырын осыдан екі жарым мың жыл бұрын орнаған Сидхарта Гаутама Будданың заңы шешпек!.. Қашанға шейін екі мың екі жүз жыл бұрын орнаған Ману кодексі әйел күйін билемек? Қашанға шейін мың жарым жыл бұрын әйелді қорлау заңын орнатқан брахманизм, индуизм әйел тағдырын сорлатпақ! Қашанға шейін, мен және сұраймын, бүгіннен мың үш жүз пәленше жыл бұрын орнап, әйел жынысын күндік, қорлыққа салған мұсылмандық шарифаты қатал заңын соза бермек?!

Сіздерге және маған мәлім ғой, Азияның бірталай тайпаларының, халықтарының арасында полиандрия, яғни бір әйелмен бір үйдің ішіндегі барлық еркек ортақ өмір сүретін салт жойылмай отырған жерлер де бар ғой... Мен өз сөзімді бітіремін, жалғыз сұрақпен бітіремін: бұл – ар сұрағы, біздің ғасыр сұрағы! Бар Азиядағы аналар, апалар, қыздар сұрағы! Осы қорлықтардың бітер шағы бар ма, жоқ па?!

Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

С о ң ы



## **АЛУА**

**Төрт актылы, тоғыз суретті пьеса**



## Адамдары

Алуа – кейін райком хатшысы, ғылым кандидаты.

Нина Ивановна – кейін профессор.

Сапар – следователь, кейін Орталық Комитет хатшысы.

Бейсен – қойшы, кейін райком хатшысы.

Сексек – түйеші, кейін халық композиторы.

Арман – техник, кейін инженер-энергетик, Алуаның болашақ күйеуі.

Назарбек – батрак, кейін ферма бастығы.

Доғал – бай-феодал.

Мардан – оның інісі, кейін профессор, ұлтшыл.

Айбала

Әсия

Жанар

Сартай

Жәкеш

Байыр

Жалтыр – Доғалдың жігіті.

Қамар – Доғалдың әйелі.

Батрактар, колхозшы әйелдер, жұмысшы әйелдер және Азия елдері әйелдерінің конференциясындағы делегаттар.



## БІРІНШІ АКТ

### *Бірінші сурет*

Шымылдық алдында, ауыр маслобойканы қиналып көтерген, сүрініп-қабынған Алуа келеді.

Алуа. Қандай ауыр, зілдей еді қуарғаны! *(Маслобойканы жерге қояды.)* Діңкем құрыды-ау! Құлқын сәріден күн ұзын... сонау түн ортасына дейін тыным жоқ! Толас жоқ! Бейнет те бейнет! Сондағы киінгенім мынау шоқпыт, ішкенім шалап, шәйінді... Әкем сорлы өлерінде: “сені тым құрыса адам қолында да қалдырмадым. Қасқырдың... қорқау қасқырдың інінің аузында қалдырдым-ау!” – деп еді. Қандай қатал өздері... Қандай шошимын... қорқам өзінен... Құтылармын ба осының азабы мен мазағынан! *(Шелегін алып жөнеле береді.)*

Доғал байдың жасаулы үйі. Қонақтары мен Доғал масайған. Доғалдың құрбылары – Сартай, Жәкеш, Байыр. Осы үйдің бір шетінде шым ши бар. Сонда үлкен маслобойка шелегін көптен айналдырып отырған жас қыз байқалады. Ол – Алуа. Үстінде көйлек, кемзалы жыртық.

Доғал. Алам! Тоқал алам!

Сартай. Шын-ақ солай бекіндің бе?

Доғал. Атама! Дүниенің ендігі қызығы сол-ақ!

Жәкеш. Шын айтасың ба, ей, қолыңнан келмейді ғой.

Байыр. Ер болып өнеге көрсетші.

Доғал. Қолдарыңды әпкел!

Сартай. Шабытты, қанды көз қаршығадаймын де.

Доғал. Аламын, тояттаймын, жем керек, қаршығамын!  
*(Қымыз жиналады. Бәйбіше ши ішіндегі Алуаны шақырып, жез леген мен құмғанды нұсқап.)*

Қ а м а р. Түр, қонақтар қолына су құй! *(Аздан соң иығына орамал салып, Алуа ши ішінен шығып, Доғалдан бастап қонақтардың қолына су құяды. Сартай Алуа шыққаннан қызығады.)*

Д о ғ а л. Шіркін, шіркінді тамаша сәндеп киіндірсе. Алтын шолпы сүмбіл ғана шашына, жұмыр білезік ақ білектерге орнаса. Ақ отауда, саяда сақтаса. Жібек-мақпал көрпе-жастығы, айнала күткен малайы. Өзі майысып, қиылып, жібектей созылып, тал бойынды ұйытып отырса. Неңді бермес ең, нені қимас ең!..

Қ а м а р *(ши ішінде Алуаға)*. Жә, неменеге өрепкідің? Шайқа ана майды. *(Алуа отырып, іске кіріседі.)*

С а р т а й. Айналайын, Доғал-ау, әлгі қалам қасты қайдан тапқансың?

Б а й ы р  
Ж ә к е ш } Қайдан шыққан?

Д о ғ а л *(күледі)*. Е, немене, бәрің сұқтанғаның қалай?

С а р т а й. Не деп отырсың, хордың қызы десеңші. Жөнін айтшы?

Д о ғ а л. Ол — біздің баяғыда өлген жылқышымыз Сатайдың қызы.

С а р т а й. Иесі бар ма, иесі кім?

Д о ғ а л. Ие дейтін әке-шеше, аға, бауыр жоқ. Бар жақын деген осындағы біздің түйеші Сексек. Иесі мен... Өзім. Түлкінің күшігіндей өзім өсірдім, жетілтіп ап енді өзім соғам!

С а р т а й. Не деп отырсың, ойындағы осы ма еді?

Д о ғ а л. Осыны алам! Алдым, өзім алам. Мә, қолым! *(Сартай екеуі қол алысады.)*

Ж ә к е ш. Не дейді, қарағым-ау, ер серті болғай-ақ та!

Б а й ы р. Ойбай, Доғал мырза шынға кетті.

Д о ғ а л *(қолына арақты алып, масайған)*. Үш күн... сертім сол, үш күн ішінде Алуаны аламын. Міне, сертім! *(Арақты көтеріп салады. Жалтырға бұйрық береді.)* Жина мынаны! Жалтыр, жарияла! Білсін ауыл! Шық, жарияла, шақыр Сексекті! *(Ши ішінде Алуа жаңағы сөзді естігенде, қолы жұмыстан үзіліп кетеді. Шошына жылайды. Жалтыр Сексекті алып кірген.)*

Д о ғ а л *(Сексекке)*. Отыр! Жә, Сексек, сенімен келелі сөзім бар. Келіс сөз! Қысқасы, мына сенің қарындасың Алуа

бүгін бойжеткен қыз болды. Өсірген өзім, енді өзім сол қарындасыңды алайын деп отырмын. Қойшы, ұзын сөздің қысқасы, маған сенің ырзалығың керек. Дәл осы орныңнан тұрғанда менің қайнағам, Доғал мырзаның қайнағасы боп тұрасың. *(Өзге мырзалар кеңкілдеп күліседі.)*

С а р т а й. О, бас құдам Сексек, қошемет сенікі!

Б а й ы р. Сексек, сарсүйегім. *(Күліседі.)*

Ж ә к е ш. Қайран, Сексектей қайнағасы болғанның арманы бар ма?

Ж а л т ы р. Ал лебіңді тыңдадық, қайнаға Сексек.

С е к с е к *(Доғалға)*. Мырза, мен бұл сөзге жоқпын.

Д о ғ а л. Не дейсің?

С е к с е к. Жоқпын сол, жоқпын!

Д о ғ а л. О не дегенің?

С е к с е к. Қарқарадай Қамар бәйбішенің үстіне тоқалға мені алмайсыз, мырза. Алуаны аласыз. Ендеше, ырзалығын өзінен ал дегенім.

Б а й ы р. Қара басқыр, әуелі сенің ырзалығыңды сұрап отырғанымыз жоқ па?

Ж ә к е ш. Сен ырза болсаң, қыз қайда кетуші еді?

С е к с е к *(шошып)*. О, құдай көрсетпесін. Қой, қойыңыз, мырзалар. Жоға, мазағыңызды қойыңыз. Мен жоқпын! *(Жөнеле береді.)*

Д о ғ а л. Не дейсің, әй, сен! Тұр, тоқта! Ұста ананы! *(Жалтыр жүгірген болады, Сексек қашып кеткен.)* Бәрібір, қадам бастым, қайту жоқ, сертім бердім, екі бірдей айту жоқ. Мырзалар, достар! Қазір сендер менімен кеңесте болыңдар. Алуаға арнап үй-отау әзірлетем, жасау жиғызам, той қамдатам, қасыма еріңдер! *(Жалтыр жөнеледі. Қонақтар арақ көтеріп, үйден қозғала береді. Қамар кіреді.)*

Қ а м а р. Бұ не, не әбігер? Жаңағы Сексек не деп зарлап барады? Не сұмдық айтып жүр?!?

Д о ғ а л *(ақырын)*. Қамар, сен енді ақылың болса, үн қатпа!

Қ а м а р. Неге үн қатпаймын? Мен адамзатпын ба, малмын ба?

Д о ғ а л. Шығарма үніңді! Айттым, шештім. Бүгін кестім, байлауым бұрын болатын.

Қ а м а р. Олай болса, мені де шеш!

Д о ғ а л. Шық! Шығарма үніңді. Кет көзімнен! *(Қамарға ұмтылады. Еркектер ара түсе береді.)*

Ж ә к е ш *(Қамарға)*. Не қыласың, Қамар. Мырза қызу, тілі тиеді, шыға бер. *(Қамар жылап жібереді, оны Доғал итермелеп шығара бастайды. Екінші жақтан жылаған Алуа шиден шығып, қашипақ болады, Доғал оны ұстап қалады.)*

Д о ғ а л. Алуа, сен тапжылма! *(Қамарды шығарып жіберіп, Алуаны шидің ішіне қайта кіргізеді.)* Сен бүгін осы үйден қадам баспа! Шықпа ешқайда! *(Алуа басын шайқап, жылап тұрып қалған. Доғал жолдастарына.)* Көне, жүріңдер, іске сәт! *(Мас Сатайлар дабырласып: “Іске сәт, құсың құтты болсын. Бастық өрге, бастық” десіп, мас, қыңырық, озбырлық жүзбен кетіседі.)*

Ж а л т ы р *(асыға кірген, Алуаға қатал, бұйыра сөйлейді)*. Мырзаның әмірі, ол екі болмайды, осы үйден қия баспасын деді. Қыбыр етпе, ырысынды тос!

А л у а *(ең алғаш үн қатып)*. Мен, мен өлемін, ырзалығым жоқ, өлем! *(Өксіп жылайды.)*

Ж а л т ы р. Онда менің жұмысым жоқ. Болары болған, сөз біткен. *(Алуа жылап шөгін қалады. Үйге Қамар, Мардан кіреді. Алуа ши ішінде, бұларға көрінбейді.)*

М а р д а н *(Жалтырды тоқтатып)*. Жалтыр, сен Доғалды мұнда шақыршы! Менің айтар сөзім бар. *(Жалтыр кетеді.)*

Қ а м а р. Қалқам, төрем, бұ не сұмдық! Менің үстіме сіңірі шыққан кедей қызы, жұртта қалған жетімек келмек пе? *(Алуаға бұл сөздер және де соққыдай.)* Тоқтат ағанды. Не жазығым бар екен? Он бес жыл бірге жасап кеп, осынша қор етер ме! Пананды сұраймын, қалқатайым, қайным! Құтқар мені мына азаптан. *(Мардан үнсіз салқын тұр. Доғал кіреді.)*

Д о ғ а л. Немене, Мардан, Қамардың жоқшысы боп кеп тұрсың ба?

М а р д а н. Бұл не? Шының ба, ойының ба?

Д о ғ а л. Анық шын, екі айтарым жоқ, болды!

М а р д а н. Мастық емес пе, мырза? Ақталдың өңшең байы желіккеннен желігіп, жарға жығылайын деп жүрген жоқпысыңдар?

Д о ғ а л. Қарағым, інім, өзге тұста сөзіңді алармын. Бұл жолы көңілің қалар! Доғар!

М а р д а н. Солай ма?

Д о ғ а л. Солай! Бұл бүгін емес, шынымды енді айтайын, көптен піскен байлау болатын.

М а р д а н. Сөйтіп, араласар, ақылдасар жол қалмапты ғой!

Д о ғ а л. Дәл солай!

М а р д а н. Ендеше, жалғыз-ақ сөзімді тыңда! Ақталдың ең үлкен байы сенсің. Онсыз да кеңес өкіметіне сендер сүйкімді жан емессің. Біліп қой, бұл құрығы ұзын өкімет. Не асауға, нелер алып қашпаға бұғалық тастаса, бұлжытпай түсіреді. Мойнын үзе жығады да. Бүгінгі тек жүргеніңді, тоқ жүргеніңді көп көрейін дедің бе? Қос қатын алып, өкіметтің заңын тағы бұзбақсың ба?! Алдым, алам деген әйеліңнің бірде-бірі совет өкіметіне жыласа, шақса, өкініп жүрме! Қашан айттың деме, бара бер!

Д о ғ а л. Жарайды, сен туысқан қарызынан құтылдың. Арылдық қой. Енді тек тұр, қалыс тұр, ағайын, бұдан бұлай көлденеңдеме!

М а р д а н *(ашуланып)*. А, болды, жетті. Енді менен үн шықпас!

Д о ғ а л. Не көрсем де мен көрдім, жат болсаңдар, өздерің бол. Қайтарым жоқ! *(Кете барады. Тыста “Жалтыр, Байыр” деп жүрген үні естіледі. Қамар Марданға жабысады.)*

Қ а м а р. Төрем-ау, айтсаңшы. Мен қайттім, не деймін?

М а р д а н. Естідің ғой жауабын. Мен сен үшін де, өзім үшін де өтіліп болғам жоқ па?

Қ а м а р. Ендеше, мен өкіметке шағам ба? Басыма мен де қор болмасымды іздеп, азаттық, теңдік тілейім бе? *(Мардан өзгеріп, құбыла сөйлейді.)*

М а р д а н. Он бес жыл бірге жасадым дедің ғой. Екеуің бірдей есуас боларсың деп ойламаймын. Шідерді ол үзсе де, сен үзбессің деп білем. Әкемнің қара шаңырағы, менің ендігі шешем де, әкем де Доғал емес, сен болатынсың. Оқудан қайтқанда, осылай бірер айға келгенде, ұяма келдім дейтуғым, сенің бауырыңа келетұғым! Түсіндің бе, ойлайсың ба, осыны? Қалғанын өзің біл!

Қ а м а р *(өксіп жылап)*. Қалқам-ай, не дедің? Мен сорлының әлі осындай да салмағым, қазығым жатыр ма еді? *(Мардан шығады. Жылаған күйде Қамар да ере кетеді. Үйге дабырлап бір топ адуын қатындар кірген.)*

1-қ а т ы н. Қайда Алуа? А, мұнда ма едің? Уа, қайырлы болсын, қарағым!

2–3-қ а т ы н. Уа, талайың өссін, бақытың ассын.

1-қ а т ы н. Өшкені жанып, өлгені тірілді ғой, Жанат кемпірдің. Ана жақта отауың әзірленгелі жатыр.

2-қ а т ы н. Міне, үстіңе “үлде мен бүлдеге ора” деп жібек-мақпал киімін жіберіп жатыр. Ки, жаным, мынаны, қуан! *(Алуаға ұсына береді.)*

А л у а *(жылап)*. Керегі жоқ, алмаймын. Әкетіңіздер, мен ырзалық бергем жоқ.

1-қ а т ы н. О, сөйлеме, қызым. Ерге тимейтін қыз болмайды. Ырысыңа қуансаңшы!

2-қ а т ы н. Қай сорлыға мұндай бақ қонып еді?!

3-қ а т ы н. Кімнің жұптысы болатыныңды ойласаңшы. *(Алуаға киім кидіре береді. Алуа қарсыласады.)*

А л у а. Керегі жоқ, ырысы құрсын. Кимеймін, ырза емеспін. Ырза емеспін дедім ғой...

1-қ а т ы н *(Алуаны бас салады, үстіндегі киімін жырта бастайды. Жібек көйлек, әдемі кемзал кигізеді.)* Доғалға қолы жеткеннің арманы бар ма еді!

3-қ а т ы н. Ана жақта аппақ отауың әзірленіп жатыр, жасауың мен төсек-жайың қандай десеңші!

1-қ а т ы н *(киіндіріп қойған Алуаға енді қарап)*. Уа, қандай тамаша сұлу боп кетті. Ай мен күндей ғой, жаным-ау!

2-қ а т ы н. Ерді кебенек ішінде танымын деп, Доғалдың көзі жыртық шокпыт арасынан бұның бұндай сұлу екенін көргенін айтсаңшы.

“Құтты-құтты болсын” десіп қатындар күлісіп шығып кетеді. Кеш батып, үй іші алакөленке тартқан, Алуа жалғыз, жылауда. Бір сәтте жырақта бір күй сарыны естіледі. Жалғыз сыбызғы. Аса бір әсерлі, шерлі күй толғайды. Үйге жас қойшы Бейсен кіреді. Сабадан қымыз құйып іше отырып, Алуамен сөйлеседі.

Б е й с е н. Алуаш, жылайсың-ау, жазған сорлы, жылатты-ау мыналар!

А л у а. Анау кім? Сексек пе, сыбызғы тартып жатқан?!

Б е й с е н. Сол ғой, кім дейсің!

А л у а. Мен отқа түсіп жатқанда, кімді жұбатып жатыр?  
Б е й с е н. Жұбатып жатқан жоқ. Жылатып жатыр,  
сенің зарыңды шегіп.

А л у а. Не дейсің, Бейсен?

Б е й с е н. Қуанар деп пе ең, Доғалдың зорлығына?!

А л у а. Ағатай-ау, қайттім, мен қайттім енді? Жаның  
ашыса, жол көрсетсеңші?!

Б е й с е н (*тартына сөйлейді*). Ақырын! Қайдан білейін,  
жолды білсем, мен өзім де өстіп жүрер ме едім! Бірақ бар  
ғой, қорған болатын, ара түсетін совет өкіметі тұр ғой.  
Сөйлесші Сексекпен!

А л у а. Жіберші ендеше өзін, ақылыңды айтып  
жіберші! Мен жетім болсам, сен де жетіскен жоқ едің ғой  
бұл босағада.

Б е й с е н. Тілеуім бір, Алуа! Жіберейін, Сексек келсін.  
(*Жөнеледі.*)

А л у а (*жұртқа*). Қандай шошимын. Аллау, не қылам?..  
Не бір жақын панам жоқ! Жалғыз ағайын Сексек болса,  
онда дәрмен жоқ... Не қылам!.. Қайда барам?! Құтылармын  
ба мазақтан... сордан!.. (*Сексек кіреді. Ұрланып шидің ішіне  
кеп, жалтақтап Алуаның ығына тығыла тұрып.*)

С е к с е к. Не дейсің, жаным? Бетің-жүзің, омырауың  
жас қой.

А л у а (*жігерленіп*). Тимеймін Доғалға, жауызға.  
Әкемнің түбіне жеткен жалмауыз, қорқау болатын. Ұмытқам  
жоқ... Сатылғам жоқ шүберегіне. Өлтірсе де тимеймін. Оған  
тигенше өлемін. Мынау желбауға оралып, асылып өлем.  
(*Желбауды керегенің басынан жұлып алып, асыла, буына  
береді.*)

С е к с е к (*арналысып*). Ойбай, құдай! Тағы не пәле  
бастадың! (*Алуаны босата алмай мықшыңдап жүріп, кездігін  
суырып ап, желбауды кесіп жібереді. Алуа сылқ құлайды.  
Сексек құшақтап, аймалап.*) Сәулем, Алуашым, жалғызым.  
Не көрсем бірге көрдім, бірге өлдім өзіңмен. Қазір, міне,  
алакөлеңке іңір қараңғысы шығып кетсек, сытылып кетсек,  
ешкім байқамайды. Жүр, шапшаң ғана матаулы түйенің  
ішіне жетші! Сонда бір жүйрік атаншаны әзірлеп қойдым.  
Кеттік совет өкіметіне, қаштық, жүр! Я, тәңір, я, бабам,  
жолымызды оңғара гөр!

Екеуі үйден көлеңкедей ұрланып жөнеледі. Аздан соң үйге көп жарық алып, дабырлап мәз болысып, бағанағы бір топ қатын, тағы көп сәнді қонақ әйелдер ортаға Доғалды, Сартайларды алып үйге кіріседі.

1-қ а т ы н. Қайырлы болсын, құсың құтты болсын!

2-қ а т ы н. Тек жүзін ғана көріңдерші. *(Әндемеді.)*  
“Келін, келін, келіңіз, көрімдігін беріңіз!” Көрімдігін бересіңдер. Ай мен күндей жүзін ғана көріңдерші! Ерді кебенек ішінде көрсін дегендей, Доғал мырзаның көзі қандай сұлуды тапқан, көріңдерші! Мінеки! *(Шиді ашып жібереді. Бәрі аң-таң. “Ойбай, масқара, қыз қайда? Қалыңдық қайда? Не пәле, жың қақты ма? Пері әкетті ме, қашты ма, қашқан ба” деп үрейленген, шуласқан әбігер, дабыр, сасқалақ.)*

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

Екінші сурет басталарда, шымалдық алдында әбігер мен сабылғандар.

Ж ә к е ш. Ауыл маңында жоқ... Қашқан!  
Д о ғ а л. Қашты! Қайда қашты?!  
С а р т а й. Сотқа, седуәтілге қашқан!  
Б а й ы р. Ойбай, рас, сотқа қашты!  
Ж а л т ы р. Сексек те жоқ, бірге қашыпты!  
Д о ғ а л. Қу ендеше! Жеткізбей ұста! Шап!  
Ж а л т ы р. Құтқармаймыз. Ұста, мін атқа!  
Д о ғ а л. Мін атқа... шап тегіс... Жібермейміз қатынымызды.

С а р т а й. Сотқа да барамыз! Босат дейміз.

Б а й ы р. Барамыз! Мін атқа! Қайтар дейміз, қатынымызды. Шап!.. Жөнел! *(Осындай айғай, әбігермен жүгіріседі.)*

## Екінші сурет

Сахна қатарласа тігілген екі үлкен киіз үй. Араларында жалғас жоқ. Есіктері сахнаның екі жақ шетіне шығады. Сол жақтағысы – следователь Сапардың кеңсесі. Оң жақтағысы – қызыл отау. Сол жақтағы үйдің есік алдында сәл алаң бар. Сахна ашылғанда, следователь Сапар және хатшысы отырады. Есік алдына Сексек пен Алуа келеді.



С е к с е к. Ал кіретін жер осы деді ғой. Кір, кір енді. Өне совет өкіметі, өне отыр. Анау төрдегісі сол болу керек. Кір деймін, кір енді бол!

А л у а (*іркілін*). Қорқам, не деймін?

С е к с е к. Ойбай, сығыр, бол, артыңнан қуғын жетеді қазір. Жетпей желкеміз үзіледі. Кір деймін, ойбай! (*Үйге кірмекші.*)

А л у а. Қорқам, не деймін! (*Жылайды. Бұлардың артынан дабырлап екі-үш еркек келеді.*)

1-е р к е к. Ой, тоқта, тоқтандар!

С е к с е к. Е, не бар?!

2-е р к е к. Не босын, шірет бар!..

С е к с е к. Не дейді? О несі? Мазағы ма?!

1-е р к е к. Өй, бұл жерде кезек бар, кезек!

2-е р к е к. Сәдуәтль жұмыс бастаған жоқ, біз де кезекте тұрмыз.

С е к с е к. Ей, тұра тұршы, қоя тұршы! Уа, кір деймін, Алуа!

1-е р к е к. Өй, кезек бар дегенді ұғасың ба?

С е к с е к. Сендерге тәлкек керек қой мұнда... Білер ең, бәлем, сары атаншамен түні бойы тепендеп қашсаң?!

2-е р к е к. Өзі аларын алып қашып кеп, тықыршып тұр ғой дамыл таппай. Кезек бар деймін.

С е к с е к. Кезек-кезек... Кезегі не осылардың? Күзет кезегі болушы еді, қой кезегі болушы еді. Бұл жерге келіп ап, мал жоқ, ел жоқта кезек деп тағы не пәле шығарып тұр өздері?.. Ө-әй, кір, Алуа, бол! (*Алуаны итеріп үйге кіргізеді. Арттағылар дабырлап: “Кезек-кезек” деседі.*) Ал кезегіңе мен қалдым, жеп қойсаң! Алуа, сен кіре бер. (*Алуа кіріп, есік алдында тұрғанда.*) Тұрғанын қара үн шықпай. О, қой, қоя берші! (*Жалынып үйге кіреді, сырттағылар ұстай алмай қалады.*)

1-е р к е к (*сыртта*). Қызды түнделетіп алып қашқан қу ғой, құлқын сәріден кеңсеге жеткенін көрмейсің бе?

2-е р к е к. Қуғыннан бұрын айтып қаламын деп өлерменденіп тұр ғой. Кезегімізді әкеткенін қарашы. (*Бұлар тайқи береді. Үйде Сапар, хатшы қағазға қарасып отыр. Сексек Алуаны бір-екі түртеді. Алуа үндемей, бетін басады, жылап тұр. Болмаған соң Сексек өзі тамағын кенейді.*)

С е к с е к. Ассалаумағалейкүм, совет аға!

С а п а р (*елең етіп, күле қарайды*). Не дедің?

С е к с е к. Өкімет аға! (*Енді Алуаны түрмеді.*) Әне, қарады ана кісі, бар айт, айт деймін. “Апармасаң, буынып өлем” дейсің де, бұның не тіпті енді?! (*Алуа жылап жібереді. Сапар таңданып орнынан тұрып, Алуаға келеді, амандасады.*)

С а п а р. Жүр, бері жүріңізіші! Жасқанбаңыз, қарындасым. (*Алуаны қолынан жетектеп, столының қасына әкеп отырғызады.*) Көне, жасқанбаныз, бұл жат жер емес. Сізді мұнда бір қапалық әкелді ғой. Барды айтыңызшы! (*Алуа үндемейді.*) Атыңыз кім?

А л у а (*ақырын ғана*). Алуа!

С а п а р. Басыңызға бостандық алмақсыз ба?

А л у а. Я, аға... Бірақ қорқам.

С а п а р (*жылаған Алуаны уатып, жаны ашып*). Неден қорқасың, қарағым, кімнен қорқасың? Жөніңді айтшы, сені айттырған кісі бар ма еді?

А л у а. Жоқ.

С е к с е к. Жоғы несі, бар де!

А л у а. Айттырмай-ақ алмақшы болды.

С е к с е к. Айтпақшы, онысы рас-ау!

С а п а р. Ол кім, аты кім?

А л у а. Ол – Доғал. Мені қатын үстіне алмақ болды. Содан қаштым! Совет өкіметіне қаштым. Қуып келіп, мені қайтарып ала ма деп қорқам. Ағатай, ағажан, совет өкіметі сіз бе?

С а п а р. Бар совет өкіметі мен емес, бірақ совет өкіметінің бір адамы менмін және сол совет өкіметінің тапсыруы бойынша мен сенің басыңды қорғаймын.

А л у а. Шын ба, рас па? Ағатайым, әкем!

С е к с е к (*илесе*). Совет өкіметім, әкем!

С а п а р (*Алуаға жайлан*). Біз сені қорғаймыз. Бірақ алдын ала кеңесіп алайық, осы айтатын сөзіңді жадында тұт. Доғал бай сені іздеп келер. Не алдап, не қорқытып, сені қайтып әкетуге тырысатын болар. Біз сенен “баруға ырзасың ба, жоқ па?” деп сұрармыз. Сен сонда қорғанбай, жаңағы маған айтқан тілегіңді айт. Совет өкіметі сені қорғайды, бірақ ол “сенің өзің де өз басыңды қорғай біл, қорқақ болма!” деп ақыл айтады. Түсіндің бе осыны?

А л у а (*ақырын*). Түсіндім, аға.

С е к с е к. Түсіндік, совет өкіметі, аға...

С а п а р. Ендеше, қазір қызыл отауға барыңдар. Сонда қыздар сендерге арыз жазып берсін. Сол арызды алып, осында келіңдер! (*Сапар хатшысына белгі етеді. Хатшы Алуаларды ертіп шығады. Екі-үш еркек бұларды сөз қып тұр.*)

1-е р к е к. Мынау да басына бостандық іздеп келген қыз ғой байғұс. Седуәтілден шыққанын көрмейсің бе?

2-е р к е к. Не деген жақсы қыз! Қандай сұлу! Тек жігіті жарымапты!

1-е р к е к. “Жалтырдан қашып жалаққа” дегендей, жаңағы бір қураған жапырақтай қаудырлаған немене жарытар дейсің. (*Қызыл отау жағының шамы жанады. Сексек пен Алуа сонда. Хатшы жігіт Нинаға, Сәруәрға Алуаның жайын баяндап тұр.*)

Х а т ш ы. Әйел үстіне алмақ болған байдан қашқан! Сіздің көмегіңізге тергеуші жіберді, арыз жазып берсін дейді. Бұны алам деген бай осы елдегі ең жуан, кулак-боржой. (*Хатшы кетеді.*)

Н и н а (*Алуаға*). Жігіт болған қыз! Қашқан, жақсы! Екі қатын, кәрі бай! Тьфу, маскара! Осында бостандық, қорықпа!

А л у а (*Нинаға*). Мен сонда да қорқам. Доғал бай мықты, оның кісісі көп. Ол ашуланса жаман.

С е к с е к. Ол сабайды, аямайды. Ол кімге де болса зорлық етеді.

Н и н а. Бай Доғал сендердей жеке-жеке кедейге зорлық еткен, совет өкіметіне ол зорлық ете алмайды. Ал өкімет сендерге тигізбейді. Қайта, сендерге “неге тидің?” деп өзін жазалайды.

С е к с е к. Айналдым аузыңнан!

Н и н а. Жаз, Сәруәр, арызын жаз. Атың кім?

С ә р у ә р. Атыңыз кім? Отырыңыз!

А л у а. Алуа! Әкем аты Сатай. (*Сәруәр оның арызын жазып жатады. Екінші қыз Сексекпен сөйлесіп, оған арыз жазбақ болады. Ендігі әңгіме осы екеуінің арасында.*)

Қ ы з (*жазуға кіріседі*) Жә, атыңыз кім, жезде?

С е к с е к. Атым Сексек! (*Қыз күледі.*) Шыным, шын атым Сексек.

Қыз (күледі). Сондай ат бола ма екен?

Сексек. Ат болмайды, оның рас! Бірақ маған қойғанын көрмейсің бе, жұрттың?

Қыз. Жұрттың қойғаны қалай? Әкеңіз қойған ат ше?

Сексек. Ой, тәңір-ай, әкем қойған ат та жарып жатқан жоқ. “Жұмыр” қойыпты, “Жұмыр!..” Жұмыр дейтін мен бір шоқпардың басы ма, жоға, келсаптың түбі ме?.. Әшейін аузына түскенді қоя салған да. Қайта Сексек дегеннің мәні бар. Жұрттың ол атты қоятын жөні бар!

Қыз. Қалайша, бұл не деген сөз?

Сексек. Сексек атанғаным – мен бала күнімде Доғал байдың аулында ешкі баққам. Қазақ ешкінің атасын Сексек ата демей ме? Мен сол ешкі баққаннан “ата” деуге қимай, “Сексек” деп жарты атын қойған ғой.

Қыз. Ал Алуаны алуға сіз ырзасыз ғой?

Сексек (ожырайып). Жоға!.. Тәйірі, о несі?

Қыз. Е, енді қалай? Сіз алып қаштыңыз ғой, солай ма?

Сексек. Қаштым, ал сонда қайтеді екен?

Қыз. Ендеше, алмайсыз ба?

Сексек. Е, Алуаны алып мен не қылам, қарындасым емес пе?

Қыз. Ендеше, бұл қалай? Қашқандарыңыз қалай?

Сексек. Не қалайы болсын? Қарындасым қашам деді, мен тоқтата алмадым. Ал мұны қашырып жіберіп, Доғалдай қасқырдың қасында қалуға дәтім шыдамады. Сабайды деп қорықтым. Сонымен, мен де бірге қашқам жоқ па?

Қыз. Е, сіз қашпай-ақ кетсеңіз қайтуші еді?

Сексек. Жоқ, бостандық Алуаға керек болса, маған да керек. О не дегенің?

Дауыстар (тыста). Ойбай, Доғал бай келеді, бір қол кісісі бар! Өне келді, түсіп жатыр. Өңшең бай-қулак, өздері мас білем, еліріп алған!

Сексек. Не дейді? Айтам ба! Ойбай, енді қайттім!

Үйдің ішінде қарбаласып жүріп қазанның астына кіріп кетеді. Бұл жақтың шамы сөнеді. Жарық Сапар кеңсесі жақта. Ол үйдің алдына ұмтыла шыққан асау топ бар. Бұнда ақсақал, қарасақал, бай-қулақтар үйге кірмей, кейбірі сырттан сөз тастайды: “Қыз осында!”, “Ылаң қылмасын, қайтарсын қатынымызды!”, “Барындар, іздендер!” Осы үлкен топтың бір бөлігі сахна сыртына ұмтылады. Қалған Доғал бастаған бір тобы Сапардың үстіне кіреді.

С а п а р. Немене, байлар, бәріңнің қатының бір-ақ кетті ме?

1-д а у ы с. Бізге қашқын қыз Алуа керек!

2-д а у ы с. Қайда сол қыз?

С а п а р. Иә, бұл жерден қыз тартып әкетпексіңдер, солай ма?

Ж ә к е ш. Беталды қыз емес, қалыңдық!

С а р т а й. Инабатты адамның қалыңдығы.

Ж ә к е ш. Қызды қайнынан, қатынды байынан айырытып ел боламыз ба?

С а р т а й. Әділетіңмен басқар десек, айыптымыз ба?

С а п а р. Сіз не дейсіз? Қалай басқаруды тілейін деп едіңіз, шыныңызды айтыңызшы?

1-д а у ы с. Жолмен басқар дейміз!

С а п а р. Ол қай жол? Қандай жол?

Ж ә к е ш. Еліміздің жолын айтамыз. Бабамыздан келе жатқан жолымыз. Баяғыдан келе жатқан дініміз, шариғатымыз бар.

С а п а р. А, сол жолдарыңмен жүргізбексіңдер ме, совет өкіметін? (*Орнынан тұрып, зілденіп.*) Олай болса, көздеріңді ашып қараңдар, бай, шонжар, мырзалар! Қайда кеп тұрсыңдар? Жасақ жиып, жесір қуып Ақтал бойының байлары өулігеді, ә? Әлде совет өкіметіне сөз өткізбек, қыр көрсетпек бола ма? Жалайырлап ұран салып, Доғал бай бастап, бай Жәкеш, бай Сартай қостап, күш танытып көрмек пе? Көрсетші көне әуселеңді? Сезбей отыр деп пе ең? Қазір талқаныңды шығартайын ба осы шетіңнен?

Ж ә к е ш. Жолдас Сапар, күш емес, сөзбен келдік қой біз!..

С а р т а й (*жуасыған үнмен*). Жолдас тергеуші, осы біздің жөн сөзімізге жауап бола ма?

С а п а р. Айтып көр жөн сөзіңді!

Ж ә к е ш. Олай болса, Сатай қызы Алуа келді ме осында?

С а п а р. Ия, келді Алуа Сатай қызы.

Ж ә к е ш. Ол мынау Доғал мырзаның әйелі еді ғой.

С а п а р. Ал қыз бұл мырзаға ырза болмай кеткен болса, қайтесіз?

Ж ә к е ш. Ол бекер!

С а р т а й. Ырза емеспін десе, өз аузынан айтсыншы!

1-д а у ы с. Закүн болысса, ашық болысады емес пе?

С а п а р. Рас, ашық болысады.

Ж ә к е ш. Осы араға келтіріңіз де, жұрт алдында айтқызыңызшы қыздың сөзін!

С а п а р. Жарайды, көздерің жетсін. *(Хатшыға.)* Шақырыңыз мұнда Алуа Сатай қызын! *(Жұрт жым-жырт. Хатшы қозғалады. Бұл жақта шам өшеді. Шам қызыл отауда жанады.)*

Б а й ы р *(содыр топты бастан, Жалтыр екеуі жұлқына кірген. Алуа төрде үркіп тұр).* А, қашқын қыз, құтылып көр.

Ж а л т ы р. Осыдан кетіп көр Доғалдан! Шық былай! *(Ұмтыла береді.)*

Н и н а *(атып тұрып, өз бойымен Алуаны қоршан).* Стой! Тоқта! Тиме!

Б а й ы р. Өзің былай тұр! Тарт мынаны. *(Жалтыр Нинаның қолынан ұстап, жұлқи береді.)*

Н и н а. Не смей!.. *(Браунингін суырып алады.)*

Ж а л т ы р. Өй, тарт арман!

Н и н а. Убирайтесь вон! Кет!

Ж а л т ы р. Кетсең өзің кет!

Б а й ы р. Құтқармаймыз бұл қызды! *(Арттарынан кірген екі-үш мастау жігіттер тобымен Нинаны кимелеп, Алуаға қол соза береді.)*

Ж а л т ы р. Былай тұр сен, қыз! *(Қатты жұлқып жібереді.)*

Н и н а. Тоқта! Тыңда! *(Ақырады. Байлар сәл аңырып тоқтай қалады. Нина Алуаны қорғаштап тұра қап.)* Мені өлтіріп қана аласың, білдің бе? Ал мен мынау браунингімдегі алты оқпен осы тұрған байлар алтауыңды айтып өлтірмей, өлмеймін, бермеймін Алуаны! *(Екі жақ үрпийсіп тұрып қалған. Хатшы кіреді.)* Сендер қасқыр болсаң да, бұнда қойлар жоқ! Талатпаймыз қасқырға! Немене айғай! Далада, малда жүрсіндер ме? Қайда кеп тұрсыңдар?!

Х а т ш ы *(байларға).* Тұр былай! Қайт былай, бұл не бассыздық?

Ж а л т ы р. Жібермейміз, құтқармаймыз бұл қызды!

Х а т ш ы *(Нинаға).* Сатаеваны следователь шақырады, сонда алып жүріңіз. *(Нина, Алуа, хатшы үнсіз томсарған топтың алдынан өте береді. Бұл жақта шам өшеді. Енді шам следователь үйінде жанған.)*

Н и н а. Жолдас тергеуші, мәлім етейін. Сатаеваны тартып алмақ болды мынау байлардың бір тобы... Бұл қандай топ? Қандай жыртқыштар?

С а п а р. Жаңа шулаған кім?

Н и н а. Шулаған осылар! Мына бейшара қызды қасқырша тартып әкетпекші!

С а п а р (*Доғалдарға*). Сендерсің ғой бүлдіріп тұрған, ә? Айт, сен бе солай жұмсаған! Бұл жөнінде бар жауап сенде екенін білесің бе?

Д о ғ а л. Жо, мен емес, жолдас Сапар!..

С а п а р. Рас па? (*Көпке.*) Жә, шықсын бұдан бассыз топ! Қаптамаңдар! (*Топқа.*) Кім шақырды бөріңді мұнда? (*Хатшы мен милицияға.*) Шығарыңдар артық топтың бөрің.

Д а у ы с т а р. Біз куә... Куә... Куәлармыз!

С а п а р. Куәға үш кісі жетеді!.. Даугер – мына Доғал... Ал басқа бөрің барып тұр!.. Қаптама мұнда! Мен қазір тергеу бастаймын! Бар, барыңдар! (*Көпшілікті хатшы шығарады. Доғал, Сартай, Жәкеш, Байыр ғана қалады. Жаңа жылап кірген Алуа енді ғана ес жиып, күрсінеді.*)

С а п а р (*тергеу бастаған*). Сатай қызы Алуа, сіздің мына Доғал Дулат ұлының әйелі екеніңіз рас па еді?

А л у а (*ақырын*). Өтірік!

С а п а р. Ырзалықпен тимекші болғаныңыз рас па еді?

А л у а. Өтірік.

С а п а р. Сол ырза болғандықтан, Доғал жіберген сыйды алып, қабылдағаныңыз рас па?

А л у а. Өтірік!..

С а п а р. Ендеше, үстіңізге киген киім кімдікі? Доғал “мен жіберген сый, мен кигіздім” дейді ғой.

С а р т а й. Бәсе, соны айт!

Ж ә к е ш. Әлде өзің тігіп киген кемзал, көйлек шығар, солай ма?

С а р т а й. Сатайдың сандығынан алған болар?

І-д а у ы с. Кім кигізді екен, айтып көрсін, кәніки?

А л у а (*бекініп*). Әуелі бұл киімді өздері бас салып, зорлап кигізген маған. Бірақ бұл киім, енді ойласам, менікі. Әкем Сатай осы Доғалдың отына күйіп өлген. Мен күң боп қызмет еткем. Әкем екеуміздің бір көйлек, бір кемзалға татитын еңбегіміз жоқ деп қайтіп айтар екен!

С а п а р. Сөйтіп, Сатай қызы Алуа, сіз Доғалға ырзалық берген жоқсыз және бермейсіз де, солай дейсіз бе?

А л у а. Солай, ырзалық бермеймін, маңына да бармаймын!

С а п а р. Соңғы сөз, өзіңізді оның қалыңдығы деп те санаған емессіз, солай ма?

А л у а. Емеспін, солай!

С а п а р (*хатишыға*). Хаттап болдыңыз ғой осы сөздің бәрін? (*Топқа.*) Тергеу бітті. Іс осымен тамам! Енді тарай берулеріңе болады. (*Байлар сызданып, томсарған күйде өте жай басып тарай береді.*)

Д о ғ а л. Құтылдым дейтін шығарсың. Бұрын көрмегенді енді көрерсің, Алуа!

С а р т а й. Айтқамыз. Жерге кірсең, төбе шашыңнан, аспанға ұшсаң, сирағыңнан сүйерміз.

Алуа шошиды, байлар кеткен соң Нина, Алуа үйден шығады. Енді бұл жақтың шамы өшкен. Қызыл отауда Сәруәр бастаған қыздар жабықтан қарап, сөйлеп тұр.

С ә р у ә р. Байлар жеңілді, мойындарына су кетті. Аттарына мініп кетіп жатыр.

І-қ ы з. Біза болғаннан жарылардай... Кетіп жатыр. Түстері өрт сөндіргендей.

Бұл үйде осы кезде төңкерулі үлкен қазан жорғалап жүреді. Қыздар бұған қарап күледі. Бір сәтте қазан астынан Сексек қуанып, жайнап шығады. Бет-аузы бес батпан күйе. Жабыққа ұмтылып, қайта қуана секіреді. Қыздар күледі.

С е к с е к. Кетті... жөнелді. Біз аман, Алуа азат!.. (*Қонышынан сыбызғысын суырып алады. Тамаша, ойнақы, шат күй тарта жөнеледі. Сексек күйін бітірген.*) Азат күй, Алуа күйі... Бостандық!.. Ал қазанның асты жаман екен, құдай көрсетпесін, мүлде тұншығып өліп қала жаздадым.

С ә р у ә р. Бәсе, соның нең?.. Еркек басыңмен о не қылғаның?

С е к с е к. Е, қайдан білейін. Әлгі Қаңбақ шал қазан астына кіргенде, ақыл тапқан екен дедім ғой!



С ә р у ә р. Қай шал дейсің? (Күлкі.)

С е к с е к. Е, әлгі бар емес пе еді, өзіміздің Қаңбақ шал. Анау ертегідегі дәуден қашып, қазан астына тығылатын Қаңбақ шал бар емес пе? Бірақ не қыласың. Алуаш, сенің қашқаның ақыл, менің қазан астына тығылғаным мақұл болды ғой. Құтылмадық па!.. Неге қуанбайсың?!

А л у а. Қайдан білейін... Көздері тегіс құтырған қасқырдай қанталап алыпты, өздері қандай көп! “Жерге кірсең, төбе шашыңнан, аспанға ұшсаң, сирағыңнан сүйрейміз” деді ғой! Шошимын... әлде менің сорым жаңа ғана басталды ма?!

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ЕКІНШІ АКТ

#### *Үшінші сурет*

Сахна көп ауылдар арасындағы бұлақ басы. Сыртта тасырлатып желіп келе жатқан ат дүбірі естіледі. Сәлден соң сахнаға Алуа шығады, колында қамшы, белінде белбеу. Киімі жартылай қалаша.

А л у а. Үш жыл болыпты... Анау Доғал байдың үйі ғой, соның босағасынан, сонау бір кеште қашып шыққан жерім осы Суықбұлақтың басы еді. (*Беті-қолын шаяды, ойлана айнала қарап.*) Әкем құл боп өскен, шешем күң боп күңіреніп өткен, өзім алты жасымнан он үш жасыма шейін жетімдік пен күңдікте, мазақ пен азапта күн кешкен жерім... Әлсіз иықтарыма иінағаш батып, осы бұлақ басында сан рет жығылғаным да есімде!.. Көзімнің талай ыстық жасы саған да тамып еді, Суықбұлақ. Шөбің шекер, суың бал, туған жер, оны ойласам, тәттісін... көргенім мен өткенді ойласам, ащысын... Доғал, Сартай, Байырдай байлар ауылдары әлі мұнда, әлі түгел отыр екен!.. Доғал бай аулы үстінен шығам деген ойымда жоқ еді, кездесетін бір шаққа келген болармын... (*Доғал шығады. Әйелдер келе жатады, ер, әйелдер, кәрі-жастар, Бейсен, Назарбек, Ораздар бастаған топ Алуаны таниды.*)

Д а у ы с. Айналайын Алуа! Қарағым-ау, Сатайдан қалған жалғыз көз...

2-д а у ы с. Адам бопсың-ау, қарағым. Қайда жүрсін, амансың ба?

А л у а. Мен аман-саумын, аталар, апалар! Өздеріңіз де тегіс амансыздар ма? Мен қазір сіздерге бір үлкен тілекпен келдім, зор өтінішпен көмек сұрап кеп тұрмын! Құм ішінде жол салып жатқан Түрксибтің қалың жұмыскер тобы бүгін мынау ыстықта, дәл осы сәтте суға, сусынға соншалық мұқтаж боп тұр. Құдықтарды байлар әдейі иттің өлекесін тастап, жылан, бақа, шаян тастап бүлдіріп кетіпті.

Б е й с е н. Не дейсің, Алуа, рас па екен осы сөз?

О р а з. Әдейі істеген бе? Кеше ғана көшкен құдық еді, қайдағы ит пен борсық оған бір-ақ күнде түсе қалды?

Б е й с е н. Біреу қастықпен апарып тастаған болды ғой.

А л у а. Мен осылайша кеткен бір аттының ізін де аңдап келдім, ендеше. Көзім анық жетпегеннен айтпайым деп тұрмын. Көрсен, сезсен, өздерің айтыңдар!..

О с п а н. Дәл айта алмаспыз, бірақ шығар-шығар осы маңның өзінен-ақ.

Б е й с е н. Түрксибтен кедей атаулыны үркітіп жүргендері тегін дейсің бе?

О р а з. “Көлік берме, маңына барма, сусын сатпа, жалданба!” деп, ертеден қара кешке неге үшкіріп жүр дейсің құлағымызға!

А л у а. Кезі келер, мезгіл жетер, советтің көз-құлағы мұнда да бар көрінесіңдер! Түрксибтің өзіне бір қастық етіп, сендерден оның жақсылығын жасырып екі қастық етпек қой... Бірақ олары бейшаралық, күлкі ғана... Шығып келе жатқан күн сәулесін көрпемен бүркеп жасырам деген бола ма?! (*Күлкі.*) Солай... Құдықты құлатқан қастығы да сорлылық!.. Уа, шіркін-ай, бөгеп қалар сонымен Түрксиб жолын!.. Тек бүгін мынау қайнар ыстықта, қалың құмда қазған құдықтардан тұз шығып, сәл ғана қинап тұр... Болмаса бұлар жамандаған сайын жақсылық сонда деп сене бер, ауыл кедей! Ал қазір бәрің де бөгелместен бір-ақ іске жұмыла кіріп, жәрдем ет!.. (*Жұртқа дауыстай түседі.*) Ағалар, бауырлар! Қазір бәрің де үйлеріндегі меске, қарынға, торсық, сүйретпеге су толтырып, айран-шалаптарыңды құйып, өгізге болса да мінгесіп, тай-тулақтарыңа мініп, сол сусындарыңды жеткізе көріңдер!

Б е й с е н. Айтқаныңды орындаймыз, Алуа!

Н а з а р б е к. Уа, сол үшін ештеңе бере ме Түрксибің?  
А л у а. Береді! Сіздер бейіл берсеңіз, Түрксибтің бермесі жоқ.

Д а у ы с т а р. Қазір ат-көлік әзірлеп, апарамыз сусынды!

Т а ғ ы б і р д а у ы с. Үйде бар ішерлігімізді жеткіземіз.

Д а у ы с т а р. Әкпеліңдер, ұстаңдар түйелерді, өгіздерді!

Д о ғ а л (*айғайлап*). Уай, бұл не қылған әбігер, шаруаның кезінде қандай ылаң? (*Алуа ілгері басады.*)

А л у а. Ылаң жоқ! Түрксиб жұмысшыларына су мен сусын сұрап келіп тұрмыз.

Д о ғ а л (*Алуаға*). Сен әлі кешегі Сатайдың қызымысың? Асқақтамай-ақ, бүлдірмей-ақ, жөн келсең болмаушы ма еді?

А л у а. Мырза, мен әлі түкті де бүлдіргем жоқ. Мына кедейлер қара суымен-ақ қайырым етпекші.

Д о ғ а л. Ал мені қара суды қызғанады деп, жала жапқалы тұрсың ба?

А л у а. Бермегіңіз келсе, оны да қызғанарсыз, кім біледі?

Д о ғ а л. Не жала жауып тұрсың сен маған?

А л у а. Жала дейсіз бе? Ендеше, Қиғанқұдық, Тасты-құдық сіздің ауыл көше салысымен неге уланды? Түрксибтің жұмысшылары ішпесін деп қызғанышпен ит тастаған, борсық тастаған қай ауыл?..

Д о ғ а л. Пәле салғалы кеп тұрмын десеңші!..

Б а й ы р (*Жалтырға*). Әй, Жалтыр, мынау сенің ініңе су құям деп тұр, пәле шығармасын осы. Амалын ойлашы!..

А л у а. Пәле салушы емеспін, бірақ халық ісіне қастық істеп, у салушыны іздейтінім рас!..

Б а й ы р. Мынаның асуын-ай, Доғалдың бетінен алып тұрғанын қарашы!

С а р т а й. Жалтыр, сен араласшы...

Ж а л т ы р (*Алуа мен Доғалдың арасына килігеді*). Сен, Сатайдың қызы, немене, шаруаға неге қырсық жасайсың?

А л у а. Сенің қай шаруаңа мен қырсық жасадым? Немене, байларға итаршы ма едің?

Ж а л т ы р. Итаршы дейсің бе? Ендеше, итаршыны мен саған көрсетейін!

Б е й с е н (*Алуаға болысады*). Әй, Жалтыр, шатақ іздемей, тек тұрсаңшы сен!

Ж а л т ы р. Мені итаршы дейді, кімге итаршы бопшын сонда? Мынау отырған бес ауылдың мыңғыраған малы су іше алмай, шөлге қамалып жатыр, ол – советтің малы. Соны суаратын құдық аршып жатсақ, бұл келіп жұмысшыларымызды алаң етіп, алдап әкетіп, советтің малын қырайын деп жүр. Бұның істеп тұрғаны қып-қызыл қастық. Мен бұған қырғызбаймын совет малын!

А л у а. Совет малы емес, сенің жаныңды салып тұрғаның байдың малы. Итаршы екенің рас!

Ж а л т ы р. Қоймадың ба! Ендеше, әкендей кісіге тіл тигізгенің үшін, мә!

Алуаның шашынан ұстай алып, бір жақ бұрымын шорт кесіп алмақ болады. Арпалыс. Жұрт жиреніп, шошып айғай салады. Бейсен Жалтырды қағып жіберіп, ұшырып түсіреді. Алуа қайрат жияды, шашын қырыққызбаған.

А л у а. Жолдастар! Мынау байлардың маған істеп тұрған сұмдығын көрдiңдер ғой. Бірақ мен ол туралы қазір түк айтпаймын. Сiздерге арнайтын сөзім жалғыз-ақ, жаңағы көмектерiңдi сұраймын! Елдiк етiңдер! Бөгелмендер, жолдастар, кiрiсiңдер жаңағы iстерiңе! *(Бір топ кедейлер жөнелiседi. Доғал мен байлар ақыра тұра келедi.)*

Д о ғ а л. Тарамаңдар ешқайда!

С а р т а й. Бармаңдар жолға!

Б а й ы р. Көшеміз, кетеміз тағы бұл жерден!

Ж а л т ы р. Уа, кедейлер, көшеміз, қазір көшеміз!

Д о ғ а л. Жығыңдар үйдi!

А л у а *(кедейлерге)*. Қиын қыпты! Кетсе, өздері кете берсін. Көше берсін, үндеме! Сендер өне, тұстарыңа тақап келдi ғой, Түрксібке тартыңдар! Сонау Семейден берi тұс-тұсына жол жұмысы жеткенде, ел кедейi тегiс барып орналасып, ырысын тауып жатыр. Соны ойлаңдар, Бейсен, Ораз!

Б е й с е н. Тiптi лебiзiңнен айналайын, Алуа!.. Өзiмнiң де бар көкейiмдегiнi айтып тұрсың.

Д а у ы с т а р. Рас... Сөз-ау. Ақыл-ау осынысы.

Б а й ы р. Кетеміз алысқа Түрксібтен. Тоқтаңдар, кедейлер! *(Кедейлердiң қалғаны Алуа қасына жиылған. Байлар оқшауланып қалған. Сахна сыртында аттылар дүбiрi естiледi. “Мыналар кiм, аналар кiм?” дескен дауыстар.)*

А л у а (*кедейлерге*). Тоқтаңдар, жолдастар! Мынау Сапар аға, үкімет адамдары. Қарсы алыңдар, осылар сендердің бір қамыңмен келген болар!

“Келе жатыр, өне келеді!” деген үндер естіледі. Сахнаға бір топ совет қызметкерлері — тың адамдар шығады. Бәрінің алдында Сапар, орта кеуделе Сексек те келе жатады. Енді біраз уақыт сахнадағы қалың жұрт үш топқа бөліне өзара сәл сөйлеседі.

Д о ғ а л (*өз тобына*). Мына ояз бастығы Сапар ғой?  
С а р т а й. Осы елдің бас көтерген атқамінерлерінің бәріне ұзында өшті деуші еді!

Б а й ы р. Бұ неғып жүр екен? Тағы бір науқаны ма екен бұлардың?

Д о ғ а л. Қандай қайырлы жұмыс дейсің? Әнеугі естілген жаманат бар еді, сол жетіп-ақ қалғаны ма?

Ж ә к е ш. Япыр-ау, сонымен жеткені ме?

Д о ғ а л (*Жалтырға*). Түсініп отырсың ба, Жалтыр?

Ж а л т ы р. Несін айтасың, бай, оны естен шығарсам, Жалтыр болам ба?

Д о ғ а л. Олай болса, сен Назарбекті айналдыр! Қасына бірнеше кемпір-шалды қос. “Атам Жалайыр әруағына тапсырдым” деп айтты де! (*Бұлар арасында күбір сөздер. Енді бір топ Сексек айналасындағы кедейлер.*)

Д а у ы с т а р. Айналайын Сексек-ау, зарықтырдың ғой келмей!

2-д а у ы с. Күйін сағындық қой сыбызғының!

С е к с е к. Үндемендер, менің күйім әлі жетеді. Биік шырқап жетеді өздеріңе. Осы күнде Сексек сазы алысқа кетіп жатыр! Атап сұрама!

1-д а у ы с. Ал өзің не жаймен келдің? Бұнда не істегелі келдіңдер?

2-д а у ы с. Бар тобың не жұмыс істейсің мұнда?

С е к с е к. Үндеме, ішің білсін, сабыр ет, көп кедей. Аз күнде бәрі ашылады. Қысқасы (*тақпақтан*), жеткен Сексек, келмес теп-тек! Айтарым сол, ашылар жол! Арты қайыр, жарлы байыр! Жори бер! (*Бұл топта күлкі, күбір. Ендігі бір қалың топ — ортадағы Сапар, оның айналасында Бейсен, Ораз, Оспан, Алуалар.*)

С а п а р. Біз ертеңнен бастап, осы болыста қосшы

союзының, кедей-батрактардың жиылыстарын өткізе бастаймыз. Көп жерлерде көпшілік пікірін жиыстырып кеп, ақырда бірнеше бай-жуан жөнінде байлау жасаймыз. *(Алуаға.)* Сен осы жұмыстың берік қайраткерінің бірі боласың, Алуа. Уездік партия комитеті саған бұл іске қатынасуды арнап тапсырды. Іздетпек едім, жақсы кездестің. Тек өзінді сабырмен, салмақпен ұста! Берік ұста, қасымда бол!

А л у а. Құп, Сапар аға, түсіндім. Ал енді осы арада көп ауыл бар. Көп кедей-батрактар да осында... Алдын ала жай-жағдайды сездіре кетпейсіз бе?

С а п а р. Оның теріс болмас!.. Көне, бұндағы кедей-кепшіктің не білгені, хабары бар екен?.. *(Жұрт тегіс сахнаның орта тұсына қалың топ боп қоралай жайғасады.)*

Н а з а р б е к. Не хабарды айтасың, шырағым? Біз хабар-ошарды өзіңнен тоспаймыз ба? Не білгенің бар, бәсе!

С а п а р. Жә, ендеше, жуан-шонжар байлардың жайын талқыға салады деген сөзді естігендеріңіз бар ма еді! *(Бейсен, Оспан, тағы бірнеше кедейлер дауыс береді.)*

Д а у ы с т а р. Естігеміз, Сапар жолдас! Тосқамыз ғой соны! Лебізінді күтеміз!

С а п а р. Андап барлап қарасам, осында отырған көбің Доғал байдың малының шетінде өмір бойы күн кешкен жандарсындар-ау, солай ма?

Д а у ы с т а р. Бәрекелді, рас айтасыз... Тіпті әкешешеміз де құлы-күңі болғанымыз бар...

С а п а р. Жә, соны айт. Ал енді, егер “кеселді түйін шешіліп, кердең мойын кесіліп” дейтін күн келді десе... бай Доғал ата-тегінен келе жатқан озбыр жуан-феодал еді. Осыны өз ортаңнан бүгін кетірем десең, ерік сенде десе, не дер едіңдер, қалай ұйғарар едіңдер?! Осы ауылдың қойшы, жылқышы, биеші, көрші-қолаңы, сендердің еркің біледі десе, не дер едіңдер?.. Мына отырған байлардың өз көзінше айтайықшы!.. Көне, қандай кеп айтар ең, батрактар, ә?!

Д а у ы с т а р. Ал айт! Сен айт! Жә, айтсаңшы, бастасаңшы бірің! *(Көпшілік үнсіз. Жәкеш, Байыр, Жалтырлар бірер кемпір, шал кедейді түртпектеп отыр.)*

О р а з. О, бәрі де мәлім емес пе! Айтқаның рас қой, Сапар жолдас. Көрген күн анау, тұрған түр мынау. Пәлесін жұқтырмаса екен сол бай демеі ме жұрт.

К е д е й л е р д а у с ы. Дұрыс! Солай!

Д о ғ а л (*маңындағы кедейлерге естірте*). Қарызым, ата қарызым, тұз қарызым бар емес пе еді, Жалайырдың баласы, бөріңде?.. Шын-ақ оққа байлап, отқа төсеп бергенің бе, ағайын!

С а р т а й. Дәм қарызы бар еді ғой... Дәм атпай ма?!

Б а й ы р. Ата қарызын қайтеміз?

Ж ә к е ш. Не жазыпты ел-жұртына!.. Зарлады ғой байғұс!

Б е й с е н. Е-е, осында біреулер Доғалдың қарызы бар, дәм қарызы бар дейді, одан аттасақ, мойнымызға тозақта қызыл ошақ салады дей ме, әйтеуір ақиретті орнатып жатыр. Мен білсем, алыстағы ақырет тозағынан бұрын әуелі осында жер тозағынан құтылсақ қайтеді? (*Байлар отырған жақтан жүздері көрінбей, қатты дауыс берген үндер естіледі.*)

Д а у ы с т а р. Қандай қастық көріп ең? Не жаманшылық кешіп ең? Ел шауып, жер өртеп пе еді?

Б е й с е н (*бұл дауыстарды тосып алып*). Алыстағы қастығын қояйын, кеше мен дәл бүгін ғана мына Қарақұмда, Түрксибте жұмыс істеген орыс, қазақ жұмыскері, қалың жұрт шөлден қырылсын деп құдықтарды улатқан кім? (*Оспан, Ораз, Смағұл, Сексек бұны қостап дауыс береді.*)

О с п а н. Жол бойынан ауылдарды қашыра көшкен кім?

О р а з. Ылау берме, үй жалдама, азық-сусын сатпа демеп пе еді?

С м а ғ ұ л. Керек десе, қара су екеш бір жұтым су берме деді ғой.

О р а з. Бірде-бір батрак-кедей Түрксибке барма, жалданба деп, ертеңді-кеш үгіттеген, етегіңнен тартқан кім?

Б е й с е н. Әне, Түрксибке кедей барса, көз ашылады деп соны істеді. Осының өзі де жетеді. Тұрмасын бұл өлкеде Доғал!.. (*Және де байлар маңындағы топтардан үн естіледі.*)

Д а у ы с т а р. Жә, жә, болды, айтпайды сен айтқанды бар кедей.

Н а з а р б е к. Уай, жігіттер! Осы кәмпеске деген не өзі? Малды, жерді алу ма, жоқ, сонысының бәрін алып, тағы айдау ма?

С а п а р. Конфискеге ілінген адам ел ортасындағы зиянды адам деп танылады. Сондықтан оны көпшілік –

батрактар кеңесі, кедей кеңесі залалды деп тапса, малы алынудың үстіне, өзін үй ішімен басқа облысқа жер аударады.

**Н а з а р б е к.** Жә, ағайынды-қарындас! Қарға тамырлы қазақ едік, жер өртеп, ел шауып, ер өлтірген жоқ еді ғой Доғал! “Ұзында өшті емес ек. Малың алсаң ал, тек өзін ел ішінде қалдыр. Бір басына ерік бер” десек, қалай болады? Осыны айтқанды жазғырып, жазаламайсың ба, түге? Кедейге ерік бердім дейсің ғой, ендеше, сол ерікті кедей осылай десе, не дейсің? *(Байлар жақ топта “осылай-осылай” деп дабырлаған үн шығады.)*

**С а п а р.** Жә, бар кедей осылай дей ме? Мына кісі бәрінің ойынды айтып отыр ма?

**Б е й с е н д е р т о б ы.** Жоқ, жоқ! Айттық жаңа, Назарбек адасады!

**А л у а.** Тегі, енді біз жігеріміз жетсе, Ақтал бойында бұрын болмаған бір байлау жасармыз. Осы ауылдың кешегі құлы мен күңі, бүгін совет өкіметі арқылы қолы жеткен елі жасайтын байлау ғой... Несін жасырып, жалтақтаймыз! Доғал бай қанаушы, обыр бай болатын, бекер ме еді? Күні бүгін ғана Түрксибке кесірі тигендей, ендігі совет заманы берген бақытыңа да қырсығы тимей қоя ма? Бұл байдың кетуі сіздердің тілектеріңіз емес пе еді? Шыныңды айтсаңшы, жұрт!

**Д а у ы с т а р.** Солай, солай. Дұрыс, бәріміздің сөзіміз сол ғой! Бәріміз үшін айтты. Алуаныкі рас!

**Н а з а р б е к.** Е, жаңа осында ортамызға келген, бұрын осы ауылдың қызы болған Алуа бала сөйледі. Шырағым Алуа, сенің әкең Сатайды біз білетінбіз. Жақсы азамат, ер кедей еді. Бірақ оны Доғал өлтірген жоқ-ты, қызым. Құдай бар, қайтіп өтірік айта аламыз! Оны қаныпезер ұры Бұлан атып өлтірген. Өзінді болса, Доғалдың қатын үстіне нақсүйер етіп алам дегені рас, тек болмаса сенің басыңа қандай қастық етті, шырағым, ә? Бұл “аламын” деді, сен “тимеймін” дедің. Көнбедің де, кеттің де бардың ғой. Сол үшін-ақ жерін, малың алудың үстіне, өзін тағы құртам дейсің бе?!

**А л у а** *(Сапарға).* Мынау Назарбек деген әлі санасы ашылмаған, тап сезімі оянбаған құйыршық. Өзі кедей болса да, кулактың құйыршығы боп, итаршы болғанын ұқпай тұр. Осыны әшкерелеп сөйлесем қайтеді?



С а п а р. Жоқ, әзір әңгіме онда емес, алаң қылма! Болмайды. Тоқта, мына жұрттың өз ішінен біреу сөйлесін! *(Көпшілік үнсіз.)* Жә, жұртшылық, Назарбектің де сөзін тыңдадыңдар, оған не дейсіңдер? *(Пауза. Жұрттың алысырақ шетінен, қалаша жақсы киінген, көзінде көзілдірігі бар біреу тұрады, ол – Мардан.)*

М а р д а н. Жолдас Сапар, мені бір тыңдасаңдар қайтеді? *(Ол бері жүріп келе жатады. Батрактар арасында жақтырмаған дауыстар.)*

Д а у ы с т а р. Бұл – Доғал байдың інісі! Өзі де жуан шонжардың мұрагері. Қаланың төресі... Мардан! Ол не айтушы еді.

М а р д а н. Мен батрактардың осы болыста, осы тұста болатын жиынына алыс қаладан әдейі келген адаммын. Біреулер мені туған ағасы Доғалмен қоштасқалы келді, әлі біткенше ақыл бере келді, көмек еткелі келді деп те ойлаған болар. Солай ойлағанның ең басы – мынау отырған менімен бір ата, бір анадан туған Доғалдың өзі болатын. Бірақ мен ол үшін келгем жоқ! Ақталдың бойына да бүгін бүкіл қазақ даласына келген жаңа дәурен сәулесі түсті! Совет сәулесі! Мынау ұлы құрылыс Түрксібтің осы өлкеге жеткені – жаңа тарихтың, талай жаңалықтың зор бастамасы. Бірақ Ақтал бойын түгелімен кімдер баурады? Өздері өнерді, еңбекті сүймейтін, бар еңбекшіні қараңғыда, езгіде ұстап келген мынау Доғалдар биледі.

Д а у ы с т а р *(батрактар арасында.)* Е, бәрекелді, дегенің рас! Уа, жолың болсын... *(Байлар арасында.)* Құдай атсын, әруақ атқыр, азғын! Шіріген жұмыртқа!

М а р д а н. Алуа қарындас дұрыс айтты, соның айтқаны – халықтың тілегі. Жерден, малдан ғана айырып қоймай, Доғал сияқты жандарды елден де айыру керек. Доғал бұл өңірден кетірілсін!..

Д а у ы с т а р. Солай, бәрекелді, дұрыс!..

С а п а р. Дұрыс дейсіздер, ә!.. Е, ағайын, бұнымыз жиналыс емес, жай бір аужай түйісу ғой. Ендігіні жиындарда сөйлесерміз... Тек сол жиындар алдында, бар кедей-батрақ бір жәйді өте жақсы ойлап түйіп алсын... Бұнда екі жақты жәй бар. Ең әуелі, жуан шонжар бай кетіріледі. Көпке істеген көп заманғы қиянаты, озбырлығы үшін кетеді. Екіншіден, бұрын еңбек иесі болған есесі көп кедей есесін алады.

Жер иесі, мүлік иесі, осы кедей, өзің боласың. Ендігі өмір қожасы өзің боласың... Міні, осы жолында саған кедергі, кесел ететін болғандықтан, кешегі қожаң, жуан содыр аулақ кетсін дейді. Осылай ет, қалың кедей атаулының қазақ аулындағы теңдігін еркін қорға, есеге қолын мол жеткіз деп отырған совет үкіметі, Ленин партиясы. Ойлағанда, міні, ең алдымен осыны ойлап келесіңдер! Солай ма?

Д а у ы с т а р. Солай, солай! Жиналысты тосамыз, хабар күтеміз.

Н а з а р б е к (*Жалтырға*). Тағы бірдеме десем бе екен осы.

А й б а л а. Әке, жетті!.. Доғар енді.

Ж а л т ы р. Әй, бөгеме! О несі!..

А й б а л а. Аулақ әкемнен, сүзеген бұқа секілденген алакөз!.. Болдың ғой адастырып. “Албасты сақалға қарай басады” деп!.. Әке, сен жетістің ғой құйыршық боп.

Н а з а р б е к. А... мына... дейді... мына!.. (*Қолын түсіре береді.*)

А л у а (*Марданның қолын алып*). Сіз қандай жақсы айт-тыңыз. Сіз осындай ма едіңіз?..

М а р д а н (*күліп*). Енді қалай деп едіңіз! Біз жаңа заман тәрбиесінің жаңа бағыттағы адамы емеспіз бе, Алуаш?

А л у а. Мен білмеппін, мүлде мұндай деп ойламаппын.

М а р д а н. Ұмытқансыз ғой, Алуаш!.. Есіңізге түссе, мен Доғалдың сонада сізге, сіздің басыңызға қастық етпек болған шағында да барымша қарсы шықпап па едім? Ат кекілін сонда кеспеп пе ем?.. Бүгін әдейі, мүлде осы ауылдан, атадан, мынандай халық аластаған ағадан арамды айыру үшін, барды үзу үшін, шын совет азаматы болғаным осы деу үшін келгенім жоқ па?!

А л у а. Сондай тамаша, сондай жақсы айттыңыз, Мардан аға! Бәсе, саналы, оқыған азамат жолы осылай, басқаша болу керек қой.

С а п а р (*өзін қоршаған кедейлер ортасында*). Жә, достар, батрактар! Тап жауының үлкені туралы үлкен байлау жасап, алыспаққа бекіндің!.. Байды кетірсек, оның орнына жаңа дүние құрып, жаңа дәурен жасаймыз Ақтал бойында. Соған сарп етеміз бар күшті!.. Бірақ естеріңде болсын, Ақтал бойында тап тартысы анық берік басталғаны

осы. Ендеше, жаулықтың да нелер қиян-кескі қастығы, айлалы аяр қылығы да осыдан басталар деп біліңдер, соған белді бекем буыңдар. Іс тартыс жаңа ғана басталды!.. Бейсен, Алуа, Ораз, сендер менімен Волисполкомға баруға өзірленіңдер!.. Жүріңдер!

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Төртінші сурет*

“Ақтал” колхозының үлкен клубының бір жақ бөлімдері. Сахнада Алуа, Бейсен, бұларға қарай Сексек пен кішкене Жанар келе жатыр.

С е к с е к (*Жанарға*). Сұра, Алуа төтеннің өзіне айтқыз өнді... сұра!

Ж а н а р. О кісі өкіл ғой!.. Ән біле ме екен?..

С е к с е к. Е-е, ол менің қарындасым емес пе? Маған тартқан дәулескер әнші!..

Ж а н а р. Алуа төте, біз концерт бастаймыз деп ек!..

С е к с е к. Ия, екінші бригада демалысқа келді.

А л у а. Бәрекелді, беріңдер концерт... Көңілдендіріңдер колхозшыларды!

Ж а н а р. Бәсе... Төте... өзіңіз де ән сап беріңізші.

А л у а. О не дейсің, қарағым-ау... Менің жұмысым бар ғой!..

Ж а н а р. Иә, біз қайта-қайта шыға береміз...

С е к с е к. Рас айтады, әредікте қостасаңшы өзің де!..

А л у а. Е, өзің екенсің ғой әкеп тұрған. Ал бастандар, жарайды бастай беріңдер. Мен де бір кезекте болысармын, бастандар көне!.. (*Кейінгі бар оқиға концерттің ойынында өтеді. Алуа қағаздарды қарастыра, хат оқиды Бейсенге.*) Бейсен, Укомнан, Сапар ағадан келген хатты тыңда! “Екеуіңе биылғы көктем ерекше сын, өзгеше жауапты көктем екенін ескертемін. Бұрынғы құм кезген, “итке мініп, ирекпен қамшылап” дегендей, даланың қаңбағындай ауа көшіп жүрген елің отырықшы боп жатыр. Бұрынғы жадау-жүдеу, шабан-шардақ жеке меншік жоғалып, үлкен коллективтік еңбек ірге қалап жатыр. Қазақстан үкіметі мен партия басшылығы Ақталдың бойын өзгеше қып жаңғыртып, гүлдендіру шарт деп отыр. Әсіресе сол үлгіні сендердің колхозың бастау қажет! Ең бірінші сын міндет:

он күн ішінде егіс жоспарын бітіріп тұрып, ақпар беріңдер!” Көрдің бе, Бейсен, сен “Ақталдың” колхоз бастығы, мен, уезден келген өкіл, екеуміздің ортақ міндет үстінде ортақ ауыр жауаптылығымыз аталып тұр. Барды тек қана егіске саламыз. Жиып болдың ба бар күшінді – ер-әйел азамат атаулыны?

Бейсен. Сен атаған адамдардың бәрін егінге салып жатырмын.

Алуа. Мал фермалары ше?

Бейсен. Онда мал балалап жатса да, не әйелді, не баланы жырып бөліп алуға кірістім. *(Сахнаға Мардан шығады.)*

Алуа *(таңырқан)*. Сіз қайдан, сіз қалайша?

Бейсен. Қашан келдіңіз?

Мардан. Мен Алматыдан әдейі келдім, баспа орындары жіберді. Газетке, журналға Ақтал бойының осы науқан үстінде бүгін жеткен табысын жазам.

Алуа. Ә, Бейсен, сені мақтайды екен. Қалай, жақсы ма?

Бейсен. Жақсы жазсын, сонда жақсы болат та.

Алуа. Онда жақсылықты сен көрсетсең, жақсы болатын шығар, солай ма?

Мардан. О, мен бүгінгі жаңалықтарға сондай сүйсіндім, сондай қуандым.

Алуа *(сынай қаран)*. Ал олқылық деген мүлде жоқ, солай көріне ме?

Мардан. Атама, атама, Алуаш! Әрине, мен келген соң, мен бар шамам жеткенше өзіміздің Ақтал жайын жақсы жазам, мақтап жазам.

Алуа. Тек мақтайсыз... Түк сынамайсыз ба? *(Күледі.)* Рақат та?!

Мардан. Жоқ, мен көптен өзім көрмей жүрген Ақтал бойының соншалық жайнаған жайын тани тұра, бүгін сынап қарауға мұршам жоқ... Жайнатыңыз біздің туып-өскен асыл Ақталымыздың бойын!.. Қарындасым Алуа, жолыңыз болсын!

Алуа. Солай, ағай. Ал осы ағаңыздан, Доғалдан хабар-ошар бар ма, жоқ па?..

Мардан. Жоға! Ту-у... оны менен сұрап не қыласыз,

Алуа. Енді кездессек, ол екеуіміздің тек атысып өлісуіміз-ақ қалған жоқ па еді?

А л у а. А-а, солай ма еді?.. Бәсе... болар!.. *(Назарбекке бұрылады.)*

М а р д а н *(Бейсенге)*. Қандай боп өскен өзі, әрі сұлу, әрі есті жатыр ғой. Тани білсем, өзі, тегі, өрлей түсер, бәлкі, ұзаққа да кетер.

Н а з а р б е к. Ой, қарағым Бейсен, Алуа! Уа, мені сорлаттыңдар ғой сендер! Мың қойдың қоздап жатқаны анау, иесіз тауда, жалғыз қорада кемпірім, қызым үшеуіміз ғана! Қырылады ғой ел мүлкі! Еңбегім еш, тұзым сор болғаны ма енді кеп!

А л у а. Кімнің кетті, ақсақал, неше кісінді алдық?

Н а з а р б е к. Үш кісім кетіп отыр.

А л у а. Амал жоқ, Назеке... Бір жұма шыдайсыз. Егіс кезі өтіп барады, соны ойлаңыз!.. Ал бізден не тілейсіз қазір?..

Н а з а р б е к. Тілегім сол, айналайын, көр! Бүгін болмаса ертең не қылсаң да жет те, көзіңмен көр деймін! Малымды, төлімді көр, қысылып тұрған жайымды көр! Күндіз де туады, түнде де туады. Егіздеп туады шопаным! Біреуі жарытпай жатыр, біреуі қозы-лағын алмай жатыр. Бір қолыммен қоздай алмаған тоқтының қозысын суырып, бір қолыммен “төйтпейлеп” жетім лақ, қозыны теліп жатырмын. Тыным жоқ... Тіпті түсімде шырт ұйқыда жатып та “төйтпейлеп” жатады екем! Кемпірім жазғырып, “бақсы боп кеттің ғой” деп ол мазалайды. Жаңа осында Сексек: “Отыр, ән тыңда!” дейді, “ой, шырағым-ай, оған мұршам кәне... Менің әнімнің төресі “төйтпей” жатқан жоқ па деймін. Қызымды тағы алып кеттің!.. Енді келіп көресің бе? Тіл емізбей соңғы сөзіңді бересің бе, жоқ па? Қашан барасың, күніңді айтшы?

А л у а. Ертең кешке, жарай ма?.. Сертім болсын! *(Мардан анадайда тыңдай түсіп жазып отыр. Сахнаға асыға, ашулана ұмтылған Арман шығады.)*

А р м а н. Жә, маған берген кісілерің қайда, “Ақтал” колхозы? Қашанғы тосамын?!

Б е й с е н. Біз егістен сүр жығылып жатқанымыз жоқ па! Міне, аудан өкілі, егіс-жоспары мүлде толмай жатыр емес пе?

А р м а н. Егіс, егіс!.. Мен істеп жатқан жұмыс егіс үшін емес пе? Ол колхоздікі емей, жаудікі ме?!

Б е й с е н. Сіз суарғанда егісті суарасыз. Егіс болмаса, нені суарасыз?

А р м а н. Сөз емес!.. Берген уәделерің қайда? Фермасынан берем дедіңдер, енді оның да бар адамын жиып, осында әкеліпсіңдер. Мен фермаға шабу керек, егіс даласын шарлауым керек. Сендер қалада серт бересіңдер де, бұнда кеп алдайсыңдар! Не деген өтірікшілік, ұятсыздық!..

А л у а. Сіз осы... жолдас Армансыз ғой? Міндетіңіз зор екенін білемін. Ақтал бойының көптен күткен маманы да сіз болатынсыз!

А р м а н. Күткені бар болсын!

А л у а. Жолдас Арман, сіздің асығуыңызды түсінемін, бірақ колхоздағы жайды сіз де ұғыныңыз!

А р м а н. Керегі жоқ басалқаның. Адам бермей алдағаны үшін, тоғам алудың үлкен ісін құлатқаны үшін қазір мен мына Бейсеннің үстінен рапорт жазамын.

А л у а. Мейліңіз! Біз бірақ Бейсенді ақтаймыз.

А р м а н. Ақтамақ түгіл, төбеңізге көтеріңіз, бірақ маған кісі таптырып беріңіз!

А л у а. Бүгін кісі жоқ!

А р м а н. Онда менің ісім жоқ! *(Екі кішкене қыз жүгіріп келеді. Бұлар – Әсия, Жанар.)*

Ә с и я. Алуа тәте, екі бригада түскі демалысқа келді, біз соларға концерт беріп жатырмыз. Сіздің де әніңізді сұраймыз.

Ж а н а р. Бізге қаланың әнін айтып беріңіз. Колхозшылар, балалар бәріміз де құмармыз! Жаңа ән үйретіңіз, тәте!

А л у а. Айналайын, өздерің бастай бер. Концертті жүргізе беріңдер. Менің кезегім жеткенде айтыңдар. Әсия, сенің басшылығыңмен мен де ән салып берем. *(Қыздар жүгіріп кетеді. Жақында сахнада концерт жүріп жатқаны естіліп тұрады.)*

А р м а н. Өкіл жолдас, менің ісімнің ендігі Ақтал бойына ең қажет іс екенін сіз қалайша түсінбейсіз?!

А л у а. Түсінбейді деп сізге кім айтты?

А р м а н. Түсінсеңіз, маған айтқызудың не қажеті бар?

А л у а. Оны сізге айт деген кім бар?

А р м а н. Сіздің ойыңызша, қазір астықтан басқа дүние жоқ.

А л у а. Қазір одан басқа әні бар. *(Күледі. Арман бір қызып, бір қызығады.)*

А р м а н. Түу, не деген шолақтық... Сіздің бар түсінігіңіз артта қалған. *(Алуа Арманға барлай қарап күледі.)*

А л у а. Қызыл бидай артта қалған ұғым болса, сол сіздің айтқаныңыз бола-ақ қойсын!.. *(Әсияға бұрылады. Арман ашуланып кетеді, Бейсен бірге кеткен. Алуа Әсияны құшақтан.)* Сен кім баласысың, Әсия, кішкентай?! Сен жаңа сондай жақсы ән салдың ғой. Мен тыңдап отырып сені әншісің дедім. Маған апаң мен ағанды көрсетші, айналайын!

Ә с и я. Алуа тәте ... олар жоқ.

А л у а. Қалайша?

Ә с и я. Олар өлген! Әкем де өлген, әжем де өлді ғой менің, тәте...

А л у а. Не дейсің, жаным?.. Қайда оқып, қайда тұрасың?

Ә с и я. Туғандарым болмаған соң біздің мектептің жатақханасында жатып оқимын. Ал, Алуа тәте, қазір сіздің шығатын кезегіңіз, әзір болыңыз. *(Алуа ойланып қалған.)*

А л у а *(ойланған жайын қойын дәптеріне жаза отырып, сөйлеп отыр. Ондай сәтте Алуа ән де салады, бірақ көбінесе әуенмен емес, жанымен ән салады)*. Кішкентай Әсия азғантай сөзімен менің де бала күнімнің қайғылы қасірет шағын ойлатты. Әлі күнге көз алдымда, осы Ақтал бойында күзгі дауылды қара түн... Қарып тұрған қатты суық, қатал жел!.. Менің үстімде лыпа жоқ, жалаң бас күйде, шашым үрпиген, қатқан тоңның үстінде жалаң аяқ қалпымда, табанымнан сыз өтіп, тоңып ұшып барам!.. Бірақ екі көзім қара түнге қадалған, жырақта... Ауылдан аулақтап, тасырлатып шапқылап бара жатқан көп аттар тұяғы, сартылдап қағысқан сойылдар... Мен қара түнге қадалғанмын, жалбарынып жалынғанмын!.. Жалғыз әкемнің амандығын тілегемін. Шошыған, шырылдаған күйде: “Аға! Ағатай!.. Ағам менің!” деп, қатып тұрып қалғамын! Сонда жарқ етіп, шапшаң ғана ұшқыр шолақ, қып-қызыл от қана жалт еткенде... тарс етіп мылтық атылып, үндер өшкен, сөнген-ді... Сол күймен

бірге менің әкем де өлген!.. Әсия мен көргенді көрмейді. Айналайын Әсия, сенің әкеңді өлім алса, сені бауырына елің алған. Мен олай емес, панасыз жалғыз қалғам!.. Ал қазір мен орта мектепте оқимын, соншалық ынталы оқушымын. Әлі де Сапар аға, Нина дос аға мен ападай бастаушы да жақыным!.. Олар маған: “Кітаптан бір, өмірден екі шыңдалып, екі асылдан кезек су алып өс!” дейді. “Алысқа бас!” дейді. Әнім болсын, сазым болсын сол менің!.. *(деп сөзінің аяғын баяу басталып ұлғая түскен, дами берген сұлу әнге айналдырады. Әсия жүгіре шығып, арғы сахнаға қарай қол созып: “Алуа тәте, сіздің шығу кезегіңіз!” дейді. Алуаның әні ұзай түсіп, күшейе береді. Жаңағы ой сезімі, жан әні енді сән әніне айналады.)*

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Бесінші сурет*

Терең шатқа тығыла отырған жалғыз қыстау – Назарбектің қой фермасы. Назарбек мал қора мен үйдің аралығында шарбаққа тақағанда, сырттан бұғып келген біреу баспалап қарайды.

Н а з а р б е к. Сен кімсің, әй?

К і с і. Сескенбе, Назарбек! Назарбек, бұл мен ғой!

Н а з а р б е к. Доғал мырза?!

Д о ғ а л. Иә, бұрын мырза болсам, бүгін не десең де ырза Доғал!

Н а з а р б е к. Қайдан, қалай?.. Қайдан жүрсің, неғып жүрсің?

Д о ғ а л. Неғып жүруші ем? Жалайырдың баласы, жанашыр біреуің қалса, оң назарыңды сұрап келдім.

Н а з а р б е к. Өзің қашып жүрсің ғой мүлде, ә?

Д о ғ а л. Менен ерік кеткелі қашан?.. Сөйтіп жүрмей неғып жүр деп ең?

Н а з а р б е к. А, сөйтіп мені паналап келдім десейші!..

Д о ғ а л. Таптың, әрине, Назеке!

Н а з а р б е к. Е, сөйтіп, мені жасыр деп тұрсың ғой?

Д о ғ а л. Әрине, Назеке!..

Н а з а р б е к. Жоқ, енді алданатын Назарбек жоқ.



Тағы алжитын Назарбек жоқ! Баяғы құл Назарбек біткен, мырза Доғал!

Д о ғ а л. Не дедің?.. Мен неге де болса бел байлаған жанмын. Жалғыз сенгенім сен! Тез кетпекпін, залалым жоқ. Бірақ тіс жарып, сыр айтып келіп тұрғаным жалғыз сен ғанасың! Азғана көмегің керек! Ойлан, ойлан да, жөніңе көш, Назарбек! Сен маған пана боласың, боласың!.. Үш күннен соң тағы ораламын, жан баласына білдірсең, өз басымды да беремін, бірақ сенің жаныңды да қоса ала кетермін, біліп қой!.. *(Назарбек жалғыз, әрлі-берлі алаңдайды.)*

Н а з а р б е к. Енді қайттім, жалғыз басым, кетсем, мал қалады. Қалсам, бұл келеді. Апыр-ау, қайттім. Өлсем де білдірем, білдіріп өлем еліме!.. *(Әрлі-берлі асыға жүріп дабыстайды.)* А, тұра тұр, есім жаңа кірді ғой... О, Айбала ше, Айбала! Қызым!

А й б а л а *(үйден шыға)*. Немене, шаршап келіп, сәл тыным алып, қайта жөнелейін деп ем, не болды?!

Н а з а р б е к. Айналайын қызым, Айбала жаным, келгенің жаңа еді. Жөнел, шап! Шаршағаныңа қарама, жаныңды сал!

А й б а л а. Немене, не боп қалды? Не көрінді көзіңе?

Н а з а р б е к. Доғал... сүм Доғал көрінді. Жаныңды сал, тоқталмай шап еліме. Колхозға жет, хабар ет!..

А й б а л а *(асығыс)*. Мен қашан жетпекпін онда! Өзгеге бармай, саған неге келеді ол?.. Айт деймін, сондай тап жауы – советтің жауы, өзгеге бармай, ұрланып саған неге келеді деймін?!

Н а з а р б е к. О, қоя тұр, жаным, қой оныңды, кейін айтам! Шап, жылдам жөнел!

А й б а л а. Жөнелмеймін, жөніңді айт! Өзгеге бармай, сенен неге үміт қылады сол? Әлде, “албасты да... немене еді әлгі... сақалға қарай басады” деп! Сені өзгеден бұрын халық жауына жылдам көмек етеді деп кеп тұр ғой, ә?

Н а з а р б е к. Ойбай, қой, мен көргем көресіні. Тоқталмастан шапқылай гөр! *(Айбаланы қораның сыртындағы атқа қарай әкетіп барады. Айбала жүруге ыңғайланған.)*

А й б а л а. Бәлем, әке, тұра тұр! Колхоздың қалың елінің алдында жауап бергізермін осының үшін!.. “Қуыр-

дақтың үлкенін сиыр сойғанда көресің” деп, көрсетермін сонда саған. Комсомолдың алдында сенің кулакқа күйыршық болғаның үшін тағы қызарар жайым жоқ. *(Жөнеледі.)*

Н а з а р б е к *(жалғыз. Әрлі-бері алаңдайды. Сыртқа қарап).* О, мынау кім тағы? Ойпыр-ау, мынаның мезгілсіз келгенін қарашы. Мынау Алуа ғой. Кеше шақырған өзім едім. Өзі жапа-жалғыз, қасында қарулы жолдастары болса да бір сәрі еді. Енді қайттім, бұған не деп айттым? Баяғыда кәмпескеленген жерде Доғал үшін өзімен жарғыласып ем, енді бүгін қасымнан тағы Доғал шықса, мүлде біткенім ғой. Мүлде әшкереленіп, масқара боп болғаным ғой Алуаның алдында. Қой, мен бұған айта алмаймын! Алда тәңір-ай, жаңағы сұмқадам тек осы барда ғана оралмаса игі еді! Бірақ үш күнде келем дейді ғой, ендеше, Алуаға айтпай-ақ қояйын. *(Сырт айналып Алуамен амандасқаны естіледі. Бұл кезде кеш батып, қараңғы түсе береді.)*

А л у а. Ал, Назеке, лебіңіз қайтпасын деп, асығыс науқан үстінде, осы кеш те болса, малыңды, жайыңды көріп қана қайтайын деп келдім? Қой-қораң қайсы? Бастаңыз!

Н а з а р б е к *(қолына фонарь алып).* Ал, міне, жүр, қарағым. Міне, мынау жас лақтарым, қозыларым! *(Алуа екеуінің мал аралап жүрген дауыстары естіледі.)*

А л у а. Дұрыс, мынада не бар?

Н а з а р б е к. Бүгін туған жас қозы.

А л у а. Анау үйшікте ше?..

Н а з а р б е к. Онда егіздер. Ал мына біреуде жетім қозылар мен енелері алмай қойған қозы-лақтар. Бір жағынан сүтпен асырап, бір жағынан теліп жатырмын. *(Екеуі тағы біраз жүріп, қайта сахнаға орала береді. Сыртта ит үргені білінеді.)*

Н а з а р б е к *(аңыра қалып, сескенеңді).* Ит үре бергені несі, ә, шырақ?

А л у а. Е, о қайтеді, ата?

Н а з а р б е к. Әй, білмеймін, балам, осы тауда жаманат сыбыс та жоқ емес-ау!

А л у а. Қандай сыбыс?

Н а з а р б е к. Білмеймін, кешелер тау ішінде, елсізде бөгде жүрген адамдарды көрдік деседі. Колхоз жылқысынан жоғалған да бар дейді ғой!.. *(Алуа далаға құлақ салып,*

наганын ыңғайлайды.) Е, карағым, көңілге мынауың бір сүйеу болды-ау!

А л у а. Тасырлаған ат дүбірі естіледі ғой.

Н а з а р б е к. Шамды өшірсем қайтер еді? (*Шамды өшіреді.*)

А л у а. Ата, кім бар дейсіз, сескенбеңіз!

Н а з а р б е к. Бәсе, карағым, бойынды жи, қуатты бол. Әкең Сатайдай бол, ер болшы! Доғал байды қарғап өтіп еді. Мен қайда, одан кейін де Доғалды пір көріп, көп шатасып тантып жүрдім. Білесің бе, Доғал айдаларда, сол қан-құйлыға ара түскен менің ақымақтығымды айтсаңшы!

А л у а. Япыр-ай, ата, мына сөзің қандай жақсы!

Н а з а р б е к. Ойбай-ау, несін айтасың! Сол бір оттағаным үшін опық жей-жей, мына сақал-шашты да жалғыз-ақ күзде ағарттым ғой. Ол – ол ма, осында Айбала деген комсомол қызым бар, ол осы күнге шейін, тіпті күні бүгінге шейін, желкеме мініп алған. Қызым емес, бейне қазымыр кәрі шешемдей, қымс етсе болды... (*Қақпа қағылады.*) Бү кім екен, бөгде қағыс қой?!

А л у а. Сескенбе, ата! Мен қасыңда болайын. Байқаңыз, ашпаңыз!

Н а з а р б е к (*сығалайды*). Түстері жат мына кәпірлердің. Япыр-ай, сорыма жалғыз да болмадым... Сенің бейнетіңе душар болдым ба, балам?.. Қайдан ғана шақырып ем, сорлы басым!..

А л у а. Назеке, жаңа әкемді аузыңа алдың ғой, тек болмас, әкемдей білермін... Енді тыңдаңыз мені, ашпаңыз!

Н а з а р б е к. Ашпаймын, айналайын. Жаңа көре сала, сені шошиды ғой деп айтпап ем, мынау әсіресе саған өшігетін жау. Білдің бе, Доғал ғой!

А л у а. Не дейсіз? Қалай білдіңіз?

Н а з а р б е к. Анық сол, көріп тұрмын. Сені де, мені де аяры жоқ.

Д а у ы с (*сырттан*). Аш, аш дереу қақпаны!

Н а з а р б е к. Сен кімсің, ай? Қайдан жүрсің?

Д а у ы с. Ауданнан, ГЕПЕУ-ден, аш!

Н а з а р б е к. Күндіз кел. Ашпаймын!

А л у а. Жоғал, жөнел былай! Атамын болмаса!

Д а у ы с. А, сен мұнда ма едің? Атып көр. Сенің өзің керексің бізге!

А л у а. Кім керек?

Д а у ы с. Алуа, Сатай жылқышының қызы Алуа керек!  
(*Алуа атып қалады.*)

А л у а. А, дұспан, таныдым мен де!

Д а у ы с т а р. Танып қалды... Бәрібір біліп қалды.  
Енді өліспей кету жоқ. Атыс, басып ал ферманы! (*Алуа орын ауыстырып атып жүр.*)

Н а з а р б е к. Қарашығым-ай, ата-бабаң жар болсын.  
Ұл боп тумасаң да, ұқсап туыпсың ғой әкеңе! (*Алуа шалды үйге тартады. Жаулар қораны сырттағандай. Алуа жүгіріп үй мен қорадан кезек атады. Шал қорада ат өзірлейді. Алуаға кеп*). Қоңырсыған иіс келеді, қораны да өртеп жатыр. Өртенді ғой, қырылды ғой есіл мал!.. Балам-ай, енді атыспен құтылмаймыз ғой. Тым құрыса сен аман шықшы! Әлде жартылап қозыларды аман алып қаларсың! Не де болса өзім көрейін. Мә атыңның шылбыры, мына жақта жау жоқ, артқы қақпаны аш та жөнел! Мін атыңа, мін де қаш, сен құтылшы!..

А л у а (*ұмтыла беріп*). Ата, қорықпа, атажан! Мен құтылсам, сен де, қозылар да құтыларсыңдар! (*Бітқып шыға береді, бұғып тұрған бір жаумен кездесіп қалады, кезек атысады. Жаудың оң қолына оқ тиіп, мылтығы құлайды. Жау айғайлайды.*)

Ж а у. Кетті, қыз кетті! Жой, жоғалт көзін! Ат, атқыла!  
(*Атыс.*)

– Не де болса құтқармандар енді. Ол құтылса, мүлде ойран болдық!.. (*Атыс. Оқ тиген Алуа сахнаға шыға бере жығылады. Осы кезде сырттан жеткен ел адамдары келе береді.*)

А л у а. Жау!.. Банды!.. Қозыларды өртеп жатыр, тезірек!  
(*Атыс. Аздан соң тартыс тоқталады. Атыс ұзап кетеді. Арман мен екі-үш кісі жаралы Жалтырды алып шыққан. Қораға кірген колхозшы оқ тиген Назарбекті көтеріп әкеледі*). Өзгесі қайда? Үлкен жау қайда?

А р м а н. Қуып кетті, атысып барады. Бірақ құтылмас!.. Қайда жүріп, қайда көмек етуді білмегеннен мұнда келдіңіз бе? Әлекке салдыңыз ба елді әкеп?!

А л у а. Не дейді, не дейді, не істегем? Мен айыптымын ба? (*Талықсиды.*)

Н а з а р б е к. Түү, әлі өлмей, тірі қалған ба Назарбек!

Қырық жаным болса керек. Анық итжанды болғаным ғой! (Алуаны көріп.) Айналайын, батыр қызым, бармысың? Жолыңа басым құрбандық, сен аман бол! Айыптымын, бөріне мен айыптымын!..

А р м а н } Не дейді? Не пәле бар мұнда?..  
А л у а }

Н а з а р б е к (Жалтырды көріп). Ә, сен бе едің бірі, сүзеген бұқа құсаған алакөз, алаяқ!.. (Талып кетеді.)

А р м а н (Алуаға). Сіздің адасатыныңызды біліп ем! Айтпап па ем! Не бар еді қаңғып мұнда?!

А л у а (ызалы). Немене, табалаушымысыз? Құтқарушымының бірі болмасаңыз, балгерлік еткеніңізге таң қалар ем! (Нина жүгіріп кіреді).

Н и н а (Алуаны құшақтап). Алуа, бармысың, жараң қандай?

А л у а. Нина?! Сен? Бұ не, қандай ойда жоқ жайлар? Сен қайдан кеп шықтың? Сен де біліп пе ең менің бақытсыздыққа ұшырарымды?

Н и н а. Алуа, не дейсің? Сен сандырақтаймысың? Мен, Нина, мені Окружком жіберіп еді. Сапар аға саған әдейі көмекке жіберіп еді ғой!.. Сенің “Ақталдағы” ісің, міндетің ауыр болған соң көмекке жаңа ғана жетіп ем! Мынау хабармен осында шаптық. Жеткенім осы, таңданба.

А л у а. Мен қиналамын, қорқамын ... Өкінемін, Нина! Үлкен қателік жасадым ба деп қорқамын. Айтшы, мен партия алдында бір оғаттық қылмыс жасаған жоқпын ба әлі?

Н и н а. Неге олай дейсің, айтшы?

А л у а. Не деген жұмбақ? Жағалай түсініксіз... сондай сұмдық жұмбақ түйіндер... Есім барда айтып қалайын, біл, Нина... Білдір Сапар ағаға!..

Н и н а. Айтшы! Барыңды айтшы, не сездің?

А л у а. Қайдан кеп шықты? Баяғыда кеткен бай, өмірлік жауым Доғал, ол қайдан білді менің осы арадан табыларымды? Мен мұнда қалай шақырылғанмын, кім шақыртқан боламын? Және, және есінде тұт, кеше Марданды көргем! Ол мақтауға келген. Бүгін және айтам, жақындай түс! Мен кеше мынау тұрған гидротехник Арманмен ұрысқанмын. Ол маған жирене қарайды. Маған өзі де жұмбақ!.. Ұмыта алмаймын, түсін де және өсіресе

жаңағы айтқан сөзін де ұмыта алмаймын! Біл, Нина!..  
(*Әлсірей береді.*)

А р м а н. Ол сандырақтайды... Ол қансыраған! Тез алып жүру керек.

Н и н а. Көне, тез көмек етіндер. Көтеріңдер! Тезінен Қостөбе, больницаға әкетем! (*Алуаны көтерісіп алып бара жатып.*) Шынында да, не деген таңғаларлық түйіндер? Қандай жұмбақтар бар сенің айналаңда, бейшара Алуа?!

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ҮШІНШІ АКТ

#### *Алтыншы сурет*

Сахнаның жарымы – аудандық көп кеңселер орналасқан үлкен үйдің кең коридоры, екінші жарымы – кабинет.

А л у а (*қойын дәптеріне жаза отыра халыққа*). Сегіз жыл өткенде Ақталға қайта оралыппын... Бұрын Жалайырдың жеті байы ие болған жабайы дала, жайын өлкеде бүгін жетпіс колхоз орналасқан. Түрксіб бойындағы осы өлкеге көп көмегі тиген зор станция “Қостөбе”, міне, бүгін аудан орталығы. Мен болсам жақында, Алматыда институт бітірдім. Әйел мәселесіне социалистік Отан енгізген жаңалықтар жөнінен диплом қорғадым. Нина Ивановна ғылым кеңесінің мүшесі еді. Менің дипломым “өте жақсы” деп бағаланған шақта оның қуанышы өз табысынан кем болған жоқ. Ойда жоқта тағы бір адам менің дипломыма өзгеше мән берді. Ол мен ұмытқан, әлдеқашан жоққа санаған, алты қырдың астындай қиядан, қиюсыздан келген бір жан!.. Көзінде көзілдірігі бар, бұл шақта шашы бурыл тартқан, салмақты, маңызды, ғалым бейнелі адам. Жаңада Москвадан келіпті. Өзі тарих ғылымының профессоры болыпты!.. Ол – Мардан!.. Мені филиалға, Тарих институтына аспирант болуға шақырды!.. Бірақ Нина Ивановнаның үйіне келгенімізде, оның қазіргі күйеуі, Сапар аға жаңа хабарымды қуанып қарсы алды да, ойда жоқта өзгеше байлау, кеңес берді. Сапар аға –

Алматы обкомының бірінші хатшысы, ол Нина Ивановнаны тындамады. Менің институттан шыға сала аспиранттыққа баруымды мақұлдамады. “Ақталға бар, ғылым табысына өмір табысын қос. Өмір тартыстың өзінен, партия құрылысының академиясынан оқып келіп, байып кел!” – деді де... бәрімізді жеңді де!.. Мен енді осында, әйелдер арасында істейтін істерімнің ғылымдық қорытындысын жасай барып, диссертация қорғамақпын!.. Сонымен, ең әуелі өзім де... (Сексек шығады.)

С е к с е к. Ең әуелі сен өзің де... өз өміріңді тиянақтаған кісі емес ең... Бір жайдан қатты-қатты қорқамын-ау, Алуа!

А л у а (күліп). Ия, немене, түсіңнен шошыдың ба?

С е к с е к. Жұртқа үлгі айтады, өзінің өзге қыздарға үлгі болар өмірі қайсы десе, не дейміз осы?!

А л у а (күліп). Е, немене, мен үлгі көрсете алмаймын ба? Неден түңілдің?

С е к с е к. Әлі күнге ең алдымен, үлгі берер өзінде, осы шаққа шейін не үй, не күй жоқ. Менде болса шүйкебас жоқ, сенде болса бақырбас жоқ. Құр ұшамыз да жүреміз. Ұшамыз да шырлаймыз. “Бытпылдық... бөдененің үйі жоқ”...

А л у а. Па-ай, не деген сорлы едік десейші!..

С е к с е к. Енді не? Оқу... оқу, тағы да оқу дедік. Тостық, ақырында кеп бітірдік. Жаңа бірдеме болар деп ем, сен болсаң тағы Алматыдан жалғыз кепсің. Ауданда саған сай жігіт қаптап тұр ма? Немене, сондағы көп жігіттен үркіп, қашып шықтың ба?

А л у а. Мені қой, қойсаңшы, Секе!.. Менің ертеде бір аузым күйген де!.. Өзің болмай шынды айтқыздың, ертеде бір іркіліп қалмап па ем.. Сөйтіп, мені қой дедім ғой. Ал енді, сырға сыр орай болсын, өзің неге үйленбейсің осы?

С е к с е к. Е, мен әлі... өзің білесің ғой, анау екі шүйкебаспен бүйте бастап... берекелі үй болмай... нетіп... айрылысып кеттім ғой. Дәл өзі табылмай жүр де.

А л у а. Дәл өзі? Онысы қандай еді?

С е к с е к. О, менің ендігі іздегенім көңіліме көңілі сай, әсіресе бойыма бойы сай қыз емес пе?!

А л у а. Онысы тағы қандай “Мың бір түн?”

С е к с е к. Е, маған өзімнен бойы ұзын қыз қайтіп қатын боп жарытады! Осында бір-екеуімен тағы да үйлесе жаздап

барып, шалжиысып кеттік. Бәрі сол бойдан. “Шүйкедей, осындай еркек бола ма екен?” дейтінді шығарыпты. Тіпті осы заманда қыздың өзі де дередей боп кетіпті шетінен. Міне, маған, мысалы, сен сияқты ұзын сирақ қыздың не керегі бар, оны қайтем?! Зәуі-сайтан, бетінен сүйгім келе қалса, ақырдан сұлы жейтін аттай мойным созып тұрғаным ба? Жоқ, аяғым астына қолағаш қоям ба! Ал мені... білдің бе, Жиренше шешен сияқты... ол өзіме шешендігі сай қыз тапқанша үйленбеймін деп еді ғой. Мен бойыма бойы тең қыз тапқанша үйленбеймін!..

А л у а. Не деп тұрсың, со да серт боп па?

С е к с е к. Е, серт болмаса, себеп! Ал сенде тіпті себеп те жоқ қой!

А л у а (*күліп*). Жарайды, жарайды. Сенің тілегің құдайыңа жетсе, осында әлдебір күйеуге де кездесермін, қайдан білдің?..

С е к с е к (*кетеді*). Ия, осы жақта Бетпақдала бар деген, сонда Алуаны тосып, баяғы “Қозы Көрпеш – Баяндағы” Баян сұлуды аңсаған тоқсан сері жүр деген, әлі күнге сұр бойдақ боп... Ауданда басы санаулы ер атаулы үй-жайымен тұрып жатса, табарсың қатқанның басын! Керек десе, менің оркестрімнің азғана еркегінің де бәрі үйленген әуелі. Сен бе, сен күйеуге тисең, мұрнымды кесіп берейін!..

Б е й с е н (*кіреді. Амандасады*). Жә, Алуа, не болды, кеше не болған осы?

А л у а. Ия, өзің не болды деп естідің?

Б е й с е н. Мен әлгі Әбекең сөзін ғана естіп тұрмын. “Шатақ болды, жұрт аузында женотдел және сенің атың аталды” дейді, рас па?

А л у а. Тағы не істеппін?

Б е й с е н. Қызды сен азғырған дейді ғой.

А л у а. Е, ол Жанар жайы ғой. Осында сегізінші кластан, школдан шешесі шығарып ап, күйеуге бергелі жүрген бір комсомолканың жайы. Олар сондай бір топ қыз... Сенің білуің керек, жақсы сұрадың. Мен оларды бүгін әдейі осында, женотделге шақырып ем, келіп қалар. (*Жанар, Әсия, Кәмшат, Сәуле коридорға келіп, есік қағады. Алуа оларды қабыл алады.*) Ә, міне, өздері де келді. Кәне, қыздар! Мына кісі Бейсен аға, райком хатшысы, білесіңдер



гой? Ал, Жанар, түндегі болған жайды сен өз аузыңмен Бейсен ағаға өзің айтып берсең қайтеді?..

Ж а н а р. Алуа тәте... керек пе сол?

Б е й с е н. Әбден керек! Айту керек, Жанар, кәне?..

Ж а н а р. Осында кооперативте істейтін Жұман деген хозяйственник бар. Ақшасы көп, азығы көп, өзінің бұрынғы қатыны өлген, саңдығында жатқан промтовары да көп екен. Сол жігіт өзіммен бір ауыз сөз сөйлеспей, менің ырзамын деген сөзімді естімей-ақ, кешегі күні той жасайтын боп қойыпты.

Ә с и я. Құда-құдағи боп бүткіл Қостөбенің, қайдан шыққанын білмейміз, қырық ру кемпір-шалы жиналыпты. Олар болса бір сәрі-ау, ауданның қызметкерлерін де шақырыпты.

Ж а н а р. Мені тіпті райисполкомнан “Әбекең келді” деп, онан сайын дөңгелетіп, қолды-аяққа тигізбей әкетіп барады. “Әбекең қайырлы болсын айтады” деп қояды. Сөйтіп, былық-шылық жасағандарына иттей ыза болдым да, бір кесірге бекініп алдым.

Ә с и я. Үйшік-үйшігін жасап болсын, соны бір-ақ талқан етерміз деп қойып ек. Кеше сол кеште мына Алуа тәте кездесті. Бәрін осы кісі де көрді. Артынан Әбекең тағы келіп кетіпті. Бәрі де “ұят болды” десіпті.

Ж а н а р. Бірақ Әбекең ағадан ұят болғанымен, қайтейін, ұят деп итке тиейін бе?

Б е й с е н. Бәсе, солай деші? Баяғы ескі қудың жүргені емес пе сүйретіліп... Ошағанша оралқы жүргенін көрдің бе етене... партия қалай жақсы айтқан... адам санасындағы ескілік қалдығы. Сендер, қыздар, оны өздерің де жеңесің... Мазақ етіп жеңбеске не. Ал мына Алуа екеуміздің жас күнімізде бұл ескілік... ескілік қана емес, сорақылық еді. Ол қолына бақан ұстап шабатын. Бірақ сол күрес әлі бар, әлі керек. Санасы, түрі ауысқанмен, әлі де ескі надандық, қара заңдар қалдығы қарсы алысуды тілейді. Енді тек онымен қарсы алысушы біз аз емеспіз де, әлсіз емеспіз, күш бізде. Бүгінде және оның кейбірімен біліммен, өнермен алысу керек. Қыздар, сендер немене, тек бостандығын айтып қана қоясыңдар ма! Жоқ, басқа азаматтық, арман мүддесін де ойлайсыңдар ма, жоқ па?

Ж а н а р. Жоқ... Енді біз, Алуа тәте, сізден, Бейсен

аға, сізден де, мына қыздар бәріміз боп, бізді қайтадан осы ауданда бір жақсы оқуға жайғастыруды сұрап кеп тұрмыз!

С ә у л е. Қандай да болса бізді бір мамандық оқуға жіберіңізші!

К ә м ш а т } Бізді агротехникалық мамандыққа,  
С ә у л е } аудан шаруасына қажет мамандыққа оқытсаңыздар екен?

Б е й с е н. Ә, бәрекезде... Міне, бұл сөз! Қандай ақыл сөз... Ендеше, айтайын ба? Сіздер бұдан былай женотделмен, Алуамен үнемі нық жалғасыңдар. Мен білемін, Алуа сендердің оқуыңа, өскеніңе күш салар. Ал сендер бұған серік, аудан әйелінің мықты активі боласыңдар... Ал оқуларыңды Алуа жайғастырады да!.. (Күледі.) Әбекең тоссыз қалғанмен, ессіз болған іс емес екен ғой өзі!.. (Күлкі.)

А л у а. Бәсе, кешегі түн, бір жағы көп сорақылық ашыл-ған комедия түні болғаны рас. Бірақ бұл жайдың күлкі емесі де бар... (Портфелінен бір кесек тасты алып ұсынады.) Өзі бұзық, өзі мас күйеу түнде менің тереземді сындырып ұрып, маған мынаны сыйға тастап кетті. Жолдас Бейсен, қазір пәтеріме кісі жіберіп, акт жасатуыңызды сұраймын!

Б е й с е н. А, мұның осындай да жайы бар ма еді? Ендеше, оның жөнін біздің бөлмеге барып сөйлесейік. (Кекетін.) Әбеке... Әбекең... Әбекеңде кеп екен... сезбеген сыр көп екен... ә-ә? Алуа, сен мына жұмыстарыңды бітірген соң, дәл осы жөнінде бізде сөйлесуге маған кел! Осы жолы Алматыда болғанымда Сапар жолдас айтып еді. Ауданға Алуаны әдейі жібердік... Өзі шыққан аудан, өз өмірі де арғы-бергiсiмен көп. Бірақ оған да шарт, саған да серт... Ақтал ауданынан тамаша жақсы азамат әйелдер ендіріңдер деген. Соны ойлап айтам, дәл осы мына қыздардай жастарды енді, Алуа, қанат ет. Қанат ет те... бәрің боп сол партияның дегеніне жетіп бақ дейім. Ауданның мақтаны болар өнер табыңдар тобыңмен...

А л у а. Бұл біздің ауданның бар әйелі турасындағы мүддемiз болсын, Бейсен жолдас!

Б е й с е н. Бәсе... бастадың ғой, таныса бер де, алыса бер әйелдер халі үшін... Бастадыңыз ба, сол талабың жолында әрдайым қасыңдамын!

А л у а (*Қыздарға*). Жә, балалар! Мен сендердің кешегі тілектеріңді, оқымақ талаптарыңды ойлап, өлшеп шықтым. Осындағы агротехникалық курсқа, бұрын мектептен кеткен он бес қыз, бәрінді де, осы аудандағы ең қадірлі шаруашылық іс – қызылша жұмысына, күріш егісіне, қант заводына мықты маман етіп шығаруға ойласып қойдым. Ертең сағат екіде, осы араға сендерді бұдан былай оқытатын курстың басшыларын шақырып, мәжіліс жүргіземін. Өзгелерді хабарландар, өздерің де сол екіден қалмай келіңдер, мақұл ма? (*Қыздар мақұлдап, қоштасып жөнеледі. Екі-үш колхозшы әйел мен бір еркек кіреді.*) Жә, “Ақтал” колхозының екінші бригадасы, күйлеріңді кеше көрдік. Бригадир Садық, сізді мен шақырдым. Көне, апалар! Кешегі маған айтқаныңызды бүгін мына бригадир алдында қайта айтыңдаршы!

1-ә й е л. Айтсақ, тағы сол кешегідей. “Ақтал” колхозы дейтін колхозымыз бай. Бірақ көзің көрді ғой әне, Алуа, ұдайы, күн сайын жұмысқа балаларымызды ала шығамыз. Үйде күтетін кісілеріміз жоқ.

2-ә й е л. Жаслі дейді, бала бақшасы дейді, қайда сонысы?

3-ә й е л. Ұйыстырған жоқ, көзіне айтамыз, мынау бригадир – мынау Садық ұйыстырмай келеді!..

1-ә й е л. Қасымызда балалар болғандықтан, өзге әйелдердей емес, еңбегіміз де шала.

2-ә й е л. Өз көзің көрді ғой, Алуа, көңіл ала болған соң, еңбек зая кетеді!..

А л у а. Араларыңда стахановшыларың бар ма? Осы тұрғандарың озаттарың кім?

3-ә й е л. Өзге, баладан бос әйелде стахановшылар бар... Ал бізді алсақ... Әй, бәріміз шамалас қой, қарағым!

2-ә й е л. Ондайды арамыздан өсіріп шығара алмай жатырмыз ғой, әлі!

А л у а (*Садыққа*). Жә, жолдас бригадир, бұны не дейміз? Ақтал бойы – қызылшаның бар Одақта ең мол өсетін жерінің бірі. Бұнда дүниежүзілік рекорд беретін өнім алу шарт деп отыр партия мен үкімет. Ал сіз өз бригадаңызда көп әйелдің еңбек жағдайын мешеулікке салыңдырып, стахановтық еңбектен қалдырып отырсыз!.. Бекер ме осы?!.

С а д ы қ. Рас, болмай тұр. Өздері де қымс етсе бригадир!..

1-әйел. Бригадир демей, кім дейміз? Бәрі сенен емес пе?

2-әйел. Не жағдай жасадың? Кімге жасадың?

Алуа. Жә, барлық жай мәлім! Себептер және айқын!.. Жолдас бригадир, колхоз бастығы мен сізге қойылатын бір-ақ шарт бар. Үш күн... ертеңнен бастап үш күн ішінде сіздің бригадада бала бақшасы ашылсын. Ашылмаса, мынау жас баласы бар әйелдер қызметке шықпайды.

Садық. Ойбай, ол не дегеніңіз? Баласы жоқ әйел жоқ, онда қызылшаның науқаны үстінде бар жұмысты тоқтатам десейші!..

Алуа (*қатаң*). Тоқталады және сіздей бригадир сотталады.

Садық. Сылтау тауып бердіңіз ғой. Айтам ғой, баласы жоқ әйел жоқ деп...

Алуа (*ызалана*). Бәсе, баласы жоқ әйел жоқ, бірақ бір әйелдің қамын ойлау сізде жоқ. Адам ба бұл жұрт, мал ма? Күн көзінде, жауын астында жас бала қозы-лақтан жаман ескерусіз жатыр. Кеше мен көзіммен көргенде сондай түршіктім. Тіпті қозы-лаққа осындай қырсыз болған шабан көрдің бе? Олай болса, табан жерде сотталарыңды білер ең!.. Ең алдымен үйшік-лашық соған әзірлер ең. Бітті сөз! Үш күн ішінде ясли ашылады, сонда ғана аналар алаңсыз жұмысқа араласады.

Әйелдер. Айтқаның келсін, жолың болсын, Алуа!

Алуа (*Садыққа*). Колхоз бастығы мен екеуің яслиге керек аспаптар мен киім-бұйым заттары, ыдыс-аяқтары жөнінде нақтылы толық есеп жасап, ертең кешке, қызмет аяғына райкомға, маған жеткізіңіздер! Мен сендердің көмектеріңде боламын. (*Бұлар кете береді. Айбала мен Назарбек келеді.*) Жә, Назеке, Айбала, сиыр фермасының анадағы жайын біле келе, мен сіздерді әдейі шақырып ем! Ал, Назеке, сіз осы фермаңыздағы бар жайға дән ырзасыз ба?

Назарбек. Несін айтасың, қарағым, қарық болған шағымыз, бірнеше жүз мөшке сиырларымыз анау, бұлақтай шетінен. Бір жақта май заводымыз сонау. Колхоздың табысын, түү-түү, атама!

Алуа. Ал сауыншы әйелдеріңіз ше?

Назарбек. Оларды да атап сұрама, өңшең сен тұр, мен атайын.

А л у а. Сөйтіп, бәрі бірдей стахановшы ма? Жоқ, әлде бәрі бірдей орта қатарлы сауыншы ма?

Н а з а р б е к. Е, со-со, сол айтқаның ғой!.. Бірін стақан, бірін ол-пұл деп ала-құла қып бөлгіміз жоқ оларды.

А й б а л а. Әй, әке! Біздің завферма әкеміз боса тек босқа әңкілдей береді екен, құдай аманаты, кәукілдеп. Бір спецовканы бұрын тоздырдым дегенмен, қайтеміз айтпай!.. Менше, сіз де қарық қып тұрған жоқсыз, әкеміз. Стахановшы шықпағанына ұялсақшы, өкінсекші одан да!.. Озат әйел бізден шықпас па еді, соны айту керек қой!

А л у а. Бәсе, соны айтыңыз!..

А й б а л а. Стахановшы шықпай жатқаны – үйімізде адамымыз көп. Сыртта сауын, үйде бала күтімі, бір үйлі жанды күту бар. Екіұдай боп, алақ-жұлақпен күніміз кешеді. Арамызда не бір депутат, не бір ордынос, озғын әйел шықпағанына ішіміз күйеді. Осыны білші тым құрыса. Сол емес пе, қатындардың айтатыны. Солай демеуші ме еді?

А л у а. Бәсе, міне, соны айту керек, шынды ашу керек!..

А й б а л а. Анық шынды айт дедің ғой, Алуа! Ендеше... олай болса, тап мына тұрған қарт, біздің Назекең, осы фермаға бастық болуға жарамайды. Шынын өзің айтшы, әке? Осыным дәл емес пе?

Н а з а р б е к. Апыр-ау, мынау не дейді мүлде? Баяғыда өзіңмен бірге сол фермада қан төгіп ем-ау, Алуа!

А л у а. Оныңыз рас, Назеке! Бірақ сізді орныңыздан алса, айыптамай-ақ алуға болады.

Н а з а р б е к. А, солай ма? Нос келмейді ғой, әйтеуір... Ендеше, осы қыз біліп айтқан болар. Шын-ақ мені төңкеріп, бір жасқа табыс ете қойындар. Тіпті со кісінді осы арада аташы өзің?..

А л у а. Жоқ, Назеке, біз бұл арада байлап шешпейміз. Оны колхоз жиыны өзі шешеді. Бірақ кеше өзге әйелдер Айбаланы ауызға алған еді. Түбінде колхозбен қосылып осылай ойланармыз, Айбала, соны ескере бергейсің! (Бұлармен қоштасады.)

А л у а (хатты шолады). Арман!.. “Көрем... көруге асығам” депті! Мен ше?.. Осы жолы мен де асығам... Өмір жолымыз тағы да Ақталда кеп табысар ма! Талай жыл бөтен

болысып кеп ек! Институт бітірген түн... Алматыда, бақшада сонша бір өзгеше, жаңаша білісіп, бағаласқандай боп ек!..  
(Арман кіреді. Ол Алуаға қуанып ұмтылады.)

А р м а н. Алуа, Алуаш!..

А л у а. Арман... Қымбаттым!..

А р м а н. Ауданға келді деп естіп, демалыс күні не қылсам да іздеп таппақ ем. Күн санап, сағат санап демалыс күнді сондай асығып тосқам-ды!.. Қандай жақсы, қандай рахат!.. Бүгін шақыртқандарың қандай сәт болды.

А л у а. Шақыртқан?.. Сізді ме? Кім?

А р м а н. Е, начальникті... Біздің құрылыс начальнигін женотдел шақыртпады ма?

А л у а. Ия, сөйтіп сіз начальник пе едіңіз?

А р м а н. Енді кім?

А л у а. О-о... маған начальник болмай, Арман болғаныңыз артық еді ғой... Амал жоқ!

А р м а н. О, не? Не дедің, Алуаш?

А л у а. Дегенім сол. Сіз мұнда романтиканы әкеп едіңіз. Ал өзіңіз, ісіңіз... Начальниктік ісіңіз сіз бен бізді тату түгіл, соншалық алыс, араз етерлік. Біліңіз, міні, біздің бөлім әйелдері барып, сіздің өндірістегі әйелдер жайын анықтап келді! Міні, сіздің ісіңіз! Тыңдаңыз әйелдер сөзі, міне: “Басшымыз, начальнигіміз жайымызды айтсақ, тыңдамайды. (Оқиды.) Жатқан жайымыз ит байласа тұрғысыз! Балаларымызда баспана, күтім жоқ. Ауруымызды қарататын дәрігер деген мүлде жоқ!.. Әлденеше жүз жұмысшы бармыз, не кітапхана, не газет, бірде-бір мәдениет белгісін көрмейміз!” (Арманға.) Жә, жолдас бастық, тыңдап болдыңыз ғой, көрдіңіз бе халық наразылығын, сіздегі өндірісіңізде істейтін жұмысшының 25 проценті әйел екен. Немене, сіздің тым құрыса ясли, балалар бақшасын жасауға да мұршаңыз келмеді ме?

А р м а н. Алуа, бұныңыз қалай? Сізбен осылай көріспекші ме едік Ақталда?!

А л у а. Бәсе, мен де бұлай кездесерміз деп ойламап ем! Қазір менің осыдан басқа сезімім де, ойым да жоқ.

А р м а н. Мен станция сала алмай жатсам, о несі! Айыптамай, көмек етсеңізші!

А л у а. Көмек етсе, неге бірде-бір әйелді қайратына, әйелдік қалпына сай орынға ауыстырмайсыз, үйретпейсіз?

А р м а н. Бұл айтқаныңыздың бәрі құрылыс күндерінің міндеті емес, басқа орындардың, басқа күндердің міндеті!

А л у а. Солай ма? Ендеше, сізбен сөз қысқа екен!.. Бұл арада ұғысатын емеспін. Сөзді мен бүгін райкомның бюросына қоям және аз күнде Алматы обкомына, сіздің министріңіздің алдына да қоям. Бұл әйелдер үшін мен аз емес, көп алысуға бекінген болармын!

А р м а н. Ал, ұрсып болдың ба? Өзің не деген қатал, зәрлі адамсың? Маған ашудан басқа айтарың бар ма, жоқ па?

А л у а. Сенің өндірісіңнің бүгінгі халінде ашу мен реніштен басқа айтарым жоқ.

А р м а н. Осылай ма еді Алматыдағы сөз?! Мен пәтер қамдатқалы жүрмеп пе ем!..

А л у а. Менің міндетімдегі жұрт жұмысы жайғаспай тұрып, мұнда келмей жатып, ең алдымен өзім орналасам ба? Онда қандай дұрыстық, жарастық, тыныштық, рахат болмақ? Ендеше, пәтер жайын менсіз ойла! Бара бер! *(Арман шығып кетеді. Алуа жалғыз. Қойын дәптеріне.)* Тағы да не деген жай, қай түйін!.. Ерте кезден бір-бірімізге әрі ұмтылысып, әрі қайшы өтiскен, қарсы келiскен бiр халден айығу жоқ!.. Көп заманнан iшiмде ерте күндегi бiр адасудан, қателiктен байланып, түйiлiп қалған салқын түйiн бар едi... “Жүрегiмдi ыстық өмiрден тыйғандай, ерiмес мұзым, таусылмас тоңым жатқандай” деушi едiм!.. Соны... осы Арманды жақында, Алматыда қайта тапқанда, ендiгi сезiмдерiмiз ерте бастағандай едi!.. Ендi мiне, қайтiп бас тiлегiн тiлей аламын!? Қандай сана, қандай жүзбенен жаңағыдай күйде ерлi-жарлы күн кеше алам онымен?!. Бұ не деген менiң өмiрiмнен, менiң бас тiрлiгiмнен үнемі бiр арылмайтын, қалмайтын қалың сор?!.. *(Жылап жiбередi.)*

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Жетінші сурет*

Жақсы жиылған кең бөлме. Нина, Алуа, Арман, Сексек шығады. Аздан соң әдемі киінген, кеуделерінде ордендері, үкімет мүшесі значоктары бар Жанар, Айбала, Кәмшат, Анар, Сәуле келеді.

Н и н а. Бар жай түсінікті, жалғыз-ақ жөн бар. Мен бүгін обкоммен, Сапармен сөйлесіп, сіздердің сыртыңнан, әсіресе, Алуа, сенің сыртыңнан бір байлау айта бастадым. Ақтал ауданындағы әйелдер арасындағы партия басшылығы өткізген бірнеше жылдық тәрбиелік жаңалықтарды, жан-жақты мол істерді тек осы Ақтал ауданында ғана қалдыруға болмайды!.. Сол үшін, Алуа, сен осындағы бар еңбектің, қиыншылық, тартыстың бәрін де жазуың керек. Жаздың ба осыны?

А л у а. Есінде ме, Нина Ивановна, маған Сапар аға осы ауданға жібергенде “табысыңмен ғылымға қайт!” деп еді. Мен диссертация жазбақ едім ғой, ұмытқан жоқсың ба?

Н и н а. Неге ұмытам? Ендеше, обком маған бар істің ақырында сенің осы жөнінді айрықша тапсырған болатын. Сен менімен Алматыға да жүруің мүмкін.

А л у а. Диссертация жөнінен жүрген де қажет пе деп отырмын. Мен профессор Марданнан хат алдым. Диссертациямның толық жоспарын жіберіп ем. Хатында мен ойламаған тың бір жайлардан аса көп оқшау сөз қозғапты.

Н и н а. Қандай сөз?

А л у а. Мен әйел мәселесін коммунистік қозғалыстың дүниежүзілік тарихы көлемінде айтпақ едім. Дәл деректерді, қазақ сияқты, советтік шығыс әйелдерінің Октябрьден бергі тартыс, табыстарына арнамақ ем. Профессор Мардан оны “аз” депті.

Н и н а. “Аз” депті, не себепті?

А л у а. Бұл күнге шейін менің мүлде ойымда жоқ және, өз білуімше, жаңағы тақырыбыма жанасы жоқ бір жайларды ұсынып отыр. Өзі осыған барынша салмақ салып айтады тағы да.

Н и н а. О қандай проблема?

А л у а. Алтын Орда, Ноғайлы және қазақ хандықтарының бірнеше әйелдерін зерттеп қос дейді.

Н и н а. Оның мына тақырыпқа қандай қажеті бар!?

А л у а. Сол деректер болмаса, тарих ғылымына ұқсамай, өріс шолақ болады дейді.

Н и н а. Тыңдамаса қайтеді сол айтқанын?

А л у а. Болашақ оппонентім... Дауым бар өзімен. Кездесуім, баруым шарт Алматыға!.. Оның үстіне, тағы бір



ойым бар... Сол айтқан деректеріне қарсы ойымды түгел құрастырып алайын. Өзінің де бар дәлелін, жеріне түгел жетіп, бар шынын білейін. Осыны білмекті, бір себептерден қатты қадағалап, көп ойлап жүрмін... Қалай кезігер екеміз?! Ойымда жүрген көп түйін бар. Жо... бару шарт Алматыға!.. Менің осылай Алматыға аттанып кетуім де мүмкін екен-ау, Арман!

А р м а н. Амал қанша!..

С е к с е к. Қой, неге асығыс онша да мұнша!?

А л у а. Әйтеуір, Секе, мен туралы тоярың да, тынарың да жоқ-ау!

С е к с е к. Е, үйлі-баранды болған соң отыра түс демей, не дейік? *(Әсия кіреді, әскерше киінген.)*

А л у а. Ася, Асюша, жүрмекке қамдандың ба?

Ә с и я. Жүріп барамын!.. Сізбен, сіздермен қоштасуға келдім, Алуа төте!

А л у а. Солай болдың ба, жаным! Жолың болсын, абырой тап, бақыт тап. Аман бол, айналайын!.. *(Әсияның көзінен сүйеді. Жанар бастаған бар әйелдермен Әсия сүйісіп қоштасады. Ол жүрерде.)* Білемін, Асюша, сен оттысың, ерсің! Сен біздің ауданнан шыққан совет қызының, ең үлгілі азаматының бірісің! Сені майданға өз ықтиярыңмен әкетіп бара жатқан да Ленин комсомолының ұлы тәрбиесін ақтаған азаматтық үлкен санаң!..

Ә с и я. Алуа төте, менің әкем де, шешем де өзіңіз боп алғансыз... Оны да есімде тұтам... Біліңіз, оны да ақтармын!..

А л у а. Білем, жаным, ауданнан Отан қорғауға бара жатқан бірінші қазақ қызы сенсің. Сені біз көп сағынамыз, көп ойлаймыз. Жақсылық істерінді бұндағы еңбек майданында мыңдарға үлгі етеміз. Осыны есіңнен шығарма!.. Бақыт тап, бауырым!.. *(Сүйіп жөнелтеді. Арманға повестка әкеліп береді.)*

А р м а н *(повестканы Алуаға көрсетеді. Пауза)*. Мен запастағы офицер болатұғым. Бір жұбанышым — станцияны түгел салып үлгірдім. *(Алуаға қарап.)* Басқа да ұзақ жылдар бойындағы арманыма жеткен шағым еді. Мына повестка бойынша мен ертең, бүрсігүндері-ақ Қостөбеден аттанатын болармын!.. *(Телефон, Алуа телефонда.)*

А л у а. Бейсен!.. Не дейсің? Запастағы офицер!.. Арман алды повестканы, алып отырмыз. Қалай дейсің? Сен де

запастағы офицер ме едің? Сен де аттанатын болдың ба? Қалай, бұнда қалай болғаны? Обкоммен, Сапар ағамен де сөйлестің бе? Жоқ, маған әлі звонить еткен жоқ... Не дейсің? Мен бе? Бұ қалай, қандай шұғыл!.. Бейсен бауырым, жолығамын, тез барамын!..

Н и н а. Мен аңғарсам, Ақтал райкомының бірінші хатшысы және де майданға аттанады.

А л у а (*ойда*). Ия, солай, аттанады... Білемін қандай шұғыл өзгерістер!..

Н и н а. Оның орнына хатшы боп Сатаева Алуа қалады, солай ма?

А л у а. Білмеймін... таң қаламын, қайранмын. Осынша жауаптылық... Сондай үлкен ауданда... (*Тағы телефон.*) Ия, Сапар аға! Алматы! Алматы! Ия, Сапар аға, мен Алуа. Жаңа ғана сіздің алдыңызда телефоннан, Бейсеннен ғана естіп отырмын!.. Бұл қалайша? Сапар аға!.. Мен ақтай алам ба, әл-шамам жетер ме?.. Обком бекіткен бе еді? А-а, ЦК-да солай байлады дейсіз бе? Түсіндім... Қашан? Бүгін түнгі поезбен бе? Құп, Сапар аға, әзірленейін... (*Трубканы салып, үйдегілерге.*) Түсіндіңіздер ме, жолдастар? (*Алуаның сөзінің уақытында үнсіз тыңдаған үй іші тегіс тұрған, Алуаға қарай ұмтыла түскен күйде.*)

Ж а н а р. Біз білсек, Алуа тәте, осы сәтте соншалық үлкен, шұғыл және тамаша өзгерістер болып жатыр-ау!..

А й б а л а. Алуаш, айналайын, қайырлы болсын!.. Бейсен бір спецовканы бұрын бітірсе де, өзің де олқы соқпайсың, қуанамыз, құттықтаймыз!..

К ө м ш а т. Қорғанбаңыз, Алуа тәте. Алыңыз Отан әмірін!.. Артында тобың, қатарыңда қанатыңбыз...

А н а р. “Келсең келде кез болды, кейіте беріп қайтесің” депті ғой бір өлеңде!.. Жүздеген, мыңдаған Ақтал әйелі досың бар. Партияның, Отанның саған сенгені, бізге де міндет артқаны деп ұғармыз.

Н и н а. Міне, сенің ендігі жауабыңды жұрттың тілі, мына достар үні танытты!..

А л у а. Сапар аға айрықша үлкен тапсырма алу үшін ЦК-ға тез жет деді. Бүгінгі түнгі поезбен шық деді ғой. “Облысқа, республикаға, барлық Одаққа арнап Ақтал әйелдері атынан отаншыл серт, үндеу алу керек” дейді. Бұл

Ақтал ауданының тарихында сондайлық жауапты, ерекше міндет болар!.. Ал, достар, қазір сағат он!.. Енді қырық бес минутта Алматыға қарай поезд өтеді. Мен Бейсенге де соғамын... Көріп отырсыздар! Арман, тығыз өзірлік шарт! Қамдану... амал бар ма, жаным!..

Н и н а. Мен де тез өзірленейін. Жүріске асығу керек. Барлық жай, Арман, өзіңе де түсінікті ғой!.. *(Арман, Алуа аз оқшауланады.)*

А р м а н. Өкінбеймін, Алуаш, бірақ өздерімізді, екеумізді сәл кінәлаймын... Дәуреніміз... соншалық күншуақты күніміз берген еркіндікті, рақат кеңшілікті неге осыншалық сараң, олақ пайдаландық екен...

А л у а. Сыртымыз айтпаса да, сараң сөз тұтқыр тілден шықпаса да, сен екеуміз жүрекпен, ішпен көптен үйіріліп, сөзсіз, үнсіз табысқан жандар ек...

А р м а н. Бірақ неге кешіктік, неге іркілумен келдік? Енді міне...

А л у а. Білем, Арман... Арманым!.. Иланамын, сенің айтып тұрғаның күйініш емес. Сен бұл сапарға күйініп аттанбайсың, мен өзім де күйініп аттандырмаймын. Жарым кетті, тіршілік барлығымның жарымы ардақты сапарға, әділ кек, асыл азамат жолына аттанды деп ұзатамын мен сені... Мұндағы бар еңбек пен бар тірлігімде сенің майдандағы ісің қасымда, қатарымда жүрген қанаттасым, серігім болар...

А р м а н. Бақыттымын, Алуаш... Аман бол, зор бақыт тап сен алдыңда... Бар сертім, бар тілегім сенімен. Шақ қуаныш болса да, мәңгі кемімес те ұмытылмас іштегі сәлем болар... Ризамын саған!

А л у а. Қош, жаным!.. *(Екеуі сүйіседі. Сахнада қараңғылық.)*

Ендігі оқиға райком хатшысының кең бөлмесінде. Сахнаға бір топ бөге адамдарды бастап Сапар шығады. Қасында орталықтан келген және өзінің көмекшісі тәрізді адамдар бар. Алуа мен Сапар сөйлесіп келеді.

С а п а р. Біздің газеттердің адамдары бар ма? “Правданың” тілшісі келді ме?

А л у а. Келген, осында болар.

Т і л ш і. Мен мұндамын, бармын, Сапар Сейілович!

А л у а. Ендеше, біздің аудан көлеміндегі колхозшы, жұмысшы, интеллигенция өкілі болған әйелдер қауымынан арнаулы үндеу қабылдағандары туралы рапорттарын естуге рұқсат етерсіздер, жолдастар!

С а п а р. Рұқсат, басталсын! *(Есіктен бөлек-бөлек топтарымен неше лек әйелдер өкілдері келеді.)*

А л у а. Жолдастар, келісіп алайық. Үндеудің алғашқы бастамасын өздеріңіздің ұйғаруыңыз бойынша Қазақстан Партия Орталық Комитетінің хатшысы жолдас Сейілов айтады. Содан ары, аудандағы озғын стахановшы әйелдер, кезекпен сіздер, өздеріңіз үн қосасыздар. Атақты қызылшашы, күрішші, сауыншы, өндірісші әйелдер, бүгінгі сөз сіздердікі. Ал ең алғаш бастау сөзді жолдас Сейіловқа бердік!..

С а п а р. Жолдастар, үндеулеріңіздің басы былай басталса нетеді! *(Қызулы екпінмен.)* Біз бүгін, жауға қарсы оқ есебінде, Ақтал ауданының Отан сүйген колхозшы, жұмысшы қызметкер әйелдері атынан: майданға аттанған жауынгер ерлеріміздің аналары, жарлары, апақарындастары, қыздары боп, осы үлкен тарихтық үндеуді қабыл аламыз! Аудандық партия басшылығының алдында, Қазақстан партиясы Орталық Комитетінің алдында, Ленин партиясы алдында, совет үкіметі алдында осы жариялағалы отырған байлауымызға серт береміз!..

Ж а н а р *(іле жөнеледі)*. Ол сертімізде өзімізге қояр шартымыз, Отанымызға берер антымыз сол — аудан әйелдері өзіміз еңбек еткен колхозда, бригадаларда, совхоздарда, фермаларда, отар, қашарларда, заводтардың цехтарында, “Қостөбе” станциясының жұмыстарында!.. *(Енді осыдан арғы сөзді Айбала, Кәмшат, Сәуле, Анар кезектеп айтып жөнеледі.)*

А й б а л а. Барлық Ақтал ауданының еңбек етуге қуаты бар әйелдері өзімізді майдан үшін, Отан қорғау үшін бар-бар күшін сарп ететін мобилизациялық халде деп жариялаймыз! *(Сексектің оркестрі әсем марш тартып тұрады.)*

А н а р. Аудандағы еңбек салаларының бәрінде қызмет етуші әйелдер, ерлеріміз жауды жеңіп, құртып болғанша, стахановтық еңбекке айнамастан берілдік, бекіндік деп санаймыз!..

**К ә м ш а т** (*іле жөнелін*). Сол үшін бригадалар мен бригадалар арасында, колхоз бен колхоздар арасында, өндіріс цехтары арасында “Отан үшін!”, “Барлық жеңіс үшін!” деген ұранмен социалистік жарыс жариялаймыз!

**С ә у л е**. Ақтал ауданының әйелдері, біз, Отан соғысы басталған күндерден бері қарайғы еңбек тәжірибемізді жиып кеп, бүгін жасаған байлауымызды бүкіл Қазақстан көлемінде мәлім етеміз. Қазақстандағы бар облыстарда, бар аудандарда еліміздің отаншыл зор саналы еңбекші әйелдерінің бәрін де ерекше жігермен еңбек етіп, қайрат атуға үндейміз.

**Ж а н а р**. Майдандағы ерлеріміз алдында, барлық ардақты Отан алдында қажымас қайрат, мойымас жігер, зор сананы серік етіп, ауыр сындарды адақтаймыз, біз жеңіп шығамыз деп сенім айтамыз!.. (*Енді Алуа осы әйелдер ортасына барып тұрады да, барлық сахнадағы әйелдер бір үнмен ұран тастайды.*)

**Ә й е л д е р**. Біз жеңеміз! Барлығы жеңіс үшін! Отан үшін! (*деп серттерін аяқтайды. Сексектің жігерлі маршы да осымен аяқталады.*)

**С а п а р**. Ұлы совет халқының жалынды, жігерлі әйелдері, қымбатты достар! Сіздерге үгіт сөз қажет емес. Барлық жайды, қасиетті шындықтарды, Отан күтер жалын, жігерді жаңағы уәделерінде өздерің айттың!.. Істер істі серттерің шешті. Осы кішкене бөлмеде, қазір ғана сіздер тастаған жаңағы ұран ертең бар Қазақстан өлкесіне, “Правда” газетінің бетінен барлық Одақ көлеміне, дүние жүзіне жалындай шалқып, шырқап тарайтын қасиет ұраны болмақшы! Бір-ақ нәрсені айтамын да тоқтаймын: серттерің зор, үндеулерің үлкен, әлемге жеткен үндеу болғалы тұр!.. Ендеше, тартыс та ауыр, сын да зор. Табандап шыдап, атаған алыс қиядан алыптарша табылыңдар!..

**А л у а** (*қасындағы жаңағы қалың топ әйелдермен*). Барлық жігер, барлық тілек, қайрат – жеңіс үшін! Отан үшін!..

**С а п а р** (*Алуамен оқшаулана*). Жанар мен Айбала ғана емес, Анар, Кәмшат, Сәуле бәрі де сондай сенімді, серпінді!.. Жалын да бар, жарас та бар. Осылар ықпалына сүйеніп аудан өрлесін... Ауданға сүйеніп облыс бел алсын. Осы аудан мен осы облыс үлгісін бар Қазақстанға, республикаға тарату – біздің міндет. Қандай қадірлі істің басында тұрмыз. Серпін

атқалы кернеп тұрған күшті оятқандайсың! Бірақ жадында тұт және де сендер, тәжірибең түп тірек боп тұр. Сен құлатып алсаң, көпті құлатасың, күрт құлатасың, түсіндің бе? Ауыр... ауыр да болса асыл... Алтын, платина салмағындай қымбаттың ауырлығы... Ол қадірлі... тек осыны азайтып ала көрме! Тек өрлей түсіп, өсе бер. Серт пе... Алуа!

А л у а. Болсын, Сапар аға... барыммен осы серт үстінде болармын.

С а п а р. Ал диссертация ше? Біз Нина екеуміз оныңды да көп еске аламыз... Біте ме?

А л у а. Істеп келем... Бірақ... қайда! Мынау міндет...

С а п а р. Жоқ, оны да үлгер, мұны да ендірі... Есінде болсын... мен сенің ол міндетінді ЦК-да бірнеше жолдастарға да айтқамын, тосамыз...

А л у а. ЦК-да!.. Тосамыз?!

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### ТӨРТІНШІ АКТ

#### *Сегізінші сурет*

Оқиға сахна шымылдығы алдында, авансценаға тақауда. Алуа шығады.

А л у а. Қандай күн... қандай күнде хабарың жетті, Арманым, ардақтым! (*Хатты қайта оқып.*) Бүгін менің ең бір ауыр сынға түсетін, өмірдегі аса бір жауапты белге басқан қысталаң да, қиын да күнім еді. Сол шақта мұнда мені іздеп табар ма? Әдейі осы күнге қуат қосуға талпынғаны?! Хаты келді, ол тірі!.. Берлинге соңғы шабуылдар жасаған күнде, одан ең соңғы хабар келген де үзілген еді... Қылдай үміт, леп еткен еміс бір хабар болса деп аңсағаным, түндер бойы жастар төгіп еңірегенім қандай еді? “Сауығып келем, жетем” депсің! Жаным, Арман, жет! Қанатым!.. (*Нина шығады.*) Білдің бе, Нина! Мен бақыттымын! Міне...

Н и н а. Арманнан ба? Тірі ме, бар ма? Алуа, қуанышым, досым менің, құттықтаймын. Тірі ме ол?

А л у а. Міне, оқы... тірі. Жарасы орасан ауыр болған тәрізді.

Н и н а (*оқып*). Ия, мәлім... “Көріскенде айтам” депті, “кейінірек жазам” депті. Ұзақ айлар екіталай, өлі мен тірінің арасында болған! Бірақ сауықтым, шатпын, сауықтым депті... Қандай бақыттысың, қымбаттым, сүйікті Алуа! Жә, енді бұл қуаныш сенің мынадай үлкен сын күніңе дәл келген екен!.. Іштегі қуатыңа қуат қоссын!..

А л у а. Ал қазір защита басталады, сен не айтпақ едің?

Н и н а. Соны айт! Жалғыз-ақ бір жаңалық бар. Ойда жоқ хабар, әзір ақырына шейін естігем жоқ. Кейін Сапардан білеміз! О кісі Москвамен асығыс жалғасып, анықтап жатыр.

А л у а. Иә, о не? Не айтқалы отырсың?

Н и н а. Еміс хабар бойынша, Ақталда, Ұлы Отан соғысы жылдарында ер қайратын көрсеткендері үшін он екі әйел өзгеше бір отандық сыйға ие болатын тәрізді. Дәлін, толығын кейін естиміз. Жә, енді диссертацияға келейік!..

А л у а. Ия, соны айтшы! Соңғы түрін жаңа ғана оқып болған едің. Бағана телефонмен мені сен шошыттың ғой... Анық орасан қателіктерім бар ма?

Н и н а. Бар! Рас, ең әуелі... Диссертацияң өзі жақсы... негізгі ісің ақылды... дәлелді... Және шын... анық ғылымдық еңбек өте бағалы... Ал анау қосымшаң, приложениең... Міні, бұл жайдан мен қатал сөйлеймін, Алуа, өйтпеске шарам жоқ. Мұнда толып жатқан керексіз, артық дүниені текке шарлағансың. Мысалы, әлдеқандай Алтын Орданың, хандар сарайының жоқшысы, заршысы Қараүлекті қайдан таптың? Әменгерлік, жесірлік салтының тұтқыны, күңі болған Қыз Жібектен не іздейсің? Және орыс халқы мен қазақ халқының жауы болған Кенесарының қарындасы Бопайды несіне жаздың? Қазақ әйелінің халіне арналған ғылымдық еңбектің бір мақсаты осында болғаны ма? Мен сенен сұраймын, осы ма?

А л у а. О, Нина, дұрыс, бәсе, дұрыс ашуланасың. Бұл айтқаның бәрі артық қой! Ә? Қосымша, приложение қажет емес, керексіз, солай ма?

Н и н а. Әрине, керексіз.

А л у а. Ал маған осыны қоспасаң, “тарихтық, ғылымдық зерттеу болмайды” деді... Оны білуші ме ең?

Н и н а. Кім солай деді?

А л у а. Менің оппонентім. Профессор Есенов Мардан солай деген жоқ па? Мен саған айтпап па ем Ақталда! Ұмыттың ба, әлде?

Н и н а. Жоқ, ұмытқам жоқ. Сондықтан да неге бұны жазған деп ызаланып тұрғам жоқ па? Осының артында өзгеше залалды ұлар жатпағанын қайдан білдің?!

А л у а. Бәсе... Міні, дәл айттың, енді сәл сабыр ет! Мәлім болсын саған. Жадыңда мықтап тұт осы сөзімді. Мен профессор Мардан қоймай қудалаған соң, осы жайды жеріне жете білдім де, енді бар дерегін жылдам әкелдім және бір өзгеше ойға бекіндім!..

Н и н а. Ең алдымен қазір тез батыл, байлау жаса да, бұл бөлімді алып таста. Бұл көрінеу зиян, анық у!.. Егер алып тастамасаң, мен бекіндім, қазір тура мен қарсы шығамын! Сені де, профессорыңды да айыптап қарсы шығамын!

А л у а. Дұрыс! Егер бұл материалды қалдырсам, оның да тура. Бірақ мен қазір профессор Марданды сынауға бекіндім. Не үшін екенін бүгін осы жерде көресің. Бұл бөлім менің диссертациямның негізі де емес... Қымбат бұйымы да емес... Ол әдейі алып тасталуы оп-оңай болып істелген приложение, түсінесің ғой, сырт материал, қосымша! Сол себепті өз баяндамамды ең алдымен осы қосымшаны жойып, керексіз деп алып тастаудан бастаймын. *(Осы сөздердің тұсында Мардан шығып, тыңдап тұрады.)*

М а р д а н. Сіз нені алып тастаймын дейсіз, Алуа?!

А л у а. Біліңіз, профессор, сізге де мәлім болсын, мен ойланып келіп-келіп, дәл осы сәтте болса да, сіздің өзіңізге айтқан, өзімше керексіз деген приложениені өшірдім деп жариялаймын!..

М а р д а н. Жоқ, Алуа, қайтыңыз бұл байлаудан! Онсыз диссертация қорғалмайды!

А л у а. Қорғалмаса қалсын, профессор! Менің ойым енді ол орасан жат жайларды жақтауға баспайды, бара алмайды. Қазір менің баяндамамның басы диссертациямдағы керексіз, артық бөлімді алып тастаудан басталады.

М а р д а н. Ендеше, өкпелемеңіз, қарындас! Біз сізбен қырық пышақ қан боламыз! Менің де басқа байлауым, жауабым жоқ!.. Қимылыңызды, әр ойыңыздың ауыздан шыққан әр сөзін, әр үнін сынап тосуға бекідім, соны біліңіз! Қашан айттың демеңіз, кескілескен күй туар!..



*(Қараңғылық. Шымылдық ашылады. Конференция. Мәжіліс жүріп жатыр, зал толы. Сахнада ғылым кеңесі. Кафедрада профессор Мардан сөйлеп тұр.)* ...Тағы қайталап айтамын, құрметті ғылым кеңесі мүшелері, диссертант Сатаева Алуа көп еңбек етіп, тарихтық ғылымға қажет болған деректерді жинап алса да, білгенін пайдалана білмеген. Бар еңбегін азға, саязға сайған. Ғылымдық зерттеу емес, женотдел үгітшілеріне блокнот есебіне жүрерлік брошюра қатарынан аспайтын, немесе журналдық мақаланың бойынан озбайтын арзан шындықтарды тізген. Осы себепті мен Сатаеваның еңбегін ғылымдық бағасы бар еңбек деп тани алмаймын. Сондықтан, құрметті ғылым кеңесінің мүшелері, совет оқымыстысының ары өзіме бұйыруы бойынша, мен бұл еңбекті диссертантқа кандидаттық ғылым дәрежесін беруге жетерлік еңбек деп санамаймын! Бұндайлық еңбегі үшін Сатаеваға тарихтық ғылым кандидаты атағын беру мүмкін емес деп қорытамын!.. *(Пауза. Залдағы жұрт: “Қандай қатты байлау!”, “Не деген аяусыз соққы!”, “Бүйтетін болғанда, оппонент болып несі бар?”, “Мынау тегін емес қой”, “Мұның артында бір үлкен зілдер жатқан жоқ па?”, “Не қылған қастан мінез сияқты нәрсе!” Осындай дабыр-шу үстінде қараңғылық түседі... Енді бір кезекте Алуа сөйлеп тұр.)*

А л у а. ...Жолдастар, профессор Есеновтың менің еңбегімді айыптаған сөздеріне қарсы айтатын дәлелдерімді қорыта келіп, құрметті ғылым кеңесінің мынау жайға айрықша назар аударуын тілек етер ем. Профессор Есенов мені Қараулек, Бопайлар жайын жазбадың деп кінәлайды. Менің диссертациямның жөні ең алғаш 1939 жылы, одан кейін 1943 жылы сөз болып жүрген шағында, әр кезде жаңағы әйелдерді профессор Есенов маған үнемі ұсынатын еді. Осылар жайын маған жаз деп тықпалай берген себепті мен қазір, осы жиын үстінде, өте айқын түсініп тұрмын. Сол түсінгенімді, мына отырған жұртшылық, сіздер де түсінесің деген ойға келдім. Профессор Есеновтың, менің қолыммен, бұрынғы Алтын Орда, Ноғайлы хандықтарын, кешегі қазақтың феодалдық-хандық сорақылық тұрмысын ақтап жаздырмақ мақсаты бар екен! Бұл ғылымдық проблема деп аталған бопты, анығында, ол ғылымдық проблема емес, атын атап, бар

сыры мен шынын ашып айтайын, жұртшылық. Ол – бұл күнде барып тұрған буржуаздық-ұлтшылдық программа екен!.. Мен ендігі сөзді диссертацияны қорғау үшін ғана сөйлемеймін, идеология майданындағы партия талабын орындаушы, әлеумет қызметкерінің бірі есебінде, қазіргі мәжіліс тақырыбынан шыға сөйлеуге міндеттімін. Бұл – ар қарызы, азаматтық қарызым!.. *(Залда бұны қостаған, қожыраған үндер білінеді.)* Профессор Есенов маған дау айтып тұрған жоқ, зор қарсылық қайрат атып тұр. Бір жайды еріксіз еске аламын: 1926 жылы мені әйел үстіне зорлықпен тоқал етіп аламын деген бай болған еді. Дәл сол байдың бірге туған інісі, профессор Мардан, сіз едіңіз!.. Содан бері, 1931 жылы, мен Ақталда істеп жүргенімде, әрі ұры, әрі банды боп кеткен сіздің ағаңыз Доғал мені жоймаққа оқ атқан еді. Сондағы ағаңыз атқан оқтан мен өлмей қалып едім. Бүгін сіз сол ағаңыз Доғал қолынан түскен мылтықпен мені қайта атып тұрған жоқсыз ба? Атып тұрсыз және көп әзірленіп кеп, көп жасырынып, шебер боялып, ұзақ құбылып кеп атып тұрсыз!.. *(Залда тағы да үлкен сенім, достық бейіл көрсеткен үндер.)* 1926 жылы мен сол қорқау байлардан үрейім ұшып қашып, қызыл отауға келген ем, сонда мені студентка орыс қызы Нина жаудың оғына өз кеудесін төсеп, қорғап қалып еді. Сол орыс қызы, партия, совет азаматы, партиялық, лениндік ғылымның батыл қайраткері – профессор Нина Ивановна Ершова бүгін де мені жаудан қорғап, профессор Есеновтың алдауы мен аздыруына ергізбей алып қалды... Тағы да саған мың сан рақмет, орыстың жақсы адамы... Спасибо тебе, хороший русский человек Нина Ивановна!.. *(Сахна залында қол шапалақтау, дырду.)*

**Ж ұ р т т ы ң с ө з д е р і.** Қандай майдан берді Алуа! Қалай жеңді жекпе-жекте! Бар ініне су құйды ғой профессордың!.. Партия тәрбиесі ғылымның өзі үшін де қалай өсірген Алуаны?! *(Беріге Сексек пен бір кішкентай әйел оқшауланады.)*

**С е к с е к.** Е, бәсе! Тап солай, дәл солай... Дәл, дәл солай... Бәсе, біздің Алуа қалай!.. *(Кішкене әйелді қағып кетеді.)*

**Ә й е л.** Е, мына бейбаққа не боп кетті? Ұшып кетер ме екен?

С е к с е к. Әй, сен не дейсің, ай, өзің? *(Әйелдің сыртынан сөйлеп тұр.)* Қарашы тілін, қаршадай боп ап!

Ә й е л. Қаршадай?.. Қарашы сөзін, өзі таудай кісімсіп!

С е к с е к *(әйелге қарап, бала емес екенін аңдап, шұғыл өзгеріп тамашалайды)*. Не дедің, әй, айналайын, таудай деймісің?

Ә й е л. Е, таудай десе немене? Болмаса жардай жігіт дейін бе?

С е к с е к *(қызығып, күліп)*. Айт-айт! Айналайын, тағы айтшы. Ой, астай!..

Ә й е л. Қарағым-ау, есалаң ба? Несіне ыржаңдайды өзі?

С е к с е к. Ой, астай... *(Қызығады.)* Ой, тоба, іздегенге сұраған.

Ә й е л. Сұраған боса сұраған... Қорқар деп пе ең сенен?

С е к с е к. О не дейсің, қалқам-ау! Ойбай, қорықпа! Айналайын, тек қана, бір ғана сөз айтшы, қалқатайым. Осы... күйеуің бар ма, жоқ па?..

Ә й е л. Жоқ болғанда қайтейін деп ең? Жеп қоям ғой дейсің бе? Ал, күйеуім жоқ!..

С е к с е к. Іздегенім дәл, дәл өзі. Бұл жайды жақсылап тыңда, жарқыным, мен енді барымды айтам. Осы шаққа шейін, Жиренше шешен сияқты, өзіме лайықтыны іздеп келгем. Бойы теңді айтам, бойыма бойы лайықтыны айтам. Болмаса анадай, тырнадай әйелді мен не қылам! Ой, астай... Дәл өзі, тап іздегенім. А-а-айналайын...

Ә й е л. Ендеше, менің атым Балжан, Бал-жан!..

С е к с е к. Айналайын атыңнан. Аты қандай десеңші. Әрі бал, әрі жан! Ал мен... *(қоқиланып)* дирижер оркестра народных инструментов, композитор, заслуженный артист Сексек Сеңгірбаевпын!.. Сондай тәтті, бүлдіршіндей, үріп ауызға салғандай!.. *(Бұлар кете береді. Алуаны Нина оңашалап алып шығады.)*

Н и н а. Алуа, қымбаттым... Қуана бер, жаңа Сапардан толық хабар келді, сені құттықта депті. Әсіресе зор қуанышпен құттықта депті. Ақтал ауданының он екі әйеліне Социалистік Еңбек Ерлері деген атақ беріліпті. Солардың алдында ең бірінші боп аталған, Алуа жаным, сенің атың!.. Қазір тез ЦК-ға шақырады, Сапар сені бүгін

Москваға, ЦК ВКП(б)-ның шақыруы бойынша самолетпен ұшуға әзірленсін дейді. Алдында тағы тосқан өзгеше бір жаңалықтар болар. Жүр, жолың болсын!..

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

### *Тоғызыншы сурет*

Пекин. Қатын патша Ци-Сидің жазғы сарайы. Азия халықтарының көп топ әйелдері. Алуа қазір бір топ иран, түрік әйелдерінің ортасында.

Т ү р і к ә й е л і. Сіздер, қазақ, өзбек, татар, түрікмен сияқты халықтар, бұрынғы тарихта Россия мұсылмандары аталғансыздар. Бұл тайфалардың көбі исләм дініне кірмес бұрын уахшилар еді. Исләмият сол халықтардың әйелдер халіне не жаңалықтар кіргізгенін сіз білмейсіз!..

И р а н ә й е л і. Әлбәттә, білмейді, себебі бұл кісі мұсылман емес!

1-ә й е л. Себебі бұл кісі дінсіз де!

Т ү р і к ә й е л і. Сіз исләм діні – Мұхаммед Мұстафа өзі айтқан жолды білесіз бе? Білмейсіз!..

А л у а. Білмейді емеспін, бәлкі, білермін де!

Т ү р і к ә й е л і. Айтыңызшы, білсеңіз, мысалы, Мұхаммәд пайғамбар әйелге оқыма деген бе?

А л у а. Жоқ, оқысын деген. (*Арабша.*) “Әл ғилми фаризатун ғәлә кулли мүслимина уә мүслимәтун!” Рас, пайғамбар: “Ғылым мұсылман ерлермен бірге мұсылман әйелдерге де парыз” деген. Бірақ мұсылман ғаламының барлығында әйел халінің масқара қорлыққа ұшырауына да осы жолдың өзі себеп болған-ды.

И р а н ә й е л і. Өзі емес, кейінгі замандар бұзып өзгерткен әйел халін!.. Мысалы, сұлтандар, шахтар құрған храмдар пайғамбар әмірінен туып па еді?

Т ү р і к ә й е л і. Әр хаулидә ичкәриләр болсын деп пайғамбар айтқан ба еді?

А л у а. Рас, оларды айтқан жоқ. Бірақ өзі өмірінде тоғыз мәртебе үйленген Мұхаммед болатын. Дінбасы, ахлақ, адамшылық, ғәдәлет басы дейтін ұстаз өзі соны істесе, кейінгі шахтар, сұлтандар, әмір, халифтер харамдар

жасамай, не жасаушы еді? Қысқасы, қай діннен болса да әйел халіне рақым күтпеңіз!

Т ү р і к ә й е л і. Біз әйел халі үшін, азаттық үшін алысушымыз, бірақ айтамыз: әлхамду лилләһи және мұсылманбыз!

А л у а. Әйелдер арасындағы буржуаздық қозғалыс, Түркия, Иран әйелдері, сіздерден ғана басталған жоқ. Францияда, Америкада, Англияда феминистка, суффражисткалар қозғалысы ертеден-ақ басталған. Бірақ солардың бәрінде де бүгін, сіздердегі сияқты, буржуаздық қоғамның дініне, заңына байланысты кертартпа сана басым болған да, әйел халіне әлі күнге түк өзгеріс кірмей келген. Бұл қозғалыстардың бәрі де алдаумен келген әйел жынысын! Сіздерге де, әйел халінің жоқшысы болғанша, тыныш қана, инабатты мұсылманның иғтиқатты ханумы ғана болып отыру жайлырақ та лайығырақ келер! Болмаса, ХХ ғасырда әйел халінің шешуі бір ғана жолда, бір ғана негізде болатынын аңғарар едіңіздер!..

Т ү р і к ә й е л і. Үгіт, үгіт!.. Большевиктік үгіт! *(Түрік пен иран әйелі сияқты екі-үш әйелдер шұғыл тайып кетіседі. Бұлардың орнына Алуаны қоршаған басқа Азия елдерінің әйелдері жылы қарап, сенімді жүзбен сұрақтар береді.)*

1-ә й е л. Азия әйелдерінің тартысын, сізше, енді қандай ұрандар астына тез ұйыстыруға болар еді?

2-ә й е л. Сіз дұрыс айттыңыз, Азия әйелдері өз тартысын үлкен тарихтық тартысқа қатынастырумен ғана мұрат-қа жетеді!..

3-ә й е л. Дін бұл жолда программа емес!..

4-ә й е л. Жаңағы әйелдер адасады. Сіз бізге ендігі тың тартыстың, бар Азия әйелінің басын қосатын тартыстың бетін айтыңыз!

А л у а. Бұл жолда менің айтарым: дәл бүгінгі күндерде жалғыз-ақ ұран — ол бейбітшілік үшін алысу! Азия әйелдері әрі өзінің әйелдік, аналық, балалық бақытын қорғау үшін, әрі дүниелік ең ұлы, ең таза, биік ақтық ұранға үн қосу үшін, тек қана бейбітшілік ұранын қостасын! Дұрыс па осы?

Д а у ы с т а р. Дұрыс, дұрыс!.. *(Алуаны тағы да әр алуан киімдер киген көп халықтар әйелдері қоршайды. Бұл топ біріне-бірі қарап күледі. Бірақ тілдерін білісе алмайды.)*

А л у а. О, тіл! Тілдер!.. Қандай бөгет!.. Біз бір-бірімізге ішімізді аша алмаймыз, тілдегіні жеткізе алмаймыз!.. Бірақ тыңдаңыздаршы, ортақ тіл бар екен. *(Ағылшынша.)* Мен таптым бізге ортақ тілді! Ол – музыка, ән!.. Келіңіздер, біздің халықтарымыздың әйел турасындағы әндерін айтайық!.. Тек ол әнді әйел өзінің жанымен жырласын...

Я п о н ә й е л і *(ағылшынша)*. Әйел әні болсын, әйел жаны жырласын!..

Б и р м а ә й е л і *(французша)*. Әйел жанының әні шырқасын!

М а л а й я ә й е л і *(немісше)*. Әйел өзі туралы жырласын!..

Қ ы т а й ә й е л і *(қытайша)*. Ән ана, дос, қаһарман әйел туралы болсын!

И р а н ә й е л і. Әйел тағдыры туралы ән болсын!

А р а б ә й е л і. Әйел қасіреті туралы ән болсын!

Осыдан әрі әр әйелдің әні айтылып өтеді. Соңынан Алуа әдемі, шат бір ән жырлайды, әні созылып, баяулап бара жатқандай шақта шам сөніп, қайта жанады. Ән баяулай келіп, Алуаның трибунада сөйлеп тұрған сөзіне ауысады.

А л у а *(зритель залына қарап, ең соңғы жалынды сөзін сөйлейді)*. Құрметті әйелдер! Азия халықтарының әйелдері, апалар, сіңлілер! Сіздерден мұнда естіген сұмдық күйлердің біразын мен де, Азияның бір әйелі, бала шағымда өз басымнан кешіргем!.. Мені, жасқа толмаған жетім қызды, бай екінші әйел етіп зорлап алмақ болғанда, мен қаштым... Қашу сапарында совет заңынан пана таптым. Мен тек қана азаттық алғаным жоқ, білім жарығын да алдым! Өзімнің бақытымды да таптым. Қазір мен Отанымызда Еңбек Ерімін, Үкіметіміздің мүшесімін! Тарих ғылымының кандидатымын!.. Осының бәріне мен өзгеше әйел болғандығымнан жеткем жоқ. Мен біздегі миллиондардың, сан миллион әйелдердің қатардағы бірі ғанамын!.. Тек бір ғана тілек айтар едім, оным: Азияның қалың миллион әйелдері, сіздерге біздің Отанымыздағы әйелдер жайынан анық, дәл шындықтар ғана жетсе екен! Екінші айтарым – барлық Азия халықтарының басшы қауымына айтатын бір ғана сұрағым – ол Азия

халықтарының қақ жарымы әйелдер турасындағы сұрағым. Қашанға шейін Азия әйелінің тағдырын осыдан екі жарым мың жыл бұрын орнаған Сидхарта Гаутама Будданың заңы шешпек?! Қашанға шейін екі мың екі жүз жыл бұрын орнаған Ману кодексі әйел күйін билемек? Қашанға шейін мың жарым жыл бұрын әйелді қорлау заңын орнатқан брахманизм, индуизм әйел тағдырын сорлатпақ?! Қашанға шейін, мен және сұраймын, бүгіннен мың үш жүз пәленше жыл бұрын орнап, әйел жынысын күндік, қорлыққа салған мұсылмандық шариғаты қатал заңын соза бермек?! Сіздерге және маған мәлім, Азияның бірталай тайпаларының, халықтарының арасында полиандрия, яғни бір әйелмен бір үйдің ішіндегі барлық еркек ортақ өмір сүретін салт жойылмай отырған жерлер де бар ғой!.. Мен өз сөзімді бітіремін, жалғыз сұрақпен бітіремін: бұл – ар сұрағы, біздің ғасыр сұрағы!.. Бар Азиядағы аналар, апалар, қыздар сұрағы! Осы қорлықтардың бітер шағы бар ма, жоқ па?!  
(Сахна алдында ду қол соғу.)

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ





# Жобалар



## БАҚТАЛАЙ (I вариант)

### БІРІНШІ АКТ

#### *Бірінші сурет*

Пьеса Доғал байдың үлкен үйіндегі оқиғадан басталады. Бай Доғал өзінің серіктері – құрбы, мырзалары Байыр, Жәкеш, Сартай және өзінің жылпос жігіті Жалтырменен көптен қымыз ішіп масайып, есіре шалқып отырған болады. Биік төсек жанында бәйбіше оюлы үлкен шым шидің ішіне карап, ақырын бұйрықтар беріп отырады. Үлкен үйдің шым ши қоршаған бір жақ бөлімінде саба, күбі шелек жанында бойжетіп қалған қыз Алуа маслобойканың үлкен күбі шелегін көптен талған, қажыған күйде шайқап, айналдырып отыр. Үстінде жыртық, жамаулы кемзал. Бәйбішенің әмірімен қыз мырзалар қолына су құяды.

Мас мырзалардың кейбіреулері бұған сұқтана, қызыға қарасады. Қыз шидің ішіне кеткенде, тоқалдыққа алу жайы да тұрпайы түрде сөз болады. Доғал қызып ерегеседі, құрбысы Сартаймен бәстеседі. Сартай “ала алмайсың, маған бер дегенде”, қол алысып, уәделесіп:

– Ендеше, тап бүгін алайын, ал ендеше, менің тоқалым Алуа болады, – дейді. Осыдан кейінгі халдер, оқиғалар шұғыл өзгереді.

Алуа шошиды. Бұның сөзін сөйлейін деген бәйбішені Доғал үйден айдап шығады. Ол жылап дудырап кетеді. Енді Жалтыр байдың емеуірінімен іске кіріскен.

Көршіден қонақ үй отау боп әзірленбек. Сексекті шақырып алады. Оны бәрі мазақ ете отырып, қарындасынды бер деседі. Сексек тартынады, қашып шығады. Алуа алай-түлей жылайды, үйден жөнелмек болады. Доғал мен

Жалтыр қатты бұйрық етіп, отауын әзірлетеді. “Осы үйден шықпайсың, қыбыр етпе” деп бұйрық етеді.

Аздан байлар тысқа шығып, той әрекетіне кіріседі. Үйдегі Алуаға бір топ адуын, аю бәйбіше кемпірлер келеді, оның қарсылығына қарамай, үстіндегі шоқпыт киімін дар-дар айырып, Доғал жіберген сый киімдерді – көйлек, кемзал, оқалы тақия, шолпы, алқалар тағады, әсемдейді.

Алуа жылауда. Бәйбіше мен Мардан кіреді. Доғалдың оқыған інісі Мардан бұл істі қабылдамағандай, жеңгесі жақта. Доғал, Байырлар кіргенде, Мардан байды сескендірмек боп екіұшты сөз айтады.

– Байлығың мен барлығыңды аман сақта. Өкіметті ерегістіріп не қыласың. Қос қатын алу онсыз да осы елдің үлкен байы деп, аты шығып жүрген саған сыймайды. Қыз өкіметке жалынса да, сен таяқ жейсің, – дегендей болады.

Алуа үмітпен тындайды. Бірақ Доғалдар мас, қызу, Марданға көнбейді, бәйбішені сабап, айдап шығады.

Алуа жалғыз қайғыда, алакөлеңке кеште құлағына сыбызғы күйі келеді. Зар күй. Бейсен қойшы үйге кіргенде, жөн сұрайды, “күй тартқан Сексек пе?” дейді. “Мен дертте жатқанда, кімді жұбатып жатыр күйімен” дейді. Бейсен “жұбатып емес, жылатып жатыр көрші-қолаң, кедей-кепшікті” дейді. “Сенің зарынды шерткен күйі анау”.

Алуа Бейсеннен ақыл сұрайды. “Өкімет бар дейді, бостандық дейді, құтылам ба, жол бар ма?” – деп сұрайды.

Бейсен анық шешілмей, бірақ тұспалмен тілеуестік жауап береді. Сексек арқылы білесің дейді. Енді біразда көрші отауға Алуаға арналып жасау жиналып, төсек әзірленіп, шымылдық құрылғанын айтты. Тасымалдаған хабар әкеліп, қатындар, қонақтар, байлар келіп, кетіп жүреді. Енді түн болған, қызды сонда әкетпек.

Алуа зарлы. Қасына жасырынып Сексек келеді. Алуа буынып өлгелі жатыр. Сексек енді бекінді. “Ақылдасайын деп келіп ем, енді бекінгеннен басқа шара жоқ, соңымнан ер, кеттік, қаштық” дейді.

Бұлар жөнеледі. Алуаны енді баптап, күйеу қасына апармақ боп мас байлар, бәйбішелер, қартаң жеңге, кемпірлер қатар түзеп келеді де, Алуаның орнын сипалап қалады. Осыдан әрі алай-түлей әбігер, қуғынға әзірлену.

Доғалдың бәйбішесін сабауы, малшы, малайларға бұйрықтар беріп қуғызу. Бейсен, Оспандар “қуған боп атқа мінейік, бірақ теріс жаққа шабайық” деседі. Осындай әбігер үстінде шымылдык.

### *Екінші сурет*

Ендігі оқиға совет кеңселерін құраған, қатар тігілген үлкен екі киіз үйде. Сахнада қанаттаса тігілген екі киіз үй. Бұның біреуі – судья Сапардың кеңсесі, екіншісінде Нина бастаған әйелдер бар, бұнда қызыл отау. Әуелі сот кеңсесіне Сексек пен Алуа кірген. Сапар мен Алуа сөйлеседі. Сапар дос, жылы бейіл көрсетеді. Алуа мен Сексекке қызыл отауға барып, арыз жазуды мәслихат етеді. Жолай, көлденең жұрт Сексекті қылжақ етеді. Алуалар қызыл отауда. Нина мен Алуа, Сексек пен Сәруәр, басқа қыздар сөйлеседі. Сексектің жайы күлкі боп айтылады.

Шабуылмен шаңдатып мас, бұзар, даңғой топ болып, байдың сойыл соғарлары – мырзалар жетеді. Бұл хабарды естігенде шошыған Сексек төңкерулі үлкен қазанның астына кіріп кетеді. Байлар тобы Сапар үйінде, онда тартыс, кесесу, жарым топ Жалтыр, Байыр бастаған қызу күйде қызыл отауға кірген. Алуаны тартып алмақ болысады. Нина өз төсін төсеп қорғайды. Болмаған соң мылтық атады. Байлар іркіле береді. Осы кезде Сапар жіберген жігіт қызыл отауға келіп, Алуаны, Нинаны сот үйіне апарды. Соттың алдында ашық тартыс. Алуаның жаңа ғана тілі шыққандай, өзінің риза емесін, жетімдігін, Доғалға қарсылығын айтады. Байлар жеңіледі, жөңкіліп кете береді. Соттың кеңсесінен шыққан қыздардың алды қызыл отауға қуанып келе беріседі. Қазан астында екі көзі жылтылдап жатқан Сексек енді қазанмен бірге жорғалап жүріп, зорға қазан астынан қыздар көмегімен шығады. Бет-аузы бес батпан күйе. Бірақ Алуалар келер алдынан мәз, масайрап, осы арада туған азаттық, шаттық күйін қуанып ойнап қарсы алады.

## ЕКІНШІ АКТ

### *Үшінші сурет*

Бұл суретте Түрксібтің салынып жатқан жайы көлденең көріністер арқылы танылады. Бұлақ басында, көп ауылдар ортасында отырған байлар және молдалар. Бұлардың басында малшы кедейлер әр алуан әрекет етіп жүр. Молда Түрксібтің қазақ кедейлерін өзіне тартып жатқанын айтады.

— Бұзады, дінінен азады, ырымы жаман, — деседі. — Құмда жол салушылар қиналып жатыр. Су құрыпты, қазған құдықтар тұз боп кетіпті, бұрынғы шыңыраулардың суы тартылып кетіпті. Шойын жол салушылар шөлге қамалып, қырғынға ұшырап жатыр, — десіп, кедейлерді шошыта сөйлемек болады.

Бірақ Назарбек, Бейсен, Оспан сияқты малшылар бұған иланбайды. Өзі құдықты улатып және өзі Түрксіб туралы неше алуан адам иланғысыз лақаптар айтып отырған суайт, сұмырай Жалтырды малшылар мазақ етиседі. Осы ауылға Алуа шапқылап келеді, жәрдем сұрайды. Кедейлер бұған иланады, көмек бермек. Байлар тоқтатпақ.

Доғал мен Алуа арасында егес, тартыс. Кедейлерді Алуа өзіне бұрып алады, өгіздеріне, есектеріне, қотыр түйе, тайтулағына мінгізіп, су-сусын атаулыны Түрксібке жөнелтеді. Осы сәтте конфискациямен Доғалдың аулына Сапар бастаған ел кедейлері, коммунистер, жастар келеді. Алуаны осы комиссияға Уком қосқаны мәлім болады. Сөйтіп, Доғалдың конфискациясы сахнада жүреді. Бұнда Назарбек Доғалға болыса сөйлемек болады.

Бейсен, Оспандар Алуаны қостап, Доғалға қарсы шығады. Тартыс болады. Байлар үгіті күшті, белгісіз екіұдай күйдің үстінде Мардан сөз алады. Ол ағасы Доғалды конфискелеуді мақұл дейді. Алуаны қостайды. Алуа Марданға барынша сенеді.

Конфискеленген Доғал Жалтырды ертіп, бәйбішесін алып жөнеледі. Қалған кедейлер енді ұжымдасып жаңа өмір, дәурен бастамақ болады.

## *Төртінші сурет*

*(Бұл сурет әзір аса шалағай, шикі күйде).*

Бұның оқиғасы колхоздың үлкен клубында болмақ керек. Алуа мен Бейсен, Нина осында. Алуа мен Арман тартысы. Сексек пен Алуа арасында әңгімелер. Арман мен Алуаның ұрысқанын Сексек жақтырмайды, жігітті жақтайды. Алуа колхозшы Назарбек, Бейсен, Оспан сияқты еркектермен, Айбаладай әйелдермен егіс науқаны жөнінде қызық, қызу батыл байлаулар жасайды. Арманмен араздығы, мінез жөнінен ұғыспағаны айқын ашылады. Аса бір жирене жатырқау да бар, жастық қызба егес те бар, сонымен қатар екеуі де бірін-бірі ұмыта алмастай, пыстары басып, алмастары тартқандай болысады. Осы суретте Алуа бұрынғы күнді еске алып сөйлеуге болады.

Жетім қыз Әсияны құшақтап отырып, өзінің жетім қалған жайын айтады. Колхозшылар қайтып, концертке әзірленіп жатқан кез болады. Сонда Алуа залға, зрительге өз жайын өзі сөйлеп, Қытай спектакліндегі героиня машығын танытады. Бұнда ол ауыр естегіні ойлай отырып, бүгінгісін түсініп, ән салғандай. Бірақ сөзімен, сезімімен ән салады.

Кішкентай Әсия өз топтарымен концерт береді. Сексек соларды басқарып жүрген, оның қазір оркестрі бар. Алуа жаңағы сөзбен айтқан жүрек әнін енді сахнаға шығып, әуенімен айтады.

Осы суретте бұны мал фермасына Назарбек шақырған. Сонда кетпекші. Бұл сурет Алуаның әнімен, концерт ақырымен бітуге лайық.

## *Бесінші сурет*

Бұл суреттің оқиғалары сценарийде жазылған ретпенен сондағы көп оқиғаларды жиыстыра, сығымдай көрсетеді. Оқиға Назарбектің қорасында болады. Әуелі Доғал мен Назарбек, Жалтыр мен Доғалдар болады. Кейін Назарбек пен Алуа жаулармен атысады. Алуаның жаралы болуы, жаулардың уақытша жеңуі, Алуаны өлтірер шағында көмектің жетуі көрінеді. Көмекшінің басшысы Арман. Доғалмен жекпе-жек атысып, Алуаның амандығын өзі

арашалап алып қалады. Бірақ жаралы Алуамен сөйлескенде Арман қатты кінәлап, кекете сөйлейді. Алуа бұрынғы мінез шәркездігі себепті Арманмен тағы да ұрысып, шекісіп қалады.

– Құтқарушым болмасаң, бар мінезің дос емес, дұспан мінезі мен сөзі дер едім, – деп, Арманды қатты кеудеге қаққандай болады. Жалғыз жылайды. Осы арада Нина жеткен. Нинамен сыр, шынды ашу, өкіну. Нина мұны жұбатып, үгіттеп отырып, оқу қажеттігін айтады. Өзі де оқымақ, өспек.

Алуа бірақ жаралы, тез әкету, көмектесу керек. Осы араға Мардан жеткен. Назарбек қайран болады. Мардан Алуаға аға, дос болып барынша еміреніп, ішін ақтара сөйлейді:

– Доғал жау, сен ғана емес, менің де жауым, – дейді.  
– Оқы, өс, адам бол, – дейді. Бұнысы Нинаның айтқан байлауына қосқан сөзі болады.

Доғал ұсталған, бірақ Арман мен Алуа арасы, Мардан мен Алуа арасы зрительге үлкен жұмбақ жайда қалатын болады. Осы күйде сурет бітеді.

## ҮШІНШІ АКТ

### *Алтыншы сурет*

*(Бұл сурет әлі көп материалды шеберлікпен бір-екі суретке сыйғызатын етіп ойлануды, жоспарлауды талап ететін ең қиын суреттердің бірі болмақ).*

Мөлшермен айтқанда бұл суреттің оқиғалары Алуаның жаңада ауданға райком мүшесі боп келгенін және аудандағы әйелдер халін өзі көп аралап, көргенін аңғарту керек. Сол аралап өткен кеңселер, ұйымдар, мектептер, колхоздар және өндірістер ішінен кейбір ірі мәселелер қазір райкомда, женотделде талқыланып, екшеліп шешілмекке тиіс. Сол себепті Алуа райкомда приемдар жасап отыр.

Алғашқы келушілердің бірі болып, ержетіп қалған Әсия және оған ерген қыздар, бұрынғы мектептен кеткен Жанар, Кәмшат, Анар, Сәуле сияқтылар келген болады.

Жанар Алуаның себебімен кеше свадьбаны бұзған. Бұл жөнде Алуаның үстінен райком хатшысы Бейсенге күйеу жағынан және ауданның басшы қызметкері Әбекең жағынан шағым болған.

Алуа бір кезең Бейсеннің алдында Жанарды, Әсияны сөйлетіп отырып, Әбекеңді мысқылдап, әшкерелейді. Күйеудің бұның өз үйіне терезеден тас лақтырған қастығын, қылмысын баяндайды. Осы бөлімде ендігі бір кезек мәселе “Ақтал” колхозының балалы әйелдері мен бригадир жөніндегі бала бақшасын жасау қамы болады. Тағы бір кезек оқиға сиыр фермасындағы Назарбек, Айбала және басқа сауыншы әйелдер арасындағы жарымы күлкі, жарым сыншы тартыс болады.

Тағы бір кезек оқиға Арманның басшылығындағы құрылыс жайынан болады. Әйелдер құрылыс басшысының үстінен шағым жасаған, әлі де келіп жатыр. Алуа өзі де көрген. Құрылыс басшысын шақырған. Осы кезде Алуаға сағынып, қуанып ұмтылған Арман келеді. Алуа оның бастық екенін білмей, қуанып қарсы алады. Әйелдер түңіледі. “Екеуің бұлай дос болсаң, бізге несіне шағым айтқызғансың, шырақ” деп, Алуаға кінә айтушылар болады. Алуа енді аңғарады. Арманды енді шұғылынан ұрысып, кінәлауға кіріседі. Екі арасында үлкен тартыс, тайталас туады, бірақ бір жағынан Арман құмар, құштар күйден арыла алмайды.

### **Затемнение**

Нина Алуаның кеңсесінде, ол Алматыдан келген, риза. Алуа ауданға әйелдерден үлкен саналы, инициативалы стахановтық мықты кадрлар өсірген. Арада екі жылдай уақыт өткені аңғарылады. Институт бұны аспиранттыққа шақырады. Бірақ Арман екеуі енді үй іші тұрмыс жасамақ. Нина мен Сексек бір жағы бұлардың сондай тойына келген.

Марданнан хат келеді. Ол Алуаны диссертациямен тосады. Бірақ бұның планына риза емес. Қараүлек, Бопай сияқты хан ханымдарын зерттеп қосу керек деген талаптар қойған. Алуа толқуда. Бірақ уақыт тығыз, соғыс күні басталған кез. Той тойламақ шағында Арманға повестка келеді. Арман запастағы офицер. Құрылысты бітірген, енді ол ертең соғысқа аттануға керек. Осындай қат-қабат



хал үстінде Бейсен де, Әсия да әскерге жүріп бара жатады, қоштаса келеді.

Осы халде Алуа Бейсеннің орнына “Ақталға” хатшы болғаны анықталады. Орталық үкімет бастығы самолетпен Алматыға өтіп бара жатып Ақтал ауданына тоқтаған, Алуамен ауызша сөйлесіп, тапсырма берген. Алуа аудан әйелдері атынан серт береді. Аудан әйелдері бүкіл Қазақстанға, Одаққа әйелдер үндеуін қабылдайды. Бұл оқиға сценарийдегі апофеозбен аяқталады.

## ТӨРТІНШІ АКТ

### *Жетінші сурет*

Бұл – институттың үлкен залы. Алуа диссертация қорғайтын күн. Әуелі Алуа жалғыз. Ол Арманнан талайдан хат алмаған, Арманды өлді деп санаған ауыр жылдар өткен. Жалғыздықта, айырылудың дертінде, жар қайғысы зарға жеткен шақта, бүгін ғана бірінші хат келіп отыр. Арман партизандар арасында, бірақ хат келгенмен, бары-жоғы белгісіз. Осы бөлімде Ақтал ауданы туралы ерекше қуаныш хабар әкелген Нина. Ақталдың он төрт әйеліне орталық үкімет Еңбек Геройының атағын бергенін айтады. Бірақ кісі аттары әлі мәлім емес.

Енді Нина қазіргі қорғалатын диссертация жайына көшеді. Бұл жөнде ол Алуаға үлкен кінә қойып, ұрысады.

– Сенің осы арада әкеліп отырғаның соғыстан бұрын бірнеше жыл және соғыстан бері қарай тағы да көп ауыр жылдардың асыл қорытындылары, ардақты нәтижелері – Октябрь әйелге не берді деген жөнде сен жаңағы он төрт әйелді, оған қоса басқа да сан он төрт Еңбек Ері әйелдерді айтуға міндеттісің. Өзіңді соған қоса айтуға және қарыздарсың. Бұнда тәрбие, өмір, бұнда жүйе, ғылым, лениндік ғылым бар жайдың басын қосқан. Саған сол жетпей ме? Хандар не керек, хан қыздары не қажет, – деген түрде сын айтады.

Алуа өзінің де осы туралы көп толқығанын білдіреді. Бұл бөлімдерді шығарып тастауға бекінеді. Сол жайын

оппоненті Марданға айтады, Мардан бұған ашуланады. Осыдан кейін защита болады. Сценарийдегі оқиғалар өтеді. Мәжіліс бітеді, соның артынан интермедия сияқты бір көріністе Сексек пенен Балжанның сценарийдегі күлкілі оқиғасы баяндалатын болады.

Дәл осы сурет аяғында халықты қайта тоқтатып, үкімет қаулысын оқиды. Ақтал ауданында он төрт әйел герой болған, сол тізімнің ішінде Алуаның аты шығады және осы арада Алуа шет елге – Қытайға ұшатын хабар алады.

### *Сегізінші сурет*

Бұл суреттің оқиғалары сценарийде жазылған материалға құрылады. Пекиндегі атақты дворецтің залында сценарийде келтірген кейбір драмалық, идеялық тартыстар соңында сахнада Алуаға бой тартқан, совет әйелдерін қоршаған көп басқа халықтар, әр раса, әр ұлт, әр жас әйелдері біріне-бірі зор сеніммен құлаш жайысқандай көңіл білдіріседі, бірақ сенімдерін жеткізер, бір-біріне түсіндірер тілдер жоқ. Сонда Алуа Бирманың, Индияның, Индонезияның, Малайяның, Жапонның әйелдеріне ұсыныс айтады.

– Бәрімізге ортақ тіл бар, ол – әннің тілі ғой. Әрқайсымыз өз еліміздегі әйел күйін білдіретін, ең бір шыншыл, ең бір сырлы әнді айтысайық, – деп ұсыныс етеді.

Барлық әйел қабылдайды. “Бұл жүрек ашысу. Жанмен жырлау”, – десіп үш-төрт ән айтылады. Совет әйелі атынан Алуаның өзі ән айтады. Тамаша, жарқын, күншуақ көңіл жайды баяндай келіп, ол әнін үзбестен сахнада, трибунада тұрған болады. Сол трибунадан алдындағы әйелдер конференциясына сөйлеген Алуа біразда зрительный залға сөйлейді. Енді біразда театрдың, сахнаның шартты шеңберінен, шегінен асып шығып, дүниеге, эфирге сөйлеп тұрғандай болады. Сонымен, спектакль тамам болады.

## Ш Ы М Ы Л Д Ы Қ

# ӘЙЕЛ ЖОЛЫ

## Шағын және толық жоспары

### Төртінші бөлім

1931 жылдың көктемі (*тарихтан цитата*).

Обком партия кеңсесі. Сапар хатшыға Алуа келеді. Алуа партияға алынған, билетін береді Сапар. Міндет артылады. Коллективизация жәйі. Өстік, бірақ тартыс үшін өстік. Қарсылық бар, жау әлі жойылып біткен жоқ, алысасың. Партия сенеді, билетін ауданыңа жібереміз.

Алуа өзі оқитын педтехникумде. Онда соңғы лекция жүріп жатыр. Оқып тұрған Мардан. Ол үлкен азамат. Лекциядан соң Алуаға елге барып, жақсы істеп қайт деп мақұлдайды. Өсиет. Өзі үйде кешке жасырын бір хабаршыны қабылдайды, сыбыр аралас сыр... Елден келген жансызбен біреу туралы қысқа тұспал сөздер айтысады... Хабаршы жасырын жөнеледі – ол Жалтыр.

Алуа елде. Миялы, Ақсу бойы көп өзгерген... адам да өзгерген. Киіз үйлі ауыл жоқ... отырықшы үлгілі қыстақ. Өлке егін, мал өлкесі болған. Алуалар тракторлар әкелген, бұл үлкен мереке басы. Колхозшы болған бұрынғы Доғалдың малшы, қосшылары. Тегіс таныс. Сақалдары азайып, мұрт қалдырған үлкендер де бар. Өлке құт өлкесі, агроном, зоотехниктер бар. Мектеп... үлкен мектеп. Онда Аққу оқытушы. Алуа жас қыздар, балалар арасында... Жетім қыз Әсия – әкесі өлген... бірақ күтімді, бар жұрт өзін сүйеді, аялайды, ол жатақханада. (Бұл Әсия болашақ героиня, қазір жасы тоғызда.) Алуа оны еркелетіп өлең оқытады... Клуб... Алуа балалармен ән салады. Сексек бірге ол балаларға, жастарға қаланың, театрдың әнін үйретеді. Ол – сауықшы, артист. Осында Алуаға Жаппар оралады. Алуа қатты қызығады, Алуа да емексиді. Алдында Сексек бұны тағы

мақтап, “бүлдіршіндей” жігіт келді деп білдірген болатын Алуаға. Жаппар Алуаға оралып жүргенде, оған жасырын жүрісті хабаршы келеді. Осы кезде мал ұрланған хабары “Миялы” колхозына келеді. Бір айғыр үйірі жылқы жоқ... мал қорасы өртеледі. Қозылар зорға аман қалады. Жанбыр.

Түнде молада Доғал. Қасында бес кісі бұзар серіктері бар, бұларға хабаршы келеді. Бәрі колхоз атын мінген... Хабаршы бірер атты сатып, пұл қылмақшы. Хабаршы Алуа жәйін айтады. Трактор әкелген, егін қаулап кетеді. Доғал кіжінеді Алуаға. Хабаршыдан тапсырма, Алуамен кезіктірсін дейді.

Түн. Тау ішіндегі оқшау қыстауда Алуа. Оны бұнда шақырған Жаппар, таудағы қой фермасын көрсетпек болған. Өзі колхоз бригадирі. Бұл фермада баяғы Доғалды қорғайтын кедей қарт. Жаппар келмей қалады. Шал Алуаны түнде сақтандырады. Мезгіл қауіпті. Енді бұл шал жақсы боп өзгерген. Түн ортасында Доғал мен жолдастары шабуыл жасайды. Атысу. Жаппар Доғал қасында. Жабық есік, терезеден атысу. Алуа ерлік табады. Алуа “білдім сені, таныдым, дүспан!” деп қалады. Жаппар өзін айтты екен деп, енді не де болса құрту керек дейді. Бірақ Алуаның айтқаны Доғал. Атыс... Шал көмек етеді, өзі атысып қалады, Алуаның атын әзірлеп қойған, ол атқа міне шабады. Осы кезде қора өртенеді. Онда қозылар, жас қозылар көп... шал босай сала қозыларды құтқаруға ұмтылады жалғыз. Қуғын, ақ боз айғыр, баяғы әкесі өлгендегі Ақайғырдың баласы... Жаппар өзгелерге не қылсаң өлтір дейді. Қуғын... Алуа өзі соңынан қалмаған Жаппарды атып кетеді. Оның қолынан мылтығы түсіп кеткенін көріп қалады Алуа. Құтылады. Тез ауданнан қарулы серіктер алып, қайта шабады Алуа. Атыс. Доғалдар ұсталады, екі қолы жаралы Жаппар. Алуа: “Ә, мен сені атыппем?” (Стреляла в мое заблуждение.) Тез ұмтылып, өртке жетіп, қозыларды құтқару үшін жан сала алысады. Құтқарады.

## Бесінші бөлім

1938 жыл. Оқу бітірген күн. Бір оқу емес. Дәл осы күн Алуа алты айлық ұшқыштар курсына да бітірген. Оның экзаменін ұстағанда үлкен самолетті штурман боп кеп өзі отырғызады. Сауық кеш. Қыз-жігіттер. Арман, Мардан

осында. Мардан Алуаны мақтайды. Арман экспедиция (комплексная) жәйін айтады. Өзі гидротехник. Ақсудың аяғына, Бетпаққа аттанбақ. Алуа сұрайды. Тарихшы ескі көш, өріс, қоныс жолдарын және ескі адам мекен еткен іздерді, қалдықтарды зерттемек. Соған бұны Мардан жұмсайды. Ескіге айдайды. Алуа кетеді. Сексек амалсыз қалады. Бірақ Арманға тапсырады да... оны Алуаға мақтайды, өзі бүлдіршіндей жігіт екен, не керек деп таңдай қағады. Үріп ауызға салғандай.

Алуа кетеді. Экспедиция құмда. Экспедиция бастығы Арман мен Алуа арасында конфликт... Арман тек бүл нені біледі. Алуаның ісіне көмек бермейді... Ақыры ұрыс, Алуа сазды алып өзі кетеді... Тақыр... сор боп шығады... Машинаны сора бастайды. Алуа тастай қашады, өзі батып кетермен болады. Қолындағы рациядан да айрылады, оны да сор сорады. Етігін лақтырады. Жеңілдеп қашып, сордан құтылады... Бірақ айнала жапан тұз, құлан елсіз. Тек қана қызыл құм... құм бораны. Шөл... Өлім күйінде... Бір күн... Екі күн... Экспедицияда тревога... Арман мазасызданады... Іздеу... Жалғыз кішкене самолет. Сорды көреді... Шөлде өлермен болған Алуа киімін бұлғап шақырады... Самолет қонады. Бірақ ауыр азаппен, қирай қонады. Летчикте травма... Ол ессіз... Самолетте... Арман ұрсады да көмектеседі. Алуаны зорға тірілтеді. Бірақ летчикті оңалта алмайды... Арман ызалы, Алуаны сөгеді: қолыңнан түк келмейді. Өзі техникадан ешнәрсе білмейді. Алуа самолетті айналдырып көп әрекет етеді. Ақыры летчикті кабинаға отыртып ұшпақ болады, істі сеніммен қолға алған. Арман таңғалады. Оны тастап кетермен болғанда зорға мініп үлгереді. Алуа самолетті жақсы ұшырады. Аман-есен экспедицияға келіседі. Арманды түсіреді де, Алуа оңдырмай сөгеді. Енді қайтып көріспестей болады. “Қазақ әйелі қор дедің ғой!” Кешілмейтін кінә сақтап кетеді.

1941 жыл жазы. Москвада Тарих институтында Алуа диссертация қорғамақ... Енді Алуаның алдынан ойда жоқтан Нина шығады. Ол — профессор. Оппонент және баяғы Нина Алуаны мықтап қолға алады. Қақтығыс... Қиналу. Алуа қорғайды. Өз жәйін, өмір шындығын Нина мәслихаты бойынша айтумен жеңіп шығады. Соңғы сөз. Мықтап қорғанады. Марданды сонда әшкерелейді. Кей көздерге жас

та ілінеді. Жақсы қорғап шығады. Нинамен оңаша әңгіме, шын өмір, тартыс, жеке тұрмыс әлі басталған да жоқ. “Тек оқумен бола беріпшім. Өмір жасау керек” дейді Нина. Сол шақта соғыс хабары. “Өмір, міні, басқаға шақырады”. Нина ойда. Алуа: “бұл күнге шейін өмірге әзірленумен келіп ем...” Енді сол әзірлік қарызы тартысқа шақырады. Соғыс күні. Раскова бөлімі, жақын әрекетті бомбовоз... Соған штурман Алуа. Ол – әскер. Соғысқа аттанар алдында Әсияны көреді, ол истребительде...

## Алтыншы бөлім

Соғыс.. Бомбовоз әрекет үстінде. Задание Н. полкі пәлен учаскеде шабуыл жасайды. Бомбовоз, эскадрилья жәрдем етсін... Қырғын соғыс. Жерде полк командирі шабуыл жасайды. Бірақ жау шебі күшті... Доттар мығым. Сол кезде аспан шабуылы, біздің бомбовоздар. Әсіресе бір батыл бомбовоз жау тобын мықты соғады. Ол қайта-қайта ұрып жүрген Алуалар. Пилотта мықты әйел. Бір шақта батальон шабуылға шығады. Жас қыз Әсия “қазақтар, за мной” деп ұмтылады. Ер қайрат атады. Сол қыз қайраты жауды басады. Неміс шебін алады. Бірақ батальон бастығы жаралы. Ер қыз Әсия өледі. Бомбовоздарға неміс истребительдері ұмтылады. Қамауда бір бомбовоз. Халі нашар, қашады... Бұлар Алуалар. Екі жау истребителі қысып, қаузап баурап алған, өз жерлеріне бұрып қондырмақ. Осы жақта жалғыз совет истребителі ұмтылады. Екі жау бомбовозды қысып алған, құлатарман күйде. Жоғарғы совет истребителі араласады. Біреуін, екеуін де құлатады, өзіне жаулар истребительдері қаптайды. Ол жеңіліп құлайды, ерше құлайды, жауды өртей құлайды. Бұл атақты орыс жігіті, герой. Жерде батальон. Бомбовоз жаралы... зорға дегенде жерге қонады. Ішінен кісі шықпайды. Пилот өлі... штурман жаралы. Екеуін де зорға шығарысады. Үсті күйген, біткен Алуа. Кейін госпитальда... Сонда жаралы Арман да кеп түскен, бүгінгі соғыс соңында болған халді жақсы сводкадан біліседі. Госпитальда Арман, Алуа... шын махаббат сауыққан шақта табысқан...

Соғыс біткен, Алматыда Алуа, Арман... Машина... Жақсы азамат Арман, мықты үлкен қызметкер Алуа. Мардан кітабын Алуа сынайды, әшкерелеу. Мардан қорғанады...

Алуа барын ашқан. Жаз жайлау, қыс қыстау. Дулаттар құмда колхозда, бәрінде жаулық. Бүгін халық жауын дәріптеу – тегін емес, жалғас... Мардан партияда екен. Оны әшкерелейді Алуа. Алуа үлкен ғалым орнында, үлкен басшы азамат, Арман да сондай.

## Жетінші бөлім

Алуа көп делегат ішінде шет елге ұшады. Машина канаты астында Италия, Арабия, Иран, Пакистан. Ақыры олар Индияда, Делиде. Бар Азия халқынан өкілдер келген... Бирма, Қытай, Индонезия, Египет, Тибет, Иран, Ауған баршасы... Неру қабылдайды. Жиын, сөз. Алуа сөйлейді... Азия әйелдерінің халі ұят күйде. Біз басқа материктер халқынан ұяламыз. Дүние жүзінде ең артта қалған әйел халі Азияда... Бұнда шарифат хукімі... ниһах, талақ, көп әйел алу, әмеңгерлік, қалыңмал... мұсылман елдерінің үлемалары ыршиды. Алуа: “Одан да сорақы, Азияда полиандрия бар. Бір әйелді көп еркектің ортақ пайдалануы (бір үйге бір әйел)”. Бұл сөз кезінде Далай лама өкілі ыршиды. Алуа өр, өжет. Совет әйелінің жолын, теңдігін және содан туатын ерлігін айтады.

Тағы бір кезек Алуа Кореяда, МФДЖ комиссиясымен бірге барған Алуа... Ойран болған қыстақ. Жылап тұрған 6 жасар қыз. Қасында өлі әжесі. Одан бұрын әкесі өлген. Анасы аурудан ертеде өлген еді. Әкесі жаумен қатты алысып, герой атын алып өлген. Міні, енді панасыз жетім жалғыз қыз. Алты-ақ жаста... Қайтпек, қайда бармақ? Алуаның жүрегі елжірейді. Өз өмірі есіне түседі. Кәрі әжесі өлген, өзі жалғыз... Мына қызды көтеріп алады... Ертіп кетеді.

## Эпилог

Берлинде. Бар дүние демократ әйелі жиылған. Алуа ортада. Балалар халін ойлау – осы отырған әйелдер міндеті. Арнаулы конференция шақыру. Балалар үшін алысу. Соғысқа қарсы алысу. “Біз анықтаймыз” деген ұранды нық атпал үнмен айту. Алуа – совет әйелі өкілі. Сонша сұлу, сондай өскен, өзі сонда 40 қана жаста. Әлі Алуа өмір, тірлік тартыста.

## Жобаның толық түрі

### Үшінші бөлім

1928 жыл. (*Қазақ ССР тарихынан цитата*).

Музыкада жаңағы сыбызғының күйі, Алуаның әні. Ол қазір жаңғырып өскен, түлеп өскендей ұлғая, тереңдей түскен. Оптимистік шат сарынға ауыса түскен. Өктеп келе жатқан өскелең өмір шаттығын баяндайтын сырлы, сұлу саз. Осы күйдің тірліктегі айғағындай, қуанышты лаулаған қалың кедей жиыны бай аулының желі басында. Мұнда: биеші, сауыншы, жылқышы, бие сауғызушы жас кедей жігіттер, қауғашылар мың қаралы қалың жылқының үйірі шоғырының арасында елу-алпыстай нокталы құлындарды желіден шешіп, ноктадан босатып жіберіп жүр. Құлындар қуанғандай кісіней, шұрқырай шапқылап кетіп жатыр. Кедейлер тобы күле қарасады. Екінші топ: қойшылар, күзетшілер, сауыншы әйелдер, көрі-жастардың көңілді тобы қағазға тіркеп болған қосақтағы қойларды ағытып, таратып жатады. Көгендегі қозыларды ағытып жіберіп жатады. Маңырап шулаған, жамырасқан қой-қозы бағанағы күйдегі шаттықты қошеметтегендей болады. Еркек-әйел, кедей-кепшік тобы көрі-жастан құралған шұбарланған қалпымен алғашқы топтарға шұбыра қосылып, үлкен сейіл жүріс жасайды. Ынтымақты, ырзалықты барлық жүзбен баян етіседі. Қалың түйе тобы және де боталарымен, тайлақтарымен тайрандап жөңкіліп барады. Олардан да бөлініп қалып жатқан адам тобы: түйеші, бақташы, сауыншылар. Мұнда да жаңағы қуаныш сазының серпін, екпіні, жанды қызу ырғағы танылғандай.

Күй әлі де қыза түсіп, өрлей береді. Бірақ осы күйге барынша қарсы, ерсі контраст ретінде тағы бір көрініс байқалады. Жаңағы неше түлік шұбарытқан, мыңғырған мал жөңкіліп, бұлттай ауып, белгілі ақ үйлі бай ауылдан аулақтап өтіп барады. Бұл ауыл – баяғы белгілі Дулат байдың аулы. Үлкен ақ үйде оқшау ғана, жалғыз салбырап отырған Доғал бай. Ол үнсіз. Екінші үйде жалғыз салбырап, жылай жүдеп отырған бәйбіше. Тағы бір ақ отауда тоқал. Ол қайғылы да, қуанышты да емес. Жалғыз да болса, бір нәрсе күткендей,



бір нәрсеге әзірленгендей. Айналаға шұғыл, шапшаң көз тастап, бір қиясқа мінгендей.

Доғал ақырын, жәй сыбырға жуық үнмен әлдекімге сөз тастап отыр. Мұның алдында отырған жігіт – орысша киімді, шаш қайырған Мардан.

– Мен аңғалдық еттім. Қапы кеттім. Сен заман тілін менен артық білесің. Сен бекем бол! Өзім де әлі тіс-тырнағым кеткен жерде кетермін. Әлі сан кезігермін, осы жон-жоталарда.

Мардан сөйлемейді. Тек сәл ғана басын изейді де, кете барады. Қалада, тас үйдегі кеңсеге Алуа кіреді. Кіріп-шығып жатқан жастар көп... Бұл – Укомол (уездік комсомол комитеті). Алуа қазір көп ысылып қалған... Киімі қалаша, бірақ әлі қыр үлгісінде араластау, шашы қос өрім, өңі оқыған адамға ұқсастау. Ол кеңседе. Бұны кезек жетіп, бөлмеге шақырады. Онда Нина стол басында, қасында Сәруәр. Бұл да осы орында елеулі қызметкер болғандай. Екі қыз Алуамен жылы амандасады.

– Оқу әзірше тоқтады ғой? Жазғы демалыс емес пе?

Алуа:

– Қазір демалыс.

– Ендеше, сені жастар ұйымы (Укомол) елге жұмсайды. Қайда барарымызды естідің ғой.

– Естіп едім. Баруға қарсы емеспін.

Нина қасына отырғызып, әсиет айтады.

– Бұл – партияның зор саяси мәнді бүгінгі ісі. Біз, комсомолдар, осы жолда үлкен көмекшіміз. Сен өзің білмейтін жайға бармайсың. Әдейі Укомол өзің білетін елге, жерге жіберіп отыр. Сенің өзіңнің ісің, пікірің керек болған кезде бәрін де ойдағыдай, жасқанбай танытасың. Солай ма?

Алуа ұғынып, ойлана бекініп бас изейді.

Доғал да, әйелдері де “қашан келеді, қалай келеді?” десіп, біреулердің келетінін үркіп, қобалжып тосады. Жаңағы даладағы малшылар топтары да “қашан келеді, мұнда қашан жетеді енді, қашан, қанша кісі келер екен?” – десіп дабырлап, көңілді жүздер көрсетісіп, бай үйлерінің маңына таман жасқанбай, енді еркін басып келе жатысады. Үй ішінен бұларды көрген Доғал мен әйелдері баспалап қарасып, жүздері шыдамай салбырап, түнеріп, сырт айналысады. Бір

уақыт далада “келе жатыр, келе жатыр, үкімет азаматтары келе жатыр, ана шауып келе жатқан солар” деседі.

Тыста кедейлер тобы күліп, жайнаған жайдары түспенен бір тобы бір тобына қосыла, байлардың ақ үйлерінің сыртына топтала береді. Желдірткен, шоқыта шапқан он шақты аттылар тобы ауылға тақап келеді. Үй ішінде босағадан баспалап Доғал, бөйбішелері көз алмай қарасып тұр. Олар да ақырын “келіп қалды”, “келіп қалды!” десіп үркісе айтысады. Алдыңғы аттылардың қатарынан озыңқырап шыққан екі адам бар. Біреуі боз жорғаға мінген қызметкер...

## Төртінші бөлім

1931 жылдың көктемі (*тарихтан цитата*).

Облыстық қала орталығында үш этажды тас болат үйі. Бұл обком партия кеңсесі. Осы үйде, бірінші хатшы кабинетінде Сапар мен Ершова екеуі де өң-түсте салмақты, балғын тартқан. Киімдері де таза, жаңа, үлгілі. Екеуі әңгімеде...

С а п а р. Оқудан жырып алу оңай емес. Солай ма?

Е р ш о в а. Мектебімен сөйлестім. Ол аса жақсы оқиды. Көп залал көрмейді. Өзі өзгеше зейінді.

С а п а р. Ол кешігіп оқығаннан саналы оқиды, тырысады ғой. Құмар ғой.

Е р ш о в а. Құмарлығы кешіккен жасынан болу керек. Сонша қомағайлана оқиды. Тіпті әке-шешесінің, одан арғы аталарының бәрінің оқудан құр қалған олқысын осы жалғыз қуып іздегендей.

Сырт есікке көше бойлап келген Алуа кіреді. Ол қазір басқаша, таза қалаша киінетін болған. Арқасында ұзын, ауыр қос өрім, өзі сұлу да әсем, жаңағы кабинетке кеп кіреді, сыпайы сәнді. Сапар мен Ершова қол беріп амандасады. Отырғызады.

С а п а р. Оқу жақсы ма, Алуа?

— Жаман емес.

— Сен оқуды жақсы оқып кеттің. Ал мен сенің 26-шы жылғы әншілігіңе қарап, артистка боп театрға кетеді ғой, оқуды ұзақ бейнет көреді ғой деп ем.

Е р ш о в а. Алуа әнші де боп қалды, оқуды да жақсы оқып кетті.

А л у а. Жақсы оқу қайда... аз ғой.

Е р ш о в а. Ну, оқи бер, кім саған бөгет етеді. Век живи, век учись! – деген жоқ па?

А л у а. Бәсе.. Ендігі менің программам сол мақалда айтылған. *(Күліседі.)*

С а п а р. Рас, ол бір программа, ал біз сені ауданға науқанға жібермекпіз – бұл да программа. Солай ма?

А л у а. Науқанға? Оқуым ше? Ол біткен жоқ қой?

С а п а р. Экзаменді қайтып келген соң бересің. Оқуың жақсы, үлгіреді деді дирекцияң.

А л у а. Болсын ендеше. Жә, қайда барам?

С а п а р. Өз еліңе, Миялы, Ақсудың еліне жасалып жатқан колхоздарды көресің. Сол елге көмектесесің. Жалғыз ол ғана емес! – деп, түсі енді салқын, салмақты түрге ауыстырады. – Елде қазір қатты міндетті іс жүріп жатыр.

А л у а. Білемін...

С а п а р. Онда жаңалық та көп, қастық, қарсылық, тартыс та көп. Құрып бітпеген бөтен тап, жойылып болмаған жау бар, тап жауы. Тартысқа түсуден қорғанбайсың ба осы күн?

А л у а. Қорғаншақ етіп тәрбиелеген жоқ қой бізді комсомол. *(Күліседі.)*

С а п а р. Дұрыс. Ендеше, партия зор міндет артады саған. Қолыңнан іс келеді деп сенеді және. Сен баратын жердің қалың елі, еңбекші көпшілігі сені жақсы біледі. Сол үшін әдейі сені ауданға жіберіп отырмыз.

А л у а. Жарайды, партия сенімін ақтап шығу арманым болар.

А л у а *(аздан соң)*. Енді мен әзірленемін. Техникумнан рұқсатымды алайын.

С а п а р. Жолың болсын, мықты бол, Алуа. Сол Миялы өлкесі, бар Ақсу бойы аз заман ішінде көркейіп, жасарады. Атырапқа үлгі ететін мақтанымыздың бірі болады. “Дулат, Доғалдай байды қуған соң өлкенің жаңа дәуір дәурені осылай болар” дегізу керек. Мол еңбек етіп, гүл жайнату шарт. Бүгінгі бар қиындықпен алысқанда, алдында сондай айқын, жарқын сәулелі келешек барын үнемі ұмытпай қайрат қыл! Осыны елге де ұғындыр. Соны неқұрым жақсы ұғындыра білсең, солқұрым бүгінгі қиыншылықтарды құлшына жеңерсің. Қош!

Алуа кетеді.

Ол қазір үлкен мектептің класында. Соңғы лекцияда. Лекция оқып тұрған Мардан. Бұл СССР тарихынан сөйлеп тұр.

– Сөйтіп, 1830 жылы патша қатын Анна Иоановна тұсында ең алғаш рет қазақ елінің мол тобы, Кіші жүзі Россияға бағына бастады. Бағындырған – хан Әбілқайыр. Ол “ақтабан шұбырындыдан” соң сорға қамалған қазақ халқының ауыр күйін өз керегіне пайдаланды. Елін Россия патшасына сатып, өз тұқымына хандықты, үстемдікті нығайтып, сақтап қалды. Ендеше, “ақтабан шұбырынды” жаманшылық еді. Бірақ сол жаманшылықтан хан Әбілқайыр үшін жақсылық туды, олжа түсті. Ал халықтың тапқаны патшалықтың әскери отаршылдығы ғана боп қала берді. Міні, менің биыл сіздерге оқитын дәріс лекцияларым осылайша тамам болды.

Дәріс бітті... Оқушылар қыздар, жігіттер тарап жатыр. Алуа жалғыз, салқын түсте шұғыл ойланып қалған. Өзінің жаңа жазған соңғы сөздеріне қарап отыр.

– “Халықтың тапқаны патшалықтың әскери отаршылдығы ғана боп қала берді”. Осы ма бар тапқаны? Осы ғана ма? Тарихтың айтары сол ақ па?

Алуаның қасына, бұны алыстан аңыстаған Мардан келеді. Ол келбетті, сәнді киінген, тола түскен сұлу адам.

– Алуа!? Е-е, қарындасым! Елге жүретін болдың ба? Ол жақсы... жақсы екен! Оқуды тәжірибемен жалғастыра өсу шарт... жақсы... мен мақұл дедім!

– Ол жақсы. Бірақ, Мардан, аға жаңағы лекцияңыздың оң сазын түсіне алмай қалдым.

– Ә, ә!! Е-е, о не?

– “Халықтың тапқаны патшалықтың әскери отаршылдығы ғана боп қала берді!” дедіңіз. Осыны қалай ұғынамыз? Сіз қалай айттыңыз? Барлық Россиядан қазақ елінің алғаны сол-ақ деп білейік пе?

Мардан сазара түсіп:

– Е, неге олай ұғынасың! Мен қай дәуірді айттым? Әуелі соны ескерсеңші! Ең алғаш патшалыққа қараған кезді айтқам жоқ па? Одан кейінгі дәуірде, Россияға қараған соң тапқан табыстарға жеткем жоқ қой! Мен үшінші курста Россияға түгел бағынған соңғы дәуірді оқимын.

Алуа елде... Ақ айғырға мінген, жортып келеді. Қасында бір топ колхозшылар және Жаппар, Сексек те бар. Ол да әзір қалаша киінген. Миялы, Ақсу өзгерген.

С е к с е к. Баяғы біз қашатын кең қоныс қой мынау, Алуаш.. Ә-ә! Енді қара... Қала орнапты...

А л у а. Ондағы ауыл өңшең киіз үй еді.

Ж а п п а р. Енді киіз үй музейде болар. Отырықшылыққа ел қандай қуана кірісті десеңші.

С е к с е к (*айнала қарап, қуана жымыңдайды, қасындағы екі өзі құрбы кісінің жүзіне үңіледі*). Дүние өзгермей қайтсін, мына Бейсен мен Оспан сақалын да қырыпты. Тон шидемін де тастапты. Қарашы, бұрынғыдан ырымға, жұрнаққа тек мұрт қана қалған. Олардың киімі қалаша, ықшам.

Осылай Сексекті де әзіл етеді.

— Ал Сексек тіпті мұртты да беріпті. Жып-жылмағай. Жұрт қартая түссе, бұл жасара түсіп, бисақал бопты.

— Е-е, жасармай, өмірім, дәуірім жаңа басталды. Өзім үшін ғана емес, әкем үшін де қайта өмір сүрем. Сақал-мұртты сонымен әдейі шегеріп жүрмін. Сен... сен қоя түр, батыреке. Әлі жастығым бар деп жүрім. (*Күлседі.*)

Далада мол егін жыртылып жатыр. Алуаны көп қартаң, жас колхозшылар қарсы алады. Қарт, колхоз бастығы Абыл Алуаға:

— Қош келдің, кел, Алуа шырағым.

— Иске сәт! Қалай жүріп жатыр трактерлерің?

— Несін айтасың, тамаша. Еліңнің осы табысыңа ырзалығын қайтесің.

Дауыстар дабырлап, көп колхозшы Алуаларды қоршайды.

— Атын ғана естушек, рақмет саған, Алуа, еліңе бос келмей, осы алыпты ала келгенің қандай.

— Төбемізді көкке жеткіздің ғой.

— Піл әкеліп сыйладың ғой.

— Шіркін жануар, көлік, күш те осы екен ғой.

— Колхозға көңілім дәл осыны көрген соң мың есе орнықты, не керек.

Біреулер осыны әзілдейді.

— Осы айтқаны имандай сыры, Алуа, бұның.

— Жекеде қалам деп көп қыңыратқығанның бірі осы болатын.

— Үндеме, дәл осы бір ғана трактор жұрт көңілін сондай ұйытты ғой колхозға.

— Айнала кетіп жатқан лақапты айтсаңшы.

— Тек әйтеуір тоқтамай, бұзылмай тарта берсе екен жануар.

Алуа трактористке:

– Саша, білдің бе жұрт қандай саған ырза, қандай алғыс айтады.

– О, о, Алуа, мен бұндай болады деп ойлаған емен. Бұнда машина, техниканы қандай жақсы көріседі. Мен өзім олардың көздеріне, жүздеріне қарасам да, өзімді трактор емес, инопланетная ракетада келе жатқандай көрем.

А л у а:

– Ну, рас, жақсы айттың. Тек тракторыңа мықты бол. Бұзыла көрмесін.

– Қорықпа, Алуа... Сен бұған далаларды ғана өзірлей бер.

Жұрт қуана қостайды. Жаппар осы жайдың бәрін екі жақты түйіп жүреді. Алуамен сәл оңашада, ол сырдай сөз қатады.

– Алуаш, қандай жақсы болды осылай келгенің, елің қандай сені сағынған. Сені қандай ыстық көреді. Аңғарасың ба?

– Мен де елді, жерді сенше сағынамын.

– Сені өзгеше, басқаша сағынушы да бар, ойлаймысың?

Алуа сәл қысылып, Жаппардың жүзіне қарайды. Ол өзгеше шыншыл, сыпайы, нәзік сырмен бөгеліп қысылғандай. Алуа да қатты ұяла, үнсіз төмен қарайды.

– Бір биыл, бір бүгін емес, талайдан, көптен солай ғой... тосуда, тек қана тосуда, арманда жүрген жан бар ғой.

Алуа жауап айтпай іркіледі де, атын қамшылап шауып жөнеледі. Жаппар қалып қояды. Сексек қатар шауып кеп, Алуаға ілеседі. Шауып келе жатып Жаппарды мақтайды.

– Жаппар неғып қалып қойды?

– Білмеймін, білмеймін... – Алуа Сексектен де ұялып бетін, бұрады.

– Е-е, о неғып қалды екен. Өзі жұлқынып қалғандай ма. Өңі лаулап жанып, сондай қызарып қапты. Өзі де елде жігіттің жігіті-ау, қандай сұлу. Бүлдіршіндей. Үріп ауызға салғандай ғой.

Алуа күледі, мәз бола, сүйсіне күледі Сексек сөзіне...

– Шын айтам, үріп ауызға салғандай жігіт қой. Ал шаруасы ма. Колхоз бригадирі. Қой фермасы, малы шетінен өзі сияқты әрі сұлу, әрі семіз дейді.

Кешке колхоз клубында Алуа, Сексек, Жаппар. Бұнда жұрт көп. Бәрі де 28-ші жылы конфискацияда көрінген Доғалдың малайлары. Кешке клубқа жұрт жақсы киініп келген, көңілді, қастарында балалар. Көп бала. Олардың ортасында оқытушысы Аққу. Алуамен жақсы қауыша табысу. Бүгін ән... сауық кеші. Қыздар, еркек балалар Аққудың айтуымен Алуаны қоршайды.

– Қаланың әнін айтып беріңіз.

– Жаңа әндер үйретіңіз.

Жұрт та Алуаның әнін сұрайды. Алуа балаларды бастап өзі ән салады. Бұның қасына зейінді әнші, жасқана тоғыз жасар қыз Әсия оралады. Алуа:

– Кімнің баласысың, Әсия балақай, әнің сондай жақсы сенің. Әкең, апаң қайсы, көрсетші.

– Олар жоқ...

– Қалай жоқ?

– Олар өлген. Тіпті әжем, әкем де өлген менің...

Аққу жөнін ұғындырады.

– Ол жетім... Бар туысы өлген... бірақ мектеп жатақханасында өседі.

– Жатақхана жақсы ма, Әсиятай?

Алуа бұны алдына алады. Жаны қатты ашиды.

– Жақсы...

– Сен сондай жақсы әншісің. Сен тамаша артистка боласың. Боласың ба?

– Ия, мен летчик боламын.

– Айналайын. Онда жақсы, менің де арманым сол. Екеуміз де летчик боламыз. Ал қазір ән салайық екеуміз.

– Әнін үйретеді. – Әсия сол немені кездестірсін.

Саулық қой фермасында өзі табыспақ. Сол жерге жанағы Алуаны да келтірсін. Бұйрық.

А л у а (*колхозда*). Тауға мен де барам. Жылқы фермасы, қой фермасы сонда, жөнді білем.

Ж а п п а р. Мен қазір солай жөнелем, мейліңіз білсін. Бірақ қашаң ғой, бармасаңыз да болармеді!

Бұлар қасында ажарлы, оқыған жігіт Арман отыр. Ол гидротехник. Алуаға тіл қатады.

– Қайтесіз, Алуа, тауға, алысқа, қойға өктеп не қыласыз?!

– Е-е, сіз қалай айтасыз? Малдан, қойдан мені жиренеді деп білесіз бе?

– Жо-о, қойға сізден не жәрдем? Одан да Ақсудан үлкен арық алғызғалы, тоғам барлатқалы жатқан бізді үгітесеніңші.

Алуа Арман сөзінен кекесін байқайды.

– Сіз гидротехникадан басқа ақыл да, өнер де, өсиет те жоқ деп білген жанбысыз осы, қалай?

– Әйтеуір сіздің өнер су үстіне сүйменмен жазған оқу екенінде күмәнім жоқ.

– Менің қай өнерімді айтасыз?

– Тарихыңызды айтам.

– Ә-ә, сол ма? Бұныңыз да бір сәл тәуір екен, бірақ оны да байқап айттыңыз-ау...

Жаппар Алуамен қоштасып, тауға, фермаға асыға жетуі шарт болды. –Айып етпеңіз! – деп жөнеледі.

Алуа Арманға оңаша ентелей, ызалана түсіп сөйлейді.

– Өзіңіз жас мамансыз. Кәрі бюрократқа еліктейді деуге қимаймын.

## Бесінші бөлім

1938 жылғы жаздың бас кезі. Көп жастар институт бітірген. Қыздар, жігіттер бір-біріне құттықтау сөздер айтысады. Диплом қорғап шыққан қыздарды ауызда, коридорда букеттермен қарсы алысқан қыздар, жігіттер. Профессорларды да гүлдермен бөлеседі. Мардан гүл букеттерін құшақтаған, жүзінде күлкі, масайрау. Ол профессор халінде.

Бір қыз:

– Алуа қайда?

Өзге қыздар да сұрасады.

– Ол ерте өткізіп кетті дипломын.

– Өзі қайда?

– Өзі тағы бір диплом қорғауда. Ол асығыс кетті. Бүгін оның екінші соңғы экзамені де жеткен.

– Не дейді?.. Басқа Вузда ма?

– Басқа оқуда...

Алуа үлкен самолет ішінде, ол пилоткада, аса жауапты жүзбен үлкен самолеттің ұшуын басқарып келеді. Самолетті қондырады. Алдынан аэродром начальнигі... Жас капитан... Кеңседе... Алуа алты айлық ұшқыштар мектебін бітірген қағаз алады.

Осы күні институтта сауық кеші. Жиын мол залдар,



коридорлар толы әсем киінген қазақ қыздары, жігіттері. Оқытушылар. Би, ән, сауық... Үлкендер ортасында Арман, Мардан да бар. Алуаны Мардан құттықтайды.

– Міні, бүгін өстің де жеттің... Сен осы институтты Абылай аспас асудай көріп ең-ау... ә-ә!

– Рас... Мен бітіргенше қашан... мен үшін емес, өзге кешікпей келген, мезгілімен өскен жастар үшін ғой деушем... – Күледі. – Инемен де құдық қазылады екен...

Мардан қошеметтейді:

– Мен сенің өсіп жетуіңді, ақын болсам, жыр етер ем. Өзім оқытушың болғандықтан, әзірше мақтан ғана етем. Сен отлично с отличием бітірдің. Жалғыз солай шықтың. Институт сені осында аспирант етіп қалдыратын болды.

Құттықтайды. Алуа қуанады.

Арман тыңдап тұрып:

– Ғылым қызметкері?.. Бізге бір тарихшы керек.

– Қайда? – деп Мардан сұрайды.

– Экспедицияға... Комплекс экспедиция жасайтын болдық. Ақсу өзенінің аяқ жағына, Бетпақ құмына бармақпыз.

Алуа қызығады.

– Ақсу аяғы?.. Бетпақ... Онда ескі көш жолдары, ескі қыстау мекендер бар.

Мардан:

– Онда ескі ескерткіш, қорған да бар. Тарих үшін аса қызық ескерткіш раскопкалар бар. Тым құрыса разведкаға біреулер барса деушем. Барасың ба, Алуа?

– Барар ем. Бірақ... – Арманға қарап толқиды, оны жек көргендей.

Арман түсінеді де, мысқылдай күледі.

– Біз тарихшы болмаса да күн көре аламыз. Бірақ ерем десе, өзі үшін. Қарсы да емеспіз.

– Тарихшы да жалынып ермес. Техниктерге жағыну үшін тіршілік етер халім жоқ. Өз керегі үшін барар. Басшысы кім екен ол экспедицияның? – Марданға қарайды. – Мен барар едім, егер...

– Егер бастығы кейбір сүйкімсіз техниктер болмаса дейсіз ғой. Ол емес, қорықпаңыз.

Алуа жолға, экспедицияға әзірленеді. Сексек қасында, ол реніште. Қабағы жадау. Алуаға зорға, амалсыздан көмектеседі. Алуа Сексектің қабағын танып, таңырқай түседі де, ұғынып барып күледі. Сексек:

– Неменеңе күлесің?! Неменеңе күле бересің осы сен...  
– Е-е, күлмей қайтушем. Әлі күнге үй де жоқ, күй де жоқ. Менде шүйкебас жоқ, сенде үрпекбас жоқ... Жүргеніміз мынау екеуіміздің де... Бытпылдық... бөдененің үйі жоқ деп... – Алуа күледі.

– Е-е, содан сорлап жүр екеміз-ау... тегі...

– Сорламай не? Оқу... оқу... оқу бітіреді. Содан соң тиеді, күйеу табады десем... Тағы далаға... Қу дала, қу медиен кетіп барасың, онда жігіт боушымеді. Барлығы... үріп ауызға салғандай сан жігіт мұнда қап барады... Сен босаң олардан безгендей қаңғып барасың.

– Ауа, өзің неге үйленбейсің осы, үйқұмар болсаң.

– Е-е, мен үйленбейін деп жүрмін бе.

– Не бөгеп жүр, сығыр ау? – Алуа күледі. – Үріп ауызға салғандай бар қыз осында, өзің солар қасында. Өзің ай қарап жүрсің бе?

– Ойбай, кездеспей жүрген жоқ па?

– Кімісі? Қандайы кездеспей жүр?

– Мен өзімнің ойыма ойы дәл, әсіресе бойыма бойы дәлін іздеп жүрмін ғой.

– О нес тағы?

– Е-е, өзімнен бойы биік қызды мен қайтем... Дередей қып, сендей қызды не қылам? – Аяғының ұшынан басып, созылып мазақтайды. – Науадан сұлы жеген аттай боп, зәуі-сайтан “сүйем” десем, астыма басқыш қоям ба? Сүйтіп, кеңірдегімді созам да тұрам ба? Мен, Жиренше шешен сияқты, өз серігімді тосып жүрмін. Ол менен аласа қыз болу керек. Жиренше шешен өзімдей шешен қыз кездескенше қыз алмайым депті ғой. Ал мен өзімнен бойы аласа қыз кездеспей алмайым.

– Бәрекелде, о да серт боп па...

– Е-е, түбін ойламайым ба... Әйелімді біреу мазақтап, күйеуінің бойы қарғадай деп күліп жүрсе, қайтем? Мен намысым болғандықтан үйленбейім. Сенікі не? Сенің көзіңді қандай шел қаптап жүр осы?

– Жә... жә... Ұзақ сапарға барам. Сонда тілеуің оң болып, жігіт кезігіп қалар... Қайдан білдің... – Алуа күледі. Сексек сенбейді.

– Ия, Алуаны сол Бетпақтың құмында қыруар жігіт тосып отыр деген. Сені, тегі, Баян сұлуша тоқсан сері тоқсан тараудан кеп тосып отыр ғой. – Алуа күледі.

– Сен бе? Сен күйеуге тисең, мұрнымды кесіп берейін.

– Қой, мұрның өзіңе керек болады. Әйтпесе аласа қыз кездескенде де ала алмай қаласың. Не қыласың.

Алуаға машина келеді. Қоштасады. Сексек жылағандай жаутандап қалады. Экспедиция көп жан. Бұлар ауыр салқар тобымен Бетпақтың құмына орнап жатыр. Бурение... үнемі бурение... Экспедиция бастығы – Арман. Ол үлкен маман. Салмақты, көрнекті кісі болған. Маңында мамандар, бағынғандар көп. Солармен үнемі көп бурение жасап жүр. Алуа бір бастықтан машина сұрайды. Ол Арманға сілтейді.

Екінші адамнан сұрайды. Ол да Арманға сілтейді. Ашуланған Алуа Арманға келеді. Ол бұны көрмегендей. Ақыры Алуа жігерлене сөйлейді.

– Жолдас Арман, осы экспедицияның бурениеден басқа жұмысы, міндеті бар ма, тегі?.. – Арман ықыласпен бұрылып, күлімсірейді.

– Неге болмасын... бар... Тарих дерегін зерттеу бөрінен де қымбат. Солай ма?

– Күлмесеңіз екен. Мен бос жүруге келгем жоқ.

– О-о, барды алыңыз... ендеше, не керек? Адам ба, аспан ба, не тілейсіз?!

– Әзір маған бір ғана “Газик” керек.

– Шофер ше?

– Өзім-ақ жүргізем. Мен карта бойынша жүз шақырымдай өлкені көріп, барлап қайтуым шарт. Кешке оралам.

– Е-е, алыңыз... – Бұйрық етеді, жұрт машина өзірлеп береді. Алуа рульге отыра береді.

Арман:

– Жалғыз-ақ, кеш қалмай қайтыңыз... Шөлге ұрынып қап жүрмеңіз, сақ жүріңіз... Кешіксеңіз, бұндағы жұрттың мазасы кетеді.

Алуа жалғыз тартып кетті. Картаға қарай түсіп ағызып келеді. Бір сәтте алдынан үлкен аппақ тақыр кезігеді. Тоқтап, айналаға көз салып тұр. Жан-жақтың бәрі кең тақыр. Бинобльмен қарайды, арғы шеті сәл ғана көрінеді.

– Картада бар... Ескі тақыр... Ендеше, жүріп өтуге де болар. Тәуекел...

Алуа жүріп кетеді. Жүріп келеді, әлі жүріп келеді. Тақыр реңі бұзылып барады. Ақ соран, ащы шыға бастады. Алуа сескене жүреді. Еріксіз ақырындап жүре байқаса... айнала майысып бара жатқандай... Ашық... Ойылатын мұз тәрізді. Бір сәт дөңгелектер асты қазыла бастады.

– Қап... Қатер-ау!

Алуа асығып айнала бұра беріп еді... Дөңгелектер бата бастады... бұрылу мүмкін емес. Бірақ сол бұрылам деген қозғалыс біржола бүлдірді. Енді анық машинаны батпақ сорып барады... Мотор тоқтады... Тез ақ сор сіміріп, машина батып барады. Алуа секіріп жерге түсті. Өз аяқтарын да сорып барады. Сескенді. Машинаға қайта қарғып, етіктерін жұлып тастап, жалаң аяқ қаша жөнелді. Батпақта, екі аяғын бір батырып, бір көтерген сордан қашып барады... Артына бір қарап еді, машинаны сор жұтуға айналған. Тек брезент қана көрінеді... Алуа қашады. Батпақ сор қуғандай жәйіліп молайып, опырылып барады. Ұзақ қашқан, өлердей талған Алуа зорға дегенде шетке, құрғаққа шыға бере жығылады. Қолтығында карта... Термос. Жанында браунинг. Үстінде сұр гимнастерка.

Күн батты. Таң атты. Алуа кезуде... Адасқан. Қалың құм... Құм таулар. Ыстық. Термос біткен. Соңғы тамшы. Күн батты... Алуа жалғыз құм тау арасында. Әлсіз сәулемен ай туған... Шаршаған, талған Алуа құм таудың жотасына жантайып еді... Сол уақытта селк етіп оянды. Бақса, ай астында едірейген қос құлақ көрінеді. Қасқыр... аш қасқыр аңдып, тақап келіп тұр. Алуа айғай салды. Үркітпек еді. Қасқыр сәл қозғалды да, қашпады. Тағы бір түптен бажайлап қарап тұр. Алуа күшін жиып түрегеліп, қасқырдың нақ басын байлап атып-атып жіберді. Қасқыр зыта жөнелді. Енді тыным, ұйқы да жоқ. Алуа аш... бәрінен де шөл. Тағы таң атты. Тағы ыстық, әлсіреген, тұру да қиын.

Экспедицияда Арман... Онда тыныштық жоқ.

– Бар күшті жұмсау шарт... Анау машина не деп келер? – Келе жатқан “Газикті” тосады... тек жалғыз шофер...

– Из көрдің бе?

– Жоқ. Из де жоқ... Боран, құм борап жүріп өтіпті.

Арман:

– Үш күн, үш күн шөлден де әлсіреп бітерлік болды. Бұ не машақат болды, бар тарапты шарлап, шарлап болды... жоқ... Әлі жоқ Алуа.

– Тек қана самолетпен іздеу қалды! – дейді шофер. Арман пилоттың қасына кеп бұйрық етеді:

– Әзірлен. Мен бірге ұшам!

Аздан соң екеуі аспанда. Төмендеп ұшып, көп сүзді.

Тақырдың үстінен ұшады. Қарауытқан, ойылған, жайылған сорды көреді. Арман осы жерді қайта оралтады. Тағы орала қарайды. Төмендей ұшады. Арман шошыған, өңінде қайғы.

– Сор жұтқан... О-о... Есіл Алуа!.. Сен жоқ, жоқ екенсің ғой. – Қолын сілікті. Пилотқа белгі етті.

– Қайт, біткен... Ол тірі емес... Сор жұтқан... – Екі көзін баса қалады. Есі ауғандай. Пилот бұрылады, бірақ ол сүзле қарап келеді. Құм жотадан өте береді.

Талып жатқан Алуа құм үстінде. Қайтып бара жатқан самолет үнін естиді. Бар күшін жиып, атқып тұрады. Курткасын шешеді. Бұлғай ұмтыла береді... Арлы-берлі жүгірем деп жығылады. Тұра бере тағы бұлғайды курткасын. Пилот өтіп бара жатып көріп қалды. Қасындағы Арманды түртіп қалады. Ол да үңіледі. Қуанған жүз. Самолет қайта оралады. Көп сүзеді маңайды, қонар жер іздейді. Пилот бас шайқайды, ауып кетеді. Үміті үзілген, көрмеді деп ойлаған Алуа талып құлап түседі. Қолы нағанына барады. Өзін-өзі атармын халде. Сүйткенше, пилот жерге қона береді, құм қауып барып зорға тоқтайды самолет, пилот қатты соққыға ұшырап, талып қалады. Қолы да сынған. Арман бұған да жалтақтайды. Арлы-берлі жүгіріп Алуаны табады. Ол талып жатыр. Аузына су құйып, зорға ес жиғызады. Алуа суды жұта-жұта отырып барып әбден ес жияды... тамақ та жейді. Өлдене бастайды. Арманға сүйеніп самолетке жетеді.

Бірақ Мишада дәрмен жоқ. Оның қолын таңысады.

– Енді қайттік?! Қап... бұ да бір сор болды. Екінші сорға тағы қамалдық-ау. Қайтіп құтылдық.

– Самолетті сіз ұшыра алмайсыз, ә-ә? – деп сұрайды одан Алуа. Өзі саспай үнемі самолетті қарап жүр. Арман бұл сұраққа ашуланады.

– Сіз естен айрылғансыз ба? Мені тіпті хирург неге болмадың деп те кінәласаңызшы.

– Сол кінә екен-ау!

– Ыза болам сөзіңізге. Қазақ жәйін білмеушімедіңіз... бір мамандыққа жетсек, төбеміз көкке жетті деп, өзгені ескермейтініміз бар ғой.

– Е-е, оны айтасың ба? – Алуа саспай самолеттің бар тетігін қарап жүр. – Оның бар екені рас. Әсіресе сізде мол бар.

Арман тағы ызаланады:

– “Сізде” деп... Өзіңіз аман шығарсыз содан... Еркегі сондай болғанда, әйеліне не сорым қазақтың.

– Сіз білмегенді қазақ әйелі біліп кетер деп мүлде сезіктенбейсіз. Солай ғой. – Өзі әлі самолетті айналдырып жүріп, Мишаны кейінгі кішкене кабинаға сүйеп отырғызады. Арманға мысқыл ызамен қарайды да, өзі рульге отырып, самолетті қатты қыздырып әзірлейді.

Енді таңдана қараған Арманға “отыр” деп бұйыра белгі жасайды. Самолет жүлқынып талпынады. Арман самолет емес, Алуадан көз алмайды. Алуа бұған ілтипат та қылмайды, сыздырып отырып құмнан көтеріле береді. Самолет аспанда. Мишаның жүзі күлкімен, сеніммен ұшқындайды. Арман таңғалуда. Сол кезде Алуа самолетті экспедицияға әкеп қондырады. Арманды, кабинадан түскен соң, қайта кекетеді.

– Сізді қазақ әйеліне сенбейтін қыңырлығыңызбен құмда тастап кету керек еді. Құтқарушылық қарызыңыздан ғана ұялдым.

– Қарызға қарыз орай болды... Соңғы құтқарушы сіз болдыңыз ғой.

– Бекер-ақ солай болдым деп тұрым ғой.

Арман ашуланып қалды.

– Е-е, табынушы боп шықтыңыз ба?

– Өз жақсылығы кісіні жұбатпайтын, сізге істеген жақсылық кісіні қуантпайтын, осы не қылған адамсыз сіз?

– Бар мінезің үнемі тістеу, тебісумен келетін сіз не қылған жансыз... Тьфу!.. Көргім де келмейді.

– Мен қайта көру түгіл, бұрын көргендерім үшін де өкінем ендеше.

Екеуі қызық ұрыспен екі айрылысады.

Тағы да жылжып жылдар өткен...

Маникюрде он тырнағы әсем қызартылып боялған әжімсіз сұлу жіңішке саусақтар көрінеді. Бұл саусақтар Алуаныкі. Оның ернінде сәл помада. Жүзінде пудра. Көз астында әдемі қара мең. Сәнді сұлу боп қатты өзгерген Алуа. Ол институтқа келеді. Директор кабинетінде хатшыға сөйлеседі.

– Академик Шведовпен сөйлеспек ем! Ол кісі мені қабыл алмаққа уәде қылған еді телефонмен.

– Не жөнінде? Жұмысыңыз қандай?

– Диссертация қорғау жөнінде. Сатаева! Мархабат етіңізші! – Әйел бөлмеге кіріп кетеді. Бір сәтте іштен бір толық, сұлу, келбетті әйел жүгіре ұмтылады.

– Алуа! Алуа, қымбаттым менің. Сен... сенбісің? – Алуа әуелі танымай қап, артынан құшақ жая ұмтылады.

– Нина! Нина Ивановна?.. Сүйіседі. – Қандай бақыт! Сізді мұнда кездестірем деппедім? Ал кімсіз мұнда?

– Тапшы кәні, Алуаш. Сен тапқыр едің ғой, мен кіммін?

– Өзіңіз айтсаңызшы, Нина Ивановна. Интриговать етпеңізші.

– Жоқ... жоқ айтпайым, тап өзің... Кәні-кәні.

– Ну, академик Шведовтың әйелі десем ше!

Нина Ивановна күледі.

– Жоқ, ол бақытқа отказ берем.

– Ну, ол болмады. Ендеше, өзіңіз оқымысты...

– Ә-ә... жақын-жақын. Айт... айт...

– Ну, профессор Нина Ивановна. – Нина күледі, тағы құшақтайды Алуаны. – Қайырлы болсын, тапқаным куанам.

– Ал сен диссертация қорғауға келдің. Біздің академик айтты. Тақырыбыңды да естідім. Жазылды ғой?

– Жазылды.

– Анығы қалай тақырыбыңның?

– Шығыс әйелінің бұрынғы қоғамдағы халі.

– Жүр! Академикке жүр! Анықтаймыз. Бәрін шешеміз!

Бұлар академик Шведов кабинетінде. Академик көп жәйді ұғынған. Алуаның қағаздарын қарап шығып:

– Солай, солай. Түсінікті. Ал мен бұл іске дәл осы сәттен бағыт айтайым ба? – Әйелдер мақұлдай қарасады.

– Ең әуелі әрекет – мықты оппонент белгілеу ғой... соның ең бастысы профессор! – деп, Нина Ивановнаға күле қарай береді.

– Мен?! Аламын. Сирек айтылатын талап... Бірақ Алуа Сатаеваның бұл өткелінде мен болмай болмайды! – Күлкі.

Кейін шаршаған, ұзақ еңбек еткен Нина Ивановна мен Алуа оңаша. Нина Ивановнаның үйінде. Нина Ивановна ұрса сөйлеп отыр, қолында Алуаның кітабы.

– Сен мұнда шарифатты, әдетті айтасың... тағы талай өткен, қалған дүниенің қоқсығын қазасың. Қазақ әйелінің халіне арналған ғылымдық еңбектің үлкен мақсұты осында ғана болғаны ма? Мен сенен сұрайым, осы-ақ па?

– Осыны айтпаса, ғылым болмайды, тарихтық, ғылымдық қабілет болмайды десті ғой.

– Кім солай дейді?

– Біздің институттағы жасы үлкен тарихшыларымыз...

Нина Ивановна ызалана, қыза түседі.

– Жасы үлкен... жасы үлкен болғанша, есі үлкен болсашы олардың... Бұл сені теріске, әуреге айдау... Бәрібір поезбен қалаға бару орнына түйелі керуен етіп құмға, шөлге айдау.

– Ендеше, мен құмда да болдым, экспедиция жасадым.

Нина ызамен, кекесінмен күледі.

– Сен, Алуа Сатаева, бұрынғы тарихты оқымай, тек өзінің жасты көзімен көріп өткен қазақ әйелісің. Өзгені, ескіні, ертегіні теріп нең бар? Өзің көргенді, өзің жеткенді ғана айтсаң болмай ма?

– Сол ғылымдық татымды тақырып бола ала ма?

– Неге болмасқа? Не деді жолдас Сталин?! “Ескі заманда бұндай әйелдер болған емес, болуға мүмкін де емес” деппеді. Сол әйелдің нағыз өзі сен емеспісің. Сенің өмірің, тартысың, тағдырың қандай ғылымдық еңбекке тақырып болмас еді.

– Рас-ау... Қандай шындыққа негізделген ғылым болар еді.

– Әрине, біздің ғылым өмірден туатын, өмірге жетекші де болатын ғылым емес пе?

– Ал мені “шығыс әйелінің ерекше халін баяндап, дүние білмеген жаңалықтар қосасың... Шығыс әйелі боп сол жәйді жазуың ерекше елеулі болады” деп үгіттесті ғой?

– Әйел жәйі жалғыз шығыста ғана емес, бар дүниеде де жетісіп тұрған жоқ. “Барлық каналушылар арасында ең зор қанаудағылар” деген жоқ па еді Сталин, капитализм дәуіріндегі әйел халін сөз қылғанда...

– Сүйтіп, бұрынғыны түгел тастайым ба?

– Тастама, терген материалды, жазған ойды бұнда да керекке жарат. Бірақ ең алдымен Октябрьдің қазақ әйеліне не бергенін жаз. Еңбегіңнің күшін, көбін соған құр. Осыны өзің аңдамағаның үшін ұрсамын мен саған. Кінәлаймын мен сені! Және, есінде болсын, мен оппонент болғанда, осы жөнде олқың, қаталығың болса, аямай соғамын, айтпадың деме!

Бар әділ сынымен екеуі осымен айрылысады. Тағы бір кезекте сол институтта, үлкен жасаулы залда қалың жиын.



Ұзын көлденең стол жанында көп оқымыстылар, қартаң, касқа, ақ шашты ғалымдар. Ортада академик Шведов. Осы қатарда келбетті Нина Ивановна. Зал толы, орыс оқымыстыларынан басқа қазақтар да бар. Трибунада Алуа. Ол соңғы сөзін сөйлеп тұр.

– Сонымен, қазақ әйеліне Октябрь революциясы берген жәйді мен осылайша баяндай көрсетпек болдым. Құрметті оппоненттерім сөз қылған жәйларға жалғас айтарым осымен тамам болды. Енді ең соңында бір ғана жәйға осы құрметті мәжілістен аз ілтипат сұраймын. – Аз паузадан соң:

– Әдетте, диссертация үстінде өмірбаян айтып қорғанбайды диссертант. Мен де ол мақсұтпен айтпаймын. Бірақ маған осы еңбекті толықтыру тұсында “өз өміріңе қара” деп, анық достық мәслихат берген профессор Ершова Нина Ивановнаның айтқанынан туған бір ойымды айта кетпекпін. Мен алты жасымда жетім қап ем. Бай аулының шетінде, жыртық лашықта, панасыз қалған жұрттай жетім едім. Он төрт жасымда, әкемнің өліміне себеп болған бай мені зорлықпен үшінші әйел етпек болды. Одан алғаш рет совет кеңселерін тауып, қашып кеп, әрең құтылдым. Сол байды 28-жылы өзім конфискеледім, 1931 жылы ол қашып, бай, тап жауы боп алысып, өзімменен атысты. Мені өлтірмек болды. Бірақ біз қолға түсірдік. Міні, 16 жылдан бері оқу оқыпшын. Менің бүгінгі жасым дәл қазір, 1941 жылы, отызда. Отыз жыл жасаған бір ғана қысқа өмір неден басталып, неге жеткен біздің қауым Ұлы Октябрь болмаса!.. Ол өзгеріс әкелер ме еді? Әкелер еді, бірақ қандай еді? Мен сол байдың үшінші әйелі болар ем. Қорлық, мазақ, теңсіздікпен күн кешер ем. Атым күң, тегім малай, көргенім тепкі, білгенім тек от басы, ошақ бұты болар еді. Болмаса, ақыл тапсам, қападан, қайғыдан, санадан солар ем! Сол күймен менің бүгінгі күйім арасында қанша ғасыр жатыр? Осыны ойлаймын да, таңдану, таңырқаудан босана алмаймын. Бақсам, мен жазған еңбек тура өмір соқпағы, мыңдар, миллиондар өмірінің, жаңа өмірінің соқпағы екен. Еңбек сол өмірден туыпты. Тіпті ғылым кітәбін өмірдің, тарихтың өз дәуірінің өзі жазыпты. Мен өзім бар-барыммен сол социалистік революция жазған ғалым кітәбінің материалы екемін... Міні, құрметті ғылым кеңесі мүшелері,

сүйтіп, бүгін сіздердің алдыңызда сол өмір жайда материал сөйлепті. Ол материал сіздердің алдыңызға баланың жасын, зарын да... соңғы талап, табыс барын да әкеліпті. Сүйтіп, материал мен жүйе табысқандай, өмір мен ғылым табысар болса, менің басқа өтінер тілегім жоқ. Бар бейім, ілтифат үшін құрметті мәжіліс қауымыңызға ұлы алғыс... алғыс айтып, сөзімді аяқтаймын.

Құттықтау, букеттер, қуаныш... қалың жұрт қошеметі. Осының арты үлкен бөлмедегі жасаулы зор стол қасында, гүлдер арасында отырған Алуа, Нина Ивановна екеуінің оңаша әңгімесіне кетеді.

– Күйеуге тиюден, өмір жасаудан неге тартындың?

– Әуелде бір жан туралы алдандым да, артынан тағы алданам ба деп тартынып қалдым.

– Қорықтым де! – Күліседі. – Қорқып жүріп мүлде күйеусіз қалуға да болады. А, ол қызық емес және тіпті дұрыс емес.

Алуа қысыла отырып күледі де:

– Нина Ивановна, сіз маған Сексектің ақылын айтпақсыз ба? Бұл жәйді соған берсек етті.

– Неге, Сексек дұрыс айтып жүрген болар. Ол ата-аналық, қала берсе, халықтық бір шындықты сезіп, маза-сызданып жүрген болар. Сен ойлан.

– Мен оны ойлау орнына берішпін ғой...

– Рас, шөлдеген адамның бір сусыннан басқаны ұмытқанындай.. Ал Сексек саған сусынға қоса басқа тірлік, тілек, рахат та бар дейді. Өмір біздікі. Біздің өмірдің бізге берген бар жақсылығын, бар бақытын түгел, толық, сұлу пайдалана білуіміз керек.

– Бәсе, сұлу пайдалану...

– Әрине, сұлу дейім. Бірақ сол сұлулықты табу орнына өз ажарындағы сұлулықтан айрылып, советтің көрі қызы болғанға дейін қорғана беруге болмайды. Мен Сексекті қостайым.

Осы кезде үйге екінші бөлмеден қалың топ қазақ жастары, сәнді жігіттер, жас әйелдер келеді. Арасында Сексек.

Стол айналасында ішкілік, сауық үстіндегі мәжіліс... гүлдер, графиндер, бокалдар. Бір шақта Сексек сөйлеп тұр:

– Бәрі айтылды. Бір ғана жәй, шетін жәй шеттеп қалды.

Бәріне жетті Алуа. Бірақ өмірде әлі күн менің бір тілегіме жетпей келеді.

Алуа күліп:

– Ал Сексек болса кәрі жырына басады.

– Е-е, кәрі жыр жақсы болса, баспай ма екеміз? Бұл боса өмірі қартайтын жыр емес. Үнемі шыт жаңа жыр болады. Сүйтіп, айтам ғой енді, тек Алуа бір ғана бақыр басты теңі етіп тапса екен. Сол үшін көтеріңдерші. Ал тегіс көтеріңдерші осы үшін.

Нинаға келеді, ол да құптайды. Күліседі.

– Алуа, сіз айыптысыз.

– Бұл тұрада айтар жауабыңыз да жоқ. Кінәлісіз.

– Айтар дәлеліңіз де жоқ, – десіп, жолдастары күліседі.

Алуа:

– Айтарым бар емес пе? Көк етікті кез келмей, көн етіктің місе қылмай жүр демеуші ме еді.

Сексек қыза сөйлейді:

– Бекер, мүлде бекер. Мен айтайын ба, жала! Көн етікті... Қара бұны... Тауып алшы, сен осы отырған жігіттерден көн етіктің... Көн етік. Көн етік бұл күнде өмір-бақи біткен ол. Өңшең бүлдіршіндей, ү-р-ріп ауызға салғандай жігіттер арасында айтып отырғанын қарашы. Көн етік, үй десен, тіпті колхозда да жоқ біздің. Қара бұны, күйеуге тимегенімен қоймай, совет күйеулерге жала жабуын қарашы! – Күлкі.

– Сіз айыптысыз.

– Сіз кінәлісіз.

– Сіз ақталатын жөн жоқ, – десіп, жастар Алуаны әзіл етеді.

– Соның жазасына ән салсын Алуа, – деп Нина Ивановна бұйырады. Алуа аз уақытта өсем ән айтып тұрады.

Дәл осы әннің соңғы шағында радио оқыс сөйлеп кетеді. Молотов сөзі... Соғыс! Соғыс! Репродукторға бар жұрт үңіледі. Жүздер салқын түйілген.

Оңаша қалған Нина Ивановна, Алуа. Енді Алуа бекінген.

– Өмір енді, міні, басқаға шақырады. Бұл – анық жүрек бұйрығы. Мен бекіндім.

– Сен әзір емессің ғой, не жәрдеміңіз бар?

– Мен бұл күнге шейін үнемі оқумен келіппін. Сол менің әзірлігім емес пе? Тартысқа, соғысқа әзір болмасам, несіне оқып даярландым?

– Тұра тұр, сен сонда соғысқа тарихшылығыңды апармақсың ба?

– Жок, Нина Ивановна. Тарихшы да соғыстан сырт емес қой, бірақ бұл тұста тарихшы тына тұрады да. Енді Сатаева летчицаның керегі көбірек болар...

– Не дейсің? Сен летчица... Ну, қандай жақсы. Сенің барынды түгел ашып болмастай, білместей қандай жақсы. Бәсе, адамның, біздің адамның қасиеті осындай қат-қат, қабат-қабат жақсылық болу керек. Сен сондай, іштей байсың. Мен бұныңды аса нық сүйемін. Ең алғаш, қызыл отауға зорлықшыл байдан қашып келгенде де сен тек басын қорғаушы емес едің. Сенде үлкен өнер, әншілік өнер де бар еді. Сен соны алып қашып құтқармақ боп келгендей едің.

Кешелер диссертация қорғағанда сен оқымысты ғана емес, әлеумет қайраткері, оянған халқыңның озғын өкілі бола білдің. Бүгін, міне, саналы, отансүйгіш азамат қана емес, әрі қайратты, ең қажырлы азамат әскер, батыр болу да қолыңнан келеді... О-о, мен сені қостаймын, Алуа. Бар бұл сапарға... бірақ тірі бол... тірі қайт... Сол күнде мен сенің болашақ күйеуіңе сонша қызғанышпен қарайтын боламын.

Екеуі сүйіседі. Айрылысу...

Енді бір кезекте өңшең әйелдерден құралған әскерлік бөлім... бәрі де летчик әйелдер. Солар арасында Алуа. Біреуді тосады.

– Ол келеді.

– Өзі сөйлеседі.

– Әрқайсымызды біледі.

– Қайда жіберсе, өзі біледі.

Аз уақытта қатарланып, әйелдер стройын жағалап бірнеше әйел командирлерді ерткен, ұзынша бойы бар, сұлу, ашық, кең жүзді орыс әйелі, Совет Одағының герой әйелі шығады...

Бар летчик әйелдермен жақсы амандасады.

– Достар, ұшқыштар! Сіздерге міндет мәлім. Кімде білім бар, кімде соғысқа, Отан қорқауға қажет өнер бар – ол бұл күнде өзін айрықша шақыруды күтпейді. Өзі “мен бармын” деп тіленіп келеді. Солай келген сіздерсіздер. Осылайша қалу керек, табылу керек деп, өз мінездеріңізбен жақсы үлгі беріп те тұрған сіздерсіздер. Енді не бар? Нақтылы айқын міндеттер алу, өзді-өз орындарыңызды табу бар. Мен сіздердің әрқайсыңызды өз орындарыңызға белгіледім, солай орналасып майданға аттанасыздар... Осы соғыс сапарында бәріңізге де зор абырой, бақыт тілеймін... Арқамызда Отан! Бізбен бірге Сталин! Алдымызда жеңіс!

Алуа жақын әрекетті бомбовоздың штурманы. Ертең фронтқа аттану.

Шаһарда соңғы рет келе жатып жас қызды көреді. Бірін-бірі зорға таниды, таныса сала құшақтасады. Сүйіседі. Кішкене қыз Әсия. “Миялы” колхозындағы жетім қыз Әсия.

– Мен Н. полкінде қол пулеметшімін... Өзіңіз қайда, Алуа тәте?!

– Мен летчикпін. Бомбовозда штурман. Ер болайық, Әсия жаным, бұрын аталарымыз көрмеген сапарға совет қызы, жаңа азаматы боп біз басыппыз... Зор абырой, даңқты қасиет тілеймін. Бақытты абырой тап дейім саған. Тәтті бауырым! – Алуа Әсияны сүйіп айрылады.

## Алтыншы бөлім

Жақын әрекетшіл бомбовоздар эскадрильясының бастығы бұйрық алады. Қазір Н. жаяу полкі шабуылына көмекке жетіп, жаудың алдыңғы шебін және жақын тылын талқандау міндет.

Жерде Н. полкінің командирі. Полковник Герасимов шабуылға бұйрық беріп тұр.

– Үшінші батальон! Үшінші батальон командирі! – Аппаратта Арман, ол – капитан.

– Тыңдап тұрған капитан Есов, жолдас полк командирі!

– Әзірмісің, Ес..?

– Бұйрығыңызша.

– Ендеше, баста! Ойран етудің алғашқы атағы, абыройы сенікі. Біздің учаскедегі үлкен шабуылмен құттықтаймын сені. Баста!

– Құп... дегеніңізше, жолдас полк командирі!

Аздан соң әрекетте орудилер... Минометтер, бет түзеген танктерінде біразда гүрілдеген қалың айбат, қажырмен самолеттер беттейді. Бомбовоздар... Барлық күш жау шебіне ақтарылып жатыр. Аспанға ұшқан ағаштар, топырақ таулар... дүние ойран... Танктер қаптады. Соның артынан Арман бастаған батальон шабуылға шықты. Бомбовоздар қорған салып, жау шебінің үстін ойрандап жүр. Енді жау самолеттері қарсы ұшты. Жау зеңбірегі, пулеметтері де іске кірісті. Жау окоптарына тақап қалған рота амалсыз жата қалып атысады. Өзге топтан оқшау шығып кеткен жалғыз пулеметші немістерді бұқтырып басып, ықтырып отыр. Ол

ер қайрат атқан пулеметшіні рота командирі мақтайды. Жау күшінің сыртына шығып алған жалғыз пулемет немістерді бұқтыра береді. Олардың сасқанын байқаған рота командирі, лейтенант Федоров Арманға хабарға келеді.

– Бұл ротамдағы пулеметчица тамаша позиция алды. Жауды бұқтырып тұр. Біз пайдаланайық, жолдас капитан.

– Дұрыс... Шабуылға әзірленіңіздер! Фамилиясы кім пулеметчицаның?

– Медетова... – Жүгіре жөнеледі.

Шабуыл. Батальон командирі Арман. Өзі бастайды шабуылды. Қаптаған ұмтылыс.

Аспанда да зор айқасу... немістердің бір топ күші жалғыз пулеметші қызбен атысады. Әсия оқты өзіне тартқанын білсе де, атып жатыр. Ол жараланды. Бірақ өз жағының шабуыл жасап келе жатқанын көрді. Жаралы аяғын елемей атысады. Қолы жаралы, бір қолымен атады. Өлі бітіп барады. Бәрібір ата береді. Осы кезде аспанда бомбовоздар ойран салып жүр. Бірақ жау истребительдері қаптап келіп қалған. Жалғыз кешігіп қалған совет бомбовозына ұмтылады. Оны көріп, совет истребительдері де майдан үстіне асығады. Соңғы жалғыз бомбовозда Алуа мен досы Надя Данилова. Олар жаудың алдыңғы шебін ойрандап болып, жақын тылын да қатты бомбылаған. Қайта-қайта оралып соққан. Олар жердегі батальон жаудың алдыңғы шебі – окобын кеп алған соң ғана қайта орала берген-ді. Бірақ енді бұларды екі бүйірден қысып алған истребительдер кейін, жау жаққа апарып қондырғалы қаузап келеді... Атыс... жаулар жіберер емес.

Екі әйел летчик қысылады. Қабақтарымен ұғысады, бас шайқасып, көніспеуге бекіседі. Иықтарымен жан қосысқандай. Өз жерлеріне беттейді. Истребительдер атады. Алуа жаралы. Бірақ мығым болмақ. Аяқ жаралы. Шыдайды. Көніспеуге бекінген, жау истребительдер атқылап қысып, қорқытып қағып түсірермен боп келеді.

Сол сәтте советтің жалғыз истребители жетеді. Айқасу, аңдыған жаудың біреуі оққа ұшады. Екіншісі және ұшады. Құтылғанын сезіп қуанған Надя Алуаға қарап шошиды. Ол өліп бара жатқандай, бірақ Алуа тез ес жиып, бағыт береді. Самолет аман-есен жерге қонады. Надя сау, Алуа қатты жаралы. Самолетті қондырады, біраз отырған орнынан,

бойынан қан судай ағып түседі. Оны көтеріп алысады. Үсті де күйген.

Кейін госпиталь. Жаралы Алуа жаңа әл жиғандай, бірақ оң аяғы гипсте. Бір адам халат киіп, көрісуге келеді. Алуа таниды. Қуанып қол созысады.

– Миша?! Сіз, Миша? Қайдан кеп шықтыңыз, Миша? Миша келіп, бұнымен қуана амандасады.

– Сіз тірісіз? Сіз амансыз?

Алуа күледі.

– Тірімін. Бірақ аман емеспін. – Күліседі. – Миша, сіз қайдан кеп шықтыңыз?

Миша күледі.

– Е, мен сіздің қасыңызда болдым ғой... Дәл қасыңызда.

– Қалай? Қай жерде?

– Рас, сіз көре алмас едіңіз онда. Үйткені біз аспанда едік қой...

– Не дейсіз сіз? Бізді... Надя екеумізді құтқарған истребитель? О-о, алтын Миша! Ал Надя қайда екен, көрдіңіз бе? Қайда, қалай екен, көрдіңіз бе?

– Көрдім... Ол сіздерде көрінеді қазір. Одан бұрын мен өзім әдемі көрінейін деп, білер ме екен деп келіп ем. – Алуа есікке қарайды. Надя жүгіріп кеп, Алуаны құшақтайды, сүйіседі. Алуа Надяның қолын қысып отырып:

– Надя, Надюша, бұл Мишамен екеуміз бұрын да бір қыспақта болғамыз-ды. Миша айтты ма?

– Айтты, Алуаш. Ол саған қарыздар екен...

– Жоқ, ол екі жақты қарыз болатын.

– Ал қазір сенімен екеуміз бұған шын міндеткер едік.

Шынын айтқанда, өлген едік қой, Алуаш.

Алуа күліп, қуанып:

– Ал, ендеше, біз Мишаның алдында есепсіз қарыздар екеміз. Өтеп те болмас ондай қарызды.

– Өкінбе, кейіме, Алуа, Надя ақылды.

Алуа екеуінің жүзіне қарайды... ойланып, қуанып сыр түйіп, бас шұлғиды.

– Мен... мен адаскам жоқ қой екеуің туралы, солай ма, Надюша?.. Рас па?

Екеуі де күле отырып:

– Рас...

– Рас! – деседі. Алуа екеуінің қолдарынан қысып сүйеді.

Миша жәйді баян етеді.

— Алуаш, сіз ең әуелі ұшып жүрдіңіз, сондықтан жерде не болғанды білмедіңіз. Екінші бомбовозда ұштыңыз.

Алуа әзілдеп күледі.

— Ал мына сіз истребительде болғандықтан, бізден жоғарырақ ұштыңыз. Сізге бар жай көбірек, кеңірек көрінген болды, айтыңыз.

Миша әзілдеп, көңілді күле сөйлейді.

— Жоқ... Бізден де жоғары ұшқан көрушілер бар. Олар бар майданды да көреді. Әр майдандағы кішкене бөлім, тіпті жалғыз жеке ерді де көреді. Біздің бәріміз сол көрушіге сенеміз де, шынды білеміз.

— Жақсы, Миша! Жақсы айттыңыз. Ендеше, сол күн қандай күн болды?

— О-о, ол қызық күн. Стендальдың бір геройы Ватерлоо соғысында өзі болып, сол соғыстың тарихтық жәйін кейін газетадан оқып қана ұғынған еді. Ұмытпасам, Лев Толстойда Бородинода өздері соғысқан ерлері сол соғыстың үлкен мәнін кейін ғана естуші боп аңғаратын. Бұ да сондай. Ал қазір сіз білесіз. Сізді біз құтқардық. Бірақ сіз өз әрекеттеріңізбен жәрдем күштерді қандай сүйеп, көтергендеріңізді білесіз бе? Надя аңғармапты.

Алуа ойланады... Мишаны, Надяны сондай дос көңілімен қошемет етеді.

— Айтыңыз... мен де түк аңғарған емеспін.

Миша сөйлеп отыр.

— Сіздер Н. полкіне үлкен жәрдем еттіңдер. Ал ол полк сол күнгі соғыстан соң гвардия полкі атағын алды.

— Не дейсіз, рас па?

— Ал сол полкте бір қыз... Ол қазақ қызы Әсия Медетова, бұл күнде Советтер Одағы Геройының атағын алды.

— Әсия?! Ол тірі ме, жоқ па?

Миша ойланып қалып:

— Жоқ!

— Әсия... жаным, кішкентай бауырым...

Миша тағы айтады.

— Сіздер ол күн бар полктің батальондарын сондай қостадыңыз.

— Со-лай мекен... Надя! Надюша!

— Ол айтпады ма? — Миша қуана сұрайды.

— Кім айтар маған? Ол кім?



Миша айтып отыр.

– Ол – Арман Есов.

– Арман!? – Алуа таңданғанынан біраз өз ойымен кеткендей.

– Ол қайда?

– Ол осында, бесінші палатада. Білмейсіз бе?

– Жоқ.

– Ғажап... Ол да сізді білмейді екен.

Кейін сәл ұйқы, қалғу, ойлану арасындағы Алуаның қасында Арман... Оның қолы асулы, үлкен жаралы. Алуа сәл көзін ашады.

– Алуаш, өмір шиырымыз қалай араласады біздің. Күтпеп ем...

– Мен де.

– Қанымыз да араласты-ау. – Алуа толқуда. Арман енді бұған сондай сұлу көрінеді.

– Болар...

Тағы біразда бұл екеуі оңаша жайда... Айнала көктем, сұлу дүние. Екеуінің құшағы қосылған. Осы халде солярийге біреулер келіп шығады. Ол – Сексек, Нина Ивановна. Құшақтасу, қуану... сүйісулер. Алуа қысылған, сөйлей алмайды. Нина Ивановна мен Сексек бар жәйді түйген. Сексек жылап, күледі.

– Ей, аста... астапырла. Ей, тәйір!.. Қуанған да бір, күйінген де бір. Әрі күліп, әрі жылайым... бәрі де рас!

Өзгелер күледі.

– О-ол, не деп отырсың, Секе, – дейді Арман.

– Бәрін таныдым, таныдым, таптым, тілегімді де таптым. Солай, солай емес пе, Алуаш.

– Рас, Секе. Рас... Енді қашанғы алдайым сенің үмітінді. Мынау Арман менің досым да, ерім десем болады.

Нина Ивановна мейірлі дос жүзбен қабылдап күледі.

– Бірақ қызық екен. – Арманның аяғына қарайды. Ол тапчканы жерге түсіріп, жалаң аяқ бір аяғын скамияға көтеріп отыр екен.

– Сексек, мынаған қарашы.

Сексек қарап таңданады. Түсінбей тұр.

– Сексек, қарашы, Алуаны ұрсып ең... Ал оныкі рас болды. Көрдің бе. Көн етіктіні менсінбейді, көк етікті кез келмейді. Сонымен жүрген екен. Ал қазір қарашы, міні. –

Арманның жалаң аяқ аяғын көрсетеді. — Бұған тіпті етікшең емес, вовсе жалаң аяқ күйеу керек екен ғой. Сол кездеспей жүріпті ғой. Сондықтан күйеу жақпай жүріпті-ау. — Күлкі.

Соғыс біткен. Алматыда. Жақсы үлкен үйдің парадный есігінде әсем машина тоқтайды. Үйден Алуа, Арман шығады. Әдемі киінген. Екеуі де тола түскен. Салмақты, көрнекті. Арманды бір үлкен үй алдына түсіріп, күлісіп амандасқан Алуа өз мәжілісіне келеді.

Мәжілісте көп жұрт. Әсем зал. Алуа бір кітапты ұстап сөйлеп тұр. Жанында Мардан отыр. Ол семірген, нығыз жұрт осының кітабын сынап тұр. Жиын арасында сөз...

— Алуа қалай қарар екен?

— Барды білетін Алуаға бұл жөн де.

— Ол кісінің пікірін білген бармекен?

Аздан соң Алуа сөз алады.

— Бұл кітап қазақтың көшпелі шаруасын баян етеді.

Қазақ бұрын тауға да көшкен, құмда да өмір кешкен, бәрін де шалқып байыған, жетісіп, шат-шадыман күнелткен дейді. Бұл кітапқа сенсең, байлық артта, қызық құмда, рақат өткенде. Қағанағы қарқ, сағанағы сарқ ел сонда ғана болған дейді. Осы кімнің үні? Кімнің көрген күйі? Мен ол өмірдің шетін көргем. Кімге рахат болғанын да ұмытқам жоқ, кімге михнат, азап, мазақ өмір болғанын да жадымнан шығарғам жоқ. Ұлы Отан соғысы тұсында біз ол дүниемен тағы бетпе-бет, анық қатты қағыстық. Болды, жетті енді тұманды тамашалау, бұлдырға бал ашу. Мен шынын, анығын ашайын. Ол сіз айтқан қызық, рахат сіздікі болатын, құрметті профессор Мардан Дулатов. Ол байлық, барлық сіздің ағаңыз Доғалдікі болатын, профессор Мардан. Ол күнді тамашалау сіздің өмірлік мұратыңыз болып қалған, Мардан. Бүгін тарих одан баз кешті. Өмір одан жиреніп, ұзап кетті. Бұл кітап — кейінге, өткен түнге, адыра қалған түн-күндерге тартатын кітап. Тұлыпқа мөңіреген сиырдай, өлген, өшкен құр бұлдырға сенетін тарих жоқ бұл күнде. Өткеннің қараңғы тұманын әкеп салушы бүгінгі жарқын сәулетті шағымыздың досы емес. Бұндай кітап сыналу ғана емес, айыпталуы шарт. Сол айыптың үлкені бұл кітапты жазушыға арналсын!

Қол шапалақтасу.

Алуа қажырлы, қайратты жүзбен, шапшаң құрметпен бас изеп, салмақпен өте береді. Әшкереленген, төмендеп біткен Мардан мойып, сынып қалады. Жұрт үнемі қол ұрып, Алуаны ерекше қошемет етеді.

Залда отырған көп жұрттың ішінде Сексек. Ол мәз болып күліп, дауыстап та сөйлеп, рақаттанып, масайып отыр.

– Е, бәсе-бәсе... е, бәсе... Тап солай, дәл-дәл солай, бәсе, біздің Алуа қалай! – деп жорғақтап, қол соғып, тыным ала алмай отыр.

Бұның қасында отырған кішкентай бойлы әйелге Сексек ерсі көрінеді. Ол бір-екі рет тамсана қарайды да, енді шыдай алмай Сексекті қыжыртады:

– Е, мына бейбаққа не боп кетті, ұшып кетермекен!

Сексек бұның кекеткенін байқап қап:

– Өй, сен... сен не дейсің өзің? Қарашы тілін, қаршадай боп ап! – Сексек көршісін жас қана қыз екен деп ойлайды. Анығында, ол бойы аласа ересек әйел. Қазір Сексектің сөзіне ол намыстанады.

– Қаршадай? Қарашы сөзін, өзі таудай кісімсіп! – Екеуі енді бір-бірін жаңа ғана аңғарысқандай оқшырая қарасады. Сексек бұл келіншекті анықтап аңғарған сайын қуана таңырқап, тамашалай береді. Бұның ұрыспақ ниеті жоқ. Оқыстан мәз болып күле береді.

– Не дедің, әй, айналайын! Таудай?!

– Е-е, таудай десе немене, болмаса нардай жігіт дейім бе?

– Айт, айт, айналайын, тағы айтшы. Ой, астай!

Келіншек енді бұған таңдана бастайды.

– Қарағым-ау, есалаң ба? Неменеге ыржақтайды өзі...

Сексек келіншекке барынша еңсесі кетіп, мәз бола қарап отырып:

– Ой, астай... ой, тобай... Издегенге сұраған...

– Сұраған боса сұраған... Қорқар деппең сенен.

– О, не дейсің, қалқам-ау...

Келіншек бірақ әлі ұрысқан қалыпта.

– Е, шошып кетер деппең сенен! Дәу неме, түрімнен қорқар деппедің!

Сексек үйіріліп, қуана күле береді.

– Е, қорықпа... ойбай, қорықпа... Айналайын, тек қана, бір ғана сөз айтшы, қалқатайым. Осы, күйеуің бар ма, жоқ па?

– Жоқ болғанда қайтейін деп ең, қорғаны жоқ деп жеп қоям ғой дейсің бе... Ал, жоқ күйеуім.

Сексек алақайлап қуанып, орнынан атқып бір тұрып, бір отырады..

– Іздегенім дәл... өзі...

Аздан соң тарап жатқан жиыннан, үлкен зәулім үй жанынан, топ ішінде Сексек пен жаңағы келіншек те кетіп бара жатады.

Сексектің бойы келіншектен әнтек үлкен. Қастарынан Арманды ертіп Алуа өтеді. Ол мұның екеуінен де биік, мынау екеуі қозыдай. Сексек соны аңғарып, келіншекке сүйсіне қарап, жөнін айтып келеді.

– Бұл жәйді жақсылап тыңда, жарқыным.. Мен енді барымды айтам. Осы жасқа шейін, Жиренше шешен сияқты, өзіме лайықтыны іздеп келгемін. Бойы лайықты айтам. Бойыма бойы теңді айтам.

Екеуінің қасынан тағы бір бойшаң әйел өтеді. Сексек оған адырая, ұнатпай қарап қалады.

– Болмаса анандай, тырнадай әйелді мен не қылам. – Өзі келіншектің ығына, дене мүсініне айнала, мойын бұра қарап, масайрап сүйсінеді.

– Ой, аста... дәл өзі. Тап іздегенім... а... айналайын!

Енді келіншек те күліп, жылы ұшырайды... жымия күліседі.

– Ендеше, ме-нің атым Балжан. Бал... жан!

– Айналайын... Атыңнан! Аты қандай десеңші. Әрі бал... әрі жан! Сондай тәтті... бүлдіршіндей.

Өз-өзімен мәзденіп:

– Үр-ріп ауызға салғандай...

Екеуі де мәз, қуаныса күлісе береді.

## **Жетінші бөлім**

Алуа самолетте ұшып келеді. Бұл көп делегат әйелдер арасында. Делегаттардың басшысы, толық денелі, ақ жүзді, үлкен, ақылды, ажарлы көздері бар әйел прическасын сәл, бір жақ бүйіріне қарай қисайта көтерген. Алуамен қатар отырып, қағаздар қарап та қояды. Самолет қанаты астында таулар, қалалар, әдемі тақталанған ұқыпты еңбек даласы, егін өлкелері өтіп жатыр. Самолет төмендейді.

– Пекин!..

– Пекинге де жеттік! – Дауыстар мен жүздерде таңырқау, қуаныш та білінеді. Барлық пассажирлер – әйелдер. Бұнда орыс әйелдері аз. Көбінесе Кавказдың, Орта Азияның, Сібірдің елдерінің әйелдері. Осылардың бірі – Алуа. Совет Одағы өкілдері. Пекин бұларды гүлмен, митингімен, көп қуаныш, дос жүздермен қарсы алады.

Көше бойы машиналар толы, құшақтарды кернеген тамаша гүлдер... Алуа да өз жолдастарымен гүл құшақтап кеп, машинаға мінеді.

Жиналыс, зор жиналыс ашылады. Көп пайдалы салтанатты сарайда Азияның бар халықтарының әйелдері жиналған. Бұл жиналыс бүкіл Азия халықтары әйелдерінің конференциясы. Өзді-өз ұлт киімдерін киген Қытай әйелдері, Корея, Япония, Бирма, Вьетнам, Индонезия, Индия, Иран, Ауған, Араб елдерінің әйелдері. Жиылыс суреттері кезектеп өтеді. Индия өкілі сөйлейді:

– Индияда әйел саны ерлер санынан 13 жарым миллион кем. Неге? Ерте некелесу бар... 8 жас пен 10 жас арасында үйленген балалар саны әлі де мол. Заң белгілеп алыспақ болған аз шаралар дегеніне жетпей келеді. Сол жас балалар ана болады. Босана алмай көп өледі. Бала туса, толымды нәсіл болмайды, салмағы 2 кг-нан аспайтын дімкәс нәсіл туады. 8 бен 10 жас арасында некелесіп қалып жүрген балалар да көп. Бұдан да масқара халдер бар. Неше алуан ескі, ең ескі жабайы әдеттер әлі күнге Индия әйелдерінің басында.

Япония әйелі сөйлеп тұр:

– Японияда баланы, әсіресе әйелді күндікке сату бар. Таза баяғы құл мен күң заманы бар. Көп фабриканттар күң әйелдер мен құл балаларды сол құл сатушылардың қолынан сатып алып, жұмысқа жегеді.

Бирма әйелі сөйлейді:

– Бирмада әйелдің енбекақысы еркектерден 45-50% кем төленеді, соцобеспечение, страхование әйел жынысына бұйырылмаған.

Сирия әйелі сөйлейді:

– Сирияда қызды пұлға сату, көп әйел алу шарифат жолымен баяғы ескі қаз-қалпында.

Иран әйелі:

– Шарифат мұсылман әйеліне қорлық көрсетуден

әлсіреген жоқ, көп әйел алу, қызды сату, нихах, талақтың бар правосын еркекке беру, әйелді мүлде теңсіздікте ұстау әлі күшті, әлі қалпында.

Совет әйелі, Советтің шығыстық елдерінің өкілі сөйлейді. Ұзақ құрмет мол залда, қалың жұрт сүйсініп, қошеметтеп, қобалжып қарсы алады. Үздіксіз қол шапа-лақтау. Трибунада Алуа.

– Құрметті әйелдер, Азия халықтарының әйелдері, аналар, сіңлілер, құрбылар! “Езілгендердің ішіндегі ең езілгендері әйелдер” деп еді біздің ұлы көсеміміз, бүтін дүниедегі езілгендердің бәрінің ең жақын досы, жолдас Сталин, капитализм тұсындағы әйелдер халіне мезгеп айтып еді сол сөзді. Мен бірнеше жүз жыл бойында Англия билеген Индияда мың жыл бұрын орнаған заң әлі бар деп білген жоқ ем. Франция билеген Бирмадағы әйел халі, өзі империалист мемлекет халіне жеттім деген Японияда әйел халі күндікті сақтау қалпында деп ойламап ем.

Шариятта Пакистанда, Иранда, Ауғанстанда, Турцияда, Араб елдерінде әйел халінің бұрынғы қорлығын мың жылғы маскара қалпында сақталынған болар деуші ем. Сіздерді тыңдадым да, ойым қайран болды. Бірақ жүрек, жүректе қан ойран болғандай.

Себебі, мен осы сіздер айтқан жәйді өзімнің бала шағымда көрген едім. Менің шешем оқымаған, әжем де, әкем де оқымаған-ды. Өзімнің жас қыз шағымда, 14 жасымда үшінші әйел етіп алмақшы болған байдан қашып ем. Содан бері мен бүгінде кандидат науқпін. Мен екінші жиһан соғысында штурман боп соғысқа арластым, Отанымды қорғадым, мен өз елімде үкімет мүшесімін. Мен ғылымдық дәрежені әйел мәселесі жөнінде, менің елімнің әйеліне Ұлы Октябрь революциясы не бергенін жазып қорғап едім. Одақта мен ерекше әйел емеспін. Мен – мыңдар, миллиондардың бірімін. Сіздер айтқан халдер біздің әйелдерге ертегі, қор-қынышты ертегідей. Үйткені бізде әйелдер 8-10 жаста ғана емес, 20-25 жаста да оқуда, өсуде. Онымен қатар, олар әлеу-мет қызметінде. Еркекпен еңбекақысы тең, әкімшілікте, ғылымда, сайлау, сайламау правосында, қысқасы, қоғамдық, мемлекеттік тірлікте және үй іші тіршілікте заң бойынша тең... мейлінше тең. Сол үшін де біздің әйелдерден неше алуан талант, қайрат, өнер

туып, әлемге аты жеткен адамдар шығып жатыр. Сондай әйелдерге қарап біздің дана ұстазымыз айтқан еді: “бұндай әйелдер бұрынғы уақытта болған емес, болуға мүмкін де емес” деп. Біз бостандық, теңдігімізбен ғана емес, танылуы, қасиеті, әлемге, жарыққа шығуымен әсіресе бақыттымыз дейміз. Бұған жету мүмкін бе, бәріңізге де мүмкін, тек ол үшін отаныңызда күн оңынан тусын. Бүгін әйел үшін онда күн емес, әрлі күш, қас-қастан, қыңыр, обыр құдірет қана бар, содан отандарыңыз арылсын... бақыт күні тусын сіздерге, қорлықтағы сіңділер!

Тағы бір кезекте Алуа тағы самолетте. Енді қасындағы жолдастары көбінше ерлер. Ағылшын самоләті бұл топ адамды алысқа ұшырып келеді. Самолет қанаты астында Италия, Египет, кейін Аравия, Иран, Пакистан... Ақыры бұл топ Индияда, Делиде. Тағы да көп халықтар өкілдері жиналған. Бұл – Азия халықтарының конференциясы. Дағдылы қарсы алу, гүлдер, қошемет.

– Неру... Неру қабылдамақ!

Делегаттар топ-топтарымен жіктелген. Әсем сарайда жасаулы стол... Әр ел өкілдері өзінше, өзгеше киініскен. Неше алуан жеңіл киімдер мен аралас, ашық, шұбартқан ренді, аламыш киімдер де көп. Сәлделер, ұзын көйлек киген ерлер, жарым жалаңаш киген ерлер, жарым жалаңаш өкілдер де бар.

– Неру! Неру!

Неру Индияның жеңіл ақ киімін киген, аяқ жағы жалаң... дәл аяғының басында сандалия, басында да сәлдеге ұқсас тартылған орамал. Киімінде европалық әсер жоқ. Жағалай жүріп, қонақтардың тегіс қолын алып амандасып шықты. Кейін а`ля фуршет, түрегеп қонақасы тарту.

Кейін үлкен залда жиылыс... бірнеше адам сөйлеп өткен соң, трибунаға Алуа шығады.

– Мен Азия халықтарының құрметті, қымбатты тарихи жиынына, бар тарихтарда әлдеқашан дұрыс шешілер заманы жеткен, жетпек түгіл, әлдеқашан мезгілінен өтіп бара жатқан көне мәселені қоямын. Ол – көне де, бүгін де, болашақ та қойып отырған мәселе. Ол – барлық Азиядағы адамзаттың қақ жартысы, яғни Азия әйелдері тұрмысындағы мәселе.

Бұның сөзіне елең еткен кісілер көп. Неру көз алмай қарап отыр. Бар өкілдер әр ажармен көз салады. Бұнда

үлемалар, ламалар, шамандар, әр түрлі князьдер, Ману, индуизм, конфуцизм, Будда жолындағы дінбасылар, рубасылар да бар. Осы соңғы топ Алуа сөзіне наразылана құлақ қояды. Алуа сөйлеп тұр. Ол сұлу да батыл. Ардың үні, әділ сын сөзін шығарып тұр.

— Азия халықтары біз өзге материктер халықтары алдында әйеліміздің халі үшін өлердей ұялатын халдеміз. Мен, Азия әйелі есебінде, сол Азияның әр халқының саясаттағы, санадағы, мораль, дін жолындағы басшыларға, сіздерге жолдап аз ғана сөз қатамын. Қашанғы уақытта Азияда осыдан екі мың екі жүз жыл бұрын туған Ману кодексінің әйел турасындағы жолы сақталмақ? Қашанғы уақытқа дейін мың бес жүз жыл бұрын брахманизм, индуизм кіргізген әйел қорлығы сақталмақ? Алты жас, сегіз жас, он жастағы балалардың некелесуі қашан тыйылмақ? Қашанға шейін ислам шарифатының атымен кірген әйел қорлығы, күңдігі, көп әйелге үйлену, әйелді сату сақталмақ!

Үлемалар мекіреніп, қыбырлап, қобалжып дұға қылысады, күпірліктен, күнәкарлықтан түңілген-ді. Алуа сұлу, батыл, қызу сөйлеп тұр.

— Азияның кейбір елдерінде, мырза Неру, сіз де жақсы білетін кей елдерде әлі күнге первобытний обществода болған пуналуаның қалдығы бар. Полиандрия бар... бір әйелге бір үйдің ішіндегі туысқан еркектің бәрінің ортақ күйеу болу заңына шейін бар. — Индустар мен ламалардың бір тобы қатты қожырап, наразылық білдіреді.

Алуа сөзін аяқтай бастаған.

— Осы масқара күйлер Азия әйелінің басынан өтері бар ма, жоқ па? Ұялар, қызарар, алысар шақ жеткен жоқ па? Бұл сұрақтар менің ғана сұрақтарым емес, миллиондаған аналар, жарлар, қарындастар, қыздар сұрақтары. Ар сұрағы, ғасыр сұрағы. Мен соны жеткізбеске дәт қыла алмадым. Менің айтарым жоқ, тек сол сұрауым ғана бар. Мен болдым!

Тағы бір кезекте Алуа топ әйелдер арасында. Бұлар әр халық әйелдер өкілдері, МДФЖ жіберген топ. Осылар ойран болған Корея қыстағының жанып жатқан бір үйі жанында. Сонда зарлап жылап тұрған кішкене қызды көреді. Алуа құшақтай алып, бауырына қысады. Одан сұрайды...

— Әкем өлген. Соғысып өлді. Кеше.



- Шешең?
- Шешем бұрын өлген.
- Кімің қалды? Жасың қаншада?
- Ешкім жоқ. Алтыда. Әжем бүгін өлді.
- Жалғыз әже, о да өлді ме?
- Мынау үйге бомба түсті. Жалғыз әжемді және өлтірді.

Мен жалғыз... Және жалғыз қалдым. Үй жоқ. Ол әні...  
Өртеніп жатыр... Мен... Мен енді қайда, қайда бардым?!  
Мен қайда барам?

Алуа қызды бауырына қысып, жылап-жылап жібереді.  
Өзгелерден бөлініп, қызды құшақтап отырып қалады.

Көз алдына өзінің алты жасар күні келеді. Бұл – әке  
өлгені, кейін күндіз әжесін қойғаны. Жалғыз жылап, бай  
үйінің жанына келгені. Сондай елестер өтеді. Оянады.  
Алуаның көзінде, жүзінде ағыл-тегіл жас... Корейдің  
кішкене қызын көтеріп, бетінен сүйіп, алып кетеді.

Тағы бір кезекте және үлкен жиылыс. Ол Берлинде.  
Алуа сонда да совет әйелдері тобының арасында. Бұнда  
Коттон, Попова, басшы әйелдер солар. Қаулы балаларды  
қорғау, дүние жүзінде балаларды қорғау шарасын ойлауды  
шешеді. Жақын уақытта дүниежүзілік конференция шақы-  
рылуға ұйғарылды.

Самолет ұшып келеді. Алуа жерді танып қуанады.  
Самолет қанаты астында кең су. Ол – Балқаш көлі. Енді  
біразда Алатау... қарлы, бұлтты, мұнартып тартқан, аспан  
күшқан Алатау. Самолет қонады. Алуаны қалың ел қарсы  
алады. Қуаныш. Арман қолына гүл құшақтап қарсы алады.  
Сексек те, Балжан да мәз қуанышпен құшақтасады Алуамен.  
Ағылған ел. Қол шапалақтап, Алуаны құрметтеп қарсы алып  
жатқандар тобында гүл ұстаған пионерлер де бар.

Машинада Алуа, Арман, Сексек, Балжан.

Сексек әзілді жүзбен:

– Алуа айналайын, енді бір тыным алшы.

– Е, мен шаршап, қажып жүр дейсіз бе?

– Шаршасаң да, осы самолеттің қанатында қартаятын  
болдың ғой... – Күлкі. – Осымен кете барғаның ба, енді  
қашып?

Алуа ойланып қарап, мысқылдайды.

– Немене, Секе, тағы толмаған арманың бар ма мен  
туралы, енді не қылмадың дейсіз?

– Ойбай-ау... Енді қашан, енді қашан сенен бір нәресте көріп, соны иіскеймін. Сатай ағамның ендігі көзі деп соны қашан көңілге медеу етем... Е-е, енді мынау Арман да боса... бұ да боса! – деп, Арманды топшысымен қағады. Өзін қоста деп бұйырады. Арман, Алуа бақытты, құр күліседі. Алуа Сексекке қалжыңдап:

– Ойбай-ау, өзің... өзің ше, Сексек-ау... Балжан ше. Балжан мен Сексек қулана күліседі.

Азда үйге кіріп, шаттық қуаныш арасында Сексек пен Балжан жөргектегі өздерінің кішкентай баласын әкеп Алуаға ұсынады да, мақтана қарасады.

Алуа, бұлар да құттықтап қол шапалақтайды.

Сексек:

– Қол шапалақтама. Одан да елікте, Балжанға елікте. Күлкі.

**ҒЫЛЫМИ  
түсініктемелер**





## “Художественные переводы литератур народов СССР”

М. Әуезовтің П. Антокольский, М. Рылскиймен бірігіп жазған баяндамасы. Баяндаманы 1954 жылы 19 желтоқсанда кеңес жазушыларының Бүкілодақтық II съезінде П. Антокольский оқыды. Баяндаманың стенографиялық жазбасы “Вопросы художественного перевода” жинағында (М., 1955. 5–44-бб.) берілді.

Бұл уақытқа дейін М. Әуезовтің аудармашы ретінде бай тәжірибесі бар болатын. Ол А. Афиногеновтың “Қорқыныш” (1934), Н. Погодиннің “Аристократтар” (1937), Н. Гогольдің “Ревизор” пьесаларын, Л. Толстойдың “Будда”, “Той тарқар” әңгімелерін, А. Чеховтың “Аққасқа” әңгімесін, В. Шекспирдің “Отелло” трагедиясы мен “Асауға тұсау” комедиясын қазақ тіліне сәтті аударған. Сонымен қатар М. Әуезовтің аударма мәселелеріне арналған еңбектері бүгінгі күнге дейін үлкен теориялық мәнге ие. Жазушы бүкілодақтық, республикалық деңгейдегі әдеби жиындарда аударма мәселелері туралы баяндамалар жасап, одақтық, республикалық мерзімді басылым беттерінде көптеген мақалалар жариялады. Аудармашылық еңбектің әр түрлі қырларын көтерген бұл еңбектерінде КСРО халықтары әдебиетінің даму тәжірибесінен туатын жалпылық сипаттағы тұжырым, ойлары да бар. “Евгений Онегиннің” қазақшасы туралы” (Соц. Қазақстан. 1938. 8 қаңтар), “Қазақ сахнасында аударма пьесалар” (Соц. Қазақстан. 1937, желтоқсан), “Дворян ұясы” романының аудармасы туралы” (Әдебиет және искусство. 1952. № 4), “Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері” (Қазақ әдебиеті. 1955. 31 желтоқсан), т.б. мақалаларында аударма мәселелерін кең көлемде қарастырып, құнды байламдар, теориялық топшылаулар жасады.

Томға беріліп отырған бұл баяндама-мақаланың қосымша авторлары П. Антокольский мен М. Рылский де көркем аударма мәселелерін кең түсініп, бұл салада өзіндік із қалдырған

тұлғалар. Павел Григорьевич Антокольский (1896–1976) – ақын, эссеист, аударма саласында жемісті еңбек еткен қаламгер. 1930 жылдардың екінші жартысында грузин, өзірбайжан, украин, армян ақындарының шығармаларын жемісті аударып, кенестік аудармашылық мектептің қалыптасуына елеулі ықпал етті.

Максим Фадеевич Рыльский (1895–1964) – украин ақыны, ғалым, қоғам қайраткері. Ол аударма саласында үлкен жетістіктерге жетіп, украин мәдениетін байытуға зор үлес қосты. Француз классиктерін, А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Ю. Словацкий шығармаларын, КСРО халықтары ақындарының өлеңдерін аударды. Поляктың ұлы ақыны Адам Мицкевичтің “Пан Тадеуш” шығармасын аударған еңбегі 1950 жылы Мемлекеттік сыйлыққа ие болды. Рыльскийдің мол ғылыми мұрасының ішінде аударма мәселелерін көтерген тұстары да мағыналы, ойлы жолдарға толы.

Осы үш қаламгердің қосылып жазған баяндама-мақаласы – сол кездегі бүкілодақтық шеңбердегі аудармашылық жұмыстың жағдайын өте жоғары теориялық деңгейде әділ талдап шыққан, шын мәнінде терең ғылыми сипатты, мағыналы еңбек. Аударма жұмысы кең жолға түскен, әлем әдебиеті жүйелі түрде мольнан тәржімеленіп жатқан тұста аудармашылық еңбекті зерттеу мәселесі көп кенжелеп қалған еді. Осы кезеңде бұл еңбектің мағынасы, маңызы кеңестік сипатта болды.

М. Әуезовтің толық шығармалар жинағының бұл томына баяндама-мақала мәтіні “Вопросы художественного перевода” жинағындағы нұсқа бойынша берілді.

*Р. Қайшыбаева*

## “На пути к реалистической драме”

Бұл – М. Әуезовтің 1954 жылы Қазақстан жазушыларының III съезінде жасаған баяндамасының орыс тіліндегі нұсқасы. 1954 жылы “Советский Казахстан” журналының № 11 санында жарияланған. Кейін “Мысли разных лет” жинағында (1961. 183–205-бб.), жазушының 100 жылдық мерейтойына орай “Қазақ энциклопедиясы” баспасы шығарған “Таңдамалы” жинағында (1997. 394–405-бб.) жарық көрді. “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының мұрағатындағы 231, 241-бумаларда баяндаманың қолжазбалары сақталған. 231-буманың 41–85 және 86–127-беттерінде баяндаманың екі нұсқасы кездеседі. Екі мәтін де басқа адамның қолымен күлгін сиямен көшірілген. Автордың қолымен көк сиямен, қара, қызыл қарындашпен түзетілген жерлер бар. Соңында “Мухтар Ауэзов, 26 августа, 1954” деп жазылған.

232-бумада “На пути к реалистической драме (Переведена с казахского)” деп аталған қолжазба сақталған. Тақырыптың астындағы “переведена с казахского” деген тіркесті автор өз қолымен жазған. Мақаланың соңында автордың қолы қойылып, “25/VIII” деген дата көрсетілген. Машинкада басылған баяндама беттерінде автор қолымен және басқа адам қолымен жасалған түзетулер бар. Қолжазба нұсқаларды бір-бірімен және жарияланған нұсқалармен салыстырғанда, аздаған синтаксистік өңдеулер, сөз, тіркес өзгертілген жерлері болмаса, елеулі мазмұндық ерекшеліктер байқалған жоқ. Баяндаманың қазақша нұсқасы мен орысша нұсқасын салыстырған кезде дәл аударма емес екені байқалады. Мұны автор орыс тілді басылымға арнап жазып шыққанға ұқсайды. Көптеген сөйлем, абзац көлемдері, мағынасы ұқсас болғанмен, қысқартылып берілген. Сонымен қатар қазақша мәтінде саяси-идеологиялық ойлар өте аз болса, орысша нұсқада мұндай тұстар мол кездеседі. Атап айтқанда, И. Сталин қайтыс болған кездегі кеңестік идеология талаптарына сәйкес баяндаулар бар. Орысша мақалада қазақша мәтіннің “Үлгі ала отырып...”

деп басталатын үшінші абзацынан “Сонымен, қазақ совет драматургиясының II съезд бен III съезд арасында...” деп басталатын абзацына дейінгі бір бет шамасындағы бөлігі түгелдей жоқ. Бұл бөлікте кіріспелік сипаттағы жалпылама ойлар, социалистік реализм талаптары, Кеңес Одағы Орталық партия комитетінің идеологиялық сипаттағы қаулылары жайлы айтылған. Қазақша, орысша мәтіндерді ары қарай салыстырғанда, қысқарту жұмысы осындай сипатта жасалып, нақты әдеби сын үлгісіндегі талдаулардың қалдырылып кеткенін көреміз.

М. Әуезовтің академиялық толық шығармалар жинағының бұл томына баяндама-мақала мәтіні “Советский Казахстан” журналындағы нұсқа бойынша берілді.

*Р. Әбдіғұлов*



## “Мәлік Ғабдуллинге жауап хат”

Бұл мақала алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы 11 қарашадағы санында, кейін “Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері” (1957. 59–71-бб.) атты кітапта, жазушының “Әр жылдар ойлары” (1959. 371–381-бб.), он екі томдық (1969. 12-т. 137–150-бб.), жиырма томдық (1985. 18-т. 382–396-бб.) шығармалар жинақтарында жарияланды. Қолжазба жазушы мұрағатында сақталмаған. Мақала белгілі ғалым, қайраткер, Кеңестер Одағының Батыры М. Ғабдуллиннің “Мұхтар Әуезовке хат” деген, “Қазақ әдебиеті” газетінде (1955. 28 қыркүйек) жарияланған мақаласына жауап ретінде жазылған. Онда қазақ поэзиясының қазіргі жай-күйі мен өсу өресі, ақындардың шығармашылық ерекшеліктері туралы теориялық ой-толғамдар талғампаз сыншы-ғалымның көзімен сараланып, ақындар ізденістерінде жаңалықты өрнектер әлі де жетіспей, кемшін түсіп келе жатқандығы айтылады.

Газетте жарық көрген алғашқы нұсқа мәтіні негізінде жасалған текстологиялық салыстырулардан кейін, мақалаға ішінара төмендегідей түзетулер енгізіліп, толық жіберіліп отыр: “маңғұстап” (137-б.) – “маңғыстап”; “білеміз” (137-б.) – “білемін”; “Тайыр үні қандай-ды” (139-б.) – “Тайыр үні сондай-ды”; “бағы заманынан” (139-б.) – “бағы заманнан”; “жас жеткіншек” (139-б.) – “жас жеткіншектер”; “Осындай батыл Жұмағалида” (140-б.) – “Осындай өлеңдер Сәбитте, Сырбайда, Әбуде, шыншыл, батыл Жұмағалида”; “Ал егер ол шынымен сіздікі ғана болса, ол, тегі, шынайы мүлік те емес” (140-б.) – “Ал егер ол шынымен сіздікі ғана болса, сіз үшін ғана болса, ол, тегі, шынайы мүлік те емес”; “...Үздік мол көп саласында проблемалары бар” (143-б.) – “...үздіксіз мол көп сала-саты проблемалары бар”.

*С. Майлыбай*

## “Алдағы жылға асқын тілек”

Мақала “Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы 31 желтоқсандағы санында жарияланған. Бұдан кейін М. Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 349-б.) жарық көрді.

Мұнда қаламгер “Қазақ әдебиеті” газетінің шыға бастауына екі жыл толуына орай, жаңа жыл қарсаңында газет оқырмандары мен сапалы көркем әдебиет жасау жолындағы жазушы қауымына алдағы уақытқа арнап игі тілектерін білдіреді. Мақаладағы өз ойын жазушы “оқушыға – тілек, жазушыға – талап сөз” деп, кең мазмұнмен жүйелей отырып, алдымен газеттің бағалы, сапалы жақтарына тоқталады.

Мазмұны, мәдениеті, тілі, үлгі-өнегесі халық талабына сай болсын деп үміт артқан басылым алдағы уақытта сол дәрежеге жетсе деген оймен газеттің жазушыларына жолдайтын тілегін жеткізеді. Бұл жағынан алғанда, ең әуелі әр қаламгер газет бетінде шыншыл, әділ, негізді болып, өнегелі даналықты үлгі ететін шынайы мінезділікпен, ел өміріне жақын тақырыптармен оқушыларды қызықтыра білуі керек. Оқырман жұртшылықтың газет жазушыларына арналған талап-тілектеріне орай, жаңа жылда газет жақсы сапамен, сол өзгеріске айғақ боларлық жарқын үлгімен жарық көріп тұруы тиіс.

Мақаладағы сөйлемдер ішіндегі “коммунистік партия, партиялық адамгершілік, социалистік мәдениет қайраткерлері” сияқты тіркестер сол уақыттағы үгіт-насихат құралдарындағы саясат нышандарын байқатады.

*К. Рахымжанов*

## **“Байсалды зерттеу қажет”**

Бұл мақала алғаш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы 24 маусымдағы санында жарияланды да, кейін жиырма томдық шығармалар жинағында (1985. 19-т. 336–340-бб.) ішінара орфографиялық түзетулермен басылды.

Мақала әдебиет проблемаларын зерттеуде марксизм-ленинизм ілімін басшылыққа ала отырып, Орта Азия мен Қазақстан халықтары әдебиетінің очерктерін жасау жөнінде өткен республикааралық мәслихатта сөйлеген сөзі негізінде жазылған. Мақаланың газеттегі нұсқасы бұл томға жинақтағы мәтінмен салыстырылып, толық жіберіліп отыр.

*С. Майлыбай*

## “Сөз – кітап достың жөнінде”

Мақала тұңғыш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы 1 шілде күнгі санында жарық көрген. Бұдан кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 19-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 345–349-бб.) енді.

М. Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағының осы томына екі басылымдағы мәтіндерге текстологиялық салыстырулар жасалып, өзгешеліктер кездеспегендіктен, газеттегі алғашқы нұсқасы беріліп отыр. Мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

Жазушы бұл мақаласында халықтың рухани өміріндегі кітаптың алатын орны, оның маңыздылығы жөнінде сөз қозғайды. Қазақстан баспаларының кітаптарды шығаруы, оған мемлекет тарапынан көмек жасалуы, дүниежүзілік әдебиет, орыс әдебиеті классиктерінің еңбектері қазақ тіліне аударылғанмен, бірақ тиесілі уақытында оқырманның қолына жетпеуі, кітап саудасымен айналысатын дүкендердің жоқтығы – мақалада көтерілген өзекті мәселелердің бірі. Кітап баға жетпес рухани азық болғандықтан, Қазақстанның шалғай ауылдарындағы оқырмандарға дүниежүзілік мәдениеттің асылдары жетсе деген жазушы арманы да байқалады. Сонымен қатар қазақ кітаптарының тираж тапшылығын атап өтеді. Бұл тұрғыда Мәскеу баспаларының тәжірибесін салыстырмалы түрде ала отырып, оқырман қауымға кітаптың кеңірек таралып, жеткізілуі өз алдына мәселе болып көтерілсе деген талабын білдіреді.

*А. Болсынбаева*

## **“Қасиетті парыз”**

Мақала тұңғыш рет “Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы 30 сәуір күнгі санында жарық көрген. Бұдан кейін жиырма томдық шығармалар жинағының 19-томына (Алматы: Жазушы, 1985. 19-т. 355–356-бб.) енді.

Сол уақыттың саяси науқанына орай 1 Май мерекесіне үн қосқан бұл шағын мақаланың қолжазбасы сақталмаған.

Ал “Священный долг” деген атпен “Литературная газета-да” (1955. № 52) жарияланған орысша мақала “Қасиетті парыздың” аудармасы болғандықтан, бұның мәтінін толық бермедік. Мақала басқа еш жерде жарияланбаған.

Жоғарыда аталған екі басылым өзара текстологиялық салыстырулардан өткізіліп, айтарлықтай айырмашылық кездеспегендіктен, “Қазақ әдебиетіндегі” (1955. 30 сәуір) алғашқы нұсқасы бұл томға ешбір өзгеріссіз жіберілді.

*Е. Қаныкейұлы*

## **“Әйел жолы” (кино-әңгіме)**

Бұл шығарма 1952 жылы жазылып, алғаш рет М. Әуезовтің 12 томдық шығармалар жинағында (Алматы: Жазушы, 1967. 2-т. 236–343-бб.) жарияланған. Кино-әңгіменің қолжазбасы сақталмаған. Ал машинкаға басылған бірнеше нұсқалары “Әуезов үйі” ғылыми-мәдени орталығының қолжазба қорында (161–162-бумалар) сақталған. Шығарманы басылымға әзірлеу барысында жазушы осы екі нұсқаны жетілдіре отырып, өз қолымен көптеген өзгерістер енгізіп, кей жерінде қосымша беттер жазып, көп түзетулер жасаған.

Кино-әңгіменің машинкаға басылған көптеген беттерінде 162-бумадағы қара, көк, қызыл қарындашпен жөнделген түзетулер, сызылып қысқарған жерлер, жол жиегіне көк сиямен қайта жазылған қосымшалар араға уақыт салып жазушының табанды түрде, ұзақ жұмыс істегенін білдіреді. Бұл жердегі әңгіме көлемі 184 бет.

Шығарманың осы нұсқасы машинкаға басылған соң, жазушы қайта қарау барысында кейбір ұзақ сөйлемдерді қысқартып, редакциялап, өңдей түскен. Осындай жаңадан өңделген жерлер, қолмен жазылған қосымшалар 14–18, 70–75, 86–89, 92–95, 97–98-беттерде ұшырасады. Кейбір эпизодтардың шұбалаңқы тұстарын қысқартып, көркемдік жағын жетілдіру мақсатымен жасалған әдеби өңдеу нәтижесінде кино-әңгіме жазушының өзі ойлаған межесіне жақындай түскен. Бұдан кейін де кино-әңгіме қайта оқылып, жаңарған нұсқасы машинкаға басылған. Кино-әңгіменің 161-бумадағы нұсқасы осы өңдеулер нәтижесінде әрпі жағынан кесектеу, әрі басқа машинкамен басылып шыққан.

Бұл нұсқада, 162-бумадағы нұсқаға қарағанда, өңдеу мен толықтырулар аздау, соңғы жағында арагідік, көк сиямен жазылып қосқан беттер кездесіп отырады. Оны дайындау барысында қаламгердің сарыла, ұзақ еңбектенгені білінеді.

Осындай өңдеулер мен түзетулер нәтижесінде кино-әңгіме жеңіл оқылатын, сюжеті тартымды көркем шығармаға айналған. Бұдан кейінгі жұмыс барысында “Әйел жолы” кейін киносценарийге айналып, орыс тілінде аударылып шыққаны белгілі.

Бұл шығарманың бастапқы мақсаты кеңестік дәуірге дейін ауыр тұрмыс пен жоқшылықта өмір сүрген қазақ қызының теңдікке қол жеткізіп, жаңа қоғамда белсенді еңбек етуге мүмкіндік алуы, оқу-білімге ие болып, елге белгілі ғалым, қоғам қайраткері болып шығу жолындағы өсу баспалдақтарын суреттеп көрсету болатын. Осы туындыға жазушының көп еңбек сіңіріп, кино-әңгімеден кейін орыс тілінде киносценарий, одан кейін “Алуа” атты пьеса жазуы оның бұл тақырыпқа аса зор мән бергендігін көрсетеді.

“Әйел жолында” оқиға Алуаның балалық шағынан, ал “Алуа” пьесасында Алуаның бойжеткен кезінен басталады. Одан арғы суреттелетін оқиғалар, кино-әңгімедегідей, сол таныс ретпен өрбиді. Пьесадағы оқырманға аты белгілі Алуа, Сапар, Сексек, Арман, Доғал, оның інісі Мардан, Доғалдың қызметшісі Жалтыр сияқты кейіпкерлер кино-әңгімеде іс-әрекеті, мінез ерекшеліктері жағынан бұрынғы таныс бейнелерді еске түсіріп отырады.

М. Әуезовтің 50 томдық академиялық басылымына кино-әңгіме кітаптағы нұсқасы бойынша әзірленіп, қолжазбадағы нұсқамен салыстыра отырып дайындалды.

*К. Рахымжанов*

## “Бақғалай”

“Әйел жолы” атты шығармалар топтамасының бір нұсқасы (117-бума, 1–110-бб.) саналатын бұл пьеса алғаш рет жарық көргелі отыр. Жазылу мерзімі – 1953 жылдың қаңтары мен ақпаны. Қолжазбаның бірінші бетінің жоғарғы жағына қызыл қарындашпен қиғаштап “Черновик, 1-вариант” деп жазылған.

Автор осы туындысында қазақ әйелінің басындағы халді, кезіндегі жалпы ахуал, жалпы шындықты көрсетуді мақсат етті. Өз дәуір, өз кезеңіне лайық әйелдің жаңа бейнесін жасау ойы шығарманың “Зорталай” (әдебиеттік түрі), “Әйел жолы” (кино-әңгіме), “Путь женщины”, “Ее доля”, “Из дали веков”, “Большая судьба”, “Такой не бывало” деген қазақ, орыс тілдеріндегі нұсқаларын дүниеге келтірді. Осылардың кейбірінің маңдайшасына “Бұндай әйел бұрын болған емес, болуға мүмкін де емес”, “Такой женщины не бывало, и не могло быть в старое время” дегенді эпиграф етіп жазыпты. Осы қанатты тіркестен қаламгердің негізгі ой ұстанымы елес береді. Ал жаңа заманның жаңа бітімдегі әйелінің бейнесін жасау ойы елуінші жылдардың басында осы шығармаларды жазуды қолға алдырды. Алдымен кино-повесть түрінде қалыптанған нұсқасы бара-бара әдеби сценарий, киносценарий, драма жанрларына жалғасты. Сонда қоғамдық, ғылымдық, әлеуметтік қызметтегі еңбектерімен көрінетін әйелді өз деңгей, дәрежесінде бейнелеу үшін үлкен ізденіс ағынына еніп кетті.

Кейіннен жарық көрген “Алуаның” бұл нұсқасының құрылымы мен сарынына енгізілген өзгерістер оның жетіле, шымырлана түскендігін көрсетеді. Көп тұстары қысқартылып, оның орнын жаңа ой, жаңа мағынадағы көріністер толықтырған, сондағы жаңартып, жаңғыртулар нұсқалық дәрежеге жеткендікті танытады, көп тұстарының сөйлемдері, абзацтары мен тұтас беттері сызылып, оның орны жаңа ой, соны танымдармен толықтырылған. Осы секілді жаңартулар мен жаңғыртулар болмаса, әрине, бастан-аяқ тұтас өзгерістерге ұшырай қойған



жоқ. Бірі мен бірі жалғаса жазылған бұл нұсқалардың бара-бара өзіндік түрде қалыптанғандығын көрсетеді. Қаламгердің сол кезде ойланған, толғанған, қандай бағыт аларын қағазға түсіргендегі жазбаларының ішінен осы сөз етіп, көтеріп отырған тақырыбына байланысты оқып-ізденулерінің ауқым-аумағының деңгей-дәрежесі де көрініс беріп жатады. Сонда ол алдымен мерзімді баспасөз беттеріндегі және сол кездегі басылған кітаптарды көп қарағандығы жекелеген қағаздарға түсірген жазбаларынан көрінеді. Олардың қатарында “Правда”, “Советский Союз”, “Новое время”, “Советская этнография”, “Советская женщина” сияқты газет-журналдар мен әртүрлі баспалардан шыққан кітаптар, жиын-конференцияларда жасалған баяндамалар, сөйлеген сөздер бар.

Қазақ тіліндегі нұсқасына өңдеу, жөндеу, толықтыру, қосымшалар қосу қалай жүргізілсе, орыс тіліне аударылған жазбаларынан дәл осындай көріністер байқалады. Мысалға: “Вставка к 7 стр. Картина измождена работой гостн. Соблазнена ею разговор о советской власти, они слышат, здесь Жаппар”; “К 10 стр. Здесь бедняки, пастухи бая говорят о сов. власти, об Алуе”; “К 16 стр. Сапар говорит больше и по-иному”; “К 20 стр. Нина, ее нужно раскрыть больше”; “К 22 стр. Бай наступает сильнее. Турксиб, коллективизация, Сапар, Нина, Алуа выросли на стройке. Алуа из школы Турксиба. Турксиб – шеф над районом Актал” деген сияқтанып жалғаса береді. Мұнда да жаңа, тың, қосымша ойлар арқылы толықтыру істері ұдайы жүргізілген. Бұлар қазақ тіліндегі қосымша толықтырулардан бөлектеніп тұрады, ерекшелігі сол – бірін-бірі қайталамайды.

*Т. Әкім*

## “Алуа”

Бұл – “Бақталай” пьесасының өңделіп, толықтырылған нұсқасы, алғаш рет он екі томдық шығармалар жинағының 10-томында (1969. 235–294-бб.), одан кейін жиырма томдық-тың 12-томында (1983. 54–114-бб.) басылды. Онда жазушы мұрағатының 124-бумасындағы нұсқасы негізге алынған еді. Енді сол басылым өзге бумалардағы нұсқаларымен салыстырыла ұсынылып отыр.

Жалпы шығарманың бірнеше қолжазбасы бар. Олардың машинкада басылғандарынан автордың түзетіп-өңдегендігі, үлкенді-кішілі қысқартулар, толықтырулар жүргізгендігі көрінеді. Мысалға, 121-бумадағы данасында “пьесаға қосымшалар, өзгерістер” деп 1, 41–41<sup>a</sup>, 107–108, 116–120, 125-беттерге қосатын қосымшаларды қызыл, көк, сарғыш түсті қарындаштармен жазса, 122-бумадағы данасының 3–30, 32–62, 64, 68, 70, 71, 73, 78, 80-беттеріне тағы да түзетулер, толықтырулар енгізген. Соңғы беттің сыртына “Қосымшалар, диссертация емес” дегенді жазған. 124-бумадағы данасының 20, 45, 51, 52-беттеріне де қызыл қарындашпен белгілер қосып, 33, 51, 52, 65, 67-беттерінің бос жиектеріне күлгін сиямен, 14, 53, 63-беттеріндегі қосымшаларын қара қарындашпен жазған, олардың ара-арасынан араб әрпіндегі жазбалары да кездесіп қалып жатады.

Әр түсті қарындашпен жазып, белгілер қойып отыруы автордың алдағы істейтін істері мен жазатын жазуларының қандай бағыт, арнада өріс алатындығын елестетеді. Бұларға жалпы ерекшелендіріп, бөлектендіріп тұратын дерек-жоспарлары, өзгертіп өңдеу, жаңартып-жаңғырту, жетілдіру сипатындағы тәсіл, іс-әрекеттері қосылғанда, оның өзіндік өзгешелік-тері мүлде айқындала түседі. Осының 123-бумадағы екі данасын “Алуа, Бақталай” деп атапты, бұл да сол тынымсыз еңбек, ізденіс, ойланys-толғаныстары кезінде әр

қилы, әр алуан тоқтам, шешімдердің туындай беретіндігінің бір көрінісі. Өзге туындылары сияқты, бұның да орысша аудармасын жасаған, оған да осы тілдегі өзіндік өрнек, өзіндік сипатта қалыптанған бір нұсқасы деп қарауға болатын секілді.

*Т. Әкім*

## “Жобалар”

Елуінші жылдардың басында М. Әуезовтің жаңа заман әйелінің бейнесін сомдаған драма, кино-әңгіме, әдеби драма түріндегі шығармалары бірнеше нұсқада жазылды. Алдымен олардың шағын және кеңейтілген түрдегі жоспарлары жасалды (160-бума, 214–271-бб.). Осы жоспарлар негізінде жүзеге асқан жазбаларының бірінде бар көріністер, мәтіндер, ойлар, сөздер екіншісінен кездеспейді. Осыдан келіп олардың арасында да едәуір алшақтық, айырмашылықтары бар нұсқалары қалыптасты және сол жобалардың біраз көріністері мен түйіндеулері кейінгі жазылымында мүлде қамтылмай қалғандығы көрінеді.

*Т. Әкім*

## МАЗМҰНЫ

<b>I. МАҚАЛАЛАР</b> .....	3
Художественные переводы литератур народов СССР .....	5
На пути к реалистической драме .....	44
Мәлік Ғабдуллинге жауап хат .....	70
Алдағы жылға асқын тілек.....	85
Байсалды зерттеу қажет .....	87
Сөз – кітап достың жөнінде.....	92
Қасиетті парыз.....	97
<b>II. КИНО-ӘҢГІМЕ</b> .....	99
Әйел жолы.....	101
<b>III. ПЬЕСАЛАР</b> .....	215
Бақталай (бірінші нұсқасы) .....	217
Алуа.....	295
<b>IV. ЖОБАЛАР</b> .....	361
<b>V. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР</b> .....	411

**ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ**  
**Шығармаларының елу томдық толық жинағы**  
**33-том**

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:  
*С. Назарбаева, Б. Қанапиянов*

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мұсахан, А. Шаихова*  
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*  
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*  
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.

Пішімі 84x108 <sup>1</sup>/<sub>32</sub>, Офсеттік қағаз.

Қаріп түрі “Таймс”.

Шартты баспа табағы 22,7.

Таралымы 4000 дана.

Тапсырыс № 1321.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,  
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.  
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі  
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.  
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-175-3



9

7 8 6 0 1 2 9 4 1 7 5 3